FARABI UNIVERSITY



1934-2024

Жетекші университет жылнамасы



эл-фараби дәнгілі



FARABI UNIVERSITY – 90

АЛМАТЫ – 2024

УДК 378 (574)
ББК 74.58 (5Қаз)
Қ17

«ЖЕТЕКШІ УНИВЕРСИТЕТ ЖЫЛНАМАСЫ»
Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2024 – 684 бет

ISBN 978-601-04-6553-4

Кітап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына және осы білім ордасының ведомстволық басылымы – «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналады. «Qazaq universiteti» газетінің бетінде жарияланған ректорлар, оқытушылар, студенттер материалдарының архивтен алынған түпнұсқалары мен фотосуреттері жинақтың негізін құрайды. Мұнда басылымның білім ордасы қызметімен астасып жатқан бүкіл тарихи шежіресін көре аласыздар. Сондай-ақ әр жылдарда газетте жарияланған еліміздің және шетелдік танымал ғалымдардың ой-пікірлері, оқу орнының алғашқы қадамдарына куә болған ардагерлердің білім ордасы және газет редакторларының осы басылым туралы естеліктері берілді.

УДК 378 (574)
ББК 74.58 (5Қаз)

ISBN 978-601-04-6553-4

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі, 2024


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті Кеңес мүшелері!

Алдымен, баршаңызды Ғылым күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер арқылы Қазақстан ғалымдарына жылы лебізімді жеткізгім келеді.

Шын мәнінде, бүгінгі мерекелік күн – қоғамымыздағы ерекше сәт, себебі бұл күн ғұлама ғалым, заңғар тұлға Қаныш Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Дәл бүгін академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды.

Біз ұлы Абайды қазақ руханиятының темірқазығы, Ахмет Байтұрсынұлын Ұлт ұстазы дейміз. Ал Қаныш Сәтбаевты қазіргі қазақ ғылымының атасы деуге болады. Өздеріңіз білесіздер, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – халқымыздың біртуар перзенті.

Еліміз әлі күнге дейін оның ғылыми жаңалықтарының игілігін көріп отыр. Әйгілі ғалымның мерейтойын жоғары деңгейде атап өту маңызды.

Менің тапсырмаммен көптеген іс-шара өткізіледі. Біз, бір жағынан, ұлы ғалымға шынайы құрмет көрсетеміз. Екінші жағынан, білім-ғылым культін қалыптастыру жолында маңызды қадам жасаймыз. Ең бастысы, еліміз Сәтбаев салған сара жолды жалғастыруы қажет.

Біз «ғылым» туралы сөз қозғағанда, ең алдымен, ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың есімі ойға оралады. Бұл – заңдылық.

Мемлекеттік мәртебесін қайта иеленген Ұлттық ғылым академиясы еліміз ғана емес, бүкіл әлемнің ғылыми қауымдастығы мақтан тұтатын Қаныш Сәтбаевтың есімімен тығыз байланысты. Бұл кездейсоқтық емес.

Құрметті ғалымдар және жиынға қатысушылар!

Ең алдымен, мен еліміздегі қазіргі ахуалға қысқаша тоқталып өткім келеді. Жағдайды көріп, біліп отырсыздар, аймақтарда сексен жыл болмаған жойқын су тасқыны болып жатыр. Көптеген елді мекенді қарғын су басты. Жалпы, ахуал өте күрделі. Қазір Үкімет барлық қажетті шараларды жедел түрде қабылдап жатыр. Тиісті тапсырмаларды бердім, жағдайды бақылауда ұстап отырмыз.

Табиғаттың тосын мінезінен басқа да елдер зардап шегуде. Әлемнің әр түкпірінде жер сілкінісі, өрт, су тасқыны болып жатыр. Бір сөзбен, жаһандық климат өзгеріп, табиғи апаттар жиілеп кетті.

1980-1985 жылдары әлемде 1700-ге жуық табиғи апат болған. Ал 2010-2015 жылдары апаттардың саны 3700-ден асқан. Яғни, аз уақыттың ішінде табиғи апат саны екі есе көбейді. Жартысына жуығы – суға қатысты апаттар. Әрине, бұл – бүкіл адамзатқа төніп тұрған өте үлкен қатер. Сондықтан мұндай апаттардың алдын алып, азаматтардың амандығын қамтамасыз ету – аса маңызды міндет. Ғылым – бұл міндетті іске асырудың бірден-бір жолы. Әсіресе, елімізде болып жатқан су тасқыны кезінде білікті мамандар мен ғалымдардың тапшылығы айқын сезіліп отыр.

Мен ғылымды дамыту туралы үнемі айтып жүрмін. Әрине, ғылымды бір күнде немесе бір жылда дамытып жіберу мүмкін емес. Ұзақ уақыт табанды жұмыс істеу керек. Өкінішке қарай, Қазақстанда ондаған жыл бойы ғылымға жете мән берілген жоқ. Шынын айту керек, еліміздің бұрынғы ғылыми әлеуеті мен инфрақұрылымын жоғалтып алдық. 40 мың ғалым 90-шы жылдардағы қиын кезеңде ғылымнан мүлде қол үзді. Кейбір институттар сақталып қалғанымен, жалпы ғылым біртұтас жүйе ретінде қатты әлсіреп кетті. Осының салдары енді көрініп жатыр. Біз еліміздің ғылыми әлеуетін қалпына келтіруіміз керек.

Ал су тасқынына оралсақ, алдымызда тұрған міндеттер – өте күрделі, ауқымды. Апаттан зардап шеккен азаматтарға барлық қажетті жағдайды жасауымыз керек. Бұл – қомақты қаражатты талап ететін жұмыс. Бірақ біз халықтың алдындағы міндеттемелерімізді толығымен орындаймыз. Бұл – парыз. Мен үшін бұл – ең маңызды және дәл қазіргі кездегі ең қажетті жұмыс. Түптеп келгенде, Қазақстанды өркендеген елге айналдыру – бәрімізге ортақ міндет. Жаңа ғана сөз сөйлеген ғалымдар бірқатар салмақты ой

айтты. Бастамаларды мұқият саралаймыз. Ұтымды ұсыныстар міндетті түрде жұмыс барысында ескеріледі.

Қазір ғылымға арқа сүйеген мемлекеттер әлемнің даму көшін бастап тұр. Біз сол елдердің қатарына қосылу үшін ғылымға айрықша мән беруіміз керек, яғни ғылымды қарқынды дамудың төте жолы ретінде қарастыруымыз керек. Ахмет Байтұрсынұлы «Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек» деген екен. Бұдан бір ғасыр бұрын айтылған сөз қазір, әсіресе, өзекті.

Соңғы жылдары ғылым саласын дамыту үшін біршама жұмыс атқарылды. Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе берілді. Президент жанынан Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес құрылды. Былтыр ғылымға үш жылдың ішінде 625 миллиард теңге қаржы бөлу туралы шешім қабылданды. Мемлекет алдағы уақытта да бұл қаражаттың көлемін көбейте береді.

Қазір ғалымдардың жалақысы екі есе көбейді. Озық ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыруға қомақты қаржы бөлініп жатыр. Докторантурада оқуға арналған білім гранттарының саны артты. Ғалымдарға әлемнің озық ғылыми орталықтарында тәжірибеден өту үшін зор мүмкіндік беріліп отыр. Жас зерттеушілерді қолдау шаралары күшейтілді. Соның нәтижесінде ғылыммен айналысып жүрген жастардың саны көбейіп келеді. Аймақтарда шетелдің жетекші университеттерінің филиалдары ашылды. Бірақ бұл шаралармен шектеліп қалуға болмайды.

Еліміз тұрақты дамуы үшін өзгерістерге тез бейімделіп, тың мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану өте маңызды. Бұл – стратегиялық міндет. Осы орайда мемлекет ғалымдарға, сарапшыларға, ел экономикасына жаңашылдық әкелетін мамандарға зор үміт артады. Оларға айрықша миссия жүктеледі. Сол үшін де ғылыми әлеуетімізді нығайта береміз. Барлық салаға инновациялық тәсілдер енгізу үшін қолайлы жағдай жасаймыз. Сондықтан бірқатар өзекті мәселені назарға алуымыз керек.

Бірінші. Ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды. Ғылымды мемлекет дамуының өзекті мәселелерінен бөле-жара қарастыруға болмайды. Оны ел мен қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану қажет. Ғылым дерексіз, яғни абстрактілі емес, нақты қолданбалы, күнделікті өмірде пайдасы мол сала болуға тиіс. Ғылыми негізсіз жасалған шаруаның салдары ауыр болуы мүмкін. Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Апатты ғылыми тұрғыдан болжау, оның ықтималдығы мен әсерінің ауқымын дер кезінде бағалау өте маңызды. Су тасқыны, орман өрті және Алматыдағы жер сілкінісі осыны айқын аңғартты. Ашығын айтсақ, төтенше жағдайдың алдын алу ісінде айтарлықтай олқылықтар бар. Бұл – жылдар бойы шешімін таппаған мәселелер. Ең алдымен – білікті мамандардың тапшылығы. Тиісті ғылыми қорытынды сапалы жасалмайды. Сондықтан жұмыс тәсілін түбегейлі өзгерту керек.

Тараздағы гидромелиоративтік-құрылыс институтын қайта қалпына келтіру жөнінде шешім қабылдадық. Оқу орнын материалдық-техникалық тұрғыдан толық жабдықтау керек. Сейсмология институтының жағдайы да мәз емес. Үкіметке осы институттың ғылыми

әлеуетін арттыруға қатысты нақты ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

Сондай-ақ сейсмологияны және сейсмикалық режимді бақылау құралдарын дамыту бойынша пайдалы ұсыныстар әзірленуге тиіс. Менің тапсырмаммен Алматы аумағына арнайы сейсмологиялық зерттеу жүргізіледі. Әкімдік үш жылдық зерттеу жұмыстарына қаржы бөледі.

Энергетикалық апатты, эпидемияны, қуаңшылықты болжау және оның алдын алу мәселесі аса маңызды. Жауапты министрліктер тиісті саланы, ал әкімдіктер аймақтарды дамыту бағдарламаларын қайта қарауы керек. Әсіресе, төтенше жағдай туындау қаупі бар-жоғын мұқият зерттеу қажет. Бұл жұмысқа ғылыми қауымдастықты жұмылдырған жөн. Яғни, гидрология, климатология, география, инженерия және өзге де сала мамандарын тарту қажет.

Тағы да қайталап айтқым келеді, мемлекеттік органдар барлық істе, ең алдымен, сапалы ғылыми қорытындыға сүйенуі керек. Бұл – өте маңызды міндет. Шешімдер әбден пысықталып, нақты негізделіп барып, қабылдануға тиіс. Талдау жүргізіп, ахуалды болжау үшін ғалымдардың қолында, зерттеу орталықтарында қажетті құрал-жабдықтар болуға тиіс.

Жаңа айтқанымдай, соңғы жылдары әлемде табиғи және техногендік апаттардың саны күрт көбейді. Яғни, жаһандық индустриялардыру мен урбанизация үдерісі климаттың өзгеруіне тікелей әсер етіп отыр. Кейбір болжамға қарасақ, бұл үрдіс алдағы бес жылда әлем экономикасына шамамен бес триллион доллар шығын әкеледі. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау – біз үшін маңызды мәселенің бірі.

ЮНЕСКО шешімімен 2020 жылы Алматыда құрылған Өңірлік гляциологиялық орталық климаттағы өзгерістерді зерттеуге зор үлес қосып келеді.

Ғалымдарымыз мұздықтардың еруін зерттеп қана қоймай, селден және мұздақ көлдерден келетін қауіпке қарсы қорғанысымыздың осал тұстарын күшейту жолдарын да іздейді. Гляциологиялық орталықтың әлеуетін толық пайдалану қажет. Үкімет орталықты ғимаратпен қамтамасыз ету міндетін шешіп жатыр. Енді Қазақстан Үкіметі мен ЮНЕСКО арасындағы Гляциологиялық орталықтың қызметі туралы келісімді ұзарту мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Себебі оның мерзімі биыл аяқталады.

БҰҰ аясында 2026 жылы Қазақстанда Аймақтық климат саммиті өтеді. Бұл маңызды іс-шара халықаралық қоғамдастықтың назарын мұздықтардың еруі, өзендер мен көлдердің таязdануы, шөлейттену, жердің тозуы сияқты проблемаларға аударуға мүмкіндік береді. Саммитке дайындықты қазірден бастау керек. Бұл жиын өңірлік және жаһандық экологиялық сын-қатерлерге төтеп беру үшін ғалымдардың, сарапшылардың, саясаткерлердің күш-жігерін жұмылдыруға ықпал ететініне сенімдімін.

Екінші. Ғылым экономиканың қарқынды дамуына септігін тигізуге тиіс.

Ұлттық экономиканы индустрияландыру үшін қабылданып жатқан шараларға қарамастан, оның шикізаттық сипаты аса өзгере қойған жоқ.

Үкіметке экономиканың жаңа моделін құру міндеті жүктелді. Қосылған құнның орнықты тізбегі оның негізіне айналуы керек. Бұл бағытта мұнай сервисі мен мұнай химиясы салаларының (пластик, көміртекті нанотүтік-

шелер, көміртекті талшықтар, графен өндірісі) әлеуеті зор.

Кеңестің бірінші отырысында мен Үкіметке ғылыми институттар мен университеттердің ресурстарын жұмылдыра отырып, ғылымның ашық әрі қолданбалы моделіне көшу жөніндегі кешенді шараларды іске асыруды тапсырған едім. Ғылыми жобаларда академиялық сұраныстар ғана емес, ел дамуының стратегиялық мақсаттары мен экономиканың қажеттіліктері де ескерілуі керек. Ол үшін үздік халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, зерттеудің нақты басымдықтарын айқындау қажет.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырудың мәні зор. Мысалы, ғалымдардың зерттеулерін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы шығындарды азайту, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу, сондай-ақ климаттық ерекшеліктерімізді ескере отырып, жолдарды жөндеу және салу үшін пайдалануға болады.

«Қарапайым заттар туралы ғылым» белсенді дамуға тиіс. Ол үшін ғылыми қоғамдастық пен бизнес арасындағы өзара ықпалдастықтың тиімді тетіктерін жолға қою қажет. Әкімдіктер жанынан осы бағыттағы міндеттерді шешуге ықпал ететін ғылыми кеңестер құрған жөн. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске кеңінен енгізу процесіне еліміздің барлық өңіріндегі ірі кәсіпорындар тартылуға тиіс.

Мен ғалымдарымыздың өнімді қайта өңдеу деңгейін арттыруға қосқан нақты үлесін көрсететін бірқатар жобамен таныстым. Мұндай сәтті тәжірибені кеңінен тарату керек. Бұл іске барлық ірі өндіріс компанияларының қатысуы маңызды.

Үкімет ғылым саласындағы шығындарға салықтық және инвестициялық жеңілдіктер беру арқылы бизнесті ынталандыруды жалғастырғаны жөн.

Отандық ғылымның алдында Қазақстан экономикасын декарбонизациялауға байланысты маңызды міндет тұр.

Дамыған елдердің көбі жаңартылатын энергия көздеріне қатысты жобаларды белсенді іске асыруда. Сондай-ақ олар көміртексіз дамуға көшіп, жаңа экономикалық кластерлер құру үшін қажетті технологиялық әлеуетке ие. Бұл саладағы жаһандық үрдістер көшінен қалмау үшін бізге өз ерекшеліктеріміз ескерілген төл ғылыми әзірлемелер қажет. Осы ретте жеріміздің қазба байлығы бұрынғыша еліміздің экономикалық өсімінің негізі болып қала беретінін естен шығармаған жөн. Сондықтан табиғи ресурстарды, соның ішінде көмірсутегілер мен сирек кездесетін металдарды өндіру саласына озық технологияларды енгізу керек. Сирек кездесетін металдарды іс жүзінде екінші мұнай деуге болады. Біз бұл әлеуетті өте тиімді пайдалануымыз керек. Көріп отырғандарыңыздай, сирек кездесетін металдардың төңірегінде геосаяси күрес жүріп жатыр. Бұл жерде мемлекеттің де, ғылымның да рөлі өте маңызды.

Іздеу-барлау жұмыстарының нәтижелі болуына мән беріп, жаңа кен орындарын ашу қажет. Ол үшін геология ғылымын сапалы дамыту маңызды.

Жалпы, бүкіл отандық ғылымның әлеуеті бәсекелестік артықшылықтарымызды тиімді пайдалануға және ғылымды қажет ететін жаңа секторларды кеңінен игеруге бағытталуға тиіс.

Үшінші. Жасанды интеллектіні жедел дамыту қажет.

Ғылыми-техникалық прогресс жаһандық экономиканың сипаты мен адамдардың

тұрмыс салтының жылдам өзгеруіне ықпал етіп отыр. Күні кеше ғана қиял-ғажайып болып көрінген технологиялар бүгін шындыққа айналуда. Мұндай жағдайда еліміздің технологиялық және ғылыми-инновациялық дербестігін нығайту үшін бізге барлық мүмкіндікті пайдалану маңызды.

Жасанды интеллектіні дамытудың перспективасы зор. Кейбір бағалаулар бойынша жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік ЖІӨ-нің 7 пайызын қамтамасыз етеді. Ал 2027 жылға қарай жаһандық жасанды интеллект нарығының капитализациясы 400 миллиард доллардан асады.

Бүкіл әлемде жасанды интеллект адам еңбегін алмастырып жатыр. Медициналық диагностика және заңгерлік кеңес беру сияқты күрделі салаларда да кеңінен қолданыла бастады. Тіпті, нейрожелілер сурет салып, музыка, өлең жазады.

Елімізде жасанды интеллект қауіпсіздік жүйесі, медицина, банк қызметі, логистика, білім беру салаларына ойдағыдай енгізіліп жатыр. Осы технологияны меңгерген мықты компаниялар да пайда болды. Соған қарамастан, жасанды интеллект индустриясын одан әрі дамыту үшін мемлекет кешенді қолдау көрсетуі керек.

Мәліметтер мен технологиялық инфрақұрылым барынша қолжетімді болуы керек. Сондықтан қолайлы экожүйе қалыптастыру қажет.

Сонымен қатар бізге жасанды интеллектіні дамытатын тиісті институттар керек. Қазір Үкімет Жасанды интеллектіні дамыту стратегиясын және Цифрлық кодексті әзірлеп жатыр.

Бұл құжаттар аталған саладағы зерттеу жұмыстарына және әзірлемелерді іс жүзінде қолдануға жағдай жасауы керек. Сондай-ақ бизнес пен жоғары оқу орындары үшін технологиялық инфрақұрылымдар мен мәліметтер базасын қолжетімді етуге тиіс.

Жасанды интеллектіні адамзат игілігіне қызмет ету үшін дамыту маңызды. Сондықтан этикалық стандарттарды белгілеу, мәліметтерді қорғау және аталған саладағы киберқауіптің алдын алу ісіне ерекше мән берген жөн.

Жасанды интеллектіні реттеу мәселесі бүгінде ұлттық және жаһандық деңгейде жиі талқыланады. Мысалы, жақында ЕуроОдақта (Artificial Intelligence Act) тиісті заң қабылданды.

Цифрлық дәуір жаңа активтің, яғни деректердің пайда болуына ықпал етті. Олар жасанды интеллект пен машиналық үйренудің негізгі шикізаты саналады. Сондықтан мемлекеттік органдар мен оларға бағынышты ұйымдардың деректер қорын интеграциялаумен белсенді айналысу керек.

Күрделі ғылыми міндеттерді шешу және қолданбалы жобаларды жүзеге асыру үшін жақын арада елімізде жасалып, іске қосылатын суперкомпьютерлердің мүмкіндігін барынша жұмылдыру қажет.

Дербес тіл моделін әзірлеу – жасанды интеллект саласындағы болашағы зор бағыттың бірі. Қазір қазақ тілі моделін жасау жұмысы қолға алынып жатыр. Осы жұмысқа сегіз ғылыми-зерттеу институты мен жоғары оқу орнынан тұратын консорциум тартылды. Бұл бастама цифрлық дербестігімізді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ мемлекеттік тілді дамытуға мықты серпін береді.

Жасанды интеллект саласында маман тапшылығы бар екенін білесіздер. Бұл

мәселені тез арада шешу қажет. Әрине, нақты жұмыстар да атқарылып жатыр. Еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында Google және Huawei сияқты көшбасшы компаниялардың арнайы курстары ашылды. Корея, Қытай елдеріндегі жетекші білім ордаларымен келісімге қол жеткіздік. Білім алмасып, мамандарды бірлесе даярлау туралы уағдаластық бар.

Бізге өскелең ұрпақтың жаңа цифрлық технологияны еркін меңгергені керек. Сол үшін орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы білім бағдарламаларын қайта қарау қажет. Әсіресе, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін үйренуге баса мән берілуге тиіс. Жалпы, Үкімет жасанды интеллект саласын жан-жақты дамытуға барынша назар аударуы керек. Бұл жұмыста Ұлттық кеңес мүшелерінің әлеуетін пайдаланған абзал. Кеңес құрамындағы жұмыс тобына ұсынылған сарапшылар тізімін бекітуді тапсырамын. Олар жасанды интеллект индустриясындағы өзекті мәселелерді шешуге белсене қатысуға тиіс.

Төртінші. Университет ғылымын және ғылыми инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне баса назар аудару қажет.

Соңғы жылдары ғылым және орта білім саласында табысты реформалар жасалды. Бірақ тың өзгерістер жоғары оқу орындарынан кадрлардың кетуіне әкеп соқтырды. Ғылыми атағы бар білікті оқытушылар жалақысы көп мектептерге және ғылыми ұйымдарға ауыса бастады.

Бүгінде университет профессорлары мен оқытушылары арасында ғылыми атағы бар мамандардың үлесі 40 пайыздан сәл асады. Бұл үрдіс докторант пен магистрант қана емес, бакалавр даярлаудың сапасына да кері әсер етеді. Құзырлы министрлікке нақты шара қабылдауды тапсырамын.

Жалпы, университеттегі кадр тапшылығы ғылыми жұмыстардың деңгейіне теріс ықпал етіп отыр. Жоғары оқу орындарындағы ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасау көрсеткіші өте төмен. Яғни, 100 балдық жүйенің бір баллынан да аспайды.

Университет ғылымында қордаланған мәселелер аз емес. Беделді халықаралық рейтингтерде көрсеткіштердің төмен болуы – соның бір көрінісі. Жағдайды түзеу үшін кешенді шараларды дереу қолға алу керек.

Жоғары оқу орындарының кемшін тұсы – ғылыми зерттеулердің сапасыз жасалуы. Сондай-ақ өндіріс орындарымен тұрақты байланыс жолға қойылмаған, ал кейбір оқу орындарында мүлде жоқ деуге болады. Білім ордаларының басым бөлігі жұмыстың тиімсіз әрі ескірген тәсілдерін қолданып келеді.

Жалпы, университеттер мен ғылыми ұйымдар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосатын стратегиялық орталық болуы керек. Сондықтан Үкіметке арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырамын.

Бюджет кодексіндегі «грант» ұғымының аясын кеңейту қажет. Ғылыми зерттеуге қажетті құрал-жабдық алуға және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған қаржы еш кедергісіз бөлінуі керек.

Жалпы, еліміздегі жоғары білім саласын дамытуға тозығы жеткен инфрақұрылым да бөгет болып отыр. Мемлекеттік жоғары оқу орындарының ғимараттары ескірген. Көбі жарты ғасырдан астам уақыт бұрын салынған. Бұлардың ішіндегі ең жаңа дегені – 1982 жылы бой көтерген Ақтөбе мемлекеттік университеті.

Осы орайда, менің тапсырмаммен Әл-Фа-

раби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті үшін жаңа ғимараттар, яғни кампустар салынады. Басқа да жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту керек. Университеттердің және зерттеу орталықтарының ескірген зертханаларын біртіндеп қалыпқа келтіру қажет.

Медицина ғылымында нәтижелі ізденістер бар. Қатерлі ісікке қарсы отандық ғалым Дос Сарбасов өзі ойлап тауып, бүгін таныстырған бірегей препарат – соның жарқын мысалы. Мұндай жобаларды жан-жақты қолдау керек. Ғалымның Қазақстанда клиникалық зерттеулер хабын құру жөніндегі ұсынысын ескерген жөн деп санаймын. Министрлік бұл мәселені зерделеуі қажет.

Еліміздегі жоғары оқу орындары арасында өңірлік теңсіздік байқалады. Мықты университеттердің көбі Астана мен Алматыда орналасқан. Бұл ішкі көші-қон жүйесінің бұзылуына және өңірлердегі кадр тапшылығына әкеп соқтырады.

Ғылым мен жоғары білімнің біртұтас дамуын қамтамасыз ету үшін бұған дейін 15 өңірлік және 5 педагогикалық жоғары оқу орнының базасында Академиялық басымдық орталықтарын құруды тапсырған едім. Үкімет жоғары оқу орындарының зерттеушілік бағытын дамытып, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру арқылы осы жобаны кезең-кезеңімен жүзеге асыруы керек. Мұндай орталықтар көптеген елде табысты жұмыс істейді. Бұл елдердің экономика құрылымында ғылыми инновация мен білім беру қызметтері экспортының үлесі зор.

Өңірлік университеттердің ғылыми әлеуетін жас ғалымдар күшейте алады. Мұны дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсетіп отыр. Себебі олар мобильді әрі өзгерістерге тез бейімделеді. Оларды өңірлік жоғары оқу орындарында еңбек етуге және зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандыратын пәрменді механизмдер қажет.

Жалпы, Үкімет бүкіл ел аумағындағы ғылыми орталықтар мен институттарды қолдап, дамыту үшін қажетті шаралардың барлығын қабылдағаны жөн.

Бесінші. Ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту мәселесі өте өзекті. Сондай-ақ экономиканың маңызды салалары бойынша кәсіби мамандар даярлау жұмысын күшейту керек. Ғылыми жаңалықтың бәрі ғалымдардың тынымсыз еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Кез келген жетістік, ең әуелі, адамға, яғни адам капиталына тікелей байланысты. Сондықтан жас ғалымдарды жан-жақты қолдау қажет. Грант арқылы жүзеге асырылатын жобалардың үштен бірі жас ғалымдарға тиесілі. Әрине, мұндай жобалардың санынан гөрі, сапасы маңызды.

Жыл сайын жас ғалымдарға байқаулар арқылы берілетін гранттың қаржы көлемін арттыру керек. Қазір жас ғалымдарымыз әлемдегі жетекші зерттеу орталықтарында стажировкадан өте алады. Бұл – жақсы үрдіс. Оны жалғастыра беру қажет.

Менің тапсырмаммен жүзеге асырылып жатқан «Жас ғалым» бағдарламасының тиімді екенін көріп отырмыз. Оның ауқымын кеңейту керек. Яғни, оған ғылыми институттарда және ұйымдарда жұмыс істейтін жас мамандарды қосуға болады.

Сондай-ақ ғалымдарға докторантурадан кейін шетелде тағылымдамадан өтуге мүмкіндік беру қажет. Олардың зерттеу жұмысымен алаңсыз айналысуына жағдай жасау керек. Ғалымдар лайықты стипендия алуға

тиіс. Шетелде тәжірибеден өткен азаматтардың ішінде докторанттардың үлесі – небәрі 1,6 пайыз. Бұл – өте аз. Үкімет олардың қатарын көбейту үшін нақты шаралар қабылдауы қажет.

Еліміздің оқу орындарында білім алып жүрген азаматтардың арасында да докторанттардың үлесі төмен. Мен былтыр докторантураға жыл сайын 5 мың адамға дейін қабылдау туралы тапсырма бердім. Ол үшін тың тәсілдер керек. PhD-ді ғылыми әлеуеті зор және терең зерттеу жүргізе алатын білім ордалары даярлауға тиіс. Үкімет магистратура және докторантура бағдарламасына арналған гранттың құнын арттыру қажет.

Білікті мамандарды іріктеу, даярлау және олардың ғылым саласында қалуына жағдай жасау – өте маңызды мәселе. Грант санын арттырып, оның құнын көтерген кезде осы мәселеге баса мән беру керек.

Алдыңғы жылы бір жарым мыңнан астам докторанттың небәрі 38 пайызы диссертация қорғаған. Олардың жартысына жуығы ғана ғылым саласында қалды. Ғылым докторларын дайындауға орасан зор қаржы жұмсалғанын ескерсек, бұл көрсеткіш әлі де төмен. Бұл мәселені тыңғылықты зерделеп, ахуалды түзеу үшін қажетті шара қабылдауды тапсырамын.

Ірі өндірістік компаниялармен бірге «индустриалды PhD» даярлау механизмін әзірлеп, қолданысқа енгізген жөн. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен ғылыми зерттеулер өзара байланыса отырып, өндіріске инновациялық шешімдерді енгізуге ықпал етеді.

Жалпы, еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен шетелдік университеттердің филиалдары экономикамыздың басым салалары үшін ғалымдар мен білікті мамандарды жедел даярлауға тиіс. Мысалы, «жасыл» энергетика, климаттың өзгеруі, су ресурстарын үнемдеу салаларындағы кадрларға сұраныс айтарлықтай артып келеді.

Отандық өнеркәсіп үшін маман даярлау ісі – өте өзекті мәселе. Ғылым және жоғары білім министрлігіне халықаралық стандарттар мен тәжірибені ескеріп, инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың ұлттық моделін әзірлеуді тапсырамын.

Бұған қоса өңірлік жоғары оқу орындарының базасында озық инженерлік мектептер ашу қажет. Бұл мектептердегі білім беру бағдарламалары мен технологиялық жобалар өнеркәсіптің басым салаларындағы сұранысқа негізделуі керек.

Білім саласы мен еңбек нарығын ұштастыруға ықпал ететін «Менің мамандығым – менің болашағым» жобасы жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Жоба аясында Мамандықтар атласы әзірленіп, экономиканың құрылымы мен әр аймақтың даму тенденциясы зерттелуде.

Келешекте әр өңірдің белгілі бір салаға мамандануын көрсететін Өңірлік экономика атласын дайындау мәселесін пысықтау керек. Мұның бәрі білім беру бағдарламаларын уақытылы жаңартуға мүмкіндік береді. Негізгі міндет – өңірлік жоғары оқу орындарын кадрларды алдын ала даярлайтын және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін орталыққа айналдыру.

Бүгінгі жиында шетелдік ғылыми орталықтарда табысты жұмыс істеп жүрген ғалымдарымызды Қазақстанға қайтару маңызды деген пікір айтылды. Бұл ұсынысты қолдаймын және отандастарымызды өз зерттеулерін Қазақстанда жалғастыруға шақырамын.

Мемлекет өз тарапынан мұндай ғалымдарға ұйымдастырушылық тұрғыдан және қаржылай нақты көмек көрсетеді. Шетелде жұмыс істейтін ғалымдарды бұған дейін де шақырғанбыз. Осы мәселені мұқият ойластыру керек. Ғылым өзінің ауқымы мен сипаты жағынан жаһандық деңгейде болғандықтан бұл жерде жалаң патриотизмге берілу орынсыз.

Әйтсе де Қазақстан ақыл-ойдың жаһандық бәсінен тыс қалмауы керек. Өте білімді адамдар, сұранысқа ие ғалымдар жақсы жалақы, зерттеуге қолайлы жағдай іздеп немесе жай ғана жаңа тәжірибе үшін басқа мемлекеттерге жиі қоныс аударады.

Мықты ғалымдардың келуі еліміздің дамуына тың серпін береді әрі адами капиталдың сапасын айтарлықтай жақсартуға ықпал етеді. Мұны әлемдік тәжірибе анық көрсетіп отыр.

Халықаралық тәжірибені жан-жақты зерттеп, шетелден білікті мамандар мен ғалымдарды тарту мақсатында барлық мүмкіндікті қарастырған жөн. Ол үшін елімізде табысты еңбек етуге қолайлы жағдай жасау керек.

Жалпы, мемлекет, ғылыми қоғамдастық және бизнес арасындағы жасампаз серіктестік отандық ғылымды өрге сүйрейтін негізгі шарт екеніне сенімдімін.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Ғылымды дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Әсіресе дарынды, қабілетті жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасау өте маңызды. Жасампаздық, жаңашылдық, білімпаздық және ғылымға құштарлық – нағыз озық елге керек басты қасиеттер. Мен Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында осы мәселеге арнайы тоқталдым.

Біз тұтас қоғам болып ғылымды жан-жақты насихаттауға күш салуымыз керек. Ғылымға қызығушылықты мектептен бастап оятқан жөн. Тұтас қоғам болып ғылым-білімді дәріптеуіміз керек. Қажет болса, арнайы құжатты дайындаймыз. Ғылым және жоғары білім министріне осы мәселені пысықтауды тапсырамын.

Қазір Парламентте «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы талқыланып жатыр. Бұл заң ғылымның дамуына зор серпін береді деп сенемін.

Жалпы, білім мен ғылымға озық халықаралық тәжірибе ауадай қажет. Сіздер әлемнің үздік ғылыми орталықтарында болып, тәжірибе жинақтап жүрсіздер. Кезінде халқымыздың көрнекті тұлғалары мен қайраткерлерінің де ағартушылықпен айналысқаны тегін емес.

Қазір жас ғалымдардың заманы туды. Сіздер ұсынған, ойлап тапқан жобалардың игілігін бүкіл еліміз көруі керек. Бір сөзбен, сіздер сияқты ғалымдар Отанымыздың ғылыми-техникалық даму көшін бастауы керек. Себебі ғылым мықты болса, мемлекет те қуатты болады.

Ғылымсыз ел құрдымға кетеді. Ал ғылымы озық ел кез келген дағдарысты еңсере алады. Ғылым өркендесе, экономика да өркендейді. Яғни, халықтың әл-ауқаты артады. Түптеп келгенде, ғылым азаматтардың тұрмысын сапалы, болашағын жарқын етуге тиіс. «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» боламыз десек, осы мақсатты жүзеге асыруымыз керек. Мемлекет пен ғылыми қауымдастық бұл жұмысты жұмыла атқарады деп сенемін.

Ашығын айтсақ, елімізде көп жыл бойы қордаланған мәселе әлі де аз емес, түрлі саладағы түйткілдер шешілмеді. Соның салдарын енді көріп жатырмыз. Қалай десек те, алдымызда бір ғана жол бар. Біз барлық мәселені міндетті түрде шешуіміз қажет. Бұл – заманның да, халықтың да талабы. Жүйелі жұмыс істесек, барлығы орнына келеді деп ойлаймын.

Дәл қазір жасалған іс-әрекеттің игілігін ертең кейінгі ұрпақ көреді. Сондықтан бізге зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып адал еңбек етуіміз керек. Халқымыз бұдан да күрделі кезеңдерді еңсерген. Бәрін берекелі бірліктің арқасында жеңе білген.

Қазіргі жауапты сәтте де мызғымас ынтымағымыз айқын көрініп отыр. Осы ауызбіршілігімізден айырмасын, барлығын да еңсереміз. Қазақ «Жамандық көрмей, жақсылық болмас» дейді. Елдің бірлігі де, мамандардың кәсіби деңгейі де осындай сын сағатта шыңдалады.

Қазір мыңдаған мемлекеттік қызметші құтқарушылармен, волонтерлермен бірге күндіз-түні жұмыс істеп жатыр. Олар апаттың алдын алу, адамдарды құтқару және тасқынның салдарын жою үшін еңбек етіп жүр. Әр азаматтың шынайы отаншылдығы нақты іс жүзінде байқалып жатыр.

Халыққа қызмет ету – парыз. Ал қиын-қыстау сәтте туған ел үшін адал қызмет ету – қасиетті борыш. Өздеріңізге мәлім, соңғы жылдары еліміз көптеген сын-қатерді бастан өткеріп жатыр. Мемлекеттік аппарат қиындықтармен күресіп, мол тәжірибе жинақтады. Шыңдала түсті.

Қазіргі мемлекеттік қызметшілердің өмірлік сабағы тоқсаныншы жылдардағы тәжірибеден артық болмаса, кем емес. Мен су тасқынымен күресіп жатқан мемлекеттік қызметшілерге, құтқарушыларға және еріктілерге алғысымды айтамын. Сондай-ақ күрделі жағдайда мызғымас бірлікте болып, өзара жанашырлық көрсеткен, сабыр мен төзімділік танытқан барша халқымызға зор ризашылығымды білдіремін.

Біз бұл қиындықты міндетті түрде еңсереміз. Мемлекет тарапынан барлық шаруа тиянақты жасалады. Әр қиындықтың қайыры бар. Апаттың салдарын жою – жұмыстың бір кезеңі ғана. Ең бастысы, апат болған аймақтарда жаңару және жаңғыру жұмыстары басталады. Бұл – өте маңызды шаруа. Сондықтан алдымызда ауқымды жұмыс тұр.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Осымен жиын аяқталды.

Рақмет, баршаңызға!

12 сәуір, 2024 жыл

Постановление
Совета Народных Комиссаров Союза ССР

Москва, Кремль

№2293

20-го октября 1933 года

О подготовке кадров для Казахстана

Совет Народных Комиссаров ССР - постановляет:

1. Предложить НКТП организовать в г. Алма-Ате Казахский Горно-металлургический институт с двумя факультетами: горным и цветных металлов, объединив его с Семипалатинским горным институтом.

Обязать НКТП закончить строительство этого института к 1935 году, а первый набор студентов произвести осенью 1934 года.

2. Организовать на базе существующего в г. Алма-Ате педагогического института Казахский Государственный Университет, обязав Наркомпрос РСФСР в двухмесячный срок разработать все необходимые мероприятия с тем, чтобы первый курс университета начал работать с 1-го января 1934 года.

Председатель Совета народных Комиссаров Союза ССР — *В. Молотов (Скрябин)*

Управляющий Делами Совета Народных Комиссаров Союза ССР — *И. Мирошников*

Из протокола № 184
Заседания Бюро Казахского Краевого Комитета ВКП(б)

13 ноября 1933 г.

Повестка дня

12. Об организации госуниверситета в Алма-Ата (т. Таганский)

ПРИСУТСТВУЮТ: Члены бюро Крайкома: тт. Мирзоян, Гусев, Пинхасик, Садвокасов, Андронников, Маймин, Киселев, Ерназаров, Юсупбеков, Таболов. Кандидаты в члены Бюро: тт. Случак, Грушевский, Мусин, Таштитов. Зам. Зав. Отд. и Завсекторами: тт. Таганский, Мендеров, Избанов, Яковлев, Гайдеров, Манкин, Дощанов, Летуновский, Кабулов, Уразов, Перстиков, Смиронов, Шураков, Мукашев, Савинский, Максимов.

Приглашенные: т.т. Ярмухамедов, Оликов, Кулетов (НКЮ), Спиров (НКЗ), Яхнович (НКСнаб), Израйлович (Южно-Каз. ОК), Алманов (КазПИ), Груздев (Уполн. Водтр.), Берзон (ПС НКЗ), Грехнев, Фридман (Казправда)...


Университеттің Алматыдағы (Верный) негізгі ғимараты. 1934 жыл






ҚазМУ-дың әр жылдардағы ғимараттары







Студенттер қалашығының макеті. 1971 жыл






КАЗНУ


ӘЛ-ФАР
КІТАПХАН


БИБЛИОТЕКА
АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI
LIBRARY

Кітаптың «Ректор мінбері» аталған алғашқы айдарында оқу орнын әр жылдары басқарған басшылардың бас мақалаларын жинақтап беріп отырмыз.

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, 1940-1947 жылдар аралығында С.М.Киров атындағы ҚазМУ ректоры болған Лукьянец Иван Куприяновичтің 1945 жылғы;

Қоғам және мемлекет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, 1947-1953 жылдарда С.М.Киров атындағы ҚазМУ ректоры болған Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаевтың 1949 жылғы;

Университетті 1953-1955 жылдары және 1961-1970 жылдары басқарған физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Асқар Закарьяұлы Закариннің 1964 жылғы;

1955 жылдан 1961 жылға дейін С.М.Киров атындағы ҚазМУ ректоры, биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА академигі, ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаевтың 1958 жылғы;

Техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Инженерлік академиясының академигі, ҚазКСР ҒА академигі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ды 1970-1986 жылдар аралығында басқарған Өмірбек Арсланұлы Жолдасбековтің 1984 жылғы;

Экономика ғылымдарының докторы, профессор, 1991 жылдан 2001 жылға дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры болған Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаевтың 1998 жылғы;

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, 1988 жылдан 1991 жылға дейін С.М.Киров атындағы ҚазМУ ректоры болған Мейірхан Мұбаракұлы Әбділдиннің 2004 жылғы;

Мемлекеттік, қоғамдық және саяси қайраткер, техника ғылымдарының докторы, профессор, 2008 жылдан 2010 жылға дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры болған Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың 2009 жылғы;

Техника ғылымдарының докторы, профессор, 2010-2021 жылдар аралығындағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтановтың 2014 жылғы;

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2021 жылдан ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың 2023 жылғы материалы берілді.

Әр жылдарды қамтыған деректер арқылы 90 жыл ішіндегі университет қызметімен және даму тарихымен таныса аласыздар.



Иван ЛУКЬЯНЕЦ,
ректор университета
(1940-1947 гг.)

Казахский государственный университет

С первого июня начинается прием заявлений в Казахский государственный университет. Набор будет производиться на факультеты: физико-математический, биологический, химический, историко-филологический, журналистики, подготовительное отделение, заочное отделение и в аспирантуру. Только на основные факультеты университета будет принято около 400 студентов.

В нашей стране университеты занимают роль передовых вузов, дающих своим воспитанникам глубокое и широкое образование. Университеты сочетают подготовку кадров с постановкой научно-исследовательской работы.

Казахский государственный университет основанный в 1934 году, стал крупнейшим, ведущим учебным заведением Казахской Республики и важным центром научно-исследовательской работы. Он готовит кадры 14 специальностей. Физико-математический

факультет готовит физиков и математиков. Перед студентами этого факультета открывается перспектива изучения наук, которые проникли во все области человеческих знаний, в основе которых лежит познание законов природы и величайших технических достижений человечества. На протяжении пяти лет студенты этого факультета изучают математику, физику, механику, знакомятся с современными проблемами физики и математики, работают в лабораториях механики и молекулярной физики, электрической и оптической, проходят большую практику навыки в лабораториях. Приобретают экспериментально-научной работы, выступают с докладами в семинарах, приучаясь к самостоятельной работе и проведению теоретических и экспериментальных исследовании дипломной работой и завершают свою учебу и государственными экзаменами. Физико-математический факультет имеет три математические кафедры: анализа, геометрии и алгебры и три физические: общей, теоретической и эсперимантальной физики, ряд лабораторий, астрономический кабинет. На факультете работают профессоры В.Ф.Литвинов, А.А.Гутман, К.П.Персидский.

Биологический факультет готовит ботаников и зоологов. Предметом изучения и исследования на биофаке является сам человек, живая природа, весь мир растений, животных на основе биологических наук.

Поступающего на этот факультет ожидает интересная, увлекательная учеба, постоянное общение с миром растений и животных, которое сочетается с тщательным изучением лабораторных методов исследования. После глубокого изучения физики, химии и основных биологических дисциплин на первых 3 курсах, студенты специализируются при отдельных кафедрах. Избравшие своей специальностью ботанику, в течение двух лет проходит подготовку в лабораториях: систематики высших растений, низших растений, микробиологии и генетики. Зоологии специализируются в лабораториях и кабинетах при кафедрах зоологии и физиологии животных. Все кафедры биофака возглавляются профессорами, докторами наук. Здесь преподают профессоры: Н.Б.Павлов, С.О.Гребенский, А.Н.Бартенев, М.Л.Розенберг, кандидаты наук М.Ш.Абасбакиева, Н.З.Хусаинова, Т.Б.Дарканбаев, С.Р.Шварцман, В.С.Корнилова и другие.

Химический факультет университета является единственным химическим вузом в Казахстане. В его задачу входит подготовка преподавателей химии для средних школ и, вузов и специалистов-химиков для разнообразных отраслей народного хозяйства. В течение 5 лет студенты химического факультета проходят теоретическую подготовку по органической, неорганической, аналитической, физической химии и химической технологии. Работа студентов химфака в лабораториях и на практике занимает около половины их учебного занятия.

Кроме общих курсов химии студенты химфака слушают специальные курсы: по физико-химическому анализу, микро и электроа-

нализам, по химии искусственных удобрений, по химии и технологии переработки твердого топлива. На практике применения по теории и флотореагентов, по военной химии, химии защиты и т.д. Кафедры химфака имеют оборудованные лаборатории и полузаводские установки. И научно-исследовательскую работу на этом факультете ведут заслуженный деятель наук Узбекской ССР профессор М.И.Усанович, Г.О.Ерчиковский, кандидаты наук М.Т.Козловский, Д.В.Сокольский, В.Ф.Сергеева, И.Н.Ерчиковский, М.Т.Козловский, Д.В.Сокольский, В.Ф.Сергеева.

Важное место в подготовке газетных работников занимает факультет журналистики. Учебный план этого факультета рассчитан на 4 года. В течение этого времени студенты изучают историю, географию, литературу, языки, теорию и практику большевистской печати. Студенты журфака проходят практику в республиканских, областных и районных газетах. Многие студенты успешно сочетают учебу с работой в печати.

Историко-филологический факультет готовит историков, литераторов, языковедов. Это – самый крупный факультет университета. В учебных планах историко-филологического факультета: история, историография, география, общее языкознание, новое учение о языке, научная грамматика, история русского языка, казахский язык, иностранные языки, русская, казахская и иностранная литература и т.д. Изучение этих наук открывает студентам доступ к памятникам мировой культуры, подлинникам великих творений. Студенты этого факультета изучают богатейшее культурное наследство русского и казахского народа.

Кроме специальных дисциплин большое место в университете для студентов всех факультетов отводится марксизма-ленинизма, изучению истории, основ политэкономии, военного дела, русского, казахского, иностранных языков. Руководят преподаванием этих наук крупные специалисты: пр. Н.П.Дардыкин, (зав. кафедрой основы марксизма-ленинизма), проф. С.Н.Покозский (зав. кафедрой истории), кандидат наук С.А.Нейштадт (зав. кафедрой политэкономии), К.А.Мишнин (начальник кафедры военного дело), профессор С.К.Кенесбаев (зав. кафедрой казахского языка), доцент Н.Д.Каппов (зав. кафедрой русского языка).

Глубокое изучение социально-экономических наук, участие в семинарах воспитывает студентов идейно-политически, вооружает марксистско-ленинской теорией, воспитывает в духе беззаветной преданности нашей великой Родине, партии Ленина – Сталина.

Для подготовки кадров университет располагает значительной учебно-производственной базой. При университете имеются: крупная учебно-научная библиотека, которая насчитывает 170 тысяч томов книг, 27 кафедр, 26 лабораторий, 19 кабинетов, астрономический кабинет, ботанический сад, зоологический музей и другие учебно-вспомогательные учреждения. Для материально-бытового обслуживания студентов и научных работников. При университете име-

ются общежития, столовые, магазин, прачечная, подсобное хозяйство, мастерские обуви и снабжение студентов университета.

Непрерывно растет число студентов казахов и казашек, обучающихся в университете. Сейчас их обучается более 300 человек, многие из них, около 50 отличников получают персональные стипендии имени Сталина, имени Кирова, имени Пушкина, имени Амангельды. На историко-филологическом факультете есть специальное отделение казахского языка и литературы, осуществляющее подготовку квалифицированных преподавателей казахского языка и литературы для старших классов средней школы и вузов, а также научных работников казаховедов и литераторов. В числе преподавателей, работающих на этом факультете заслуженный деятель Академии наук СССР, знаток тюркских языков С.Е.Малов, заслуженный деятель наук КазССР профессор, доктор филологических наук С.К.Кенесбаев, писатель М.А.Ауэзов. Здесь также работают доценты Б.Кенжебаев, Ш.Сарыбаев, Е.Исмаилов, М.Балакаев, С.Махмудов, Б.Шалабаев, А.Маметова.

Казахское отделение функционирует также и на факультете журналистики. Для подготовки к поступлению в университет казахов и казашек, не имеющих законченного среднего образования, создано и работает постоянно действующее подготовительное отделение.

Выпускники средних школ Казахстана! Перед вами широко открыты двери высших школ, путь к сияющим вершинам наук. Наша советская Родина предоставляет вам выбор любой специальности. Вы можете поступить в любой вуз, получить любую специальность – стать химиком, физиком. Всех, кто решил математиком, биологом, историком, литератором, языковедом, журналистом, педагогом, исследователем, мы приглашаем стать студентами Казахского государственного университета.

«Казахстанская правда»
19 мая 1945 г.



Төлеген ТӘЖІБАЕВ,
профессор,
университет ректоры
(1947-1953 жж.)

Қазақ университетінің 15 жылдығы

Үкімет пен Қазақстан К(б) II Орталық комитетінің тікелей басшылығы және нақтылы көмегі арқасында Қазақ университеті республикамыздың ірі ғылыми оқу және мәдениет мекемесіне айналды. Бүгін Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетіне 15 жыл толды. Осы уақыттың ішінде университет бір мыңнан аса маман даярлап шығарды. Университетте тәрбиеленген 62 адам қазір университеттің өзінде доцент, ассистент, оқытушы болып істейді. Олардың сегізі ғылым кандидаты деген атақ алған.

Республиканың басқа жоғары оқу орындарымен салыстырғанда университеттің оқу-өндірістік базасы өте күшті, сол сияқты жоғары мамандығы бар ғылыми педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Физика, математика, химия факультеттерінің лабораториялары мен кабинеттерінде ғылымның қазіргі талабына сай, ең жаңа аппаратуралар, құрал-саймандар бар. Университеттің кітапханасында 200 мың томнан аса кітап бар. Университеттің ботаника бауы, зоологиялық музейі, астрономиялық кабинеті, биология станциясы, бірнеше жақсы жабдықталған лабораториялары мен кабинеттері бар.

Университеттің жанында сырттан оқыйтындар және аспиранттар бөлімі бар. Сол сияқты университет аспирантура арқылы да ғылыми кадрлар даярлап шығарады. Ғылымның көп саласы жөнінде университетке кандидаттық диссертация қорғауды қабылдау правосы, ал химия және биология ғылымдары жөнінде докторлық диссертациялар қабылдау правосы берілген.

Қазақ университеті жылдан-жылға өсіп, нығаюда. Қазіргі уақытта оның 6 факультеті, 9 бөлімі, 38 кафедрасы, 40 лабораториясы мен кабинеті бар, 20 түрлі мамандық жөнінде кадрлар даярланады. Университеттің педагогикалық кадрлары қатары да артуда. Қазір университеттің ғылыми қызметкерлерінің қатарында 18 профессор мен ғылым докторлары (олардың ішінде 6 адам Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі және мүше-корреспонденті), 63 доцент пен кандидат бар.

Университеттің ғылыми қызметкерлері өздерінің педагогикалық жұмыстарын ғылыми зерттеу жұмыстарымен ұштастырып отырады. Мұның қорытындысы жыл сайын болатын ғылыми сессияларда шығарылады. Быйылғы кезекті ғылыми сессия университеттің 15 жылдығы күні ашылады. Бұл сессияда 77 ғылыми баяндама тыңдалмақ. Ірі-ірі 37 тақырып жөнінде ғылыми зерттеу жұмысы жүргізілуде. Бұл тақырыптар теориялық және халық шаруашылығы үшін маңызы зор негізгі алты мәселенің төңірегінде құрылған. 17 тақырып Қазақстанның өндірістік күшін және оның мәдениетін зерттеу мәселелеріне арналған. Бұл мәселелерді шешуге бірқатар кафедралардың ғылыми күштері бірлесіп отыр.

«Тұрақтылық теориясы» жөніндегі мәселені зерттеуге университеттің бүкіл математиктер коллективі ұйымдасқан түрде жұмылып отырғанын айта кету керек. Оларды ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, профессор К.П.Персидский басқарады. Биология факультетінде ғылыми зор жұмыстар істелуде. Бір топ биологтар (доцент Н.П.Глиняный, ғылыми қызметкерлер Х.С.Байда, Н.П.Моисеев) жаздық бидайдың және Алматы апортының жаңа сорттарын шығару жөнінде мичуриндік тәжірибелер жүргізуде. Быйыл ұйымдастырылған Дарвинизм және генетика кафедрасы бидайдың өсу дәуірінің өзгергіштігі туралы мәселені зерттеуде. Доцент Н.П.Глиняный қазір жаздық бидайдың Алматы облысы үшін өзі шығарған екі сортын өндіріс жағдайында сынауда.

Өсімдіктер физиологиясы мен микробиология, жоғары және төменгі өсімдіктерді жүйелеу, омыртқасыз жәндіктер зоологиясы кафедраларында да елеулі жұмыстар жүргізілуде. Өсімдіктер физиологиясы мен микробиология кафедрасының қызметкерлері доцент Т.Дарханбаевтың басшылығымен Қазақстанда өсірілетін мәдени егістіктердің биохимиясы жөнінде жұмыс істеп келеді. Кафедра Жаңақорғандағы Теріскен көлінің ем болатын қасиетін зерттеді. Бұл жұмыстың нәтижелері Денсаулық сақтау министрлігінің курорттар басқармасында қабылданып, қазір емдеу ісіне пайдаланылып отыр.

Омыртқасыз жәндіктер зоологиясы кафе-

драсының доценті Н.Хусаинова Арал теңізіндегі омыртқасыз жануарларды және Арал теңізінің балықтарын пайдалану мәселесін кең түрде зерттеуде.

Жоғарғы және төменгі дәрежелі өсімдіктерді жүйелендіру кафедрасы (меңгерушісі – доцент С.Р.Шварцман) тау шыңдарындағы өсімдіктерді, Қазақстанның кейбір аудандарындағы өсімдіктерді және қазындылардан шығатын өсімдіктерді зерттеу ісімен шұғылдануда. Аналитикалық химия кафедрасының доценті М.Т.Козловский химиялық талдаудың электрлік әдісін, әсіресе талдау ісіне түсті металдарды пайдалану әдісін зерттеу жөнінде айтарлықтай жұмыс істеп келеді. Кафедра өндіріспен тығыз байланыс жасап, заводтардың аналитикалық лабораторияларына көмектесетін тұрақты комиссиялардың жұмысына тұрақты қатысуда. Органикалық емес химия кафедрасында Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі, профессор А.Бектұровтың басшылығымен Қаратау фосфоритінің химиялық-техникалық қасиеттерін зерттеу жұмыстарын жүргізуде, ал органикалық химия кафедрасында (меңгерушісі – доцент Т.Шомбалов) Қазақстанның тері өңдейтін өсімдіктерін зерттеуде.

ССР Одағы халықтары тарихының кафедрасындағы ғылыми жұмыстар Қазақстанда Октябрь социалистік революциясы мен азамат соғысының тарихын зерттеуге бағытталған.

Қазақ ССР тарихы жөнінде жаңадан кафедра ұйымдастырылды. Оны ғылым докторы Е.Бекмаханов басқарады. Ғылым докторы С.А.Нейштадт басқарған Саяси экономия кафедрасы «Қазақстан экономикасының социалистік жолмен қайта құрылуы туралы» монография әзірлеп жатыр.

Қазақ тілі кафедрасындағы оқытушылар коллективі, кафедра меңгерушісі, доцент И.Мамановтың және доцент Ш.Сарыбаевтың басқаруымен жоғары мектептер үшін қазақ тілінің оқу кітабын жасау ісімен шұғылдануда.

Бұл айтылғандар университетте істеліп жатқан жұмыстардың бәрін мүлде қамтымайды.

Ғылыми зерттеу жұмыстарына студенттер де қамтылады. Олар студенттер арасындағы ғылыми үйірмелерге, кафедралардың экспедицияларына қатыстырылады. Жыл сайын студенттер арасында ғылыми жұмыстар жөнінде конференциялар, конкурстар өткізіліп тұрады.

Университеттің ғылыми журналы және газеті бар.

Университет қызметкерлерінің ғылыми мамандығын арттыру жөнінде елеулі жұмыстар істелмек. Қазіргі уақытта 34 адам кандидаттық диссертация, 15 адам докторлық диссертация жазуда. Университет ашылған уақыттан бері оның ғылыми кеңесінде үш адам докторлық диссертация, 98 адам кандидаттық диссертация қорғады. Мұның ішінде қазағы – 34.

Университеттің болашағы орасан зор. Материалдық базаларын ұлғайтуда, даярланған мамандардың сапасы мен санын арттыруда мүмкіншілік өте зор. Быйылғы жылы университеттен тағы да екі кафедра – Философия және Экономика кафедралары ашылады.



Органикалық химия кафедрасының меңгерушісі Т.К.Шомбалов студенттермен лабораторияда. 1949 жыл

Егер қазір екі мыңнан артық студенті бар университетіміз өткен жылы 143 маман даярлап шығарған болса, 1949 жылы тікелей оқыту арқылы ғана 150 маман даярлайды. Енді үш-төрт жылдан кейін университет жыл сайын кемінде 500-600 маман даярлап шығатын болады. Ал университеттегі жалпы студенттер саны үш мың адамнан асады. 1947-1948 оқу жылында 1946-1947 оқу жылымен салыстырғанда студенттердің сабақты үлгеруі 7,1 процентке артты, өте жақсы оқыйтындардың саны 173-тен 226-ға жетті, ал өте жақсы және жақсы деген бағалардың саны 2 процентке жуық артты. Рас, біз барлық студенттердің сабақты толық үлгеруін әлі толық қамтамасыз ете алмай келеміз, өте жақсы оқу үшін күрес әлі де жеткіліксіз.

Стипендия төлеудің жаңа тәртібіне байланысты университет коллективі оқыту сапасын жақсарту, студенттердің өздігінен жұмыс істеуін ұйымдастыру, демек, сабақты үлгеру сапасын жақсарту жөнінде көп жұмыстар істеуге тиісті.

БК(б) II Орталық комитеті мен Қазақстан К(б) II Орталық комитетінің идеология мәселелері жөніндегі қаулылары университетте оқытудың идеялық, теориялық дәрежесін арттыруға және саяси тәрбие жұмыстарын жақсартуға зор себепші болды. Лекторийлерде және студенттердің жатақханаларында БК(б) II тарихы, ССР Одағы халықтарының достығы, философия, сыртқы саясат, мәдениет және коммунистік тәрбие мәселелері жөнінде оқтын-оқтын лекциялар мен баяндамалар өткізіледі. Бұл жұмысқа астанамыздың басшы партия және совет қызметкерлері белсене қатысуда. Үгітші оқытушылар алдын ала әзірленген жоспар бойынша студенттер ара-

сында саяси әңгімелер өткізіп тұрады. Сонымен қатар физкультура және спорт жұмыстары, мәдениет шаралары жөнінде де бірқатар нақтылы жұмыстар істелді. Алайда біз студенттер мен профессор оқытушылар составына саяси тәрбие беру ісінде университет коллективінің алдында зор міндеттер тұрғанын жақсы білеміз. Бұл мәселе жөнінде бірсыпыра олқылықтар да болғанын ескертуге тиістіміз.

Биология ғылымын оқыту жөнінде де зор міндеттер тұр. В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымы академиясының августағы сессиясынан бергі уақыттың ішінде бұл жөнінде бірқатар жұмыстар да істелді. Студенттерді материалистік диалектикалық биология ғылымының рухына тәрбиелеу мақсатымен мичуриндік ғылымның табыстары кең түрде насихатталуда, ал вейсманизмнің-морганизмнің реакцияшылдығы әшкереленуде.

Студенттерге идеологиялық тәрбие беру ісі әртүрлі идеологиялық бұрмалаушылықтарға қарсы мейірімсіз күрес жүргізумен, студенттерді коммунистік саналылық рухында, өз Отанын шексіз сүю рухында тәрбиеленумен байланысты екенін, басқа құрылыстарға қарағанда совет құрылысының артықшылығын үнемі көрсете отырып, совет адамдарының капиталистік қоғам адамдарынан артық екенін айтып отыру керек екенін біз еш уақытта естен шығармаймыз.

Университеттің ғылыми қызметкерлері коллективі озат советтік материалистік ғылымның салтанат құруы үшін шетелдердегі ғылымның табыстарын таяу уақыттың ішінде қуып жетіп, одан асып түсу жөніндегі Сталин жолдастың алдымызға қойған міндеттерін орындау үшін күресуде.

Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеті өзінің үш мың адамдық коллективімен, совет интеллигенциясының алдыңғы қатарында болып, жоғары мамандығы бар кадрлар даярлау жөніндегі партия мен үкіметіміздің жүктеген міндеттерін абыроймен орындайды.

«Социалистік Қазақстан»
газеті,
15 январь 1949 жыл



Темирбай ДАРКАНБАЕВ,
профессор,
ректор университета
(1955-1961 гг.)

Новый́, 1959

В знаменательные для нашей Родины дни вступаем мы в новый, 1959 год. Советский народ готовиться достойно встретить XXI съезд Коммунистической партии и проявляет образцы трудового энтузиазма. Сверхплановую продукцию выдают промышленные предприятия, строители снимают леса с новостроек, труженики сельского хозяйства готовиться к борьбе за большой хлеб. Советские люди в эти дни повсеместно обсуждают тезисы доклада Н.С.Хрущева на XXI съезде КПСС, вносят свои предложения, направленные на успешное развитие всех отраслей народного хозяйство нашей Родины.

Как отмечается в постановлении декабрьского пленума ЦК КПСС, многое сделано нашим народом за последние пять лет. Далеко вперед шагнуло социалистическое сельское хозяйство. Валовой сбор зерна в стране увеличился на 60 процентов, а по производству молоко и масла СССР вышел на первое место в мире.

Свой посильный вклад и развитие сельского хозяйства внесли наши студенты. В минувшем году 2150 юношей и девушек работали на уборке урожая в совхозах и колхозах Павлодарской области. Об их труловой

доблести свидетельствуют 68 медалей «За освоение целинных и залежных земель», 259 грамот, 356 похвальных листов, много премий и подарков. Новый закон об укреплении связи школы с жизнью и о дальнейшем развитии системы народного образования в СССР предусматривает выпуск специалистов, воспитанных в духе высоких принципов коммунистической морали, любви к труду, непримиримести к буржуазной идеологии.

Для этого у нас в университете создаются все условия: в прошлом году нам передано бывшее здание Дома правительства. Сейчас здесь разместились экономический, биологический, физиологический факультеты. Большую площадь под лаборатории и аудитории получили физико-математический и химический факультеты. Имея все возможности для глубокого изучения теории и плодотворной работы в лабораториях, прохождения широкой производственной практики на предприятых, в школах, редакциях газет, студенты должны еще глубже овладевать основами наук, стать полноценными специалистами.

В минувшем году организованы новые кафедры: истории Казахской ССР, ядерной физики, химии редких элементов. Ученые университета сделали немало ценных научных открытий, растет число кандидатов и докторов наук. Много светлого, значительного ожидает коллектив студентов и преподавателей в новом году. Начнется коренная перестройка учебного процесса в нашем университете, обучение еще больше будет приближено к практике, сотни молодых рабочих, служащих, колхозников начнут заниматься на заочном и вечернем отделениях.

Наступающий год – первый год семилетки явится расцветом творческих сил нашего народа, строящего светлое здание коммунизма. Поздравляю вас, дорогие друзья, с радостным праздником! Больших успехов вам в работе, учении и счастья в личной жизни!

29 декабря 1958 г.



Аскар ЗАКАРИН,
профессор,
академик АН КазССР,
ректор университета
(1953-1955 гг. и 1961-1970 гг.)

Казахский университет

Конечно, вопросы подбора и воспитания кадров стали в последнее время значительно больше волновать деканаты и партийные организации факультетов. Существующая система позволяет привлекать к педагогической работе опытных специалистов. В университете проходит одаренная молодежь, окончившая учебные заведения и аспирантуру. В этом учебным году только у химиков вступили в строй молодые кандидаты наук Молдахметов, Шайхутдинов, Жубанов, Малахов. Это способны, растущие специалисты. Таких у нас немало на всех факультетах.

Но нельзя умалчивать и о том, что почти везде есть люди, которые или не могут или не хотят повышать свою квалификацию. Например, на том же химфаке за последние годы не опубликовали ни одной научной работы ряд преподавателей и доцентов. Казалось бы, это должно взволновать руководство факультета, вызвать серьезный разговор. Но такого разговора «всерьез» о тех, кто довольствует достигнутым, кто надеется на прошлый багаж здесь не было. Может быть, людям, остановившимся «в росте» надо помочь выбрать темы, создать условия для продуктивной работы. Заботиться о расширении научного кругозора каждого члена нашего коллектива – значит думать о завтрашнем дне университета.

Большую часть нашего коллектива составляют лаборанты. Они призваны не только помогать профессорско-преподавательскому

составу успешно вести занятия, вести научную работу, но и принимать в ней непосредственно участие. Часть из них могла бы со временем влиться в состав научно-педагогического персонала. Однако таких людей мало, и научный рост их очень и очень слаб. Спрашивается, кто же в этом виноват? Думается прежде всего деканы и заведующие кафедрами, которые частенько принимают на должность лаборантов, руководствуясь какими угодно, но только деловыми принципами.

Четверть века существует аспирантура университета. За это время ее окончили 323 аспиранта. Многие из них успешно работают в нашем университете. Это М.Ф.Авазбакиева, Ю.Г.Золотарев, Л.В.Козак, А.Т.Лукьянов, А.М.Сокольская, В.Х.Харасахал и другие. Но сегодня необходимо обратить внимание на серьезные недостатки в работе аспирантуры. За последние 8 лет из 179 окончивших аспирантуру 106 человек не защитили диссертации. Особенно слабо была организована подготовка аспирантов по биологическим наукам, где из 15 аспирантов 11 выпущены без защиты; по геолого-минералогическим – 5, из них не защитили 3; по филологическим – не защитили 21 человек. В чем же причина столь серьезных недочетов в подготовке кадров через аспирантуру? Дело в том, что кафедры и научные руководители мало занимаются подбором кандидатов в аспирантуру. Отсутствие работы со студентами старших курсов, с молодыми специалистами вынуждает научных руководителей для формального выполнения плана приема в аспирантуру довольствоваться приемом лиц, которых они либо совсем не знают.

В 1964 году в аспирантуру надо было принять 52 очника, 32 заочника. Принято же – 9 в очную, 2 – в заочную. Говоря о подборе и подготовке кадров, мы не должны забывать и об их воспитании. Бесспорно, коллективы факультетов стремятся к тому, чтобы каждый преподаватель являлся образцом для студентов. У нас выработались великолепные традиции университетского образования.

Но и здесь немало промахов и недочетов. Взять хотя бы кафедру истории СССР. Здесь запущена организационная работа. Изменение педагогической нагрузки, подмена одних преподавателей другими, чтение специальных курсов – все эти вопросы решались единолично заведующим кафедрой тов. Даулбаевым. В результате на кафедре имели место нарушения и срывы занятий. На некоторых факультетах смирились с тем, что чтение ведущих лекционных курсов поручается ассистентам, подчас не имеющим для этого необходимой подготовки. На кафедрах истории Казахской ССР, всеобщей истории также имели место подобные нарушения. Мы ни на минуту не должны забывать, что несем партийную и моральную ответственность за подготовку кадров специалистов. Это должны быть люди, вооруженные знаниями передовой советской науки, всесторонне подготовленные к самостоятельной работе. Мы должны всегда руководствоваться указанием В.И.Ленина, что «гвоздь… всей работы… в подборе людей и в проверке исполнения».

9 июля 1964 г.




1934
1974



Умирбек ДЖОЛДАСБЕКОВ,
профессор,
академик АН КазССР,
ректор университета
(1970-1986 гг.)

Флагман высшей школы республики

История университета – это история становленния казахской науки, культуры, образования. 30 октября 1933 года Совет народных комиссаров Союза ССР принял постановление организовать в г. Алма-Ате Казахский государственный университет. 15 января 1934 г. состоялось его официальное открытие. 19 января 1934 года в здании бывшей Верненской гимназии приступили к занятиям 54 студента на двух факультетах: биологическом и физико-математическом. В сентябре этого же года открылся химический факультет. 2 декабря 1934 года КазГУ было присвоено имя Сергея Мироновича Кирова, выдающегося деятеля Коммунистической партии и Советского государства.

Молодое учебное заведение постепенно набирало силу. Большую помощь в становлении и развитии первому университету Казахстана оказали старейшие университеты страны: Московский, Ленинградский, Казанский, Киевский и др. Со дня основания, верный традициям передовой советской науки, университет жил интересами, созидательными и ратными заботами трудящихся.

В первые дни Великой Отечественной войны из университета ушли на фронт добровольцами 287 преподавателей, сотрудников, студентов. За подвиги, проявленные в борьбе с немецко-фашистскими захватчиками, был удостоен высокого звания Героя Советского Союза А.Г.Попов. В числе легендарных защитников Брестской крепости были сегодняшний профессор В.И.Фурсов и доцент Г.Н.Жуматов. В годы войны вся научно-исследовательская работа была подчинена интересам обороны страны. По заданию Наркоматов, промышленных предприятий и военных ведомств на кафедрах университета разрабатывались 74 темы, имевшие важное оборонное значение.

После окончания Великой Отечественной войны КазГУ им. С.М.Кирова перестроил свою работу с учетом перехода к мирному строительству. Рос научный потенциал университета, улучшилось качество подготовки кадров. В аудиториях университета читали лекции лауреат Ленинской и Государственной премий СССР, писатель-академик М.О.Ауэзов, президент АН КазССР, лауреат Ленинской и Государственной премий СССР академик К.И.Сатпаев. Ведущие кафедры возглавляли профессора А.Б.Бектуров, С.К.Кенесбаев, С.Н.Покровский, К.П.Персидский и другие.

Благодаря отеческой заботе ЦК КПСС и Советского правительства о развитии отечественной высшей школы, постоянному вниманию ЦК Компартии Казахстана и правительства республики, лично члена Политбюро ЦК КПСС, Первого секретаря ЦК Компартии Казахстана товарища Д.А.Кунаева, коллективом университета были достигнуты значительные успехи в дальнейшем совершенствовании учебного процесса и развитии университетской науки. Достаточно отметить, что по срав нению с 1970 годом объем финансирования научно-исследовательских работ возрос в 5,4 раза и достиг 5 миллионов 610 тысяч рублей, при этом объем хоздоговорных научно-исследовательских работ возрос более чем в 10 раз, а удельный вес важнейшей темати возрос в 3,5 раза.

Успеваемость студентов устойчиво росла и повыси лась на 5,3%, число студентов, принимающих активное участие в научно-исследовательской работе, стало в 6 раз больше, чем в 1970 году. Заметно вырос научный потенциал университета, постоянно повышалось педагогическое мастерство профессорско-преподавательского состава. Так, число штатных профессоров и докторов наук увеличилось почти в 3 раза. Сегодня почти каждый девятый преподаватель КазГУ – это профессор или доктор наук. Среди научно-педагогических кадров 28 академиков член-корреспондентов АН КазССР. 126 докторов наук, профессоров, более 600 кандидатов наук, доцентов.

На 11 дневных и в заочно-вечерних факультетах обучаются свыше 12 тысяч студентов, успешно функционируют 2 факультета повышения квалификация, ИПК преподавателей общественных наук и подготовительное отделение. В университете сложились оригинальные научные направления. Ученые университета проводят теоретические и экспериментальные исследования по 22 фундаментальным научным

направлениям. Идет разработка актуальных проблем продовольственной программы СССР, переброска части стока северных и сибирских рек в южные районы страны, охрана окружающей среды и рациональное использование природных ресурсов, роботы и робототехнические системы, создание новой техники и технологии. Ведутся фундаментальные исследования в области общественных и гуманитарных наук. Постоянно повышается эффективность университетской науки, ее практическая отдача.

Учеными университета за этот год опубликовано 87 монографий, учебников и учебных пособий, более тысячи научных статей, получено 110 авторских свидетельств и положительных решений на изобретения, 5 зарубежных патентов, и впервые в истории высшей школы республики заключены соглашения со шведской и югославской фирмами.

Июньский [1983 г.) пленум ЦК КПСС отметил, что всю нашу идеологическую, воспитательную, пропагандистскую работу необходимо решительно поднять на уровень тех больших задач, которые решает наша партия в процессе совершенствования развитого социализма». Партийная организация КазГУ, насчитывающая в своем составе более 1100 коммунистов, проводит разностороннюю работу по совершенствованию всей системе.

В год 10 000 лекций. Сегодня на 16 кафедрах обществени наук КазГУ работает 17 докторов наук, профессоры и свыше 70 кандидатов наук, доцентов. Среди них есть известные ученые, труды, которые явились существенным вкладом в разработку актуальных научных проблем. В университете обучаются студенты 38 национальстей, посланцы Монголии, Вьетнама, Лаоса, Афганистана, Кубы. На лекциях и семинарских занятиях по общественным дисциплинам, на методологических и научно теоретических семинарах, в беседах со студентами общежития и других формах общения постоянно разьясняются и широко пропагандируются идеи пролетарского интернационализма. Свидетельством успехов коллектива является то, что Казахский государственный унверситет последние восемь лет подряд является победителем социалистического соревнования среди вузов, первым среди вузов республики внесен книгу почета ВДНХ КазССР, по итогам Всесоюзного конкурса завоевал Золоту социалистического соревнования за достойную встреч 60-летия образования СССР, награжден переходящим Красным знаменем Минвуза СССР ЦК профсоюзных работников просвещения, высшей школы и научи учреждений, переходящим Красным знаменем ЦК Компартии Казахстана, Совета Министров Казахской ССР, Казсовпрофа и ЦК ЛКСМ Казахстана за успехи в области науки и техники.

Благодаря постоянной и всесторонней помощи ЦК Компартии Казахстана, правительства республики. Министерства высшего и среднего специального образования СССР, Алма-Атинского областного и городского комитетов партии, Минвуза республики, напряженно труду всего коллектива Казахский государственый университет подошел к своему полувековому юбилею в расцвете творческих сил.

21 мая 1984 г.

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің

ҚАУЛЫСЫ


1991 жылғы қазанның 23-і № 629

С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АТЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

Қазақ КСР Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аты өзгертіліп, оған ұлы философ, ғалым-энциклопедист Әл-Фарабидің есімін беру туралы Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігімен және Қазақ КСР Ғылым академиясымен келісілген Қазақ мемлекеттік университеті коллективінің ұсынысы қабылдансын және ол бұдан былай Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті деп аталсын.

Қазақ КСР
Премьер-министрі С. ТЕРЕЩЕНКО


КАЗ
им.С.М.КИ


ГУ
ИРОВА
50


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗМУ
КАЗГУ
имени АЛЬ-ФАРАБИ
60
ЖЫЛ
ЛЕТ



Фотошежіре



Мейрхан АБДИЛЬДИН,
профессор,
академик НАН РК,
ректор университета
(1988-1991 гг.)

Спасибо тебе, наш КазНУ!

С возрастом особенно остро чувствуешь, как дорога тебе твоя альма-матер, наш КазНУ. Можно сказать, главная часть жизни прошла в стенах родного университета. Хочется от души поздравить профессорско-преподавательский состав, студентов и руководство университета с замечательным для нас праздником – 70-летием КазНУ.

Нельзя тут не вспомнить прошлое. Прежде всего, спасибо советской власти, которая в те непростые годы открыла КазГУ. Мы всегда будем благодарны тем, кто нас учил, и тем, кто был для нас примером, жизненным ориентиром. Перед глазами стоит образ демократичного, доброжелательного и много знающего ректора А.З.Закарина. Большим организатором был ректор У.А.Жолдасбеков. При нем КазГУ расцвел во многих отношениях. Замечательно руководили наукой проректор А.Т.Лукьянов и его помощник М.К.Наурызбаев.

Процветало общество «Семи муз» под руководством неутомимого Б.Мекишева. Как физики мы состоялись благодаря замечательному профессору Л.А.Вулису, доцентам Н.Д.Косову и Н.М.Петровой. Я лично обязан своим становлением как физика-теоретика великолепному педагогу, математику, доцен-

ту Б.Т.Тулегенову, физику, члену-корреспонденту АН КазССР Д.К.Каипову, профессору физикотехнического института АН СССР Л.А.Сливу (г. Ленинград), великому советскому физику-теоретику В.А.Фоку (ЛГУ, г. Ленинград).

Неизгладимое впечатление оставило общение с академиком К.П.Персидским, талантливым, но рано ушедшим математиком Ятаевым, физиками М.К,Кусаиновым и Е.У.Исабаевым. В объединении казахов-физиков важную роль сыграл профессор С.И.Исатаев. Важен был пример академика Ж.С.Такибаева, который первым показал, что казах может быть доктором наук в области физики. Если у химиков был большим Ага профессор Беремжанов, то у физиков большим Ага является С.И.Исатаев. Здесь уместно и физикам, и математикам сказать спасибо советской системе высшего образования – лучшей в мире системе образования. Один из крупнейших математиков планеты Владимир Арнольд недавно писал: … У нас в России хотят путем «реформирования» школы довести знания наших школьников до американского или французского уровня. Но сегодня, к счастью, эта цель еще не достигнута, наша система математического образования – одна из лучших, если не самая лучшая, в мире…

Расцвет математики в Москве произошел после большевистского переворота 1917 года... В наших университетах произошла довольно резкая смена квалифицированных профессоров невежественными преподавателями. Это, естественно, угрожает упадком нашей науки, а затем — и техники, оборонной моши страны. Надеюсь, наш родной университет КазНУ им. Аль-Фараби во главе с талантливым ректором Т.А.Кожамкуловым сохранит ныне достигнутый высокий мировой уровень наших математиков и физиков. Ведь большинство из наших известных ученых получили образование и научную подготовку в Москве, Ленинграде, Новосибирске и т.д. По словам Виктора Садовничего: «Ни один университет мира не дает такого глубокого образования, как МГУ. Не случайно же, с подачи президента Казахстана, в Евразийском университете г. Астаны открыт филиал МГУ. Не зря американцы за последние 10 лет приобрели 17 тысяч физиков и математиков из бывшего СССР. Поэтому в образовании, как и во врачевании, при введении новшеств важен принцип «не навреди».

«Білім әлемі»
15 мая 2004 г.



Көпжасар НӘРІБАЕВ,
профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
университет ректоры
(1991-2001 жж.)

Университет өмірінің жаршысы

«Қазақ университеті» газетінің шыға бастағанына 50 жыл толды. Бұл – тарих уысындағы қас қағым сәт болғанымен, бір ұжым үшін үлкен бір дәуір. Елу жыл ішінде басылым бетінде ҚазМУ-дың өсіп-өркендеу жолындағы талай тараулары ұқыпты баяндалды, қол жеткен табыстары, шыққан биіктері хабарлама, талдамалы, көркем публицистика тілімен бейнеленді. 1986 жылғы Желтоқсан бұрқасынынан кейін газетіміз жабылып та қалды. Еліміз егемендікке ие болып, Желтоқсан оқиғалары әділетті бағасын алғаннан кейін төл басылымымызды қайта шығаруға мүмкіндік алдық. Сөйтіп, «Қазақ университеті» өзінің екінші ғұмырын бастады десе де болғандай. Ол қазір бүкіл университет ұжымымен біте қайнасып, оның қызығы мен қиындығын бірге көтеріп, соңғы жылдары оқу орнымызда заман талабына сай жүріп жатқан өзгерістер мен сапалық жаңартулардың жаршысы болып отыр.

Газетіміздің өз оқырмандарына айтары да, жеткізері де аз емес. Алда тұрған істері мен шаруалары да бір өзіне жетерлік. Өйткені университет өміріндегі реформаларды, динамикалық процестерді қоғам тіршілігіндегі түбегейлі жаңғырулардан бөліп алып қарауға болмайды. Сондықтан өз оқу орнымызда мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық

саясаты контексінде жасалып жатқан басты-басты шараларға оқырмандар назарын аудара кетейін.

Өздеріңізге мәлім, ең алдымен Қазақстан жоғары мектебі жүйесінде университетіміздің статусын анықтап алу қолға алынды. Осы ретте, 1991 жылы 23 қазандағы Қазақ ССР Министрлер кабинетінің ҚазМУ-ға ұлы бабамыз әл-Фараби есімін берген қаулысының орны ерекше бөлек дер едім. Хронологиялық тәртіппен жүрсек, ендігі кезекте Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 ж. 9 қаңтардағы «Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің статусы туралы» қаулысының маңызы аса зор болды. Осы тарихи құжат жинау жоғары мектебіміздің өзін-өзі басқаратын автономиялы мемлекеттік жоғары оқу орны ретіндегі мәртебесін бекітіп берді және алаңдамай жұмыс жүргізуімізге кең жол ашты. Автономиялы жоғары оқу орнының мәртебесі мен құқығын біз нарықтық экономика және әлемдік білім беру кеңістігіне арқалану жағдайында университеттік білім берудің неғұрлым тиімді моделін қалыптастыру үшін пайдалануға ұмтылдық. Әлбетте, бір мезетте өзіміздің, қанша айтқанмен, қолда бар мүмкіндіктеріміз бен сұранысымызға қарайладық.

Университетімізде оқу процесінің, ғылыми зерттеулердің материалдық базасын анағұрлым нығайтуға оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысын өсіруге, «Қазақ университеті» баспасын ұйымдастыруға және өзіміздің полиграфиялық іргетасымызды қалауға, сонымен қатар бұдан басқа да зәру мәселелерімізді оң шешуге ҚР Министрлер кабинетінің «Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту шаралары туралы» қаулысының игі ықпалы тигенін атап айтар едім. Бұдан кейін ҚР Үкіметінің былтырғы 17 маусымда «Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті оқытушылары мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы» қаулысы және шықты.

Біздің жоғарыда аты аталған құжаттарды тізбелей ауызға алып отырған себебіміз – үйреншікті жолды шиырлау, ескі әдетті жандандару емес, жаңа жағдайдағы ресми шешімдердің мемлекеттік оқу орнының тынысын аша түсуге, оның бүгінгі реалийлерге жылдам бейімделуіне шынайы жағдай жасағанын қанағаттанғандықпен айта кету. Осы сияқты арнаулы үкімет қаулыларына табан тірей отырып, біз автономиялы жоғары оқу орнының қызметін реттейтін 30-дан астам нормативтік құжат дайындап, бекіттік. ҚазМУ жарғысы, ҚазМУ-дың Ғылыми кеңесі, ректорат, факультет және факультет кеңесі, кафедра, ҒЗИ және ғылыми лабораториялар, Білім жетілдіру институты, университеттің конкурстық-контрактылық жүйесі, студенттер білімін бақылаудың нысандары, студенттерді ауыстыру және қайта қабылдау, университет ректоратының бөлімшелері туралы ережелер, қабылдау комиссиясы, ішкі еңбек тәртібі және т.б. ережелер.

Міне, осындай қажетті нормативтік құжаттардың арқасында университет қызметінің барлық саласын заң жүзінде жөнге келтіріп отыруға және жоғары оқу орны тіршілігіндегі барлық мәселені әділ шешуге мүмкіндік ал-

дық. Мұндай нық нормативтік базаға сүйене келе, біз университеттік білім берудің, ғылымды дамытудың тұжырымдамасын және сыртқы байланыстардың бағдарламасын жасадық.

Университетіміздің тіршілігін заңдастыратын қажетті құжаттардың рухы мен әрпіне иек арта отырып, біз дүниежүзілік білім мен ғылым кеңістігіндегі нарықтық конъюнктураның беталысын тап баса алдық. Сондықтан да оқу орнымызда халықаралық байланыстар, халықаралық құқық, халықаралық экономикалық қарым-қатынастар, халықаралық журналистика, бизнес және менеджмент, бизнестегі ақпараттық жүйелер, экология, медициналық биология, туризм, жаңа шығыс тілдері және басқа да мамандықтар ашылды. Осыған орай, жаңа кафедралар мен факультеттер өмір есігін ашты. Экономика және құқық институты құрылды. Оқытушылардың білімін жетілдіру институты, Жану проблемалары ҒЗИ біздің балансымызға берілді. Ғылыми қажеттілікті ескерудің нәтижесінде алты ҒЗИ дүниеге келді. Сөйтіп, ғылым тікелей оқу процесіне қолғабыс ете бастады, ғылым мен білім берудің тығыз байланысы әсіресе жаңа баспалдақ – магистратурада айқын көрініс тапты.

ҚазМУ елімізде бірінші болып білім берудің көпсатылы құрылымына көшті. Жан-жақты, түпкілікті ойластырылып барып Ғылыми кеңесте бекітілген «Университеттік білім беру тұжырымдамасы» (1993 ж.) екі сатылы құрылымның негізгі өлшемдерін және бакалавриат пен магистратураның кәсіби білім беру бағдарламаларының мән-мазмұнын анықтауға, университеттік білім берудің бүкіл жүйесінің бірлігі мен үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттік стандарттар, оның ішінде барлық мамандық бойынша жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары жасалды. ҚазМУ-дың бұл іс-шараларының игілігін республиканың өзге университеттері де көруде.

Оқу процесін жетілдіре түсуді ұйымдастыру, студенттердің өз бетінше жұмыс істеуін жандандыра түсу, олардың күнделікті дәріске ынта-ықыласын арттыру, әркімнің қабілетін барынша көрсету үшін жағдай жасау мақсатында кезеңдік-модульдік оқыту жүйесін енгіздік. Оқу барысының сандық және сапалық сипаттарын еске алатын, оның нәтижесін болжау және мониторингілеу жүйесін ойластырып, іске қостық. Қазір студенттер білімін бақылау және бағалау рейтингілік негізде жүргізіледі. Оқыту процесіне тест процесі үдемелей енгізілуде.

Барлық факультетте осы күні қазақ бөлімдері бар. Университет кеңесінде «Тіл туралы» заңды жүзеге асырудың бағдарламасы қабылданды.

Қазіргі экономикалық алмағайып кезеңнің қиындықтарына қарамастан, біз қаражат та тауып отырмыз. Соңғы үш жылда 18 мың кітап сатып алдық, ал биыл Экономика және құқық институтына 5 млн теңге бөлінсе, университет бойынша бұл игілікті іске 14 млн теңге жұмсалды. Кейінгі жылдары жаңа жеті оқу залы, оның ішінде магистрлерге, шет тілдері әдебиетіне, журналистерге арналған оқу залдары ашылды. Жалпы, бұл күндері уни-

верситет бойынша 646 орындық 10 оқу залы және 10 абонемент жұмыс істейді. Бүгінгі таңда университетіміздің оқу залдары мен абонементінен Қазақстан, Ресей, Англия және т.б. елдерде шыққан осы заманғы оқулықтар мен ғылыми басылымдарды көре аламыз. Аталмыш салада бізге ЮСАИД және бірқатар елдердің елшіліктері қол ұшын беруде.

Ғылыми және оқыту әдебиетінің аса керектігін ескере отырып, университет аспиранттар мен оқытушыларға кітап сатып алуға ұдайы жәрдем беріп келеді. Қажетті әдебиет алуға жыл сайын оқытушыларға 14 млн теңге төлемақы, аспиранттарға 2 стипендия көлемінде материалдық көмек жасалады. Оқытушылар мен ғалымдарға аса зәру оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға барлық жағдай жасалуда, авторлар ұжымы құрылуда, оларға белгілі бір мерзімге жалақысы сақтаулы шығармашылық демалыс берілуде. Мұндай шаруа бұдан былай да жүргізіледі.

Өзіміздің баспамыздың құрылуы жарияланымдар проблемасын бірсыдырғы шешіп отыр. Жыл сайын 60-тан аса оқулық және сондай мөлшерде кітап, монография, 15-тен астам ҚазМУ хабаршысы шығарылуда.

Университетіміздің тиімді жұмыс істеуі үшін өзіміздің ғылыми базамызды дамыту көзделуде. 30-дан астам басым бағыт бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру және маңызды ғылыми мәселелерді шешу үшін 6 ҒЗИ, 6 ғылыми орталық пен технопарк ұйымдастырылды. Ғылыми ізденістермен қоса, бұлар магистрлер, ғылым кандидаттары мен докторларын дайындауға мықтап бет түзеген.

Оқу орнымызды дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының нарықтық реформалар жағдайындағы ғылыми-технологиялық саясатына арқа сүйейді. Ол ақпараттық құрылым мен халықаралық ғылыми-білім беру бағдарламасын еске ала отырып жасалған гуманитарлық және жаратылыстану ғылымының басым бағыттарының көрінісі болып табылады.

ҚазМУ-дегі (17 докторлық және 12 кандидаттық) диссертациялық кеңестер жүйесі университетіміздің ғылыми-педагогтік қуатын нығайтуға мүмкіндік туғызады. Қазір жылмажыл 15-20 қызметкеріміз докторлық, 110-115 -і кандидаттық диссертация қорғайды. Аспирантура (743 адам) мен докторантура (56 адам) едәуір кеңейіп отыр.

Ғылым мен техниканың көкейкесті мәселелері бойынша университетіміздің қанаты астында жыл сайын ондаған халықаралық және республикалық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар өткізіледі.

Білім берудің сапасын көтеру және дүниежүзілік білім беру жүйесіне шынайы кірігу мақсатын нысанаға алып, біз әлемнің алдыңғы қатарлы 27 университетімен терезесі тең тығыз әріптестік байланысты жолға қойдық. Жылына бұл университеттерге 100-ге жуық студентті (бір жыл және одан да көп) ұзақ мерзімге оқуға, әртүрлі қорлар (ТАСИС, «Фулбрайт», «Сорос» және т.б.) көмегінің нәтижесінде 40 оқытушы мен қызметкерімізді білімін толықтыруға аттандырамыз. Бізде 30-ға тарта шетелдік профессор дәріс береді, 200-ден аса шетел студенті оқиды.

МАУ, ЕААУ, Еуропа және Орталық Азия университеттері халықаралық байланыс жүйесінің мүшесі ретінде халықаралық ұйымдар шеңберінде қарым-қатынасымызды ұлғайтуға қол жетті. Бұның өзі әлемдік қоғамдастық елдерімен тығыз қарым-қатынас жасауға, дүниежүзілік білім беру процесіндегі жаңа тенденциялардан хабардар болуға, оны одан әрі ілгерілету жөніндегі мәселелерді белсенді талқылауға бірсыпыра жол ашады.

Университет ғылымын дүниежүзілік ғылыми-ақпараттық кеңістікке бірте-бірте ұластыру жөнінде де біраз шаруа тындырылды. Жыл сайынғы халықаралық қорлар мен ұйымдардың 45-50 грантын ҚазМУ қызметкерлері жеңіп алуда. Қазақстанда экология жөнінде ИНТАС қаржыландыратын 15 халықаралық жобаның алтауы (360 мың экю) ҚазМУ ғалымдарының қатысуымен іске асырылуда.

«Сорос» қорымен, ДААД, «Фулбрайт», МАГАТЕ, МНТЦ сияқты ғылымға жанашырлық танытатын халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас ойдағыдай дамып келеді. Халықаралық келісімшарттар арқасында университетіміздің материалдық-техникалық базасын едәуір бекемдеп алдық. Соңғы үш жыл ішінде халықаралық ұйым мен шетелдік университеттерден ҚазМУ 200-ден астам компьютер, 70 мың дана оқулық, бірсыпыра оқулық, телевизор, видеомагнитофондар, көшіру-көбейту және басқа да қажетті техника алды, ҚазМУ интернет жүйесіне қосылды.

Бюджеттен тыс қаржымызға өзіміз компьютерлік және кеңселік техника алу үшін 7-10 млн теңге жұмсаймыз. Оқу процесіне ЭЕМ (ЭВМ) қолдану едәуір кеңейтілді, ол жоспарлы сабақтар өткізуге ғана емес, 200-ден астам пән бойынша тест алуға жұмылдырылады. Компьютерлік технологияны басшылыққа ала отырып, университетіміздің басқару жүйесін жетілдіре түсу үшін ЕС ТЕМПУС-ТАСИС бағдарламасы шеңберінде 600 мың АҚШ долларын құрайтын «Әл-Фараби НОВА» жобасын қаржыландырудың көзі ашылды.

Университетімізде 8 оқу-лабораториялық, 4 лабораториялық корпус бар. Олардың жалпы көлемі – 105 мың шаршы метр. Оқу орнымыздың жатақханалары 96 379 шаршы метрді алып жатыр. Оқу корпустары мен жатақханаларды жөндеу жұмыстарын атқаруға әдетте тендер өткіземіз. 1997/98 оқу жылында оған 52 млн теңге жұмсалды.

Биыл Студенттер сарайының құрылысы тамамдалды. Қазір онда маңызды-маңызды мәдени-көпшілік шаралар өткізілуде.

Өтпелі кезеңнің ауыртпалығын ескере отырып, біз оқытушылар мен қызметкерлердің тұрмыс-тіршілігін жеңілдетуге қолдан келгеннің бәрін істеудеміз. Мемлекетімізге, университетімізге еңбегі сіңген ардагерлерімізді біз еш уақытта ұмытқан емеспіз. Жыл сайын мамыр айында Ардагерлер күні өткізіледі, оларға сыйлық беруге, материалдық көмек көрсетуге 2-3 млн теңге шығарылады.

Барлық оқытушы мен қызметкерлерге жыл сайын 13-ші жалақы (25,4 млн теңге) төленеді, 8 Наурыз, Наурыз мейрамы, 9 Мамырға және басқа мейрам-мерекелер қарсаңында материалдық жәрдем көрсетіледі. Қызметкерлерге берілетін жыл сайынғы материалдық қара-

жаттың көлемі – 75-80 млн теңге. Бұл, әлбетте, едәуір қаржы.

Біздің басқа оқу орындарынан тағы бір ерекшелігіміз – өз санаторий-профилакторийімізді, студенттерді сауықтыратын лагерімізді сақтап қала алдық. Мемлекет те, кәсіподақ та оларды қаржыландырудан бас тартқан еді. Әр ауысымда санаторий-профилакторийге 50 жолдама студенттерге, 25-і қызметкерлерге беріледі. Жолдаманың 20 күнге өз бағасы 6 мың теңге болса, оқытушыларға 2 мың, студенттерге 1 мың теңгеге сатылады.

ҚазМУ-дың Ыстықкөлдегі сауықтыру лагеріне жыл сайын қызметкерлерге 450-500, ал студенттерге 250-300 жолдама төмен бағамен бөлінеді. Бюджеттен тыс қаржы есебінен арнаулы тамақпен 900 адамды қамтамасыз ету проблемасы (жылына 1,5 млн теңге) шешілді, еңбекті қорғауға жылына 4,5-5 млн теңге жұмсалады.

Университетіміздің аса үлкен әлеуметтік жетістігі – жалақының көтеріңкі коэффициентін (1,75) сақтап қалу. Айтқандайын, бұл да тек бізде. Үнемделген қаржы есебінен оқытушы-профессорлар құрамына 20 проценттік қосымша төленеді, ал бұның өзі біздің оқытушылар ай сайын екі жалақыдан алады деген сөз.

ҚазМУ-ды дамытудың стратегиялық тұжырымдамасы университет өмірінде бұрын болған өзгерістер мен реформалардың қисынды жалғасы іспетті. Ол «Қазақстан – 2030» стратегиясының қағидаларына және Н.Ә.Назарбаевтың Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде 1998 ж. 5 қаңтарында сөйлеген сөзінде жоғары мектеп алдына қойған айқын міндеттерге негізделген.

Осыған орай, біздің басты міндетіміз: осы заманғы іргелі білімді, оңтайлы тәсіл мен әдісті меңгерген, өзін-өзі ұдайы жаңалыққа, ізденуге сүйреген, шығармашылық жетілуге қабілетті, әлемдік өркениеттің ұлттық және жалпыазаматтық тұтастығы арнасында адами және рухани тәрбиеленген маңызы қою мамандарды, тәлімі жоғары кәсіпқойларды дайындау. Ал осы мәселелерді тарата түссек, мынадай бағыттар бойынша жұмыстар атқаруды көздеудеміз:

1. Университеттік білім берудің бакалавр, магистр, ғылым кандидаттары мен докторларын дайындаудың өзара байланысты, үздіксіз, бірегей тізбегін құру. Магистратура, аспирантура мен докторантураны үнемі басты назарда ұстау.

2. Бітірушілердің осы күнгі шынайы функциясын ескере келе, мамандардың қазіргі моделі базасында мамандықтардың квалификациялық сипаттамаларын жетілдіру.

3. Қоғамдық өндірістің туындаған сұранысына қарай, бюджеттік немесе коммерциялық негізде жаңа мамандықтар ашу.

4. Халықаралық стандарттарды, оқытуды компьютерлендіру және ақпараттандыру жөніндегі қазіргі күнгі талаптарды ескере отырып, университеттік іргелі білім беру базасының негізінде оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұнын қайта қарау.

5. Өз тәжірибемізді, өзге жоғары оқу орындары мен басқа елдер тәжірибелерін екшей отырып, оқытудың сапасы мен деңгейін ке-

шенді болжау жүйесін жасау және жүзеге асыру.

6. Білім берудің жаңа буыны технологиясының тұтастай жүйесін жасау және жүзеге асыру.

7. Қазіргі ғылымның басым және көкейтесті бағыттары бойынша ғылыми зерттеулердің бірегей жүйесін жасау және оның нәтижесін өндіріске және оқу процесіне пәрменді енгізу.

8. Ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды дайындаудың, олардың біліктілігін көтерудің тиімділігін арттыру.

9. Барлық студентке білім беруді мемлекеттік және орыс тілінде жүргізу, студенттерді 1-2 шетел тілінде еркін сөйлесу-ұғынысу дәрежесіне дейін жеткізу.

10. Оқулықтарды, оқу құралдарын жазудың, дайындаудың, өзіміздің баспадан және басқа баспалардан жарыққа шығарудың тиімді жолдарын қарастыру.

11. Дүниежүзілік ғылыми-техникалық және ақпараттық білім беру жүйесіне орнығуды қамтамасыз ету.

12. Оқу процесі мен ғылыми зерттеулердің материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту.

13. Студенттер, оқытушылар мен қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету.

Міне, осы айтылғандардың бәрі біздің университет ұжымының алда атқарар ісінің негізгі-негізгілері, сүйекті-сүйектілері. Ал осындай тағдырлы, талассыз тағылымды өзгерістердің басы-қасында бүкіл студенттер, оқытушылар, қызметкерлер қауымымен қоса, төл газетіміз де жүрмек. Бұнымен бірге басылымның келешек ықпалды қаламгерлердің шеберлігін шыңдайтын өзгеше мектеп екенін де ұмытпаған жөн.

«Қазақ университетін» 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Өз оқырмандары, өз аудиториясы бар қадірлі газетімізге алдағы күндері де университет өмірінің тәрбиелі жаршысы бола бер деген тілек айтқым келеді.

Сәуір, 1998 ж.



Толеген КОЖАМКУЛОВ,
профессор,
почетный академик НАН РК,
ректор университета
(2001-2008 гг.)

Интеллектуальное содружество МГУ и КазНУ

Т.А.Кожамкулов окончил аспирантуру ЛФТИ им. А.Ф.Иоффе (г. Ленинград), прошел научную стажировку в институте теоретической физики и им. Ландау (г.Черниголовка), был слушателем факультета повышения квалификации МГУ им. М.В.Ломоносова.

250-летний юбилей Московского государственного университета имени М.В.Ломоносова, первого российского университета, два с половиной века сохраняющего лидирующие позиции в международном масштабе исторического значения.

От имени всего коллектива профессоров, преподавателей, докторантов и студентов Казахского национального университета имени Аль-Фараби сердечно поздравляю Московсковский государственный университет с этим знаменательным праздником!

МГУ празднует свой день рождения в январе, в Татьянин день. «Для одних этот день есть праздниквоспоминаний прошлого, лучших дней молодости с ее весельем, надеждами, идеалами; для других – это праздник сотрудничества, которое встречает его в ра-

достном сознания переживаемой молодости, в сознании товарищеской солидарности, с верою в свою молодую силу; для третьих, наконец, – это праздник чаемого будущего, грядущего торжества светлых идеалов, вынесенных из университетской среды», – так отзывался об этом дне выдающиеся русский мыслитель С.Н.Трубецкой.

День рождения Казахского национального университета также проходится на январь, и мы, как и московские коллеги, в январе вспоминаем минувшее и строим планы на будущее.

Роль обоих университетов на социально-общественном поприще очень схожи: оба являются центром научной и интеллектуальной жизни своей страны, за время своего существования, воспитывали плеяду выдающихся ученых и педагогов, крупнейших государственных и общественных деятелей, талантливейших представителей культуры.

Московский университет был и в определенной степени остается «кузницей кадров» для КазНУ. Выпускники МГУ привнесли в жизнь Казахского университета дух своей Alma mater, создали преемственность научных взглядов и образовательных традиций. Три выпускника МГУ были ректорами КазГУ: профессор А.З.Закарин, академик НАН РК Т.Б.Дарканбаев и академик НАН РК У.А.Джолдасбеков. Обмен кадрами не был односторонним. Ряд профессоров и сотрудников КазНУ работали в Московском университете. Среди них, например, академик АН КазССР, выдающийся писатель М.О.Ауэзов.

Авторитет МГУ признан во всем мире. Факультет повышение квалификации МГУ в течений несколько десятилетий обогащал преподавателей КазНУ передовым опытом, новыми образовательными технологиями, современными взглядами. Изданные совместно монографии, учебники, учебные пособия – это зримый результат творческого содружества двух университетов. Возможность контактов, обмена научным и методическим опытом – это самое пенное особенность совместно произведенных многочисленных научных и научно-методических конференций. Эстафету поколений принимают наши студенты.

21 января 2005 г.



Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ,
профессор,
ҚР ҰҒА академигі,
университет ректоры
(2008-2010 жж.)

Қара шаңырақ мерейтойы енді басталды

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы, біз 15 қаңтарда мерейтойлық жылды аштық. Сіздерді университетіміздің 75 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Білім мен ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, бүтін білім беріп, бүтін ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М.Киров атындағы университет, бүгінгі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алғаш рет ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім. Шынында, ойлы көзбен, сергек сезіммен қарасаң, киелі шаңырақтан 75 жыл ішінде небір айтулы азаматтар қанаттанған екен.

Зиялы қауымның ой-өрісі халықтың қамын бірінші кезекке шығарып отырғаны белгілі. Қазақтың мүддесін биіктен қорғаған, сауатсыздықты жоятын мектептермен ғана шектеліп қоймай, жоғары оқу орындарын ашуды мақсат етіп алға қойған Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Халел Досмұхамедов, Әлихан Бөкейхановтарды ерекше атауға тиістіміз. Олар ұлы ұрпағы өз жерінде өзгелермен терезесі тең дәрежедегі мамандық алуы тиіс деп орнымен дабыл қаққан. Сөйтіп, университеттің ашылуына күш салған.

«Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, бүгінгіге мес, ертеңіне зейін қойған сол азаматтардың тілек-талабы ескеріліп, 1933 жылдың 20 қазанында КСРО халық комиссарлары кеңесі «Қазақстан үшін кадрлар дайындау туралы» деген арнайы қаулы қабылдады. Сол құжат негізінде Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін құру туралы шешім шығады. 1934 жылдың 15 қаңтары Қазақ мемлекеттік университетінің ашылған күні болып белгіленіп, алғашқы директорлыққа Федор Трофимович Оликов тағайындалды. Физика-математика, биология факультеттерінде сабақ басталды. Елдік істі елге жеткізетін Қазақ журналистика институтын университетке қосып, 1941 жылы жаңа гуманитарлық-журналистика факультеті құрылған екен. Содан бері де 70 жылдай уақыт өтті. Отызыншы, қырқыншы жылдардағы қилы кезендер бұл оқу орнын да айналып өтпепті. Біз сол ауыр кездегі болаттай берік топтасқан азаматтарға, әсіресе ұстаздарға қарыздармыз. Олар аштықты, қуғын-сүргінді басынан өткере жүріп, өздерінен кейінгілерге даңғыл жол ашты. Халқына еткен қызметтерін теріске шығарған 1937 жылғы зобалаң талай арыстарды құрбандыққа байлады.

Университеттің қиын-қыстау уақытына ой жіберсең, біраз тарихи оқиғаларға куә боласың. 1946/47 оқу жылы оқытушы-профессорлар құрамы 147 адамға жеткен. 1949 жылы философия және экономика факультеттері ашылды. 1948-53 жылдары филология факультеті логика және психология бөлімі негізінде құрылыпты. Әр жыл жылжыған сайын университеттің материалдық-техникалық базасы нығая түседі. Жоғары білім алуға талпынған жастарға жағдай жасау мақсатында 1959-65 жылдары ғимараттар кешені, жатақханалар, оқытушыларға арналған екі тұрғын үй салу қарастырылады.

Ұлттық университетке 1970 жылы ғалым, қазақ ақыл-ойының көрнекті өкілі, академик Өмірбек Жолдасбеков ректор болып келді. Оның беделінің, қуаты мен табандылығының арқасында университет қалашығының құрылысына қосымша қаржы бөлінеді.

Әл-Фараби университетінің тағы бір елеулі кезеңі XX ғасырдың 80-90 жылдары мен үшінші мыңжылдықтың басына сәйкес келеді. Әйгілі Желтоқсан көтерілісі ұйқыдағы санаға от болып түсіп, күрделі уақыттың түйінін шешіп, елдің егемендікке ұмтылуына, тәуелсіз мемлекеттің іргетасын нық қалауына жол сілтеді. Сын сағаттар туып, ел тағдыры, ұлт келешегі таразы басына түсті. Туымызды көтеріп, тәуелсіздігімізді жариялап, еңсемізді тіктегеннен кейін еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2030» стратегиясын жариялады.

Иә, тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы күннен бастап-ақ Мемлекет басшысының саяси бағытының шешуші қағидаларының бірі адам қорын дамыту және сақтау болды. 1992 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» тұңғыш заңы қабылданды, ал 2000 жылы Қазақстан Республикаасы Президентінің «Білім беру мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлығы шықты. Сондай-ақ 1992 жылдың қаңтар айында «Қа-

зақстан Республикасындағы мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат және ғылым туралы» заңы қабылданды, ал 1993 жылы Қазақстан Президентінің «Республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту және ғылымды ұйымдастыруды жетілдіру бойынша іс-шаралар туралы» жарлығы шықты. Аталған заңдар ғылым мен білімнің дамуы үшін түбегейлі жаңа өзгерістер әкелді.

Осы кезеңдегі университет дамуының аса маңызды белесі – жаңа жол таңдау болды. Мұндағы басты фактор Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуы болып табылды әрі сол жолдағы таңдау біреу ғана еді – біртіндеп әлемдік білім беру жүйесіне ену маңызды оқиғалардың бірі болды, өйткені мәртебелі сыйлық еліміздің жоғары білім беру жүйесін дамыту мен мамандарды даярлауға қосқан үлесіне берілген жоғары баға еді. Ұлттық жоғары оқу орындарының ректорларын ел Президентінің тағайындауына байланысты оның мәртебесі түбегейлі өзгерді, ерекше жауапкершілік жүктелді. Университет мәртебесі де елеулі өзгерістерге ұшырады. 1991 жылдан бастап университетке ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді. 1993 жылы Президент жарлығымен дербес, өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесін иеленіп, Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті болып аталды. Сол кезде жаңа ғылыми-инновациялық инфрақұрылымдарды жасау мен мамандарды даярлаудың халықаралық талаптарын енгізуге байланысты алғашқы қадамдар жасалды, мамандар даярлаудың екі сатылы – «бакалавриат – магистратура» жүйесі енгізілді, университет құрамында ҒЗИ жүйесі мен технологиялық парк құрылды.

2003 жылдың 16 қыркүйегінде Болонья (Италия) қаласында Қазақ ұлттық университеті Университеттердің ұлы хартиясына қол қойды. Сөйтіп, университет Қазақстан жоғары оқу орындары мен Орта Азия мемлекеттері арасынан бірінші болып еуропалық білім беру кеңістігіне енді.

Сол секілді 2006 жылы тәуелсіз мемлекет тарихында тұңғыш рет Президенттің сапа саласындағы жетістіктері үшін сыйлығының лауреаты атанды. Бұл ҚазҰУ өміріндегі аса маңызды оқиғалардың бірі болды, өйткені мәртебелі сыйлық еліміздің жоғары білім беру жүйесін дамыту мен мамандарды даярлауға қосқан үлесіне берілген жоғары баға еді.

Ұлттық жоғары оқу орындарының ректорларын ел Президентінің тағайындауына байланысты оның мәртебесі түбегейлі өзгерді, ерекше жауапкершілік жүктелді. Мұны ұлттық жоғары мектептің пәрменінің артуы, әлемдік деңгейдегі салмағының нығаюы деп білеміз.

1998 жылы ҚазҰУ жастарымен болған кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев білім орны элиталық университетке айналуы қажет деген пікір білдірген еді. Бұл қазір күн санап өз шешімін тауып келеді. Өткен жылдың мамыр айында болған Ғылыми кеңесте оқу орны басшысы ұсынған 2009-2011 жылдарға арналған университеттің жаңа даму стратегиясы қабылданды. Ол үш басты бағыттан тұрады. Оның біріншісі – менеджменттің барлық деңгейін түбегейлі жетілдіру, екіншісі – мамандарды халықаралық талаптарға сай

даярлау, үшіншісі – ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды жетілдіру. Әл-Фараби университеті аталған стратегиясын біртіндеп жүзеге асыра бастады. Өткен жылы әлемдік тәжірибеде орныққан ИНТРАНЕТ компьютерлік-коммуникациялық желісіне негізделген оқытудың кредиттік жүйесін сөз жүзінде емес, іс үстінде дәйектеп шықтық. Жүйенің басты жетістігі – оқу үдерісін басқаруды автоматтандыру ісімен қоса, студенттердің білім алуға деген ынтасын арттырып, қызығушылығын туғызу. Бүгінде әрбір студент өзін болашақ маман ретінде танытуға талпынады. Өйткені ол бұрынғыдай оқытушыға арқа сүйеп отыра бермейді, даярлық бағдарламасының таңдамалы бөлігін өзі құрастырады. Аталған технологияның аса маңызды қыры қандай дегенге келер болсақ, әрбір студентпен оқытушының атқарған жұмысын күнделікті бақылауға мүмкіндіктің болатыны.

Өткен жыл университет үшін барлық жағынан серпіліс жылы болды. Тұңғыш PhD философия докторлары бітірді. Осылайша ҚазҰУ ТМД елдерінің арасынан бірінші болып халықаралық стандартқа сай кадрларды даярлаудың үш сатылы деңгейін игерді. 2008 жылдың қараша айында университет француздық «Bureau Veritas certification» сертификация органының аккредитациясынан табысты өтсе, білім ордасы қазақстандық жоғары оқу орындарының бас рейтингінде тағы да бірінші орынды иеленді.

Біздің мақтанышымыз – адам, адам капиталы. Бүгінгі таңда университетте екі мыңнан аса білікті оқытушы жұмыс істейді, олардың ішінде мыңнан аса академик пен елу шақты философия докторлары бар. Басты міндет-мақсатымыз – бәсекеге қабілетті, әлемдік талапқа жауап бере алатын маман даярлау. Осы істі ілгерілете отырып, көшбасшылық дәрежені биіктен көрсетіп, университет дипломының әлемдік деңгейде мойындалуын қамтамасыз ету басты бағытымыз болып отыр. Біз түлектерімізге шетелдердегі алдыңғы қатарлы оқу орындарымен келісім жасай отырып, екі диплом беру мүмкіндіктерін қарастырудамыз. Шетелдік оқу орындарына сүйене бермей, өзімізде қалыптастыру ниетімен профессорларымыз әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарында машықтанудан өтуде. Әсіресе студенттердің өзін-өзі басқаруы ерекше назарда. Бұл Университеттердің ұлы хартиясының негізгі талаптарының бірі болып табылады. Әл-Фараби университетінде білім алып жатқан 18 мың студент, магистрант пен докторант бар десек, соның 700-ден астамы шетелдік талапкерлер. Бұлар болашақта мықты маман болумен қатар, ұлттың элитасы болады деген сенімдемін.

Елбасымыздың «ҚазҰУ – бұл Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің іргетасы» деуі тегін болмаса керек. Қазақ ұлттық университетінің бұрынғы және қазіргі оқытушылары мен түлектерін, қызметкерлерін, студенттерін өз alma materінің мерейтойымен құттықтаймын және Отанымыздың дамуы мен өркендеуі жолында әрі қарай жетістіктерге жетуіне тілектеспін!

28 қаңтар 2009 жыл



Галымкаир МУТАНОВ,
профессор, академик,
ректор университета
(2010-2021 гг.)

Форпост образования и науки нового Казахстана

15 января 2014 года ведущему вузу страны — Казахскому национальному университету имени Аль-Фараби исполнилось 80 лет со дня его основания. За этот период КазНУ внес большой вклад в становление и развитие экономики, культуры, науки и образования Казахстана и стал оплотом высшей школы нашей страны, крупнейшей кузницей кадров во всем Центрально Азиатском регионе. Высокое качество образования, международное признание, активная научно-исследовательская деятельность, инновации, сильнейший профессорско-преподавательский состав и одаренные выпускники — вот то, чем по праву может сегодня гордиться КазНУ.

История университета – это история нашей страны. Все эти годы развитие флагмана отечественной высшей школы было неразрывно связано с важными вехами казахстанской государственности, масштабными свершениями и преобразованиями. В начале тяжелейших 30-х годов XX века, когда остро стояла проблема подготовки национальных кадров для народного хозяйства Казахстана, Совнарком СССР принял реше-

ние об организации в городе Алма-Ата Казахского Государственного университета – КазГУ. В 1934 году, 15 января был подписан приказ о профессорско-преподавательском составе и о зачислении первых 54 студентов на два факультета – физико-математический и биологический. До конца 30-х годов были открыты еще три факультета – химический, иностранных языков и филологический, организовано подготовительное отделение для казахской молодежи. В эти непростые годы во главе университета стоял его первый директор – Федот Трофимович Оликов, проявивший себя как талантливый организатор высшей школы.

В годы Великой Отечественной войны университету пришло перейти на сокращенные программы, готовить специалистов прежде всего, для фронта – медицинских сестер, врачей, радистов-операторов, рентгенологов, переводчиков и других. Многие из ушедших на фронт преподавателей и студентов не вернулись с полей сражений. За мужество и отвагу воспитанники и сотрудники университета были награждены орденами и медалями, а выпускник Александр Попов удостоен звания Героя Советского Союза. В военные годы в КазГУ были передислоцированы лучшие научно-исследовательские институты и лаборатории России, Украины, Белоруссии, академики и доктора наук, возглавляющие ведущие научные школы. Расширился диапазон исследований, например, на химическом факультете была сформирована научная школа военной химии, которая стала центром консультаций многих технических учреждений и воинских частей. Также в этот сложный период формировались казахстанские научные школы астрономии, физики, истории, языкознания.

После окончания войны расширилось число факультетов, увеличился набор в аспирантуру, были построены новые корпуса, организованы биостанция, биологический музей. КазГУ стал ведущим центром подготовки квалифицированных кадров для всех отраслей экономики и общественно-политической жизни республики. Передовые кафедры КазГУ возглавляли доктора наук, профессора Абикен Бектуров, Смет Кенесбаев, Сергей Покровский, Константин Персидский, и другие. Лекции читали светила казахстанской науки – академики Мухтар Ауэзов и Каныш Сатпаев. Конечно же, огромную роль в развитии университета сыграли его ректоры – государственные и общественные деятели, выдающиеся ученые Иван Лукьянец, Толеген Тажибаев, Аскар Закарин и Темирбай Дарканбаев. Их имена золотыми буквами навсегда вписаны в летопись КазНУ.

В I960-1980-е годы XX века университет решал новые задачи, связанные с созданием современной и хорошо оснащенной учебно-методической, научно-исследовательской и социальной инфраструктуры вуза, укреплением его связей с международной образовательной системой. КазГУ стал готовить кадры не только для республики, но и зарубежных стран. Ученые университета проводят теоретические и экспериментальные исследо-

вания по таким узловым научным и народнохозяйственным задачам, как разработка актуальных проблем продовольственной программы страны, охрана окружающей среды и рациональное использование природных ресурсов, создание вычислительной техники и др. За всей этой сложной и многогранной работой, позволившей КазГУ оставаться флагманом образования и науки, стояли усилия профессорско-преподавательского состава, а также организаторский талант ректоров, возглавлявших в эти годы университет, – Аскара Закарина, Умирбека Джолдасбекова, Едила Ергожина.

Справедливо будет отметить, что период руководства известного ученого и незаурядного руководителя У.Джолдасбекова было осуществлено строительство первой очереди уникального учебно-научного и жилого комплекса «КазГУград», который сегодня не уступает по масштабам кампусам ведущих университетов мира.

На рубеже 80-90-х годов грянули коренные исторические преобразования. Это было время сложных политических и социально-экономических процессов, которые в итоге привели к обретению Казахстаном суверенитета. Созданию новой государственности, современной экономики университету и социальной предстояло сферы, открыть совершенно новую страницу истории, обрести новое имя, по-прежнему, но в иных условиях оставаясь флагманом высшего образования, – теперь уже независимой, суверенной Республики Казахстан. Главным фактором здесь являлось становление Казахстана как равноправного члена мирового сообщества, и в этих условиях выбор мог быть только одним – последовательное продвижение в мировую образовательную систему, переход на международные стандарты подготовки специалистов. С 1991 года КазНУ стал носить имя великого мыслителя Абу Насра ибн аль-Фараби. В 1993 году университет обрел статус автономного государственного вуза, а затем Указом Президента РК КазНУ первым из вузов Казахстана получил особый статус национального университета. Были сделаны первые шаги по внедрению международных требований подготовки кадров и инновационной созданию новой научно-инновационной инфраструктуры – переход к двухступенчатой системе подготовки «бакалавриат-магистратура» и создание в составе университета сети НИИ и технологического парка. Необходимо отдать должное ректорам вуза – видным отечественным деятелям образования и науки Меирхану Абдильдину и Купжасару Нарибаеву, внесшим огромный вклад в развитие университета.

В сентябре 2003 года в городе Болонья (Италия) КазНУ подписал Великую хартию университетов и тем самым первым среди вузов Казахстана и государств Центральной Азии вошел в европейское образовательное пространство. В 2006 году КазНУ стал первым в истории государства вузом – лауреатом премии Президента Республики Казахстан за достижения в области качества. Это высочайшая оценка вклада в подготовку

кадров и развитие всей системы высшего образования страны. Продолжилось условия расширение масштабов деятельности научных школ и направлений, проведена международная сертификация ряда программ естественнонаучных специальностей, впервые в истории высшего образования Казахстана КазНУ вошел в мировые рейтинги. При огромной поддержке Главы государства было начато строительство второй очереди КазГУ-града, сданы в эксплуатацию новые учебные корпуса. В реализации этих мер неоценим вклад академиков Толегена Кожамкулова и Бакытжана Жумагулова, возглавлявших университет в тот период. Выступая в КазНУ с актовой лекцией в октябре 2009 года, Нурсултан Абишевич назвал наш университет «форпостом образования и науки нового Казахстана». В этом заслуга всех поколений ректоров и профессорско-преподавательского состава вуза. приложивших немалые усилия к решению тех задач, которые ставило время, а также выпускников, прославивших альма-матер созидательным трудом.

Современный этап развития КазНУ связан с принципиально новыми задачами, поставленными Президентом РК - Лидером нации в Стратегическом плане развития Казахстана до 2020 года и Стратегии «Казахстан-2050». Как отметил Глава государства, подготовка квалифицированных кадров должна быть связана с инновационно-индустриальным развитием страны. Качество высшего образования должно отвечать самым высоким международным требованиям, а вузы страны должны стремиться войти в рейтинги ведущих университетов мира. Как ведущий вуз страны КазНУ включился в решение поставленной Президентом задачи новой и приступил к реализации масштабной программы по трансформации из классического университета из в классического современный исследовательский университет мирового уровня.

В 2011 году была проведена комплексная структурная модернизация вуза, на основе кластерного подхода были сформированы факультеты и укрупнены кафедры. Активно внедряется система управления, ориентированного на результат, создаются необходимые для развития науки, инноваций и образования, укрепляется материальная база. КазНУ им. Аль-Фараби стал базой для создания и внедрения экспериментальных образовательных программ, соответствующих высоким международным стандартам и сопоставимых с учебно-образовательными программами ведущих вузов мира. Процесс подготовки специалистов стал строиться на основе компетентностного подхода, междисциплинарного и проблемно-ориентированного обучения.

Приближение к требованиям, принятым в мировой образовательной системе, позволило получить образовательным программам международную аккредитацию ведущих зарубежных агентств AQUIN и ASIN. Важным шагом к международному признанию стала реализация двудипломных программ образования. В настоящее время диплом КазНУ

по целому ряду специальностей приравнен дипломам таких престижных вузов как Лотарингии, Страсбургская школа менеджмента, Валенсийский политехнический, Ланьчжоуский, и другие зарубежные университеты.

КазНУ, как и современные мировые исследовательские университеты, следует важному, принципу Вильгельм фон Гумбольдта: «Обучая – исследуй, исследуя – обучай». Здесь функционирует, не имеющая аналогов в других вузах страны, уникальная научно-инновационная инфраструктура. Создан мощнейший научно-технологический парк, функционируют более 30 научно-исследовательских институтов и центров, которые выполняют львиную долю научно-исследовательских проектов, существляющихся в РК.

По оценкам экспертов высшего ранга Европейского союза и результатам международной экспертизы, КазНУ является бесспорным лидером среди вузов Казахстана по научно-технологическому и инновационному потенциалу. За последние два года объем финансирования научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок в КазНУ вырос в 3,8 раза и сегодня составляет 4,5 млрд тенге. Индекс цитирования ученых вышел на европейские показатели: импакт-фактор свыше 20 – уже не редкость. Об особом международном признании научного потенциала университета свидетельствует создание в КазНУ учебно-научных центров и лабораторий компаний всемирно «Hewlett-Packard», известных «Cisco», «Копка minolta», «Microsoft». Открытие центров и лабораторий подобного рода придаст мощный импульс дальнейшему внедрению новейших в учебные программы технологий обучения. кооперации науки и бизнеса на мировом уровне.

Разработана интегративная система учебно-исследовательской и научно-исследовательской работы студентов, темы выпускных и магистерских работ синхронизированы с конкретными темами и проектами научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок. Мощным стимулом для активизации научной работы студентов является выделение 10 процентов от суммы грантовых средств на поддержку студенческой науки. Все нацелено на то, чтобы выпускники выходя дипломированными специалистами не искали работу, а сами становились создателями новых рабочих мест путем открытия малых инновационных предприятий.

Предметом особой гордости КазНУ служит высокая оценка работодателями профессиональной компотентности выпускников. Их востребованность и успешность являются ключевыми показателями деятельности университета. Выпускники КазНУ играют ведущую роль на производстве, в науке, бизнесе и других сферах деятельности. Многие из них вовлечены в работу Ассоциации выпускников, которая сегодня на основе принципа принимает социального участие в партнерства развитии университета.

Глобализация и открытость миру активно вовлекают нас в процессы международной интеграции. КазНУ им. Аль-Фараби все боль-

ше ценят и узнают в мире. О высоком международном признании свидетельствует тот факт, что КазНУ единственный в Центральной Азии включен в состав Международной ассоциации вузов и единственный из вузов Казахстана принят в глобальную программу ООН «Академическое влияние». КазНУ стал единственным из вузов стран СНГ, который в 2012 году открыл секцию на Глобальном саммите ООН по устойчивому развитию «Рио-Е20» в поддержку энергоэкологической стратегии и инициативы «Зеленый мост» Президента РК Нурсултана Назарбаева.

В целях создания университета новой формации в КазНУ в этом году дан старт уникальному научно-инновационному проекту «Al-Farabi university smart city». В основе новой модели лежит учение великого мыслителя аль-Фараби о идеальном городе. В своих трактатах аль-Фараби попытался представить справедливое и гуманное общество, которое назвал добродетельным городом. Важнейшим его признаком выступает опора на универсальные духовные ценности и сотрудничество в достижении наилучшей жизни. Отсюда параллель с современностью: в XXI веке состояние среды университетских городов определяется не только наличием инфраструктуры, финансовыми и материальными ресурсами. Современные университеты должны обладать высоким уровнем духовности и нравственного развития. Проект «Al-Farabi university smart city» предполагает создание университета нового поколения, где на основе синергизма технологических и духовно-нравственных концептов будут продемонстрированы современные подходы к решению научных, образовательных и социальных проблем. Smart-университеты – это основа Smart городов нашей страны, которые в итоге создадут Smart-Казахстан. К 2020 году как минимум два вуза страны должны войти в топ-рейтинги лучших университетов мира. Проект «Al-Farabi university smart city» является методологической основой для реализации этой важной государственной задачи, поставленной Президентом страны.

Юбилейный год ознаменован для нашего университета важным событием мирового уровня. В мае этого года на базе КазНУ состоится III форум ректоров университетов Азии. Это является показателем высокого международного авторитета, эффективности менеджмента и правильности стратегического курса развития университета. Проведение данного форума, также, как Евразийского форума по высшему образованию и других юбилейных мероприятий, станет новым витком в поступательном развитии университета, мощным импульсом к достижению новых вершин. Коллектив КазНУ им. Аль-Фараби приложит все усилия для выполнения новых задач, поставленных внесет свой «Стратегией-2050» и вклад в осуществление планов по вхождению Казахстана в число 30-ти самых развитых стран мира.

«Қазақ университеті»
15 января 2014 г.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Тарих көшіндегі 90 жыл

Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 90 жылдық белесіне қадам басты. Тарихы XX ғасырдың бірінші жартысынан бастау алатын қара шаңырақ қазіргі таңда қазақстандық жоғары оқу орындары арасында көш бастап келеді. Ірі ғылыми жетістіктері, заманауи білім бағдарламалары, ұлттық кадр даярлаудағы жаңашылдығымен ерекшеленіп, әлемдегі озық университеттердің қатарына қосылды.

Өткен кезеңге көз жіберсек, Қазақ мемлекеттік университетінің жасақталуына 1933 жылдың 20 қазанындағы КСРО Халық комиссарлары кеңесінің шешімі негіз болды. 1934 жылы 15 қаңтарда алғаш 54 студент қабылданып, олар физика-математика және биология факультеттерінде білім алды.

Білім мекемесі бірте-бірте ауқымын кеңейтіп, соғыс басталғанға дейін білім бағдарламаларын 14 мамандыққа жеткізді. 1945 жылдан бастап университет қайта қанат жайып, жаңа факультеттер қатары көбейе бастайды. Білім ордасын әр жылдары Иван Лукьянец, Төлеген Тәжібаев, Асқар Закарин және Темірбай Дарқанбаевтар басқарып, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сынды қазақтың көрнекті тұлғалары дәріс оқығанын мақтанышпен еске аламыз.

Қазіргі ҚазҰУ қалашығының бой көтеріп, қалыптасуына басшылық жасаған халқымыздың қайраткер тұлғасы Дінмұхамед Қонаев екені баршаға аян. 1966 жылы 17 маусымда ҚазМУ қалашығын құру, жаңа оқу ғимараттарын салу бойынша арнайы қаулыға қол қояды. Мұндағы мақсат республикадағы университеттік білімді жетілдіру, Қазақ мемлекеттік университетінің оқу-материалдық базасын жақсарту болатын. Осы қаулы негізінде 1966 жылдың 6 тамызында Қазақ КСР Министрлер кеңесі ҚазҰУ қалашығы құрылысына арнайы жер бөлу жөнінде шешім қабылдайды.

Ал 1971 жылдың сәуірінде мемлекеттік университеттің бас ғимаратының іргетасын қалау салтанаты өтіп, 1972 жылдың 24 шілдесінде Қазақ КСР Министрлер кеңесі ҚазМУ кешені құрылысының бірінші кезегін бастау жөнінде кезекті қаулы шығарады. ҚазҰУ қалашығын салуда профессор Асқар Закарин, академик Өмірбек Жолдасбековтің еңбегі зор.

Ал тәуелсіздік кезеңінде академик Көпжасар Нәрібаевтың басқаруымен университет дамудың жаңа сатысына көтерілді. 1991 жылдың 23 қазанында білім орнына ғұлама ғалым әл-Фараби есімі, 1993 жылдың 9 қаңтарында «мемлекеттік ұлттық жоғары оқу орны» мәртебесі берілді. 2004 жылдың 8 қыркүйегінде университеттің 70 жылдық мерейтойы аясында академик Төлеген Қожамқұловтың мұрындық болуымен «Әл-Фараби» ғылыми кітапханасының іргетасы қаланды. 2007 жылы қоладан құйылған әл-Фараби ескерткіші орнатылды.

2007-2010 жылдары мемлекет қолдауымен жаңа оқу ғимараттары салынып, пайдалануға берілді. Бұл уақытта жаңашыл ректор ретінде Бақытжан Жұмағұлов ҚазҰУ қалашығын жаңа белеске көтеріп, көркейтуге зор үлес қосты.

АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕДЕЛ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖАҚСАРДЫ

Бүгінде университет ұжымы ұлы тұлғаларымыз бастаған игі істерді жаңа бағытта жалғастырып келеді. Халықаралық QS рейтингінде 230-орында, Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында ғана емес, Орталық Азия мен ТМД елдерінде өзінің көшбасшылық позициясын орнықтырды. QS Asia University

Rankings бойынша Азиядағы үздік алғашқы 30 жоғары оқу орнының қатарында. 2022 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №516 қаулысымен қара шаңыраққа «зерттеу университеті» мәртебесі берілді.

Қазіргі таңда 16 факультетте 25 мың студентке 554 білім бағдарламасы бойынша дәріс берілуде.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың жоғары сапасы мен тиімділігін жүзеге асыратын 3354 оқытушы-профессор табысты еңбек етуде. Оның ішінде ҚР ҰҒА 11 академигі, ҚР Жоғары мектебінің 3 академигі, ҚР Жоғары мектебі Ғылым академиясының 8 академигі, 7 ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі бар. Сондай-ақ 603 доктор, 736 ғылым кандидаты, 512 PhD жұмыс істейді.

Оқу орны 2022 жылы «зерттеу университеті» мәртебесін алғаннан кейін академиялық саясатына тиісті өзгертулер енгізді. Ғылыми қызмет нәтижелерін оқу үдерісіне интеграциялау, білім беру сапасын арттыру, инклюзивті білім беруді жетілдіру және жасанды интеллектіні пайдалануға ден қойылды. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми қызмет пен білім беру үдерісі басты бағдарға алынды.

25 126 білім алушының 20 499-ы бакалавриатта (12 776-сы грант); 3404-і магистратурада – (2913-і грант); 1223-і докторантурада – (грант –1048) оқиды.

Білім беру бағдарламаларын халықаралық деңгейге көтеру бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асырумен байланысты. Қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны – 67, оның 60-ы магистратура деңгейінде. Оның ішінде Кадис университеті (Испания), Лотарингия университеті (Франция), Ла Сапиенца Рим университеті (Италия), Ұлттық ядролық зерттеу университеті – Мәскеу физика-техникалық институты, М.Ломоносов атындағы ММУ, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті сияқты жетекші жоғары оқу орындары бар.

Лилль университеті (Франция), Корунья университеті (Испания), Ташкент мемлекеттік университеті, сондай-ақ С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ және Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы сияқты іргелі оқу орындарымен төрт бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленіп, іске асырылуда.

Университетте ағылшын тілінде 105 білім беру бағдарламасы бар. Бұл білім ордасын интернационалдандырудың жоғары деңгейін айғақтайды. Академиялық саясатты іске асыруда жасанды интеллектіні пайдалану қарқынды жолға қойылмақ. Бұл желілер мәтінді, кескінді, бейнені және мультимедиалық ақпаратты қоса алғанда, сан алуан мазмұн түрлерін жасауға қабілетті. Осы арқылы студенттер мен оқытушыларға білім берудің тың әдістері мен шығармашылық тәсілдерін әзірлеуге және зерттеуде жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Мысалы, студенттер GenAI көмегімен оқу материалдарын, интерактивті оқыту қолданбаларын және мультимедиалық презентацияларды жасай алады. Оқытушылар уақыты мен күш-қуатын үнемдей отырып, оқу тапсырмаларын құру және бағалау үдерістерін автоматтандырады.

Университетте күрделі цифрлық білім беру ресурстарының санын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Оларды университет академиялық және цифрлық инновациялар кеңсесі басшылығымен, оқытушылар күшімен дербес әзірлейді. Цифрлық білім беру ресурстары, MOOC және SPOC оқу үдерісінде белсенді қолданылады. Бұл оның сапасы мен ресурстарды үнемдеуді жақсартады.

2023-2024 оқу жылына 10 719 талапкер қабылданды. Бұл университет тарихындағы үлкен көрсеткіш. Білім алушылар саны өткен жылмен салыстырғанда 3000 студентке арты.

Университет қызметіндегі басымдықтардың бірі – түлектерді сапалы жұмысқа орналастыру. Барлық білім беру бағдарламалары тәжірибеге негізделген. Әр оқу курсында университет студенттері кәсіби тағылымдамадан өтеді. Қазіргі уақытта тәжірибелер базасында 1500-ден астам ұйымдар мен кәсіпорындар бар. Еңбек нарығында сұранысты арттыру мақсатында ірі және табысты компаниялармен жоспарлы кездесулер мен дәрістер өтеді. Сондай-ақ әр семестрде бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылады. HeadHunter.kz. аналогтары болып табылатын Beam.kz және Jasalmaty.kz сияқты онлайн платформалармен белсенді ынтымақтастық орнатылған. Түлектеріміздің бірінші жылы жұмысқа орналасудағы орташа көрсеткіші – 82 пайыз.

Университеттің академиялық қызметіндегі жетістіктер оқытушы-профессорлық құрамның жоғары әлеуетіне байланысты. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2023» республикалық байқауында ҚазҰУ-дың 32 оқытушысы жеңімпаз атанды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР КЕҢЕЙДІ

Оқу орнының халықаралық қызметі де университет дамуында стратегиялық маңызға ие. ҚазҰУ мемлекетаралық диалог, мәдени алмасу және ғылыми ынтымақтастық алаңы ретінде жаһандық проблемаларды шешуге ықпал етеді. Университет қызметін интернационалдандыру еліміздің экономикалық әлеуетін арттыруға, жаңа индустриялар мен нарықтардың дамуына, ғылым, технология және инновация саласында сыртқы байланыстарды жандандыруға мүмкіндік береді.

Мемлекетаралық байланыстар арқылы университетте ғалымдар мен оқытушы кадрлармен алмасу, халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларды игеру жүйелі жолға қойылған. Сонымен қатар бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, академиялық ұтқырлықты дамыту бағыттары да жаңа сапалық деңгейге көтерілді.

ҚазҰУ Батыс және Шығыс Еуропа, Солтүстік Америка, Азия және Тынық мұхиты аймағындағы 650-ден астам жоғары оқу орындарымен және ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста. Оның 80-нен астамы өткен жылдың үлесінде. Бұл ретте негізгі басымдық ғылыми

зерттеулерге бағытталған жоғары дәрежелі университеттерге берілген.

Сондай-ақ ҚазҰУ әлемнің жетекші университеттерімен және ғылыми ұйымдарымен ынтымақтастық аясын кеңейте бермек. Қазірдің өзінде университеттің халықаралық ынтымақтастық географиясы 55 мемлекетті қамтиды. Бұл қатарда Түркия, Ресей, Қырғызстан, Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония, Польша, Франция, Өзбекстан, АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Италия, Венгрия, Үндістан және тағы басқа елдер бар. Қол қойылған келісімдер бірлескен жобаларды, студенттер мен оқытушылар алмасуды және семинарлар мен конференциялар өткізуді көздейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің интернационалдандыруға деген ұмтылысы оның алуан түрлі және көп мәдениетті қоғамдастығынан айқын көрінеді. Ол халықаралық алмасу бағдарламалары, бірлескен ғылыми жобалар және академиялық конференциялар үшін мүмкіндіктер бере отырып, дүние жүзіндегі беделді оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен белсенді жұмыс істейді.

2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жыл сайын «Болашақ» бағдарламасы аясында 500 қазақстандық ғалым әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтеді.

2023 жылы 405 оқытушы-профессор мен қызметкерлер университетаралық келісімдер мен халықаралық білім беру бағдарламалары аясында ТМД, Еуразия, Таяу Шығыс елдерінде біліктілігін арттырып, тағылымдамадан өтті.

Білім ордасында 120 мамандық бойынша Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламасы жүзеге асырылады. Университет оқудың барлық деңгейінде академиялық ұтқырлықты жаңа бағытта дамытуға мүдделі. Студенттер, магистранттар және докоранттарға республикалық бюджет есебінен де, шетел қаражаты мен шәкіртақы есебінен де шетелдің жоғары оқу орындарында оқып, тәжірибе жинақтап, ғылыми тағылымдамадан өту жолдары қарастырылған. Студенттеріміз Еуропаның жоғары оқу орындарымен қатар, Түркия, Ресей, Оңтүстік Корея т.б. университеттерде білімін жетілдіруде. 2023 жылы 451 бакалавр мен магистрант шетел университеттерінде оқып, біліктілік арттырды. 325 PhD докторант Еуропада (Ұлыбритания, Австрия, Германия, Франция, Испания), Солтүстік Америкада (АҚШ), Азия (ҚХР, Корея, Жапония) және Түркия мемлекеттерінде шетелдік жетекшілермен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, әлемнің озық университеттерінде тәжірибе алмасты.

Өткен жылы ҚазҰУ-дың 200-ден астам студенті халықаралық қорлардың, ұйымдардың және мемлекеттік бағдарламалардың гранттары мен шәкіртақыларына ие болды.

Соңғы жылдары университетке академиялық ұтқырлық және тағылымдама бағдарламалары бойынша АҚШ, Жапония, Германия, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Қытай, Түр-

кия, Нидерланды, Бельгия, Қырғызстан, Словакия елдерінен 250-ге жуық шетелдік студенттер келді.

Американдық халықаралық білім беру кеңестерімен (АҚШ) келісім аясында филология және халықаралық қатынастар факультеттерінде орыс тілін оқып жатқан 125 АҚШ азаматы қабылданды. Бүгінде ҚазҰУ-да әлемнің 54 елінен 3928 шетелдік студент білім алуда.

Халықаралық ынтымақтастықтың қазіргі бағыттарының бірі – оқу орны базасында беделді шетелдік университеттердің филиалдарын құру. Бұл жұмыстарды іске асыруда да ҚазҰУ нақты нәтижелерге қол жеткізді.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркия мен Қырғызстанға ресми сапары аясында Ыстамбұл, Бішкек қалаларында ҚазҰУ филиалдары ашылды. Бішкек филиалында төрт елден (Қырғызстан, Қазақстан, Түркия, Ресей) 329 студент білім алуда. Оқыту бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша бөлінген. Құқық, ақпараттық технологиялар, биология және биотехнология, шетел филологиясы, экономика және бизнес жоғары мектебі, философия және саясаттану, халықаралық қатынастар мамандықтары жоғары сұранысқа ие.

2022 жылы университет базасында Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы жұмыс істеуге кірісті. 62 бакалавр және 19 магистрант ядролық физика және технология («Элементарлық бөлшектер физикасы және космофизика»), информатика және компьютерлік технологиялар («Қауіпсіз жоғары өнімді есептеу жүйелері»), информатика және компьютерлік технологиялар («Қауіпсіз жоғары өнімді есептеу жүйелері мен технологиялары») бағыттарында оқытылуда.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы мамыр айында Қытайға мемлекеттік сапары барысында ҚазҰУ базасында Қытай Халық Республикасының Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу туралы келісімге қол қойылды. 12 қазанда салтанатты ашылу рәсімі өтіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы зертханалық сыныптар жұмыс істей бастады. Филиал электроника және коммуникациялық технологиялар, материалтану және инженерия, компьютерлік ғылымдар және технологиялар бағытында қос диплом береді.

Бүгінгі халықаралық күн тәртібіндегі басты мақсат – тұрақты даму. 1996 жылдан бері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тұрақты даму мәселелеріне белсене араласып, белгілі мамандар мен ғалымдарды, соның ішінде Нобель сыйлығының лауреаттарын бірлескен жұмысқа шақыруда.

ҚазҰУ БҰҰ-ның тұрақтылық жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабы ретінде тұрақтылық саласындағы жұмыстың жол картасын құрып, БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» (UNAI) бағдарламасына посткеңестік кеңістікте алғашқы мүше болған университет.

Соңғы үш жылда ҚазҰУ тұрақты даму мақ-

саттарын жүзеге асыру аясында халықаралық ұйымдардың барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынасты жалғастыруда. Атап айтқанда, ҚазҰУ бірқатар ірі халықаралық іс-шараларды ұйымдастырды: Орталық Азия ректорларының форумы, дәстүрлі IX Фараби форумы, ИЫҰ елдерінің 15-ші отырысы. Ауқымды шараларда әлемдік сарапшылар жоғары білім және ғылым саласында тәжірибе алмасты.

Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру тетіктерінің бірі – жоғары оқу орындары мен жалпы ғылыми-зерттеу институттары арасындағы өзара тығыз байланыс. Осы бағытта ҚазҰУ тек соңғы он жылда Еуропа, Азия, Америка және Латын Америкасының университеттерімен 400-ден астам халықаралық келісімшарт жасасты.

ҚазҰУ университеттердің жаһандық әлеуметтік жауапкершілік желісінің (USRN) қызметімен, сондай-ақ Жібек жолы университеттерінің Альянсымен (SUN) бірлесе жұмыс атқаруда.

Erasmus+ бағдарламасы аясында ҚазҰУ Еуропаның жетекші университеттерімен әріптестік орнатқан. Университет ағымдағы оқу жылында Еуропа жоғары оқу орындарымен бірлесіп Эразмус+ «Халықаралық кредиттік ұтқырлық» бағдарламасы шеңберінде студенттерді оқытуға және оқытушылардың тағылымдамадан өтуіне 40 грант жеңіп алды. Осы бағдарламаның арқасында ҚазҰУ студенттері академиялық ұтқырлық аясында Еуропаның жетекші жоғары оқу орындарында оқитын болады, ал оқытушылар біліктілікті арттыру курстарынан өте алады.

Университетте ҚазҰУ-дың танымалдылығын арттыруға ықпал ететін, оның зерттеу университеті ретіндегі мәртебесін нығайтатын маңызды халықаралық іс-шараларды үнемі ұйымдастырылып келеді. Оқытушы-ғалымдармен және сарапшыларымен нәтижелі байланыс орнату мақсатында өткен жылы ҚазҰУ-да Қытайдың Цзяотун Сиань университетімен бірлесіп ұйымдастырылған «Төртінші өнеркәсіптік революция: индустрия мен білім берудің интеграциясы» тақырыбында Қытай – Орталық Азия жоғары білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі форум өтті. Аталған ірі шара «Бір белдеу – бір жол» бастамасының 10 жылдығына арналды.

Сонымен қатар Түркі академиясымен және Түрік лингвистикалық қоғамымен бірлесіп ұйымдастырылған «Жалпы түркі әліпбиінің интегративті рөлі: ғылыми және әлеуметтік аспектілері» ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Қазақстан – Франция жоғары оқу орындарының VIII форумы да ҚазҰУ базасында ұйымдастырылды.

ҚХР Стипендиялық кеңесі және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қытай университеттерінің көрмесін» ұсынып, онда Қытайдың 45-ке жуық ең үздік университеті академиялық қызметі туралы ақпарат беріп, ғылыми жетістіктерімен бөлісті. Ал ҚХР білім вице-министрі Сунь Яоның Қазақстанға сапары аясында ҚазҰУ ұжымы Қытай жоғары оқу орындарының делегациясымен кездесті.

ҒЫЛЫМНАН ТҮСКЕН ТАБЫС ЕКІ ЕСЕ ӨСТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зерттеу университеті мәртебесіне сәйкес, ғылымды дамытуға да айрықша басымдық беріп отыр. Соңғы үш жылда университет ғылымынан түскен табыс екі есеге жуық өсіп, 8,5 миллиард теңгені құрады.

Қазіргі сәтте 290 гранттық қаржыландыру жобасы, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында 11 жоба, «Ғылым қоры» АҚ арқылы 1 коммерцияландыру жобасы және 47 бірлескен жобаны жүзеге асыруда. Соңғы жылдары ғалымдарымыз 300-ден астам халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен іргелі жобаларды орындады. Олардың ішінде ISTC, INTAS, TEMPUS, МАГАТЭ, НАТО бағдарламалары бар.

Биыл географ-ғалымдарымыз ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен 3,8 млрд теңгенің мегагрантын ұтып алды. Үш жылға жоспарланған жоба «Жасыл өсім» тұжырымдамасы аясында Батыс Қазақстан өңірінің тіршілік ортасы мен экологиялық факторларына зерттеулер жүргізуге бағытталған. Ғалымдарымыз өзге де әріптестерімен бірлесе отырып, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының табиғи қорларын тиімді пайдалану, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау, экологиялық дағдарыстарды болдырмау жолдарын қарастырмақ. Сондай-ақ топырақ құрамы мен сапасына талдау жүргізіп, техногендік бұзылулардан, су айдындарының таяздануынан, атмосфераның ластануынан туындаған түйткілдерді анықтайды.

География және табиғатты пайдалану факультетінің профессоры, география ғылымының докторы Мәулкен Асқарованың жетекшілігімен жобаның бірінші кезеңі орындалып, ақпараттық мәліметтер базасы жасалды. Балық және басқа да су биологиялық ресурстарын бағалаудың әдістемелік негіздері әзірленді. Биоалуантүрлілікті, сирек кездесетін әрі құрып кету қаупі төнген балық түрлерінің популяциясын және даму болжамын сақтау шаралары қабылданды. Ғалымдарымыз 2024-25 жылдары аймақтың тұрақты экологиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуын сарапқа салады.

ҚазҰУ профессоры, Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының меңгерушісі Әлмира Құстыбаеваның ұсынысымен оқу орнында құрылған Ми институты да көкейкестілігімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Қазірдің өзінде орталық когнитивті, клиникалық және молекулалық, есептеу және қолданбалы нейроғылымдар бойынша миға іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуді бастап кетті. Ми қатпарлары мен адам санасының мүмкіндіктерін тануға талпыныс елімізде бұрын-соңды болған емес. Ми институты айналысатын ғылыми зерттеулер ойлаудағы ұтымдылық пен тиімділікті оңтайландыруға, ми белсенділігінің дамуын ілгерілетуге әсер етеді. Сонымен қатар бұл бағыттағы зерттеулер қабылдау, есте сақтау процестерін жеңілдетуге, мінез-құлық ауыт-

қушылығын түзетуге, қартаю кезінде зейіннің нашарлауының алдын алуға көмектеседі.

Университеттің қауымдастырылған профессоры, биология ғылымының докторы Меруерт Құрманбаева бастаған бір топ ғалым елімізде тұңғыш рет көпжылдық бидайды шығару әдісін ойлап тапты. Көпжылдық бидайды бір рет қана егіп, 5-6 жыл қатарынан өнім алуға болады. Аталған жоба экологиялық және экономикалық тұрғыдан өте тиімді. Бұған қоса, топырақтың сапасын жақсартуда, көміртектің сіңуін арттыруда, судың енуін қамтамасыз етуде ықпалы зор. Біржылдық бидай мол өнім бергенімен, шығыны көп, сондай-ақ топырақтың бүлінуіне әкеледі. Ал ҚазҰУ ғалымдары зерттеген көпжылдық бидай топырақтың эрозияға ұшырауынан сақтап, жыл сайынғы жер жырту мен дақылды егу жұмыстарын қажет етпейді. Бүгінде ғылыми жобаға патент алынып, нарыққа шығару жұмыстары жүргізілуде.

Оқу орнының 90 жылдық мерейтойына тарту ретінде ҚазҰУ-да Орталық Азиядағы алғашқы Индустрия 4.0 модельдік фабрикасын құру жоспарлануда. Бұл білім ордасы ұтып алған «Өндірістік сектор консорциумдары: құзыреттілік орталықтары» гранттық бағдарламасы аясында мүмкін болмақ.

ҚазҰУ Tech Garden «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорымен бірлесіп өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы жаңа стартаптарға қолдау көрсетеді. Технологиялық операцияларды роботтандыру тұжырымдамаларын зерттеуге, көрсетуге және сынауға арналған бірегей алаң ұсынады. Модельдік фабрика бұл білімді, дағдыларды, мүмкіндіктерді тарату және әзірленген шешімдерді Қазақстанда да, шетелде де өнеркәсіптік компанияларға енгізу үшін негізгі платформа болып саналады. Орталық өз қызметін 2024 жылдың екінші тоқсанында бастайтын болады.

Бұдан бөлек, ҚазҰУ-да ҚХР үкіметімен келісілген Silicon Valley моделі бойынша IT-технопарк құру жөніндегі бірлескен жоба қолға алынуда. Секундына 110 триллион операцияны (110 Тфл) жүзеге асыратын суперкомпьютерге қаражат ҚХР үкіметі есебінен бөлініп, ҚазҰУ-да орнатылады. Жобаны Альянстың атқару комитеті, сондай-ақ «Сколково» Ресей инновациялық орталығының өкілдері қолдады. ҚазҰУ-мен бірлесіп инновация, ғылым және жоғары технологиялар саласында жұмыс істеуге дайын екендіктерін жеткізді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның жоғары оқу орындары мен Альянс мүшелері үшін деректерді өңдеудің бірыңғай орталығын құруға, цифрлық қызметтерді ұсынуға және ғылыми жобалар бойынша жоғары өнімді есептеулер жүргізуге жаңа мүмкіндік береді.

Ал химия және химиялық технология факультеті жанынан гальваникалық қаптамалардың Chemical Coatings Innovations (ChemColn) ғылыми-өндірістік орталығы іске қосылды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым қорының қаржылық қолдауымен ұйымдастырылған орталықта машина жасау және құрал жасау қажеттіліктері үшін металл бұйымдары өңделеді.

Жобаны жүзеге асыру өнеркәсіп секторы-

ның нақты сұранысына негізделген. Теміржол саласының алпауыты саналатын француздық ALSTOM компаниясының технологиясы бойынша теміржол автоматикасын шығаратын машина жасау зауыты – «ҚазЭлектроПривод» БК ЖШС халықаралық стандарттарға сәйкес қапталатын қорғау қаптамаларын алу технологиялары мен қызметтеріне тапсырыс берді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да электрхимиялық технологиялардың тұтас жүйесі әзірленгендіктен, олардың ішінде әртүрлі мақсаттағы электролиттік қаптамаларды алу технологиялары коммерцияландыруға ұсынылды.

Жоғары сапалы экологиялық таза қаптамалар қолданылу аумағының кеңдігімен ерекшеленеді. Арнайы гальваникалық қаптамаларды қажет ететін аэроғарыш өнеркәсібінен электроникаға дейін тұтынуға бағытталған. Жақсартылған қаптамалар өнімнің қызмет ету мерзімін ұзартады, бұл өндірушіге де, тұтынушыға да пайдалы. Тат басудан қорғаудың жаңа әрі тиімді әдісі. Сондай-ақ батарея, күн батареялары және нанотехнологияларды жылдам дамытады. Chemical Coating Innovations орталығы – металдарды өңдеудің жаңа технологиясын әзірлеу, әртүрлі қаптамаларды қаптау қызметімен шектелмейді. Гальваникалық (электрхимиялық) өндірістің технологі және операторы құзыреттерін меңгеру бойынша мамандар даярлайтын оқу орталығына айналады.

Ғылым саласындағы тағы бір маңызды жаңалығымыз – 2023 жылы ҚазҰУ-дың үш ғылыми журналы, атап айтқанда: «Химия», «Физика», «Математика, механика және информатика» басылымдары Web of Science дерекқорында индекстелген университет басылымдарының тізімін толықтырды. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың International Journal of Mathematics and Physics және Eurasion Chemico-Technological Journal, Physical Sciences and Technology басылымдары әлемдегі ғылыми басылымдардың ең үлкен мәліметтер базасы саналатын Scopus дерекқорына енгізілді. ҚазҰУ журналдарының жетістігін университеттің және жалпықазақстандық ғылымның әлемдік ғылыми кеңістікке одан әрі интеграциялануының жарқын көрсеткіші деп санаймыз.

Қазіргі таңда ҚазҰУ қалашығында Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei және т.б. жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары мен институттары табысты жұмыс істейді.

ЖАСТАР – ЖЕҢІМПАЗ

Ғылым-білімді дамытумен бірге студент жастардың патриоттық тәрбиесі мен рухани қалыптасуына ерекше көңіл бөлінеді. Қалашықта 7000-нан астам студенттің қатысуымен 26 орталық, 85 үйірме, 69 клубтық бірлестік жұмыс істейді. Бір жыл ішінде ата-анасынан айырылған және мүмкіндігі шектеулі студенттерге 74,1 млн теңге көлемінде көмек көрсетілді.

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті Дильназ Құмарова «ТМД-

ның үздік студенті – 2023» халықаралық байқауында жеңімпаз атанса, медицина және денсаулық сақтау факультетінің студенті Әкежан Айтбеков II Түркі универсиадасында еркін күрестен алтын медаль иеленді.

Механика-математика факультетінің 4-курс студенті Роза Байшапанова оқытуды ұйымдастыруға көмектесетін OQU-платформасын ойлап тауып, химия және химиялық технология факультетінің докторанттары – Еркебұлан Марал мен Шыңғысхан Сұлтанхан «StandLab – Development and Engineering» стартап компаниясын құрды.

«Squirrels KazNU» әйелдер құрамасы 2022-23 жылғы ұлттық студенттер лигасында баскетболдан чемпион атанып, заң факультетінің студенті Елдар Шекербек Таиландтың Пхукет аралында өткен ашық суда жүзуден әлем чемпионатында топ жарды. Медицина және денсаулық сақтау факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенті Диана Буркеева 48 келіге дейінгі салмақта чемпион атанып, алтыннан алқа тақты.

АЙТУЛЫ ЖЫЛ АЯСЫНДА

Біз еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттырумен қатар, университет қалашығын қайта жаңғыртуға да кірістік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен 2024-2027 жылдар аралығында ҚазҰУ құрылысының II кезеңін салу жоспарланып отыр. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ҚазҰУ қалашығында әрқайсысы 1060 орындық, жалпы 3180 орынға арналған заманауи үш жатақхана құрылысының іргетасын қалау рәсімі өтті.

Жалпы, ҚазҰУ қалашығының II даму жоспары бойынша оқу корпустары, спорттық-сауықтыру орталығы, қызметкерлерге арналған тұрғын үй, инновациялық орталық, ғылыми-зерттеу орталығы, технопарк бой көтермек. Қарқынды құрылыс ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойына сүбелі тарту болмақ.

Бұдан бөлек, QS рейтингі өкілдерінің, әлемдік сарапшы-ғалымдардың, ғылыми ұйымдар мен ЖОО ректорларының қатысуымен ауқымды халықаралық конференциялар, симпозиумдар, жастар форумдары және ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жетістіктерінің көрмесін өткізу көзделуде.

Университеттің 90 жылдығымен бірге қара шаңырақ қызметін ақпараттық қолдап отырған «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығы тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – ғасырға жуық уақыт білім мекемесімен бірге жасап келе жатқан ведомстволық басылым. 1948 жылдан жарық көреді. «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған «Жетекші университет жылнамасы» тарихи жинағы жарыққа шықты. Кітапта 75 жыл ішінде газетте жарияланған университет тарихына қатысты ақпараттар, айтулы оқиғалар, танымал тұлғалардың мақалалары мен мұрағат суреттері қамтылды. Сонымен қатар университет ардагерлерінің естеліктері жинақталды.

Айтулы жыл аясында университеттің барлық құрылымдары табысты еңбек етіп, зор жетістікке жетеріне және өскелең ұрпаққа өнегелі тарту жасайтынына сенемін.


QAZAQ UNIVERSITETI
Ыстамбұлда Қазұу филиалы ашылды
Орталық Азия университеттері ректорларының форумы
Гашкент университетімен



Бүгінде 75 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан «Qazaq universitet» газетіндегі әр мақаланың өзі тарих. С.М.Киров атындағы ҚазМУ – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың көпжылдық тарихын, жылнамасын осы басылымның сарғайған беттерінен табасыз. Қазақ ұлттық университетінде болған елеулі оқиғалар, оқу орнының қалыптасу, даму кезеңдері, факультеттердің ашылуы, профессор-оқытушы құрамының ғылыми бағыттағы жетістіктері, студенттер өмірі туралы, сондай-ақ қазақтың белгілі жазушылары мен ғалымдарының газет бетіне қалдырған ой-пікірлерін, мақалаларын осы тараудан көре аласыздар. Ойлап қарасақ, 75 жыл деген – бір адамның ғұмыры. Бұл аз уақыт емес, енді ширек ғасырдан кейін газет 100 жылдығын тойлайды. «Елу жылда – ел жаңа» деген халқымыз, осы уақыттың ішінде университеттік басылым да қилы соқпақтардан өтті, шыныққты, шыңдалды. Газет әртүрлі жағдайларға байланысты кейбір жылдары бір ғана парақ болып шығыпты, тіпті А4 форматқа басылған кездер де болған. Өткен ғасырдың 80-90 жылдары жабылып, республикалық студенттер газеті – «Өркеннің» ішінен ойып орын алды. Бірақ университет басылымы деген атағынан айырылған жоқ, бүгінде республикалық басылым дәрежесінде шығып жатқан апталық мерзімдік баспасөз құралы. Төменде әр жылдары университет газеті бетіне жарияланған, архивтен алынған тарихи мақалаларды хронологиялық тәртіппен оқырманға ұсынып отырмыз.


Казахский УНИВЕРСИТЕТ
Қазақ УНИВЕРСИТЕТІ
Будем знакомы!
НАШЕ ЗНАНИЕ, СИЛА И ОРУЖИЕ
Сегодня исполняется 90 лет со дня рождения Владимира Ильича Ленина — основателя
Сегодня в Москве открывается XXII съезд Коммунистической партии Советского Союза.
Делегаты съезда обсудят отчетный доклад ЦК КПСС, примут новый Устав партии и историческую Программу построения коммунистического общества в нашей стране.
УЧЕНЫЕ УНИВЕРСИТ
Что посеешь, то и
ЮНОШИ и ДЕВУШКИ
С днем рождения, университет!
Ведущий вуз республики
НА ПРИЗЫВ ПАРТИИ
За глубокое содержание
Қазақ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАНАТ ҚАҒАР ҰЯ


Қазақ университеті
1977
30
ДЕКАБРЯ
ПРИВЕТ УЧАСТНИКАМ IV-СЛЕТА СТУДЕНЧЕСКИХ ОТРЯДОВ УНИВЕРСИТЕТА!
Қазақ университеті
ОРГАН ПАРТКОМА, РЕКТОРАТА И КОМИТЕТА КОМСОМОЛА КАЗАХСКОГО ОРДЕНА ТРУДОВОГО КРАСНОГО ЗНАМЕНИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА имени С. М. КИРОВА
Казахскому университету - 60 лет!
Қазақ университеті
Итоги социалистического соревнования
1975
ПЯТНИЦА
21
ЯНВАРЯ
ЕРСИТЕТІ
Военно-Морского флота
50 деген - бір дәуірен
Қазақ университеті
№ 4(1268)
сәуір
1998 жыл
Университет өмірінің жаршысы
Қалаңгерлер клубымына қымбат
Курметті Кенжасар Нәрібайұлы!
"Қазақ университеті" газетіне
Ректору КазГУ имени Аль-Фараби Нарибаеву Кожасару Нарибаевичу
Курметті ректор мырза!
Курметті әріптестер!

Первый учебник по математическому анализу

Заведующий кафедрой высшей алгебры доцент Х.И.Ибрашев работает над созданием учебника «Курс математического анализа» на казахском языке, который выйдет в трех томах. Первый том уже подготовлен к изданию, второй находиться в стадии завершения. Работу над третьим томом автор думает закончить в концу будущего года.

Учебник будет соответствовать программе физико-математических факультетов университетов, педагогических и технических вузов.

Книга «Курс математического анализа» явится первым учебником по этому предмету на казахском языке.

18 сәуір 1958 ж.

Лектор пришел в общежитие

В общежитии №3 по улице Чайковского вывешено объявление. Здесь состоится лекция о международном положении, лектор – доцент А.Н.Зайкин.

В назначенное время собрались все проживающие здесь студенты. За неимением зала, лекция состоялась в просторной комнате №55. Доцент А.Н.Зайкин рассказало положении в стране и за рубежом, ответил на многочисленные вопросы.

Слушатели интересовались положением в компартии США, критикой программы союза коммунистов Югославии и т.д.

Это не первая лекция доцента А.Н.Зайкина в студенческом общежитии. В прошлом году он выступал с лекцией в общежитии №1. Хочется от души сказать А.Н.Зайкину большое спасибо.

Б.КОЧЕКАЕВ

19 мая 1958 г.

Выпуск 1958 года

Более шестисот юношей и девушек после пятилетней упорной учебы получили высшее образование, и теперь с нетерпением ждут того когда они момента, смогут увидеть плоды своего труда на заводе, в школе, в МТС, РТС и совхозе, в хозяйственных и советских учреждениях.

Велики просторы советского социалистического Казахстана. Поистине неисчислимы и неисчерпаемы его богатства. Много нужно приложить разумных человеческих усилий, чтобы производительные силы республики достигли своего наиболее. Высокого развития, чтобы беспредельные природные возможности полностью поставить на службу народу. Взгляните на эту карту. Где только не нужны люди, имеющие солидную общую подготовку, глубокие специальные знания, уверенность в правоте своих стремлений. В Кустанайской, Южно-Казахстанской и Карагандинской областях ждут наших геологов, физиков, химиков; в Акмолинской, Павлодарской, Северо-Казахстанской велика нужда в биологах-почвоведах; большие потребности ощущаются во всех областях и районах республики на специалистов с университетским образованием полнии присдруденции, экономики, химии, физики, географий почвоведения и других отраслей знаний. Неудивительно поэтому, что из окончивших университет в текущем году основная масса выпускников по распределению направлены непосредственно на производство, преимущественно на периферию республики.

Общественность университета глубоко убеждена в том, что т. Хомина Е.В., получившая специальность химика, вполне оправдает присвоенное ей звание на работе в ВНИЦВЕТ-мете Восточно-Казахстанской области, куда она, кстати сказать, едет работать с большим желанием. Мы сомневаемся в том, что Зырянов В.Н. в Южно-Казахстанском геологическом управлении будет также успешно трудиться, как он успешно учился на геолого-географическом факультете университета.

Федюкова В. успешно окончившая исто-

рический факультет, изъявила желание работать учительницей средней школы в районах освоения целинных и залежных земель, в связи с чем государственной комиссией она направлена на работу в одну из школ Акмолинской области. Несомненно большую пользу Родине принесут выпускники филологического факультета Илимбаев А. (сталинский стипендиат) и Коробков Ю., которые едут на работу в отдаленные районы Казахстана по линии Министерства просвещения.

75 молодых специалистов-экономистов и 68 юристов получили направление в различные районы республики на ответственную работу в хозяйственные и административно-советские учреждения. Можно с уверенностью сказать что прочные знания, которые приобрели за 5 лет учебы на химическом факультете тт. Павлова И.М. и Колодина И.С. позволят им высоко держать «марку» Казахского государственного университета им. С.М.Кирова за границей, куда они едут на работу в качестве молодых советских специалистов-химиков.

Казахский государственный университет за 25 лет своего существования накопил достаточный опыт в области подготовки кадров и проведения научных исследований. За указанное время в стенах университета подготовлено более девяти тысяч специалистов, которые трудятся в различных ведомствах, звеньях партийного и государственного аппарата, в хозяйственных органах и научно-исследовательских учреждениях страны.

В ответ на постановление – передать университету Дом правительства студенты и профессорско-преподавательский персонал повысят политическую и производственную активность, улучшает успеваемость в учебе и качество подготовки молодых специалистов.

М.В.ШИЛОВ
5 июля 1958 г.

Қазақ бөлімінің жұмысына назар аударылсын

Тарих факультетінде бұл күндері сабақ екі тілде жүріп келеді. Қазақ бөлімі ашылғалы төрт жыл. Бөлімнің жұмысына толық қорытынды жасау үшін, әрине, оқып жүрген жастар 5 курсты толық бітіруі керек. Алайда студент жастардың талабын толар жасап, орын алған кемшіліктердің себептерін талдап, оны жоюдың жолдарын көрсетуге болады.

Шынын айту керек, тарих факультетінде қазақ бөлімін ашу үшін әзірлік істері алдын ала жүргізілмеді. Орыс тілін шала білетін ауыл жастарының, әсіресе Қарағанды институтында тарих факультеті қысқартылып қалуымен байланысты, білімін ана тілінде жетілдіруді мақсат еткен жұмысшы жастарының талабын орындау мақсатымен бар мүмкіншіліктерді пайдаланып, бірқатар кемшіліктерге қарамастан, ана тілінде сабақ жүргізуге тура келді.

Бөлім ашылған алғашқы жылдарда студент жастардың талабын толық орындауға мүмкіндік болмады. Аптасына арналған 36 жұмыс сағатының 10-12 сағатын ғана ана тілінде ғана оқытуға мүмкіндік болды. Ал жалпы тарих сабағының көпшілігі бір тілден екінші тілге аудару арқылы оқытылды.

Ана тілінде сабақ жүргізу жөнінде қарт мұғалімдермен бірге, өзімізде тәрбиеленген өз өрендеріміз: Жақыпбеков Серік, Найзағарин Таукеш, Хабиев Хажым, Хаиркелдин Рахым, Дәрішев Байтұрсын, Ахметов Әбдірашит сияқты қабілетті жастарымыз көп көмек көрсетті. Соның нәтижесінде қазақ бөлімінде СССР тарихы, Қазақ ССР тарихы, КПСС тарихы толығынан, ал Жалпы тарих пәні жартылай ана тілінде жүргізілді. Ана тілінде толық жүргізуге мүмкін болмаған пәндерді семинарларда неғұрлым толық жан-жақты пысықтауға ерекше назар аударылып отырды. Алайда логика, философия, археология, этнография сияқты көптеген пәндер өткен жылға дейін ана тілінде жүргізуге мүмкіндік болып отыр. Бұл жөнінде Жалпы тарих кафедрасы бастығы, доцент А.Зайкин жолдас бірқатар жұмыс жүргізді. Дегенмен оны қанағаттанарлық деп айтуға болмайды.

Лекция оқуға маман кадрларды алдын ала келісіп дайындап алмағандықтан, онсыз да кешігіп басталып отырған оқу графигінің дұрыс орындалуына көп кедергілер болып отыр.

Тарих факультетінде оқылатын пәндердің басым көпшілігінен ана тілінде оқу құралының болмауы да істі өте қиындатқаны мәлім және бұл жай университеттің ана тілінде сабақ жүретін бөлімдерінің бәріне де ортақ жайт. Бірақ осыған қарамастан, университет партия ұйымы, ректорат бұл іске назар аудармай келеді. Олар университет ғалымдарын ана тілінде шығару мәселесін жоғарғы орындар алдына батыл қоя алмай отыр.

Республикамыздың ғылым, педагогика орындары алдымыздағы жеті жылда істі ана тілінде жүргізуді, халыққа білімді ана тілінде беруді қолға батыл алатыны даусыз. Сондықтан біздің республикада, университетте сабақты екі тілде бірдей оқыту керек екені сөзсіз. Ал соның ішінде бізше орыс тіліне өте-мөте көңіл аудару керек. Ана тілінде сабақ оқыту кадрлар дайындауға көмек беретінін сезе отырып, орыс тілін білмей шықса, ол кадрлар практикалық істе біржақты болып шығатынын естен шығармау керек. Біз бұл кемшіліктер болмауы үшін тарих факультетінде қазақ, орыс бөлімдерінде екі тілді бірдей білуді міндеттеп отырмыз. Бұл өзінің нәтижесін беріп отыр.

Қазақ бөліміндегілер сабақты қазақша оқи отырып та, орыс тілінен диплом, курс жұмысын екі тілде де жаза алатын болып отыр.

Ана тілінде сабақ оқу, әрине, сабақтарды толық түсінуге мүмкіндік берді. 1, 2, 3 курстарда, яғни толық қазақша сабақ жүргізілген курстарда ана тілінде оқылған сабақтан жаман баға алған студент жоқ. Өткен жылғы сабақ қорытындысына қарағанда, 2, 3 курстарда «өте жақсы» және «жақсы» баға алушылардың қатары 40 проценттен 70 процентке көтерілді.

Факультетіміздегі қазақ бөлімінің үш-төрт жылдық тәжірибесіне қарағанда, ұлт кадрларын дайындайтын мүмкіндіктер толық бар. Тек бұл істі жақсартып, жандандыра түсуге университет басшылары өздерінің күнделікті істерінде назар аударып отыруы керек.

М.АҚЫНЖАНОВ,
доцент,
тарих факультетінің деканы

31 желтоқсан 1958 ж.

Лениндік сыйлық берілді

Қазақтың атақты жазушысы, университетіміздің көрнекті профессоры Мұхтар Омарханұлы Әуезовке Абай туралы эпопеясының соңғы екі кітабы – «Абай» және «Абай жолы» үшін Лениндік сыйлық берілді.

Ұлы көсеміміздің есімімен аталатын сыйлықтың берілуі, М.О.Әуезовтің мұндай құрметті атаққа ие болуы қазақ совет әдебиетінің зор мақтаныш болуымен қатар, коммунистік партияның түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетімізді өркендету жолындағы зор әкелік қамқорлығының кепілі.

Жазушы М.О.Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясы арқылы қазақ совет әдебиетінде тарихи роман жазудың белесті жолын ашты және бұл көрнекті шығармасы әдебиетіміздің Совет Одағы мен жер жүзіне белгілі болу жөнінде зор үлес қосты.

Мұхтар Омарханұлы талантты жазушылық ісімен бірге, біздің университетімізде зор ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жас ұрпақтарды тәрбиелеуге де үлкен үлес қосуда.

Көрнекті профессорымыз Мұхтар Омарханұлын үлкен сыйлық алуымен құттықтай отырып, оның бұдан былай да жемісті жұмыс істеуіне зор тілектестік білдіреміз.

7 мамыр 1959 ж.

Зайдемте в столовую

Студенческая столовая №12, расположенная в подвальном помещении главного корпуса, ежедневно обслуживает около тысячи посетителей, в основном студентов. Здесь можно выбрать по вкусу блюда: борщ, суп молочный, рассольник, жареный барашек, тушеное мясо, котлеты и шницель с различными гарнирами, гуляш, рагу и т.д; имеется чай, кофе, кисель и простокваша.

Питание организовано методом самообслуживания по прейскуранту для студенческих и рабочих столовых. Если нужно справить студенческую свадьбу столовая готова предложить свои услуги.

Коллективу столовой для лучшего обслуживания следует обратить внимание на некоторые мелочи: на столах нет горчицы, а заварить ее не так уже сложно; часто бывают перебои со стаканами. В результате посетители кучкой толпятся у раздаточной чая и кофе. Подносы моются несвоевременно, около умывальника нет полотенца. Раздатчицы иногда бывают невнимательны. Вместо жареного барашка подают кавардак.

Желательно, чтобы, наряду с тем, что сейчас готовят, были национальные блюда дунганская лапша, бешбармак, манты и т.д. И чтобы к гарниру подавалась солонина.

С.СКИТЕВА

27 ноября 1959 г.


ОТЛИЧНИ



Фотошежіре

Жазушы
Мұхтар Әуезов
университет
ұжымымен.
1959 жыл

Академик-жазушы М.Әуезовтің жаңажылдық анкетасы

Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеті жанындағы әдебиет бірлестігінің анкетасына берген жауаптары

Қадірлі Мұхтар аға! Уақытыңыз болса, осы анкетаға жауап беруіңізді өтінеміз.

СҰРАҚ. Сіздің алғаш жазған шығармаңыздың аты не, оның тағдыры қандай болды?

ЖАУАП. «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше – тоқал». Соңғы пьеса жақында шығатын жинағымда басылады.

СҰРАҚ. Сіз қойын дәптерін жүргізесіз бе, жүргізсеңіз, оған не жазасыз?

ЖАУАП. Жолда жүргенде жол дәптерім болады. Оған тек фактілер ғана емес, жолай туған ойларды да, табиғат суреттерін де жаза жүрем.

СҰРАҚ. Сіз шығарма жазу үстінде отырғанда қандай жағдайды ұнатасыз?

ЖАУАП. Алаңсыз көңіл – ең үлкен шартым дер ем.

СҰРАҚ. Сіздің ерекше шабытпен, құштарлықпен жазатын кезіңіз шығарманың басы ма, ортасы ма, аяғы ма?

ЖАУАП. Ақындық сезімді қозғар жердің «басы, аяғы» дейтін айырмасы жоқ деп білем.

СҰРАҚ. Шығарма жазу үшін алдын ала жоспар жасауға қалай қарайсыз?

ЖАУАП. Ол қажет, бәрінен қажет. Мен үшін ең ұзақ «пісу, қайнау» шақтары сол.

СҰРАҚ. Сіз шығармаңызды жазу үстінде өңдейсіз бе, әлде әбден жазылып біткен соң біржолата редакциялайсыз ба?

ЖАУАП. Бөлім-бөліммен үзіп-үзіп түзеп отырам.

СҰРАҚ. Сіз бір шығарманы әбден аяқтап болып, екіншісіне көшесіз бе, әлде бірнеше шығарманы қатар жаза бересіз бе? (Бірін бастап, екіншісін орталап).

ЖАУАП. Көркем шығарманы екеуін қатар істемеймін. Ал зерттеуді аралас істей беру – әркездегі дағдым.

СҰРАҚ. Шығарманы жазу үстінде айлап, апталап үзіліс жасаудың қандай пайда-зияны бар деп ойлайсыз?

ЖАУАП. Аса көп пайдасы бар. Бірталайды жазып қойып, тастап кетіп, қайта оралып еңбектену өте нәрлі болады деп білемін.

СҰРАҚ. Дүниежүзі әдеби классиктерінен ерекше бағалайтыныңыз кім?

ЖАУАП. Әрі прозашы, әрі драмашы болғандығымнан болар – Лев Толстой мен Вильям Шекспир.

СҰРАҚ. Жаңа жаза бастаған жазушыдан сіз ең алдымен нені талап етер едіңіз?

ЖАУАП. Бір жазғанын қайта-қайта жаза беру, өзін-өзі сынап қарай білу.

24 қаңтар 1960 ж.

В честь 40-летия Казахстана

Очередная, третья научная студенческая конференция университетов Средней Азии и Казахстана проводится с 19 по 22 апреля в нашем университете.

Конференция посвящается 40-летию Казахской ССР. С докладами и сообщениями выступят студенты КазГУ, а также наши друзья – студенты Узбекского, Киргизского, Таджикского, Туркменского и Средне-Азиатского университетов. В работе конференции примут участие КазПИ, ЖенПИ и Ленинабадский пединститут. Активно готовятся к ней студенты всех факультетов нашего университета.

Программа конференции обширна и интересна: 15 секций различным отраслям знаний будут работать 4 дня. Мы получим возможность познакомиться с лучшими студенческими работами по интересующим нас вопросам.

Большим тиражом выходят два сборника научных студенческих работ нашего университета: по точным, естественным и по гуманитарным наукам.

Конференция должна продемонстрировать уровень научной подготовки студентов братских республик и явиться стимулом для его дальнейшего повышения.

18 апреля 1960 г.

Награда за доблестный труд

Акмолинский обком КПК и областной совет депутатов трудящихся наградил коллектив студентов университета за активное участие в уборке урожая второго года семилетки Красным Знаменем.

ДОСКА ПОЧЕТА

За активное участие в общественной жизни университета, за успехи в учебе решением бюро комитета комсомола от 28 октября 1960 года, в честь 42-й годовщины комсомола и 40-летия Казахстана занесены на Доску

почета комитета комсомола следующие товарищи:

ПО ФИЛОЛОГИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Бадиков Владимир
Жилкибаев Эдуард
Кекильбаев Абиш
Криволапова Зоя
Попова Ирина
Савченко Тая
Сагимбеков Рамазан
Сармурзина Шолпан
Саутпаев Адильбек

ПО БИОЛОГО-ПОЧВЕННОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Валиханова Гульжанат
Каражалов Курмангали
Корниенко Виктор
Тулегенова Бибинур

ПО ФИЗИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Богатырев Александр
Бухман Михаил
Вяжевич Евгения
Жеребенко Альбина
Карпушин Леонид
Кусаинов Марат

ПО МЕХАНИКО-МАТЕМАТИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Дощанова Мария
Есентугелов Арыстан
Кайкова Нина
Кубышкин Виктор
Патрин Петр
Трацевская Юлия

ПО ЮРИДИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Баев Николай
Ихсанов Ордагали
Степанова Зинаида

ПО ХИМИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Бабусенко Раиса
Брандт Андрей
Каржаубаева Раушан
Музычкина Раиса
Сулейменов Ермек

ПО ГЕОГРАФИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Болегенова Майя
Клименко Василий
Кожабергенов Нурали
Сазонов Виктор

ПО ЭКОНОМИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Бердыгулов Каиржан
Ибраев Базар
Камалиев Памир
Кангалаков Болат
Утегенова Алма
Фурсов Виктор
Шоинбаева Шарбат

ПО ИСТОРИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Алдамжаров Зулхарнай
Григорьев Владислав
Кожахметов Кенес
Кучма Валентина
Рукин Владимир
Кузьмин-Закс
Михаил Исаевич,
старший преподаватель кафедры истории КПСС.

НАГРАЖДЕНИЕ МЕДАЛЯМИ

Исполком Акмолинского областного совета депутатов трудящихся решением от 13 октября 1960 года от имени президиума Верховного Совета СССР наградил медалью «За освоение целинных земель» следующих товарищей, приявших активное участие в уборке урожая и вывозке зерна в совхозах и колхозах Акмолинской области:

ПО БИОФАКУ

Джардемалиева Анарбека Шабатовича,
Левину Тамару Николаевну.

ПО ГЕОФАКУ

Трембальчук Раису.

ПО ИСТОРИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Воробьева Владимира,
Майгаранову Гульжан.

ПО МЕХМАТУ

Ибрагимова Адамбая,
Кубышкина Виктора,
Шамардина Евгения.

ПО ФИЗИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Бабенкова Михаила,
Бухман Михаила,
Курмангалиеву Асылу.

ПО ФИЛОЛОГИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Грязнова Василия,
Каршыгаева Ермухана,
Москвитина Анатолия,
Никитина Виктора,
Утенов Бисена (посмертно).

ПО ХИМИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Карсыбекова Амеля

ПО ЭКОНОМИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Аведьяна Константина Сумбатовича,
Бердигулова Каиржана,
Дюкову Елену,
Жанатаеву Ману,
Муравьева Ивана,
Мынгатова Еркина.

ПО ЮРИДИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ

Рустемова Лениншила – секретаря комитета комсомола КазГУ.

7 ноября 1960 г.

Сәбит біздө қонақта

Міне, Сәбит Мұқанов тағы да біздің арамызда. Бұл жолы сүйікті жазушымыз үлкен той иесі ретінде келді. Сәкең алпыста, ал советтік сөзге мұқалып көрмеген қаламы қырықта. Университет мәжіліс залы аузы-мұрнынан шыққан студент. Олар сатыр-сұтыр қол соғып, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірін мүшелімен құттықтап, әлі де осы жастық жалынынан айырылмауға, сау-саламат болып, жаңа үздік творчестволық табыстарға жетуіне шын жүректен тілектестігін білдірді.

Кездесуді университеттің Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі М.Ғ.Сармузина ашты. Ол жазушы Сәбиттің 60 жасқа толуын және туысқан республикамыздан келген қонақтарды жастар коллективі атынан шын жүректен құттықтады. Келесі сөзді Жазушылар одағының секретары, майталман ақын Ғали Орманов алды. Ол Сәбит Мұқановтың творчествосына тоқталып, Сәбиттің біздің поэзиямызда, прозамызда алып отырған баға жетпес еңбегін атап өтті. «Сәкеңді тек Совет Одағы ғана емес, бүкіл дүниежүзінің миллиондаған адамдары біледі», – деді. Бұдан кейін Ғали Орманов қонақтармен таныстырды.

Мінбеге РСФСР-дың өкілі Александр Смирнов шығып, Сибирь өлкесінің байлығын жырлады. «Алма» атты өлеңін оқып берді.

«Сәкеңнің шығармаларын қолдан-қолға түсірмей іздеп жүріп оқиды, біздің халқымыз», – деді башқұрт ақыны Ғылымдар Рамазанов. Ол юбилярға арнаған өлеңін оқып берді.

Украин жазушыларының өкілі В.Большак, қарақалпақ ақыны Тілеуберген Жұмамұратов, қырғыз ақыны Қуанышбек Маликов және бір топ қазақ ақындары еліміздің халықтарының жарасқан туысқандық достығы туралы зор шабытпен сөйлейді.

ҚАРТАЙМА, АҒА!

Өмірдің оқып өзі мектебінен,
Сабақ алған тағдырдың от лебінен.
Сәкеңді құттықтайды әлем бүгін,
Алпыста балауса атқан көктемімен,
Жыр тұнып, жалын атқан жан сандығын.
Көп сырға кенелер ел алса бүгін.
Жаны – жайлау, Сәкеңдей кең пейілді,
«Аталап» құрмет тұтпас нар шалды кім?
Келеді Ботакөзі Асқарымен,
Шырқатып шаттық әнін асқақ үнмен.
Қуантты Сәкең биыл оқушы елді,
Мәп-мәлдір махаббаттың дастанымен,
Алпыстың тұрса да асып адырынан,
Қартайып мұқалмайтын жаны гүл, жан.
Қараса көз қиығын төңкеріп бір,
Табылар Бәтестердің саны қырдан.
Уа, Сәке! Өз орның бар әр қайда да,
Әкесіз Сұлушаш пен Алтайға да.
Әр елдің сізден күтер үміті мол –
Алпыс тұрып, жүзде де қартайма, аға!

Палуан білек күшімен,
От өзек бұрғы ұшымен,
Құлатып тауды түсірген,
Кеншінің көрсем түсін мен,
Әкем бе деп қаламын,
Сәкең бе деп қаламын!

Ақын Мұзафар Әлімбаевтың үлкен жазушыға деген ыстық сүйіспеншілікке толы осы бір толғауын студенттер ду қол шапалақтап қарсы алды.

Бейне өнер жарыстырып айтысқа түскендей-ақ ақындар бірінен кейін бірі жыр бұлағын ағытуда. Университетіміздің қабырғасынан шыққан жас ақын Тұманбай Молдағалиев «Шәкірт сөзі» деген өлеңінде:

Қарапайым елінің ол солдаты,
Шыңға шыққан, болдырмаған жолда аты.
Сәбитімен қазақ халқы бақытты,
Сұлу шығар Сәбитімен Алматы! –

деп тыңдаушыларды қатты сүйсіндірді.

Бұл «айтыстан» университет ақындары да қалысқан жоқ. Еслам Зікібаев, Мағираш Сарикова, Әбіш Кекілбаевтар ақын ағаға жаңа өлеңдерін тыңдатты.

Бексұлтан САРИЕВ,
Бекқали ТӘЖКЕНОВ
23 қараша 1960 ж.

У нас в гостях

Писатели Сабит Муканович Муканов. Иван Петрович Шухов, член КПСС с 1918 года Семен Сергеевич Зенин. Предоставляем им слово.

С.М.МУКАНОВ:

Моя первая заметка появилась в «Правде» в конце 1924 года. В то время я учился на рабфаке в Оренбурге. В дни зимних каникул я в первый раз посетил редакцию «Правды».

Я не помню фамилию заведующего отделом литературы. Он очень внимательно выслушал мои рассказы о жизни студентов, о жизни Оренбурга и записывал все сказанное. А через два дня появилась за моей подписью критическая статья, которая называлась «Положение в Оренбургском рабфаке».

Это было мое первое выступление в «Правде».

В 1930 году я вновь приехал в Москву и поступил в институт Красной профессуры.

Иногда я приносил в редакцию стихи, и они публиковались.

Более прочные связи с «Правдой» возникли в военные годы. Редакция попросила меня сделать материл на тему: «Помощь тыла фронту».

Я объездил многие колхозы и совхозы Сыр-Дарьинской области. Результатом этой поездки явился рассказ «Волшебное зерно». Он был передан по телефону в Москву и тут же напечатан.

Я был корреспондентом «Правды» до конца войны. В 1944 году меня направили на фронт. Посещал самые горячие линии.

Во время этих поездок я написал и напечатал ряд очерков и рассказов.

Очень интенсивным было мне сотрудничество в «Правде» в период освоения целины.

У казахских писателей давние и прочные связи с «Правдой». Очень много печатались Джамбул, Ауэзов, Жароков и другие писатели. Не будет преувеличением сказать, что все казахские писатели писали для «Правды». И мы еще не раз будем счастливы, напечатав в ней свои произведения.

И.П.ШУХОВ:

У меня старые и крепкие связи с редакцией «Правды». Но особенно активно я связан с газетой в последние годы, в годы освоения целины. Вот что я хочу сказать. Ни в одной редакции, ни в одном издательстве я не встречал такого чуткого, внимательного отношения к авторскому слову, какое – в газете «Правда».

В литературном отделе объединены лучшие творческие силы Советского Союза и поэтому участие в «Правде» является превосходной школой для каждого из нас – писателя и журналиста.

Я убежден, что многие из вас станут активными сотрудниками нашей замечательной «Правды», 50-летний юбилей, которой широко отмечает весь наш советский народ.

С.С.ЗЕНИН:

В 1921 году была помещена в «Правде» моя небольшая заметка о работе военно-продовольственных бюро, военно-продовольственных отрядов по оказанию помощи крестьянству Украины в проведении весенней посевной компании.

Вторая моя заметка и большая статья обо мне были помещены в 1922 году. В статье говорилось, что есть-де такой рабочий, секретарь парторганизации, студент рабфака, и что из рабочего класса растет своя интеллигенция.

Вместе со мной в группе учился известный в Союзе писатель Петр Иванович Замойский. Он организовал группу молодежи, которая хотела сотрудничать в «Правде». Однажды, весной 1923 года тов. Замойский устроил нам беседу в «Правде».

Беседу проводила Марья Ильинична Ульянова. И вот там мы впервые увидели настоящего человека будущего коммунистического общества. Разговаривал с ней, по существу, один Петр Иванович, а мы сидели и думали: сколько человеческой доброты в этом небольшом, но сосредоточенном человеке, какая душевная простота и привлекательность.

Ещё одна моя большая статья в «Правде» была напечатана в 1932 году, когда я учился в институте Красной профессуры.

И вот, что хотелось сказать сегодня. Ленин, имя его, учение его дают направление формированию мировоззрения всех людей на Земном шаре, а «Правда» является новой вехой в создании новой коммунистической печати.

23 ноября 1960 г.

Көркейе бер, тың өлке!

Құнарлы қазақ даласы, меңіреу едің кеше сен. Күз айлары жоныңды сағым ғана тоғытып, қыс бойы құлазып қар астында жатар ең. Күн жылып, көктем бастала күрең толқын бейнелес қызғалдақ теңіз жабатын. Шілде-тамыз болғанда өрт лепті жел қарып, көк майсаң да қурайтын.

Тағы да күз, тағы қыс, тағы көктем, тағы жаз, жылдарың жылжи ығысып осылай өте беретін. Сыртың жүдеу болғанмен, сенің терең қойныңда ата-ананың қасиетті қаны, жасы, ащы тері сіңген құнарлы топырағында сарқылмас мол қазына бар еді. Сен жасампаз қолдың, қиындықтан қажымайтын батыл қолдың кезегін күтер ең.

Сол кезегің келген сәт ұлы Ленин партиясының жеңімпаз штабы өз мұхитының жас толқындарын сенің шексіз кеңістігіңе бағыттаған еді. Келер күз сен қойныңнан алтын дария тоғыттың. Қазақстан миллиарды ғаламды, әлемді таңдандырар аңызға айналды.

Дос жүрегін жырға бөлеп, дұшпан жүрегін дір еткізер бұл байлық әлі де толқын күшін баяулатпай, алтын тауларын аспан биігіне шарықтата бермек. Құнарлы даланың «тың өлке» деген ардақты атақ алуы осының куәсі, осының айғағы.

Көңілімізді қуанышқа бөлеп, көркейе бер, тың өлке!

Әбу СӘРСЕНБАЕВ,
жазушы
3 ақпан 1961 жыл

Жақсы өміріміз жарқырай түссін

Биылғы жылдың маған тартқан сыйының ең үлкені – бірінші рет СССР Жоғарғы Советінің сайлауына дауыс беруге право алуым.

Менің әлі есімде... Онда мен шүлдірлеп жүрген төрт жасар сәби ем. Солқылдап жылап жатқан анама жаутаңдап қарай бердім. Майданда әкем қаза болыпты. Сөйтіп, мен әке мейірімінен ерте айырылдым.

Бірақ өмірдің ащысын көргенім жоқ. Жыл өткен сайын жанымды жаңа қуаныштар бөлеуде. Биыл өзімнің армандаған университет босағасын аттадым. Біздің жомарт заман өзгелердей мені де шұғыласына алды.

Сайлау күнгі бар тілегім: сонау сұрапыл жылдардағы көргенімді кішкене інілерім мен қарындастарым көрмесе екен. Мен де жақсы өміріміздің жарқырай түсуі үшін дауыс беремін.

Ә.КЕКІЛБАЕВ,
1-курс студенті
18 сәуір 1961 жыл

Жастар – тыңға!

Біздің советтік Отанның алғашқы күндерінен бастап «жас» және «құрылыс» деген екі сөз жұбын жазбастан бірге өсіп, біте қайнап келеді. Олай болуы заңды да. Оған қазақтың «Жас келсе – іске, кәрі келсе – асқа», «Асыл – тастан, өнер – жастан шығады» деген мақалдары да куә.

Советтік жастар мен өзге жастардың арасында зор айырма бар. Совет жастары – коммунизм құрылысшылары. Сол жастар белсене қатынасып келе жатқан зор істің біреуі – тың және тыңайған жерді игеру. Бұл шараның қалың бір жүйесі – қазақ даласында соңғы жеті-сегіз жылда қызу қарқынмен жүріп жатқаны мәлім. Бұл мерзімде жаңадан ұйымдасқан совхоздар және бұрынғы колхоздар мен совхоздар миллиондаған гектар тыңды игеріп, миллиардтаған пұт астық жиналды. Туысқан елдерден тың игеруге келушілерге жаңа тұрақтар салынды. Осы істердің ең ауыр салмағы түскен жастар адам қайран қаларлық түрде зор абыроймен орындап шықты. Биыл Қазақстанда тың өлкесі құрылуға байланысты жастарға бұрынғыдан да зор міндеттер жүктеліп отыр. Бұл жүкті де жастар абыроймен өтеп шығуына сеніміміз зор.

Сәбит МҰҚАНОВ
18 сәуір 1961 ж.

Человек ряда эпох

Неожиданно оборвалась жизнь любимого всеми нами, безмерно дорогого нам Мухтара Омархановича Ауезова, человека большой души, писателя гигантского масштаба.

Ему было 64 года. Но он был совершенно молод, полон жизненных сил, поразительно свеж, здоров, подтянут, всегда оптимистически настроен; у него был дух бойца, труженика, творца. Он никогда не болел и ему некогда было болеть, думать о болезни: столько у него было дел, планов, замыслов. И он был убежден, что он справится со всеми делами, именно ему суждено осуществить такие грандиозные творческие планы, замыслы.



В последние годы он беспощадно, как воин, готовящийся к трудным, долгим переходам, боролся с полнотой, боролся, вооружившись всеми современным научными средствами. За день до последнего отъезда в Москву я долго беседовал с ним в его саду. Он увлечено говорил о своей эпопее о людях нашей семилетки, над которой упорно, с творческим увлечением работал. Первый том. Как я понял, уже готов. Радовало его, что он избрал объектом своего творческого сомысления, художественного отображения южный Казахстан. Там люди передовой промышленности, сельского хозяйства, где царствует волшебная техника наших дней; там и отгонное животноводство, где нередко встретишь остатки средневекового примитива…

В романе представлены деятели семилетки, творцы нового, коммунистического. Но немало в нем и резко критических моментов. Самодовольство, бахвальство, удовлетворённость – удел ограниченных натур, глупцов… У нас есть что критиковать, ради каких идеалов критиковать, с каких высот критиковать!

О болезни он говорил вскользь. Видно было, что он не придает ей значения, ему

некогда лелеять ее. Признали полип, врачи посоветовали побыть в Кремлевке, проконсультироваться у крупных специалистов. Побудет там 10-15 дней, а потом снова за работу.

Кто допускал мысль, что эта поездка у него будет последней?!

Мне вспоминается два эпизода 1936 и 1945 годов. В начале 1936 года Мухтар Омарханович и Сабит Муканов месяца два находились в Ленинграде, писали пьесу об Ахансере. Б.В.Астафьев должен был создать оперу о казахском певце.

Они подолгу, пространно беседовали с Борисом Владимировичем. Мухтар Омарханович вскользь не раз замечал, что он чувствует себя человеком ряда эпох.

Я не придавал тогда значения этим словам, откровенно говоря, не понимал их значения.

Весной 1945 года я вместе с Мухтаром Омархановичем несколько месяцев жил в Москве, выпускали однотомник Абая к столетию его рождения. Встреч и бесед интересных и содержательных было много.

И в этот раз Мухтар Омарханович не раз высказывался, что он чувствует себя человеком ряда эпох. Он уточнял свою мысль, раскрывал, как говорится. Он вырос, сложился физически, культурно и идейно еще до революции, когда в ауле еще царило средневековье, как борец против мерзкого старого; пережил буржуазную эпох, стал деятелем эпохи социализма…

– История действует основательно, – говорил он, повторяя известное выражение, – она не признает полумер и искусственностей. Все в ней естественно, закономерно. И художественные творения должны быть верны этой естественности, закономерности.

В своей бессмертной эпопее «Абай» и «Путь Абая» Мухтар Омарханович с величайшей реалистичностью, без малейшего нажима и искусственности, убедительно показал сложнейшие миры дореволюционного аула; показал обреченность старого, неотвратимость нового.

Теперь он, работая над новой своей эпопеей о людях семилетки, с той же неизменной верностью реализму создавал образы деятелей новой жизни, нового, коммунистического счастья, героя нашего времени.

И хотя Мухтар Омарханович, не раз признавал, что он человек ряда эпох, по существу он сам был живым образцом героя нашего времени.

Неутомимый труженик, разумно, научно обдуманно организованный свой большой творческий труд, ненасытный искатель нового, безгранично влюбленный в наше советское сегодня, непоколебимо верящий в коммунистическое завтра; всегда подтянутый, предельно организованный, готовый в любой миг ринуться в поход во имя торжества высоких идеалов нашей эпохи – Мухтар Омарханович был проникнут духом нашего времени, заражал им окружающих.

Темирлан НУРТАЗИН

1 июля 1961 г.

С днем рождения!

Совет народных комиссаров СССР 20 октября 1933 года принял постановление «О подготовке кадров для Казахстана». В нем говорилось о создании ряда новых и реорганизации существовавших высших учебних заведений республики, о стройтельстве специальных зданий, о подготовке научных и педагогических кадров.

Особый пункт постановления гласил: «Организовать на базе существующего в г. Алма-Ате педагогического института Казахский государственный университет, обязов Наркомат просвещения РСФСР в 2-х месячный срок разработать все необходимые мероприятия с тем,чтобы первый курс университета начал работать с 1 января 1934 года.

Торжественное открытие университета состоялось 15 января 1934 года, а 19 января 54 студента начали занятия на двух факультетах – биологическом и физико-математическом.

Газета «Казахстанская правда» в те дни писала: «Трудящиеся Казахстана, встречая VIII краевую партконференцию и XVII съезд ВКП(б) открытием государственного университета, вписывают в история своего развития еще одну светлую страницу побед ленинской национальной политики партии».

Так осуществивилась вековая мечта казахского народа о создании в республике крупного учебного центра по подготовке научных и педагогических кадров.

Октябрь, 1962 г.

Ағаны еске түсіру

Өткен айдың соңғы аптасында Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің үлкен мәжіліс залында Мұхтар ағаны еске түсіру кеші болып өтті.

Кеште белгілі ғалым, Мұхтар ағаның бірге өскен құрдасы, академик Әлкей Марғұлан жазушының жас кезіндегі өмірі жайлы айтып берді.

Қазақ ССР-нің халық артисі Шахан Мусин М.Әуезов жасаған өшпес бейнелердің сахнадағы сәттері туралы әсерлі сөз сөйледі. Ал ақын Ғафу Қайырбеков қазақ совет әдебиетіне, поэзиясына Мұхтар Әуезовтің жасаған зор қамқорлығын айта келіп, жазушыға арнаған бірнеше өлеңін оқыды.

Ағаны еске түсіру кеші әсем ән, күмбірлеген күйге ұласты.

Жүнісбек СҰЛТАНМҰРАТОВ
1963 ж.

Біздің интервью

Қадір Мырзалиев:

– Мен алғаш оқуға түскенде бірлестікті Еркеш Ибраһим басқарады екен. Кейіннен оның белсенді мүшелерінің бірі бола жүріп, жұмысының жандануына атсалыстым. Бірде творчестволық тәжірибеңізді айтыңыз деп, жазушы Ә.Тәжібаевты кездесуге шақырдық. Көп сырластық. Шығарманы тудыруға арқау болар жайлар, қызықты ойлар ортаға салынды. Бұл өзі жас талапкерлерге қозғау салады екен.

Бізден кейінгі түлектердің де ағалармен сұхбаттасып, ізденіп, үйреніп отыруын қалар едім. Бірлестік Мұқаңның атын алған екен, алып Мұқаңды арқа тұта отырып, атына сай ісі болсын бірлестіктің.

Әділбек Абайділданов:

– Ұзатылып кеткен қыз төркінін сағынады. Тілеулес болады. Сол сияқты біз де әрқашан ұшқан ұямызды аса құрметпен еске алып, оның қабырғасында өткізген жарқын шақты аңсаймыз.

Университетте жүргенде көп үйірілетініміз бірлестік маңайы еді. Ол ұшырған алдыңғы түлектер сақа тартып қалса, соңғылары жаңа талпынып келеді. Сырттан бірлестік мәжілісін қадағалап, қатарының өскеніне қуанамыз. Кейде өз туған әдебиетімізбен қатар, орыс, батыс елдері әдебиеті туралы сөз болатынын естісек қатты сүйсінеміз. Бұл жақсы нышан. Сол дәстүр жалғана берсін.

Өтеген Күмісбаев:

– Айналып кетейін, университетім! Бойымдағы бар жақсылығыммен саған қарыздармын. Тұсыңнан өткен сайын студенттік албырт күндерімді іздеп, жаутаңдап қарап өтемін. Мен саған басымды иемін, алтын ұям!

Жазып алған Аян НЫСАНАЛИН

19 наурыз 1964 ж.

5 мая – День печати

После победы Великой Октябрьской социалистической революции Коммунистическая партия страны советов, В.И.Ленин проявили большую заботу о развитии многонациональной печати нашей страны. В.И.Ленин рассматривал создание национальной печати как одну из важнейших составных частей культурной ревоюции.

Возникшая в канун Великого Октября в 1917 году газета «Тіршілік» стала первой казахской советской газетой, органом Акмолинского ревкома, затем Совдепа. На ее страницах было опубликовано обращение Советского правительства «Ко всем трудящимся мусульманам России и Востока», подписанное В.И.Лениным. Обращение было переведено на казахский язык одним из организаторов газеты поэтом-коммунистом Сакеном Сейфуллиным.

К середине 1918 года появляются советские газеты на казахском языке: в Верном «Мухбир», в Оренбурге «Қазақ мұңы» – орган Тургайского областного совета. В 1919 году начали издаются в Урде «Дұрыстық жолы», в Семипалатинские – «Қазақ тілі», в Петропавлске – «Бостандық туы», 17 декабря 1919 года в Оренбурге, ставшем столицей Казахского края, вышел первый номер газеты «Ұшқын» («Искра») – орган Кирревкома, которая является предшественницей нынешней республиканской газеты «Социалистік Қазақстан».

Созданию казахской национальной печати помогла известная записка В.И.Ленина от 4 июля 1920 г. В.В.Воровскому (Госиздат) и ВСНХ о том, что казахские «товарищи просят помощи, чтобы добыть словолитню, типографию и бумаги». Ленин просил «принять их, оказать им всяческое содействие».

Такая помощь была оказано Казахстану, и это дал возможность расширить издание газет и книг на казахском языке. 16 ноября 1920 г. вместо «Ұшқын» стало выходить «Еңбек туы». С 1 января 1920 года вышел первый номер газеты «Известия Киргизского края», родоначальница нынешней «Казахстанской правды». В период восстановления народного хозяйства происходило дальнейшее хозяйства пройсходила дальнейшее формирование и развитие казахской партийно-советской печати.

1964 г.

Наш факультет

В апреле исполняется 28-летие юридического образования в Казахской ССР. Постановлением Совета народных комиссаров СССР Алма-Атинский институт советского строительства в апреле 1938 года был реорганизован в государственный юридический институт. В 1955 году он был преобразован в юридический факультет Казахского государственного университета им. С.М.Кирова. За 28 лет Алма-Атинский государственный юридический институт, а затем юридический факультет выпустил около 6 тысяч высококвалифицированных юристов для работы в органах суда, прокуратуры, Министерства охраны общественного порядка, адвокатуры и других звеньях советского государственного аппарата. Юристы высшей

квалификации, которых готовит факультет, в своей деятельности стоят на страже социалистической законности, защищают интересы советского государства, ведут борьбу с преступностью, охраняют законные права и интересы советских людей.

В 1938 году в Казахстане было всего три кандидата юридических наук, а ныне в республике имеется более 60 докторов и кандидатов юридических наук. В том числе 49 докторов и кандидатов являются выпускниками нашего факультета. Такие, как С.З.Зиманов, Ю.Г.Басин, К.Ф.Котов, докторов юридических наук. На факультете ныне работает 35 штатных преподавателей, почти все они являются кандидатами или докторами наук.

Перед нашим факультетом стоит задача еще повысить качество подготовки кадров, выпускать высококвалифицированных, вооруженных марксистско-ленинской теорией юристов для работы в различных аппаратах государства.

До настоящего времени юридические факультеты готовили специалистов преимущественно для органов прокуратуры и суда. Сейчас такие специалисты не менее нужны в аппарате местных советов, в хозяйственных организациях и учреждениях. Огромные масштабны хозяйственного строительства в нашей стране требуют усиления внимания к соблюдению законности по всей работе предприятия и организации, а это в свою очередь повышает роль юридической службы этих предприятий.

Наряду педагогической и учебно-воспитательной работой профессорско-преподавательский коллектив факультета ведет большую научно-исследовательскую работу. С 1952 года изданы 10 томов трудов и научных записок факультета, в которых напечатано много статей по вопросам государства и права СССР и республики, а также иностранных государств. Только за последние годы преподавателями факультета написано более 30 монографий и много брошюр.

Основным направлением научной работы факультета на предстоящий период является дальнейшая разработка вопросов государства и права, участие в кодификации законодательства республики, составление учебных пособий и учебников по различным отраслям права Казахской ССР.

Поздравляя весь коллектив юридического факультета с Днем юриста, хочется пожелать всем студентам быть всегда во всем честными и правдивыми, следовать заветам великого Ленина, соблюдать социалистическую законность, не ронять честь и звание юриста, с гордостью носить имя советского юриста на протяжении всей жизни.

Пусть пройдут годы, но не проходят чувства любви и уважения к советским людям, честь, достоинство и жизнь которых вы призваны охранять!

Султан САРТАЕВ,
доцент, декан юридического факультета
22 апреля 1966 г.

Выписка из совместного Постановления ЦК Компартии Казахстана и Совета Министров Казахской ССР № 421 от 17 июня 1966 года

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ КП КАЗАХСТАНА
И
СОВЕТ МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

От 17 июня 1966 года № 421

Алма-Ата, Дом Правительства

О СТРОИТЕЛЬСТВЕ КОМПЛЕКСА УЧЕБНО-ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ И ЖИЛЫХ ЗДАНИЙ КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ С.М. КИРОВА

В целях расширения, улучшения университетского образования в республике и укрепления учебно-материальной базы Казахского государственного университета имени С.М. Кирова Центральный Комитет КП Казахстана и Совет Министров Казахской ССР постановляют:

1. Построить комплекс зданий Казахского государственного университета имени С.М. Кирова на 5 тыс. студентов, состоящий из учебно-производственных зданий объемом в 300 тыс. кубометров, студенческих общежитий – на 3000 мест, жилых домов для профессорско-преподавательского состава на 150 квартир.

<.....>

4. Министерству высшего и среднего специального образования Казахской ССР в 1966 – 1967 годах обеспечить изготовление проектно-сметной документации на строительство комплекса зданий Казахского государственного университета им. С.М. Кирова.

Секретарь
Центрального комитета
КП Казахстана *Д. Кунаев*

Председатель Совета
Министров Казахской ССР *М. Бейсебаев*

Выписка из Постановления Совета Министров Казахской ССР

№ 550 от 6 августа 1966 года

СОВЕТ МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

От 6 августа 1966 года № 550

Алма-Ата
Дом Правительства

ОБ ОТВОДЕ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ПОД СТРОИТЕЛЬСТВО КОМПЛЕКСА ЗДАНИЙ КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ С.М. КИРОВА

В соответствии с постановлением Центрального Комитета КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР от 17 июня 1966 года № 421 Совет Министров Казахской ССР постановляет:

1. Принять предложение Алма-Атинского облисполкома об отводе в постоянное пользование исполкому Алма-Атинского городского Совета Депутатов трудящихся земельного участка общей площадью 60 гектаров из земель совхоза «Горный гигант» Илийского района для строительства учебных, производственных и жилых зданий Казахского государственного университета им. С.М. Кирова.

Отвод земель для этой цели производить отдельными участками в соответствии с годовыми планами застройки. Отведенные земельные участки включить в городскую черту города Алма-Аты.

<.....>

Председатель Совета Министров Казахской ССР *М. Бейсебаев*

Управляющий делами Совета Министров Казахской ССР *А. Тулинев*

копия

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ КП КАЗАХСТАНА И СОВЕТ МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

от 20 апреля 1967г № 285

Алма-Ата,
Дом Правительства

О ЧАСТИЧНОМ ИЗМЕНЕНИИ ПОСТАНОВЛЕНИЯ ЦК КП КАЗАХСТАНА И СОВЕТА МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР

от 17 июня 1966г № 421

Центральный комитет КП Казахстана и Совет Министров Казахской ССР постановляют:

I. В частичное изменение постановления ЦК КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР от 17 июня 1966г №421"О строительстве комплекса учебно-производственных и жилых зданий Казахского Государственного университета им.С.М.Кирова"пункт I указанного постановления изложить в следующей редакции:"Построить комплекс зданий Казахского государственного университета им. С.М.Кирова на 10 т. студентов дневных отделений, студенческих общежитий на 8 т.мест и жилых домов для профессорско-преподавательского состава на 300 квартир.

Строительство университета осуществить в две очереди: первую очередь в 1972году, вторую -в 1975году.

2. Поручить Госплану Казахской ССР и Министерству высшего и среднего специального образования Казахской ССР согласовать с Госпланом СССР проектирование зданий университета и обеспечить изготовление проектно-сметной документации на его строительство в 1967-1968гг.

Секретарь Центрального Комитета КП Казахстана

Председатель Совета Министров Казахской ССР

копия верна:

Сапардағы ой

(«Аруақтар жебейді» атты циклдан)

Көз сүрінер жерде қалу екен мін,
Құба белдер қол қусырып тұр алдан.
Биктігі мәртебелі мекеннің,
Ұлылық пен кішіліктен құралған.
Беткейінде өзін от қып жақса кім,
Қараңғыда қабірімен жол сілтеп,
Жүрек біткен түзеп алып мақсатын,
Барар жерін әріректен көрсін тек.
Өкінбегей ол мұратқа жетпесе,
Дала төсі толы үміт!
Қанша арман-арман болып көтерсе,
Сонша қиял жатыр онда көміліп.
Бүгінгі күн куәсіндей осының,
Ұйқы бермей сөнген көздер жарқылы.
Өз жолына ұрпақ жолы қосылып,
Жан баспаған шыңға шығу арқылы.
Тірілердің құрметіне бөленген,
Өлілердің иығында келем мен!

Жарасқан ӘБДІРАШЕВ

4 шілде 1967 ж.

Космонавтпен кездесу

Таяуда Совет Одағының Батыры, ұшқыш-космонавт Валентин Витальевич Лебедев университетімізде қонақта болды. Батыр-космонавтпен кездесу бұрын-соңды оқу орнында болмаған еді. Содан да болар, бәлкім, көк зеңгір әлем зерттеушісі, батыр-ұшқышқа деген ілтипат пен оны көруге деген іңкәрлік сезімінен де болар, әйтеуір, университеттің №4 корпусының үлкен акт залында отырар бос орын қалмады.

Президиум столының маңдайында «Космос барлаушыларының даңқы арта берсін!» деген алқызыл ұран алаулайды. Залды көңілді музыка әуені кернеп тұрды. Сол сәтте залға енген космонавт пен осы кездесуді ұйымдастырушылар тобына деген халық ықыласы мен құттықтауы, оның құрметін сөзбен айтып жеткізудің өзі мүмкін емес еді. Қонақтар президиумға көтерілген соң, Совет Одағының гимні ойналды. Зал сілтідей тынып, қаздия қалған жастар космостық кеңістікті игерген советтік Отанымыздың даңқына бас ие, оның батыр ұлына сүйсіне бір сәт үнсіз қалды.

Кездесуді университеттің партия комитетінің секретары Е.А.Кузнецов жолдас ашты.

Мінбеде сөз алған Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Б.Бірімжанов, биология факультетінің 3-курс студенті Ш.Есеновалар космонавтты университет студенттері мен ұстаздары атынан құттықтап, оларға деген осы үлкен коллективтің жылы лебізі мен ыстық ықыласын жеткізді.

Соңынан космонавт В.В.Лебедев жолдастың өзі сөз алып, әлем кеңістігіне сапары туралы қызықты сыр шертіп берді. Және де кездесушілерге рақметін айта отырып, сүйікті Отанымыз бен халқымыздың сенімінен шығатындарын айтты.

Бұдан кейін университеттің ректоры, техника ғылымының докторы Ө.Жолдасбеков қазақ халқының салты бойынша батыр қонаққа шапан жауып, тымақ кигізді. Құттықтаушы жастардан космонавт құшағы лезде қып-қызыл гүл шоғына толды.

Осы бір ғажап кездесу аяғы мың бұралған би мен әсем үнді ән-күйге ұласты.

Б.ТӨЛЕУБАЕВ

1968 ж.

Газета – дело каждого

Объявлен смотр-конкурс вузовских многотиражных газет нашей страны. Он посвящается 100-летию дня рождения В.И.Ленина.

Организаторы конкурса – Министерство высшего и среднего специального образования РСФСР, ЦК ВЛКСМ, Союз журналистов СССР, Министерств культуры РСФСР и ряд других министерств утвердили требования, отвечая которым, газета может быть перспективной участницей этого соревнования.

1. Последовательно и целеустремленно пропагандировать на своих страницах ленинского теоретическое наследие, решения партии и правительства по развитию высшей школы; активно воспитывать студентов на примере жизни и деятельности В.И.Ленина; бороться за совершенствование учебного процесса, распространение передового опыта учебно-воспитательной и научно-исследовательской работы; помогать партийным, комсомольским, профсоюзным и других общественным организациям вузов в идейно-политическом воспитаний студентов, аспирантов, сотрудников вуза; регулярно освещать проблемы формирования классового самосознания в духе советского патриотизма и интернационализма; публиковать выступления ведущих ученых и преподавателей вуза по разоблачению буржуазной идеологии и морали, по критике различных антимарксистских теорий, возникающих среди молодежи и студенчества в других странах.

2. Иметь авторский актив, широко разви-

вать общественные начала в деятельности газеты, активно участвовать в организации работы стенной печати в вузе и систематичкой учебе общественных корреспондентов.

3. Добиться высокой действенности выступлений.

4. Иметь хорошее разнообразное художественное литературное и полиграфическое исполнение номеров газеты.

Для поощрения редакции и актив лучших газет устанавливаются 2 первых, 3 вторых и 5 третьих премий. Газеты получившие первые премий, утверждаются экспонатами павильона Советская печать на ВДНХ.

ОТ РЕДАКЦИИ. Газета тем лучше выполняет свою задачу, тем больше соответствуется своему назначению, чем большее число читателей, которым она адресуется, использует ее как свою трибуну, позволяющую поделиться идеями, размышлениями, предложениями, сомнениями, просто интересной новостью со всей университетской аудиторией. К сожалению, преподаватели, аспиранты, студенты далеко еще не в полной мере сознают и используют возможности, предоставляемые в этом деле газетой. Некоторые считают, что газета – чисто журналистское занятие, требующее писательских дарований. И забывают о другом. О том, что газету журналисты делают не для самих себя, а для читателей. Газета является в данном случае посредником, способствующим общению и взаимопониманию людей. Включаясь в конкурс, редакция обращает внимание своих читателей на эту сторону дела и напоминает, что газета его трибуна, что сообщая редакции об интересном событии, рассказывая о хорошем человеке, информируя о научном открытии, сигнализируя о недостатках и т.д., они делают это не для газеты, а для своих товарищей по университету. Поэтому редакция обращается ко всем читателям: пишите нам, звоните, заходите в редакцию.

21 апреля 1969 г.

Немного о факультете

Первый раз декана географического факультета Анатолия Васильевича Чигаркина я в кабинете не застала. Его в этот момент атаковали первокурсники, имеющие, как им казалось, не разрешимые вопросы. Требовательный звонок зовет ребят в аудитории, а Анатолий Васильевич направляется в кабинет.

– Расскажите об истории вашего факультета.

– Факультет образован в 1948 году. Тогда он назывался географо-геологическим. В 1961 году геологическое отделение было закрыто, так как его передали в ведомство политехнического института. Вместо него образовывается метеорологическое. Еще через четыре

года начались первые занятия на отделении гидрологии суши. А нынче из ста зачисленных 25 студентов специализируются по геоморфологии. В итоге на первом курсе уже четыре отделения, а на четвертом только два.

– Имеет ли ваш факультет отличия от таких же факультетов в других ВУЗах?

– Да. Наш факультет единственный в Казахстане готовит инженеров-гидрологов, метеорологов, геоморфологов. Окончившие, например, метеорологическое отделение имеют право работать инженерами-синоптиками, аэрологами, климатологами. Две третьих наших выпускников идут на производство: в Казахский гидрометеорологический институт, Управление гидрометеослужбы и т. д. Остальные преподавателями в школы.

– Факультет старый и, вероятно, не без своих традиций?

– Конечно. Каждый год на вечере встречи старшекурсников с первокурсниками, первые вводят в жизнь университета тех, кто только что получил студенческие билеты. Для того, чтобы студенты лучше познали свою будущую профессию (ведь многие о ней знают только поверхностно) мы приглашаем инженеров с производства. Это тоже стало традицией. Так в марте у гидрологов были гости из гидрометинститута Академии наук республики, института энергетики.

– Какое число будущих специалистов учится на факультете?

– 380 на дневном и 250 на заочном. У нас 37 преподавателей, из них 2 профессора. Для практических работ имеются лаборатории. Есть своя метеостанция и бюро погоды.

Л.ЖИЖКИНА

9 июня 1970 г.

Жүректен шыққан сөз жүрекке жетер


Осы жуырда ғана шығарған «Ақбұлақ» атты жаңа әнімді жаны жаз, көңілі ақ бұлақтай мөлдір Мұқаңа арнаймын.

Бәкір ТӘЖІБАЕВ

Күндіз-түні бір тынбай дала кезген шапқылап,
Құмар едім өзіңе бала кезден, Ақбұлақ.
Әнге бөлеп маңайды асып-тасып жатасың,
Ақмоншақтан аспанға шашу шашып жатасың.
Сенің келіп жағаңа әкем атын суарған.
Айналайын Ақбұлақ, асыр салған жағаңда,
Сенен артық өлкені бұл әлемнен табам ба!
Бойыңдағы барыңды иіп беріп жатасың,
Тынбай кезген даламның атырабын, Ақбұлақ.
Тұнығыма ойымды батырамын, Ақбұлақ.
Сар далаға саз беріп бір тынбаған, Ақбұлақ.
Қыз-жігіттен жасырын сыр тыңдаған, Ақбұлақ.
Сол бір сырды жасырып ала қашқан, Ақбұлақ.
Арудайын еркелеп мың бұралған, Ақбұлақ!

21 қаңтар 1971 ж.

Будущее КазГУграда



На снимке: макет студенческого городка

В Москве, в государственном институте по проектированию высших учебных заведений – Гипровузе закончено составление проекте нового здания КазГУ. Сейчас его факультеты разбросаны в разных частях столицы. Новый студенческий городок, строительство которого скоро начнется, поднимется с юга многоэтажными корпусами почти у самых отрогов Заилийского Алатау. Он займет пятидесятигектарную площадь в районе ул. Тимирязева, Водопроводной и р. Весновки.

Большой, красиво оформленный альбом фотографий в Алма-Атинский мастерской Гипровуза дает подробное представление о том, каким будет это, пожалуй, самое грандиозное в нашем городе строительство.

– Представьте себе окруженный густым

зеленым поясом городок с прямыми улицами, цветиками и газонами, с ровными кварталами зданий не совсем обычной архитектуры, – рассказывает главный инженер мастерской А.Г.Кузнецов. – Населению этого города в основном не больше 25 лет веселый жизнерадостный народ.

Студенческий городок разбит на три зоны. Вот как будут они выглядеть.

Учебная зона состоит из главного 15-этажного корпуса, который находится в четырехугольнике зданий. Высотная часть, отведенная под ректорат, запроектирована из металлического каркаса, а окружающие его трехэтажные учеба, демонстрацию кинофильмов, показ спектаклей, концертов, проведение лекций, конференций республиканского и общественного значения.

Следующей идет спортивная зона. Первая очередь ее состоит из четырех спортзалов для проведения учебно-тренировочных занятий по гимнастике, волейболу, баскетболу, фехтованию и т.д. С окончанием строительства второй и третьей очереди появяться футбольные поле, бассейны, различные спортивные комплексы.

Недалеко столовая на тысячу мест с удобными столиками, буфетами, электрокухней, всем необходимым современным кухонным оборудованием.

Много выдумки вложили архитекторы в создание жилой зоны. Первая очередь ее примет 4400 студентов, вторая – еще 3045. Пятиэтажные корпуса общежитий составят как бы небольшой городок с улицами, обсаженными зеленью, цветниками. В комнатах, рассчитаемых в основном на два-три человека, все удобства. В каждом корпусе просторные вестибюли, комнаты для занятий и отдыха, буфеты.

Последняя – хозяйственная зона. В нее входят помещения для обслуживающего персонала, профилакторий и поликлиника на 250 приемов, баня, котельная на газовом топливе, мастерские, гаражи, бензозаправочная станция и трансформаторная подстанция.

Как уже говорилась, студенческий городок раскинется у отрогов гор. Архитекторы и проектировщики предусмотрели максимальное использование рельефа местности. Например, на перепадах бассейны будут иметь как бы самоизливающиеся каскады. В зеленой зоне, которая явится своего рода противошумовым барьером, будут преобладать декоративные, хвойные и фруктовые породы деревьев, цветущие кустарники. Зеленый пояс органически сольется с окружающими садами, природным ландшафтом.

Многих, разумеется, интересует вопрос: когда начнется строительство университета? Уже утверждено проектное задание. В этом году начнутся подготовительство работы. Полным ходом строительство первой очереди начнется в будущем году.

К.ИГОРЕЕВ

26 февраля 1971 г.



ҚазМУ қалашығының жобасы.

Суретте Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев және жоба жетекшісі Ө.А.Жолдасбеков













ҚазМУ ректоры Ө.А.Жолдасбеков құрылысшылар ортасында



КазГУград құрылысындағы университет студенттері





Хал қалай, қабырға газеті?

Университетіміздің көптеген студенттері өз өмірлерінің күрделі де қызықты жақтарын, басқалардың ізденіс-толғаныстарын әр уақытта өз қабырға газеттерінің беттерінен іздеп тұратынын байқаймыз. Олары заңды да, өйткені өз шаңырағымыздағы маңдайалды ұстаз-ғалымдардан бастап, бірінші курс студенттеріне шейін қолжазба газет жұмысына шама-шарқынша араласып, көкейкесті ойларын талдап-талғап ұсынуға тырысады. Факультет газеттерінің мазмұн-маңыз деңгейінің қандай дәрежеде болуы осы талаптардан барып шықпай ма? Ал біздегі барлық қабырға газеттері сол жауапты межеден көріне алып жүр ме, жоқ па?

Біздің бүгінгі сөзіміз физика және механика-математика факультеттерінің қабырға газеттері турасында. Жүрек соғыстары қалай, мақсаттары не, алғы күндерге жоспарлары қандай?

Большое количество сотрудников университета участвовало с докладами на международных конференциях, проходивших в нашей стране: совещание АН социалистических стран по «Солнечной физике» (Тбилиси, сентябрь, 1976 год), международная конференция по аморфным и стеклообразным проводникам (Москва, сентябрь, 1976 год) и другие.

К сожалению, по различным причинам еще мало удается нашим ученым участвовать в международных форумах. Творческие связи с зарубежными учеными имеют большую научную ценность и их укрепление способствует по вышению уровня научных исследований в университете.

Собкор.

12 февраль 1977 г.

Наша гордость и слава

«Сегодня на многих континентах планеты Абай встает во весь свой гигантский рост со страниц знаменитой Ауэзовской эпопеи «Путь Абая» – одного из классических произведении социалистического реализма. С чувством глубокой признательности и благодарности сегодня мы должны еще раз вспомнить и о создателе этой величайшей эпопеи – Мухтаре Омархановиче Ауэзове, ибо благодаря его таланту великий Абай как бы заново обрел свою жизнь…»

Д.А.КУНАЕВ

В вестибюле, как только войдешь в главный корпус университета корзина с охапкой терпких осенних цветов. На алой ленте золотом-надпись: «Мухтару Омархановичу Ауэзову от студентов и сотрудников Казахского ордена «Трудового Красного Знамени» государственного университета имени С.М.Кирова».

Через несколько минут эта день памяти великому казахскому советскому писателю, 80-летний юбилей которого отмечает наша страна, будет возложена к бюсту Ауэзова.

Медленно и торжественно движется процессия, и вот неярким пламенем заалели астры у подножия памятника… Минута молчания…

ЮБИЛЕЙНЫЕ ТОРЖЕСТВА

В этот день светлый актовый зал математического факультета с трудом вместил всех гостей, при на юбилейное заседание Ученого совета университета «Мухтар Ауэзов – гордость и слава нашего народа», начертано на алых транспорантах. И действительно, именно эта мысль подчеркивалась всеми именитыми заслуженными людьми, выступапшими перед собравшимися.

А до начала торжества, перед тем, как почетные гости заняли места в президиуме за алым бархатом стола, на экране замелькали кадры из фильма о Мухтаре Ауэзове. Какое все-таки великое искусство – кино! Вот он, наш Мухтар-ага, мы видим его улыбку, слышим голос, идем рядом по дорожкам парка.

Когда миллионы солнечных лучиков вновь брызнули сквозь рас пахнутые шторы окон, зал не сколько мгновений сидел в глубоком молчания: друзья, знакомые Мухтара Омархановича, те, кто знал его лично, переживали себе одновременно радость этой встречи и горечь невосполнимой утраты. И мы молодежь, поколение. Которое знает своего великого землика по его произведениям,

рассказам своих учителей, тоже взволнованы до глубины души этой встречей.

В президиум поднимаются почетные гости. Писателя рядом с дочерью Ляйла Ауэзовой садится министр иностранных дел КазССР, доктор филологических наук М.Базарбаев, одни дел учеников Ауэзова, рядом член-корреспондент АН КазССР, академик-секретарь отделения общественных наук З.Ахметов, еще многие-многие высокие гости: писатели, ученые, ректоры вузов республики.

Как много теплых, хороших слов было сказано в этот день о Мухтар Ауэзове – писателе, философе, социологе, филологе, видном общественном деятеле, создателе многих теоретических курсов.

Собкор.

Март, 1977 г.

Даланың ұлы жыршысы

Мұхтар Әуезов творчествосы – қазақ өнерінің ұлттық және интернационалдық сипатын айрықша терең танытатын ғажап құбылыс. Ғасырлар бойы өнерпаздардың мың сан ұрпағы жасаған шебер де әсем өрнектер, әуез-сарындар, мотив идеялар, ауыз әдебиетіндегі томырылып жатқан байлықтар, жазба әдебиеттегі қазыналар ұлы қаламгер шығармаларына нәр беріп, оның әлем мәдениетіне құнарлы, арналы өзен болып құйылуына жағдай жасады.

Кемеңгер жазушы творчествосы Ұлы Октябрь социалистік революциясының арқасында ұлттық өркендеудің сара жолына түскен, қайта туып түлеген, тұсаудан, езгі, қорлық, тепкі, отаршылдық атаулыдан түгел құтылған қазақ халқының бостандық кезінде әлемдік мәні бар асыл туындылар бере алатынын алғаш жария еткен, маркстік-лениндік дүниетанымға негізделген, озық үлгілердің баршасының мұрагері, социалистік реализм әдебиетінің алтын қазынасындағы інжу-маржандай, күллі совет халқының эстетикалық байлығына айналған жалпылық мәні бар рухани дәулет.

Табиғатынан керемет дарынды жаратылған Мұхтар Әуезовтің ұлттық данышпанымыз Абаймен туыс, елдес, жерлес болуы оның өмірлік тағдырына шешуші ықпал жасаған факторлардың бірі. Сахарада арыстан секілді шөгіп жатқан, әрбір жолы тарих шежіресін шертіп тұратын қазыналы, құтты Шыңғыстау екі алыптың – Абай мен Мұхтардың атамекені, тал бесігі. Аруақты ақындар шыққан сыбан елінің қызы, ұлы шешесі Дінасыл анасының бауырында Мұхтар балалық шағының көшпенді елдегі барлық қызығын көрумен қоса, ертегі-жырды, аңыз-әңгімені түгел естіген,

зерделі құлақ бәрін түгел құйып алған. Осы Шыңғыстауда Мұхтар тұңғыш ғашық болған, перзент сүйген, тұңғыш еңбек етіп, бала оқытқан; тұңғыш шығармаларын жазған, шырқап кеткен шағында туған ауылында апталап-айлап жатады екен; қасына әңгімешіл, өнерпаз серіктерін ертіп, тау-тасты, өлке-өзенді атпен аралайды екен. 1957 жылы күзде жасы алпысқа келген, даңқы әлемге жайылған жазушы көп жылқының ішінен бұрынғы Абай ауылының жүйрігін жазбай таныды, кәрі-жасты, ел-жұртты таңғалдырып, көзіне моншақ-моншақ жас алып тұрды. Кім білген, бұл ұлы суреткердің өмір бойы жырлаған атамекен, туған жері Шыңғыстаумен, ауылдас ағайынмен қоштасқаны екен ғой.

Білім алу жөнінен Мұхтар Әуезов қолын мезгілінен кеш сермеген жоқ: ол XX ғасырда қазақ баласына мүмкіндік болған мектеп сатыларының бәрінен өтті: училище, семинария, университет, аспирантура. Даланың жыршысы Мұхтар Әуезов көп ғұмырын қалада өткізді: Семей, Орынбор, Ташкент, Ленинград, Москва, Алматы. Дүниежүзінің бірқыдыру елдері Әуезовтің үнін естіді: Америка Құрама Штаттары, Жапония, Үндістан. Қаламгер Әуезов әртүрлі қызмет істеді, атақ-дәрежеге ие болды: Семей губревкомының мүшесі, ҚазЦИК-тің мүшесі, КазГУ, МГУ профессоры, академик, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты.

Әйгілі эпопеяның бірінші кітабы шыққанда Мұхтар Әуезов қырық бесте, ал тұңғыш әңгімесі жарияланғанда жиырма төртте. Осы екі ортадағы жиырма жылда суреткер негізінен пьеса, әңгіме, повесть жазды. Алғашқы әңгімесі – «Қорғансыздың күні» маңызды, күрделі әлеуметтік құбылысты бейнелейді. Бұл шығарманың жазылу әдісін құру мәнерінде, композициялық құрылымында, сөз жоқ, әлемдік реалистік әдебиеттің, ең алдымен орыс әдебиетінің, орыс прозасының дәстүрлі бағыты зер салған адамға айқын көрінеді. «Бейшара Лизадан» «Қылмыс пен жазаға» дейін созылып келген гуманистік идея, адам өлімін, трагедияны көрсетіп отырып, үлкен сырлар шерту сарынын жас қаламгер жақсы меңгерген. Пейзажды, диалогты, монологты, адам психологиясын ашудың ұтымды тәсілі ретінде пайдалану Әуезовтің жазушылық ерекшеліктерінің біріне айналды. Алғашқы әңгімедегі әуендер кейін көптеген туындыларда қайта өршіп, дамып, өрлеп отырады. Жазушылық сапардың бастапқы кезеңіндегі туындылардың ортақ сипаты – олардағы трагизм, әлеуметтік қақтығыстар, адамның ішкі әлеміндегі қайшылықтар, осының баршасында келісім, бітім, ат кекілін кесіп кету, жыртылып айырылу, морт сыну, өліммен тыну бар. Мұхтар Әуезов қазақ ауылын революцияға алып келген әлеуметтік құбылыстарды, антагонистік қайшылықтарды сұсты келбетті реалистік, трагедиялық шығармалар арқылы шынайы бейнеледі.

Абайға жеңгелері қойған «Телғара» деген атты айдар етіп, роман жазбақ болған Мұхтар Әуезов творчестволық еңбектің барысында ұлттық эпопея жасауға бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кетті. Романда әлеуметтік таптық қайшылықтарды тарихи тұрғыдан социалистік реализм принциптеріне лайық сипатта шыншылдықпен, тамаша, жанды, сенімді образдар арқылы көркем бейнеледі. Антагонистік қайшылықтар адамдар характерінің шарпысуы, айқас арқылы суреттеледі. Эпо-

пея бастан-аяқ өмір көріністеріне, динамикаға, тіршілік тынысына, қимыл-қозғалысқа толы. Романда тарау-тарау, сала-сала, белдеу-белдеу жолдар бар, олардың дәл ортасындағы қасқа жол – қазақ халқының прогреске, бостандыққа тартқан, таңға қарай бет алған жолы – Абай жолы.

Тіршіліктің барлық бояуын көрсеткен ғаламат шығарманың сан алуан көркем қабаттары халқымыздың өткен тарихын, рухани әлемін, әсемдік идеяларын көз алдыңа алып келеді. Бұл романда атан жілік батырлар, ақылгөй даналар, керауыз билер, қара жүрек болыстар, ғашықтар, ақындар, аталар, аналар, балалар, сан буынның өкілдері бар. Ән, жыр, қара қобыз, кәрі домбыра бар. Қысқасы, «Абай жолы» эпопеясында қазақ халқының ары, намысы, арманы, мәңгілік ғұмыры бар.

«Абайтану» атты жаңа, ғылыми пәнді негіздеген профессор Мұхтар Әуезов өзінің барқыт қоңыр үнімен кей шақта ақырын жөткіріп қойып, бейнебір данышпан Абайдың тірі өзіне ұқсап, аудиторияны ұйытып, сөзден кесте төгіп, жас жүректерді тылсымдай баурап, лекция оқып тұрар еді:

– Менің тілімде Абай тілінің өрнек, бояуы бар. Менің романымды терең ұғамын десеңдер Абайды, Абай поэзиясын оқыңдар.

Мұхтар Әуезов, тірі болса, осы айда 80 жасқа толар еді. Бірақ ол өлген жоқ: ұлы қаламгердің есімі кеме болып теңіздерде жүзсе, көше болып созылып, қала болып құлпырып тұр.

Мұхтар Әуезов әрқайсымыздың жүрегімізде.

Мұхтар Әуезов – сарқылмайтын, бітпейтін, жасарып, жаңғыратын, өмірдің өзіндей, жапырағы мәңгі жап-жасыл, жалғаса беретін құбылыс.

Рымғали НҰРҒАЛИЕВ
Шілде, 1977 ж.

Көне жазулар сыры

Әбсаттар Дербісәлиев 1947 жылы туған. 1970-1975 жылдары Москваның Шығыстану институтында оқыған. 1975-1976 жылдары Марокко Араб мемлекетінің астанасы Рабат қаласындағы Мұхамед V атындағы университеттің араб тілі мен әдебиеті факультетінде стажировкада болған. 1977 жылы Москва Шығыстану институтында «Арабтілді Марокко әдебиетінің даму дәуірлері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Қазір филология ғылымының кандидаты Әбсаттар Дербісәлиев университеттің филология факуль-

тетінде араб тілі мен түркі халықтарының ежелгі әдебиетінен дәріс оқиды. Ғалымның көптеген зерттеу мақалалары орталық және республика баспасөзінде жиі көрініп жүр. Төменде Дербісәлиевтің жаңа зерттеуінен үзінді жариялап отырмыз.

Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков екеуміз Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи мавзолейінде болдық. Осы ескерткіш Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қамқорлық көмегі және Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің «Қазреставрация» ғылыми-зерттеу жобалау шеберханасы, Алматының «Промпроект» ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары, Москваның Фундаментпроект институтының мамандары, Бүкілодақтық өндірістік реставрациялық комбинатының шеберлері тізе қоса отырып, жетпісінші жылдардан қалпына келтіру жұмысын бастап, оны күні бүгін аяқтау үстінде екен. Ондағы көненің көзі – асыл мүліктер мемлекет қарамағына алынып, халық мұрасы ретінде көздің қарашығындай сақталуда.

Мавзолейдің ішкі және сыртқы қабырғаларында араб тілінде жазылған сөздер көп боп шықты. Сондай-ақ мұнда XIV ғасырдан бастап, XX ғасырдың аралығын қамтитын атақты кісілерге қойылған құлпытастар да сақталыпты. Музейдің меңгерушісі Орынбай Дастанов екеуміз оларды көріп жүрміз. «Отыздан астам мрамор және әк тастар бар. Әрқайсысының салмағы жарты тоннадан аспаса, кем түспейді. Осы құлпытастардың бетіндегі жазуларды талай оқымыстылар келіп көріп, оқымақ болып еді, бірақ, өкінішке қарай, сырын толық шеше алмады, құпиясын ішке бүккен күйі жатыр мұнда, бұлардың әрқайсысы бір-бір тарих қой», – дейді ол кісі маған сынай қарап. «Сіз не істей алар екенсіз?» дегендей. Бұл тастар мен ондағы жазулардың тарихы қызық екені рас.

Дегенмен әуелгі сырды Қожа Ахмет Йасауидің кім екенін сөз етуден бастайық. Ол араб дүниесінде туған софылық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі еді. Жалпы, «суфи» яки «софы» деген сөзді араб лұғатынан төл тілімізге тәржімаласақ, «мистик» деген мағына береді. Осы мистиктер поэзиясы XII ғасырдың басында арабтар Диджла (Тигр) және Әл-Фурат (Ефрат) өзендерінің батыс жағасында тұрып, шығыс жақта жатқан Орта Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген түркілер елін Мауаран-Нахр деп атаған біздің туған топырағымызға да келіп жетті. Қазақ жерінде осы ағымды берік ұстанған ақындар софылар немесе шайырлар деген атпен белгілі болды. Тіпті олардың өзіндік мектебі де болған еді. Солардың ішінде Йасы (Түркістан) қаласында Худжа (Қожа) Ахмад (Ахмет) Йасауи негізін салған шайырлар

мектебі өз заманасында мықтап дәуірледі. Бұл кездейсоқтық та емес-тін. Өйткені Еуропадан Азия арқылы Үнді, Қытай еліне баратын керуен жолы тап осы Йасы қаласы арқылы өтуші еді. Тоғыз жолдың торабында тұрғандықтан да, бұл шаһар күні кешеге дейін түркі халықтарының үлкен мәдени орталықтарының бірі болды. Мұнда белгілі тарихшылар, жылнамашылар, ғалымдар, әдебиетшілер мен ақындар жиі бас қосатын. Йасы, сондай-ақ Дешті Қыпшақ даласын Самарқанд, Бағдад шаһарларымен және сонау Солтүстік Африкадағы Мысыр елімен де жалғастыратын. Міне, осы Йасы орта ғасырларда оңтүстік өлкесінде Отырардан кейінгі дәрежеде тұрғанмен де, әдебиет пен мәдениеттің алтын бесіктерінің бірі болды. Бұл қаладан Сулайман әл-Бақырғани (XII), Ахмед әл-Ахмет 1094 жылы Йасы қаласында дүниеге келген. Кейбір деректерге қарағанда, ол қазіргі Шымкент қаласының оңтүстік-шығысында жатқан ежелгі Исфиджаб (Сайрам) шаһарында туылған сияқты. Өйткені оның ата-анасы Ибраһим мен Қарашаш осында тұрып, осы жерде қайтыс болған. Олардың зиратына орнатылған күмбездер де осы Сайрамда тұр.

Араб, парсы биографтарының жазбаларына қарағанда, Ахметтің әкесі заманының сауатты, көзі ашық адамы болған. Бала Ахметке араб, парсы тілдерін таяу жатқан Иран, Араб жұртындағы Исфаһан, Бағдад шаһарларынан ұстаз жалдап оқытады. Он алты жасының өзінде-ақ жас Ахмет шығыс поэзиясын, әдебиетін, фәлсафасын жетік меңгереді. Он жеті жасынан бастап өзі де шығыс поэзиясының үлгісімен өлең жаза бастайды. Ол өз жырларын сол кездегі шайырлар секілді араб, парсы тілдерінде емес, өзінің ана тілінде жазған. Йасауи творчествосының құндылығы да осында.

Ахмет – ел ішінде әділдігімен де аты шыққан адам. Шешендігі мен даналығы жерлестері арасында оны сый-құрметке бөлейді. «Ахмет айтып еді» деген қанатты, ғибратты, өсиет-насихатқа толы сөздер елден-елге тарайды. Қожа Ахмет 1157 жылдар шамасында алпыс үш жасқа толғаннан кейін «пайғамбар жасына жеттім, бұдан әрі өмір сүруім күпірлік» деген оймен осы күнгі өзінің мавзолейінен оңтүстік-шығысқа қарай жүз-жүз елу метрдей жерден жер астын қаздырып, Аллаға құлшылық ететін бір кісілік жерасты мешітін салдырады. Күні бүгінге дейін сақталған бұл үйдің ортаңғы бас бөлмесінің кеңдігі 2х2, ал биіктігі бір жарым метрдей, яғни орта бойлы адам еркін жүре алатындай. Бөлменің екі қабырғасына шам қоятын текшелер де істелген. Ахметтің бұл жерасты мешітін жергілікті халық араб сөзімен «халуат» (место уединения) деп атаған. Қазіргі тарихшы ғалымдардың жазбаларында осы сөз «хильвет» деп бұрмаланып жазылып жүр. «Халуатта» ғұмыр кешкен он жылдың ішінде Қожа Ахмет өзінің атақты «Хикмет» (Даналық сөздер) деп аталатын циклды өлеңдерін жазған. Ақын өз бәйіттерінде «Хикметтерінің» төрт жүз (шумақ) екенін ескертеді. Бірақ, өкінішке қарай, шайырдың «Даналық сөздерінің» түпнұсқасы сақталмаған. Ал бізге

жеткен варианттары XV және XVII ғасырларда көшірілген нұсқалары ғана.

Йасауи өлеңдері біздің ғасырымыздың басында Стамбулда, Қазан, Ташкентте жеке жинақ боп басылып шықты. Озбырлық пен зұлымдық, дүниеқоңыздық пен бақталастық секілді жағымсыз қылықтарды қатты сынап, ар тазалығын сақтауға шақырған асыл, үлкен шайыр 1176 жылы 73 жасында қайтыс болады. Жергілікті халық және оның ізбасарлары, шәкірттері ақын денесін «халуаттан» шығарып, қазіргі мавзолей тұрған жерге жерлеген. Оның басына әуелде әдемі күмбез орнатылғанымен, моңғол шапқыншылығының тұсында (XIII ғ.) құлап қалады. Он төртінші ғасырдың екінші жартысынан бастап Түркістан өлкесін моңғолдың түріктенген барлас руынан шыққан Тарағай бектің баласы, әлемге Темірлан (Ақсақ Темір) деген атпен әйгілі болған ортаазиялық қолбасшы биледі. Темір ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне айрықша көңіл бөлді, әскери жорықтарда қолға түскен шеберлерге Орта Азия мен Қазақстанның қалаларында мешіт, медресе, мавзолей, ғимараттар салды. Соның куәсі – архитектураның тамаша үлгісі ретінде күні бүгінге дейін сақталған Түркістандағы Қожа Ахмет әл-Йасауи мавзелейі. Жоғарыда біз Йасауи қайтыс болған соң, оның зиратының басына орнатылған күмбез құлап қалған дегенбіз. Міне, Ақсақ Темір жергілікті халықтың көңілінен шығып, оларды өз ықпалында ұстау мақсатымен 1395 жылдан бастап Түркістанда Қожа Ахметтің басына екінші рет ескерткіш орнатуды бұйырады.

Ақсақ Темір кезінде Қожа Ахмет Йасауи мавзолейін Меккеден кейінгі дәрежеде тұрған әулиелік орын деп жариялаған. Өйткені Меккеге зиярат ету үшін мыңдаған шақырым жол жүріп, бар дүниесін шығындап, арып-ашып баратын Орта Азия мен қазақстандық халық енді алысқа артынып-тартынбай-ақ Түркістанға келсе ниеті қабыл болатын болды. Әрі әулиеге сиынуға келгендердің де шығындары Темірдің қазынасына науадай құйылады. Сондай-ақ бұл алып ғимарат салынып бітсе, Темір өзіне көл-көсір абырой келетінін болжаған. Сондықтан ол «Қабырхананың» қақ маңдайшасына, яғни есіктің жоғарғы жақтауының үстіне жиырма-отыз метр жерден анық оқылатындай етіп ірі әріптермен араб тіліндегі төмендегі сөздерді жаздырған екен. «Бұл қасиетті зиратхананы салдырған – ұлы әмірші, барлық халықтардың қожасы, мейірімді Алла жар болған Амир (Әмір) Таймур, (Темір) Гураған бин Тарагаи бин Амир Барқал бин Амир Айланкар бин Амир ал – Джалил бин Амир Караджар».

Зиратхана есігінің жақтауларына жапсырылған қаңылтырда қола сарғыш бояумен жазылған жазулар бары байқалды. Бірақ олардың көпшілігі уақыт тезіне төтеп бере алмапты. Мавзолейдің шығыс жағындағы негізгі екі қақпаның бірінде де жазулар бар боп шықты. Онда былай деп жазылған: «Ұлы адамдардың есігі – бақыттың кені. Ұлы адамдардың махаббаты (яки мейірімі немесе қайырымы) – бақыттың кілті. Жігіттің (бойындағы) күш-қуаты – байлықтың желі (іспетті»). Мавзолейде XIV ғасырдан бас-

тап, XX ғасырдың аралығын қамтитын құлпытастар да бар.

Бұл тастар мен олардағы жазулардың тарихы өте қызық. 1405 жылы Отырар шаһарында Ақсақ Темір дүниеден қайтқан соң, Орта Азия мен Қазақстан территориясында ол құрған кең-байтақ империя құлады. Темір ұрпақтарының арасында таққа таласқан қантөгіс шайқас басталды. Иран елінің бір бөлігі, Ауғанстан және Орта Азияның бірқатар жерлері Темірдің бір баласы Шаһ Рух мырзаның (1405-17) қол астына қараса, ал Муаран-Нахр елін Шаһ Рухтың баласы, яғни Темірдің немересі Ұлықбек (1409-491) биледі. Бірақ 1469 жылдардан бастап Темір әулетінің мемлекеті біржола ыдырады. Сондай-ақ Алтын Орда хандығының да іргесі шайқалып, бытырай бастаған тұста Шыңғыс ханның көп ұлдарының бірі Жошы Шыбаннан (араб, парсы тарихшыларының жазбаларында Шайбан боп келеді) тараған (Шайбандар әулеті) XV ғасырдан бастап Түркістан өңірін, Дешті-Қыпшақ (қыпшақтар елі) даласының билігін өз қолына алды. Түркі тайпаларының бүгінгі қазақ, өзбек халықтары жеке отау тігіп ұлт болмай, қоян-қолтық араласып тұрған кездері осы Дешті Қыпшақ даласының ханы Абул-Хайр (Әбілқайыр) болды. Ол өз ордасын 1430 жылдары қазақ даласындағы Түркістанға тікті. Кейінірек қайтыс болған соң, хан тастан ескерткіш қойған. Мавзолейдегі бұл мәрмәр құлпытасты жергілікті халық «айна тас» дейді екен. Шынында да, 600 жыл өткеніне қарамастан, бұл тас пен ондағы жазулар өте жақсы сақталған. Құлпытас үңілген кісі жүзін көретіндей таптаза.

Сонымен біз барған кезде ескерткіш жөнделу үстінде екен.

XVI ғасырға жататын мрамор құлпытастардың ішінен мына бір екі тас ерекше назар аудартады. Бірінші тастағы жазулар (1530 жыл) «Джалал ад-Дин Амир Хусайн Кунграти» деп ашса, екіншісінен «Шуджа ад Хилал Амир ибн Амир Джалал ад-Дин ибн Хұсаин Кунграти. 1528 жылы қайтыс болды» деген жазуларды оқыдық. Бұл екеуі де XV ғасырда өмір сүрген Амир Хусайн Кунграти атты кісінің немересі мен шөбересі сияқты. Зираттарына мәрмәрдан құлпытас қоятындай Түркістан тарихында қандай рөл атқарған? Ел қадірлейтін уәлі ауыз шешендер ме, жоқ әлде ел бірлігін қорғаған батырлар ма? Ол жағы әлі әзір белгісіз. Бұған жауап ұзақ ізденіс пен зерделі зерттеуден соң табылмақ.

Шыныби Серке ұлының басына қойылған құлпытас мавзолейдің күншығыс жағында жатыр. Тегінде оның зираты мавзолейдің ішінде емес, сыртында болу керек деген жорамалға келдік. Соған қарамастан, жазулары жақсы сақталған.

Міне, Қожа Ахмет Йасауи мавзолейіндегі алды XV, XVI соңы XIX, XX ғасырлар аралығын қамтитын құлпытастар мен ондағы жазулар өте мол. Біз соның кейбірін ғана келтіріп отырмыз.

Әбсаттар ДЕРБІСӘЛИЕВ

19 қаңтар 1978 ж.

● ***Вопрос можно, профессор?***

Университетскому образованию – высокое качество

В связи с 60-летием со дня рождения, а также за многолетнюю, плодотворную работу по подготовке высококвалифицированных специалистов профессор КазГУ В.П.ПУРИЦ награжден Почетной грамотой Верховного Совета КазССР.

Двери кабинета можно сравнить с нескончаемой кинолентой. В кадрах появляются лица. Разные…

– Здравствуйте, Виктор Наумович!

– …вы бы не смогли...

– …вы не скажете...

– …Виктор Наумович, нужны методологические данные…

Профессор Пуриц останавливается на минутку: «Здравствуйте». К знакомым – по имени. Но чаще – лица незнакомые. Он не удивлен, он привык к тому, что за помощью и советом обращаются разные люди.

Отвечая на вопросы, он не сидит в удобном кресле напротив, а меряет шагами комнату, и в такт шагам медленно произносит слова. Профессор, наверное, никогда не задумывался, что все эти привычки от преподавательской деятельности: читая лекции – ходить по рядам, говорить медленно и внятно, чтобы студенты успевали записывать.

Говорят, что учителя – это ученики, не пожелавшие распрощаться со школой. Немного перефразировав эту мысль, можно сказать: а преподаватели – это те же студенты, решившие остаться в стенах вуза навсегда.

Виктор Наумович окончил наш университет и вот уже 31-й учебный год, каждый раз, как впервые, он читает новому поколению молодых свою первую лекцию.

– Виктор Наумович, о чем вы говорите на первой лекции?

– Первая лекция по политэкономии читается студентам 3-его курса. Таким образом, я и мои коллеги, беседуем со студентами уже прошедшими половину своей студенческой жизни и давно акклиматизировавшимися в университете. Это, безусловно, несколько облегчает задачу первой встречи. Вместе с тем, она первая и ко многому обязывает преподавателя. На мой взгляд, даже безотносительно к тому, какой предмет он ведет.

Первая лекция должно оставить у студентов убеждение, в том, что их задача не проста получить определенную сумму знаний в области изучаемой науки. Главное проникнуть в лабораторию науки, освоить ее методологию и, если можно так выразиться, самостоятельно прийти к тем открытиям и выводам, которые накопила эта наука. Все

это сделать нелегко, поэтому первая лекция вызывает не только напряжение, но и волнение (я до сих пор убежден, что первая лекция без волнения – это не лекция). И если те две задачи, о которых я говорил, хотя ими и нельзя ограничиться, удается решить, я считаю, что цель первой лекции достигнута.

– Как вы готовите свои лекции: в расчете на слабого, среднего студента или отличника?

– Это вопрос довольно сложный. Ведь нужно, чтобы слабый понял, а отличник не уснул. Видимо этим и определяется ответ на вопрос: ориентация на среднего.

– Учат ли вас чему-нибудь студенты?

– Безусловно. Они учат быстроте и эмоциональности восприятия, современным темпам общего развития и культуры. И если всему этому не учиться у них и отстать от них то, пожалуй, это может привести к роковым последствиям – перестанешь быть настоящим преподавателем.

– Как долго помните вы своих выпускников?

– Очень многих помню почти всегда. В большей степени это относится, конечно, к выпускникам отделения политэкономии.

– Было ли у вас чувство зависти к сегодняшним студентам?

– Было и есть. Особенно к стройотрядовскому движению. Но это хорошая зависть. Сегодня в ССО если не все, то очень многое не так, как было у нас. Если работа его хорошо организована, то это очень полезно и здорово.

– Есть ли различие между студентами вашего поколения и студентами сегодняшних дней?

– Разницу в учебе и жизни я усматриваю только в том, что нам все доставалось несравненно тяжелее, ведь это были трудные послевоенные годы. Однако я не разделяю точку зрения тех, кто считает, что нынешнее поколение студентов живет на всем готовом. Мне кажется, что жить богато и красиво тоже надо уметь.

– Существовала ли в ваше время проблема свободного времени?

– Конечно, существовала. Главным образом, не в смысле использования, а в смысле его личия. Надо было заработать, но было ожидать очереди на учебе многим уже надо было содержать семью и т.п. Что касается сегодняшнего дня, то главной проблема использования своего времени. Проблема эта важно вполне разрешимая, ведь столько много интересного, полезно красивого мы еще не знаем, не умеем, не видели.

– Есть ли у вас против науке?

– Конечно, в области некоторые теоретических положений у есть «противники». И студенты особенности политэкономы, об этом знают. Говоря с ними, я делаю от меня зависящее для того, что они понимали, что научный с должен быть откровенным, принципиальным, предельно аргументированным и, конечно же, тактичным и благожелательным.

– Без чего ваша работа стала бы для вас легче?

– Было бы намного легче работать без неорганизованности и лени некоторого, хотя и не очень большого количества студентов.

Интервью вела Х.ИСМАЙЛОВА

16 мая 1978 г.



ҚазМУ ректоры Ө.А.Жолдасбековтің көшпелі Қызыл туды қабылдау сәті. 1979 жыл



Университет қонақтары. 1980 жыл

Поздравляем с присуждением государственных премии

КАЗАХСКОЙ ССР 1982 ГОДА В ОБЛАСТИ НАУКИ И ТЕХНИКИ СЛЕДУЮЩИХ УЧЕНЫХ УНИВЕРСИТЕТА:

ДЖОЛДАСБЕКОВА Умирбека Аристановича, академика Академии наук Казахской ССР, ректора Казахского государственного университета имени С.М.Кирова, руководителя работы.

ЕРГОЖИНА Едиля Ергожаевича, доктора химических наук, декана факультета Казахского государственного университета имени С.М.Кирова, руководителя работы.

ЕРМОЛОВА Александра Александровича, кандидата технических наук, заведующего лабораторей.

УАЛИЕВА Гахипа Уалиевича, кандидата технических наук, исполняющего обязанности заведующего кафедрой.

БЛАГОДАРНОСТЬ

Монгольская ассоциация выпускников советских учебных заведений горячо благодарит коллектив Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета имени С.М.Кирова, внесший большой вклад в дело подготовки национальных кадров для МНР, в связи с 60-летием начала обучения монгольских студентов и учащихся в учебных заведениях Советского Союза.

Желает новых творческих успехов в вашей благородной деятельности, направленной на обучение и воспитание активных строителей коммунистического и социалистического общества для наших братских стран.

Председатель Монгольской ассоциации выпускников учебных заведений
Ц.ГОТОВ

24 январь, 1980 г.

Кандидат в депутаты Советского райсовета

Алшанов Рахман Алшанович

1947 года рождения, член КПСС.

С 1965 года по 1966 год после окончания средней школы работал учителем начальных классов, центрофуговщиком на Чуйском сахарном заводе.

После демобилизации из рядов Советской Армии работал оргинструктором Коктерекского совхозрабкоопа. С 1966 по 1974 год учился на философско-экономическом факультете Казахского государственного университета имени С.М.Кирова. С 1973 по 1977 год избирался, секретарем комитета комсомола КазГУ.

С 1978 года по настоящее время работает освобожденным заместителем секретаря парткома университета.

С 1975 года является членом парткома университета, а с 1978 года – кандидатом в члены Советского райкома партии.

Избирался членом Советского районного, Алма-Атинского областного и Центрального комитетов комсомола Казахстана.

За активную работу награждался грамотами ЦК ЛКСМ Казахстана. ЦК ВЛКСМ, значком ЦК ВЛКСМ «За активную работу в комсомоле», медалью «За освоение Целины».

12 февраля 1980 г.

К выборам

КАНДИДАТ В ДЕПУТАТЫ ГОРСОВЕТА

Студент ЖУМАБЕК КЕНЖАЛИН

В 1954 году родился в колхозе им. Жданова Амангельдинского района Кустанайской области.

В 1971 году окончил Койиндинскую среднюю школу.

После окончания школы работал в родном колхозе.

В 1973 году призывался в ряды Советской Армии.

В 1975 году демобилизовался.

В 1975 году осенью поступил на подготовительное отделение КазГУ им. С.М.Кирова.

С первого курса активно участвует в общественной жизни факультета.

Председатель профбюро факультета журналистики, стипендиат им. В.И.Ленина.

Кандидат в депутаты Советского райсовета
САРТАЕВ СУЛТАН САРТАЕВИЧ – зав. кафедрой теории и истории государства и права, член-корреспондент АН КазССР, доктор юридических наук, профессор

1927 года рождения, член КПСС. В 1945 году поступил в Алма-Атинский государственный юридический институт. В 1949 году успешно окончил его. В этом же году по рекомендации Ученого совета поступил в аспирантуру Московского юридического института.

С 1949 года по 1952 год учился в аспирантуре Московского юридического института, после окончания которой с защитой кандидатской диссертации с ноября 1952 года работал вначале в Алма-Атинском юридическом институте преподавателем, доцентом, а затем заведующим кафедрой государственного права. С 1955 года работает на юридическом факультете Казахского государственного университета вначале в должности доцента, с 1 июля 1959 года заведующим кафедрой советского государственного права, а с октября 1961 года по 1 июля 1969 года работал деканом юридического факультета и профессором кафедры государственного права и советского строительства.

Ныне заведует кафедрой теории и истории государства и права юридического факультета Казахского университета.

В 1970 году в МГУ защитил докторскую диссертацию. 3 апреля 1975 года был избран членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР. Им опубликовано более 160 научных и научно-популярных монографий, брошюр и статей посвященных вопросам государства и права.

Педагогическую и научно-исследовательскую работу сочетает с разработкой теоретических и практических проблем совершенствования, систематизации и кодификации законодательства Казахской ССР. Принимал участие в разработке проекта новой Конституции Казахской ССР.

Ведет работу по подготовке научно-педагогических кадров. Является председателем Ученого совета юридического факультета по защите докторских диссертаций.

В 1958 году за участие в освоении целинных и залежных земель награжден медалью «За освоение целинных земель». За активное участие в разработке проектов важнейших законодательных актов указом президиума Верховного Совета Казахской ССР от 11 ноября 1964 года награжден Грамотой Верховного Совета Казахской ССР. За активное участие в деятельности республиканского общества «Знание» награжден Почетной грамотой и значком «За активную работу» президиума Всесоюзного общества «Знание».

18 февраля 1980 г.

Искоренять правонарушения

Правовоспитательная работа в университете – составная часть деятельности по коммунистическому воспитанию студентов и сотрудников. Она направляется партийным комитетом, партийными бюро факультетов. Этой работой заняты комсомольская и профсоюзная организации, советы по правовому воспитанию и профилактике правонарушений, деканаты и кафедры.

Опыт показывает, что лучших результатов добиваются на тех факультетах, где правовое воспитание проводится в комплексе с нравственным, эстетическим, трудовым, физическими и другими направлениями коммунистического воспитания. Именно так строят эту работу на географическом, биологическом, физическом и химическом факультетах. Здесь в свободное от занятий время студенты увлечены интересными делами, они приобщаются к искусству, встречаются с писателями, композиторами, артистами, в выходные дни группами выходят на загородние прогулки. Здесь в почете общественное мнение группы и нарушителю дисциплины или правонарушителю расчитывать на какое-либо снисхождение товарищей по группе не приходится. На этих факультетах в 1982 году совершено меньше всего правонарушений.

В университете алкогольном лечении, товарищеские суды работают плохо. С теми, кто злоупотребляет спиртными напитками нужно вести решительную борьбу. В соответствии с установленным в университете порядком надо вести специальный учет индивидуальную и профилактическую работу, применять к ним строгие меры каких-либо лишать преимуществ и льгот. Наш университет в числе других коллективов города выступил с обращением бороться за укрепление учебной и трудовой дисциплины, решительно искоренять правонарушения. Такое обращение обязывает нас всю воспитательную работу строить так, чтобы формировать уважение к закону, высокое правосознание, искоренять правонарушения в нашей среде.

Партийный комитет университета принял постановление о проведении конкурса на лучшую постановку правовоспитательной и профилактической работы на факультетах и в других подразделениях университета. Задача состоит в том, чтобы активизировать эту работу и добиться укрепления дисциплины и резкого снижения правонарушений. Правонарушителям в университете не должно быть места.

С.Н.САВИЦКИЙ

23 февраля 1980 г.

Студгородок: проблемы и поиски комбинат питания КазГУ

Третий год существует первый республике специализированный студенческий комбинат питания КазГУград на 80 посадочных мест. На втором этаже здания комбината работает столовая, где ежедневно питаются по третьей категории – то есть в среднем обед обходится в 80 копеек – 10 тысяч студентов. На первом этаже – хорошо оформленный зал национальной кухни и кулинарный магазин. Кроме того, от комбината питания в общежитиях №6, №10 и в учебных корпусах работают буфеты.

«В 1982 году комбинат питания КазГУград реализовал свою продукцию сверх плана на 120 тысяч рублей и был награжден переходящим Красным знаменем райкома, райисполкома и комитета комсомола Калининского района г. Алма-Аты». Рассказывает директор комбината питания, депутат Калининского районного совета Роза Шариповна Есельбаева.

Чтобы понятно было, какую работу проводит наш коллектив по улучшению обеспечения продуктами питания и как их обслуживают, приведу такие факты. В нашем комбинате – 350 человек, из них 35 членов КПСС и 89 комсомольцев.

Среди правофланговых социалистического соревнования, которое проводится среди пяти комсомольско молодежных бригад под девизом «Дал слово – держи его», прочно удерживает первенство бригада «Буревестник» С.В.Вана. Не отстают от них и бригады «Сокол» М.Дмитренко, «Факел» Н.М.Мансурова.

В основном у нас работает молодежь, многие из них окончили Алма-Атинский торгово-кулинарный техникум. Но текучесть кадров составляет двадцать процентов. Причиной стало то, что мы не можем обеспечить молодых общежитием, квартирами и для их детей предоставить детские сады.

На комбинате развернулось соревнование за подъем экономики производства укрепления трудовой дисциплины. Каждый цех, бригада добиваются резкого сокращения прогулов, опозданий на работу. Создали специальную комиссию во главе Н.К.Мезенцовой, которая проверяет порчу продуктов, расход продуктов питания и качество приготовляемых блюд. Мы имеем те продукты, которые предоставляет нам городское управление общественного питания. Молочно-кислых продуктов получаем мало.

Различными свежими кулинарными изделиями студентов мы обеспечиваем сами. Работают тортовый, мучной, кулинарный

цеха под руководством опытного мастера А.Н.Куровской. Меню у нас, как выражаются медики, жесткое. Еженедельно в пятницу на склад комбината питание поступают свежие овощи и фрукты из овощной базы №12. Перебои с картофелем, луком, капустой у нас не бывают.

Диетическим питанием обеспечиваются практически все, нуждающиеся в нем. Да и профсоюзная организация КазГУ занимается вопросами льготного питания отдельных студентов.

Р.НУРТАЗИНА

23 февраль, 1980 г.

Павильоны ТОЦ

Новый торгово-общественный центр распахнул свои двери. В жизни студенческого городка открылась еще одна страничка. Сервис для студентов. С каким нетерпением ждала его молодежь университета. Здесь все предусмотрено и продумано. Ведь новые посетители требовательны: и одеться модно хотят, и подстричься, и обувь быстро отремонтировать. Интересен ТОЦ по своему архитектурному решению. Как неотъемлемая часть вписался он в он общий ансамбль сооружений городка. Три его павильона образуют одно целое. В центре – оригинальный двухярусный цветник. Зайдем в первый из павильонов. Здесь разместились два магазина: продуктовый и промтоварный.

«Магазин – молодежный. Какие товары вы предлагаете покупателям?» – интересуемся у продавца Татьяны Пашковой. – Для молодежи у нас представлен широкий ассортимент чулочно-носочных товаров, летняя женская обувь. Зимней обуви, правда, еще нет. Здесь можно купить модную кофточку, платье, рубашку. Есть галантерея и парфюмерный отдел. «Каким был день открытия?» Радостным, наверное, потому, что свое настроение передавали нам студенты. Коллектив магазинов, как и всео ТОЦ, комсомольско-молодежный, внимательны продавцы и к своим новым покупателям, культурно их обслуживают.

Студентка первого курса факультета журналистики Кумаргажина Роза говорит: «Расположение ТОЦ для нас очень удобно, но не надо ездить куда-то за продуктами и захозяйственной мелочью».

Проходим в следующий павильон. Здесь разместилась служба быта. Гостеприимно начал принимать первых посетителей салон красоты – парикмахерская. В женском и муж-

ском залах трудятся мастера своего дела. В женском зале можно сделать маникюр, химическую завивку, прическу, любую стрижку. Среди предлагаемых есть новинка для девушек – стрижка «Соната». В павильоне служб быта раньше всех начала свою работу фотоателье.

– У нас за короткий срок можно заказать фотографию любого размера, альбомы, виньетки, – говорит заведующий отделом Я.С.Авербух. Химчистка, прачечная, салон заказов трикотажных изделий, пункт проката, мастерская «Металлобытремонта» уже оказывают казгуградовцам хозяйственную помощь. Любителям музыки предлагает свои услуги салон звукозаписи. Ждет новых посетителей кинозал на 150 мест. Весь репертуар тщательно продуман с учетом зрителя. К услугам молодых – кафе «Махаббат». Здесь будут проходить студенческие свадьбы. Кафе разместилось в третьем павильоне комплекса. Идут последние приготовления к открытию почты и телеграфа. КазГУград словно оживился. Теперь его по праву можно назвать «градом»: учебный корпус, общежития, столовая, служба быта связаны между собой, словно паутинами – дорогами, тротуарами и просто тропинками.

Собкор.

5 марта 1980 г.

50-летию университета – достойную встречу!

«Студенческая весна – 83»

21 марта в Казахском государственном университете открылся традиционный XXV межфакультетский смотр художественной самодеятельности «Студенческая весна – 83», который явился весенним праздником молодежи.

Смотр-конкурс открыли народные оркестры факультетов. Все факультеты, кроме философско-экономического, в этот день демонстрировали свои программы художественной самодеятельности по жанру народные оркестры, ансамбли и солисты-инструменталисты.

Первое место по оркестрам казахских народных инструментов жюри присудило географическому факультету, II – завоевали филологии и III – факультет журналистики.

В конкурсе по оркестрам русских народных инструментов призерами стали физики, по

квинтетам, квартетам и трио лучшими были историки.

Среди ансамблей народных инструментов первое место завоевал биологический факультет, второе место разделили математики и физики, третье место – химический факультет.

С задором выступили солисты-инструменталисты. Жюри смотра-конкурса наградило почетными грамотами солистов инструменталистов: С.Кипшакбаева, М.Бердыбаева, У.Бейсалиева, Г.Сапарханову, К.Асылбекова, А.Ахметова.

Оригинальностью отличались выступления фольклорного ансамбля «Мирас», ансамбля гусляров физического факультета и трио математиков.

На второй день смотра-конкурса высокое исполнительское мастерство показали вокально-инструментальные ансамбли юристов, «Вита» биологического факультета и «Гравитон» ФМПМ.

В целом по университету «Студенческая весна – 83» продолжается. Начало конкурса определило возросший уровень художественного мастерства участников, хорошую организацию художественных коллективов факультетов.

А.ВОЛКОВ,
зам. председателя студенческого профкома КазГУ

25 марта 1980 г.

Қолға қалам алған соң...

Баспасөз беттерінде мақалаларым мен суреттемелерім жарияланған сайын, мен өзіңіз туралы ойлаймын, аға! Бұл, бәлкім, сонау бала кезімнен-ақ осы журналист мамандығына деген сүйіспеншілік сезімімнің оянып, оған бағыт-бағдар сілтегендігіңізден болар? Мүмкін...

Ұстазыммен университет аудиторияларының бірінің алдында кездеспек болып келісіп едік. Мен ол кісімен тезірек жолығып, әңгімелескім келген. Санамда – осы ой.

...Сіз әңгіме бастадыңыз. Ал мен болсам, үнсіз ғана тыңдап келемін.

Иә, бәрі де газетте жұмыс істеуден басталды. 40-жылдары Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Коммунистік еңбек») газетінде жұмыс істеген жылдар Тауман аға үшін үлкен өмірлік сабақ болды. Ол мұнда қызмет істей жүріп, редакцияның «қайнап» жатқан ішкі тіршілігімен жақынырақ, тереңірек танысуға мүмкіндік алды. Сол бір кезеңде газет жанрлары, жалпы теориясы туралы қайсыбір журналистің де хабары, шынын айту

керек, аз еді. Редакциялар да өзінің ісін жетік білетін мамандарға зәру болатын. Ұлы Отан соғысы жылдары барлық қалам иелеріне зор міндеттер жүктеді. Кадрлардың жетіспеушілігі, баспахана жағдайының полиграфиялық нашар жағдайы журналистерге қолбайлау бола алған жоқ. Партияның, Отанымыздың халықты жеңіске жігерлендірген жауынгерлік сөздерін оқырмандарға жеткізу олардың басты міндеттері, парызы болды. «Ол кез журналистикаға бет бұрған біз сияқты жастарға өз алдына бір университет іспетті болды», – деп тебірене еске алады Тауман аға.

Жас Тауман 1946 жылы филология факультетінің құрамындағы журналистика бөліміне оқуға түсті. Арада бес жыл өткен соң, ол университеттің ұстаздар сапына қосылды. Одан бері 33 жыл уақыт өтті. Сол 33 жыл бойы болашық журналистерді тәрбиелеу ісіне өз күш-жігерін аямай жұмсап келеді.

– Тауман аға, республика баспасөздерінде жұмыс істеп жүрген журналистердің сізден дәріс алмағандары кемде-кем шығар. Олардың бәрі де есіміңізді құрметпен атайды. Ерекше қабілетімен, дара қасиетімен көзге түскен шәкірттеріңіз жайлы айтсаңыз.

– Журналист деген – абыройлы да асқақ мамандыққа кір келтірмей, соның ыстығына күйіп, суығына тоңа білетін қаламгерлердің бәрі де мақтануға лайық жастар деп ойлаймын. Мен күнделікті облыстық газеттерді қарап, парақтап отырамын. Егер сол газеттердің бірінен өзім дәріс оқып, емтихан алған шәкірттерімнің бір жақсы дүниесін көре қалсам, кәдімгідей қуанып қаламын. Университетте ұстаздық еткеніме отыз жылдан асыпты. Бір кездері менің оқушым болған жастардың ішінде бұл күндері журналистердің «ақсақалы» болып жүргендері де жетерлік. Егер есімдерін атай бастасам, ұзақ тізім шығар еді. Ұзақ Бағаев пен Тельман Жанұзақов секілді айтулы журналистер, асқақ үнді публицистердің диплом жұмыстарына жетекшілік етіп едім. Екеуі де студент кездерінен-ақ ерекше алғырлығымен, журналистикаға тәнтілігімен көзге түскен еді.

– Тауман аға, болашақ жас журналистерге қандай тілек айтар едіңіз?

– Қазіргі жас журналистердің алар асулары биік. Олардың алдына қойылатын міндет те зор. Көз ілеспес жылдамдықпен дамып отырған ғылыми-техникалық прогреске, информацияның тоқтаусыз тасқынына, оқырмандардың күн санап өсіп отырған рухани қажеттіліктеріне ілесіп отыру жас журналистерден асқан білімділікті, парасаттылықты, мәдениеттілікті, өмірге болашақтың көзімен қарауды талап етеді.

Иә, өткен жылы ғана журналистика факультеті профессор Тауман Салықбайұлы Амандосовтың алпыс жасқа толған торқалы тойын ерекше салтанатпен атап өтті.

...Тауман ағамен қоштасып, сыртқа шықтым. «Алдыңызда бас иемін, аға!» деген жүрекжарды сөзімді айта алмай, өзіммен бірге ала кеттім.

М.ЖАҚЫПОВ,
«Қазақ университеті» газетінің арнаулы тілшісі

14 мамыр 1980 ж.

Әліппеден – энциклопедияға дейін

Редакциядан газеттің осы санынан бастап «Еңбек Қызыл Ту» орденді Қазақ мемлекеттік университетінің 50 жылдығына орай, «Сенің түлегің, университет!» атты рубрикамен көрнекті ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлерімен, партия, совет қызметкерлерімен ортақ үш сұрақ төңірегінде интервью бере бастаймыз.

Алғашқы кездесу университеттің тарих факультетінің түлегі, бүгінгі Қазақ совет энциклопедиясының бас редакторы ***Манаш Қабашұлы Қозыбаевпен*** *болмақ.*

– Білімнің қара шаңырағы іспетті КазГУ-дың қабырғасында өткізген студенттік жылдарыңыз жайлы не айтар едіңіз?

– Менің құралпытастарымның ерте есейіп, оқу, білім іздеп талаптанған уақыты соғыстың біткен кезі еді. Осы бүгінгі КазГУ-дың ескі корпусында майданнан қайтып кеп, студент атанған жауынгер ағалармен бірге әр аудиторияның ауа райын бағып өстік.

Алғашында қазақ ауылынан келген менің орысшаға икемім келмей-ақ жүрді, алайда оны уақытша ғана кедергіге балап, білген үстіне біле түсуге тырыстым. Университеттің бес жыл уақыты ғылым көкжиегіне көз салған адам үшін көп уақыт емес, ал осы мерзімнің өзінде ұшан-теңіз білім алуға болады. Университет қабырғасындағы бірінші жылдан-ақ ғылыми жұмыстарға араластық. Әлі есімде, тұңғыш жазған «Ағайынды Гракхтардың реформасы» атты еңбегімді студенттердің ғылыми советі өте жоғары бағалап, арнайы дипломмен наградтады. Одан кейін «Орыс халқының шығу тарихы және орыстың алғашқы мемлекеті» атты тақырыпты таңдап алып, ғылымның сүрлеу соқпағының сонысын іздер жүріп, көкірегімде ерекше бір құштарлық оянды. Аяқ алысымның түзелгенін аңдадым. Ендігі айқын мақсатым ғылым жолы деп білдім.

Университет бізді қоғамдық жұмыстың мектебінен өткізді. Группа комсоргі, тарих факультетінің комсомол комитетінің мүшесі – студенттік өмірімдегі атқарған қоғамдық жұмыстарымның ең негізгісі болды. Сол кездегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, бәріне ұйытқы болып жүретін Катя Смелякова қазір биология ғылымының докторы, бүгінде Халық шаруашылығы институтында қызмет ететін экономика ғылымының докторы Дүйсенхан Қабиев те активистердің қатарында болатын. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады, алайда менің айтайын дегенім: қоғамдық жұмыс студенттің келешегі іспетті, сондықтан жұмыстың қандайын болса да, абыроймен атқара біліңдер.

– Бүгінгі қызметіңіз жайлы бірер сөз.

– Қазақ совет энциклопедиясының бас ре-

дакторы болып істегеніме біраз жыл болып қалды.

Ықылым заманнан тарих көшіне ілесіп келе жатқан, мәдениеті, әдебиеті, өнері дамып, шарықтаған Түркия, Грекия сияқты елдердің әлі күнге дейін ұлттық энциклопедиясы болмай отыр. Ал біз шексіздіктен басталған, шегіністі мәңгі-бақи білмейтін уақыт көшімен салыстырғанда қас-қағым сәт ішінде социалистік ұлт болып қалыптасып, мәдени жетістіктерімізді, әдебиетіміз бен өнерімізді дүниежүзілік аренаға шығардық. Бұл Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші секретары Д.А.Қонаев жолдастың сөзімен айтқанда, «әліппеден – энциклопедияға дейінгі аралық».

Қазақ совет энциклопедиясы – халқымыздың барлық жағынан жетілгенін, келбетті заманына лайық кемелденгенін көрсетеді. Ал оны басқару – қиындығы мен құрметі бір басына жетерлік күрделі шаруа, қыры мен сыры көп, іркіліске төзбейтін, ізденісті көздейтін көлемді жұмыс. Біздің энциклопедиямыздың мазмұны – интернационалдық, түрі – социалистік, негізгі өзегі – советтік өмір салты.

Бүгінгі күні энциклопедиялық баспаның тілге тиек етерлік тындырған істері баршылық. Осы уақытқа дейін 12 томдық универсалдық энциклопедия шығып бітті. Оның қорында 49 мың мақала бар. 12 томның түсіндірме сөздігі ретінде 350 мың ұғымдық алфавиттік пән – есім көрсеткіші анықтамалығын шығардық. Мұндай энциклопедиялық анықтамалық Одақ бойынша Москва мен Белоруссияда ғана бар. Үшінші болып Қазақ энциклопедиялық баспасы осы уақ-түйек жұмыстары көп, шұқшия қарауды талап ететін анықтамалықты құрастырып отыр. Осы орайда, В.И.Лениннің мына бір сөзін еске түсірсек, Қазақ энциклопедиялық баспасының тындырған жұмыстары көрінеді. «Ғылыми жұмыс тек анықтамалық ақпарат болса ғана бітті деп есептеледі...»

Қазір кітап магазиндерінің сөресінде тұрған «Алматы» энциклопедиялық анықтамалығы осы жылдың соңына қарай орыс тілінде жарық көрмек. Қалалық энциклопедияда Алматының 135 жылдық тарихы қарастырылған. Бұл Одақ бойынша көлемі мен материалдық қамтуы жағынан «Москва» энциклопедиясынан кейінгі 2-орынды иемденеді, ол бүкіл еліміздегі қалалық энциклопедиялардың бесіншісі болып отыр (Москва, Киев, Минск, Таллинн). Сондай-ақ үш томдық балалар энциклопедиясы да жуырда кітап дүкендеріне түсе бастайды.

– Бүгінгі Қазақ совет энциклопедиясының бас редакторы Қозыбаев Манаш Қабашұлы бұрынғы студент Қозыбаев Манашқа қандай көзқарасқа және «студенттің бос уақыты» деген ұғымды қалай түсінесіз?

– Мен бүгінгі редактор, бұрынғы студент Қозыбаевқа қарасам, бүгінгі студенттер мен олардың арасында едәуір айырмашылық бар деп білемін. Өйткені бұрынғы студент Қозыбаев жоғары оқу орнына дейін «Аманкелді» фильмінен басқа фильм көрмепті. Қолында көп қиыншылықпен түскен кітабы – «Жұмбақ жалау» мен «Мәдениет және искусствоның» 1-2 нөмірі ғана болыпты. Студенттік өмірдің қызықтарынан кенже қалды. Әлі күнге дейін би үйренбей кеткеніне өкінеді ол.

«Студенттің бос уақыты» деген ұғым адам-

ның рухани байлығын молайтатын, эстетикалық, этикалық тәрбие беретін әдебиет пен өнердің алуан түрлі туындыларымен, живописьтің жұмбағы мол бояуларымен, ми қызметінің процестерін жақсартатын дене тәрбиесінің үздіксіз жүргізілуімен байланысты. Сонда ғана «студенттің бос уақыты» атты ұғымының астары ашылмақ.

Сөз соңында университет студенттеріне ғылымның тереңіне бойлаңдар, уақытты ұтуға тырысыңдар демекпін.

– Әңгімеңізге көп-көп рақмет, Манаш аға!

Интервьюді жүргізген
Н.БЕРҒАЗИЕВ,
журфактың 4-курс студенті
14 мамыр 1980 ж.

Кітапхана есігі ашық

Қазақ университетінің ғылыми кітапханасы университеттің ең маңызды бөлімдерінің бірі болып табылады. Біздің кітапхана қызметкерлері жоғары білімді мамандар даярлау жұмысына зор көңіл бөліп, студенттерді коммунизм құрушысы ретінде тәрбиелеуге өз үлестерін қосуда.

Три больших братских могилы в виде воронок окружены высокими стенами. Через самую большую могилу дорога ведет к широкой лестнице из красного порфира к Дороге свободы (Штрассе дер Фрайхайт). Она символизирует освобожденных узников. В центре просторной площади построена 50-метровая башня с набатом. В башне хранится пропитанная кровью земля из всех фашистских концлагерей. В Бухенвальде, Заксенхаузене, Равенсброке, Освенциме, Майданеке, Треблинке, Саласпилсе, превращенных фашистской Германией и инструмент репрессии и геноцида, было уничтожено свыше 11 миллионов граждан СССР, Польши, Франции, Югославии и других стран. Бухенвальдский набат. Голос восьмитонного колокола звучит в окрестностях Веймара, над Тюрингенским лесом как эхо прошлого, как напоминание о коричневой чуме, как грозные предостережение силам, пытающимся вновь поднять меч.

Вдали от дома время идет быстро. Истекает второй месяц пребывания на немецкой земле. Все красиво здесь, все радует глаз. Вроде ничто и не напоминает о прошедшей войне. Но это только на первый взгляд.

Братские могилы. Они не только в концентрационных лагерях.

В различных районах ГДР – Тюрингии и Саксонии, на острове Рюген на севере республики – всюду я их видел немало. Сотни мраморных плит с именами павших. Русские, казахские, узбекские фамилии. С именами зачастую неполными, а то и безымянные. В Штралбзунде – портовом городе на побережье Балтийского моря – мне встретилась могила наших воинов, сложивших головы уже в послемайские победные дни. Такое нелегко видеть.

В центре Дрездена стоит разрушенный во время войны дворец. Он позволяет точно определять назидание потомкам.

Спят вечным сном наши солдаты и офицеры в Трептов-парке – символе нашей победы, краха фашизма. Здесь под каменны-

ми плитами прах тысяч советских воинов, павших за освобождение Берлина. Над окрестностью возвышается фигура советского воина-освободителя, разбившего мечом свастику и держащего на руках спасенного немецкого ребенка.

Есть такой прибор – метроном. Он позволяет точно определять темп исполняемого музыкального произведения. Метрономы Саласпилса, Пискаревского кладбища, Братской крепости. Бухенвальда имитируют стук сердца.

Стук сердца, которое живет не только сегодняшним. Живет памятью о прошлом. Памятью благодарной. Памятью неувядаемой.

Сагымбай КОЗЫБАЕВ,
профессор журфака

22 февраля 1985 г.

Журналистер мерекесі

Баспасөз күнін айрықша мереке етіп атап ету тегін емес. Ол – партия мен үкіметтің, жалпы, жұрттың баспасөзге, оның қызметкерлеріне деген зор сүйіспеншілігінің, қамқорлығының белгісі. Баспасөздің мұндай құрметке бөленетін жөні бар. Ол – халқымыздың көзі мен құлағы, әрі досы, әрі ақылшысы, оның жасампаздық, творчестволық өмір тынысын танытатын айна.

Бізде барлық тілдің, барлық мамандықтың, үлкен-кішінің өз газеті, өз журналы бар. Осы рухани байлықтарды алдырмайтын, оқымайтын семья жоқ. Біз «оразамызды» газетпен ашамыз, жұмыс күнін газетпен бастаймыз. «Біздің қоғам – үнемі оқитын қоғам». Совет адамдары үйде де, түзде де оқып отырады, жол үстінде де оқып бара жатады.

Қазір ел арасында «журналистика» деген атау кең тараған. Бұл термин бірнеше мағынада қолданылады. Ол бірде әр халықтың нақты бір дәуір, кезеңдегі шыққан газет-журналдарының жүйесі, тарихы; бірде оларда жарияланған материалдардың жиынтығы; енді бірде баспасөздің тарихын, теорияларды халыққа жеткізіп отырады.

Журналистика – таптық, партиялық категория. Қоғамның таптық, саяси партиялық және топтық құрамына қарай солардың сөзін сөйлеп, сойылын соғатын әрқилы журналистика өкілдері қалыптасады. Олар өз табының, өз партиясының мүддесі үшін, соның әлеуметтік-саяси мақсаты үшін қызмет істейді. Осыдан келіп марксшік-лениндік журналистика, буржуазиялық журналистика деген ұғымдар шыққан. Шыншылдық, партиялық, бұқарашылдық, демократияшылдық – марксистік-лениндік журналистиканың басты белгілері. Оның шыншылдығы – әрқашан бұқараға әлеуметтік дұрыс бағыт беру үшін тарихтың, болмыстың объективті сырларын дәл беріп отыруында; партиялы-

лығы – коммунистік, жұмысшы партияларының идеалы үшін қалтқысыз күресуінде; солардың өз қатысуымен шығарылып тұруында; демократияшылдығы – оған әркімнің-ақ өз мұңмұқтажы туралы жазуында.

Жазба журналистика XVII ғасырдың басында, буржуазия табының феодализмге қарсы саяси-экономикалық, идеологиялық күресі өрлеген дәуірде көрініп, дами бастады. Марксткік журналистика өткен ғасырдың ортасында саяси аренаға шықты. Ғасыр ақырына қарай ол жұмысшы баспасөзінің алғашқы көріністері – үндеу хат, прокламация, листовка түрінде дамыды.

XX ғасырдың басында фото, киножурналистика пайда болды. 20-жылдарда радиожурналистика бой көрсетті. Ал 40-жылдардан бастап тележурналистика туып дамыды. Олардың әрқайсысы көпқырлы, алуан сырлы болмыс-құбылыстарды өзіндік әдістәсіл, өзіндік құралдармен, әртүрлі жанр, стильде тәрбиелейтін құралға айналды. Ол әрі пролетарлық интернационализм мен гуманизмнің, советтік патриотизм мен бейбітшіліктің әлем аренасындағы жаршысы болып отыр.

Журналистика – коллективтік қызмет, ол әр салада, әр жанрда мамандanған кадрлар еңбегінің жемісі. Осындай кадрлар даярлауға біздің журналистика факультеті де жарты ғасыр бойы атсалысып келеді. Өз түлектеріне биік идеялық, принципшілдік, жат пікірлермен бітіспестік, қоғамдық өмір құбылыстарын талдап бағалауда марксистік методологияны қолдана білушілік, факт, оқиғалар сырсипатын тез аңғара қоюшылық, кемшін-міннің себеп-салдарын тап басып танушылық қабілеттерін сіңіру жолында тынбай ізденуде.

Бүгін факультет коллективін 1 Май мейрамымен және Баспасөз күні – журналистер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз, оның оқытушыларына, қызметкерлері мен шәкірттеріне зор денсаулық, мол табыс тілейміз!

Темірбек ҚОЖАКЕЕВ,
журналистика факультетінің деканы
30 сәуір 1985 ж.

Почетные гости

В обстановке единства и сплоченности советских людей вокруг ленинской партии, стремления успешно выполнить решения XXVII съезда КПСС проходят в четырех избирательных округах Казахстана встречи с кандидатами в депутаты Верховного Совета СССР.

Кандидат в депутаты Совета Национальностей Верховного Совета СССР, секретарь ЦК КПСС А.Ф.Добрынин посетил КазГУ, в административном корпусе ректората, в биологическом музее, торгово-общественном центре и комбинате питания КазГУграда. Ректор

КазГУ им. С.М.Кирова, академик АН КазССР У.А.Джолдасбеков и секретарь партийного комитета В.П.Митрофанов рассказали о перспективах развития, об учебной, политико-воспитательной работе университете.

Вместе с тов. А.Ф.Добрыниным в университете были второй секретарь ЦК Компартии Казахстана О.С.Мирошхин, первый секретарь Алма-Атинского обкома партии М.С.Мендыбаев и секретарь Алма-Атинского обкома партии Ш.К.Беркимбаева.

Ректор КазГУ У.А.Джолдасбеков рассказывает о планах строительства КазГУграда товарищу А.Ф.Добрынину.

Собкор.

27 мая 1985 г.

Төлеген МАСЕНОВ:

«Мен алғашқы студент едім»

Масенов Төлеген Масенұлы *– Қазақ мемлекеттік университетінің босағасын алғашқы аттағандардың бірі. Сонау 1934 жылы республикамызда жоғары оқу орнының қара шаңырағы ашылған кезде биология факультетінде бұлар тек елу-ақ студент еді. Жылдар өтті. Университеттің 50 жылдық тойы да дүркіреп өтті. Сол кезде қанаттанған алғашқы қарлығаштар қазір республикамыздың түкпір-түкпірінде өздерінің сүйікті мамандықтары бойынша жемісті еңбек етуде. Масенов Төлеген Масенұлы қазір биология факультетінің кафедра меңгерушісі, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор. Бір сөзбен айтқанда, ұстаз.*

– Төлеген аға, сіз биология факультетін алғаш бітірген адамдардың бірісіз, сол кездегі ұстаздарыңыз, сіздерге тәлім-тәрбие берген адамдар туралы не дер едіңіз?

– Мен ең алдымен ғылымның екі саласынан доктор деген атағы бар Павел Иванович Мищенконы айтқым келеді. Бұл кісі бізге өзінің қарапайымдылығымен, өз ісіне деген сүйіспеншілігімен ұнады. Кешегі ауылда ат қуысып жүрген біздерге биология ғылымының қыр-қатпарларына түсіну оңайға түскен жоқ. Орыс тілін де жақсы білген жоқпыз. Міне, мұндай кезде Павел Иванович сияқты адамдар бізге көп көмек тигізді. Кезінде Берлин университетін бітіріп, профессор болған. Биология ғылымымен қатар, мен жаңа айтып кеттім, философиядан да диссертация қорғаған. Қысқасы, өте білімді адам. Оның лекцияларының әсері де бір себеп шығар деп ойлаймын, менің де осы жолды таңдап алғаныма.

Әрине, биология факультетінде тек Павел Иванович қана сабақ берген жоқ. Профессор Александр Николаевич Бартенев Зоология

кафедрасының меңгерушісі болды. Осы жерде айта кетейін, ол кезде бізде тек Зоология және Ботаника кафедралары жұмыс істеді. Бір жылдан кейін Зоология кафедрасы екіге бөлінді: омыртқасыз жануарлар, омыртқалы жануарлар салыстырмалы анатомия. Осы екіншісінің меңгерушісі болып тағы бір профессорымыз – Бронислав Александрович Домбровский тағайындалды. Бізге сол жылдары Ленинград университеті қамқорлық жасады. Олардың атақты профессорлары келіп лекция оқып отырды. Жалпы, ұстаздарымызға ренжитін жай болған жоқ. Білім теңізінің дәл ортасына бір-ақ түстік деуге әбден болады.

– Аға, жаңа сіз айтып кеттіңіз, орыс тілін жақсы білмей қиналғаныңыз жайлы, сонымен қатар оқу процесінде тағы қандай қиыншылықтарға ұшырадыңыз?

– Тағы да айтамын, орыс тілінен қатты қиналдық, мені тіпті оқудан да шығарып жібере жаздаған. Ақыры не керек, орыс тілі мұғалімінің қыр соңынан қалмай, жарты жылдың ішінде «бес» пен «төртке» оқи бастадым. Ал екінші курста жаңа ғана тағайындалған Киров атындағы стипендияны алғашқы алушылардың бірі болдым.

Университет алғаш құрылған жылы оқу құрал-жабдықтары жетіспеді. Әсіресе біздің факультет көп қиыншылық көрді, бірақ оған да амал таптық. Әр жексенбі сайын қала сыртына шығып гербарий жинадық, құрт-құмырсқа іздедік. Оның бәрін кейін практикалық сабақтарда қолдандық.

– Қоғамдық жұмыстарға уақытыңыз болды ма?

– Ар жағында ынта-жігерің болса, бәріне де уақыт табуға болады. Мен, мысалы, факультеттің комсомол комитетінің секретары болдым. Жұмыс бастан асып жататын. Соған қарамастан, студенттік ғылыми конференцияларға да қатысып жүрдім. 1938 жылы Москвада өткен студенттердің Бүкілодақтық ғылыми конференциясына қатысып, жүлде алғаным да бар. Сол жылы КПСС мүшелігіне кандидат болып қабылдандым.

– Ғылыми жолыңыз туралы бір-екі ауыз сөз айтып берсеңіз.

– Университетті бітірген соң, осында ассистент болып қалдым. Кейін соғыс басталып кетті. Москва үшін, Курск, Днепр, Киев үшін шайқастар. Соңғы шайқаста ауыр жарақаттанып, бір жылдай емделдім, 1945 жылдан 1947 жылға дейін Ақмола қаласында жұмыс істедім. Осында екі жыл қызмет атқарғаннан кейін өзімнің университетіме оралдым. «Жануарлардың клеткалық эволюциялық заңдылықтары» деген тақырыпта диссертация қорғадым.

– Ал, аға, сөз соңында мынадай мәселе туралы не ойлайсыз? Қазіргі студент, ол – қандай? Оның сіздердің кезіңіздегі студенттерден жыл айырмашылығы бар ма? Бүгінгі бітіруші жастарға не тілер едіңіз?

– Қазір біз ғылыми-техникалық прогресс заманында өмір сүріп отырмыз. Яғни студент – болашақ маман, тек мамандық шеңберінде ғана емес, жан-жақты білімді болуы керек. Мұндай қасиеттер шәкірттерімізде жоқ деп айта алмаймын. Бар. Бірақ сол білгенін пайдаға асыра алмайды. Жалқаулық деген жаман қасиет бел алып кеткен. Бір ұлы адам айтқан екен, «Әр күніңді соңғы деп өмір сүру керек» деп. Сол сияқты біз де өз кезімізде білімге деген құштарлығымызды талдырмайтынбыз. Ізденіп, оқып, үйреніп, көп нәрсеге ұмтылғанбыз. Сол кездері Ворошилов атын-

дағы әскери-патриоттық клубтар көп болды. Бірі атқыш болуға, бірі ұшқыш болуға үйренетін. Мен достарыммен кавалерия мектебінен өттім. Қазіргі студенттер осындай әскери-патриоттық клубтарға аз қатысады. Өзінің бос уақытын көбіне текке өлтіреді. Біздің әдеби бірлестігіміз де көптеген қызықты кездесулер ұйымдастыратын. Бізде қонақта Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндер болды. Ізденуге ниетің болса, бесжылдық студенттік өміріңнің қалай бітіп те қалғанын аңғармайсың. Ал тілер тілегім: әрқашан да тәртіпті, ұқыпты, ізденімпаз болыңдар, әр іске үлкен жауапкершілікпен қарап, Отанымыздың нағыз патриоты болып өсіңдер.

Интервьюді жүргізген
Ж.ДУРМАНОВ

17 маусым 1985 ж.

Жастар қалашығы

Студент жастардың мекенжайы – КазГУ қалашығы тау бөктеріндегі әсем табиғат аясында орын тепкен. Оның іргетасы Бүкілодақтық «Гиправуз» жобалау институтының жобасы бойынша 1971 жылы қаланды.

Алматы орталық құрылыс тресінің жанынан құрылған «Университетстрой» жастар қалашығы құрылыс-монтаж басқармасы мен студенттік құрылыс отрядының күшімен 1975 жылы 1200 орындық бес қабатты жатақхана пайдалануға берілді. 1977-78 жылдары биология, география, заң, философия-экономика және тағы басқа факультеттердің оқу корпустары салынып бітіп, студенттерді үлкен қуанышқа бөледі. Ал соңғы жылдары КазГУ қалашығы адам танымастай өзгерді.

А.БОТАНТАЕВА
6 қараша 1987 ж.



География факультетінде геодезия сабағы. Ортада проф. М.Ж.Жандаев




Қатты денелер кафедрасының ғылыми лабораториясы. Ортада доцент Т.Тәуірбаев. 1987 жыл



География факультетінде тәжірибелік сабақ. 1988 жыл



Политэкономия кабинетінде. 1988 жыл



Лабораториялық
сабақ. 1988 жыл



Араб бөлімінің студенттері
ҚазМУ кітапханасындағы
сирек қорда. 1989 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Бұқаралық ақпарат

ҚҰРАЛЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

7 ақпан 1994 ж.

№ 1242

басылымның, хабар құралының аты "Қазақ университеті"

басылымның, хабар құралының түрі газет
(журнал, газет, т. б.)

басылымның, хабар құралының тілі қазақша, орысша

құрылтайшы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік
(толық атауы, мекен-жайы)
ұлттық университеті

480121, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы,
71-үй.

Министр (Қолы)

Биік талап, жаңа талпыныстар

Республикамыздағы бұқаралық ақпарат құралдарына журналист кадрларын даярлап шығаратын журналистика факультеті аталмыш сала бойынша бірден-бір темірқазық оқу орны болып саналады. Осы факультеттің жаңадан сайланған деканы, профессор Намазалы Омашевпен газет тілшісі Г.Сұлтанбаева кездесіп, бірнеше сауал төңірегінде сұхбаттасқан еді.

– Факультеттің қазіргі жағдайдағы беделі қандай?

– Соңғы жылдары Қарағанды, Түркістан, Ақмола университеттерінде журналистика бөлімі ашылса, астанада Халықаралық журналистика институты бой көтерді. Осы оқу орындарының ішінде біздің университеттің тарихы ертеден келе жатқан журналистика факультеті кезінде Одаққа әйгілі болған еді.

– Оқу процесінде өзгерістер бола ма?

– Ескі жоспарға байланысты пәндер бар. Ол пәндер студенттерді жалықтырады, негізгі сала бойынша көп тиімділігі жоқ. Бұл оңай айта салатын нәрсе емес. Бұл жоспар студенттің де, оған сабақ беретін оқытушының да көңілінен шығу керек. Алдағы сәуір айында осыған байланысты және журналист кадрларын даярлауды жақсарту мәселесі төңірегінде бүкіл Орта Азия елдері университеттері журналистика факультеттерінің басшыларын біріктіріп, халықаралық ғылыми конференция өткізуді қолға алдық.

Өз тілшімізден

30 қаңтар 1996 жыл

Образование и женщина

Недавно в Бишкеке прошла международная научная конференция «Образование и женщина». На нее собрались более 100 участников из ближнего и дальнего зарубежья. Конференция проходила под эгидой Госкомиссии при правительстве Кыргизии по делам семьи и женщин, международного благотворительного фонда «Мээрим», Министерства образования Кыргизии, Кыргызского педагогического университета им.

И.Арабаева, бюро ПРООН «Женщины в развитии». В ней принимала участие представительная организация из Казахского государственного национального университета им. Аль-Фараби.



Среди обсуждаемых вопросов были такие как «Проблемы и перспективы развития образования», «Образование женщин в контексте глобальных проблем современности», «Социально-экономические проблемы образования женщин и подготовка кадров», «Роль и место женщины обновлении и в демократизации общества», «Неправительственные женские общественные организации и проблемы образования». В работе большинства секций приняли члены женсовета нашего университета.

Г.Надырова (факультет философии), рассмотрела проблемы общества и образования; доцент кафедры общего языкознания Р.Авакова оценивала проблемы и перспективы новой системы образования в КазГУ им. Аль-Фараби; С.Ашимханова, завкафедрой филологии Института повышения квалификации, делилась опытом и наработками в процессе повышения квалификации преподавателей в свете глобальных изменений в мире; доклад о триединой сути образования подготовила доцент кафедры общего языкознания Н.Шаймерденова. Не менее содержательными были и другие доклады.

Председатель совета женщин КазГУ, академик АН ВШК, профессор М.Багизбаева в своем докладе проанализировала проблемы высшего образования в Казахстане на рубеже XXI века. В частности отметила, то, что стандарты XXI века – это концепция непрерывного обучения, которая должна быть в полном объеме с учетом всех преимуществ в плане гибкости, разнообразия и доступности во времени и пространстве.

Конференция приняла рекомендации, воплощение которых в жизнь поможет более интенсивно проводить образовательную реформу и вовлекать в ее участие женщин.

Маншук МУКАШЕВА,
собкор.
12 ноября 1996 г.

Мені парткомда қарай жаздаған!..

Алпысыншы жылдардың аяғына таман бұл газеттің «шылбыры» менің де қолыма келіп тиген-ді. Ол тұстарда мен журфактың ассистентімін. Қоғамдық бастамамен «редактор» атандым. «Қол астымда» – жауапты хатшы. Оған жалақы төленеді.

Сондағы біздің «баспалық өндірісіміз» – бар-жоғы 2-ақ беттен тұратын университеттің көптиражды «Казахский университет» газеті. Көбінесе материалдар орыс тілінде кете береді. Өйткені жариялануға ұйымдастырылатын дүниелер сол тіл арқылы келіп жатады. Онын үстіне одан «нан жеп жүрген» жаухатшы «орыстілді», бірақ аты – «құбыласы» Палестинаның қасында – Б.Костюк. Сондықтан да ол үшін қазақша бірдеңе-бірдеңелердің берілгені, берілмегені не? Бір тиын, ескі ақшамен!

Сондықтан да, амал жоқ, өз ана тілімізде газетті «сөйлеттіру» үлкен шаруа еді. Өйткені ол кездегі студенттер де тап қазіргідей (айнымайды-ау!), өз еркімен «қара жұмысына», яғни ең болмаса университет төңірегінде жүгіріп жүріп оперативті жаңалықтар жазуға жоқ қой. Оның есесіне – кілең Абай, Қасым, Қадыр... Енді не істерсің? Сол «классиктердің» «алтын қаламынан туған» дүниелерді жиірек көрсетуге мәжбүр болдық. Ондағы басты мақсат – қаншама творчестволық мүмкіндігі бар ортада тышқанның жабуындай газетті тек «кірме тілде» ғана шығаруға намыстанғандығымыз. Енді қазақша материалдар «қараңдайтын болды». Онда да сол баяғы көркем дүниелер. Оған да шүкіршілік қылғанбыз.

Бұдан былай қарай газеттің аталымы менің көз алдымда сүйелдей болды да тұрды. «Казахский университет». Ал оның бауырында қоршалып ғана, күлдей әріптермен терілген «Қазақ университеті». Осы нәрсе жегі-құрттай жеді де жүрді. Бір, қазірше айтсақ, «авантюраға» бардым. Жастық екен-ау! Қазір болса алаңдап қарар едік.

Сол кезде жоғары курста, әскер қатарынан қайтып келіп, кенжелеу оқып жүрген, бүгінде қазақ әдебиетінде өзіндік творчестволық бет-бейнесі айқындалған жазушы Пернебай Дүйсенбинге жолығысу керек болды. Сан қырлы жігіттің әдемі сурет салғыштық та өнерін білетінмін. Соған өз ойымды айттым. Газеттің атын қазақшаға келтіру қажеттігін ол да



(бақытты болғыр) айқұшақ қауып, қарсы алды. Әңгіменің ізін тотықтырмай, дап-дайын алып келді. Араб әрпімен жатқызып жазылған. Көзге жып-жылы көрінеді. Ол кезде үрдіс емес нәрсе ғой.

Енді не істеу керек? Клише ғып шығару керек. Сол кезде сақ екенмін-ау! Университеттің өз баспаханасынан шығарсақ, бір шатақтың болатынын іштей сезген секілдімін. Сондықтан да «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істеп жүрген, қазірде оқырмандарға тартымды-тартымды дүниелер беріп жүрген, жазушылығына журналистігі, журналистігіне жазушылығы сай Қуаныш Жиенбаев еске түсті. Ол секретариатта істейтін. Мырышқа құйылатын сурет дүниелер соның қолынан өтетін. Сол ие. Ендігі шығатын газеттің болашақ атын Қуаныш ың-шыңсыз құйдырды да берді. (Одан да басқа талай клишелерді факультетіміздің кадры есепті ол «Ленжастың» есебінен тегін жасатып беріп отырғанын қазір айта беруге болатын шығар.)

«Қазақ университеті» жазылған клишені газет ертең шығады деген күннің алдында жаухатшының қолына ұстаттым. Оның түсінің суып кеткеніне де оншама мән бере қоймағанмын. Келесі күні университет парткомының екінші хатшысына шақырылдым. (Ол заманда партия құлағын тек қана қазақ еместер ұстауы тиіс деген жазылмаған жарлық бар.) Біріншісі Кузнецов пе еді, есімде жоқ. Ал онан кейінгісі, соңынан университетте ұлттық сипат бірсыпыра белең алайын деген кездерде «беті бері» қараған, сырттай болса да, жергіліктілерге бүйрегі бұрғансыған коммунист (өмірден озғасын аруағын сыйлап, атын атамай-ақ қояйын) кенет кабинетіне мені шақыртып алды. Қолында – бүгін жарық көруге тиісті газет версткасы. Мақалалардың әр тұстарына оқығансып, белгілер соғылған. Бұрындары мұндай, әр санды партком қарайтындай әдет болмайтын. «Мұнысы несі?» деген менде де арам ой болмаған.

Шамалыдасын, әлі де орын қалдырылған, газет версткасының ең төбесіндегі аппақ жерін көзімен нұсқап:

– Товарищ Мархабаев, чем вызвани замена заголовка? – деп сұрады. Әдетте клишелер күллі текстер оқылып, түзетіліп болғасын ең соңынан салынатын. Газеттің ақтаңдақ қалған тұстарына нендей сурет-

тер баратынын тек жауапты хатшы екеуміз ғана білетінбіз. Газет аты алмастырылды ма, жоқ па? Оны ақтаңдақтан партком хатшысы қайдан біледі? Оны да елемеген мен:

– Первые ее номера выходили под казахским загаловком, – деп өтірікті «ұрып» жібердім. Ондағы ойым: «іс насырға шауып бара жатса, ректордың өзіне барармын», – деген еді. Өмірбек Жолдасбековтің сол боданшылдық басым кездің өзінде де қаншылдығынан таймайтынын білем. Қорқып жатқан мен жоқ. Қай бір жалақысына көрініп барады!

Бірақ бұ бәленің екінші қатпары барын мен елемеппін. Ол жөнінде марқұм, адам атаулыға зәбірі тимеген, өзімнің кафедра меңгерушім Қайрекең (Бекхожин) бірде өзінің сыбырлаңқырап, «ұрлық қылғандай» даусымен:

– Абдул-Хамид, осы, сен, байқашы. Аналар сені парткомда қарағысы келіп жатқан көрінеді, – дегені. Мен мұғаліммін деп жүрсем, тағы коммунист екенмін ғой!.. Қуыстанайын дедім.

Мұндайда есіңе жылыұшырайтын адам түседі емес пе? Маған да солай болды. Өзіме осы оқу орнында бес жыл бойы кураторлық жасаған жақсы ағам келді. Ол Шериаздан Елеукенов еді. Және де тап әлгі парткомның «көкесі» Орталық комитетте отыр! Ала салып, сол кісіге звондадым. Бар болғанды айттым. Несиен сөз сөйлемейтінін білемін. Бар айтқаны:

– Орталық кітапханадан алғашқы тігінділерінен соны тауып ал, – деді де қойды. Айтқанын істеп, сол кездегі «Пушкинканы» тінтіп шықтым. Ылым-жылым жоқ. Ешқандай жерде қазақша аты атымен болмаған екен.

Не істеуім керек? Ештеңе! Мен де тымтырыс жүре бердім.

Бір күні әлгі екінші хатшы университет ішінде ұшыраса (кездейсоқ болмауы да мүмкін) қалып, кабинетіне апарды:

– Вы неправильно информировали товарища Елеукенова, – деді. Не мәселе жөнінде әңгіме жүріп отырғанын екеуміз де іштей білеміз.

– О чем? – деп мен «есімнен тандым» да қалдым. – Я ему ничего не говорил, – дей салдым. Баяғы, өтірігімнің жалғасы болсын дегенім. Ол да ары барған жоқ. Менімен жай қоштасқан болды да, мені шығарып салды.

Қазір қарасам, біріншіден, куратором «төбеден» телефондаған. Одан сосын мына «ергежейлілер» жым болған; екіншіден, олардың өздері де газеттің о бастан тек қана орысша жарық көріп тұрған тарихын білмейді екен ғой! Ал мен өзімше сасып...

Не де болса, әйтеуір, өтірігім мен куратором «Қазақ университеті» атын аман сақтап қалды!

Абдул-Хамид
МАРХАБАЕВ

4 сәуір 1998 ж.

Древние тюрки лучше знали и море, и сушу, и людей

Что я испытывал, когда попытался пройти во Владивостоке на территорию морского порта? Там потребовали пропуск. Оглянулся в растерянности на декана факультета журналистики Дальневосточного университета. Владимир Теплюк глянул на своего сопровождающего. Тот только махнул рукой, и мы прошли в святая святых. Я не стал всматриваться в стоящие морские суда. И без того знал, что меня ведут к суперлайнеру. Еще один шлагбаум. Еще один пропускной пункт. Еще один дежурный морской волк, и мы на огромном судне, который через спутник может определять свое местоположение в пучинах океана с точностью до двухсот метров. Сауна – пожалуйста. Каюта на одного – сколько угодно. Спортивный зал – и он на судне есть. Но меня вели к боцману. Им оказалась девчушка из Казахстана. Сауле как-то пробилась в какое-то морское училище и теперь командовала и людьми, и техникой. Нет, все-таки это здорово, когда мы не ограничены пространством даже такого огромного государства, как Казахстан, а можем быть своими и в других регионах.

Теплюк пригласил меня прочитать курс лекций в Дальневосточном университете. Тут и познал другую сторону связей и их отсутствия. Сколько и выслушал несуразностей о своей республике! Как я ошибался в своих познаниях о Дальнем Востоке. Только потом прочел о «Сибирской Нефертити» изваянии девушки в храмовой пещере, сооруженной где-то около Уссурийска древними представителями народов Алтайской группы языков, о многокилометровой цепочке плавильных печей, где эти же народы выковывали свои мечи и доспехи. Нет, древние тюрки лучше знали эти края. Без самолетов и поездов правители Первого Тюркского каганата, которые где-то около 560 года демонстрировали свою силу послу Византии около Тараза, простирали свою власть от Кореи до Дуная. Боюсь, что в тот визит во Владивостоке из казахов были только мы с Сауле, ну, может, еще пара десятков джигитов. А сейчас? Неужели, чем ближе к космическим скоростям, тем меньше связей на этом пространстве, объединенном и переобъединенном в древности множество раз. И только Талгат Мусабаев обозревает все эти места на каком-нибудь двухсотом или тысячном витке?

Теплюк защищал докторскую в МГУ. Кафедра телевизионной журналистики КазГУ представляла «внешнюю организацию». То оппонентом, то первым оппонентом, то внешней организацией мне приходилось быть на защитах кандидатов и докторов и вродном МГУ, и в дружеском ЛГУ, и в приветливом Киевском университете. Приходилось выручать друзей, поскольку защитился в срок, а аспирантов разных лет обучения было в МГУ десятка три.

Помню, как волновался, когда пошли наши, казахстанцы, Сагымбай Козыбаев защищался в Московском педагогическом. По истории техники, куда входит и история телевидения, радио, печати. Защищал докторскую без представления диссертации – был такой редкий миг в жизни ВАКа. Без письменной работы, поскольку представил к защите сразу несколько печатных монографий. Не выдержал и взял слово даже Иван Васильевич Кузнецов – доктор исторических наук, заведующий кафедрой истории факультета журналистики МГУ, который должен был представлять просто сочувствующее большинство. Старейший работник факультета, он отличался тем, что мог мгновенно сочинить остроумную эпиграмму на послезащитном мероприятии. Был другом моего шефа-консультанта по моей докторской несравненного Владимира Даниловича Пельта. Его супруга Нина Константиновна однажды хохотала целый вечер. Надо мною. Поскольку я подарил Пельту свою повесть. А писал я ее, указывая имена реальных героев. Чтобы не запутаться в коллизиях и выдержать целостность образа. Потом все имена и фамилии заменил на выдуманные. А супруга Пельта (кто знал, что она так внимательно будет читать мой опус) вдруг обнаружила на какой-то из страниц себя, Нину Константиновну. Омашевича. Он «дрожал» перед защитой

Как-то настал черед Намазалы Омашевича. Он «дрожал» перед защитой на Ученом Совете факультета журналистики МГУ. Речь шла всего лишь о кандидатской, Но ситуация была пикантной. В те времена (да, наверное, и сейчас) руководитель в Алматы, а им был я, при решении о защите в Москве (а тогда больше и негде было зашищаться) передавал руководство московскому ученому. Намазалы тянул да тянул. Ведь диссертация принималась только на русском, и он вынужден был нанимать квалифицированных переводчиков, Таких, чтобы никто в Москве не мог воскликнуть: «Друг мой, ты ведь хочешь статкандидатом филологических наук, а пишешь в точенни, хотя хочешь сказать и течение. Миого было таких тогда подначек. И вот он выходит на защиту, а научный руководитель его московский отправляется в мир иной. Н.О.Омашев ко мне. Опять, мол, вам придется меня в свет выводить. Я: «Найди срочно другого. Но обязательно московского». Он «Так все ж отказываются!» Я: «Конечно, кто захочет пойти вслед за покойным. Примета есть такая». Он: «Только вы!» Я: «Спасибо, не ожидал, что ты так жесток». Он: «Вы пойдете не во след, а перед ним, потому что были руководителем до него».

Очень Намазалы удивлялся, что я на за-

щите его здоровался со всеми членами Совета и говорил: «Мой идет!» Все хлопали меня понимающе по плечу. И как им не обращаться было со мной панибратски, если мы все в МГУ росли вместе, вместе защищались, вместе молились на руководителей и консультантов. А ведь все члены Совета – киты, их фамилии на обложках известнейших монографий и учебников.

Однажды мы от МГУ выехали в Казахстан выпускать газету, а затем засели за книгу… Впрочем, много было таких совместных однажды. И не хотелось бы, чтобы это однажды в нашей жизни прекратилось. Мы нужны были друг другу в не таком уж далеком прошлом. И, надеюсь, очень надеюсь, будем нужны в будущем.

Марат БАРМАНКУЛОВ,
профессор
4 апреля 1998 г.

«Ақындық – мамандық емес»

Университетіміздің филология факультеті қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздарының талайының суын ішіп, дәмін татқан қара шаңырағы екенінде сөз жоқ. Осындай жарық жұлдыздың бірі – ақын Иран-Ғайыппен кездесу кеші де көктемнің күлімдеген керемет күнінде М.Әуезов атындағы аудиторияда сәуірдің 6-жұлдызында өтті. Кешке факультет деканы Қансейіт Әбдезұлы М.Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің жетекшісі Сұлтанғали Садырбаев және филология ғылымының докторлары мен доценттер қатысып, ақын жайлы өз ойларын ортаға салды. Студент қауымы да ауылдың алты ауызын айтып, өлеңдерін оқып, әсем ән мен күміс күйді әуелетті.

«Ақындық – мамандық емес», – деп сөзін бастаған ақын студенттерге арнап жалынды жастық шақтың қызығы мен қиындығы жайлы сыр шертіп, махаббат жайлы, әйел жайлы әсерлі өлеңдерін оқыды. Студенттер сұрағына да әрі ашық, әрі қысқа, әрі нұсқа, әрі шын да шынайы жауап қайтарды. Енді студент сұрақтары мен ақын жауаптарына тоқтала кетелік.

– Сіз шындықты айтатын ақынсыз ғой, осы шындықтан шеккен жапаңыз бар ма?

– Мен қазір шындықтың кесірінен тақыр тазбын. Өйткені менде ақша жоқ. Шындықты айтсаң, ешқашан көтеріле алмайсың, әйтпесе анау жоғарыдағы көп орынның бірінде отырушы едім. Бірақ шындық адамға тыныш өлу үшін керек. Егер тыныш өлгілерің келсе, шындықпен өмір сүріңдер. Сонда арларың да, имандарың да таза болып, ұйқыда жатқандай тыныш өліп кетесіңдер, – деді.

Ащы да болғанмен, тұшымды шындық, бұған қарсы не айтуға болады?! Жаны кәусардай

таза ақын Қарасаздың қарлығашы, ақиық ақын Мұқағали екеуінің достығы жайлы толғанып тебірене сыр шертті де, екеуара жазысқан хаттардан үзінді оқыды. «Мен Мұқаң екеуміздің достығымыз жайлы қанша айтсам да, тауыса алмас едім. Қазір ғой, Мұқаң ішпеген, үйткен-бүйткен деп етек-жеңін жапқан болады. Бұл құйдай өтірік. Мұқаң екеуміз өлтіріп ішкенбіз. Қажет кезінде оның ешқандай досы жоқ болатын. Қазір «көріп едім», «біліп едім» деп өтірік-шынды судай сапырушылар көп. Ал мен оның досы болсам да, «досы болып едім» деп көрген-білгенімді айтудан оның аруағынан қорқамын әрі соны айтып, атақ-абырой жинағандай болғым келмейді», – деп сөзін аяқтады.

Иә, өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай қылып құрғақ сөзден түкке керегі жоқ сұлу сурет салушылардан кенде емеспіз. Бізге жетіспейтіні де шындықты шыңдай етіп айта алмау екенінде сөз жоқ. «Тура биде туған жоқ» дейтін дана халықтың дара ұлдары да шындықты айтамыз деп, шырылдап кеткен жоқ па?! Алла содан сақтасын ақиық ақынды!

Қаламының қары қарыштап ғарышқа шығып кеткен ақын «Махаббатқа сөздің түк керегі жоқ. Бәрін көзіңмен көріп, үнсіз ұғып отырғанға не жетсін шіркін!» – деді.

Ақын қаламына қайратты қанат тілей отырып, жас достар-студенттерге де жүрекпен ұғысар шын махаббат тілеймін!

Сұлтанмұрат ЖАНБОТА

22 сәуір 2002 жыл

Румыния президенті – ҚазҰУ-дың Құрметті профессоры

Қыркүйектің 8-жұлдызында Румыниянның Президенті Ион Илиеску ресми сапармен еңселі елордамыз Астанаға келді. Аса қадірлі қонақты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз резиденциясында қарсы алып, екі ел арасындағы келіссөз жөнінде әңгіме өрбіткен болатын. Сондай-ақ кездесу барысында талқыланған өзекті мәселе сауда-экономикалық ынтымақтастық хақында болды. Екі мемлекет басшысының жүргізген келіссөздерінен соң, саяси-экономикалық қатынастарға байланысты бірнеше құжаттарға қол қойылды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев екі мемлекет арасындағы ынтымақтастың нығаюына сүбелі үлес қосқан Румыния Президентінің омырауына I дәрежелі «Достық» орденін салтанатты түрде тақты.

Ал сәрсенбінің сәтінде, яғни 10 қыркүйек күні Румынияның Президенті Ион Илиеску Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының киелі қара шаңырағы болып саналатын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің табалдырығын аттап, оқытушылар, профессорлар, студенттер қауымымен кездесті.

Мәртебелі мейманмен болған кездесу салтанатын университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы алғы сөз сөйлеп ашты. Өз сөзінде университеттің бүгінде алатын орны мен оның беделі жөнінде кеңірек әңгімеледі. Сондай-ақ қазіргі өркениетке сай мамандар даярлап отырған профессорлар мен оқытушылар құрамымен таныстырды. Болашақ мамандар ұстаздардың тағылымды білімін сіңіріп, еліміздің абыройын асқақтатуға өз үлестерін аянбай қосып жатқаны жөнінде мәртебелі қонаққа жете таныстырып, жеткен жетістіктерімізді тілге тиек етті. Осы шаңыраққа татулықтың берік негізін қалыптастыру мақсатында, өзара ынтымақтастықты нығайта түсу ниетінде келген Румыния Президенті университет ректорының сөздеріне баса назар аударып, екі ел арасындағы берік қарым-қатынастың арта беруін мақұлдады.

Сондай-ақ кездесу барысында Румыния Президенті Қазақстан Республикасының кен байлығына үлкен мән беріп, оның орынды жұмсалуын алға тартты. Сондықтан да мәртебелі мейман Ион Илиеску өркениетке жетелейтін иен қазба байлыққа баса назар аударды. Әлемдік деңгейде жүргізіліп отырған реформаларға әр елдің мұқтаж екенін баса айтқандығы бекер болмаса керек. Өйткені елдің болашағына балта шабатын жаһандану процесінің қарқынды дамуы адамзат баласын қатты алаңдатады. Қазақ топырағына келу мақсатында осыны ескерген Ион Илиеску ҚазҰУ студенттері қойған сұрақтар аталмыш мәселемен ұштасып жатқандығына дән риза болды.

Еліміздің беткеұстар бірегей оқу орнына Румыния Президентінің табан тіреуі бейбітшіліктің, татулықтың кепілі екендігін аңғартса керек. Олай дейтініміз, елдің жарқын болашағы сол елдің басшысына тікелей қатысты. Бірлікпен халқын ұйытқан Елбасы қашанда мәртебелі атқа ие емес пе? Демек, ҚазҰУ-дың шаңырағына арнайы көңіл бөліп Румыния Президентінің келуі ауыз толтырып айтарлықтай маңызды шаралардың бірі болып саналады. Ең бастысы, ол екі ел арасындағы білім мен ғылым саласындағы байланыстардың жақсаруына да ықпал етері анық. Сондықтан да ректор Төлеген Әбдісағиұлы мәртебелі қонаққа «ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын беріп, иығына ұлттық нышанымыздың белгісі бар шапан жапты.

Мәртебелі қонақ білім ордамызда болған сәтте жақсы әсерге бөленіп, бізден үлкен ризашылық сезіммен кеткені анық.

Ы.ЕГЕМБЕРДИЕВ

2003 ж.

70 жылдыққа дайындық қызу жүруде

19 маусым күні сағат 15:00-де Ректорат ғимаратының тоғызыншы қабатындағы мәжіліс залында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдығына дайындық комиссиясының кезекті мәжілісі болып өтті. Мәжіліске университет басшыларымен қатар, факультет деканды, бөлім жетекшілері, басқа да комиссия құрамына кіретін университет бөлімшелерінің қызметкерлері қатысты. Мәжілісті университеттің бірінші проректоры Зұлхайыр Аймұхаметұлы Мансұров кіріспе сөз сөйлеп ашып, университеттің 70 жылдығына дайындық туралы өзі қысқаша баяндама жасады.

– Қазақстан білімінің қара шаңырағы – Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына келесі жылы 70 жыл толады, – деп бастады баяндамашы сөзін. – Бүгінде тойға дайындық жұмысы қызу жүруде. Университетімізде осы жылы құрылған 70 жылдыққа дайындық секторының ұйымдастыруымен біраз жұмыстар атқарылды. Қысқаша тоқталатын болсақ, жақында университетіміздің тек қана Қазақстан емес, шетелдерге аттары танымал 33 таңдаулы оқытушы-профессорларының есімі енген Қазақстан оқу ісінің үздігі М.Б.Батырбековтің редакциялық басшылығымен «Қазақстан жоғары мектебі» атты кітап шықпақшы. Мерейтойлық күнтізбе жобасы жасалып дайындалды, 100 беттік түрлі түсті суретті жарнамалық журнал дайындалып бітті. Енді біз бұл журналдың электрондық үлгісін жасап, компакт-дискіге жазып таратпақпыз. Ең үлкен еңбек – ҚазҰУ-дың жылнамасы жазылған үш томдық энциклопедия. Бүгінде бұның бірінші томы дайын, баспаға жіберілмекші. Екінші томның да материалдары жинақталып, дайындалу үстінде. Орфографиялық жөндеу, стилистикалық түзету сияқты ұсақ-түйек жұмыстары қалды. Жаңа оқу жылына дейін, бұйырса, бұны да баспаға беріп қалармыз. Әрқайсысы 250 беттен тұратын бұл кітаптарды дайындауда қыруар жұмыстар атқарылғанын атап өтеніміз жөн. Бұл жылнаманы дайындауда университет архивінің, университет тарихы музейінің, Орталық республикалық архивтің де тигізген көмектері көп.

Ғылыми кітапхана қызметкерлерінің күшімен дайындалып жатқан «ҚазҰУ – баспасөзде» атты библиографиялық көрсеткіш дайын болып қалды. Бұл библиографиялық көрсеткіште 4000-ға тарта мақала қамтылған.

Әлбетте, 70 жылдыққа байланысты дайындық туралы айтқан кезімізде университет құрылымдарында, факультеттерде істеліп жатқан жұмыстарды түгел қамтып шығу мүмкін емес. Біз тек кейбіреулеріне ғана тоқтала

кетейік. Бүгінгі танда заң және тарих факультеттерінің факультет туралы жылнамалық кітаптары дайын. Сондай-ақ 70 жылдыққа дайындық секторымен қоян-қолтық жұмыс жасап, университетіміздің келер жылдағы тойына дайындық жұмысында өзіндік үлес қосып жүрген факультет ғылыми хатшылары: физика факультетінен Ш.Б.Байқанатова, биология факультетінен А.Б.Гончарова, заң факультетінен Ш.Сыздықова, математика факультетінен А.Т.Садықовалардың және филология факультетінің кафедра меңгерушісі Н.И.Гайнуллинаның жақсы жұмыстарын атап өтуге тұрарлық.

Ұлттық университетіміздің 70 жылдық тойын өткізу, оған дайындық шаралары бір адамның ғана жұмысы емес, оған көп болып атсалысуымыз керек. ҚазҰУ-ды мақтаныш тұтатын әр факультет, әр мұғалім, әр студент шын жанашырлық сезіммен, үлкен жауапкершілікпен қарағандары жөн. Сондықтан да көп болып көтерген жұмыс жеңіл болады.

Бұдан кейін баяндамаға байланысты тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н.Омашев, оқу ісі жөніндегі проректор Ж.Дәдебаев 70 жылдыққа байланысты жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары туралы сөз қылды.

Н.Омашев бұл салада істеліп жатқан жұмыстардың ойдағыдай екенін, біраз шараларды әлі де жетілдіру қажеттігіне, шығарылатын кітаптардың сапасын жақсарту керектігіне, кейбір кітаптарды сериялық түрде 70 жылдық символикасымен шығару қажеттігіне тоқталды. Сондай-ақ факультет деканларын, басқа да ұйым жетекшілерін 70 жылдықты ұйымдастыру жұмысындағы белсенділікке, фотосурет, басқа да материал жинақтауда көмектесуге шақырды. Сондай-ақ жанашырлық, жауапкершілік көзқарас қажеттігін айтты.

Бұдан кейін сөйлеген академиктер З.Қабдолов, Я.Әубәкіров, А.Лукьянов 70 жылдыққа байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстардың толыққандылығына, үш томдық ҚазҰУ жылнамасының соңғы кезде ҚазҰУ тарихындағы істелінген көп жұмыстардың ішіндегі ең қомақтысы, яғни баға жетпес рухани байлық екеніне тоқталды.

– Маған үш томдық жылнамамен қатар, 100 беттік жарнамалық журналдың сырты ғана емес, әсіресе іші ұнады, – деді академик З.Қабдолов. – Мұнда тек құр суреттер, жеңіл-желпі пішін емес, ішкі мазмұнға үлкен мән берілген. Көптомдық ҚазҰУ тарихы – бұл біз үшін есте қаларлық мәңгі дүние. Сондықтан бұған үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

Я.Әубәкіров өз сөзінде былай деді:

– Көптомдық жылнама, әрине, жақсы жазылған. Мен осы кітапты оқи отырып, көптеген ұстаздарымды есіме алдым. Сондай-ақ бұрын білмейтін бірнеше есім мен үшін жаңалық болды. Сол себепті де шығар, жылнамалық кітаптың көтерген жүгі ауыр, ауқымы кең. Бұл салада қыруар жұмыстар істелінген. Бірақ кейбір жерлерінде адам аттарынан қате кеткен тұстар бар, соларды түзетуіміз қажет. Болашақ ұрпақ үшін біз бұл кітапты барынша жақсылап шығарып, мұра етіп қалдырғанымыз абзал.

– Өз өмірім университетпен біте қайнасып келеді. 80 жылдық ғұмырымда біраз адаммен қызметтес болдым. Көптеген ғұламалардың көзін көрдім. Сондықтан да ҚазҰУ жылнамасына кірген ұстаз-ғалымдар өмірбаянын өз естеліктеріммен толықтыруға көмегім аяусыз, – деді академик А.Лукьянов.

Факультет декандары да 70 жылдыққа байланысты өз ойларын ортаға сала келіп, факультеттер шығаратын жылнамалық кітаптың университет бойынша жалпы бір қалыпқа түсіру керектігін айтты. Сондай-ақ шығарылатын басқа да кітаптар мен буклеттердің көлемін бекіту, редакциялық жұмысын атқару, орталықтандырылу қажеттігіне не болмаса кітап тағдырын комиссия құзырына беру керектігіне тоқталды.

Сонымен, Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдығын өткізуге байланысты комиссияның мәжілісін бірінші проректор З.А.Мансұров қорытындылап, алдағы атқарылар жұмыстарға байланысты межелер белгіледі. Мәжіліс соңында қарар қабылданды.

А.ЖҰМАБАЕВА,
А.БИСЕМБАЕВА,
70 жылдыққа дайындық секторының қызметкерлері
19 маусым 2003 жыл

ҚазҰУ музейі – студент жастарға эстетикалық тәрбие беру көзі

Музей – жоғары оқу орындарындағы идеологиялық және мәдени ілімдерді дамытудың бірден-бір орталығы. Бұл орталықтар ғылыми-ағартушылық орындар ретінде көптеген материалдарды жинап-сақтаудың қызметін атқарады. Сонымен бірге оларды насихаттау жұмысымен айналысады. Музейдің қызметі өте үлкен. Музейдегі экспозициялық көріністер жастарды дұрыс жолда тәрбиелеу үшін маңызды нәрсе. Сонымен қатар олар жастарға эстетикалық тәрбие берудің көзі. Материалдар жинақтау, шежірелік-тарихи ескерткіштерді сақтау сияқты музейдің қосымша орталықтары ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізуге көп көмегін тигізеді.

Университет музейі – студент жастарды тәрбиелеудің бір ортасы болып табылады. Шығыс ғұламасы, ұлы философ әл-Фараби бабамыздың «Тәрбие мен білім – жас ұрпақтың қос қанаты» деген сөзін еске салсақ, жоғары оқу орнын бітіруші түлек тек кәсіби мамандықты ғана емес, сондай-ақ жеке жоғары мәдениеттілікті бірдей игеруі тиіс. Сондықтан да студент жастарды тәрбиелеу, әрине, университет ұжымының негізгі міндеті. Бүгінгі таңда университет алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – елін, жерін, тілін сүйетін білімді жасты, елжанды азаматты тәрбиелеу, яғни маман даярлай отырып адам тәрбиелеу. Кез келген өркениетті дамыған қоғамның ұстанар қазығы – рухани, мәдени

тәрбиемен кемелденген жоғары білім болып табылады.

Патриотизмге тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілік әр студент жастың өз оқу орнына, факультетіне деген сүйіспеншілігінен басталады. «Театр киім ілгіштен басталады», – деп К.С.Станиславский айтпақшы, әр оқу жылының басында университет табалдырығын аттаған студенттер университет тарихымен бірінші кезекте музейде танысады. Себебі бізде жыл сайын университет қабырғасына қабылданған бірінші курс студенттерінің университетпен танысуын музейден бастау дәстүрі бар. Бірінші курс студенттерін 1 қыркүйек – Білім күні музейімізде қабылдап, университет тарихы мен өмірі жайлы келелі мағлұматтар беруге тырысамыз.

Қазақ ұлттық университеті тарихы жайлы музей университеттің тәрбие саласындағы ең маңызды ортаның бірі. Музейдің қызметі студент жастарды өткенді құрметтеуге, бүгінгіні үлгі тұтуға, келешекке оң көзбен қарауына бағыт береді. Музейдегі экспонаттар студент жастарды әр кезеңдегі олардың әріптестерінің өмір тарихымен танысуына толық мүмкіндік жасайды. Музей экспозициясы университетіміздің құрылуындағы ең маңызды құжаттардан: Кеңестер Одағының 1933 жылғы 20 қазандағы «Қазақстанға кадрлар даярлау және ҚазМУ-ды ашу туралы» қаулысы, ҚазКСР Министрлер кабинетінің 1991 жылғы 23 қазандағы «С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекетгік университетінің атын өзгерту туралы және оған әл-Фараби есімін беру туралы» қаулысы, сонымен бірге Қазақстан Республикасы үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-ды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға өзгерту туралы қаулысы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 шілдедегі университетімізге ұлттық ерекше мәртебе беру туралы жарлығы орын алады.

Музей экспонаттары университеттің құрылуы мен дамуына толық мағлұматтар береді. Музейде он төрт факультеттің, ғылыми-зерттеу орталықтардың, бөлімдердің тарихы, жеткен жетістіктері туралы мәліметтер орын алған. Университеттің даму тарихына байланысты оның факультеттері мен кафедраларының, оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы көптеген материалдар сақталуда.

Музейіміздің сөрелеріндегі экспонаттар Қазақ ұлттық университетінің алғашқы құрылған күндерінен, жаңа факультеттердің, жаңа кафедралардың ашылу тарихынан мәліметтер береді. Мұнда әр факультеттегі оқытушы құрамының жеткен жетістіктері, марапаттары көрініс табады. Сонымен қатар музейден университеттің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихынан, яғни Отанымызды қорғау үшін майданға аттанған ұстаздар, қызметкерлер мен студенттердің, соның ішінде ҚазМУ-дың алғашқы ректоры Ф.Т.Оликов, мұғалім Н.М.Петрова, студенттер А.Лукьянов, Н.Страшников, Кеңес Одағының Батыры А.Попов, Ш.Құсанова; Брест қамалын қорғаушылар; Т.Сатыбалдин, Г.Деревьянко, В.Фурсов, Ғ.Жұматов және басқа да көптеген батыр ағаларымыздың өмір тарихымен таныса алады. Университетіміздегі ардагерлер қоғамының жетекшілері мен музей қызметкерлері тығыз байланыста. Үш ұрпақтың өкілдерімен кездесулер мен кештер өткізіп отыру жақсы дәстүрге айналған. Музей экс-

позициясында ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми-педагогикалық жетістіктері, 8 ҒЗИ, ғылыми технологиялық парк, 27 диссертациялық кеңесті қосатын қазіргі заманға сай ғылыми инфрақұрылым көрсетілген.

Республикамыздың жоғары оқу орындарының ішіндегі ең ірі кітапханасы бар ҚазҰУ қорында 1,5 миллионнан аса дана кітап қорына ие 14 оқу залы бар кітапханамыздың тарихы да бар.

Университеттің тіл және тәрбие жұмысы саласындағы тәрбие бөлімі, тілдерді дамыту бөлімі, студенттер клубы, әлеуметтік бөлім, жастар рухани орталығы, «Қазақ университеті» газеті, баспасөз орталығы, тағы басқа ұрпақ тәрбиесі мен мәртебесіне, ұлттық өнер мен дәстүрді жаңғыртуға өз үлестерін қосып, ҚазҰУ-дың имиджін қалыптастырудағы еңбектерімен студент жастарды хабардар ету бұл музей қызметкерлерінің зор еңбегі. Сонымен қатар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығын құруға қол жеткізіп отыр. ҚазҰУ түлектері жыл сайынғы кездесулерінде музейге келуді дәстүрге айналдырды. ҚазҰУ тарихы музейі қаламыздағы басқа да музейлермен тығыз қарым-қатынас жасап, тәжірибе алмасуда. Музей қызметкерлері әр мерекелік күндерге байланысты түрлі көрмелер ұйымдастырып отырады. Музейіміздің қоры университетіміздің тарихына байланысты маңызды құжаттармен толықтырылуда.

Қорыта келгенде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарихы музейінің экспозициясы студент жастарға университетіміздің өткен тарихы мен бүгінгі өмірінен толық мәліметтер береді. Демек, ҚазҰУ тарихы музейінің келер жас ұрпақ тәрбиесі мен тәуелсіз еліміздің келешегін жалғастырушы жас мамандарды тәрбиелеп, дайындаудағы тәрбиелік мәні өте зор.

Р.С.ӨМІРӘЛИЕВА,
музей қызметкері
25 қыркүйек 2007 жыл

● ***Алаштан қалған асыл сөз***

Жастарға тәрбие

Жастар қамқоры екендігі, жастардың ел үшін тез оқып, жетілуі қажеттігін Жүсіпбек құрғақ сөзімен емес, нақты ісімен дәлелдеген, жақтаған. «Ең басты мақсат – жастарды ұйымдастырып, біріктіріп, өнер, ғылым жағынан, саясат саласынан олардың мағлұматын байыту, сана-сезімін арттыру, өз қызметін атқаруда, міндеттерін орындауда жауапкершілікке, тәртіптілікке үйрету» деп түсіндірген.

Мұнан соң үйірмелердің құрылымы, қаражат көздері, жұмыс тәртібі туралы ереже ұсынған. Жүсіпбек пікірінше, жастарды сахна өнерінің сырларымен таныстыру, талапкерлерді сонда ойнауға машықтандыру. Бұл үшін театр туралы кітаптарды, айтылған пікірлерді оқу, оқығанын ортаға салу, пьеса шарттарын ұғыну, қазақша пьесаларды жинап, олардың жеңілдерін сахнаға шығарып, рөлдерде ойнауды үйрену. Ойнағанда қатты, ашық сөйлеуге, пікірді көркем етіп мәнерлі жеткізуге төселу, пішін құбылыстарын, дене қимылын көңілге қонымды ету үшін суретшілік сезімді жетілдіру керек деп үйретті.

Ән-күй үйірмесінің мақсатын да Жүсіпбек интернационалдық тұрғыдан түсіндірді. Оның нұсқауынша, қазақ күйлерін, зарларын тек домбырада емес, мәдениетті жұрттардың әрқилы аспабында тартып, шертіп үйрену парыз. Әрі қазақ домбырасының даусы үлкен залдарда жақсы естіле қоймайды, сондықтан Еуропа аспаптарынан қашпау керек. Дауысты майда, нәзік, нақышты шығарып тәрбиелеу үшін орыс әндерін тыңдап, айтып үйрену, жақсы әншілерінен үлгі-өнеге алу қажеттігін атап көрсетті.

Демалысқа шыққан жастарға елге, қалаға барғанда жақсы әнші, домбырашылардан ән, күй үйреніп қайтып отыруды тапсырды. Халқының жастары өссе екен, жетсе екен деген ұстаз қазақ балаларына орыс жастарын үлгі етіп отырған. Олардан не үйренуге болатынын түсіндірген. «Орыс баласы, – дейді ол, – оқудан босаса футбол ойнайды, жарысқа қатысады, түрлі дене тәрбиесімен айналысады. Оқудан шықса қазақ баласының істейтіні – көше қыдыру, таныс жағалау, жоқ жерден пайда іздеу. Орыс баласы қолы босаса аңға шығады, қайықпен серуендейді, музыка тыңдайды, кітап, әдебиетке қарайды. Ал қазақ баласының қолы босаса, өсек-аяң аңдиды, түтіні өшіп, қазаны оттан түскен үйлерді жағалайды. Бұл қалай? Орыс баласы істеген өнер қазақ баласының қолынан келмей ме? Әбден келеді. Тек мойны құрғыр жар бермейді», – деп кейиді Жүсекең. «Неге?» деп сұрау қойып, оның да жауабын қазақ ішіндегі әдет-салттан табады. Мұның сыры, оның айтуынша, біздің жастардың көргені, үлгісі, тәрбиесі жаман. Жас күнінде баласы бірдеңеге ұрынып, бір жерін ұрып, «Қуатым-ай, ауырып қалды ма? Үрлейінші, сүйейінші» деп бәйек болады. Сөйтіп, ардақтайтын жалғызын іздеуден, өнерден, еңбектен шет қалдырады. «Шыбық тимес шыңқ етер» етіп өсіреді.

«Жас тілшілерге арналған көмек»,
VI том, 126-128 бб.

Дайындаған
Темірбек ҚОЖАКЕЕВ

28 қазан 2008 жыл

Университетті ұлықтаған үздіктер марапатталды

Еліміздегі ЖОО арасындағы ең үздігі танылатын ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына орай, отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының ұжымдары мен журналистері арасында өткен «ҚазҰУ – білім беру мен ғылымның ұлттық көшбасшысы» атты шығармашылық байқау өз мәресіне жетіп, 15 қазанда аталған қара шаңырақта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қызметі баяндалған үздік жарияланымдардың жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.

Бұл жыл ел тарихында өзінше қолтаңбасымен ерекшеленбек. Себебі осы жылы ғылым мен білімнің тұнығына айналған көшбасшы оқу орда – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 75 жыл толды. Қара шаңырақтың мерейтойын үкілеуде БАҚ өкілдері де тыс қалмады. От тілді, орақ ауызды журналистер ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айлары аралықтарында университеттің тарихы мен келбетіне арналған мақалаларын жарияласа, енді бірі студенттік шақтағы қызықты кезеңдерінен эссе жазып, оқырман назарына ҚазҰУ-ды жан-жақты таныта білді. Бұл жылы әдеттегіге қарағанда ҚазҰУ жайлы жарияланымдардың саны артты. Көгілдір экран түймесін бассаңыз – «ҚазҰУ», әуе толқынының тетігін бұрасаңыз – «ҚазҰУ», мерзімді басылымдарды парақтасаңыз – «ҚазҰУ». Міне, бұл үрдіс қара шаңырақтың қадірі мен беделінің асқақ екендігінен хабар бермек. Ахмет Байтұрсынов айтпақшы: «Газет – халықтың көзі һәм құлағы». Жақсы істің ел назарына ұсынылуында БАҚ өкілдерінің еңбегі зор.

Осы кезекте қара шаңырақтың мерейін үстем еткен мерейтойлық шараның бірі – отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының ұжымдары мен журналистері арасында өткен «ҚазҰУ – білім беру мен ғылымның ұлттық көшбасшысы» атты шығармашылық байқау. Байқаудың нәтижесінде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан сөз зергерлерін арнайы құттықтау салтанатты шарасында ҚазҰУ ректоры, академик Бақытжан Жұмағұлов бұл шараның мақсатына тоқталып өтті. «Университеттің мерейтойлық жылына арнап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстан Журналистика академиясы ҚазҰУ-дың мерейтойына орай, отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының ұжымдары мен журналистері арасында шығармашылық байқау ұйымдастыруды ұйғардық. Байқаудың мақсаты журналистер тарапынан еліміздегі жетекші университеттің білім, ғылым және мәдениет саласындағы үлесіне көңіл бөлініп, қара шаңырақтың қоғамдағы имиджін нығайтып, қа-

зақстандық білім беру саласында ҚазҰУ ең үздік білім кешені, ғылымның ең терең тұнығы екендігін тағы бір нығайтып, дәлелдеу еді. Себебі журналистер қоғамда халық сенімі мен ықыласына бөленген, «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» ерекше маман иелері екендігі анық. Тағы бір діттеген мақсат – бұл университеттің заманауи дамуы мен болашаққа деген қарымды қадамын бұқараға байқату еді», – деп, университет ректоры алғы сөзін жеткізгеннен кейін, БАҚ-та жарық көрген үздік жарияланымдарды марапаттау рәсімін бастады.

Аталмыш байқауға қатысу үшін төртінші билік өкілдерінің тарапынан 100-ден аса жұмыс ұсынылса, байқау қорытындысы бойынша қасиетті қара шаңырақтың өткені мен бүгінгісін, беделі мен қарымын насихаттауға атсалысқан бұқаралық ақпарат құралдарында 1500-ден аса эфирлік көрсетілім, радиолық материалдар мен журналистік жарияланым жарық көрген екен. Бұл журналистік еңбектерді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз қызметі тиянақты қадағалап, назарда ұстады. Байқаудың оқ бойы озық шыққан жүйріктерін тану үшін арнайы комиссия мүшесі құрылып, үздік еңбектерді таразылады. Нәтижесінде байқаудың «ҚазҰУ жастарына айрықша назары үшін» номинациясы бойынша «Жас қазақ» ұлттық апталығының ұжымы, ал «За особое внимание к студенчеству КазНУ» номинациясымен «31 канал» телеарнасы, «ҚазҰУ жастарына айрықша назары үшін» номинациясы бойынша «Түркістан» халықаралық саяси апталығының ұжымы марапатталады. Бұл марапат ҚазҰУ студенттерінің көшбасшылық қабілетін тани білген БАҚ өкілдеріне бұйырса, университеттің алтын қазынасын жан-жақты көрсете білген «Қазақстан республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ «ҚазҰУ туралы жарыққа шыққан хабарлардың кәсіби шеберлігі үшін» номинациясын иеленсе, КТК телеарнасы «За высокий профессионализм в освещении деятельности КазНУ им. Аль-Фараби» номинациясын, «Страна и мир» газетінің редакция ұжымы «История КазНУ в истории страны» номинациясымен марапатталды.

Сонымен бірге «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойын жариялаған үздік аймақтық БАҚ» номинациясы бойынша «Жетісу» Алматы облыстық қоғамдық-саяси газетінің ұжымы марапатталды. Конкурстың қатысушылары арасынан ерекше көріне білген «Қазақ әдебиеті», «Дала мен қала» және «Алматы ақшамы» газеттерінің редакция ұжымына Қазақстан Журналистика академиясының президенті, академик Сағымбай Қозыбаев академияның арнайы дипломын табыс етті. Сонымен қатар осы академияның арнайы дипломымен өзге де БАҚ өкілдері марапатталды. Олар – «Егемен Қазақстан» газетінен Гүлзейнеп Сәдірқызы, «Казахстанская правда» газетінен Гульфия Нестеренко, «ҚазИнформ» ақпараттық агенттігінен Айгүл Тұрысбекова, Қазақ радиосындағы «Достық» редакциясының бас редакторы Әмір Өмірбеков, осы радиодағы «Қайырлы таң, Қазақ елі!» таңертеңгілік бағдарламасының редакторы Гүлнұр Омарханқызы және «Страна и мир» газетінен Татьяна Косячная және «Огни Алатау» газетінен Елена Холщевникова.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
26 қазан 2009 жыл

Ұлт руханиятының қайраткері



Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сөз өнерінің сардары, қазақ әдебиетінің саңлағы Әбіш Кекілбайұлының 70 жасқа толған мерейтойы еліміздің мәдени-рухани өміріндегі жарқын да жарасымды күндердің бірі екендігі айқын. Кемеңгер жазушының мерейлі мерекесі қыркүйек айында Маңғыстау жерінен бастау алып, Сарыарқа төсіндегі Астанада жалғасып, 21 желтоқсан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шарықтау шегіне көтерілді. Қасиетті қара шаңырақ өзінің әйгілі түлегі, Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік және ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты, сөз өнерінің теңдесі жоқ зергері Әбіш Кекілбайұлының 70 жылдық мерейтойын ерекше салта-

натпен атап өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірігe отырып ұйымдастырылған аталмыш шара «Әбіш Кекілбаев және замана шындығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциямен ашылды.

Конференцияны ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов ашты: «Әбіш Кекілбайұлының өмірлік мәні зор қызметінің айрықша суретті әрі сәулетті саласы – шығармашылығы. Ол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде М.Әуезовтен дәріс тыңдады, тәлім-тәрбие алды, әдебиет үйірмесін басқарды, талабы өсіп, таланты ашылды. Осы реттен келгенде Ә.Кекілбаевтың қайраткерлігі мен суреткерлігінің, өнердегі берендігі мен еңбектегі ерендігінің мөлдір бастауы, қайнар көзі Қазақ ұлттық университетінің аудиториясында, университеттің ғұлама ұстазы М.Әуезов алдында ашылған болар-ау деп ойлаймыз. Сондықтан да университет ұжымы Әбіш Кекілбайұлының Германияның «Фольк унд вельт» баспасы жүргізген сараптама бойынша XX ғасырдың үздік 100 қаламгерінің бірі болып танылуын да қуана қабылдаған болатын. Енді, міне, университет өзінің мәртебелі төріне даңқты түлегінің еліміздің ең жоғары наградасы – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алып келгенін айрықша мақтаныш сезімімен қарсы алып отыр».

Иә, талай жүйріктің талабына дем беріп, тұсауын кескен белді оқу орнының бүгінгі таңда Әбіш Кекілбайұлындай шәкірттерінің арқасында мерейі үстем, мәртебесі биік. Арнайы сөз алғандардың ішінде ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.к., профессор Серік Қирабаев: «Әбіш адам тіршілігінің суреткері ретінде оның өмірінің әлеуметтік мән-мағынасына үңіліп, оны философиялық ойшылдықпен өрнектейді. Жазушы өнерінің кейінгіге ғибраттық, ой саларлық, сабақтық мәні де осында. Ол ашқан өз замандастары мен тарихи кейіпкерлердің жас ұрпаққа ұсынар тағылымы да әдебиеттің мазмұнын байытуға қызмет етеді», – деп жазушының суреткерлік бейнесі жайлы сөз қозғаса, Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин: «Сол бір тұманы мен күмәні қалың 90-жылдарда ойын діттеп, бойын тіктеп ұстаған қарымды қаламгердің сабырлы саясаткер ретінде елге кең танылып, алғашқы қазақ президентінің қасынан табылуы бәрімізді де қуантты. Әбекеңнің сол тұста алуан-алуан саяси-әлеуметтік сауалдарға жауап табуға, ел көңілін елеңдеткен түйткіл мәселелердің түйінін шешуге ұмтылған, дәуірлік мінез қалыбы берік толғау мақалаларының ел арасындағы ықпалы ерекше болды», – деп, саясаткер Кекілбаевты суреткер Кекілбаевтан бөле-жара қарауға болмайтынына тоқталды.

Пленарлық отырыстан соң, сөз өнерінің хас шеберінің шығармашылығы жайлы «Әлемдік әдеби процесс және Ә.Кекілбаев шығармашылығы», «Ә.Кекілбаев прозасының көркемдік-эстетикалық әлемі», «Ә.Кекілбаев шығармаларындағы тарих және тағылым» атты үш секцияда 60-тан астам баяндама оқылды. Баяндамашылардың қатарында Германия, Үндістан, Қырғызстан, Ресей, Иран

және АҚШ ғалымдары бар. Ғалымдар мен қонақтардың баяндамалары жазушы Ә.Кекілбаевтың әлемдік және отандық мәдениетке сіңірген ерен еңбегіне арналды. Заңғар жазушының мерейтойы Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында салтанатты жиылысқа ұласты. Кеште белсенді де қуатты, қоғамдық және саяси қызметімен тәуелсіз еліміздің тарихын жазуға атсалысқан қаламгерге Бақытжан Тұрсынұлы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімімен «Құрметті профессор» дипломы мен мантиясын табыс етті. ҚР білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, осындай жазушымен бір заманда өмір сүріп, оның ғибратты сөздерін тыңдап, терең ойлы шығармаларымен сусындау мақтаныш екендігін айтты. Еліміздегі бас оқу орнының қабырғасында өткен керемет кештің қорытындысы мерейтойлық концерттік бағдарламамен тамамдалды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
25 желтоқсан 2009 жыл

ҚазҰУ студенттері тұңғыш қазақтілді спорт сайтын ашты

Сүйінші! Қазақ спорты жайлы тұңғыш интернет-сайт ашылды. Ел спортшыларының әлемдік сындардағы жетістігі мен қазақ спортының келелі мәселелері жайлы сөз қозғайтын жаңа сайттың атауы «Аламан» деп аталды. Шыны керек, осы күнге дейін қазақ спорты жайлы жанкүйерлерге тұшымды ақпарат берер бірде-бір сайт болмапты. Енді, міне, сол олқылықтың орны толды. Бұл сайтты құрастырушы – студенттер. Сайтты ашуға мұрындық болған – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің студенттері – Рауан Оқасов пен Руслан Меделбек.

Сайт бетінен оқырман қауым қазақ спортшыларының әлемдік сындарда жеткен жетістігімен қатар, ел біріншіліктері жайлы репортаждар, түрлі статистикалар мен тұшымды ақпараттарды оқи алады. Сайттың дизайнын жасаған – елімізге танымал интернет-дизайнер Аршат Оразов.

Алдағы уақытта «Аламаннан» спортсүйер қауым түрлі сауалнамалар мен бәс тігу сайыстарына қатысып, онлайн трансляцияларды тамашалайтын болады. Ендеше «Аламанда» жүздескенше! Жаңа сайттың мекенжайы: www.alaman.kz

25 қаңтар 2010 жыл

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ҚазҰУ

(1941-1945 жж.)

Биыл Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 65 жыл толып отыр. Соғыс елімізге, соның ішінде университет өміріне көптеген өзгерістер әкелді. Алматыда ЖОО-лардың эвакуациялануына байланысты университет базасы кеңейіп, ғылыми-педагогикалық кадрлар толықты. ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттер қан майданға аттанып, Отанды қорғады. Ал тылда қалғандары майданға түрлі деңгейдегі көмектер көрсетуден аянбады. Осыған орай, газетімізде соғыс жылдарындағы университет тарихынан сыр шертетін хронологиялық ақпарат беріп отырмыз.

1941 жылдың 22 маусымында барша кеңес адамдары сияқты университеттің студенттері мен оқытушыларының, қызметкерлерінің бейбіт еңбегі соғысқа байланысты күрт өзгерді. Қазақ мемлекеттік университеті Ұлы Отан соғысы алдында республикадағы жетекші оқу орнының бірі болды. Бұл жылдары ғылыми-педагогикалық кадрлар толықтырылып, университеттің материалдық базасы кеңейіп, едәуір нығайды.

1941-42 жаңа оқу жылына дайындық 1941 жылдың шілдесінен басталды. Соғыс жылдары Алматыға эвакуациямен жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары, мекемелер көшіп келді. Осының барлығы университет қызметінің жақсаруына әсер етпей қоймады. Қысқа мерзім ішінде соғыс кезеңіне лайықталып жаңа оқу жоспары жасалды. Осы жылдардағы оқу жылының басты мақсаты студенттердің саяси-идеялық дәрежесін көтеру болды. Жастарды адамгершілік қасиетке, Отанға деген сүйіспеншілікке, пролетарлық интернационализмге тәрбиелеуде көптеген жұмыстар жүргізілді.

Барлық жүргізілген ғылыми жұмыстар соғыс кезіндегі жағдайға ыңғайландырылды, ал кейбір жаратылыстану факультеттерінің кафедралары ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қоса, майдан мен тылға қажетті өнім түрлерін өндіру жұмыстарымен де айналысты. Зертханалар мен шеберханалар ұйықтататын сұйықтықты, глюкозаны, тұз қышқылын, хлоэтилді, радиоэлектр шамдарын шығаруды меңгерді. Ай сайын 100 келіден аса дәрі-дәрмек, химикат, 5 мың электр шамы мен 14 мың рентгенпластин т.б. шығарылды.

Еліміздің басына түскен ауыртпалыққа қарамастан, университет жұмысын бір сәт тоқ-

татқан емес. Студенттердің басым көпшілігі «жақсы» және «өте жақсы» деген бағалармен оқыды. Студент коммунистер мен комсомолшылдар – С.Темірғожин, Е.Гвоздев, Қ.Біләлов, А.Рахимов, Н.Шиханова, Р.Рүстембекова, Х.Садирова, В.Шашина, А.Распопова, В.Пуриц, Н.Шәкенов, тағы басқалары университет мақтанышы еді. Оқу және ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша қарқынды іс-шаралар өткізілді. ҚазМУ-дың қызу жұмысын ректор И.К.Лукьянец, проректорлар А.В.Сокольский, В.Ф.Литвинов, Х.М.Ибрашев, Ф.М.Авазбакиев басқарды.

Университеттің оқытушылары мен студенттерінің алғашқы тобы 1941 жылдың шілде айының ортасында әскер қатарына шақырыла бастады.

Қазақ мемлекеттік университетінен майданға 287 адам аттанған. Олар 59 оқытушы, 52 әкімшілік-шаруашылық қызметкері және 176 студент еді. Ал олардың ішінде 30-ы қыздар болатын.

Майданға өз еріктерімен оқытушылар мен студенттер партбюро секретары А.И.Лях, химия факультетінің студенттері Қ.Біләлов, Н.Д.Заварухин, А.Т.Лукьянов, А.В.Соломин, физика-математика факультетінің студенттері Н.Д.Косов, В.А.Сапа, Н.М.Петрова, партия ұйымының секретары И.И.Скакун, А.С.Сұрапбергенов, Т.А.Есіркепов, В.А.Полевик, Г.Ф.Поленов, Қ.Т.Өтемісов аттанды.

Аты аңызға айналған Брест қамалы мен Брест қаласын қорғаушылар арасында қазақстандықтар да аз болған жоқ. Солардың бірі – университетте математикадан сабақ берген Т.Сатыбалдин, биология факультетінің студенті В.И.Фурсов, Ғ.Ж.Жұматов болды. Биология факультетінің 2-курсынан 1940 жылы әскер қатарына шақырылып, Брест қамалын қорғауда В.Фурсов ауыр жарақаттанып, осы ұрыста аяғынан айырылды. Соған қарамастан, соғыстан кейін өзінің сүйікті университетіне қайта оралып, 1948 жылы университетті үздік бітіріп шықты. Оқытушылыққа қалдырылып, кандидаттық, кейін докторлық диссертация қорғады. Профессор Владимир Иванович Фурсов бүкіл өмірін жастарды тәрбиелеу мен оқытуға арнады.

Майданға өз еркімен аттанғандардың бірі филология факультетінің 2-курс студенті Шағила Құсанова болды. Ташкенттегі екі айлық радистер дайындайтын курсты бітіргеннен кейін Украина, Румыния, Чехословакия, Польша, Берлинді жаудан азат етуге қатысты. Соғыстан кейін Шағила Әкімбайқызы университеттің тарих бөлімін, аспирантураны ойдағыдай бітіріп, кандидаттық, докторлық диссертациясын қорғап, көп жылдар Коммунистік партия (КПСС) тарихы кафедрасын басқарды.

Математика факультетінің аспиранты Г.Деревянко мен Әскери кафедраның оқытушысы В.А.Полевых соғыстың алғашқы күнінен майданға аттанды. Г.Деревянко Брест қамалын қорғауда ерлікпен қаза тапты.

«Кеңес Одағының Батыры» жоғары атағы ҚазМУ-дың биология факультетінің түлегі А.В.Попов пен Смағұловқа берілді.

Университеттегі өмір «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» деген басты ұранмен жүріп

жатты. Университетте қалған оқытушылар мен студенттер әскери мамандықтың кем дегенде бір түрін меңгеруді міндеттенді, олардың госпитальдарға, колхоздарға, фабрикаларға көрсеткен көмегі елеулі болды. Оқытушылар мен студенттер демалыс күндері жұмыс істеп, оның еңбекақысына жылы киімдер сатып алып, майданға жіберіп отырды. 1943 жылдың қаңтарында Қазақ мемлекеттік университеті студенттерінің бұл бастамасы жоғары оқу орындарында қолдау тапты.

Сұрапыл соғыстың қиын жылдарының өзінде университет дамып отырды. Жаңа факультеттер мен кафедралар ашылды. 1943 жылы 4 қаңтарда Жануарлар физиологиясы, Жалпы физика, Эксперименталды физика кафедраларының тұсауы кесілсе, 1945 жылдың маусымында Қазақ әдебиеті кафедрасы өз жұмысын бастады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға эвакуациямен келген еліміздің жетекші ғалымдары университетке зор көмек көрсетті. Олардың қатарында КСРО Ғылым академиясының академиктері мен корреспондент-мүшелері – И.И.Мещанинов, Н.Н.Ворожцов, В.А.Догель, М.И.Усанович, А.В.Думанский және басқалары бар еді.

Соғыс өзгертулерін оқу процесіне де енгізді. 1941-42 оқу жылында университет оқытудың үш жылдық мерзіміне көшті. Факультеттердің оқу жоспарлары мен көптеген пәндердің бағдарламалары қайта қарастырылды. Оқу жылы әдеттегіден бір жарым ай кеш басталды. Дегенмен тап осы қиын-қыстау жылдары университеттің ғылыми потенциалы күрт жоғарылады. Бұл процестің жүруіне Алматыға қоныс аударылған елдердің ірі ғалымдары зор үлес қосты. Көптеген академиктер мен КСРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденттері соғыс жылдары Қазақ мемлекеттік университеті қабырғасында еңбек етті. 1943 жылы КСРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті А.М.Понкратованың редакциялық басқаруымен «Қазақ ССР-і тарихы» жарық көрді. Кітап авторларының бірі – Е.Бекмаханов Қазақ мемлекеттік университетіне жұмысқа ауысты. Университетте Қ.И.Сәтбаев, Қ.Жұмалиев, С.Кеңесбаев, А.Қоңыратбаев, Т.Нұртазин, Б.Кенжебаев, Е.Исмаилов, С.Жиенбаев сынды көрнекті ғалымдар дәріс оқыды.

Мықты лекторлардың дәрістеріне басқа жоғары оқу орындары студенттерінің келуі әдеттегі жайт болды. Мысалы, Тау-кен институтының студенті З.Қабдолов М.О.Әуезов дәрістеріне өте жиі келіп отырды. Ұстаз кеңесімен университетке ауысып, нәтижесінде қаламы жүйрік жазушы, Қазақ Ғылым академиясының академигі дәрежесіне дейін көтерілді.

1942-43 оқу жылы университетте екі академик, КСРО Ғылым академиясының үш корреспондент-мүшесі, 20 профессор және 32 доцент болды. Бірақ оккупация жасалынған қалалардың азат етілуіне байланысты ғалымдар 1943 жылы өз елдеріне қайтты. Елдің басқа жоғары оқу орындарының 35 пайыз студенті ҚазМУ-да оқып жатқан болатын. Олар да өз үйлеріне бет түзеді. Жеңіс таңының атуына әлі ерте еді, сондықтан универ-

ситет жаудан азат етілген жоғары оқу орындарына ерекше көмек көрсетті.

Соғыстан кейінгі жылдарда университетке майданда от пен суға түсіп, шыныққан жастар орала бастады. Байырғы солдаттар ғылымды игеру ісіне ерекше араласып, қоғамдық жұмысқа белсене қатысты. Солардан көрнекті оқымыстылар мен танымал педагогтер өсіп шықты. Олардың арасынан кейіннен ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор А.Т.Лукьянцев, ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі , химия ғылымының докторы, профессор А.Ш.Шарифқанов, ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, биология ғылымының докторы, профессор Т.М.Масенов, ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор В.А.Сапа және басқалар бар.

Алдымен университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы жақсы жолға қойылған. 1942 жылы ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарына 31 тақырып кірген, оның 60 пайызынан астамы республикалық ауыл шаруашылығы өндірісінің кемшіліктері, жетпей жатқан жақтарымен тығыз байланысты болды. Олардың ішінде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарының тапсырмасымен университеттің химия факультеті мен физика-математика факультеттеріне берілген тақырыптарды баса атап айтуға болады.

Қазақстан мекемелері мен халық шаруашылығы саласына қызмет көрсететін өндірістік лаборатория құрылды. Кейбір басты тақырыптар бойынша университеттің нақты шешімдері бар. Қаратау фосфаритетінің термофосфат өндірудегі жұмысты атап өту қажет. Доцент А.Бектұровтың жетекшілік етуімен Органикалық емес химия кафедрасының ұжымы байлық қоры өте мол Қаратау фосфаритетінен термофосфат алуға болатынын дәлелдеді. Термофосфат дефицит Арал сульфаты және Ленгер көмірінсіз алынған, сапасы бойынша Хибин апатитінен алынған термофосфаттан кем емес.

Профессор Гухман жергілікті шикізаттарға арналған мұздатқыштарға қажетті жылу жүйелеріне қолданатын ұялы әуе изоляциясын ойлап тапты. Материалдар Алматының мұздатқыш жасау басқармасына берілді. Университетте жұмыс істейтін қызметкерлер тобы (проф. Гухман, проф. Литвинов және басқалар) Қазақстанның колхоз, совхоздарына арналған стандарттық типтегі күн арқылы қыздырғыштар мен жел қондырғыларын ойлап тапты.

Университеттің ғылыми тақырыбының ауқымы кеңейіп, тамырын тереңге жаюы университет кафедраларының толығуымен байланысты. Осы жылдары академик Акулов, ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.В.Думановский, коллоидтық химия негізін салушы, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі В.А.Догель, профессорлар С.Г.Михлен, М.Я.Выгодский, Б.Н.Рутовский, М.А.Розенберг, Г.В.Гольденштейндер шақырылды.

1945 жылдың көктемі университет тарихының жаңа да жарқын беттерін бастаған уақыт болды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдың өзінде-ақ студенттердің қатары майданнан келген жауынгерлермен толықты. Соғыстан кейінгі жылдарда тарих және геология-география факультеттері ашылып, ғалымдар мен оқытушылар қатары көбейе түсті. Кешкі және сырттай оқытатын факультеттердің ашылуы маңызды оқиға болды. Бұл жылдары университеттің қалыптасуына оның ректоры болған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Т.Т.Тәжібаев, Т.Б.Дарқанбаев, А.З.Закариндер үлкен үлес қосты.

Дайындаған
Роза ОМАРАЛИЕВА
2010 жыл

Жеңіс – тәуелсіздікке бастаған жол

Жеңіс күні бүгінде жүзіңізге қуаныш ұялатса, осыдан 65 жыл бұрын бұл құндылыққа жету үшін қанша адамның қаны төгіліп, жаны қиылды. Жетімдік қолдан жасалынып, ержүрек азаматтар мен азаматшалар Отан қорғау үшін майданға аттанды. Тек бетін әрі қылсын. Сол ұрыстағы даңқ пен қайсарлық елімізге Жеңіс туын әкелді. Жүрегінде жаны бар әрбір тіршілік иесі алтын ұясын жауға жеңдірмеу үшін күресті, шайқасты, соғысты. Ана баладан айырылды. Бала әкеден жетім қалды. Бірақ көздің ыстық жасы қуанышқа ұласты. Жеңіске жеткізді. Ұлы Отан соғысының Қазақ елі үшін жеңіспен аяқталғанына бүгінде 65 маусым толды.

Алайда ардагерлер көкейінде сол соғыстың сұрапыл сәттері күні кешегідей болып жатталып, майдан салған жан жарасы жазылмақ емес. Тек жара орнына «Жеңіс» деген ұлылықтың баянды болуы ғана ем бола алмақ. Баянды жеңіс дегеніміздің бірі – ардагерлерімізді құрметтеп, мамыр келген уақыттан жеңісімізді ұлықтай түсумен де өлшенбек. Осы орайда, республика деңгейінде Жеңіс күнін түрліше мерекелеп, ардагер көңіліне қуаныш сезімін жеткізу шаралары жүзеге асып, кезек-кезегімен сый-құрмет көрсетілуде. Әрине, бұл орынды ізет, себебі Отаным деп кеуде соғатын деңгейге жеткізген Жеңіс күні мерекесі өзге мерекеден бір төбе. Осы орайда, 30 сәуірде Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университеті Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына арналған музыкалық-сахналанған қойылымды көрермен назарына ұсынды.

Студенттер сарайының айналасы сахналанған қойылым бейнесіне еніп, соғыс жылдарынан сыр шертті. Бұл бейне Жеңіс күнін қандай күреспен келгенін сезіндіре түсу үшін таптырмас естелік тәрізді. ҚазҰУ қалашығындағы Студенттер сарайы маңайындағы ағаштар арасына әскери палаткалар құрылып, осы жерде майдан аспаздарының тағамдары дайындалды. «Фараби сазы» оркестрінің өнерпаздары орындауындағы күй әуендері бүгінгі мерекенің қадірін асыра түсті. Шырқалған әскери әндер патриоттық сезімге жетеледі. Ректор Бақытжан Жұмағұлов: «Бүгін Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында бас қосып отырмыз. Арамызға қан майданнан аман келген, сол жылдардың қиын-қыстау кездерін бастан кешірген ағаларымызды құрметтеп, қошемет көрсету үшін жиналып отырмыз. Ал елі үшін ұрыс даласында шейіт болып, туған еліне оралмаған жауынгерлерімізді еске алайық», – деді.

Бұл мейрамның қара шаңырақта алатын орны бөлек. Соғыс жылдарында ҚазҰУ өз жұмысын жалғастыра отырып, майданды керек қажеттіліктермен қамтамасыз етіп отырған. Химия факультетінің студенттерін ПВО инструкторларына дайындады. Жоғары курстың қыздарын медбике етіп бейімдесе, физика-математика факультетінің 1-2 курс студенттерін радист-оператор мамандығына оқытты. Университетте майданға арналған рентгенотехниктер дайындалды.

ҚазҰУ-дан барлығы 287 оқытушы мен студент майданға қатысты. Соның ішінде өз еркімен майданға аттанған ҚазМУ-дың тұңғыш ректоры Ф.Т.Оликов, Ұлы Отан соғысының батыры атағын алған А.Г.Попов, соғыс жылдарынан кейін Қазақстан тарихын зерттеуге орасан зор үлес қосқан У.Х.Шәлекенов, тарих факультетінде еңбек еткен Ғ.Ж.Жұматов, Г.П.Беляков, К.Е.Әбдірахманов және тағы басқа ардагерлерді ерекше атауға болады.

Міне, осындай ерлікті ұлықтап, 2000-нан астам студент қатысқан шарада соғыс жылдарынан сыр шертетін қойылым көрсетілді. Әскери-патриоттық әндер шырқалып, Жеңіс аспанының аясында тәуелсіз елдің ұландары өз алғырлығы мен өрелігін танытты. «Бақыт» би тобы мен өнерпаз студенттер құрамасынан дайындалған мерекелік сахналық қойылымдар көрермен ықыласына бөленді.

Жеңістің мерекесін алаулататын салтанатты шараға Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагерлері мен интернационалды жауынгерлер қатысты. Атап айтқанда, шараға Уахит Шәлекенов, Ғаббас Жұматов, Гаин Беляков және тағы басқа ардагерлермен қатар, ҚР білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов, Қала ардагерлерінің кеңесі, университет оқытушылары мен студенттері бас қосып, қарттарды мерекемен құттықтады. Өзінің кезекті құттықтауында ҚР білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев: «Ұлы Отан соғысында негізгі ауыртпашылықты Кеңестер Одағының халқы мен жауынгерлері көтерді. Қазақстан халқы да майдандағы жеңіске



өзінің қомақты үлесін қосты. Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің биік рухын, ерлігі мен батырлығын күллі әлемге танытқан соғыс болса, Ұлы Жеңіс – аға ұрпақтың сол ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Егер сіздердің сол сұрапыл соғыстағы жеңістеріңіз болмаса, бүгін жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Сондықтан Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесі қарсаңында, сол Жеңісті жақындатқан барша ардагерлер алдында басымызды иіп, осы айтулы мерекемен шын жүректен құттықтағым келеді», – деп ағынан жарылды.

Ресми деректерге сүйенсек, жалпы республика бойынша 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, оған қоса, басқа да әскер түрлерінің 50-ге тарта жекелеген полктары мен батальондары мен оларға қосымша үш атты әскер дивизиясы және екі атқыштар бригадасы қазақтың ұлттық құрамасы ретінде жіберілді. Соғыстың алдында әскери қызметте жүрген 178 мың жерлесімізді қоспағанда, соғыс жылдарында Қызыл Армия қатарына 1 196 164 отандасымыз шақырылды. Еңбек армиясы мен құрылыс бөлімдеріне 700 мың адам шақырылды. Майданға еліміздің әрбір төртінші азаматы аттанды. Армия қатарына шақырылған азаматтарымыздың көпшілігі ҚазССР аумағында құрылған әскери құрамалардың қатарын көбейтті. Олардың қатары, негізінен, еріктілермен толықтырылды және жартысынан астамын партия, комсомол мүшелері құрады.

Еліміз бүкіл соғыс бойына майдан үшін офицерлер дайындау ісін бір сәт те тоқтатқан емес. Жалпыға бірдей дайындық бөлімдерінде, Осоавиахимде комсомолдық және спорттық ұйымдардағы алғашқы жауынгерлік даярлықтарда пулеметшілер, минометшілер, мергендер мен теңізшілер, медбикелер мен басқа да жауынгерлік мамандықтар бойынша

2 миллионға жуық маман дайындалып шығарылды. Республикада құрылған отыздан астам әскери оқу орындарында 16 мың офицер дайындалды. 20 мыңнан астам шәкірт соғыстың қиын кезінің өзінде Қызыл Армияның сержанттары мен қатардағы жауынгерлерінің қатарын толықтырып отырды. Еліміздің батыс аймағының қалалары мен ауылдарын әуе шабуылынан қорғауды майданның арнайы қызметі өз мойнына алды. Жау тылында шайқасқан жалпы отандастарымыздың саны 4 мың адам деп есептелінеді. Біздің 300 жерлесіміз Батыс Еуропа елдерінің фашизмге қарсы күштерінің қатарында шайқасты. Ел азаматтарының қатарынан үш партизан – А.С.Егоров пен Н.В.Зебницкий және Ф.Ф.Озмитель жауға қарсы күрестегі ерліктері үшін «Кеңестер Одағының Батыры» атағына ие болды. Ал Қасым Қайсеновке алғашқылардың қатарында «Халық қаһарманы» деген құрметті атақ берілді.

Бірақ соғыс пен халық тағдырын майдан даласындағы ұрыстар шешті.

Асқан ерлігі және соғыс өнеріндегі ғаламат жанқиярлығы үшін Отанның ең жоғары мәртебесі – «Кеңестер Одағының Батыры» атағына 11 649 жауынгер, офицерлер мен генералдар ие болды. Олардың 497-сі – біздің елімізде туған немесе еліміздің әскери комиссариатынан майданға шақырылғандар. Герман басқыншыларына қарсы соғыста көрсеткен ерлігі үшін 1941 жылдың 22 шілдесінде «Алтын жұлдыздың» ең алғашқы иегері болған адам – 19-танк дивизиясының командирі, генерал-майор К.А.Семенченко. Ал соңғысы 1942 жылы жоғары атаққа ұсынылған Б.Момышұлы еді, бірақ ол атақ батырдың өзі қайтыс болғаннан кейін, 1990 жылдың 11 желтоқсанында ғана берілді.

Бүгінде арамызда ардагерлеріміз азайды. Бұл ащы шындық көңілді жабырқатады. Десек те, мақтанып айтар қазақтың қаһарман ұлдарының бірі, авиация генерал-майоры, үш мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, сондай-ақ соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Ту», екі рет I және бір рет II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз», «Ленин», «Александр Невский», III дәрежелі «Даңқ» және басқа да бірнеше орден, медальдармен марапатталған Талғат Бигелдинов, Ұлы Отан соғысының ардагері, полковник, тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Уахит Шәлекенов, Кеңес Одағының Батыры, армия генералы, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов, ҚР ҰҒА академигі Салық Зиманов, халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов, мерген ардагер Лидия Бәкиева, Сталинградтағы шайқасқа атсалысқан Зұлхарнай Сейітов, халық әртісі Бибігүл Төлегенова және т.б. сынды санаулы ардагерлеріміз бар арамызда. Ал бұл ұрпақтың міндеті – жанымызда жүрген жауынгерлерді құрметтей білу болмақ. Жас күнінде жантүршігерлік ұрысты көрген ардагерлерімізге қарттық кезеңде баянды ғұмыр сүруіне себепші болу бүгінгі әрбір азаматтың парызы болса игі.

Осы орайда, Жеңіс күнінің 65-ші көктемін қарсы алған Қазақстанның үздік білім ордасы – Қазақ ұлттық университеті мерекені асқақтатуда өзіндік ерекшелік танытты. Ардагерлерімізге әскери тағам дайындалып,

жастарымыз өнерлерін сомдады. Қарттарымыздың жүзіне жылылық тудырды.

Ұлы Отан соғысының ардагері, полковник, тарих ғылымының докторы, академик, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Харьков түбіндегі соғыста «Қызыл жұлдыз» орденімен, Ұлы Отан соғысының екі орденімен және көптеген медальдармен марапатталған Уахит Шәлекенов: «Соғыстан оралған соң, оқу оқып, 60 жылдай ел ғылымына қызмет еттім. Дайындаған шәкірттерім де көп», – деп атай келе, кейінгі ұрпақты елін сүюге тәрбиелеп, патриоттық сезімін нығайтып, келешек ұрпақтардың елін қорғауда азаматтығы мен адамгершілігін күшейту керектігін нықтады. «Жастарымыздың егемен елімізді қорғайтын, адамгершілігі мол, қайратты азамат болып өсуін тілеймін. Барлық саналы азамат тәуелсіз мемлекеттің гүлденуіне атсалысуы керек» деген талабы мен ағалық өсиетін де жасырып қалмады.

Әрине, Жеңіс күнінің жарқын болашақта жалғасын табуы жастар үшін ардагерден аманат. Ал аманатқа қиянат келтіру – әсте рұқсаты жоқ қағида.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
28 мамыр 2010 жыл

Театр – теңіз, «Біз» – кеме

Автобус жолаушыларға лық толы. Кондуктордың үні құлаққа жағымды естілді: «Келесі аялдама – ҚазҰУ қалашығы...» Қуанышымызда шек жоқ, қадамымызды асыға басып, ҚазҰУ студенттерінің мәдениет ошағына, өнер ордасына айналған Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына бет алып келеміз. Мұнда бізді асықтырған күш – бір үйдің баласындай тату-тәтті, сыйластықтың туын тіккен театр ұжымына деген ыстық сезім.

Құрылғанына көп болмаса да, бауырмалдығы мен татулығы жарасқан «Біз» театрының бес жылға жуық тарихы бар. Талмай еңбек етіп, талай қиындықтардан тайсалмай, табандылығын танытып келе жатқан студенттер театрының аз уақыттық ғұмырын ойымыздан саралап өтсек... Оның кешегі күні қалай басталып еді?

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 2006 жылы жас режиссер Ғалымжан Сайлаубеков және бірқатар студенттердің бастамасымен «Біз» студенттер театры құрылды. Университет қабырғасында театр ашу идеясының авторы – ҚазҰУ-дың сол кездегі тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Намазалы Омашұлы және осы оқу орнының өнерсүйер студенттері Жарас

Ниязбек, Нұрбек Түсіпхан, Тастанбек Жұмахан сынды жігіттер болатын.

«Біз» студенттер театрының құрылып, жастар арасынан құрам жинау, театрды насихаттау сияқты істерде атқарған еңбектері өлшеусіз. Театрдың «Біз» деп аталуының да өз себебі бар. «Біз», яғни жастар, арамыздағы айықпас кеселдерден өзіміз аулақ болуға тырысамыз, онымен бірге күресеміз деген идеядан туындаған. Театр – бұл мәңгілік сезімге толы тұтас бір өмір. Махаббат пен өшпенділік, өмір мен өлім, сенім мен үміт атаулы тақырыптардың барлығы театр қойылымдарына арқау болады. Студенттер үшін ол театр өнерінің сиқырлы күшіне жанасуға, түрлі кейіпкерлердің бейнесін сомдауға, «біз» сөзінде мыңдаған «мен»-нің болуын, ал біз бірге әлемді төңкеретін күш екенін түсінуге жол ашады.

Ең алғаш рет театр шымылдығы 2007 жылдың 4 сәуірінде «Адаспаңдар!» атты қойылыммен ашылды. Қойылымның сценарийін студенттердің өздері дайындаған. Қойылым өзегі – нашақорлық, жезөкшелік сияқты өмірдің өзінен алынған жағымсыз құбылыстарды көрсету арқылы жастарды мұндай жегіқұрттардан алыс жүруге үндеу. Қойылымдағы басты рөлдерді Нұрбек Түсіпхан, Жарас Ниязбек, Лаура Сейітбекова, Меруерт Пірекешова сияқты студенттер сомдайды. Құрамында 20-дан астам студент жиналған театр ұжымы бұл қойылымға 2006 жылдың қарашасынан бері дайындалған.

Бұл қойылым рөл сомдаған жас студенттерге өмірлік рухани тұрғысынан ерекше әсер етті. Бұл жайында қазіргі «Хабар» агенттігіндегі «Азамат» бағдарламасының шеф редакторы Лаура Сейітбекова: «Театр менің бала кездегі армандарымның орындалуына себепкер болып, ұжыммен жұмыс істеуге, жеке шығармашылықты дамытуға септігін тигізді», – деп тебіренсе, қазір тележүргізуші болып жұмыс жасап жүрген Нұрбек Түсіпхан: «Оқу бітіргенімде радиоға жұмысқа орналастым. Онда бастысы – дауыс пен интонацияның дұрыс болуы. Ал маған бұл қиынға соқпады, себебі мен бұл қабілеттілікті театр сахнасында жүріп шыңдадым», – деп, киелі сахнадан үйренген тәжірибесінің қызметте септігі тигенін жасырмады. Мінекей, «Біз» театрының кешегі түлектері бүгінде белді қызметтерде.

2007 жылы қарашаның 23-жұлдызында қасиетті жұма күні театр ұжымы тағы бір қойылымның тұсауын кесті. Көрермен қауымға терең ой салып, тамаша әсер қалдырған бұл қойылым «(Т)ОЙ» деп аталады. «(Т)ОЙ» қойылымы қазақ қоғамындағы келеңсіз тұстарды әшкереледі. Ананы, ананы, тағы да ананы құрметтеуге шақырды. Басты рөлдерді сомдағандар: анасы – Венера Нұржанова, ұлы – Жарас Ниязбек, Жарастың қалыңдығы – Ақтоты Елбосынова. Қойылым соңында шынайы өмірлік оқиғаларға құрылған сюжеттің идеялық және әдеби жетекшісі – профессор Намазалы Омашұлы жастардың өнеріне тәнті болып, театр ұжымына осындай келелі мәселе көтергені үшін алғысын айтқан болатын.

Өз сөзінде театр түлегі, қазіргі таңда «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі, елімізде дүркіреп өткен Азиадада «Допты хоккейдің» комментаторы болған Ермұхамбет Мәулен:

– Театр – ол мәдениет ошағы, өмірдің кө-

леңке жақтарын ашатын айна іспеттес және де көрерменді тәрбиелеу құралы. Ал «Біз» театры – осыған елеулі үлес қосып жүрген бірден-бір рухани орта, – деп ойын сабақтады.

«Біз» театрының жастар тәрбиесіндегі үлесі жайында «Алматы» телеканалының тілшісі Жарас Ниязбек былай деді:

– ҚазҰУ жастары қарапайым студенттердің сахнада өнер көрсете алатынын дәлелдеді. Сонымен қатар бос уақытты рухани азық жинауға жұмсауды үйретті. «Біз» студенттер театрының ұжымы сахна тілі мен заман шындығын, жастардың мәселесін ашық айтып берді.

Осылайша қазіргі күнге дейін театр ұжымы жастарға берер тәрбиесі мол, қоғамдық мәселелерді қамти отырып, көптеген қойылымдарды сахналап та үлгерді. «Бағдаршам», «Кешіріңіз, сізді ажал күтіп тұр», «Ол көктем оралмайды» сынды қойылымдарымен жұртты тәнті етті. Тәнті етіп қана қоймады, жастардың өмірге деген көзқарасын арттыруда аз да болса өз септігін тигізді.

Сонымен қатар театр ұжымы махаббат тақырыбын да қозғап, жастар арасындағы шынайы сезімді танытатын қойылымды көрермен назарына ұсынып та үлгерді. 2010 жылдың мамыр айында киелі шаңырақ – Студенттер сарайында сахналанған бұл қойылым «Ол көктем оралмайды» деп аталады. Аталмыш қойылым көрермен назарына 2010 жылдың қараша айының 19-жұлдызында да ұсынылған болатын. Қойылымдағы басты рөлдерді сомдаған студенттер: Мұрат – Арман Серіков, Жандос – Ардақ Құлтаев (Айдос Ақмырзаев), Мөлдір – Меруерт Мұқашева, Дина – Айнұр Тауасарова. Қойылым көрерменнің көңілінен шыққан, махаббат пен достықтың қаншалықты құдіретті күш, ұлы сезім екенін тағы бір еске салған керемет дүние болды.

Осы уақытқа дейінгі «Біз» студенттер театрының сахнасында қойылған қойылымдар қазірде ерекше сұранысқа ие. Атап айтар болсақ, былтыр өткен театр фестивалінде Тараз қаласының жастар театры біздің репертуарымыздағы «Адаспаңдар!» атты қойылымын сахналады. Ал жақында біздің бүкіл сахналанған қойылымдарымызды Сарыағаш ауданының театры өз сахнасында қоюға сұраныс білдірді.

«Біз» студенттер театрының алға қойған мақсаты айқын, арманы асқақ. Алдағы уақытта театр «Халық театры» атағын қорғауға ниеттеніп отыр. Өздерінің тәрбиелік маңызы зор қойылымдарын өзге де оқу орындарында сахналап, жастарға дұрыс бағыт-бағдар беруге әрдайым дайын. «Біз» студенттер театрының әр қойылымын тағатсыздана күтетін өз көрермендері жетерлік.

Театр ұжымы қазір үлкен шығармашылық ізденіс үстінде. Алла қаласа, сүйікті көрермендерімен 2011 жылдың наурыз айында «Фетус» («Шақырылмаған қонақ») атты қойылыммен қауышпақ. Театрымыздың бес жылдық тойына орай, сәуір айына «Миллион раушан гүл» қойылымын жоспарлап отыр.

Міне, театрдың бүгінгі тынысы осындай!..

Ал біз кезекті сахналық қойылымға дайындыққа кеттік...

Ақерке ӘБІЛХАН,
Қымбат САҒИДОХАСҚЫЗЫ,
филология факультетінің студенттері

11 ақпан 2011 жыл

ҚазҰУ құрылысы қарқынды

Алыстан менмұндалап көз тартар ҚазҰУ қалашығы әсемдігімен талай жанды тамсандырып келеді. Бірегей инфрақұрылым, бай материалдық-техникалық базаға ие кампус бейнесі көрікті табиғат аясында тіптен нұрлана түсетіндей. Қалашық жыл сайын жайлылықты арттырар жаңа нысандармен толығып, бүгінде мерейлі 80 жылдығына кемелденіп жетті. Мұның бәрі де алға қойылған нақты жоспардың жіті жүргізілуімен іске асып отырғаны даусыз. Кезекті ректорат мәжілісінде индикативті жоспарды басшылыққа ала отырып, экономикалық және өндіріс мәселелері жөніндегі проректор Мақтағали Әбдімәжитұлы өткен жылғы қаржылық-өндірістік басқару және материалдық-техникалық қамтамасыз ету барысын сөз етті.

Оның хабарлауынша, 2013 жылы түскен мемлекеттік тапсырыстар мен бюджеттен тыс шаралар жоспарға сай толық орындалған. Өткен жылдағы шығысты да жіті есептей отырып, проректор жатақханаларда толықтай жөндеу жүргізу, жол жасау және ағымдағы құрылыс жұмыстарының да қатаң қадағаланып отырғанын жеткізді. Олардың ішінде 500 орындық жаңа жатақхана жұмысы да қызу қолға алынған. Студенттерге игілікті қызмет көрсетіп отырған «Керемет» орталығы да 2013 жылдың жемісі. Сондай-ақ Мақтағали Бектемесов университет инфрақұрылымын дамыту жұмыстарының кеңінен жолға қойылғанын мәлім етті.

Былтыр университеттің материалдық-техникалық базасы да қордалана түскен. Кафедра, лаборатория мен орталықтар оқу-лабораториялық құрал-жабдықтармен қамтылған. Е-кампус ҚазҰУ жобасы аясында ғылыми кітапхана, ДАТА орталық компьютерлік құралмен жабдықталған. Сондай-ақ проректор университет баспасы заманауи құрылғылармен толыға түскенін жеткізді.

Атқарылған қаржылық-шаруашылық қызмет Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2020 жылға дейінгі даму жоспары құрылысының 2-кезеңінің жүзеге асқанын байқатып отыр. Университеттің қаржылық-өндірістік басқару және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бағытына қанықкан оқытушы-профессорлар қауымы 2014 жылғы даму жоспарының мүмкіндіктерін де жоғары бағалады.

Өз тілшімізден
4 ақпан 2014 жыл

КазНУ признан лидером программы ООН

КазНУ доверено возглавить глобальный хаб «United Nation Academic Impact» (Академическое влияние ООН) по вопросам устойчивого развития. Официальное решение, поступившее из штаб-квартиры ООН, свидетельствует о признании авторитетной международной структурой КазНУ как лидера образования и науки.

В Послании народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Президент РК подчеркнул необходимость укрепления главных ценностей национальной идеи «Мәңгілік ел». Среди них важное место занимает национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем. Инициатива ООН по созданию хаба UNAI в КазНУ будет способствовать продвижению идеи Главы государства по усилению роли Казахстана как одной из ключевых фигур в международном процессе решения глобальных проблем и превращению города Алматы в региональный хаб многосторонней дипломатии.

Выбор ООН не случаен: КазНУ им. Аль-Фараби первым среди университетов Центральной Азии присоединился к программе «Академическое влияние», нацеленной на поддержку десяти всемирно признанных принципов ООН, касающихся прав человека, грамотности, устойчивого развития и разрешения конфликтов.

В рамках данной программы университет успешно позиционировал себя как ведущий научно-академический центр, активно вовлекающий ученых в эту деятельность и использующий научно-образовательную среду как инструмент для решения глобальных проблем. При поддержке представительства ООН в Казахстане и Генерального консульства США в Алматы КазНУ давно стал частью всемирной студенческой программы – игры «Модель ООН – Новый Шелковый путь», в ходе которой будущие специалисты приобщаются к принципам ООН и вырабатывают новые способы решения проблем безопасности. Более трех лет в университете активно действует международная программа «Global Classroom» по устойчивому развитию.

В 2011 году КазНУ при поддержке ООН провел международную научно-теоретическую конференцию «Меняющаяся природа конфликта в XXI веке». В 2012 году КазНУ единственный из университетов СНГ открыл секцию на глобальном саммите «RIO+20» на всемирном форуме ООН в Бразилии, выступив с проектом «Зеленый мост через поколения» в поддержку инициатив Президента страны «Глобальная стратегия энергоэкологического развития» и «Зеленый мост». В

прошлом году на встрече ректора университета Галыма Мутанова с заместителем генерального директора ЮНЕСКО по образованию Цянь Таном в Париже было принято важное решение о создании на базе КазНУ Центрально-Азиатского регионального хаба по устойчивому развитию в рамках программы ЮНЕСКО – UNITWIN.

Открытие хаба UNAI в КазНУ им. Аль-Фараби является важным свидетельством лидирующей роли университета в сфере устойчивого развития, являющегося глобальным трендом развития всей человеческой цивилизации. Уже в мае текущего года на базе КазНУ состоится важное событие мирового уровня – III форум ректоров университетов Азии, призванный стать мощным импульсом интеграционных процессов в азиатском регионе на благо безопасного и благополучного будущего.

Пресс-служба КазНУ
4 февраля 2014 г.

В КазНУ открыт глобальный хаб программы ООН

В КазНУ им. Аль-Фараби состоялось торжественное открытие Глобального хаба программы ООН «Академическое влияние». Почетными гостями мероприятия стали посол по особым поручениям МИД РК, первый постоянный представитель РК при ООН А.Арыстанбекова, представитель Департамента общественной информации секретариата ООН в РК В.Самек, руководители диппредставительств зарубежных стран в Алматы. Церемонию открыл ректор КазНУ академик Г.Мутанов, в презентации хаба приняли участие ученые, преподаватели и студенты университета. Мероприятие было приурочено к одной из знаменательных дат в истории нашей страны – 22-летию со дня вступления Казахстана в ООН.

«В своем послании «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» Президент РК подчеркнул необходимость укрепления главных ценностей национальной идеи «Мәңгілік ел». Среди них важное место занимает национальная безопасность и участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем. Инициатива ООН по созданию хаба UNAI в КазНУ будет способствовать продвижению идеи Главы государства по усилению роли Казахстана как одной из ключевых фигур в международном процессе решения глобальных проблем и превращению города Алматы в региональный хаб многосторонней дипломатии», – отметил ректор КазНУ Галым Мутанов, открывая мероприятие.

По случаю знаменательного события

Генеральный секретарь ООН Пан Ги Мун, председатель Сената Парламента РК Касым-Жомарт Токаев, постоянный представитель РК при ООН, чрезвычайный и полномочный посол Кайрат Абдрахманов направили приветственные письма участникам мероприятия. Они отметили значимость и актуальность программы ООН «Академическое влияние», а также выразили благодарность коллективу КазНУ за его вклад в решение проблем устойчивого развития через образование и развитие международного сотрудничества.

«Программа ООН «Академическое влияние» служит диалоговой площадкой для обмена мнениями, идеями и опытом между странами всего мира. КазНУ демонстрирует всесторонне поддерживающуюся приверженность к активизации вовлеченности глобального академического сообщества в решение жизненно важных проблем всего человечества. Результаты научных исследований и экспериментов ваших ученых в значительной степени способствуют продвижению идей устойчивого развития. Я возлагаю большие надежды на дальнейшее участие КазНУ в этой важной программе и желаю коллективу университета огромных успехов в реализации целей хаба программы ООН «Академическое влияние», – говорится в обращении Генерального секретаря ООН Пан Ги Муна.

КазНУ им. Аль-Фараби первым среди университетов Центральной Азии присоединился к программе «Академическое влияние», нацеленной на поддержку десяти всемирно признанных принципов ООН, касающихся прав человека, грамотности, устойчивого развития и разрешения конфликтов.

Более трех лет в университете активно действует международная программа «Global Classroom» по устойчивому развитию. В 2011 году КазНУ при поддержке ООН провел международную научно-теоретическую конференцию «Меняющаяся природа конфликта в XXI веке». В 2012 году КазНУ единственный из университетов СНГ открыл секцию на глобальном саммите «RIO+20» всемирного форума ООН в Бразилии, выступив с проектом «Зеленый мост через поколения» в поддержку инициатив Президента страны «Глобальная стратегия энергоэкологического развития» и «Зеленый мост».

Также при поддержке представительства ООН в Казахстане и Генерального консульства США в Алматы КазНУ стал частью всемирной студенческой программы-игры «Модель ООН – Новый Шелковый путь». Будущие специалисты приобщаются к принципам ООН и вырабатывают новые способы решения проблем безопасности. Об этом в ходе мероприятия рассказали студенты КазНУ, выступившие на шести языках ООН.

«Многолетняя планомерная работа КазНУ в области устойчивого развития, достижения и научно-образовательный потенциал вуза во многом определили выбор ООН. Открытие хаба UNAI в КазНУ – это свидетельство высокой степени доверия авторитетной международной организации, лидирующей роли университета в сфере устойчивого развития, являющегося глобальным трендом развития всей человеческой цивилизации», – подчеркнул представитель Департамента общественной информации секретариата ООН в РК Властимил Самек.

Пресс-служба КазНУ
4 марта 2014 г.

Ыстық ұя, алтын бесік жайлы жүрек сөзі

Туған университетім хақындағы осы шағын шалқымалы сәтті жазу үшін алдымен бірер сұраққа жауап жаза кетейін.

Басы жұмыр пендеге не ыстық? Не сүйікті? Меніңше, қай пендеге де, ең алдымен, туған жері ыстық. Сонан соң, әсіресе, студентке оқыған мектебі мен бітірген институты не университеті ыстық. Басқаны қайдам? Менің өзіме осылай. Сондықтан өзімнің сүйікті университетім жайында қысқаша әңгімелеп берейін.

Қазақ университеті – шынында, менің ыстық ұям, алтын бесігім. Ол менің ең ардақтым, ең асылым. Ол маған жоғары білім берді. Білмегенімді үйретті, арманымның орындалуына ықпал етті, биіктерге жетеледі.

Соның арқасында мен саналы да білікті адам, азамат болдым. Алдымен университеттің журналистика бөлімінде теориялық білім алдым, журналистік сүрлеуге түстім. Әуелі осы мамандықтың ішкі қыр-сырын білдім. Оның ішкі «дәліздеріне» еніп, жазу техникасын меңгердім. Бұл мені осы мамандықтың жазирасына алып шықты. Мен әрі қарай дамыта «Қазақстан пионері» деген республикалық балалар газетінде әдеби қызметкер, көп ұзамай бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактор болдым. Сосын алғаш білім алған ұяма оқытушы болып қайта оралдым.

Қазір мен университетімнің ардагер-ұстаз журналисі сабындамын. Белгілі жазушы-қаламгер, журналист ұстазымын. «Таңшолпан» атты төрт кітаптық-тетрологиялық роман-хикаяның, «Өзге емеспін, өзіммін!» деген эсселер, очерктер, жинақтардың авторымын.

Мен университетім жайлы жүрекжарды сөзімде оны ыстық ұя, алтын бесігім деп мақтану, мадақ ету үшін жазып отырмын.

Мен үшін әу баста 1934 жылы 54 студентті екі, кейін үш факультетті (биология, физика-математика, химия) біріктірген шағын ұжымнан бұл күнде – 14 факультет, 60-тан астам кафедра, 20 мыңнан астам студенті бар еліміздегі озық университетке айналып отырған ҚазҰУ-ым ең керемет, ғажап жоғары оқу орны. Ол қандай мадақтауға болсын тұрарлық!

Университетімнің қазіргі аса күрделі заманда жоғары жетістіктерге жетіп, халықаралық сенімге ие болғаны зор мақтаныш! ҚазҰУ-ымның мақтанарлық, мадақтарлық жоғары оқу орнына айналуы – Президентіміздің тұрақты қамқорлық жасауының арқасы. Елбасы университет басшысымен өзі тікелей кездесіп отырады. Мәселен, ол 2008 жылы қыркүйекте ҚазҰУ-лықтармен кездесіп, онда Президент 2009-2011 оқу жылдарына жаңа міндеттерді айқындап берді. Бұл Елбасының біздің ұямызда болуының бір мысалы ғана.

Мен университетім жайлы осы шалқымамды: «Жайнай түс, жарқырай, өркендей түс, ыстық ұям, алтын бесігім!» – деген кәрі шәкірттік тілекпен тамамдаймын.

Әбілфайыз (Алтай) ЫДЫРЫСОВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
ұстаз, профессор, жазушы
Алматы, мамыр, 2014 жыл

Адамзаттың болашағы ҚазҰУ-да талқыланды

Өткен аптаның сәрсенбі-жұма күндері аралығында университетімізде Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Тұрақты адамзаттық дамудың жаңа парадигмасы. G-Global – жаһандық диалог үлгісі» атты халықаралық конференция өтті.

Адамзаттың жаһандық мәселелері жөніндегі әлемдік деңгейдегі үш күндік кездесу ғалам дамуының осы заманғы парадигмасын, болашақтың жаңа үлгісін жасау үшін ой біріктірген беделді халықаралық ұйымдар өкілдерінің бастарын қосты.

ҚазҰУ-мен бірге конференцияны ұйымдастырушылар ретінде Бүкіләлемдік өнер мен ғылым академиясы, Бүкіләлемдік университеттер консорциумы және ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы, ал тең ұйымдастырушылар қатарында – Рим және Мадрид клубтары, Халықаралық Жасыл Айқыш, сондай-ақ ірі халықаралық қоғамдық бірлестіктер, жоғары оқу орындары мен қорлар қатысты. Оның жұмысына ILO, ЮНЕСКО, ПРООН, OECD, Халықаралық еуропалық қозғалыс, Бүкіләлемдік болашақ даму қоры және басқалар сияқты халықаралық ұйымдар да атсалысты. Көптеген жылдар бойы аталған форум Еуропа мен Америка елдерінде өткізіліп келді. Биыл ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша әлемдік деңгейдегі шара Қазақстанда, елдің жетекші университеті, тұрақты даму жөніндегі БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабына басшылық ететін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында ұйымдастырылды.

Конференцияны ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шараға қатысушыларды құттықтаған құттықтау сөзімен таныстырған ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев ашты. Сондай-ақ пленарлық мәжілісте Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Бүкіләлемдік өнер және ғылым академиясы мен Бүкіләлемдік университеттер консорциумының президенті Эйтор Гургулино де Соуза, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Олжас Сүлейменов, Рим клубының кеңесшісі және WAAS президенті Иво Шлаус және осы ұйымның атқарушы директоры Гарри Джейкобс және басқалар сөз сөйледі.

Бұл жиын адамзаттың жаһандық үнқатуларын шешуге бағытталған жаңа парадигманы жасау мен жүзеге асыру жөніндегі көрнекті шетелдік және отандық сарапшылар, ел таныған қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлер, ақыл иелері үшін ерекше әлемдік диалогтық алаң болып табылады. Сол тұрғыдан

келгенде Алматы кездесуінің басты ерекшелігі – аталған тақырып тұңғыш рет «G-Global» платформасында – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бастама етіп көтерген жаһандық диалог алаңында талқыланып отыр. Тұтастай алғанда, зер салып қараған адам қазіргі заманның өзекті мәселелері ел Президентінің «2050-Стратегиясында» айқын көрсетілгенін аңғарар еді. Олардың қатарында: демографиялық үйлесімсіздік; азықтүлік мәселесі мен аштық; судың зәрулігі; әлеуметтік теңсіздік; құндылықтар дағдарысы; жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі және басқалар бар.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін Мемлекет басшысы өз бастамасын – энергоэкологиялық дамудың жаһандық стратегиясы мен бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатқан «Жасыл көпір» бағдарламасын ұсынды. Сондай-ақ таза технологиялар мен энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды ынталандыруға үндейтін Астана қаласындағы «Болашақтың қуаты» – ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін атап көрсеткен жөн.

Сәл ғана тарихқа шегініс жасар болсақ, соңғы 15 айдың ішінде Бүкіләлемдік академия қазіргі әлемдік дағдарыстардан шығу мәселелері жөнінде БҰҰ-ның Женевадағы (Швейцария) кеңсесінде, Александрия кітапханасында (Египет), Дамушы елдер академиясында (Италия), Черногория ғылым академиясында, Берклидегі Калифорния университетінде, Вашингтонда (АҚШ), Оттавада (Канада) және Бакуде (Әзірбайжан) бірқатар конференция өткізген болатын.

Алматы конференциясы дамудың жаңа парадигмасын іздеу мен осы заманғы әлемдік құрылымды жетілдіруді терең зерттеу мен талқылау үшін кең ауқымды қамтитын қоғамдастықтар мен ғылыми ағарту бірлестіктердің өкілдерін жинады. Белгілі шетелдік және отандық сарапшылар, ірі мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер, әлемдік атағы бар ғалымдар білім беру реформаларының, ғылымның әлеуметтік жауапкершілігінің, экономика мен экологияның бірігуінің, жұмыспен қамтудың, құқықтық үстемдігінің, әлеуметтік тұрақтылықтың, қауіпсіздіктің және басқалардың мәселелерін талқылады. Сөйтіп, көптеген халықаралық ғылыми және білім беру ұйымдары, тығыз ынтымақтастық рәуіште, қалыптасып отырған жағдайдан шығар жолды табуға күш салды.

Форум аясында WAAS пен әлем университеттері консорциумының президенті Эйтор Гургулино де Соузаның, WAAS-тың бас атқарушы директоры Гарри Джейкобстың, Рим клубының вице-президенті Роберто Печчеидің, Бүкіләлемдік өнер және ғылым академиясының құрметті президенті Иво Шлаустың, Халықаралық Жасыл Айқыштың президенті Александр Лихотальдың, Адамды зерттеу институтының президенті Альберто Зуккониді, «Өзгерістер әріптестігі» халықаралық ұйымының төрағасы Ингрид Стейнждің қатысуымен баспасөз мәслихаты болып өтті.

Журналистермен жүздескен спикерлер тұрақты даму жөніндегі ағартушылық-зерттеу бағдарламаларын және ақпаратты, идеологияны таратушы орталықтар дәл осы университеттер болуға тиіс екенін ерекше атап көрсетті. Сондай-ақ олар тұрақты даму үшін қоғамға экология, қоршаған ортаны қорғау, қуат үнемдеу салаларында кәсіпқой маман-

дар қажет екеніне тоқтала келе, адамзатқа ортақ мәселелерді шешу ісінде, диалог жүргізуде және тәжірибе алмасуда әртүрлі елдердің академиялық бірлестіктері күштерін біріктіріп, табысты түрде ынтымақтастық орнатуға тиіс екеніне назар аудару қажеттігін ескертіп өтті. Ал бұл бағыттағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әрекеті үлгі етуге тұрарлықтай.

Осы жерде университетіміздің тұрақты даму мен қақтығыстарды шешу, сауаттылық, адам құқығына қатысты БҰҰ-ның әлем мойындаған 10 қағидасын қолдауға бағытталған «Академиялық ықпал» бағдарламасына қосылған Орталық Азиядағы бірінші ЖОО екенін мақтанышпен айтуға тиіспіз. Оған қоса, биылғы көктемде БҰҰ-ның шешімі бойынша ҚазҰУ тұрақты даму мәселелері жөніндегі United Nation Academic Impact жаһандық хабын басқарушы болып белгіленгені тағы бар. Себебі білім ордамыз аталған бағдарлама аясында өзін осы қызметке ғалымдарды белсенді түрде тартатын және ғылыми-ағартушылық ортаны жаһандық мәселелерді шешудің құралы ретінде пайдаланушы жетекші академиялық орталық есебінде табысты түрде көрсете білген еді.

ҚазҰУ-дың жетістіктерін тарқата түсер болсақ, ол ел Президентінің «Энергоэкологиялық дамудың жаһандық стратегиясы» және «Жасыл көпір» бастамаларына қолдау білдіріп, Бразилиядағы БҰҰ-ның Бүкіләлемдік форумы аясындағы «РИО+20» жаһандық саммитінде «Ұрпақтарға жалғасар жасыл көпір» жобасымен шығып, секцияны ашқан ТМД университеттерінің ішіндегі бірегейі екендігіне ешкім де дау айта алмайды әрі биыл ҚазҰУ-да ЮНЕСКО-ның бағдарламасы аясында тұрақты даму жөніндегі Орталық Азиялық аймақтық хаб құрылатын болады.

БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабын басқара отырып, ҚазҰУ қауіпсіз де игі болашақтың игілігіне орай, азиялық аймақтағы шоғырландырушы процестерге қуатты импульс болған Азия университеттері ректорларының III форумын ұйымдастырды. Жиында 40 елдің өкілі жанжақты талқыға салып, таразылай келіп, «Тұрақты даму жөніндегі модельдік жоспарды» қабылдады. Осындай ірі жетістіктерді топтай келгендегі Қазақстанның беделі, G-Global форматындағы диалогтың сындарлылығы, ірі ғылыми ақыл иелерінің шоғырлануы адамзат өркениетінің өзекті мәселелерін шешуге ықпал ете алатын, конференцияның күн тәртібі бойынша пәрменді ұсыныстар жасауға сенімділік берді.

Конференция нәтижелерінің өзін тұрақты дамудың мүдделерін көздейтін онжылдық білім берудің аяқталуы ретінде көрсететін биылғы 10-12 қарашада Жапониядағы (Нагоя қ.) ЮНЕСКО-ның жаһандық саммиті барысында көрініс табатынын атап көрсетудің маңызы зор. Сондай-ақ форум құжаттары БҰҰ-ның күн тәртібіне ұсынылатын және адамзаттың жалпыға ортақ тұрақты болашағы жөніндегі халықаралық ұйымдардың барлық стратегиялық жоспарларына енгізілетін болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Баспасөз қызметі

11 қараша 2014 жыл

«Қазақ университеті» – 1555

Бүгін қолыңызға алып отырған – «Қазақ университеті» газетінің 1555-ші саны. Алғаш 1948 жылы 20 сәуірде жарық көрген университеттің төл басылымы, міне, 1555-ші рет басылып отыр. Газеттің жеке тарихы үшін бұл шығарылымның орны ерекше.

«Қазақ университеті» газеті – ұлттық университеттің шынайы тынысы, өмірі мен келбетін бейнелейтін бет-бейнесі, бедері, білгір ғалымдар мен майталман мамандар, мыңдаған студенттер, магистранттар, докторанттар және ең бастысы, ғылымға ынтық жастардың еңбегін көрсететін көкейтесті басылым. Газетте университеттегі тың жаңалықтар, инновациялық жобалар, мәдени хабарлар, ғылымға бағытталған сұхбаттар, рухани материалдар, тағылымға толы айдарлар, жастар шығармашылығын қолдайтын арнайы беттер берілген.

«Қазақ университеті» газеті киелі білім және ғылым ордасының зиялы, әлеуеті зор ғылыми, мәдени ортасымен өзара тығыз қарым-қатынаста. Отандық жетекші ғалымдардың, бүгінгі студенттердің, болашақ элитаның тың пікірлері, бастамалары да, ең алдымен, осы университет басылымында жарияланып отыруымен де «Қазақ университеті» газеті құнды. Демек, 67 жылдық тарихы бар басылымның әлі де айтары бар, берері көп болатынына сеніміміз зор.

«Қазақ университеті»
газетінің ұжымы
20 қаңтар 2015 жыл

Әлем университеттері қатарында

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Әлем университеттері консорциумының (WUC) толыққанды мүшесіне айналды. Еліміздің білім беру саласының мойындалған көшбасшысы өзінің жоғары беделі мен халықаралық талаптарға сай дәрежесін тағы бір дәлелдеді.

Әлем университеттері консорциумы ғаламның жетекші ЖОО-лары мен ғылым мен білім беру саласындағы халықаралық ұйымдарды біріктіреді. Оның міндеті адамзаттың маңызды мәселелерін шешудегі университеттердің рөлін арттыру, қолжетімді және сапалы бі-

лімді жан-жақты қолдау, білім беру жүйелерін жетілдіру болып табылады. Әсіресе студенттер әлеуетін арттыруға, олардың теориядан алған білімдерін іс жүзінде қолдануына ерекше көңіл бөлінеді.

Айта кетерлігі, әр мемлекеттен тек бір ғана университет WUC мүшесі бола алады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – осындай жаһандық халықаралық білім беру қауымдастығына мүше болу мәртебесіне ие болған Орта Азиядағы алғашқы және жалғыз университет. Соңғы жылдары ЖОО жетекші рейтингтерінде қарқынмен алға жылжуда, халықаралық ынтымақтастықты кеңейте отырып, әлемдік деңгейдегі форумдар мен конференциялар өткізуде.

WUC мүшесі бола отырып, ҚазҰУ енді әлемнің атақты ЖОО-ларының ғана емес, Бүкіләлемдік өнер және ғылым академиясы, Халықаралық Жасыл Крест, Халықаралық университет президенттерінің ассоциациясы, Мәдени дипломатия институты, Александрия кітапханасы және басқа да беделді ұйымдардың әріптесі болып табылады. Бұл әлемде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің имиджі мен бәсекеге қабілеттілігін көтеруге сөзсіз ықпал етеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Баспасөз қызметі

20 қаңтар 2015 жыл

Үндістандағы Наурыз-думан

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері Үндістанда Наурыз мерекесіне арналған концерт берді.

Наурызды мерекелеу Дели қаласындағы Қазақстан, Әзірбайжан, Ауғанстан, Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан елшіліктерімен ұйымдастырылды. Іс-шараға Үндістан сыртқы істер министрінің орынбасары Навтедж С.Сарна қатысты. Делегация құрамындағы ҚазҰУ студенттерінің өнерін жиналған қауым зор қошеметпен қабылдады. «Бақыт» студенттік шоу-балетінің атсалысуымен халық әндері мен әуендері, сондай-ақ танымал қазақ авторлары мен композиторларының заманауи шығармалары орындалды. Көрермендер сонымен бірге наурызкөже және басқа да қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татып, ұлттық музыкалық аспаптар мен киім үлгілерімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Үндістанда Наурызды мерекелеу шарасы осындай жоғары деңгейде және кең ауқымда алғаш рет өткізілді.

Бұған қоса, сапар барысында Үндістандағы Қазақстан елшісі Болат Сәрсенбаев және ректор Ғалым Мұтанов бастаған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің делегациясы Ұлыбритания, БАӘ, АҚШ, Синга-

пур және т.б. әлемнің көптеген мемлекеттерінде филиалдары бар Үндістанның ірі ЖОО-сының бірі – Амити университетіне барды. Кездесуде екі университет арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Сонымен бірге ҚазҰУ студенттері Амити университетінің студенттік және профессорлық-оқытушы құрамына арнап мерекелік концерт ұйымдастырды.

Сонымен қатар Үндістанға сапар шеңберінде ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанов қазіргі уақытта әлем бойынша жылына 100 млн оқырманы бар бүкіләлемдік «Британика» энциклопедиясының Азиялық бөлімі өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында Қазақстанның тарихы және қазіргі кезеңдегі дамуы туралы энциклопедияның контентін сарапшы кеңесін құру арқылы толықтыру бойынша ҚазҰУ-ға айрықша құқық беру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Аталмыш келісімге энциклопедия өкілдерінің келесі айда Қазақстанға сапары барысында қол қою жоспарлануда.

Өз тілшімізден
7 сәуір 2015 жыл

Офицером сделала война...

В 1941 году на фронты Великой Отечественной войны из Алма-Аты ушли 170 студентов, 25 преподавателей и аспирантов, 62 сотрудника первого классического университета Казахстана – Казахского государственного университета имени С.М.Кирова. Выпускник биологического факультета Александр Григорьевич Попов удостоен звания «Героя Советского Союза», награжден орденами Ленина, Отечественной войны I степени, тремя орденами «Красной звезды» и медалями.

Личное дело героя сохранилось в архиве нашего университета. Оно позволило уточнить дату рождения, социальное положение (была такая графа в те времена), учебу до поступления в вуз. Из короткой автобиографии узнаем, что Александр Попов родился 25 октября 1917 года в деревне Степное Лапатинского района Уральской области (ныне Курганская область России). Русский. В 1929 году окончил начальную школу и в 1930 году его родители, отец – Григорий Григорьевич и мать – Варвара Терентьевна, переехали в Усть-Каменогорск. В пятый класс Александр пошел в городскую школу и в 1937 году окончил десять классов.

Красивым каллиграфическим почерком на тетрадном листе в полстранички написано заявление Александра Попова от 25 августа 1937 года на имя директора (должность ректора вуза вводится позже) Казахского госу-

дарственного университета имени С.М.Кирова: «Прошу принять меня во вверенный Вам университет на первый курс биологического факультета».

К началу Великой Отечественной войны Александр успел окончить четыре курса и в июне 1941 года и был призван в армию. Прошел ускоренный курс Алма-Атинского военного пехотного училища, постигая нелегкую науку побеждать врага. Одновременно по ускоренной программе завершил учебу и в университете. 21 сентября 1941 года сдал последний государственный экзамен по зоологии и ему был вручен диплом биолога за номером 555 318.

Боевое крещение лейтенант Александр Попов получил 12 мая 1942 года под Харьковом. Отважно сражался на Юго-Западном, Сталинградском, Воронежском, Степном и других фронтах. Принимал участие в Сталинградской и Курской битвах. Командирская судьба офицера на фронте складывалась весьма быстро и удачно. Это говорит о его фундаментальных знаниях тактики и боевой выучке, личной храбрости, авторитете среди бойцов.

Указом президиума Верховного Совета СССР от 26 октября 1943 года за образцовое выполнение боевых заданий командования на фронте борьбы с немецко-фашистскими захватчиками и проявленные при этом мужество и героизм, гвардии майору Попову Александру Григорьевичу присвоено звание «Героя Советского Союза» с вручением ордена Ленина и медали «Золотая звезда» №1363. Затем он принимал участие в знаменитой Ясско-Кишиневской операции, в освобождении Румынии, Болгарии, Венгрии, столицы Югославии – города Белграда. Войну Александр Попов закончил в австрийских Альпах. Его ратный подвиг приблизил к нам День Великой Победы.

После войны отважный офицер продолжал службу в рядах Вооруженных Сил СССР. Окончил военную академию имени М.В.Фрунзе. По решению командования был направлен для прохождения дальнейшей службы во вновь создаваемый Степной военный округ в Алма-Ату на должность помощника начальника отдела оперативной подготовки штаба округа. Затем служил в Туркестанском военном округе. В 1952 году окончил Военно-дипломатическую академию. Служил в Главном разведывательном управлении (ГРУ) Генерального штаба. С 1964 года был преподавателем в Военном институте иностранных языков, передавая свои знания и эстафету воинской доблести молодому поколению. С августа 1973 года полковник А.Г.Попов находился в запасе. Жизнь прожил яркую и славную, достойную самого высокого уважения.

Герой скончался 30 апреля 2004 года и похоронен на Митинском кладбище в столице России. Мы помним нашего выдающегося выпускника-воина, земляка и гордимся им!

К.БАЛТАБАЕВА,
к.и.н., член Ассоциации выпускников
5 мая 2015 года

Еңбегі мен ерлігі мәңгі

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, 1941-1945 жылдары соғыс алаңында өздерінің ерен ерліктерімен адамзатты ұлтшылдық дертінен қорғауға үлес қосқан біздің экономика ғылымының ұлы ғалымдары мен тәлімгерлерін еске аламыз. Экономика факультетінің оқытушылары барлық кеңестік адамдармен қатар, 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына белсене қатысты. Соғысқа қатысқан тұлғалар: біздің факультеттің алғашқы деканы – Жеребятьев Федор Алексеевич, жаратылыстану факультетінің Саяси экономия кафедрасының меңгерушісі Пуриц Виктор Наумович, Саяси экономия кафедрасының доценті Мордовин Василий Георгиевич, доцент Егізбай Қанатбаев.

Бұл қатарда айрықша орынға көрнекті қайраткер, алғашқы қазақ экономист-академигі, ғалым-энциклопедист, әйгілі публицист Сақтаған Бәйішев ие. Ол ұрыс алаңында 100-ші атқыштар бригадасының әскери политбөлімінің бастығы, ҚРҚА Бас саяси басқармасының жауапты қызметкері болды. Соғысты Берлиндегі Рейхстагты талқандаған 3-ші соққы беру армиясының құрамында аяқтады. Экономика саласында ұлттық кадрларды даярлау мен тәрбиелеу үшін де қосқан үлесі зор.

Сонымен қатар Федор Алексеевич Жеребятьев 1942 жылы кеңестік әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысты. 1949 жылы ҚазМУ экономика факультетінің деканы болып тағайындалып, 1963 жылға дейін жұмыс атқарды. Федор Алексеевич тек саяси экономияны ғана емес, сондай-ақ қазақ тілін де жақсы білді. Қазақ зиялыларының үш ұрпағы оны біледі және өздерінің ұстазы санайды. Қазақтардың ортасында өскен ол орыс және қазақ мәдениетін бойына терең сіңірді. Оның еңбектері мемлекетпен және Қазақстан қоғамымен тиісті деңгейде бағаланды.

Сондай-ақ мұндай батыр, ғалым ұстаздардың қатарында Мажекен Есенов-Бутин, Виктор Наумович Пуриц те бар. Жоғарыда аталған Виктор Наумович Пуриц ҰОС кезеңіндегі жарақат алғанына қарамастан, ғылыми-зерттеушілік және педагогикалық алаңда жанкешті күрескер екенін көрсете білді. Нәтижесінде өзі туралы жарқын және қайырымды естелік қалдырды. Мордовин Василий Георгиевич майданға қатардағы сарбаз болып аттанып, лейтенант атағымен оралса, ҚазМУ доценті, ұшқыш-сынақшы Никитинский Сергей Клавдиевич ерен еңбегі үшін Отан соғысының I дәрежелі орденімен марапатталды. Ал э.ғ.к., профессорлар Егізбай Қанатбаев пен Яхия Әубәкіров Отан соғысының орденімен, көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталып, экономикалық теория және экономикалық ілімдер тарихы турасында өзіндік үлестерін қосты.

1941-1945 жылдары ҰОС жеңісінің 70 жылдық мерейтойын тойлай отырып, біз тағы да ержүрек офицерлеріміз бен әскерлерімізді, құрметті тәлімгерлеріміз – Ф.А.Жеребятьев, С.Б.Бәйішев, М.Е.Бутин, В.Н.Пуриц,

В.Г.Мордовин, С.К.Никитинский, Е.Қ.Қанатбаев, Я.Ә.Әубәкіровтерді құрметпен еске аламыз. Олардан тәрбие алған ұрпақ, мына біздер, тағы да өз ойларымызды, қызметімізді таразыға салып, олардың өздеріне және өз оқушыларына, отандастарына деген жоғары талаптарын сүзгіден өткіземіз. Олар – өз халқына, Отанға, таңдаған ісіңе деген шексіз адалдықтың үлгісі. Фронтшылардың есімдері мен ерліктері халық жадында мәңгі сақталады.

Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ,
Ж.Я.ӘУБӘКІРОВА,
Р.Т.ДУЛАМБАЕВА,
Экономика кафедрасының
оқытушылары
5 мамыр 2015 жыл

Глобальные планы КазНУ

КазНУ им. Аль-Фараби стал Глобальным хабом ООН и вошел в топ 50 лучших высокотехнологических университетов мира. КазНУ было доверено право открыть специальное заседание по вкладу образования и науки в устойчивое развитие в Штаб-квартире ООН в Нью-Йорке.

Первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев принял личное участие в международном форуме в Штаб-квартире ООН, посвященному запуску программы академического влияния «START». В начале мероприятия, к участникам Проекта по устойчивому развитию по видеосвязи присоединился ректор КазНУ им. Аль-Фараби, академик Галым Мутанов. Он выступил с речью, в которой говорил о важности развития навыков и технологий в ускоряющемся мире, а также обратил внимание на документ, принятый Генеральной Ассамблеей ООН «Преобразование мира:



повестка дня в области устойчивого развития до 2030 года».

КазНУ удостоен чести быть Глобальным хабом ООН и Региональным хабом ЮНЕСКО в Центральной Азии по устойчивому развитию в сфере образования и науки. На форуме было отмечено, что руководители 30 ведущих вузов мира, а среди которых Стэнфордский, Кэмбриджский и Оксфордский университеты, Национальный институт Сингапура, внимательно изучают опыт КазНУ им. Аль-Фараби.

Первый проректор КазНУ им. Аль-Фараби Мухамбеткали Буркитбаев также отметил, что: «аббревиатура «START» с английского звучит таким образом: Наука, навыки, технологии – быстро изменяют мир. Эта программа академического влияния была инициирована Пан Ги Муном, который предложил для решения проблем, над которыми работает ООН, обязательно привлечь интеллектуальный потенциал университетов. Генсек организации обратился к нам со специальным посланием, в котором он поздравил коллектив КазНУ с избранием хабом и выразил надежду, что наш университет будет проявлять себя на глобальном уровне».

«КазНУ им. Аль-Фараби выходит на международный уровень сотрудничества, тем самым поднимая конкурентоспособность всей казахстанской образовательной системы. В качестве примера научно-просветительской деятельности мы привели лабораторию радиационной экологии, которая была создана впервые в системе высшего образования именно в КазНУ им. Аль-Фараби. Эта лаборатория сейчас может проводить анализ на все искусственные и естественные радионуклеиды. Мы можем проводить оценку радиационного состояния», – сказал Мухамбеткали Буркитбаев. «В этом году в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби открыли магистерскую программу «Устойчивое развитие» на английском языке. Главным партнером стал Колумбийский университет Нью-Йорка. Впереди перспективные планы по созданию Евразийского центра по новым технологиям и научным исследованиям», – подчеркнул Мухамбеткали Буркитбаев.

Майра АБДРАХМАНОВА,
Майк ДЖОЕЛ
3 ноября 2015 г.

Тағылымды кездесу

Жуырда философия және саясаттану факультеті Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының студенттік дискуссиялық «Политолог» клубында еліміздегі белгілі саясаттанушы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры, саяси ғылымдар кандидаты Ерлан Қаринмен кездесу өтті. Кездесу аясында сарапшы «Орталық Азия: трендтері мен балама жолдары» тақырыбында лидерлік дәріс оқыды.

Е.Қарин студенттерге өзі басқарып отырған институттың қызметі, зерттеу жұмыстарының басым бағыттары мен мақсаттарын баяндап, сараптамалық қауымдастықта кең таралған дәстүрге сүйене отырып, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты әзірлеген 2016 жылы Орталық Азия елдерінің саяси және экономикалық дамуы, тұрақтылығы мен қауіпсіздігі үшін мән-маңызы жоғары 10 негізгі оқиғаға шолуын ұсынды. Саясаттанушының пікірінше, әлемдік нарықтар конъюнктурасының нашарлауы және Орталық Азия елдеріндегі экономикалық өсім қарқынының төмендеуі; Еуразиялық кеңістіктегі экономикалық өзара іс-қимылдардың жаңа жолдарын іздеу; Орталық Азияда Қытайдың инвестициялық қатысу үрдісінің кеңеюі; ауғандық фактордың аймақтық қауіпсіздік мәселесінде өзекті болуы; сириялық шиеленістегі террористік қауіп-қатерлердің ұлғаюы; аймақтық қауіпсіздік саласындағы Орталық Азия елдерінің күш-жігері белсенділігінің артуы; Орталық Азия елдерінің кезекті электоралды жүйеге енуі; аймақтық көлік және энергетикалық жобалардың дамуының жаңа кезеңі; Иранның аймақтық үдерістерге қайта оралуы; 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне Қазақстанның тұрақты емес мүшелікке сайлануы секілді 2016 жылы күтілетін оқиғалар саяси аренаға басты елеулі жаңалықтар мен өзгерістер әкеледі.

Дәрістің екінші бөлімінде Е.Қарин институттың сарапшылар тобы әзірлеген «Орталық Азия – 2020: төрт стратегиялық тұжырым» атты аналитикалық баяндамамен таныстырды. Еңбекте Батыс, Ресей және Қытайдың ықпалынан қалыптасқан Орталық Азияның қазіргі геосаяси жағдайы, сондай-ақ осы геосаяси құрылымның даму болашағы қарастырылған. Орталық Азия аймағына төнетін қауіптер, мүмкіндіктер мен саяси және экономикалық үрдістер, сонымен қатар күн тәртібіндегі терроризм мен экстремизм мәселелері, «саяси ойыншылар» арасындағы қарым-қатынас, Орталық Азия мемлекеттеріндегі келер жылы күтілетін басты оқиғалар талқыланды. Е.Қарин өз сөзінде 2016 жылы бұл аймақта Қытай басты сауда серіктесі болып қана қоймай, инвестициялық қатысуын кеңейту үдерісін жалғастыруда көш басында болатынын баса айтты. Орталық Азияға қатысты АҚШ, Ресей және Қытай сияқты мемлекеттердің саясаты мен мүдделерін талдап, Орталық Азия елдері күн тәртібіне жаңа стратегиялық жоспарларды қою қажеттігін және бұл арада саяси менталитеттің де рөлінің басым екенін жеткізді.

Сондай-ақ клуб қонағы Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік, терроризм мәселелері бойынша болжамдарымен, өзінің әртүрлі мемлекеттерде зерттеу жүргізу барысындағы басынан өткен қызықты мәліметтерімен бөлісті. Болашақ саясаттанушыларды ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында тәжірибеден өтуге шақырып, оқуларына табыс тіледі.

Кездесу соңында Е.Қарин мырза Т.Мұстафин, Н.Масанов, С.Жүсіпов, М.Машан секілді атақты саясаттанушы ғалымдар атындағы дәстүрге айналған жыл сайынғы шәкіртақыларға байқау ережелерін жариялады. Байқау талаптары бойынша, оған ҚазҰУ-дың студенттері мен магистранттары қазақ, орыс

және ағылшын тілдерінде шәкіртақы тағайындалатын ғалымдардың ғылыми еңбек жолындағы зерттеген салалары, яғни Қазақстандағы саяси модернизация, қазіргі таңда Қазақстандағы саяси ғылымның қалыптасуы, Қазақстанның саяси жүйесінің трансформациясы және Орталық Азиядағы қауіпсіздік: қатерлері мен даму жолдары тақырыптарында жазылған ғылыми жұмыстарын ұсына алады.

Тағылымды да танымдық дәріс, мазмұнды да мағыналы пікірлер, ұтқыр ойлы сұрақтар мен тұшымды жауаптар көпке дейін жас саясаттанушылар мен клуб қонақтарының есінде қалары анық.

М.Б.ШӘБДЕН,
Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының оқытушысы
26 қаңтар 2016 жыл

Торжественное открытие площади им. Аль-Фараби

К 25-летию Независимости Республики Казахстан в КазНУ состоялось торжественное открытие площади им. Аль-Фараби. Парадный вход национального университета приобрел свой неповторимый стиль и стал ярче благодаря новому освещению.

Ректор КазНУ Галым Мутанов поздравил студентов, преподавателей, жителей и гостей города Алматы с главным национальным праздником и открытием площади им. Аль-Фараби, отметив, что проект важен для всех кто здесь живет, учится и трудится на благо казахстанской государственности.

«Центральная аллея университета, символизирующая «путь науки из прошлого в будущее», простирается до проспекта Аль-Фараби, устремляется ввысь к вершинам Заилийского Алатау, как воплощение пути независимого Казахстана и желание его народа за четверть века построить сильное, свободное государство с образованной молодежью и конкурентоспособной нацией», – сказал Галым Мутанов. Ректор КазНУ призвал студенческую молодежь принимать активное участие в развитии страны под эгидой общенациональной идеи «Мәңгілік ел» и вносить вклад в укрепление Казахстана.

Разработчики проекта осветили площадь фонарями, выполненными в необычной технике и в единой композиции, формируя новую эстетику студенческого кампуса и внешний архитектурный облик города Алматы.

Площадь им. Аль-Фараби связывает составляющие композиционные элементы еди-

ного архитектурного комплекса, объединенного общей национальной идеей «Мәңгілік ел» – триумфальную арку студентов и выпускников с памятником аль-Фараби.

В честь торжественного открытия площади в КазНУ отгремел праздничный фейерверк и прошел концерт с участием художественных коллективов университета.

15 декабря 2016 года

1940-1947 жылдар аралығындағы университет тарихы

1940-1947 жылдар Қазақ мемлекеттік университетінің тарихындағы ең қиын жылдар болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қысқартылған бағдарламаларға көшуге тура келді. Ең алдымен, майдан үшін – мейірбикелер, дәрігерлер, радист-операторлар, рентгенологтер, аудармашылар және басқа да мамандар дайындау қажет болды. Соғыс өте ауыр сын болды, бірақ университеттің бүкіл ұжымы бұл сыннан абыроймен өтті. Еліміздің басына түскен ауыртпалыққа қарамастан, университет жұмысын бір сәт тоқтатқан емес.

Университеттен соғысқа 287 оқытушы мен студенттер кеткен болатын. Майданға кеткен оқытушылар мен студенттердің көбісі оралмады. Университеттің оқытушылары мен студенттері Ұлы Отан соғысының майданында ерлікпен шайқасты. Ерлігі мен қаһармандығы үшін білім ордасының білімгерлері мен қызметкерлері ордендермен және медальдармен марапатталды. Ал университет түлегі Александр Поповқа «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

Сол соғыс жылдары ҚазМУ-ға Ресей, Украина, Белоруссияның үздік ғылыми-зерттеу институттары және зертханалары орналастырылды. Сондай-ақ бұл үдерістің оң жағы да болды. Жетекші ғылыми мектептерді басқаратын академиктер және көрнекті ғылым докторлары келді. Зерттеулер ауқымы кеңейді.

Университетте атақты ғалымдар мен академиктер – И.И.Мещанинов, Н.С.Акулов, СССР ҒА корреспондент-мүшелері В.А. Догель, А.В.Думанский, профессорлар А.Михлин, М.А.Розенберг, Н.Пакуль жұмыс істей бастады. Мәселен, химия факультетінде көптеген техникалық мекеме мен әскери бөлімшелердің кеңес беру орталығы болған әскери химияның ғылыми мектебі дамыды.

Сондай-ақ осынау күрделі кезеңде астрономия, физика, тарих, тіл білімі бойынша қа-

зақстандық ғылыми мектептер негізі қаланды. Сұрапыл соғыстан соң, факультеттердің саны артты, аспирантураға қабылдау саны өсті. Жаңа оқу ғимараттары салынып, биостанса, биологиялық мұражай құрылды. ҚазМУ республиканың экономика және қоғамдық-саяси өмірінің барлық саласына білікті кадрлар дайындайтын жетекші орталыққа айналды.

Соғыстан кейінгі жылдары университеттің материалдық-техникалық, интеллектуалдық базасы жақсарды. Факультеттер саны және аспирантураға түсушілер артты. Орталық ЖОО-лармен және ҒЗИ-мен байланыс нығая түсті. Жаңа ғимараттар салынып, биологиялық музей ашылды. ҚазМУ-дың қоғамдық-саяси мәртебесі көтеріліп, 1943-44 оқу жылында бірінші санаттағы жоғары оқу орнына айналды. Ол кезде университетте 44 профессор, ғылым докторлары және 22 ғылым кандидаты жұмыс істеді. Соғыс аяқталғаннан кейін студенттер контингенті өсті. Университетте 1946 жылы 977 білім алушы болды. Бес факультетте және 27 кафедрада 14 мамандық бойынша мамандар даярланды.

2016 жыл

Открытый диалог с вице-министром

Вице-министр национальной экономики РК Мадина Абылкасымова встретилась с преподавателями и студентами КазНУ им. Аль-Фараби.

Открывая встречу, проректор по социальному развитию КазНУ Шолпан Джаманбалаева поблагодарила гостью за возможность провести открытый диалог, рассказала об основных достижениях в деятельности университета, а также акцентировала внимание, что коллектив КазНУ одним из первых включился в работу по реализации послания Президента РК Н.Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность».

Мероприятие было посвящено обсуждению основных положений программного документа. В своем выступлении



М.Абылкасымова отметила преемственность послания-2017, его актуальность в условиях неблагоприятной конъюнктуры на внешних рынках. «Во всем мире произошли глубокие структурные изменения, мы стоим на пороге новой технологической волны и четвёртой промышленной революции. Казахстану важно не отстать и идти вперед, чтобы сохранить темпы экономического роста», – сказала Мадина Ерасыловна.

По словам эксперта частный сектор должен стать драйвером экономического развития на ближайшие десять лет. «Ключевые направления реформирования системы государственного управления основаны на стандартах Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР). Вносимые поправки и изменения в законы связаны с приведением в соответствие с нормами отраслевого законодательства. Эти меры направлены на недопущение появления схем для монополизации рынка», – подчеркнула вице-министр.

Отвечая на вопросы студентов, Мадина Абылкасымова отметила, что основными инструментами создания и реализации новой модели экономического роста является план нации «100 конкретных шагов». Реализация стратегического плана развития Республики Казахстан до 2020 года, экспортно-инвестиционной программы страны, государственной программы развития агропромышленного комплекса направлены на развитие цифровой индустрии, технологического перевооружения базовых отраслей экономики, оздоровление экономики, обеспечение высоких темпов роста и диверсификацию экспорта, привлечение капитала, развитие массового предпринимательства и многое другое. Для достижения поставленных целей особое внимание должно уделяться открытости, транспарентности и подотчетности Правительства, соблюдению принципа верховенства закона.

Мадина Абылкасымова отметила лидирующую роль КазНУ как флагмана высшей системы образования в республике. Вице-министр поддержала предложение декана Высшей школы экономики и бизнеса, профессора Баян Ермекбаевой восстановить научное сотрудничество между профессиональным академическим сообществом и Министерством национальной экономики РК в развитии и генерации прикладных исследований.

Также в ходе визита проректор по социальному развитию КазНУ Шолпан Ерболовна ознакомила вице-министра с деятельностью Центра ситуационного управления, ЦОС «Керемет», музея «Аль-Фараби» и библиотеки «Аль-Фараби». Мадина Абылкасымова отметила хорошую оснащенность материально-технической базы и библиотечного фонда университета, не имеющего аналога среди других вузов Казахстана. Следует отметить, что библиотека «Аль-Фараби» в рамках политики цифровизации выполняет технологические задачи с применением новейших цифровых инноваций. Осуществлена полная автоматизация библиотечных процессов, предоставляются современные электронные ресурсы и формируется уникальный книжный фонд.

Пресс-служба КазНУ
28 февраля 2017 года

Әділдіктің ақ жолында

Қайрат Әбдіразақұлы Мәми ұлы бабамыз Жамбылдың туған ауылынан. Біз бәріміз бір ауданнанбыз. Бала кезімізде Жамбыл бабамыз туған топырақтан жаратылғанымызға қуанып, өзімізге биік мәртебе санайтынбыз. Қайраттың әкесі Әбдіразақ ол кезде бастауыш мектептің мұғалімі. Ұлы Отан соғысынан жараланып келгеніне қарамастан, ұстаздық қызметінде аса жауапты, үлгі тұтар тұлға болды. Ол кісі туралы аудандық газетте үнемі мақтау мақалалары жарияланып тұрушы еді. Әбекең адал еңбегімен елге сыйлы, жұрт құрметіне бөленген жан еді. Қайрат көпбалалы отбасында өсті, мектепте жақсы оқыды. Жас кезінен бастап-ақ әділдік жолын қуып, арғы бабасы Төле биге тартып, турашыл азамат болып өсті. Өз білімімен орта мектепті өте жақсы бітіріп, 1976 жылы университетке түсті. Әділет жолын пір тұтатын Қайратты ауылдастары «біздің ауылдың Қанай Боранбаевы» деп отыратын.

Қанай Боранбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш прокуроры болған. Алаш азаматы Қанайды кім білмейді?! 1886 жылы Қастек болысында дүниеге келген Қанай ағамыз Верный қаласындағы гимназияны бітірген. Варшава университетінің заң факультетінде оқыған. 1925 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш прокуроры болып, 1933 жылға дейін осы қызметті адал атқарған. Осы уақытта Голощекин мен оның сойылын соғушылардың қырына ілігіп, Боранбаевтың үстінен жалған мәліметтер жиналып, ақыры 1935 жылы ұсталып, 1938 жылы Магаданда жазықсыз атылған. 1963 жылы ардақты азаматтың есімі ақталды.

Совет өкіметі орнаған соң, бұл ауылдағылар небір қиын сәттерді, жоқшылықты бастан кешірсе де, тұрмыстың ауырлығына қарамастан, алға ұмтылып, жастарды оқытты, білім жолына тәрбиеледі. Соңында осындай шағын ауылдан даналығымен елге белгілі болған



Жамбыл Жабаев бастаған талай ақын-жазушылар, мемлекет, қоғам қайраткерлері, ғалымдар шықты. Ата жолын үлгі тұтқан Қайрат та жастайынан білім қуып, адал болып, ең-

бекқорлығымен көзге түсті. Әкесі де көргенбілгендерін, өмір тәжірибесін ұзақ әңгімелеп, Қайратқа рухани тәрбие, күш-жігер берді.

Қайрат жастайынан қандай шаруаны да жақсы атқарып, көзге түсті. Университетте де күні-түні ізденіп оқуының арқасында терең білім алып, үздік студент болды. 1981 жылы ҚазҰУ-ды бітіре салысымен, жолдамамен бұрынғы Гурьев (қазіргі Атырау) облысына облыстық сотқа судья болып тағайындалды. Онда үлгілі, адал қызметкерлермен араласып, тәжірибе жинақтады, өзі де белді судьялар қатарына қосылды. Халқымыз «Еңбек – бәрін де жеңбек» деген сөзді тегін айтпаса керек.

Одан кейінгі еңбек жолына тоқталсақ, Алматы қалалық сотының төрағасы, 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы сотының мүшесі, 1995 жылы ҚР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер алқасын басқарды. 1999-2000 жылдары ҚР әділет министрінің орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары, 2000 жылдан бастап ҚР Жоғарғы сотының төрағасы, 2009 жылы ҚР бас прокуроры, 2011 жылғы сәуірде ҚР Парламенті Сенатының төрағасы болып сайланды. 2013 жылдан осы уақытқа дейін ҚР Жоғарғы сотының төрағасы. Сондай-ақ Қайрат Әбдіразақұлы Мәми өзі түлеп ұшқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының төрағасы.

Оның жетекшілігімен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Жоғары сот Кеңесі туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Аралық соттар туралы», «Прокуратура туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдары әзірленіп, қабылданды. Соттардың құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелер жөніндегі Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары әзірленді. Сот санкциясы бойынша қамауға алу, сондай-ақ арнаулы экономикалық және ювеналды соттар мен алқа билер сотын құруға байланысты заң актілерін әзірлеуге және тәжірибеге енгізуге тікелей қатысты.

Қ.Ә.Мәмидің басшылығымен ҚР Жоғарғы сотының стратегиялық жоспарлары, сотты қалыптастыру стратегиясы әзірленді. ҚР Судьялар одағын құру туралы бастама жасалып, ол Халықаралық судьялар ассоциациясына кірді. ҚР бас прокуроры болған кезде Қ.Ә.Мәми құқық қорғау жүйесі қызметінің сапасын арттыруды, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын үйлестіруді жақсартуды қамтамасыз етті. Соттағы көпжылғы тәжірибесі негіз болған ауқымды және жемісті жұмысының нәтижесінде Қазақстандағы сот жүйесі мен сот билігінің құрылуы және қалыптасуына байланысты алты монография, 50-ден астам ғылыми жұмыс жазды. Бұл еңбектердің бәрінде сот төрелігі мен прокуратура органдарының мәселелері, олардың тиімділігін арттыру жолдары жан-жақты зерттеліп, сондай-ақ еліміздегі тәуелсіз сот төрелігінің қалыптасуына, құқықтық мемлекеттегі оның рөлін бекітуге, адам құқықтары мен бостандығын қорғауға салмақты және шынайы талдау жасалды.

Мемлекетке сіңірген елеулі еңбектері үшін Қ.Ә.Мәми «Парасат», II дәрежелі «Барыс» орденлерімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне – 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасының прокуратурасына – 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен ма-

рапатталды. Міне, осындай ерен еңбегінің арқасында Қайрат Әбдіразақұлы көп жылдардан бері сот жүйесінде жауапты қызметтерді адал атқарып келеді. Аса маңызды қызметтерді атқара жүріп, Қайрат Әбдіразақұлы ғылыми жұмыспен айналысуға да зор уақыт бөліп, студенттерге, магистранттарға дәріс оқып, сот тәжірибесінен мәліметтер беріп, болашақ жас мамандарға әділетті болуға, заңдылық пен тәртіпті сақтауға, құрметтеуге үйретуде.

Бүгінде Қайраттай ұлды тәрбиелеген әкесі мен анасы, өкінішке қарай, өмірде жоқ. Олар адал еңбек етіп, үлгілі отбасы болған жандар еді. Екеуі де балаларын еңбекқорлыққа, адалдыққа үйретті. Ата-ананың сол өнегесін көрген ұрпағы әділет жолынан айныған емес. Бүгінде Қайрат Әбдіразақұлы тәуелсіз еліміздің үлгілі заңгері. Осы ретте қазақтың атақты биі, суырыпсалма ақыны Майқы би Төбейұлының «Кімнен кім туады?» деген сұраққа: «Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады. Асылдан асыл туады, жалқаудан масыл туады, масылдан мал бақпас туады. Тілазардан қылжақпас туады. Сараңнан бермес туады. Соқырдан көрмес туады. Мылжыңнан езбе туады. Қыдырмадан кезбе туады», – деп жауап бергені ойға оралады. Ендеше Қайрат іниміз тұлпардың да, сұңқардың да, асылдың да бірегей тұяғы. Оған дәлел – әкесі Әбдіразақ ағамыздың үлгілі өмірі, Қайраттың заңдылық пен құқық тәртібін сақтаудағы дара жолы, адал, өнегелі, әділетті қызметі.

Ел білімі мен ғылымының қара шаңырағы ҚазҰУ-дың даңқты түлегі, әділеттің ақ жолын қуған Қайрат Әбдіразақұлы Мәмиді келе жатқан туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, отбасына амандық, ауызбіршілік, бақ-береке тілейміз. Адал қызметінің жемісі ұзақ болсын!

Арықбай АҒЫБАЕВ,
з.ғ.д., профессор, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері, Алматы
облысының құрметті азаматы
2 мамыр 2017 жыл

Ел мақтанына айналған

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздің мақтанышына айналған киелі оқу орны. 1934 жылы негізін қаланғаннан бастап, университет талай дарынды түлектерін ұшырды. Бүгінде 180 мамандық бойынша білім беріп отырған қара шаңырақ әлемдік ЖОО рейтингінде 236-орында нық табан тіреп тұр.

Қазақ ұлттық университетінде студенттерді білім нәрімен сусындатып отырған 15 факультет бар. Солардың бірі де бірегейі – физика-техникалық факультеті. Факультет тарихына үңілетін болсақ, бұл оқу ордасы 1934 жылы 15 қаңтарда физика-математикалық факультеттің бір бөлімі ретінде профессор В.Ф.Литвиновтың басшылығымен құрылған. Ал жеке

физика факультетіне айналған уақыты – 1959 жыл.

Қазіргі таңда факультетті физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Дәулетов Асқар Ербұланұлы басқарады. Бойына нағыз басшылық қасиеттерді жинаған декан студенттермен тығыз байланыс орнатып, әрбір білім алушыға лайықты түрде жағдай жасалуын қамтамасыз етуде. №1 және №5 жатақханаларға алыс аймақтан келген студенттерді орналастыруда да факультет басшысы мен оның орынбасарларының еңбегі зор.

Физика-техникалық факультетінде Жылуфизика және техникалық физика, Теориялық және ядролық физика, Қатты дене және бейсызық физика кафедрасы, Плазма физикасы және компьютерлік физика кафедралары студенттерді сапалы біліммен қамтамасыз етеді.

Соның ішінде Жылуфизика және техникалық физика кафедрасына тоқталар болсақ, 1934 жылы университетіміздің Жалпы физика кафедрасы ретінде ұйымдастырылған. Кафедраның негізгі ғылыми-зерттеу бағыты жылу және молекулалық құбылыстар физикасы болып табылады. Кафедра оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері аэродинамикадағы, жылумасса тасымалдаудағы, ламинарлы және турбулентті ағыстарды, диффузия және жану процестеріне тәжірибелік, теориялық зерттеулер жүргізумен айналысады.

2009 жылы Жылуфизика, стандарттау және метрология кафедрасы университет ішінде өткен «Үздік кафедра» байқауында «Ғылымдағы жетістіктері үшін» номинациясымен марапатталған. Кафедрада бірнеше лаборатория жұмыс істейді және бүгінгі күні халықаралық байланыстар орнатылып, түрлі жетістіктерге жеткен. Мысалы, зерттеу нәтижелері Қазақстан ЖЭС-терінде отынның жану үдерісіне байланысты үнемдеу және атмосфераға шығарылатын қалдықтарды азайту мақсатында қолданылады. Турбулентті ағыстардың сипаттамасын өлшеу үшін термоанемометриялық құрылғылар жүйесі жасалынған. 20 жұп газдарының диффузиялық коэффициенті анықталып, мемлекеттік стандарттар анықтамасына кірген. Көпкомпонентті газдар жүйесінде диффузиялық орнықсыздық құбылысы анықталған. Алматы қаласындағы көптеген кәсіпорындарда қолданылатын криогенді қондырғы жасалынған.

Студенттер осындай кафедра оқытушыларынан білім алып, арнайы лабораторияларда жұмыс істеу арқылы мол тәжірибе жинақтауда. Жастар ғылыми ортада ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенді. Факультеттің «Студенттік кеңес», «Мәслихат», «Сұңқар», «Көмек», «Атамекен» ұйымдары студенттердің бос уақыттарын тиімді түрде ұйымдастырып, түрлі шараларды өткізуде. Факультеттің біршама студенттері ректор медалімен марапатталған. Физика-техникалық факультетінің студенттері – өз болашағынан үлкен үміт күттіретін, белсенді де білімді жастар. Қазақ ұлттық университетінің мақтанышына айналған физика-техникалық факультеті даярлап шығарған сапалы мамандар еліміздің дамуына өз үлестерін қосарына сенеміз.

С.БӨЛЕГЕНОВА,
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының меңгерушісі, профессор
Ш.ОСПАНОВА,
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD
28 қараша 2017 жыл

Жолбарыс

К 95-летию писателя Кемеля Токаева

Великий аль-Фараби как то задался вопросом, почему слово «добродетель» греки заменили другими, к примеру «бережливостью» и «прилежностью»? Как бы то ни было, все эти качества как нельзя лучше характеризуют сущность человека и гражданина, мастера Кемеля Токаева. Наделенный от природы обаянием, харизмой, он остался для многих загадкой; шел вперед, реализуя ему известный план жизни, сберегая силы для полезных дел. Раненый на фронте, получив инвалидность, он не жаловался и не добивался скидок. Прилежным был с детства, учился и хотел учиться вновь и вновь. Осуществил мечту и стал профессиональным журналистом. Историю, которую любил не меньше, он познавал через судьбы обыкновенных людей, четко различая цену добра и зла, и творил ее, историю добродетелью своей степенностью, неизменно взвешенными суждениями и – редким даром сплачивать и вдохновлять ближних.



Он взрослел быстро, как и сверстники, пережив лихолетье «ашаршылық» – голода 1930-х, суровые нравы детского дома интерната, затем, окончив среднюю школу, встал в ряды защитников Родины от фашизма, воевал с честью.

Фронтовая закалка, пропахшая порохом юность, когда теряешь погибших однополчан, где надо выполнять любой ценой приказ главнокомандующего «Ни шагу назад!» стала его сущностью, его кредо. И даже там, под Сталинградом и освобождая Польшу, он писал заметки в армейские газеты; сказывались навыки члена школьной редколлегии.

Мирный период… Полуголодные 1950-е, разоблачение культа личности вчерашнего идола. Республике нужны толковые журна-

листы, помогать воспитывать сотни оставшихся бездомными ребятишек. Газета должна стать другом и советчиком, и Кемел Токаев становится главой редакций и ответредактором молодежных СМИ: «Лениншіл жас» (ныне «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» («Ұлан»). Затем работает в «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан»).

Встретив свою половинку Турар Шабарбаеву, вместе они создадут добрый шаңырақ, семейный очаг, будут растить детей, прививать им любовь к чтению и нетерпение к несправедливости, настойчивость в достижении целей.

Плодовитый, – скажут о Токаеве коллеги по цеху, писатели. Действительно, поправят мудрые, ему было, о чем размышлять, мыслям и слову было тесно в душе, они рвались на бумагу, как в бой. Хотелось поделиться с читателем, поскольку за парадными потемкинскими деревнями соцреализма еще достаточно было приспособленцев, ловкачей и т.д.

С доблестью война не мог он умалчивать теневую сторону будней, и – выполнив задание редакции, ночами садился за письменный стол. Верил в своих персонажей, сражавшихся с не людьми и разоблачавших преступников.

Кемел Токаев по сути создал новый жанр детективной казахской прозы, основанной на документальной основе. Где он черпал сюжеты, история умалчивает, однако писатель так верно подмечал детали, особенности поведения главных героев, будни сыска и поимки преступников, что читатель словно присутствует на допросах, сидит в засаде с оперативниками, выслеживает матерого шпиона.

Сначала писал для себя, «в стол», затем собрался с духом и издал первый сборник рассказов «Жұлдызды жорық» (1954), через год вышла повесть «Қыс қарлығашы» (1955), в том же году издательство «Жазушы» напечатало его повесть «Көмескі із» («Таинственный след»). Отступать было поздно, да и не собирался он делать шаг назад. Как в бой, вступил бывший фронтовик на путь писателя, и выбранному жанру оставался верен навсегда.

Тема была живой, полезной для воспитания мальчишек, подрастал свой сын, и Токаев старший осознавал, что может завещать детям чистоту помыслов, твердость духа и заботу о людях, все эти положительные качества он вырисовывал в своих персонажах.

Рядовые сотрудники милиции, чекисты, сотрудники госбезопасности, рискующие здоровьем и жизнью ради обыкновенных граждан, были для него бойцами незримого фронта, плечом к плечу обеспечивавшими покой людей. Токаев предвосхитил заветную социальную мечту о безопасности, практически создав прообраз супергероя Бэтмана, подарив людям веру в торжество справедливости. Его манере письма присуща легкость пера и умение штрихами передать напряжение сюжета. Воображение читателя, которое он будил этими стежками-словами, дорисовывало остальное, недосказанное.

За будничными картинами ощущается огромная ответственность автора за поступ-

ки героев. Он, словно командир отряда, зорко распределял роли и передвигал персонажей. Да и было на кого брать равнение: в Алматы тогда зачитывались повестями А.Бека о Бауыржане Момышулы, легендарный комдив сам взялся за перо и умел при случае жестко оборвать неумелых «борзописцев». Братство фронтовиков, ставших писателями, пополнили Малик Габдуллин, Азильхан Нуршайыков, Касым Кайсенов, Дмитрий Снегин… Казахского бойца Касыма Кайсенова писатель обессмертил в повести «Особое задание», где легендарный партизан выведен под именем Кали Утегенова.

В 1956 году Министерство внутренних дел КазССР совместно с Союзом писателей республики даже объявило конкурс на лучшее художественное произведение, посвященное офицерам и рядовым советской милиции – чекистам, чтобы поднять престиж этой когорты. Звезда Кемеля Токаева зажглась с новой силой: он отнес свои произведения в комиссию и – выиграл, заняв первое место.

И последующие конкурсы (1972, 1978 и 1980) стали для него успешными, его имя теперь прочно ассоциировалось с жанром, письма от читателей в СП приходили регулярно, подпитывая его творчество новыми сюжетными линиями. В годы «опалы», в 1978 году он побеждает в закрытом конкурсе МВД и СП на лучшее произведение о правоохранительных органах и ЧК, рукописью романа «Последний удар» под девизом «Жолбарыс». Он выстоял в этом бою, – за идеалы, мирную жизнь и умную читающую и, главное, мыслящую детвору и отроков, нацию. Как солдат, не претендовавший на бряцание медалей и погремушки бренной славы, он жил и создавал доброе.

Успех не вскружил ему голову, нет, он продолжал размышлять о будущем, совершенствовать стиль. В 1965 году в издательстве «Қазақстан» вышла книга «Болашақ туралы ойлар. Повестер мен әңгімелер». О чем размышлял писатель за письменным столом? Он благополучно избежал хвалебных статей о кукурузной и целинной «эпопеях», других идеологических «кампаниях», избрав работу в ином жанре. И это оказался потокаевски верный маневр, поскольку писатель знал о цензуре не понаслышке. Его родные вспоминают: «…Отцу, прежде чем выпустить книгу, приходилось доказывать в партийных инстанциях ее актуальность, преодолевать многочисленные преграды, чинимые цензурой. Видя, с какими трудностями дается отцу публикация собственных произведений, мы полушутя-полусерьезно предлагали ему перейти на любовную или же партийную тематику, – там цензоры бессильны. Отец в таких случаях лишь отмахивался, говорил, что не изменит любимому жанру». (Токаев Касым-Жомарт. «Слово об отце»).

Перевод на русский язык повестей и романов представлял особую заботу автора; подстрочник не всегда мог отразить художественный стиль и мастерство писателя, смело расставлявшего фигуры персонажей на шахматной доске воображения. Не каждый переводчик улавливал эту особенность пера Кемеля Токаева, этакий зигзаг, за которым следовал новый поворот событий… Один из

последних его романов, «Последний удар», созданный на документальной основе по мотивам гражданской войны, посвящен операции по ликвидации ставки атамана Дутова в Семиречье, на русский язык блестяще перевел Р.Петров.

Переводом Кемель Токаев остался доволен вполне. Этнографические линии в произведениях писателя, казахские пословицы и собственно имена его героев, «говорящие» в пользу уважения и почитания национальной истории и культуры, привнесли колорит повествованию. Роман читается навскидку, в нем, как и в прочих произведениях писателя, выпукло обозначен вектор движения, молниеносного принятия решений, оперативного реагирования на смену ситуации, – то есть то, что характеризует жизнь в ее переменчивости.

Исторические романы К.Токаева основаны на архивных источниках; так, образ Ураза Джандосова выписан мастерски. Кемел Токаев оставил потомкам национальную историю, перемежая ее с художественными вкраплениями, не нарушая общей канвы в потоке всемирноисторического действа. Живые люди с их заботами, матери и дочери, отцы и сыновья, братья и, конечно же, дружба как гарант единства помыслов и благородства. Всю жизнь он искал и находил, обретал и терял это чувство братниной заботы и нежности, потеряв на фронте старшего брата Касыма. Сиротства хлебнул досыта, как и многие из его сверстников, однако не зачерствел, распахнул свою душу огромной аудитории.

Его книги читали не только в Казахстане: приходили письма из среднеазиатских республик, Монголии, Украины, в персонажах люди узнавали родных, вдыхали жар степи и вместе с героями преодолевали расстояния от Верного до Кульджи, сидели на сырмаке и наслаждались ароматным чаем, готовясь любоваться кокпаром и кыз-куу. Этнокультурные детали насыщают контекст произведений К.Токаева, делают их зримыми, звучными и звонкими, словно выстрел или топот копыт.

По воспоминаниям сына Касым-Жомарта, отец «часто повторял известную казахскую пословицу «Еркіндігі жоқ елдің ертеңі жоқ» – «Без свободы у народа нет будущего». Манера творческой лаборатории К.Токаева, переработавшего кипу исторических архивных источников, сходна с той, в которой работал Ильяс Есенберлин. Прожив непростую жизнь, рано потеряв родителей и сестренку, брата, пройдя военными маршрутами, общаясь с известными современниками, Кемель Токаев много знал, однако мы не узнаем его свидетельств о сталинских репрессиях. В частных беседах с начинающими журналистами Кемель ага упоминал судьбу Сакена, Бейимбета, Ильяса… Идеологические препоны не дали ему раскрыть драму национальной элиты Алаш. Все же, писатель сумел отразить пережитое в последнем, автобиографическом, романе «Солдат ушел на войну», где человек в экстремальных условиях показан правдиво.

Его книги не залеживались на полках книжных магазинов. Отзывы на его книги появля-

лись в СМИ, в задушевных беседах с друзьями Саттаром Имашевым, Муслимом Базарбаевым, коллегами по цеху Хамитом Ергалиевым, Сафуаном Шаймерденовым, Калмуканом Исабаевым, Гафу Каирбековым, Камалом Смаиловым, Музафаром Алимбаевым, Когабаем Сарсекеевым, Акимом Тарази, Фаризой Онгарсыновой, Аскаром Сулейменовым, Сатимжаном Санбаевым, Кабдешом Жумадиловым, Шерханом Муртаза, акыном Баянгали, он черпал вдохновение.

После выхода на заслуженный отдых, К.Токаев принял предложение работать в аппарате Союза писателей республики. Здесь у него установились добрые отношения с Жубаном Молдагалиевым, Олжасом Сулейменовым, Абишем Кекильбаевым. Изредка ему удавалось выбраться в поездки-встречи с сотрудниками внутренних дел по областям республики; Кызылорда, Костанай, Актобе, Караганда и Темиртау, и он хорошо был знаком с буднями этой опасной и трудной службы. В 1972 году Токаев с группой писателей побывал в Северо-Казахстанской области, вместе с главредом «Социалистік Қазақстан» Сапаром Байжановым. Здесь редактором областной казахской газеты Уапом Рахымжановым была организована встреча с журналистами.

В чем состоит добродетель писателя? Ответ на этот вопрос следует искать в его произведениях. Ради чего он трудился? Какие черты своих героев поощрял? Над какими строками читатель особенно задумывается? Почему?! Шахматные партии разыгрываются в фабуле романов К.Токаева: кто герой, а кто – антигерой? Попробуй угадай в миловидной женщине опасного диверсанта! Бережно ведет автор читателя к эндшпилю. Приостанавливается, в ожидании встречного хода незримого противника, и жертвует порой, вдруг – маневр,– избежав неминуемого капкана, вы вновь на тропе следопыта. Красивая интеллектуальная, эстетичная нить выводит из лабиринта предположений и домыслов.

Эстетика творчества Кемеля Токаева прочитывается в лексике его положительных героев. Описывая замшелых рецидивистов и их поганые дела, писатель не оставляет читателя в депрессивных дебрях, напротив, выводит повествование на светлые ассоциации, посредством образов чекистов и служителей правоохранительных органов. Удивительно и то, что, даже когда его сюжеты выстроены часто вокруг смерти персонажей, книги Токаева Кемеля пронизаны светлыми чувствами. Он сумел осмыслить тему смерти и жизни по-философски, приручить ее, и приучил читателей принимать данность.

Его романы и повести «Потоп», «Гибель солдата», «Птица покидает гнездо», «Убийство перед закатом» и другие приподнимают над суетой, персонажи динамичны, – сказывался двадцатилетний журналистский опыт, когда газету с его легкой руки ждали сотни и тысячи юных читателей республики.

Ныне конкурсу художественных произведений в жанре детектива, с 1994 года, присвоен именной статус, в память о Кемеле Токаеве и его произведениях «Сарғабанда болған оқиға» («Происшествие в Саргаба-

не»), «Таңбалы алтын» («Меченое золото»), «Түнде атылған оқ» («Ночной выстрел»), вошедших в золотой фонд казахской тюркской литературы. К творчеству К.Токаева обратились главные режиссеры театров и его пьесы «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?», «Сиқырлы сырлар» стали любимыми для казахстанского зрителя.

Каждый, кто прочтет книги Кемеля Токаева, станет по-другому смотреть на счастье жить, беречь ближних и ценить каждую минуту для креативных дел. Для молодых и будущих журналистов это – бесценный подарок.

Справка: Токаев Кемель (02.10.1923 – 06.10.1986). В г. Уштобе Алматинской области средняя школа №1 носит имя Кемеля Токаева, в ней установлен бронзовый бюст писателя и открыт музей. Ежегодно проводятся «Токаевские чтения». Высажена Аллея памяти во дворе школы. Участник ВОВ, кавалер ордена Отечественной войны 1-й и 2-й степени, медали «За отвагу» и др. Выпускник /отделения журналистики филологического факультета/ КазГУ им. С.М.Кирова (1948). Писатель, редактор, публицист, драматург. Автор романов о работе правоохранительных органов (ЧК). Лауреат премий СП КазССР (1956; 1972; 1978; 1980) за лучшее произведение о деятельности сотрудников милиции и ЧК. Автор сценариев пьес. Руководил редакциями республиканских газет «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан». В 1960-1977 гг. – главный редактор «Ведомостей Верховного Совета КазССР». С 1980-1984 гг. литературный консультант Союза писателей Казахстана.

Гюльнар МУКАНОВА,
к.и.н., доцент, ответ. редактор
журнала «Айқап»

4 сентября 2018 г.

Университеттің наноспутнигі ғарышқа сәтті жіберілді

Илон Масктың SpaceX компаниясы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жасалған қазақстандық «Al-Farabi-2» наноспутнигін іске қосты.

Ұшыру 4 желтоқсанда Астана уақыты бойынша 00-ден 32 минут кеткенде Калифорния (АҚШ) штаты ғарыш алаңындағы Ванденберг әскери-әуе базасында «Falcon 9» зымыран тасымалдаушысында жүзеге асты.

Наноспутник штаттық кестеде жұмыс істейді. «Al-Farabi-2» наноспутнигі үздік инновациялық технологияларды, қазақстандық патентпен қорғалған аппараттың негізгі компоненттерін және торабтарын өзіне бі-

ріктіреді. Ол ғылыми түпнұсқаларды, технологиялық және білім беру тапсырмаларын шешуге арналған, сонымен бірге ҚазҰУ ғалымдары жасаған шағын ғарыштық аппаратқа арналған бортты компьютердің электронды компоненттерін тәжірибеден өткізуге мүмкіндік береді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының және эксперименттердің нәтижелері Қазақстан әуе-ғарыш саласына және университеттің шетелдік серіктестеріне құнды және өзекті болмақ.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында қазақстандық наноспутниктің ашық ғарышта іске қосылуы қазақстандық ғылым мен спутник құрастыру тарихында тағы бір маңызды кезеңді айғақтайды. ҚазҰУ наноспутнигі осымен екінші рет ғарышқа енгізілді. Бірінші «Al-Farabi-1» ғарышқа 2017 жылдың 15 ақпанында Үндістандағы Сатиш Дхаванатындағы ғарыш алаңынан жіберілген болатын. Ол түрік әлемінің көрнекті оқымыстысы, біздің университетке есімі берілген әл-Фарабидің құрметіне аталған болатын», – деді жоба жетекшісі, академик Ғалым Мұтанов.

Ғарыштық технологиялар саласында ұлттық ғылыми мектеп құру, жобалау, құрастыру және наноспутниктерді ұшыру бойынша кең көлемді жоба, осы салада жоғары білікті мамандарды даярлау ҚазҰУ-да халықаралық UNIFORM консорциумы аясында 2013 жылдан бері жүзеге асырылып келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанды «цифрлық дәуірге» енгізу бойынша «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арналған жолдауда айтылған Елбасы тапсырмаларын орындауда мақсатты түрде жұмыстар жүргізуде. Ғылымды қажет ететін жаңа технологияларды және техникалық, соның ішінде ғарыштық салада құралдарды құру университет қызметіндегі басым бағыттар болып табылады.

Өз тілшімізден
11 желтоқсан 2018 жыл

ҚазҰУ-дың тұңғышы

15 қаңтар күні еліміздегі көшбасшы жоғары оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылған күні. Университетіміздің өткен тарихына көз жүгіртсек, алғашқы кезде оқу орны физика-математика және биология факультеттеріне студенттерді қабылдаудан басталды.

Ең алғашқы 54 студент 19 қаңтарда сабақ кестесі бойынша бірінші дәріске қатысты. Бірақ та университеттің қалыптасуы қиын жағдайда өтті. Жұмыс барысында көптеген қиыншылықтарды шешуге мәжбүр болды. 1934 жылдың 2 желтоқсанында университеттің атына С.М.Кировтың есімін берді.

Ал биология факультетінде ол кезде Бота-

ника және зоология кафедрасы ғана жұмыс істеді. Екі кафедрада бар болғаны 22 студент білім алды. Біздің факультетімізді жасы жағынан университетпен «құрдас» деуге болады.

Оқу жүйесінің басталуының алғашқы жылдары оқытушы-профессорлар құрамы қалыптаса бастады және одан әрі дамуына өзінің іс-тәрбиесін аянбай беріп отырды. Солардың ішінен мына ұстаздардың есімін атап өткенді жөн көрдім. Олар: А.Бартенев, Б.Домбровский, Н.Павлов, Т.Дарқанбаев, Н.Хусайнова, М.Авазбакиева, Г.Бияшев, А.Полосухин, Т.Масенов, В.Фурсов, М.Шигаева, Н.Удольская, И.Байтулин, В.Корнилова және т.б. Осы ғалымдардың орасан зор үлесін қазіргі студенттерге үлгі етіп жариялап отыру – басты парызымыз.

Жас оқу орнының біртіндеп күш, тәжірибе жинақтап, буынның бекуі де осы жоғарыда айтылған ұстаздарымыздың арқасында. Факультетіміздің қалыптасуы талай кезеңдерден тұрады деуге болады: құрылу және қалыптасу кезеңі (1934-1941 жж.), соғыс жылдары (1940-1945 жж.), соғыстан кейінгі жылдар (1950-1990 жж.) және еліміз тәуелсіздік алып дамыған соңғы жылдарымыз (1991-2018 жж.). Әрине, мен соғыстан кейінгі (1950-1990 жж.) кезеңнен бастап осы факультеттің Адам және физиология кафедрасында білім алып, алғашқы еңбек жолымды ассистент, кіші ғылыми қызметкерден бастап, осы кезеңге дейін сол кафедрада еңбек етіп келемін. Әрине, өткен өмір жолыма шолу жасап отырып еске алып айтарым, Адам және жануарлар физиологиясы кафедрасын 34 жыл басқарған менің ұстазым, ғылыми жетекшім, б.ғ.д., профессор Магинур Авазбакиеваның өмір жолы бәрімізге үлгі еді.

М.Ф.Авазбакиева 1943 жылы кандидаттық, ал 1955 жылы ленинградтық И.Павлов атындағы физиология институтында докторлық диссертациясын қорғап, 1943-44 жылдарда адам мен жануарлар ағзасының әртүрлі климато-географиялық ортаға бейімделуіндегі физиологиялық, биохимиялық процестердің механизмдерін зерттеуден бастады. Сондықтан да М.Авазбакиева Қазақстандағы климофизиологияның негізгі ғылыми іргетасын қалаушы ғалым деп айта аламыз.

Нақтырақ айтар болсақ, М.Авазбакиеваның басшылығымен 1966-89 жылдар аралығында кафедрада және физиологиялық ғылыми-зерттеу лабораториясымен бірігіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы ЮНЕСКО-ның ұсынысына сәйкес, Халықаралық биология бағдарламасы бойынша адам және жануарлардың әртүрлі эколого-географиялық ортаға бейімделуінің физиология-биохимиялық механизмдерін зерттеумен айналысып, Орта Азия мен Қазақстанның таулы аймақтарында (Памир, Іле, Қырғыз Алатауы) шөлді, шөлейт жерлерін (Маңғыстау, Қызылқұм) тіршілік етуші тұрақты тұрғындары мен уақытша келушілердің бейімделу механизмдеріндегі ерекшеліктерін зерттеу үшін бірнеше дүркін ғылыми-зерттеу экспедициялар ұйымдастырылды. Нәтижесі бойынша тиісті орындарға зерттеу жұмыстарының ұсыныстары мен қорытындылары жіберіліп отырылды.

Қорыта айтқанда, биология факультетінің және кафедрасының ғылыми дәстүрлері мен тарихы мол, республикамыздың ғылыми саласында және басқа да жақын және алыстағы

еліміздің ғылым саласындағы алатын орны жоғары.

Әрине, өмір бір орында тұрмайды, өседі, дамиды. Сонымен бірге қоғамда, ғылымда, әлеуметтік-экономикалық жағдайда, соған байланысты сұранысы, талап та өзгереді. Сонау 1934 жылы 19 қаңтарда факультетке оқуға түскен 22 студенттің саны қазіргі таңда мың еседен астамға жетті. Қазіргі оқу жүйесінде бұрынғымен салыстырғанда таңғалар-лық жетістіктер бар. Бұл – университетіміздің дамып, еліміздегі белді оқу орнына айналғанының бір көрінісі, бірегей бейнесі. Барша ҚазҰУ-лықтарды университетіміздің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Н.ТОРМАНОВ,
Биофизика және биомедицина кафедрасының профессоры
15 қаңтар 2019 жыл

Мерейлі жыл

Тағы бір жыл тарих жылнамасына еніп, күнтізбеде жаңа 2019 жылға қадам бастық. Бұл жылдың ерекшелігі – университетіміздің құрылғанына 85 жыл толады. Сондықтан да университет ұжымы үшін бұл жылдың алар өзіндік орны болары сөзсіз.

2019 жыл тек университет үшін ғана емес, химия және химиялық технология факультеті үшін де мерейлі жыл. Химия факультеті – 1934 жылы ашылған үш факультеттің бірі, сол жылдың қыркүйек айынан бастап студенттерді қабылдады. Құрылған уақытынан бастап факультет – еліміздегі химия білімі мен ғылымындағы көшбасшы екендігін дәлелдеп, тек химия саласында ғана емес, өнеркәсіптің басқа салаларына да мамандар даярлап келе жатқан білім мен ғылым орталығы. Факультет тарихында оның негізін қалап, қалыптасуына және дамуына үлкен үлес қосқан, әрқайсысы жеке ғылыми мектептің негізін қалаушы Ә.Б.Бектұров, И.Н.Әзербаев, Б.А.Бірімжанов, Д.В.Сокольский, М.И.Усанович, М.Т.Козловский, О.А.Сонгина, А.Ш.Шәріпқанов және басқа да академик-ғалымдардың аттары алтын әріппен жазылған.

Білім беру деңгейі бойынша КСРО-да факультет Мәскеу және Ленинград мемлекеттік университеттерінен кейін 3-орында болды. 1978 жылы факультет жеті жыл қатарынан факультетаралық социалистік жарыста жеңімпаз атанып, мәңгі сақтауға Қызыл тумен марапатталды. Факультет жанынан 1988 жылы Жану мәселелері институты, 1992 жылы Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ғылыми-зерттеу институты, 1995 жылы Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістерінің орталығы құрылып, қазір олар жетекші ғылыми орталықтарға айналды.

Химия факультеті 2011 жылы атын химия

және химиялық технология факультетіне өзгерткелі бері де, биік белестерді бағындырды. Осы арада университет пен факультетіміздің 80 жылдық мерейтойы аталып өткен 2014 жылдан бергі соңғы бес жылда факультеттің жеткен жетістіктеріне тоқталып өткен жөн шығар деп ойлаймын. Оқу-әдістемелік бағытта факультеттегі мамандар даярлау жүзеге асырылатын 12 білім беру бағдарламасы Германияның ASIIN агенттігімен халықаралық аккредитациядан өтіп, білім беру деңгейі агенттік талаптарына сай екендігі дәлелденді. 2015 жылдан бері Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы (МИИДБ) бойынша профильдік бағытта магистрлер дайындау білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Осы бағдарламаның аясында факультетте жаңа зертхана құрылып, мемлекеттік аттестациядан өтті, бірнеше кәсіпорында кафедра филиалдары ашылды.

Бірнеше магистрант Белгород мемлекеттік университеті, Қытай мұнай университеті, Мәскеу болат және құймалар институтында қосдипломды білім беру бағдарламалары бойынша білім алып, магистр атанды. Профессор Ж.А.Әбіловтің жетекшілігімен Германияның Росток университетінде және Пәкістанның Карачи университетіндегі Халықаралық химия және биология ғылымдары орталығында біздің университетпен біріккен зертханалар ашылып, жыл сайын магистранттар мен докоранттар ғылыми тағылымдамадан өтуде. 2018-19 оқу жылының басында университет «Фармацевтикалық өндірістер технологиясы» мамандығы бойынша лицензияға ие болып, факультетте бакалавр мамандарын даярлайтын болады.

Ғылыми-инновациялық бағытта да қол жеткізген жетістіктер қомақты. Факультет құрылған уақытынан бастап, «зерттеу» факультетінің статусына сай, мамандарды тек білім беріп қана емес, оларды ғылымға баулу арқылы даярлауда алдыңғы қатарда. Факультеттің ғылыми-зерттеу орталықтарының инновациялық жобаларының нәтижесінде минералды және өсімдік шикізаттары, полиэфир шайырлары негізінде композициялық материалдар, гидрогельді дәрілік препараттар өндірісінің цехтары ашылып, іске қосылды. Ғылыми-инновациялық зерттеу нәтижелері АҚШ, Еуропа, Ресей патенттері түрінде рәсімделіп, қорғалды. 2018 жылы Қазақстан ғалымдарының арасында алғаш рет профессор З.А.Мансұров нанотехнология саласындағы ғылыми жетістіктері үшін ЮНЕСКО ұйымының халықаралық медалімен марапатталды. Факультет студенттері де Student Energy Challenge, NurIntech байқауларының жеңімпаздары атанды.

Әлеуметтік-тәрбие саласында факультеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының белсенді қызметтерінің нәтижесінде факультет командасы бірнеше жыл қатарынан «Студенттік көктем» көркемөнерпаздар байқауында жеңімпаз атанып, студенттеріміз «Ана тілі аруы», «Жігіт сұлтаны», «ҚазҰУ аруы», «Мистер КазНУ» байқауларының жүлделі орындарын иеленді.

Аталған жетістіктер факультеттің университет рейтингінде жыл сайын алғашқы үштіктен көрінуіне үлкен септігін тигізді, мұнда факультет ОПҚ ұжымының еңбегін ерекше атап өткім келеді.

Осы оқу жылын да факультет тың жаңалықтарымен бастап отыр, Қазақстан Республикасының минералды шикізатты өңдеу ұлт-

тық орталығының базасында Металдар мен минералдар кафедрасы ашылып, іске кірісе бастады.

2019 жыл ЮНЕСКО ұйымының шешімімен Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық заңы мен кестесінің ашылуына 150 жыл толуына орай, «Халықаралық периодтық кесте жылы» деп қабылданды, бұл – химиктер қауымы үшін тағы бір мерейтой. Сол себепті осындай қос мерейтойлы жылда Б.А.Бірімжанов атамыз атап айтқандай, «химиктер руының» өкілдері биік белестерді бағындырып, университет пен факультет мерейінің үстем болуына өз үлестерін қосады деген сенімдемін.

Ердос ОҢҒАРБАЕВ,
Химиялық физика және материалтану
кафедрасының профессоры
15 қаңтар 2019 жыл

Университет – біздің мақтанышымыз

Биыл – университетіміздің 85 жылдық мерейтойы. Тарих беттеріне үңілсек, осы білім ордасынан қаншама маман түлеп ұшып, мемлекетіміздің өркендеуіне, дамуына үлес қосты. Бүгінгі уақытта да сапалы маман даярлауда еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының көшін бастап тұр.

Университетіміздегі заң факультетінің орны маған ерекше ыстық көрінеді. Өйткені осы факультетке өзім 1962 жылы оқуға түсіп, 1967 жылы оны үздік бітірдім. Университеттің лениндік стипендианты болдым. Содан кейін мемлекеттік комиссияның шешімімен ҚР Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтына ғылыми жұмысқа жіберілдім. Үш жыл адал еңбек етіп, 1970 жылы Мәскеуге – КСРО Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтына аспирантураға жолдама берілді. Сол жылы аспирантураға түсіп, екі жыл жеті айда кандидаттық диссертация қорғап, КПСС мүшелігіне өтіп, елге абыроймен қайттым.

1977 жылдан бері мен Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетімен тығыз байланыста болып келе жатырмын. 1990 жылы факультет штатына өтіп, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болдым. Қазір ең қарт ұстаздардың бірі болып саналамын. Жас ұлғайғанына қарамастан, университетті қимаймын. Осы университетте үзбей еңбек етіп келемін. Өйткені заң факультеті – үздік ғалымдар мен мамандар мектебі, көрнекті ұстаздар ұжымы. Біз студент болған кезде С.Я.Болатов, В.Н.Маркельев, И.И.Попов, Ғ.Б.Шакаев, С.С.Сартаев сияқты үлгілі ғалым-ұстаздар бізге дәріс

берді. Солардан алған біліміміз мәңгілік мамандыққа баулыды.

Әл-Фараби университеті – Қазақстанның ең алдыңғы оқу орны. Көптеген ұстаздарды тәрбиелеп шығарды. Заң факультетін бітірген көрнекті заңгерлер қаншама... Олардың көбі мемлекетіміздің алдыңғы шебінде еңбек етуде. Тіпті КСРО кезінде ҚазМУ-ды бітірдік десе, бізге жақсы көзқараспен қарап баға беретін. Университетті кезінде Өмірбек Жолдасбеков көп жылдар басқарып, дұрыс жолға қойып, абыройын асқақтатып кетті. Ал академик Ғалым Мұтанов келгелі бері университет құрылысы жаңарды. Көптеген жатақхана, жаңа оқу корпустары салынды, ескілері жөнделді. Қазір осы университеттен білім алғысы келетіндер – қазақстандықтар көп. Оның өзі университет ұстаздарының адал еңбегінің бір көрінісі.

Қазір дүниежүзінде 800 озық университет болса, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті солардың ішінде 220-орында. Бұл біздің қазақстандықтардың зор мақтанышы.

Арықбай АҒЫБАЕВ,
заң факультетінің профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, з.ғ.д.

22 қаңтар 2019 жыл

ҚазҰУ Түлектер күнін тоúлаâы

25 мамыр күні Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да үлкен және ұмытылмас оқиға өтті. Еліміздің жетекші оқу орны өзінің 85 жылдығын және Түлектер күнін атап өтті.

Бұл күні «Мәңгілік ел» триумфалды аркасында курстастармен, педагогтермен кездесу, университет мерейтойына және Түлектер қауымдастығының 25 жылдығына арналған түлектердің II форумының жұмысына қатысу үшін 2 мыңнан астам түлек жиналды. Тұңғыш рет экс-студенттердің слеті 2014 жылы өтті. Ал Түлектер күні мамыр айының соңғы сенбісінде дәстүрлі түрде өткізіледі. Бақытты студенттік кезең, өмірдегі ұмытылмас сәттер, университетпен байланысты ¬өткен жылдарды еске алу, көптен күткен кездесу – барлығы түлектерге күш-қуат беріп, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Түлектер студенттік жылдары туралы естеліктерін сақтап, альма-матер өмірі жайында да үнемі қызығушылық танытып, үлкен өмірге жол ашқан университетінің әрбір жетістігі мен жеңісіне бірге қуанып отырады.

Университет пен түлектер қоғамдастығы арасындағы дәнекер, іс-шараның ұйытқысы – ҚазҰУ Түлектер қауымдастығы. Қауымдастықты 1981 жылғы заң факультетінің түлегі, ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми басқарады. Төралқа құрамына



Олжас Сүлейменов, Мырзатай Жолдасбеков, Кенжеғали Сағадиев, Ақмарал Арыстанбекова, Арманжан Байтасов, Алмасадам Сәтқалиев, Нұрлан Смағұлов және т.б. белгілі тұлғалар кіреді.

II форумның іс-шараларына университет түлектері, мемлекеттік құрылымдар, ғылыми қоғам, бизнес-қауымдастық, Қазақстаннан, алыс және жақын шетелдерден серіктес жоғары оқу орындарының, ҚР-дағы дипломатиялық миссиялардың өкілдері, университет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Таңғы сағат 10-да олар «Мәңгілік ел» салтанатты қақпасына жиналды. Мереке меценаттардың Құрмет тақтасының тұсаукесерімен басталып, әл-Фараби және Өмірбек Жолдасбековтің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қоюмен жалғасты. Содан кейін қонақтар Студенттер сарайында ҚазҰУ-дың жетістіктері мен дамуы туралы фотокөрмемен танысты.

II форумның салтанатты ашылуында Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан құттықтау сөз сөйледі. ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов, ҚР Парламенті Сенатының аппарат басшысы Серік Сыдықов, ҚР Парламенті Мәжілісінің вице-спикері Гүлмира Исимбаева, ақын және жазушы Олжас Сүлейменов, ішкі істер вице-министрі Рашид Жақыпов, ҚР БҒМ департаментінің директоры Әділет Тойбаев, «Astana Group» компаниясының президенті Нұрлан Смағұлов және басқа да белгілі түлектер сөз сөйледі.





ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың айтуынша, альма-матер өзінің тарихында қазақстандық элита кадрларының басты «ұстаханасы» болып табылады. Бүгінде ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне көшуде. QS жалпы танылған халықаралық рейтингте ол әлемнің 800 үздік ЖОО ішінен 220-орынға ие болып, Топ-250 қатарына енді. ҚазҰУ ең экологиялық 200 университеттің қатарына және әлемнің технологиялық дамыған 50 университетінің қатарына кіретін қазақстандық жоғары оқу орындарының бірі және «Түркі әлемінің ең үздік университеті» деп танылды.

«Түлектер күнін тойлау идеясы Елбасының «Туған жер» бағдарламасымен үндеседі. Отанға деген құрмет еліне, туған ауылы мен қаласына деген махаббаттан басталады. ¬Өзі білім алып, студенттік шағын өткізген, альма-матерге деген ерекше ықыласы – ол да жалпыұлттық патриотизмнің ең ерекше қыры. Біз экономика, ғылым, білім, мәдениет салаларында өз үлесін қосатын түлектерімізді мақтан тұтамыз. Біздің жыл сайынғы кездесулеріміз тамаша дәстүрге айналды және бірлік пен туған университеттің даму тарихына атсалысып келетініміздің айқын көрінісіне айналды», – деп атап өтті ол.





«Мен Қазақстанның ең үздік ЖОО-сының түлегі екенімді бағалаймын. Альма-матер құрылған сәттен бастап дарынды да талантты мамандарды жинады. Қазіргі таңда түлектер біздің тәуелсіз республикамыздың дамуына өз үлестерін қосып, қолдау көрсетіп келеді. Мен мұны өте мақтан тұтамын және оларға осы баға жетпес үлес үшін алғыс айтамын», – деді Олжас Сүлейменов.

Форумда университетпен байланысты қолдап қана қоймай, альма-матерге демеушілік көрсетіп жүрген түлектер марапатталды. Атап айтар болсақ, «ҚазҰУ меценаты» сертификаттары механика-математика факультетінің түлегі Асылбек Қожахметовке, журналистика факультетінің түлегі Арманжан Байтасовқа, химия факультетінің түлегі Абдрасил Жәрменов пен Зелина Катрановаға берілді.

«Бүгін сіздер университет қабырғасынан түлеп ұшасыздар, алдарыңызда бұралаң әрі белгісіз сапар күтіп тұр. Сіздерде талай шыңды бағындыруға деген үлкен мүмкіндіктер бар, қанша қиын болса да, болашаққа деген қадам мен жоспарды бүгіннен бастау керек. Барлық жаңалыққа ашық болыңыз, армандаңыз, ішкі компасыңызға сеніңіз, алға және биік белестерге ұмтылыңыз!» – деді меценаттар атынан сөз сөйлеген Нұрлан Смағұлов.

Форум аясында «Bizdiń elıta – Наша элита» кітабының үшінші томы және альма-матер жетістіктері туралы фильм көрсетілді. Ресми іс-шаралар үлкен гала-концертпен аяқталды. Түлектер күні факультеттердегі кездесулермен жалғасып, қонақтар үшін кампус-тур ұйымдастырылды.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

28 мамыр 2019 жыл

Не зная прошлого, не будешь ценить настоящее

Время, как неуловимый миг, проносится мимо нас. Даже не верится, что буквально в этом году мой родной вуз – КазНУ имени Аль-Фараби отмечает свой 85-летний юбилей.

«Всё течёт и изменяется», – сказал философ Гераклит. На фоне белоснежных, величественных гор Заилийского Алатау стал ещё лучше и краше первый и единственный в республике студенческий городок КазНУ, построены новые учебные корпуса, современная библиотека и многое другое.

В этом стремительно меняющемся мире, на фоне происходящих глобальных изменений в науке и обществе, я полагаю, было бы

хорошо рассказывать на страницах газеты «Қазақ университеті» о прошедших знаменательных событиях и лучших представителях вуза, которые своим самоотверженным трудом внесли достойный вклад в развитие университета.

Я очень часто бываю на филологическом факультете. Проходя по коридору мимо стендов, представляющих историю и жизнь факультета, меня охватывает волнение, вспоминаются яркие моменты, рабочие будни профессорско-преподавательского состава того времени.

Возглавлял факультет тогда известный специалист – языковед Сайкиев Халабин Мухитович. Он преподавал современный русский язык. Очень строгий, требовательный декан, но в то же время отзывчивый, мудрый, с педагогическим тактом. Мы, тогдашние первокурсники, даже не знали, где находится деканат – «святая святых», потому что всех и всего боялись. Халабин Мухитович, видимо зная о робости студента, всегда относился к нам приветливо, по-отцовски, интересовался нашими трудностями и успехами, говорил он свободно, выразительно, грамотно, был прост в общении с аудиторией.

Но больше всего мне нравилось быть на занятиях по древнерусской литературе. Преподавала этот предмет Майя Михайловна Багизбаева. Она читала лекции приятным, звучным голосом. Тон выражения спокойный, мелодичный. Бархатистый тембр увлекал нас и обволакивал. Мы словно находились под магией фольклора и сказочных былин. И оттого, наверное, содержание каждой лекции оставалось полезным и запоминающимся.

Майя Михайловна была открытым для общения, интересным собеседником, всегда приятной, доброй. В этом человеке всё было прекрасно – и душа, и мысли. Именно к ней можно отнести слова великого Гёте о том, что «Всякая внешняя благопристойность имеет свои внутренние основания». Я благодарна судьбе, подарившей мне возможность учиться у замечательного и талантливого педагога Майи Михайловны Багизбаевой.

«Не зная прошлого, не будешь ценить настоящее» – гласит народная мудрость. Нахлынули воспоминания. Захотелось еще раз вернуться, окунуться в прошлое, вспомнить студенческие аудитории, профессорско-преподавательский состав тех далеких, незабываемых лет. Ведь вся моя жизнь, начиная с момента поступления в 1969 году на филологический факультет, и трудовая деятельность вот уже на протяжении 50 лет связаны с моим альма-матер, флагманом отечественной науки, ведущим вузом страны. Прошло полвека, а кажется, это было вчера.

З.ЖАНАЗАРОВА,
доктор социологических наук,
профессор кафедры социологии
и социальной работы

11 июня 2019 года

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ҚазҰУ-ға келді



Мемлекет басшысы еліміздің жетекші жоғары оқу орнына сапары барысында сандық технологиялар енгізу, бизнес-құзыреттер дамыту кластері бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жетістіктерімен, студенттерге қызмет көрсететін «Керемет» орталығы мен Жағдаяттық басқару орталығының жұмысымен танысты.

ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов Президентке университеттің ғылыми-білім беру және инновациялық қызметін, оның жетістіктерін егжей-тегжейлі баяндап берді. Мемлекет басшысына ҚазҰУ-дың әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналаты-ны туралы айтты. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ЖОО-да кешенді құрылымдық жаңартулар жүргізіліп, кластерлік әдіс негізінде факультеттер құрылды және кафедралар ірілендірілді, әрбір қызметкердің рейтингтік жетістіктері мен жұмыс нәтижесін



бағалауға бағытталған үдерістік басқару жүйесі енгізілді.

ҚазҰУ-дың халықаралық рейтингтерде ілгерілеуі осы жаңартулардың табысты нәтижесі болды. Білім ордасы 2011 жылдан бастап беделді және танымал QS WUR рейтингі бойынша 400-ден астам сатыға алға жылжып, ағымдағы жылы әлемнің үздік жоғары оқу орындарының ішінде 207-орынды иемденді.

Сапар барысында Қ.Тоқаев MBA және DBA орталықтары, ислам қаржылық, кәсіпкерлік және қаржылық, биржалық технологиялар кіретін бизнес-құзыреттер дамыту кластерімен танысты. Олар қаржы және биржалық трейдинг саласындағы әлемдік жетік тәжірибені пайдалана отырып Ұлттық банкпен, «Астана» МФЦА және шетелдік серіктестермен бірлесіп жұмыс істейді.

Ректорат ғимаратында Президентке ағымдағы қызметтерге бақылау және мониторинг жасау үшін интерактивті ақпараттарды жинайтын және талдайтын заманауи байланыс құралдарымен жабдықталған Жағдаяттық басқару орталығын көрсетті. Мұнда оқу орнының басшылығы мен қызметкерлері



ақпараттарды талдауға және шұғыл шешім қабылдауға мүмкіндік беретін өзекті және нақты мәліметтерді жедел режимде алады.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы студенттік кампус аумағында орналасқан «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығын аралады. Бұл орталық «бір терезе» қағидаты бойынша студенттер мен оқытушыларға білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени ойын-сауық мақсаттағы, тіпті алғашқы медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету мен денсаулық диагностика сияқты 500-ден астам қызмет түрлерін ұсынады. Мұнда ол студент жастармен кездесіп әңгімелесті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Баспасөз қызметі

5 қараша 2019 жыл

Жетістігі мол – жетпіс жыл

Университет құрамындағы факультеттер ішінде кешегі философия-экономикалық – бүгінгі философия және саясаттану факультетіне 70 жыл толды. Бұл өз кезегінде университеттің 85 жылдығына сәйкес келіп отыр.

Философия және саясаттану факультетінде еліміздің талай білікті ғалымдары, қоғам қайраткерлері, саясаткерлері – ел басқарған азаматтар сап түзеп, ерен еңбек етуде.

Факультетте алты кафедра жұмыс жасайды, соның бірі – 1940 жылы құрылған, 80 жылдық тарихы бар Педагогика кафедрасы. Оның негізін университеттің үшінші ректоры, қазақ ұлтының тұңғыш педагогика ғылымының докторы, академик Т.Тәжібаев қалаған. Кафедраның қалыптасуы университеттің, қазақстандық педагогикалық ойлардың, әдебиеттің тұтас дамуы және білім беруімен бірге жүзеге асырылуда. Бұл кафедра кейіннен Жалпы және этникалық педагогика, қазіргі кезде заман талаптарына сай, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы болып жұмыс істеуде.

2009 жылға дейін жалпы университеттік кафедра ретінде қызмет атқарса, бітіруші түлектер дайындайтын болғандықтан, осы жылы факультеттің құрамына енді. Факультет құрамында болу кафедра үшін аса тиімді болды. Атап айтқанда, алғашында «Педагогика», кейіннен «Педагогика және психология» мамандығы бойынша мамандар даярласа, бүгінде «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», AQA, AQIIN халықаралық аккредитация компанияларынан өткен білім беру бағдарламалары бойынша үш деңгейде мамандар даярлауда. Сонымен қатар магистратура деңгейінде «Инклюзивті білім беру жағдайындағы заманауи технологиялар», «Өзін-өзі тану және гуманды педагогиканың негіздері», сондай-ақ қосдипломды білім беру бағдарламаларды да жүзеге асырылуда.

Кафедра Ресей, Германия, Венгрия, Болгария, Литва, Польша, Түркия, Оңтүстік Корея және т.б. мемлекеттердің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жасайды.

Бүгінде кафедрада республикаға, шетелге танымал ғалымдар қызмет етеді. Атап айтсақ, академик А.К.Құсайынов, Ш.Т.Таубаева, Г.К.Ахметова, Н.А.Асанов, А.А.Булатбаева, А.К.Мыңбаева, А.Б.Мукашева және тағы басқалар.

Қазіргі кезде факультет деканы, профессор А.Р.Масалимованың қолдауымен жаңа білім беру бағдарламалары құрастырылуда және шетелдік ғылыми тағылымдамаға, академиялық ұтқырлыққа, конференция, семинарларға қатысуға көптеген білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы қол жеткізуде.

Міне, осындай жетістікке ие болып отырған ЖОО-да, факультетте қызмет ету кімге болса да абырой. Жетістігі де, жемісі де мол 70 жылды артта қалдырған факультетіміздің болашақта қол жеткізетін табыстары көп екеніне сенемін.

Н.ӘЛҚОЖАЕВА,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі, профессор м.а.
19 қараша 2019 жыл

Суреттерді сөйлеткен сиқыршы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың және журналистика факультетінің 85 жылдығына орай, университетте ардагер фотожурналист Қалиғұмар Қабдешұлының «Тарих. Тағдыр. Таным. Тағылым» атты жеке фотокөрмесі өтіп жатыр.

Қалиғұмар Қабдешұлы – бүгінгі қас-қағым сәтті қаз қалпында қатырып қойып, сол көріністі келесі ғасырдың адамдарына көрсете білетін сиқыр иесі. Бүгінге дейін ҚазҰУ музейінде фототілшінің бұдан 30-40 жыл бұрын түсірген суреттері сарғаймай, сапасын жоғалтпай, сол қалпында ілулі тұр. Олардың әрқайсысы университеттің өткен тарихынан сыр шертеді, осы ортада болған оқиғаларды баяндайды. Қалиғұмар Қабдешұлы зымыраған уақытты тоқтатып, сол кездердегі көріністерді көз алдыңызға әкеледі. Оның суреттеріне қарап сол заманға қайта оралғандай күй кешесіз. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың университетке арнайы келіп, жаңадан салынып жатқан оқу орнының жағдайымен танысқанын фототілшінің суреттері айғақтайды. Сол жылдары университет ректоры болған Ө.А.Жолдасбеков бірінші хатшыны университет ғимараттарының макетімен таныстырып тұрған кадр музей жәдігері ғана емес, еліміздің даму тарихындағы құжаттық фактілердің бірі болып табылады.

Қалиғұмар Қабдешұлы 1974 жылдан бастап фотосуретке түсірумен кәсіби түрде айналыса бастады. Сол жылы Қазақстан журналистер одағы жанындағы «Журналист» көркемсурет фотостудиясында фототілші болып қызметке орналасты. Фототілші ретінде республиканың саяси-қоғамдық өміріне белсене араласты, Компартияның XXV-XXIV съездеріне қатысып, тілші ретінде бастан-аяқ суретке түсірді. КСРО журналистер одағы арқылы Қазақстанның жетістіктерін, бірінші хатшы Дінмұхамед Қонаевтың қатысуымен болған тарихи оқиғаларды баяндайтын фотокөрмелерді ұйымдастырды. Оның портрет, репортаж, фотоочерк жанрларындағы, өнерді, табиғатты, еліміздің ауыл шаруашылығы, өндірісі мен экономикасын бейнелейтін фотосуреттері халықаралық «Достық» қоғамы арқылы Үндістан, Шри-Ланка, Мальдив, Чехословакия, Болгария, Польша, Румыния сияқты шетелдердің үлкен көрмелеріне шығарылды. Бұл суреттер қазір мемлекеттік архивте сақталады.

– Фотосуретке түсірумен жас кезімнен, алпысыншы жылдардан бері айналысамын. Менің негізгі тақырыбым, хобби деуге болады – өнер, соның ішінде театр саласы. Барлық спектакльдерге қатысып, актерлерді, олардың рөлге кірген бейнелерін тура тауып, суретке түсірудің үлкен шебері болдым. Осы тақырыпта жеті-сегіз кітап шығардым, олардың үшеуі – Әзірбайжан Мәмбетов, Асанәлі Әшімов,

Досхан Жолжақсыновтардың әр жылдары сахнада ойнаған рөлдерін бейнелейтін суреттерден тұратын фотоальбомдар. Бұл бағытта жасаймын деп жүрген әлі де идеяларым бар. Сонау 60-жылдардағы актерлерден бастап, 41 адамның фотоэнциклопедиясын жасамақшымын. Оның макеті, жоспары дайын, екі том болып шығады, – дейді Қалиғұмар Қабдешұлы.

Қалиғұмар Қабдешұлы 1940 жылы Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында туған. Әскери борышын өтеген үш жылдың ішінде әскери топограф мамандығын игеріп шықты. Әскери карталар жасау үшін жердің әрбір метр қыртысын суретке түсіріп, сол кадрлар бойынша белгілі бір аумақтың рельефін, масштабын анықтады. Содан бері Қалиғұмар аға фотоға түсірудің қыр-сырын зерттеп, осы өнерге қатты берілді. Саналы ғұмырын өзі құлай сүйген фотосурет саласына арнады. Соның арқасында биік жетістіктерге қол жеткізді.

Бүгінде жасы сексенге келсе де, фотоаппаратын қолынан тастамай, шығармашылығын одан әрі дамытып келеді. 1969 жылы КСРО журналистер одағының мүшесі, 1983 жылы Халықаралық журналистер одағының мүшесі болды, 1975 жылдан бері республикалық, одақтық, халықаралық фотокөрмелердің жүлдегері болды. Еңбектері Еуропа мен Азия елдеріне танылды, 1985 жылы Мәскеу қаласында өткен дүниежүзілік жастар фестивалінің дипломанты атанды. Солай болуы тиіс еді. Қалиғұмар Қабдешұлының еңбектері соған лайықты.

1988 жылы 14 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Қалиғұмар ағаның фотокөрмесі туралы «Туған өлке дидары» атты мақалада былай деп жазылыпты: «Мұнда бәрі-бәрі бар. Жұлдызды қалашықтағы тұңғыш ғарышкер Юрий Гагариннің музейі, көк тіреген Алматының ғимараттары… Кең-байтақ республикамыздың ең әсем, ең сұлу табиғат саялары, кербез Көкше мен Алтай аясындағы Марқакөл. Есімі бүкіл әлемге әйгілі еңбек шамшырақтарының портреттері мен тәй-тәй басқан бөбек… Ғажап әсер аласың. Кейбір суреттердің алдында ұзақ бөгеліңкіреп, өзіңе-өзің күбірлеуің де мүмкін… Неткен тамаша!»

Қалиғұмар Қабдешұлының фотокөрмелеріндегі суреттер ешқашан құнын жоғалтпайды, бағасы араға жылдар салып өсе бермек. Өйткені уақыт өткен сайын оның тарихи еңбектеріне сұраныс арта түседі.

– Қалиғұмар Қабдешұлының түсірген суреттеріне қарап отырып, оның түсірілу сапасы, техникалық орындалуы, басып шығарылуы басқалардан көш ілгері екенін байқаймыз. Бұдан 40-50 жыл бұрын түсірілген суреттердің сапасы да, мағынасы да қазірге дейін маңызын, өзектілігін жоғалтпаған. Фототілшінің жұмысында ең бастысы – суреттің композициясы, ол суреттің 50 пайыз тағдырын шешеді. Кадрдағы сурет оны түсірген адамның ойын, не айтқысы келгенін білдіріп тұруы керек. Бұл жағынан ағамыздың еңбектері жоғары деңгейде. Бұдан фототілшінің түсіретін объектідегі нүктені, ракурсты дұрыс таба білетіндігі және оның техникасының да мықты болғанын көруге болады. Суреттері кең форматты, ауқымды, калоритті, сапасы жақсы. Бұл жағынан жастар үйренетін нәрселер баршылық. Ол кездегі фототілшілер мен қазіргі фотоға түсірушілердің айырмашылығы жер мен көктей. Бұрын пленкадағы кадрларды

санап тұрасың, дер кезінде бітіп қалуы мүмкін. Сондықтан әрбір сәтті аңдып, керекті сәтті дөп басып түсіру керек. Нағыз фототілшілер бір-екі кадрмен ғана нақты кадрды беретін болған. Қалиғұмар Қабдешұлы осындай мерген фототілші болғаны көрініп тұр, – дейді көрмені ұйымдастырушы, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайым.

Жасы сексенге келсе де, фотоқұралын үнемі асынып жүретін Қалиғұмар ағамыздың әлі де берері мол, шәкірттерінің қолдауымен алдағы уақытта Марқакөл, Өскемен және Астана қалаларында фотокөрмелер ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Бүгінде мерейтой иесін әріптестері, кезінде өзі тәрбиелеген шәкірттері жүрекжарды жылы лебіздерімен елдің әр түкпірінен құттықтап жатыр. Осы құттықтауларға біз де қосыламыз. Мерейтойыңыз құтты болсын, суретші аға! Фототілші қашанда саптың алдында тұрады, артқы көшке үлгі болып жүре беріңіз дегіміз келеді.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

3 желтоқсан 2019 жыл

Юбилейный год КазНУ

Для Казахского национального университета имени Аль-Фараби уходящий 2019 год был особенным. Мы отметили свой 85-летний юбилей, год был полон знаковых событий, неразрывно связанных с уверенным продвижением к цели – стать вузом мирового уровня «Al-Farabi University Smart City».

ЯНВАРЬ

В Новый год университет стартовал со знакового события – в Каирском университете в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» и статьи «Семь граней Великой степи» КазНУ открылся Научно-образовательный центр Аль-Фараби.

Именно в январе университет попал в мировой рейтинг Times Higher Education как один из лучших вузов развивающихся стран.

Выступление Елбасы на открытии Года молодежи «Тәуелсіздік ұрпақтары» обсудили на студенческом форуме в КазНУ. Студенты ведущего университета призвали молодое поколение страны присоединиться к инициированному ими национальному молодежному движению «Творчество и энергия молодежи – инновационному развитию страны».

В начале года при поддержке Первого Президента Нурсултана Назарбаева в целях создания медико-биологического кластера КазНУ была передана в доверительное управление клиническая больница №1 города Алматы.

ФЕВРАЛЬ

Состоялась памятная презентация раритетной книги «Первый всесоюзный тюрко-

логический съезд. Стенографический отчет» (1-е издание - 1926 г.), переизданной согласно договоренности в ходе визита делегации КазНУ во главе с ректором в Азербайджан.

По итогам предметного рейтинга QS World University Ranking by Subject КазНУ первым среди университетов стран СНГ вошел в группу 51-100 лучших вузов мира по специальности «Современное языкознание», поднявшись сразу на 50 позиций. Всего в данный рейтинг вошли шесть специальностей вуза.

В феврале состоялось мероприятие, посвященное 30-летию движения «Невада-Семей». В нем приняли участие президент Международного антиядерного движения «Невада-Семей», народный писатель и поэт Олжас Сулейменов и другие известные общественные деятели.

МАРТ

Весна началась с открытия в Пакистане в университете совместного научного центра-лаборатории инновационных исследований. Проект реализован при содействии Комиссии по науке и технике для устойчивого развития стран юга (КОМСАТС).

Впервые в Казахстане КазНУ провел Elsevier Day – специализированный семинар по публикационной активности в изданиях Scopus.

В рамках Года молодежи состоялся антикоррупционный студенческий форум «Адал бол – адам бол». В нем приняли участие студенты и представители молодежи из 38 высших учебных заведений города Алматы.

Делегация КазНУ во главе с ректором, академиком Галымом Мутановым приняла участие в международном форуме «Университеты, общество и будущее человечества», который состоялся в МГУ имени М.Ломоносова. Выступление руководителя ведущего казахстанского вуза на тему «Университет нового поколения: траектория 4.0» вызвало большой интерес участников форума.

АПРЕЛЬ

Знаменательным событием апреля для КазНУ стал VI международный форум – Фарабиевские чтения, с участием видных зарубежных ученых, вдохновленный программной статьей Елбасы «Семь граней Великой степи». Шесть тысяч молодых ученых и студентов из разных стран мира приняли участие в международной научной конференции «Фараби әлемі».

В историю вуза вошло торжественное открытие IT-академии Microsoft с участием представителей этой всемирно известной компании.

КазНУ с большим размахом отметил Наурыз мейрамы. Вместе с представителями дипломатического корпуса и международных организаций был посажен яблоневый сад.

В Алматы прошел международный семинар «Инициатива по сближению ислама: перспективы мира и урегулирования конфликтов в государствах-членах ОИС», соорганизатором которого выступил КазНУ.

МАЙ

Наш университет – единственный среди вузов Казахстана – вошел в группу 251-300 лучших университетов стран Азии, по результатам исследования авторитетного мирового рейтинга Times Higher Education.

В Каире открылся филиал КазНУ на базе Центра Аль-Фараби, договоренность об этом была достигнута в ходе визита в Египет ректора КазНУ Галыма Мутанова.

В КазНУ открылся Центр исламских финансов. Проект был реализован в сотрудничестве с Международным финансовым центром Астана и Катарским университетом Хамад Бин Халифа. Стороны подписали трехсторонний меморандум в области развития исламских финансов.

Грандиозное и незабываемое событие состоялось 25 мая. КазНУ отметил свое 85-летие и День выпускников. У триумфальной арки «Мәңгілік ел» собралось более 2 тысяч выпускников разных лет, чтобы встретиться с сокурсниками, педагогами, принять участие в работе II форума выпускников, посвященного юбилею университета и 25-летию Ассоциации выпускников.

ИЮНЬ

Лето началось в КазНУ с международной летней школы «Разнообразие и социальная справедливость в социальной работе: исследование, практика и образование».

Преподаватели КазНУ подтвердили свои лидирующие позиции в национальном рейтинге. Из 135 победителей, вошедших в него, более половины составили представители нашего университета.

В этом месяце успешно прошла международная летняя школа организованная совместно с Шанхайским университетом политики и права.

Интересно прошел V международный день йоги.

ИЮЛЬ

Жаркий июль принес отличные новости – заключен меморандум о сотрудничестве в области медицины и создании совместного Нейрореабилитационного центра между КазНУ и канадским университетом МакГилл.

В КазНУ при поддержке посольства Исламской Республики Пакистан состоялась открытие Центра Мухаммада Али Джинны.

Монография ректора, академика Галыма Мутанова Mathematical Methods and Models in Economic planning, Management and Budgeting включена в авторитетную международную базу данных ведущих научных публикаций Web of Science Core Collection. Следует отметить, что ранее научный труд вошел в топ наиболее востребованных книг, выпущенных издательством Springer Nature.

КазНУ, сделав очередной прорыв, занял 207 место в авторитетном международном рейтинге QS World University Rankings. Университет за последние 7 лет продвинулся в этом рейтинге на более 400 позиций. В мировой практике это получило название «Феномен КазНУ», ни один вуз не добивался таких показателей.

АВГУСТ

Дом-музей Аль-Фараби открылся в Турции. Проект реализован согласно государственной программе «Рухани жаңғыру» и статьи лидера нации «Семь граней Великой степи» совместно с мэрией Стамбула при поддержке Тюркского совета, ТЮРКСОЙ и посольства Республики Казахстан.

Более 6 тысяч лучших выпускников школ в этом году выбрали наш университет и полу-

чили государственный образовательный грант, большая часть из них является обладателем знака «Алтын белгі», победителем международных и республиканских олимпиад. Это рекордный показатель среди вузов страны.

В августе на крупнейшей в мире Пекинской международной книжной выставке презентована книга ректора КазНУ Галыма Мутанова «Математические методы и модели в экономическом планировании, управлении и бюджетировании» на китайском языке. Монография вышла в ведущем издательстве КНР при Университете Жэньминь.

В столице Индии городе Дели состоялось торжественное открытие Дома Аль-Фараби. В торжественном мероприятии приняли участие министр по делам молодежи и спорта Индии, представители правительственных и деловых кругов.

СЕНТЯБРЬ

С важного события началась осень для КазНУ. Во время встречи Президента Казахстана Касым-Жомарт Токаева с Председателем КНР Си Цзиньпинем было подписано соглашение о предоставлении КазНУ суперкомпьютера по гранту правительства Китая. Суперкомпьютер, который войдет в Топ-500 самых производительных в мире, станет ядром международного IT-технопарка Альянса университетов Шелкового пути.

Представители казахстанской делегации во главе ректором КазНУ посетили мавзолей Аль-Фараби и культурно-исторический центр Казахстана в Дамаске, обсудив с сирийскими коллегами вопросы проведения в 2020 году празднования 1150-летия великого мыслителя Абу Насра аль-Фараби.

В КазНУ прошел глобальный саммит университетов QS World Wide. Также состоялось заседание Генеральной ассамблеи альянса университетов Шелкового пути и международный Work shop Всемирной сети университетов социальной ответственности.

Ректор КазНУ Галым Мутанов избран президентом Международной ассоциации университетов UNION. Об этом стало известно на торжественном открытии всемирного форума QS Worldwide, который впервые прошел в Казахстане.

В КазНУ им. Аль-Фараби состоялась научно-практическая конференция «Конституция Республики Казахстан – правовой ориентир государства» с участием председателя Конституционного Совета Кайрата Мами.

ОКТЯБРЬ

Запомнится визит акима Алматы Бакытжан Сагинтаев в родную альма-матер и встреча со студенческой молодежью города. В этом же месяце университет посетил государственный секретарь Республики Казахстан Крымбек Кушербаев.

В стенах университета состоялось открытие Казахстанской программы IV международного фестиваля документальных фильмов тюркского мира. А также праздничное представление – посвящение в студенты.

Знаменательным событием стал визит Главы государства Касым-Жамарта Токаева. Президент страны дал высокую оценку международным достижениям университета и реализуемым инновационным проектам, ознакомился с опытом внедрения цифровых

технологий, кластером развития бизнес-компетенций, работой Центра ситуационного управления и ЦОС «Керемет».

НОЯБРЬ

Грандиозно прошел традиционный конкурс художественной самодеятельности «Таланты первокурсников». Студенческий отряд «Жасыл ел» стал победителем пятнадцатого юбилейного трудового сезона в номинации «Лучшее учебное заведение».

Председатель Агентства РК по противодействию коррупции Алик Шпекбаев посетил КазНУ и открыл Школу добропорядочности.

КазНУ стал обладателем престижной премии «Лидер науки – Web of Science Awards» в четырех номинациях, подтвердив свои лидирующие позиции. В ведущую в мире базу данных цитирований научных работ Web of Science Core Collection вошла научная монография ректора университета Галыма Мутанова. Церемонию награждения провела известная и авторитетная международная компания Clarivate Analytics.

В КазНУ прошел республиканский форум молодежи «Мен жастарға сенемін!», посвященный Дню Первого Президента стран с участием вице-премьера Бердыбека Сапарбаева. На торжественной церемонии награждения были подведены итоги и названы победители конкурсов масштабного молодежного форума.

В Алматы прошел I международный брейнсторминг «Диалоговая платформы ОИС-15», соорганизатором которого выступил КазНУ им. Аль-Фараби. Представители стран-участников Организации исламского сотрудничества обсудили вопросы научной и инновационной интеграции, а также пути решения проблем, препятствующих развитию науки, техники и инноваций в мусульманских странах.

Нурсултан Назарбаев принял ректора Казахского национального университета имени Аль-Фараби Галыма Мутанова. Во время встречи лидер нации был проинформирован о деятельности университета и ходе подготовки мероприятий, посвящённых празднованию 1150-летнего юбилея аль-Фараби. Елбасы подчеркнул важность дальнейшего развития КазНУ и укрепления его международного авторитета.

Известная компания с мировым именем «Майкрософт» и КазНУ подписали соглашение о стратегическом партнерстве. Следует отметить, что достигнутые результаты цифровизации университета получили высокую оценку компании, которая сняла видеофильм и разместила на своем сайте.

ДЕКАБРЬ

Насыщенным выдался для КазНУ конец года. Ректор КазНУ, академик Галым Мутанова в столице Королевства Саудовская Аравия, городе Эр-Рияд встретился с министром образования, доктором Хамадом бин Мухаммад Аль аш-Шейхом, а также ректором университета имени короля Сауда Бадран Аль-Омаром, обсудив вопросы взаимодействия в научно-образовательной сфере.

Студент КазНУ, олимпийский чемпион Дмитрий Баландин завоевал золотую медаль на открытом чемпионате в США по плаванью

на дистанции 100 метров брассом и принес в копилку казахстанской сборной серебряную медаль на дистанции 200 метров.

На форуме молодежи президент РК Касым-Жомарт Токаев объявил о повышении стипендий студентам вузов и колледжей с января 2020 года на 25 процентов. КазНУ поддержал актуальную и своевременную инициативу Главы государства.

В завершении месяца традиционно состоялось заседание Совета аксакалов, на котором были подведены итоги года и обсуждены дальнейшие перспективы развития университета.

Благодаря огромному труду, сплоченности, профессионализму и энтузиазму коллектива, КазНУ динамично развивается и уверенно продвигается вперед. От всей души поздравляем всех с наступающим 2020 годом. Для казНУ он будет особенным, мы отметим в международном масштабе под эгидой ЮНЕСКО 1150-летний юбилей великого мыслителя цивилизации Абу Насра аль-Фараби, чье имя достойно носит наш университет.

Пусть наступающий Новый год будет полон ярких и грандиозных событий, уверенных побед на пути создания университета «нового поколения».

Пресс-служба КазНУ

Әл-Фараби жылы басталды

ҚазҰУ-дың Студенттер сарайында Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының ресми ашылу рәсімі болды. Шараға Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев және университеттің құрметті қонақтары қатысты.

Мерекелік шара Әл-Фараби орталығының салтанатты тұсаукесері мен әдебиет және мәдениет саласының қайраткерлеріне Елбасының мемлекеттік стипендиясын тапсырудан басталып, университеттің бас алаңындағы әл-Фараби ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен ұласты.

Студенттер сарайындағы мерекелік ресми салтанатты Қырымбек Көшербаев ашып, әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу арқылы шетелде және біздің елде ұлы ғұлама мұраларын зерттеп, олардың қазіргі өркениеттің дамуындағы ықпалын терең түсінуге серпін беретінін тілге тиек етті.

Мемлекеттік хатшы сонымен қатар шығыстың ұлы ойшылының мерейтойы ЮНЕСКОның атаулы күндер мен оқиғалар күнтізбесіне енгенін және ИСЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ және



т.б. ұйымдардың қолдауымен халықаралық мәдени алаңда кеңінен аталатынын айтты.

«Қазақстандағы алдыңғы қатарлы университеттердің бірі әл-Фараби есімімен аталады», – деп атап өтті өз сөзінде ЮНЕСКО-ның Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша кластерлік бюросының директоры Ms. Krista Pikkat. – Университет өз қызметінде танымдық мәселелерге назар аударып, адамның мүмкіндіктерін ашу мен қабілеттерін дамытуға ұмтылады. Университет ұжымы және студенттерін осы мерекемен құттықтағым келеді, сіздерге толағай табыс тілеймін!»

«Ұлы философ-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толу мерейтойының әлемде оның есімімен аталатын бірден-бір университеттен басталғаны біз үшін зор қуаныш, үлкен мәртебе, – дейді ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов. – Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму жөніндегі жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ ғұламаның қайырымды қоғам туралы ілімінің негізінде университет – 4.0 жаңа легінің моделін дайындап, өткен жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде, ал биыл Ислам ынтымақтастығы ұйымында ұсындық. Жаңа жоба халықаралық ауқымда қолдау табуда. Осылайша әл-Фарабидің мерейтойы Қазақстандағы жоғары білімнің дамуына жаңа серпін береді».

Әл-Фараби мерейтойы аясында Парижде, Нұр-Сұлтан қаласында және Түркістан облысында, ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде ғылыми симпозиумдар өткізу жоспарланған. Оған әлемнің 40-тан астам елінің алдыңғы қатарлы фарабитанушы-ғалымы қатысады, халықаралық экспедициялар ұйымдастырылады, тарихи мәдени нысандар қайта жаңартылып, ғалымның ғылыми еңбектері басылып, көшірілетін болады, сондай-ақ деректі фильмдер циклі жасалып, шетелдерде Әл-Фараби орталықтары ашылып және басқа да шаралар ұйымдастырылады.

Әл-Фарабидің мерейтойлық жылының ашылуында БҰҰ, ЮНЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ

және басқа да халықаралық ұйымдардың, Қазақстандағы дипломатиялық миссиялардың өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылыми орталықтар мен ҒЗИ басшылары, белгілі шетелдік және отандық ғалымдармен қатар, отандық және шетелдік БАҚ өкілдері қатысты.

Өз тілшімізден
4 ақпан 2020 жыл

Мұстафа Шоқайдың әл-Фараби туралы мақаласы табылды

XX ғасыр басындағы қазақ рухани элитасының мұрасын танып-білу, жастарға таныстыру бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі деп ойлаймыз. Біздің болашағымыз – жастар бүкіл түркі әлемінің рухани мұраларын, сондай-ақ XX ғасыр басындағы Алаштың біртуар азаматтарының еңбектерін, философиялық ойларын, ғылыми мұраларын білуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда мақалада Алаштың біртуар азаматы Мұстафа Шоқайдың бүгінгі күнге дейін белгісіз болып келген мақаласы жөнінде сөз айтпақпыз.

Түркі дүниесінің ұлы ойшылы, философ, ғұлама ғалым, екінші ұстаз – әл-Фарабидің «ізгі қала» ілімін зерделеп, ғылыми тұрғыдан қалай негіздеген? Қайраткердің бұл ұстанымы жалпы түркі мұрасын ұлтшылдық және фашистік идеологияға жақындату әрекетінен қорғап, қалай сақтағаны жөнінде өз ойларымызды ортаға салмақпыз. Шоқайдың еуропалық достары ол қайтыс болғаннан кейін жарық көрген бұл мақаланы өте жоғары бағалаған.

Қазақ ұлттық интеллигенциясы үшін XX ғасыр тарихы зор маңызға ие. Орталық Азияның көшбасшы элитасы ұлттық мемлекеттердің тағдырына деген жауапкершілікті өз мойындарына ала білді. Сыртқы басқыншылықтан интеллектуалды мұраларды, анығында, түркі тегінен шыққан ортағасырлық философ Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қала туралы ілімін де қорғау қажеттілігі туындады. Еуропаға еріксіз түрде эмиграцияға кетуге мәжбүр болған қазақ саясаткері Мұстафа Шоқай түркі мәдени мұрасын, соның ішінде әл-Фарабиді насихаттау мен танытуда үлкен іс атқарып кетті. Сол уақыттағы қиын-қыстау кезге қарамастан, ол көптеген әлеуметтік топтар мен БАҚ редакцияларымен әріптестік орнатып, достық байланыста болды.

Еуропада мәжбүрлі эмиграцияға тап болған қазақ саясаткері Мұстафа Шоқай публицист, құқықтанушы, сарапшы ретінде жанжақты қырлары ашылған тұлғаға айналды.

Ол белгілі неміс және француз ғалымдары, тарихшылар мен философтарымен тығыз байланыста болды. 1941 жылы М.Шоқай «Түркістан» деп аталатын мақаласында әл-Фарабидің «қайырымды қаласының» үлгісін келтіре отырып, оған тамаша талдау жасайды.

Еуропалық тілдерді жетік меңгеру М.Шоқайға сол замандағы философиялық еңбектермен түпнұсқада танысуға, жекелей алғанда, фашизмнің өрті лаулап тұрған кезге қарамастан, оларды өзіндік заманауи тұрғыда түсінуге жол ашты. Осылайша оның қолына, әл-Фарабидің іліміне қате сілтеме жасап, Ницше ықпалындағы бұрыс ойға бұруды көздеген зерттеуші барон Карра де Воның кітабы түседі. Сондай-ақ Карра де Во әл-Фарабидің ізгілікті қоғамы мен неміс философы Ницшенің «үстін адамын» («сверхчеловек») салыстыра отырып, қатар қояды. Дүниежүзілік соғыс алдында, фашистік үгіт-насихат жағдайында мұндай ойлар мүдделі жақ тарапынан бірден қолдауға ие болып, вермахт идеясы үшін «жұмыс жасауы» мүмкін еді. Кәсіби заңгер (Санкт-Петербург университетінің түлегі), ақиқат үшін күресуші Мұстафа Шоқай жарияланған еңбекке өз ойын білдіріп, бірден мағыналық жағынан сәйкессіздік барын білдіреді. 1941 жылы жазылған оның жазбалары кейінірек «Түркістан» журналында орыс тілінде жарық көрді. Оның достары мен замандастары М.Шоқай қайтыс болғаннан кейін, Отанын азат етуді арман тұтқан қазақ күрескерінің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында «Түркістан» деген атпен 1949/1950 жылғы желтоқсан айындағы журналдың нөміріне жариялайды.

Бұл басылым Мұстафа Шоқайдың түркілердің мәдени мұрасын жанын сала қорғағанын, фашизм мен расизмнің қауіптілігін алдын ала білгенін дәлелдейді. Тарихтың тағылымы бойынша: үлкен әлемге жол ашатын шет тілдерін білу өз кезегінде жеке тұлғалық дамуға көмектеседі. Бұл аксиома Орталық Азиядан шыққан тамаша қайраткерлер – әл-Фараби мен Мұстафа Шоқай өмірлері арқылы дәлелденді.

«Түркістан» мақаласы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «Түркістан» ұғымының географиялық және этносаяси мәні, әлемдік тарихтағы аймақтың орны түсіндіріледі. Ары қарай Шоқай осы аймақтың интеллектуалды тарихында өшпес із қалдырған тұлғалар туралы былай дейді: «Сүнниттік-мұсылмандық түркілердің Отаны әрі бесігі болып табылатын Түркістан ирандық шиизмнің ықпалын сіңіре отырып, жалпы мұсылмандық мәдениет пен ғылымға есімі әлемге әйгілі тұлғаларды тудырды. Солардың ішінен ең ірі және еуропалық ғылыми ойдың дамуына ықпал еткен ірі тұлғаларды атап өтеміз».

Мұстафа Шоқайдың мақаласында Мұхамед әл-Хорезми, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу-Әли Ибн-Сина, Улығбек, Бурхан-ад-Дин Маргина, Мухаммед-ибн Исмаил Бұхари, Бабыр Сұлтан есімдері аталады. Математика теориясының негізін қалаушылардың бірі болып табылатын әл-Хорезмиге берген ғылыми қысқаша сипаттамасында М.Шоқай кеңестік түрколог және ирантанушы Е.Э.Бертельстің еңбектеріне сілтеме жасайды.

Мұстафа Шоқай жақсы сарапшы болатын. Ол заманауи кітаптарды ыждағаттылықпен оқи білді. Осылайша ол француз зерттеушісі,

арабтанушы барон Карра де Во (Карра-де-Во, Бернар 1867 жылы туған француз шығыстанушысы, Orient chrctien негізін қалаушылардың бірі, Париж қаласындағы католик институтында араб тілінің профессоры болып қызмет атқарған) 1920 жылдары Les Peaseursdel' Islam («Ислам ойшылдары») деген атпен жарық көрген бес томдық энциклопедиясымен танысқаннан соң біледі. Ондағы мұсылман ойшылдары туралы жинастырылған ақпараттармен танысып, ішінде әл-Фараби мен оның қайырымды қала трактаты туралы да мәліметтерді кездестіреді.

Жоғарыда аталып өткендей, XX ғасырдың екінші онжылдығы фашизм идеясының таралуымен ерекшеленді. Бұл қауіпті үдеріс ғылыми әлемге де әсер етпей қоймады. Ортағасырлық философтардың трактаттары мен Ницше көзқарастарын қатар қарастыра отырып, бұдан барон Карра де Во да қашып құтылмады. Әл-Фараби ілімінің негізгі мәнімен жақсы таныс Мұстафа Шоқай батыл түрде түркі ойшылын қорғауға ұмтылды. Егер барон Карра де Во: «Қоғамдағы зорлық-зомбылық пен күштің рөлі туралы ойлар өзгеше күйде Ницшенің кейінгі тұжырымдамаларына жақын келеді», – деп жазса, Мұстафа Шоқай мұндай анықтамамен келіспейді. Шоқай ашық түрде: «Күш пен зомбылыққа және олардың қоғамдағы рөліне деген қатынас әл-Фарабиде мүлде басқаша, неміс философына қарама-қайшы келеді. Егер Ницше үшін ізгілік (добро) – жоғары таптың төмен тапқа билік жүргізуі, яғни «үстін адамның» («сверхчеловек») қарапайым адамдардан жоғары тұруы болып табылса, Фараби үшін күш пен зомбылық «адам философиясындағы қатыгездік ауруы», – деп және бұл туралы «Қайырымды қала» авторының жетілмеген қалалар туралы бөлімінде ерекше түрде көрсеткенін айтады.

XX ғасырдың алғашқы жартысында еуропалық философиялық дискурста түркі ғылымы мен оның жетістіктеріне деген ерекше қызығушылықтың болғанын атап өтуіміз қажет. Мамандардың айтуынша, 1930-1932 жж. Парижде әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты шығармасының алғашқы бөлімін Эрланже француз тіліне аударды.

Осылайша келесідей деректерді келтіруге болады. Түркі философиясының ренессансы еуразиялық кеңістікте өзіндік орынға ие болды. Отырардан шыққан ойшыл трактатындағы идеалды әлеуметтік-қала бейнесі еуропалық интеллектуалды қауымдастыққа жақын болғанын, ондағы идеялардың нацистік фетиштерге қарсы тұрғаны нақтыланды. Бір жағынан, Гитлердің бұйрығы бойынша шығыстық мистика мен теология негізінде нацизм идеясын негіздеу мақсатындағы тоқтаусыз ізденістер өз кезегінде ориенталистика ғылымын дамытуға жетеледі.

Мұстафа Шоқай мен басқа түркістандықтардың түркілер мұрасын насихаттауға тигізген ықпалы әзірше толықтай өз деңгейінде дәлелденген жоқ. Алайда М.Шоқайдың француз ғалымы Жозеф Кастаньемен бірге жазған эпистолярлық мұрасы қазақ интеллектуалының еуропалық әріптестерімен ақпараттық әріптестікте болғанына дәлел бола алады.

Еуропада соғыс жағдайындағы кезеңде, герман және итальян фашизмінен нәр алған ақ арийлік ұлттардың басымдығын жақтайтын

идеология өсіп шықты. Ницше тұжырымдамаларын ұлттық-социализм идеологтері әдейілеп көптеп насихаттай бастады. Мистицизмге деген қолдан жасалған қызығушылық жасалынды – осы жерде, Шығысты зерттеу (ориенталистика) мен шығыс философиясына бетбұрыс сипат алды. Еуропалық мәдениеттанушылардың ортағасырлық қолжазбаларға деген қызығушылығы осымен түсіндіріледі: барон Карро христиандық ілім мен исламды қатар қарастырып, түркі философы әл-Фарабидің еңбектері оның назарын аударды.

Әл-Фараби ілімін насихаттауда Карроның сіңірген еңбегін мойындай отырып, Мұстафа Шоқай онымен пікірталасқа түседі. Оның ойынша, әл-Фарабидің «қайырымды қала үлгісінің» мәнін қарастыру барысында теріс түсіндірулерге жол бермеу керектігін баса айтады. Шоқай сенімді түрде әл-Фарабидің Ницшенің «үстін адам», «үстін ұлт» секілді идеяларымен ортақ ештеңе жоқтығын негіздейді. Мұстафа Шоқай құқық қорғаушы рөлін атқаратынын мақтан тұтады. Шоқайдың әл-Фарабидегі Ницше идеяларын терістеуі, оның расизмді қабылдамағанын, сондай-ақ қосымша бұл дәлел оның фашистік идеологияны жақтамағанын көрсетеді. Бұл мақала 1941 жылы Гитлер мен партиясының мақсаттары анық болған кезде жазылғанын еске саламыз.

Еуразияшылдық, ізгілікті қоғам мен адамгершілік жетілудің шыңы болып табылатын «үстін адам», бірегейлік мәселелері М.Шоқай қызығушылық танытқан тақырыптар еді. Ол тек саясаткер, публицист қана емес, сонымен бірге ойшыл һәм идеолог болғанын мойындауымыз қажет.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі таңда да әл-Фарабидің шығармалары ғалымдарды қызықтырады және шындықты іздеуде қайта оған оралуды қажет етеді. Тіпті бүгінгі күні, XXI ғасырда да бейбітсүйгіш түркілік ой-сана оны лайықты дәрежеде биіктікке қоя білуде.

Қорытындылай келсек, әл-Фарабидің ілімі аталатын, М.Шоқайдың көпшілікке онша мәлім емес «Түркістан» (1941) мақаласы ғылыми айналымға жаңа деректер енгізді. XX ғасырдағы қазақ полиглоты Түркістан тарихын жетік біле отырып, Еуропаның белгілі ғалымдарымен тең дәрежеде философиялық категориялармен пікір таластыра алды. Заманауи оқырманға орта ғасырдағы ойшылдың теориялық тұжырымдамаларын талқыға салған қазақ саяси қайраткері мен француз мәдениеттанушылары, арабтанушылары арасындағы ойталқыны білу бүгінгі күні де маңызды әрі қызықты болатыны сөзсіз.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
Философия кафедрасының профессоры, филос. ғ.д., фарабитанушы
Гүлнар МҰҚАНОВА,
т.ғ.к., профессор

11 ақпан 2020 жыл


ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕЛ АҒАСЫНА АРНАЛДЫ
Выступление ректора КазНУ им. аль-Фараби Галымкаира Мутанова
«Независимость - самая священная ценность для всех казахстанцев»
Н.А. Назарбаев
Мерекеге ұсынылады
8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні
С праздником, дорогие женщины!
Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады
Қазақ университеті
№ 2 (1286) ақпан, наурыз 2000 жыл
ТАҒЫЗЫМ
РЕКТОРАТ
РЕДАКТОР МІНБЕСІ
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің республикаға тарайтын газеті
Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады
Туған күн! День рождения!
Қазақ университеті
Қазақ университеті
Қазақ университеті
Қазақ университеті
Бүгінгі санда:
БІЛІМДІ БОЛУ - НАҒЫНАСЫ БЕЛГІСІЗ НӘРСЕНІ АШУҒА ҚАБІЛЕТТІ БОЛУ
(1296) ақпан 2001 жыл
НАРИБАЕВ К.Н., профессор, ректор
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
75
Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады
ҚазҰУ-дың үздік факультеті анықталды
Ұлт руханиятының қайраткері
№ 2 (1296) 12 қаңтар 2016 жыл
Алғаш 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады
БАСТЫ МІНДЕТ – 100 НАҚТЫ ҚАДАМДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
100 нақты қадам
ТҰТАСТЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРТУ – МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫ
Бақдат БЕЙСЕНОВ,
ГОВОРЯТ ВЕТЕРАНЫ




ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY


Ә.А.ЖОЛДАСБЕКОВ АТЫНДАҒЫ
СТУДЕНТТЕР САРАЙЫ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ им. АЛЬ-ФАРАБИ











Кітаптың «Университет тынысы» айдарымен беріліп отырған бөлімінен оқу орнында 2021 жылдан бері болған айшықты оқиғалар, атқарылған ғылыми, мәдени іс-шаралармен, студенттер қалашығының тыныс-тіршілігімен, ішкі өмірімен танысасыздар. Мұнда жоғары деңгейдегі халықаралық кездесулер, халықаралық конференциялар, университет ғалымдарының ғылыми жетістіктері баяндалады.

ҚазҰУ басшылығына Жансейіт Түймебаев тағайындалды



ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымына университеттің жаңа басшысы Жансейіт Түймебаевты таныстырды.

Жоғары оқу орны ұжымы алдында сөз сөйлеген министр конкурстық негізде республикалық комиссия «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор лауазымына Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевты тағайындауға ұсыныс білдіргенін хабарлады.

Жаңа ректорды таныстырған министр филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Қансейітұлының университет түлегі және басшылық қызметте тәжірибесі мол екеніне тоқталды. Сондай-ақ әр жылдары ҚР Білім және ғылым министрі, елші, облыс әкімі, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі қызметтерін атқарғанын атап өтті. Асхат Аймағамбетов жаңа ректордың жұмысына табыс тілеп, университет алдағы уақытта да қарқынды дамып, жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыра түсетініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев еліміздің жетекші университетін басқару үлкен құрмет пен сенім әрі жауапкершілік екеніне тоқталды. Ең бірінші кезекте білім беру сапасына және оқытушылардың жалақысын арттыруға, инфрақұрылымды дамытуға, білім алушылар үшін қолайлы жағдай жасау мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге басымдық берілетінін жеткізді. Зерттеу қызметін дамыту, ғылыми әзірлемелерді нақты өндіріске енгізу маңызды міндет болып табылатынына да басымдық берді.

10.02.2021

ҚазҰУ-да жалақы 20 пайызға өсті



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бүгін оқу ордасындағы барлық қызметкерлердің жалақысын 20 пайызға өсіру туралы бұйрыққа қол қойды.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Үкіметке жоғары оқу орындары оқытушыларының жалақысын арттыру мәселесін қарастыруды тапсырған болатын. Осыған сәйкес, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор қызметіне кіріскен Жансейіт Түймебаев бірінші кезектегі мәселе ретінде оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысын көбейтуді қолға алып, 20 пайызға көтеру туралы шешім қабылдады.

Бұл шара қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға және олардың әл-ауқатын жақсартуға, сондай-ақ оқытушы мамандығының беделін арттыруға бағытталған.

11.02.2021

Ректор ардагерлермен кездесті



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университеттің алдыңғы буын оқытушы-профессорларымен кездесіп, жоғары оқу орнын дамытудың өзекті мәселелерін талқылады.

Жансейіт Түймебаев өз сөзінде студенттік жылдары ҚазҰУ-дың филология факультетінде білім алып, өмірге кәсіби жолдама алғанын, университет қабырғасында ғалым ретінде қалыптасып, түрлі қызмет сатыларынан кейін туған ұжымына қайта оралғанына қуанышты екенін жеткізді.

Ректор еліміздің жетекші университетіне басшылыққа келе отырып, оның тағдыры мен болашақ дамуына зор жауапкершілікті сезінетінін атап өтті. Басым бағыттар ретінде ол білім беру сапасын арттыру, оқытушыларды әлеуметтік қолдау, инфрақұрылымды дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, ғалымдардың ғылыми әзірлемелерін нақты өндіріске енгізу қажеттігін алға тартты.

Кездесу барысында қатысушылар оқу процесін жетілдіру, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, зертханалар мен ғылыми орталықтарды заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, шетелдік студенттерді тарту, жас ғалымдарды қолдау және басқа мәселелерге қатысты нақты ұсыныстар жасады.

12.02.2021

ҚазҰУ академик Өмірбек Жолдасбековтің 90 жылдығын атап өтті





Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА және ҚР ҰҒА академигі, көрнекті механик-ғалым, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Өмірбек Жолдасбековтің 90 жылдық мерейтойына орай, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды.

Мемлекет және қоғам қайраткерінің туған күні жылдағы дәстүр бойынша ҚазҰУ қалашығында орналасқан ғалымның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуден басталды. Салтанатты рәсімге университет ұжымы, ғалымның туыстары, шәкірттері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

Жиынды ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев:

– Бүгінде ҚазҰУ – бұл халықаралық білім беру кеңістігінде лайықты орнын алған, жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингінде 165-орынды иеленетін заманауи жоғары технологиялық ғылыми-білім беру ордасы. Өмірбек Арысланұлының кезінде әрбір қызметкерге жағдай жасалып, оқу залдарын қажетті жабдықтармен қамтамасыз ете отырып, шетелдерден үздік мамандарды шақыруы, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін жетілдіруге үлкен көңіл бөлуі біз үшін таптырмас үлгі. Алдыңғы буынның бастамаларын жалғастырып, ғалымдарымыздың еңбегін дүниежүзіне танытуға күш салайық, – деп атап өтті.

Ө.Жолдасбековтің 90 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген шаралардың бірі – математика және механика бойынша зерттеу жобаларының халықаралық байқауы. Байқау он жылдан бері дәстүрлі түрде Білім және ғылым министрлігі мен «Дарын» ғылыми-зертеу орталығымен бірлесіп өткізіледі. Оған Германия, Франция, Түркия, Индонезия сияқты мемлекеттерден 200-ге жуық студент қатысты.

Бұдан бөлек, ҚазҰУ-дың қатысуымен Алматыда «Болашақ механикасы» атты II халықаралық Жолдасбеков симпозиумы онлайн режимінде өтті.

Онлайн-конференция қатысушылары «Өмірбек Жолдасбеков – өз заманының озық ғалымы ретінде халқының ертеңін ойлайтын ұлы ағартушылар жолын жалғастырған ірі ғалым» деп қорытындылады.

01.03.2021

Жас ғалымдарға жағдай жасалады



ҚазҰУ жас ғалымдарының білім ордасының дамуындағы рөлі, олардың шығармашылық жобалары мен бастамаларын қолдау және ғылыми идеяларын талқылау мақсатында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жас ғалымдармен және жас ғалымдар кеңесінің мүшелерімен арнайы кездесті.

Әңгіме барысында оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев Президент жолдауына сәйкес, ғылым мен білімді экономиканың жекелеген салалары ретінде қалыптастыру қажеттігін алға тартты. «Әлемнің көптеген жоғары дамыған озық елдеріндегі университеттің жетістіктері мен инновациялық экономиканың даму көрсеткіштері «үштік спираль» моделін пайдалана отырып, өндіріс орталықтарындағы патенттер мен коммерцияланған технологияларды енгізу болып табылады. Осылайша мемлекет қоғамға тиімді жағдайлар жасауға бағытталған ғылыми зерттеулерге, университеттерге инвестиция салудан пайда көре алады», – деді өз сөзінде ректор.

Бүгінгі таңда жоғары білім мен іргелі ғылымның қара шаңырағында 40 жасқа дейінгі 311 жас ғалым жұмыс істейді. Олардың көпшілігі әлемнің жетекші университеттері мен орталықтарында тағылымдамадан өткен. Жас зерттеушілердің ғылыми жетістіктері Қазақстанда және одан тыс жерлерде жоғары бағаланып келеді.

«Бүгінгі жас ғалымдар – еліміздің ертеңі, сіздер ҚазҰУ-дың ғылыми мектептерінің даңқы мен дәстүрлерін жалғаушысыздар, араларыңызда болашақта жаңа ғылыми бағыттардың иегерлері бар. Сіздер ҚазҰУ мен Қазақстан кадрлық резервінің негізісіздер, сондықтан әрқайсыларыңыз қарым-қабілеттеріңізді көрсетіп, университет пен еліміздің дамуына үлес қосатындарыңызға сенемін», – деді Ж.Түймебаев.

Келесі кезекте білім ордасының жас ғалымдары мен университеттегі жас ғалымдар кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салып, ұсыныс-тілектерімен бөлісті.

Шара соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев кездесуге қатысушыларды алдағы уақытта да өзара пікір алмасуға, жас ғалымдарды қолдаудың қосымша шаралары мен тетіктерін бірлесіп әзірлеуге шақырып, ҚазҰУ ғылымы мен инновациясын одан әрі дамыту үшін идеялар мен ұсыныстар дайындауды тапсырды.

04.03.2021

Уэйн, Кембридж университетінің ғалымдары ҚазҰУ-да сабақ береді





АҚШ-тың Уэйн университетінің профессоры, математик ғалым Уалбай Өмірбаев пен Ұлыбританиядағы Кембридж университетінің профессоры, нейробиолог Базбек Дәулетов Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәріс оқуға келісімін берді.

Жоғары оқу орны оқытушылар мен студенттердің халықаралық ынтымақтастығын, академиялық қарым-қатынасын арттырып, оқытушылар құрамын күшейту мақсатында шетелдердегі белгілі, беделді ғалымдарды университетке тартуды жүйелі жолға қоймақ.

Уалбай Үтмаханбетұлы қазіргі сәтте Детроит қаласында тұрады. Америка математика қоғамының жоғары дәрежелі «Мур» сыйлығының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Ол 30 жыл жауабын таба алмаған атақты жапон математигі М.Нагатаның, сондай-ақ ағылшын математигі П.Конның есебін шешіп, әлемді мойындатқан ғалым.

Еңбек жолын 1986 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен бастаған. 1993-2007 жылдары Испания, Канада, Вашингтон, Мичиган, Кливлен, Майами жоғары оқу орындарында, Францияның Марсель-Люмини атындағы математика орталығында, Германияның Макс Планка атындағы Математика институтында жұмыс істеген. Енді ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде сабақ беретін болады.

Ал Нобель сыйлығының 12 лауреаты шыққан әйгілі Кембридж орталық институтының 15 жылдан бері молекулярлық биология зертханасын басқарған, ТМД елдерінен шыққан жалғыз ғалым Базбек Дәулетов – қырғыз азаматы. Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген, Техас оңтүстік-батыс университетінде ғылыми жұмыстармен айналысып, докторлық жұмысын қорғаған.

Тоқсаныншы жылдардың ортасында Лондондағы Империялық колледжге шақырылып, 1997 жылы 120 адам қатысқан байқаудан жеңіп шығып, Кембридж университетінің зертхана меңгерушісі болды. ДНК, антиденелер, протеиндерді ашқан, нейробиология саласындағы ірі ғалымдардың бірі. Бүгінде Базбек Дәулетов Шеффилд университетінің профессоры.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, алдағы уақытта басқа да шетелдік және қазақстандық белгілі ғалымдар университетке дәріс оқуға шақырылатын болады.

10.03.2021

Студенттер қалашығында ағаштар аллеясы ашылды



Наурыз мерекесі және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Ағаш отырғызу» қайырымдылық акциясына қолдау білдіріп, 160-тан астам қырым қарағайы мен алтай шыршасын отырғызды.

Игілікті шара Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысындағы: «Мен Ұлыстың ұлы күнін жаңаша атап өтуді ұсындым. Бабаларымыз Әз Наурыз келгенде бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Осы тамаша дәстүрді жаңа қарқынмен жалғастырайық. Табиғатты тазалап, қоршаған ортаны көгалдандыруды қолға алайық. Мұндай шараларды барлық аймақта ұйымдастыруымыз қажет. Бұл – ата салтымыз және ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің ең тиімді жолы», – деген тапсырмасына сай жүзеге асты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма


Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде алдағы уақытта да кампустағы жатақхана корпустарының жанындағы бос орындарға ағаштар отырғызып, айналаны жасыл желекке айналдыру керектігін атап өтті. Сондай-ақ алыс Жапония еліне сакураның гүлдеуін көру үшін аттанбай-ақ, табиғаты әсем ҚазҰУ қалашығында студент жастарымыз үшін арнайы шие және алма ағаштарының аллеясын бөлек ашуды ұсынды.

Бұл жоба іске асырылса, жеміс ағаштары аллеясы студенттердің, қонақтар мен қала тұрғындарының сүйікті орындарының біріне айналмақ.

21.03.2021



ҚазҰУ-да «Сиверс» алма ағашы отырғызылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қалашығында Ғылым қызметкерлері күніне орай, «Сиверс» алма ағашының көшеттері отырғызылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев әріптестерін Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтап, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың ғылым саласын дамытуға арналған тапсырмаларына тоқталды. Сондай-ақ ҚазҰУ қалашығында отырғызылған «Сиверс» алмасының тарихы туралы баяндап, жаңа аумақты «Ғалымдар бағы» деп атауды ұсынды.

Мамандардың айтуынша, Қазақстанда күні бүгінге дейін сақталған «Сиверс» алмасының генетикалық қоры алма сорттарының өнімділігін арттырып, түрлі ауруларға қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыруға жол ашады.

12.04.2021

ҚазҰУ қалашығына тағы 120 қарағай отырғызылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде экологиялық сенбілік ұйымдастырылып, оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен Ағаштар аллеясына 120 қырым қарағайы отырғызылды.

Студенттер қалашығын көркейту, сәнсалтанатын арттыру жұмыстары наурыз айынан бастап қолға алынып келеді. Ұлыстың ұлы күні Ағаштар аллеясы ашылып, онда ұжыммен бірге 160-тан астам қырым қарағайы мен алтай шыршасы отырғызылған болатын.

Ғылым қызметкерлері күнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қырының» бірі ретінде атап өткен «Сиверс» алмасының 90 көшеті егіліп, ол «Ғалымдар бағы» деп аталды.

Игілікті іс бүгін жалғасын тауып, Ағаштар аллеясына тағы 120 түп қырым қарағайы қосылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмаларға тоқтала келе, көзделген міндеттер ҚазҰУ қалашығында айқын көрініс табуы қажеттігін алға тартты. Сондай-ақ қалашықты жастардың жайлы, көпшіліктің көңіл қуантар мекеніне айналдыру үшін ауқымды жұмыстар жоспарланып, алдағы уақытта барлық жатақханалар маңын көріктендіру көзделгенін атап өтті.

17.04.2021

Түлектер жаңа үлгідегі диплом алды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері алғаш рет жаңа үлгідегі диплом алды. Биыл қара шаңырақты 6600 студент тамамдады. Оның ішінде 4798-і – бакалавр, 1611 жас ғылым магистрі атағын иеленді.

Салтанатты жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашты.

Ректор әлемдік 200 үздік университет қатарына енген оқу орнының жыл сайын биік белестерді бағындырып, интеллектуал жастар легін тәрбиелеп келе жатқанын атап өтті. Үлкен өмірге жолдама алған жастарға қашанда ізденімпаз әрі бәсекеге қабілетті болуды нұсқап, ел игілігі жолындағы еңбекте сәттілік тіледі.

Салтанатты жиында білім ордасының басшысы құттықтаудан кейін ең үздік түлектерге диплом табыстады. Бітірушілер өз кезегінде ҚазҰУ дипломын алу үлкен жетістік екенін мақтанышпен айтып, мемлекетіміз бен қоғамды дамытуға белсене еңбек ететіндерін мәлімдеді. Университет басшылығы мен оқытушыларға сапалы білім мен тағылымды тәрбие бергені үшін шексіз алғыс білдірді.

07.07.2021

Оқу жылы қайта жаңарған ғимаратта басталады



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңа оқу жылында заманауи үлгіде күрделі жөндеуден өткен оқу ғимараттары мен жатақханаларды пайдалануға бермек. Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрылыс барысымен танысып, әлі де қалпына келтіру жұмысы аяқталмаған нысандарды жоспарға сәйкес аяқтауға тапсырма берді.

Қазіргі сәтте университет аумағында орналасқан 14 жатақхана студенттердің қоныстануына әзірленіп, 25 тамызда студенттер игілігіне ұсынылады. Оның ішінде №6 студенттер үйіндегі жөндеу жұмыстары бітуге жақын, №4 және №7 жатақханалардағы күрделі жөндеу жұмысы қыркүйектің соңына дейін жалғасады. Өзге жатақханалар 25 тамызда келген студенттерді қабылдауға сақадай-сай.

Бұған қосымша, үш оқу ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл





ғимараттардың есік-терезелері және едені толығымен ауыстырылған. Бұрын линолеум болса, қазір сапалы жаңа ламинаттар төселіп, аудиториялар жаңа үлгідегі заманауи дизайнмен әрленіп, безендірілуде.

Айта кетерлік жайт, жөндеу барысында тек сапалы құрылыс материалдары қолданылады. Ректор тапсырмасымен жаңа оқу жылында студенттерді қабылдауға дайын болу үшін жұмысшылар саны арттырылды.

Одан бөлек, бірінші, екінші, үшінші оқу ғимараты мен ректораттың сырты да күрделі жөндеуден өтпек. Бұл мақсатта сұйық травертин деп аталатын жаңа технология қолданылады. Бұл жұмыстар екі ай мерзімде аяқталмақ. Болашақта Студенттер сарайын да осы секілді жөндеуден өткізу жоспарлануда. Салынғалы бері ғимараттардың ішкі-сыртқы бөлігіне мұндай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, көптеген материалдардың тозығы жеткен. Алдағы уақытта бұл олқылықтардың орнын толтыру жоспарда бар.

Масанчи көшесінде орналасқан төртінші оқу ғимаратына да косметикалық жөндеу жұмыстары жасалды. Қазір студенттерді қабылдауға толығымен дайын. Мұнда философия және политология факультеті, колледж және оқу ордасының лицейі орналасқан. Университет аумағында орналасқан Жас ғалымдар үйінің де сыртқы бөлігі жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Саин көшесінің бойындағы Біліктілікті арттыру институтының жатақханасындағы жұмыстар да қазір аяқталып, оқу жылын бастауға әзір тұр.

Кейбір жатақханаларға 15-20 жылдың көлемінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, едендегі линолеумдардың тозығы жетіп, сантехникалардың көпшілігі істен шыққан. Сол себепті алдағы екі жылда барлық жатақханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Тек қана қабырғасын қалдырып, есік-терезе, құбыр жүйелері, тіпті шатырына дейін ауыстырылатын болады.

Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлы ғимараттардың әрқайсысын жіті аралап шығып, әрбір жатақхананың жертөлесінде, айналасында химиялық тазалау, аяққиім жөндеу секілді студенттердің қажеттіліктеріне жарайтын орындар ашып, спорттық тренажер орнату туралы нақты тапсырмалар берді.

24.08.2021

ҚазҰУ – Жыл университеті



Канаданың Халықаралық жетістіктерді зерттеу комитеті мен Шығыс Еуропа және Азия аймақтық орталығы (International Achievements Research Center) өткізген «Жыл университеті – 2021» халықаралық байқауының қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жеңімпаз деп танылды. Байқау директоры – доктор Майкл Финнен жолдаған хатқа сәйкес, ҚазҰУ білім мен ғылымдағы үздік жетістіктері үшін «Басқару және көшбасшылық» аталымы бойынша халықаралық сертификатқа ие болды.

Жеңімпаздар БАҚ пен интернет-дерек-көздерін зерттеу және тұрақты мониторинг, контент-талдау жасау негізінде сарапталады. Сондай-ақ университеттердегі, ғылыми-білім беру орталықтарындағы әріптестердің, тәуелсіз ғалымдардың, зерттеушілердің, оқытушылардың ұсыныстары ескеріледі.

Халықаралық конкурс жоғары оқу орындарының жетістіктерін әлемдік қоғамдастыққа көрсету мен насихаттауға мүмкіндік береді. ҚазҰУ алғаш рет бақ сынап, жоғары академиялық бәсекеге қабілеттілік, университеттің тартымдылығы, жаһандық білім беру кеңістігіндегі стратегиялық серіктестікті нығайту талаптары бойынша жарқын нәтиже көрсетті.

28.08.2021

ҚазҰУ профессорларының айлығы 163 пайызға өсті





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы-профессорлар құрамының жалақысы айтарлықтай өсті. Атап айтсақ, жаңа оқу жылынан бастап оқытушы жалақысы – 38%, аға оқытушынікі – 75%, доценттікі – 88%, профессордың жалақысы 163%-ға артты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жоғары оқу орындары оқытушыларының жалақысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес, білім ордасының Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың шешімімен ендігі жерде оқытушы – 200 000, аға оқытушы – 280 000, доцент – 330 000, профессор 500 000 теңге жалақы алады.

Бұдан бөлек, ректор нұсқауымен ҚазҰУ-да әр жарты жыл сайын Scopus мәліметтер базасының журналдарында мақала жариялаған авторларға қомақты қаржылай сыйақы берілетін болды. Республикалық беделді ғылыми танымдық газет-журналдарда мақаласы жарық көрген оқытушыларға да жылына екі рет арнайы бонустар төленеді.

Сондай-ақ ғалым-оқытушылардың жарық көрген оқу құралдары, монографиялары мен кітаптары үшін де университеттегі индикативтік жоспар бойынша балл беріліп, сыйақы тағайындау жолдары қарастырылып отыр.

Еңбекақыны өсіру бәсекелестікті арттырып, университетке мықты мамандардың келуіне жол ашпақ. Сол себептен ҚазҰУ-да жалақының артуымен қатар, оқытушы-профессорлық құрамның кәсіби біліктілігін көтеру, талантты жастарға қолдау көрсету жұмыстары жүйелі жолға қойылуда. Оқытушылық қызметке конкурстық негізде ең білікті әрі білімді мамандар іріктеліп алынады.

Бұл шаралар білім беру сапасын арттыруға, оқытушыларды әлеуметтік қолдауға және оқытушы беделін арттыруға бағытталған. Ғалым-оқытушылардың артық жүктемеден арылып, оқу үдерісіне, зерттеу жұмыстарына және сабақтың сапасына көңіл қоюы үшін барлық жағдай жасалуда.

Айта кетсек, ағымдағы жылдың ақпан айында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың бұйрығымен оқу ордасындағы барлық қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға өскен болатын. Күні кеше Scopus деректер базасының халықаралық рейтингтік басылымдарында мақала жариялаған 234 ғалым 74,8 млн қаржылай сыйақымен марапатталды.

31.08.2021

Биофакта жаңа асхана ашылды





Бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі биология және биотехнология факультетінің оқу ғимаратында студенттерге арналған жаңа асхана ашылды. Салтанатты күн игілікті іспен басталып, барша келушілерге дәмді тағам мен тәттілер тегін ұсынылды.

Күрделі жөндеуден өткізіліп, заманға сай әсем безендірілген тамақтану орталығының іші жылы, жарық, кең әрі жанға жайлы. Асхана аспаздары студенттер мен келушілерге сапалы қызмет көрсетуге әзір.

Жаңа асхананың ашылуына университет басшысы Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев арнайы келіп, жоспар бойынша оқу орнында тағы бірнеше заманауи тамақтану орындары ашылатынын айтты.

Студент-жастар, қызметкерлер мен оқытушыларға арналған асханада қазақ, ұйғыр, шығыс және еуропа халықтарының ас мәзірінен тағамдар дайындалады. Олардың бағасы көпшілікке қолжетімді. Мұнда бұршақ сорпасы, борщ, үй кеспесі, тағы басқа бірінші тағамдар – 400 теңге. Екінші тағамдар, мәселен, гарнирі бар котлет, қуырылған ет, тефтель, тауық еті, фаршталған бұрыш, палау 700-800 теңге тұрады.

Білім ордасының басшылығы бүгінде заманауи оқу аудиторияларына және жайлы жатақханалармен қатар, тамақтандыру орталықтарына да жіті көңіл бөліп, жастардың сапалы тамақтануына жағдай жасауда. Университет аумағында бұған дейін де «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында бір мезетте 150-ге жуық адамға қызмет көрсететін үлкен асхана ашылған болатын. Ал бүгін іске қосылған тамақтану орталығынан күніне 500-дей адам ас іше алады.

Алдағы уақытта университеттің басқа да оқу ғимараттарында асхана, кафе-бар, жастар арасында сұранысқа ие жедел тамақтану желілері ашылып, кофе-машиналары қойылатын болады.

5.10.2021

«Мәңгілік ел» сағат стеласы бой көтерді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мәңгілік ел» сағаты салтанатты түрде ашылды. Бұл архитектуралық нысан ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, түлектердің университетке сыйға тартуы.

Сағаттың ашылу салтанатына ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдірашит Жүкенов, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ-дың құрметті профессоры, 1983 жылғы түлегі Салтанат Байқошқарова және ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов сынды тағы да басқа зиялы қауым өкілдері, Нұр-Сұлтан мен Алматы шаһарынан арнайы келген меценаттар қатысты.

Шараға арнайы шақырылған меймандар сөз сөйлеп, айтулы оқиғамен құттықтады. Қайрат Мәми өз кезегінде жобаның мақсаты ҚазҰУ қалашығының тұрғындары мен қонақтарына оқу, жұмыс істеу және тұрмыс үшін жайлы орта құру екенін тілге тиек етті.

5.11.2021



ҚазҰУ-ға Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл келді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл келді. Ғылыми кітапханада белгілі саясаткер университеттің оқытушы-профессорлары және студенттерімен кездесу өткізді. Айтулы шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Олжас Сүлейменов, Смағұл Елубай, Марат Тоқашбаев, Қали Сәрсенбай, Сәбит Шілдебай сынды зиялы қауым өкілдері, дипломаттар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Шара барысында сөз сөйлеген Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға университетке келгені үшін алғыс айтып, Қазақстан мен Түркияның көпжылдық жемісті ынтымақтастығының маңыздылығын атап өтті.

«Қазақстан мен Түркия – бауырлас мемлекет. Екі елдің қарым-қатынасы тәуелсіздікке дейін басталған. Қазақстан егемендігін алғанда алғаш құттықтап, достық ниетін жеткізген Түркия мемлекеті болатын. 1992 жылы Қазақстан мен Түркия мемлекеттері ресми түрде дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Сондықтан біз үшін Тәуелсіздіктің



30 жылдығына орай және алдағы екі ел ынтымақтастығының 30 жылдығы аясында Түркия Республикасының 11-ші президенті Абдулла Гүл мырзаның университетімізге келгені айрықша мәртебе», – деді университет басшысы.

Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, ыстық лебізін білдірді.

Кездесу барысында Абдулла Гүл жиналғандарға дәріс оқыды. Сонымен қатар Түркияның қоғам қайраткері өзінің саяси саладағы көпжылдық тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Шара соңында Абдулла Гүлге «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрметті профессоры» атағы берілді. Сондай-ақ университет ректоры Жансейіт Түймебаев мейманды «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттады.

20.11.2021

Нұртілеу Иманғалиұлы атындағы оқу зертханасы ашылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, құрметті журналист Нұртілеу Иманғалиұлы атындағы «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының оқу-шығармашылық зертханасы ашылды.

Салтанатты рәсімге Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, БАҚ басшылары, танымал журналистер, қоғам және өнер қайраткерлері, журналистика факультетінің оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысты.

Ашылу салтанатында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева құттықтау сөз сөйлеп, майталман журналистің еңбек жолына тоқталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде экран арқылы халықтың сөзін жеткізіп, ұлт зиялыларын елге танытқан, өзі де ерен еңбегімен көпшіліктің ықыласына бөленген тұлға ғибратын жастарға үлгі етті. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік мектебі қалыптасқан ұлттық журналистиканың ұстаханасы. Журналистика факультетінен елімізге белгілі майталман тұлғалар өсіп шықты. Нұртілеу Иманғалиұлы осы үлкен мектептен тәлім алған қайраткер түлегіміздің бірі де бірегейі болды», – дей келе, бұл зертханалық кабинеттің тележурналистикаға қанат қаққан шәкірттердің ордасы боларына зор сенім білдірді.

Сондай-ақ алқалы жиында «Алматы» телеарнасының директоры Нұржан Жалауқызы, «Qazaqstan» арнасы Алматы студиясының директоры Сәуле Жиреншина, Нұртілеу Иманғалиұлының зайыбы Қарлығаш Табулдинова және қаламгердің өзге де әріптестері мен замандас достары, шәкірттері сөз алып, оның азаматтық қыры мен журналистік сыры жайлы пікір білдірді.

27.12.2021






ЖАҢА ЖЫЛ
ЖАҢА ЕЛ
ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Журналистің ең үлкен мәртебесі – еркіндігі



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Халықаралық түркі академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі, «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі көшбасшылық дәріс оқыды.

Дәріске оқу орнының оқытушылары мен студенттері қатысты. Кездесуді университет басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, қара шаңырақ түлектерінің Үкіметте, мемлекеттік органдарда, медиа және басқа да салаларда маңызды қызмет атқаратынын атап өтті. Ректор ҚазҰУ түлегі Дархан Қуандықұлының журналистикамен қатар, түркі әлемі руханиятының дамуына айрықша үлес қосып жүргеніне тоқталды.

«Дархан Қуандықұлы білікті медиаменеджер ретінде еліміздің бас газеті – «Egemen Qazaqstan» басылымын абыройлы басқарып келеді. Жаңа деңгейге көтерілген газеттің 100 жылдық тарихын шежіреге айналдырып, көптомдық кітап шығарды. Журналистік қызметін ғылыми ізденістерімен толықтырып, түркология саласында ғылыми-танымдық жобаларды іске асыруда. Оқу орнымыздың осындай қайраткер түлегі, интеллектуал тұлғаның кәсіби тәжірибесі біздің білім алушы жастарымызға үлкен сабақ», – деді университет ректоры.

Кездесуде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев публицист, ғалым, қайраткер азамат Дархан Қыдырәліні

Ғылыми кеңес шешімімен университеттің «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады.

Дархан Қыдырәлі көшбасшылық дәрісі барысында жаңа Қазақстанды құрудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі, заманауи қоғамдағы идеологияның дамуы сынды мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталып, өз ойын ортаға салды. Сонымен қатар ол журналистің қоғамдағы рөліне баса назар аудару қажеттігін жеткізді.

29.03.2022

Қазақ тіл білімі кафедрасына Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алаш ардақтысы, көрнекті ағартушы ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Оған белгілі тілтанушы, тарихшы, әдебиетші ғалымдар, оқытушы-филологтар мен білім алушы жастар қатысты.

Конференция ашылуында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев түркі әлеміне ортақ тұлға тағылымы, оның ұлт болашағы мен бостандығы жолындағы жанкешті еңбегі хақында кеңінен

ой өрбітті. Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген көзқарасының бүгінгі күні де аса өзекті екенін алға тартты.

«Біз еліміздің, тіліміздің болашағын ойласақ, Ахмет Байтұрсынұлы бағытын ұстануға тиіспіз. Өйткені тіл тағдыры – бүкіл мемлекеттің тағдыры. Бүгінгі конференцияның да тарихи миссиясы – Байтұрсынов танымы арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту», – деді университет басшысы.

Сонымен қатар конференция барысында ағартушы ғалымның таңдамалы шығармаларының үш томдығының тұсауы кесілді. Шығарылымның басты ерекшелігі – студенттер енді Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің түпнұсқасын оқуға толық мүмкіндік алды.

14.04.2022

Амандық Баталов көшбасшылық дәріс оқыды





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет және қоғам қайраткері, Алматы облысының экс-әкімі Амандық Баталов оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер алдында «Жастар бойындағы көшбасшылық қасиеттер мен патриоттық сезімді тәрбиелеу» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Шараға құрметті қонақтар ретінде белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері Амандық Баталов, Кәрім Көкірекбаев, Әлихан Тойбаев,



Тұрарбек Асанов және Серік Байбатыровтар арнайы келді.

Көшбасшылық дәрісті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Амандық Ғаббасұлы қай қызметте болса да, өзін кәсіби маман, мықты ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде көрсете білген азамат екенін атап өтті.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев Амандық Ғаббасұлына «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын салтанатты түрде табыс етті.

Өз кезегінде Амандық Баталов көшбасшылық дәрісі барысында қарапайым құрылыс-шыдан мемлекеттік қызметке дейінгі аралықта атқарған жұмыстарына егжей-тегжейлі тоқталды.

«Менің жүрегімде ҚазҰУ ерекше орын алады. Себебі құрылысшы болып жүрген тұста университет қалашығын салуға өз үлесімді қостым. Қайтадан осы білім ордасына келіп, сіздермен қауышып отырғаныма қуанышты-мын. Жастар – еліміздің болашағы. Мен облыс әкімі қызметінде болғанымда жастарға қолайлы жағдай жасау үшін бар күш-жігерімді салдым. Мәдени-тарихи нысандарды салуға жұмыстандым. Сондай-ақ денешынықтыру-сауықтыру кешендерін көптеп салуға тырыстым. Өйткені жастарымыз спортпен еркін шұғылдануы үшін оған жағдай жасалуын қаладым», – деді Амандық Ғаббасұлы.

Дәріс соңында тыңдаушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ой-пікірлерін ортаға салды.

21.04.2022

Мемлекет басшысы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаевты қабылдады



Қасым-Жомарт Тоқаевқа оқу орнының бір жылда атқарған жұмыстары мен алдағы даму жоспары таныстырылды. Сондай-ақ ректор Мемлекет басшысына білім беру үдерісі, ғылыми-зерттеу жұмыстары және университеттің халықаралық жетістіктері туралы баяндады.

Кездесу барысында Жансейіт Түймебаев Президентке ғылыми жобалардың тиімділігі мен кадрлардың әлеуетін арттыру және оқу ордасының 90 жылдығы қарсаңында ҚазҰУ қалашығын қайта жаңғырту жөніндегі ұсынысын жеткізді. Оның айтуынша, 2024 жылға қарай университет еліміздің ғылыми-техникалық дамуының перспективті деген бағыттары бойынша 650-ден астам ғылыми жобаны қолға алмақ. Ректор ғылыми жобалардың нәтижелерін экономиканың нақты секторына айналдыру 20-ға жуық спин-офф компанияларын құру арқылы жүзеге асырылатынын айтты.

Жансейіт Түймебаев жетекші оқу орнындағы ұзақ жылдардан бері қордаланған мәселелерге де тоқталып, оларды шешу жолдары туралы ұсынысын жеткізді. Атап айтқанда, ескірген жатақханалар мен тозығы жеткен оқу корпустарының жай-күйі, 2 мыңнан астам оқытушы мен қызметкердің баспанаға мұқтаждығы жөнінде баяндады.

Кездесу соңында Президент білім сапасын түбегейлі жақсарту және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру мәселелеріне назар аударып, университет басшысының ұсыныстарын қолдады.

27.04.2022

Ректор ҚазҰУ-дың қайта жаңғырту жоспарымен таныстырды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқытушы-профессорлар құрамы және қызметкерлермен кездесіп, ҚазҰУ қалашығын қайта жаңғырту жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар ұжымның ұсыныс-пікірін тыңдап, көкейдегі сұрақтарына жауап берді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауынан кейін өздеріңізбен кездесіп, Президент жүктеген тапсырмалар мен алға қойған міндеттерді арнайы жеткізуді жөн санап отырмын», – деді университет басшысы.

Ректор 2024 жылы ҚазҰУ-дың құрылғанына 90 жыл толатынын атап өтіп, алдымен атқарылған жұмыстарға тоқталды. Өткен жылдың басты оқиғасы – ҚазҰУ қызметкерлерінің жалақысы екі мәрте көтерілді.



Университетте Түркияның 11-ші президенті Абдулла Гүл, сонымен қатар мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен көшбастшылық дәрістер ұйымдастырылды. ҚазҰУ оқытушыларының делегациясы Түркияның ең ірі университеттерінің бірі – Білім университетінде біліктілік арттырып әрі демалып қайтты. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына түлектердің тартуы ретінде «Мәңгілік ел» сағаты салтанатты түрде ашылды.

Ағаштар аллеясы, Елбасы бағы, Ғалымдар бағы ашылып, 1000-ға жуық қырым қарағайы мен Алтай шыршасы және «Сиверс» алмасы, шие, қара өрік жеміс ағаштары отырғызылды. Еуропалық Парламент делегациясы ҚазҰУ-ға арнайы сапармен келді.

ҚазҰУ базасында қыркүйек айында Мәскеу инженерлік-физика институтының филиалын ашу жөнінде келісім жасалды. Қазіргі сәтте Түркия мен Қырғызстанда ҚазҰУ филиалын ашу жұмыстары аяқталып келеді. Оқу корпустары мен аудиторияларға және жатақханаларға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жыл ішінде орындалған өзге де маңызды жұмыстарды қамтыған оқу орнының басшысы келесі кезекте жиылғандар назарын қордаланған мәселелерге аударды. Алдымен жобалық сыйымдылығы 5,5 мың орындық 17

жатақхана орналасқан ЖОО кампусының материалдық-техникалық жарақтандырылуына байланысты бірінші кезектегі міндеттер мен мәселелерді шешу қажет екенін айтты.

«Қазіргі таңда жатақханалардың пайдалануға берілгеніне 30 жылдан астам уақыт өткен. Студенттік жатақханалардағы жайлылық деңгейі төмен, үй-жайлар тозған және жөндеуді қажет етеді. Мұқтаж студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін университетке қосымша 12 мың орын қажет», – деді ректор.

Ал заманауи үлгідегі жатақханалардың құрылысы студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

Сонымен қатар Жансейіт Түймебаев университеттің физикалық және моральдық тұрғыдан ескірген оқу ғимараттары да дизайны мен мазмұны бойынша заманауи талаптарға сай емес екенін алға тартты. Инженерлік желілер мен коммуникацияның тозығы жеткен. Сол себептен оқу ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу қажет.

Университетте жалпы факультеттер мен ғылыми бөлімдер орналасқан 18 оқу және зертханалық корпус бар. Бірқатар факультеттер 1950 жылдары салынған және негізгі кампустан алыс орналасқан. Бұл жағдайлар бір университеттің әртүрлі факультеттерінде оқитын студенттер арасында білім алу теңсіздігін тудырады. Оған қоса, интернационалдандырудың жоғары деңгейі шетелдік оқытушылар мен студенттер, шетелдік делегациялардың университетке көптеп келетінін аңғартады. Демек, жобамен алты факультетке арналған жаңа оқу ғимараттарын салу қажет.

Сондай-ақ бүгінгі таңда университеттің 2000-нан астам оқытушысы мен қызметкері тұрғын үйге мұқтаж. «Кадрларды сақтау, жас талантты мамандарды тарту және қолдау үшін қызметтік тұрғын үй салу қажет. Бұл ұсыныстарды іске асыру университеттің оқытушылары мен мамандарының өмір сүру деңгейі мен сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті ректор.

Сөз соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қалашықты қайта жаңғырту жоспарын жүзеге асыруға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдау білдіргенін жеткізді. Президент бүгінгі қоғамда адами құндылықтардың негізгі қағидалары салтанат құру үшін университеттегі ұжымдық иммунитет пен гуманистік тәрбие қалыптастыруға бағытталған бірқатар тапсырма бергенін мәлімдеді.

Бұдан бөлек, 2024 жылға қарай университет еліміздің ғылыми-техникалық дамуының перспективті деген бағыттары бойынша 650-ден астам ғылыми жобаны қолға алады.

Ғылыми жобалардың нәтижелерін экономиканың нақты секторына айналдыру 20-ға жуық спин-офф компанияларын құру арқылы іске аспақ.

Сондықтан білім ордасының басшысы алда ауқымды жұмыстар, жарқын мақсаттар күтіп тұрғанын баса айтып, ұжымды жұдырықтай жұмыла жұмыс істеуге шақырды.

Жиын соңында университеттің оқытушы-профессор құрамының өкілдері ҚазҰУ-дың қайта жаңғыру жоспарын қуана қабылдағанын жеткізіп, ой-пікір, ұсыныстарымен бөлісті.

29.04.2022

Ыстамбұлда ҚазҰУ филиалы ашылды



Қазақстан Президентінің ресми сапарына сәйкес, бүгін Ыстамбұл қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылды.

Университет мамандарының айтуынша, филиал жұмыс істей бастаған бірінші жылы Түркия Республикасы мен басқа да шет мемлекеттерден 500 студент қабылдау жоспарлануда. «ҚазҰУ филиалы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс істейді. Филиал базасында қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары, ғылыми жобалар мен сараптамалық-талдау бағытындағы зерттеулер жүзеге асырылатын болады», – деді ашылу салтанатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев.

Бұған қоса, Ыстамбұлда Қазақ ұлттық университеті мен Hacettepe University арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл меморандум бірлескен білім беру бағдарламалары мен жобаларды іске асыруға, екі оқу ордасы арасындағы ынтымақ-

тастықты дамытуға ықпал етеді. Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – еліміздегі жетекші көпсалалы университет. ҚазҰУ білім берудің барлық деңгейінде кең ауқымды салаларда мамандар даярлау ісінде ерекше рөл атқарады. Қазір Қазақ ұлттық университетін әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру жұмыстары қолға алынды. 2021 жылы Quacquarelli Symonds World University Rankings (QS WUR) рейтингінде ҚазҰУ 175-орынды иеленіп, ислам және түркі елдеріндегі ең үздік университет болып танылды. ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламалары үлкен сұранысқа ие, сондықтан көптеген елдер университет филиалын ашуға мүдделі.

11.05.2022

Орталық Азия университеттері ректорларының форумы өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Орталық Азия елдері университеттері ректорларының I халықаралық форумы өтті. Форум жұмысына ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма





Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және Орталық Азия елдерінің білім, ғылым саласы министрлері мен ЖОО ректорлары қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Орталық Азиядағы ғылыми ұйымдар мен университеттер арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және озық тәжірибе алмасудың маңыздылығын, сондай-ақ бүгінгі форумдағы диалогтың болашақ ұрпақтың экономикалық тұрақтылығы мен өмір сүру сапасына қосқан үлес екенін атап өтті. Университет басшысы ҚазҰУ-дың алдағы даму бағдарламасының негізгі бағыттары мен жоспарын, халықаралық әріптестіктің географиясы мен жасалған соңғы ғылыми жобалардың нәтижелері жайында баяндап берді.

Пленарлық отырыста сонымен қатар Қырғыз Республикасы білім және ғылым министрінің орынбасары Расул Абазбекуулу, Тәжік ұлттық университетінің ректоры Кобилджон Хушвахтзода және т.б. баяндама жасады.

Халықаралық шара аясында «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік, ЖОО ұжымы мен студенттерінің ұтқырлығы» және «Жоғары оқу орындарының цифрлық трансформациясы және Орталық Азия елдері зерттеу кеңістігінің интеграциясы» тақырыбында сессиялар өтіп, онда орталықазиялық жоғары оқу орындарының өкілдері өз ұйымдары негізінде екі ел үшін бірлескен зерттеулер қалай жүргізілетіні туралы тәжірибелерімен бөлісіп, екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың мәселелерін талқылады. Сондай-ақ Орталық Азия елдерінің ЖОО Альянсының 2022-2023 жылдарға арналған жұмыс жоспарын дамыту бойынша форумның ұсынымдары қабылданды.

13.05.2022

ҚазҰУ қалашығының құрылғанына – 50 жыл



Биыл ҚазҰУ қалашығының іргетасы қаланып, құрылысы басталғанына 50 жыл толды.

Бүгін осы айтулы датаға орай, ардагер құрылысшылар мен түлектер университетте бас қосты.

Мерейлі іс-шараға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысып, ҚазҰУ қалашығын салуда ардагер құрылысшылардың үлесі зор екенін атап өтті.

«Біз тұрған ҚазҰУ қалашығы Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің өз қолымен іргетасы қаланған, әлемдік деңгейдегі ірі жоғары оқу орны. Ол 1970-1986 жылдары университетімізді басқарып, жаңа деңгейге көтерді. Оқу залдары қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жаңа жатақханалар салынды. Сонымен қатар оқу ғимараттары бой көтерді. Осы алып құрылыста әрқайсыларыңыздың айқын қолтаңбаларыңыз бар. Бүгінде білім ордасында айтарлықтай жұмыстар өз жалғасын тауып келеді. Қазіргі таңда ҚазҰУ әлемдік рейтингтерде көшбасшы оқу орындары қатарында. Университет қалашығы жаңа заман талабына сай түрленуде», – деді Жансейіт Түймебаев.

Шарада ардагер құрылысшылардың бастамасымен жарық көрген «ҚазМУ қалашығына – 50 жыл» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Сондай-ақ қалашықты салуда еңбек еткен ардагер құрылысшыларды университет басшысы «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Құрмет» грамотасымен марапаттады.

18.05.2022

Саясаттанушылардың X конгресі өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» тақырыбында Қазақстан саясаттанушыларының X конгресі өтті.

Жиынға ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, мемлекеттік органдардың өкілдері, депутаттар, ғалымдар, сарапшылар мен еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев конгресс жұмысының маңыздылығына тоқталып, саясаттанушылардың ұсыныстары мен талдаулары қоғам өміріне ықпал жасап, саяси реформаларды іске асыру үшін тиімді болу керектігіне тоқталды.

Жансейіт Түймебаев алдағы референдум жаңа Қазақстан тарихындағы үлкен саяси оқиға екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қаулысымен 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өтеді деп белгіленді. Еліміздің болашағы үшін дұрыс таңдау жасау – әр азаматтың міндеті. Бұл ретте халықтың саяси сауатын арттыруда саясаттанушылардың рөлі жоғары болуы тиіс. Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси тұрақтылықты нығайтудың қиын жолынан өтті. Бүгінде Қазақстанда саяси жүйені демократияландыру процесі жүзеге асып келеді. Уақыт талабына сай әлеуметтік-экономикалық реформалар қолға алынуда. Басты өзгерістердің бірі халықтың елді басқаруға қатысуын кеңейту болмақ», – деді білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев.

20.05.2022

Қырғызстанда ҚазҰУ филиалы ашылды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстан Республикасына ресми сапары аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Қырғызстан Білім және ғылым министрі Алмазбек Бейшеналиев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Мәртебелі меймандарды қарсы алған Жансейіт Түймебаев алдымен ашылып жатқан ҚазҰУ филиалы туралы ақпарат берді.

Іс-шара барысында мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров оқу аудиторияларын аралап, кітап көрмесімен танысты.

Филиал жұмысымен танысып болғаннан









кейін екі ел басшылары мәртебелі қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Айта кетейік, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров 2021 жылдың 2-3 наурызында Қазақстанға ресми сапармен келген еді. Осы сапар аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесіп, екі ел Президенті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалын Бішкекте ашу туралы шешім қабылдаған болатын.



26.05.2022

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚазҰУ қызметімен танысты



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы барды.

Еліміздің жетекші университетіне сапары барысында Мемлекет басшысы оқытушы-профессорлар құрамымен және жас ғалымдармен кездесті.

Президент шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұрасына арналған мұражай экспозицияларымен, ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми-инновациялық жобаларының нәтижелерімен танысты.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысына оқу ғимараттары мен қызметтік тұрғын үй және студенттік жатақхана салу бойынша ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жоспарын баяндады.

Мемлекет басшысы оқу орнының зерттеу университетіне трансформациялану бастамасы мен ҚазҰУ-ды қайта жаңғырту жоспарын қолдады.

Президент білім ордасында жоғары білікті мамандар даярлау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, білім сапасын жақсарту, еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру және университет қалашығын жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

1.06.2022





Білəл Ердоған ҚазҰУ-да қонақта болды



Əл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркиядағы Ибн Халдун университетінің делегациясы арнайы сапармен келді.

Құрметті меймандар – Ибн Халдун университеті Қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары Нежмеддин Білəл Ердоған және Ибн Халдун университетінің ректоры, профессор Атилла Аркан, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, доктор Ирфан Гүндүз, Гейдар Əлиев атындағы Еуразиялық зерттеулер орталығының директоры, профессор Яшар Сары, Ибн Халдун университетінің халықаралық байланыстар бөлімінің директоры Енес Иалман Əл-Фараби кітапханасында болып, ҚазҰУ қалашығымен танысты.

Қос тарап шағын құрамда кездесу өткізіп, ортақ мəселелерді талқылады.

Бұл кездесу екіжақты қарым-қатынасты дамыту аясында академиялық ұтқырлық, оқытушылар мен студенттер алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулер шеңберіндегі жобаларды іске асыруды көздейді. Өз сөзінде Жансейіт Түймебаев жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

Шара соңында Ибн Халдун университеті мен Əл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті академиялық және білім беру бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

15.06.2022

QS WUR рейтингінде 150-орынға көтерілдік



2022 жылғы 8 маусымда жарияланған QS WUR жаһандық рейтингінің қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 150-орынға ие болды. Осыған орай, білім ордасындағы Әл-Фараби кітапханасында университетке QS рейтингінің сертификатын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.

Марапатты ТМД және Орталық Азия елдері бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христолюбов ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевқа табыстады.

Сергей Христолюбов ҚазҰУ-дың соңғы жылдардағы жетістіктерін атап өтіп, QS жаһандық рейтингіндегі талаптарға тоқталды.

Өз кезегінде университет басшысы Жансейіт Түймебаев халықаралық рейтинг қазақстандық жоғары оқу орындары үшін жыл сайын өз көрсеткіштерін жетілдіруге мүмкіндік беретінін жеткізді.

«Бір жыл ішінде оқу орнымыз 175-орыннан 25 позицияға жоғарылады. QS WUR жаһандық рейтингіндегі жаңа көрсеткішіміз – 150-орын. Бұл біз үшін үлкен жетістік әрі жоғары жауапкершілік», – деп атап өтті ректор.

Айта кетейік, QS WUR әлемнің үздік университеттерінің тізімі 2004 жылдан бері жарияланып келеді. Ағымдағы жылы рейтингке әлемнің 100 елінен 2,5 мыңға жуық ЖОО қатысқан болатын.

16.06.2022

Асқар АҚАЕВ:

ҚазҰУ-мен 45 жылдан соң қауышқаныма қуаныштымын



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қырғыз Республикасының тұңғыш президенті, Ресей Ғылым академиясының академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақаев көшбасшылық дәріс оқыды.

Академик Асқар Ақаев білім ордасының басшылығы мен ұжымына жылы қабылдағаны үшін алғысын білдіре отырып, ҚазҰУ-ға 45 жылдан кейін келіп тұрғанын ерекше ілтипатпен жеткізді.

«ҚазҰУ-мен 45 жылдан соң қайта қауышқаныма қуаныштымын. Бүгінгі кездесуді ұйымдастырғандарыңыз үшін көп рақмет. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Орталық Азиядағы ең үздік университет. Биік табыстарға көптеген жоғары оқу орындары өте ұзақ жолдан өтіп жетеді. Бұл жұдырықтай жұмылып еңбек еткен білікті ұжымның жемісі», – деді профессор.

19.06.2022

Еуропа мен Азия елдері ректорларының кездесуі өтті



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Францияның Гренобль-Альпы университетінде Директорлар кеңесінің 8-ші отырысына қатысты.

«Campus in Campus» жобасы – ғылыми-білім беру ресурстарын ұлттық немесе институционалдық кедергілерсіз пайдалану мақсатында серіктес университеттер кампусын ортақ пайдалану бастамасы. Сонымен қатар серіктес университеттер «Campus in Campus» (CiC) жобасы аясында студенттер, оқытушылар құрамы мен әкімшілік қызметкерлердің ұтқырлығын арттыруы қажет.

ҚазҰУ 2019 жылдан бастап «Campus in Campus» жобасының қатысушысы болып табылады. Цукуба университеті (Жапония) мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы CiC меморандумына қара шаңырақта өткен QS World University Rankings форумы аясында қол қойылған болатын.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Еуропа мен Азия университеттерінің кездесуіне қатысуда. Директорлар кеңесінің 8-ші отырысына Цукуба университеті, Бордо университеті, Тайвань ұлттық университеті, Сан-Паулу университеті, Малайзия технологиялық университеті, Ирвандағы Калифорниялық университеті (CiC зерттеу серіктесі), Утрехт университеті (CiC зерттеу серіктесі), Гренобль-Альпы университеті, Огайо мемлекеттік университеті, Бохумның Рур университеті сынды әлемнің жетекші ЖОО-ларынан делегация келді.

ҚазҰУ делегациясының сапары аясында Гренобль-Альпы университеті, Цукуба университетімен қарым-қатынасты кеңейту уағдаластығы жасалып, Бордо университетімен екіжақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

24.06.2022

ҚР ғылым және жоғары білім министрі ҚазҰУ-ға келді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы келді. Министр білім ордасында атқарылған жұмыстармен және алдағы даму жоспарымен танысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев министрге ағымдағы оқу жылы жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарынан мағлұмат берді. Сонымен қатар оқу орнының стратегиялық даму жоспарында айқындалған міндеттерге тоқталды.

Жұмыс сапары кезінде министр оқу ғимараттарында болып, жаңарған оқу аудиторияларымен зертханалардың жай-күйімен танысты.

Бұдан кейін министр Әл-Фараби кітапханасында ұйымдастырылған ҚазҰУ-дың ғылыми жетістіктері көрмесін тамашалады.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев министрге ҚазҰУ құрылысының II кезеңі жайлы баяндап, жатақхана, оқу корпустары мен қызметтік тұрғын үйлер жобасын көрсетті.

Соңында министр оқытушы-профессорлар құрамымен ғылымды дамыту мәселелерін талқылады.

1.07.2022

ҚазҰУ-ға зерттеу университеті мәртебесі берілді



Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне зерттеу университеті мәртебесі берілді.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – әлемдегі ең үздік 150 университет қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз жоғары оқу орны.

Бір жыл ішінде білім ордасы QS WUR жаһандық рейтингі бойынша Топ-200 ішінде 25 позицияға жоғарылап, 175-орыннан 150-орынға көтерілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алдағы даму бағыты – әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігінде алға жылжу.

27.07.2022

МИФИ ҰЯЗУ филиалы ашылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен МИФИ ҰЯЗУ филиалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Бірлескен білім беру жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы «Қайғылы қаңтар сабақтары: қоғамның бірлігі – тәуелсіздік кепілі» атты отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған Ресейдің озық техникалық жоғары оқу орындары филиалдарын құру туралы стратегиялық міндетін орындау аясында жүзеге асырылуда.

Салтанатты шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, РФ ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Наталья Бочарова, «Росатом» мемлекеттік корпорациясы бас директорының персонал жөніндегі орынбасары Татьяна Терентьева, МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің ректоры Владимир Шевченко, РФ елшілігінің кеңесшісі Алексей Коропченко, ҚР Энергетика министрлігі

Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев, «Қазатомөнеркәсіп» және «Росатом» компанияларының өкілдері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және МИФИ филиалының профессорлары мен білім алушылары қатысты.

12.09.2022

Дәрілік өсімдіктерден биопрепарат дайындайтын өндіріс



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы» базасында өсімдік шикізаты негізінде инновациялық өнім әзірлейтін шағын өндірістің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараға ҚР ғылым және жоғары білім

министрі Саясат Нұрбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері мен білім ордасының ғалымдары қатысты.

Шара барысында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөз сөйлеп, өндіріс жұмысына сәттілік тіледі. Өз сөзінде министр отандық ғылымды дамытуда осындай өндірістердің көп болуы маңызды екенін жеткізді.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев дәрілік препараттар медицина саласындағы өзекті мәселелерді шешуге сеп болатынын айтты.

Орталықтың негізгі мақсаты – Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктерді зерттеу. Яғни ғылыми орталықтың нәтижелі жұмысы елімізде көптеген түйінді мәселелерді оңтайлы шешуге мүмкіндік береді.

12.09.2022

ҚазҰУ-да әлемдік трендтер мен үздік білім экспортының стратегиялары талқыланды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР ғылым және жоғары білім министрінің қатысуымен «Әлемдік білім беру кеңістігіндегі трансұлттық өзара әрекеттестік» атты VI орталықазиялық халықаралық форумы өтті.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев трансұлттық өзара іс-





қимыл және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелеріне арналған форум тақырыбының өзектілігіне тоқталып, зерттеу университеті – бұл білім мен ғылымның көп тармақты мәселелерін шешуге қабілетті модель екенін атап өтті.

Жиында сөз алған ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары білім сапасын арттыру жолындағы мақсат-міндеттерге назар аударды. Ведомство басшысы форум қатысушыларына көптеген мәселелерді алқалы түрде пысықтауды ұсынды. Оның қатарында жоғары білімнің қандай моделін, атап айтқанда: әлеуметтік тегін, тәуелсіз немесе аралас түрін енгізу мәселесін атады.

Сондай-ақ жиын барысында рейтинг жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) рейтингінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірінші орынды иеленді.

07.10.2022

Күрделі жөндеуден өткен №5 жатақхана қайта ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 356 орындық №5 жатақханасы күрделі жөндеуден өтіп, журналистика факультетінің студенттеріне салтанатты түрде қайта берілді. Осыған орай, оқу орнында БАҚ өкілдеріне арналған арнайы баспасөз туры ұйымдастырылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев студенттерді жаңа қоныстарымен құттықтады.

Одан соң университет басшысы журналистерге жатақхананың жөндеу жұмыстарының барысы жайлы әңгімеледі. Жөндеу кезінде ғимараттың сыртқы қасбеті жаңартылып, барлық бөлменің қабырғалары қайта сыланып, әрленді. Есік-терезе, еден



төсеніштері мен жиһаздар сатып алынды. Сонымен қатар электр жүйесі қайта жүргізіліп, жарық беруші шамдар жаңадан орнатылды. Әр секцияға заманауи душ кабиналары қойылып, санитарлық-техникалық жабдықтар ауыстырылды. Бұған қосымша, ғимараттың су құбыры мен кәріз жүйесі монтаждалды.

2.11.2022





ҚазҰУ ректоры Баспасөз қызметінің жұмысымен танысты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметімен және күрделі жөндеуден өткен жұмыс орнымен танысты.

Ректорды Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры – Баспасөз хатшысы Қаншайым Байдәулет қарсы алып, департамент жұмысы туралы ақпарат берді. Департамент қарамағына төрт басқарма және бір сектор кіреді. Баспасөз қызметі, «Farabi University» сайты, «Farabi Media» телестудиясы, «Qazaq universiteti» газеті






басқармалары мен Ақпарат және мониторинг секторы оқу орны басшысының тапсырмасымен қайта жасақталып, ректораттың 3-қабатына орналастырылды. Баспасөз қызметінің телестудиясы құрылып, түсірілім бөлмесі, дыбыс жазу және монтаждау бөлмесі қолдағы бар техникалармен жабдықталып, пайдалануға берілді.

Барлық бөлмелер мен дәлізге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, есік-терезелер, жылыту жүйелері ауыстырылды. Қабырғалары қайта сыланып, заманауи әрленді. Еден төсеніштері (ламинат) мен жарық беруші шамдар орнатылды. Электр көздері, интернет желілері қайта жүргізілді. Журналистер тиісті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жиһаздар жаңартылды.

Жансейіт Қансейітұлы Ақпарат және коммуникациялар департаментінің бірлесіп атқарған жұмысын жоғары бағалап, алдағы уақыттағы ұстанар бағыт-бағдарын айқындап берді.

Бірлігі мен тірлігі жарасқан ұжымға ризашылығын білдіріп, қызметтеріне толағай табыс тілеп, соңынан бірқатар нақты тапсырмалар берді.

4.11.2022

ҚазҰУ – Орталық Азияда бірінші жоғары оқу орны





Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ алғаш рет QS Азия өңірі жоғары оқу орындарының рейтингіне еніп, 44-орынға ие болды. Сондай-ақ ҚазҰУ «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингінде 1-ші орын алып, Орталық Азиядағы бірінші жоғары оқу орны болып танылды. 2023 жылғы шығарылымда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ QS Asia University Rankings рейтингінде үздік 6% қатарына енді.

2009 жылдан бастап жыл сайын шығарылатын QS Asia University Rankings рейтингі жыл сайын Азияның үздік университеттерін бөліп көрсетеді.

ҚазҰУ QS Asia University Rankings рейтингіне алғаш рет әлемге әйгілі Сингапур ұлттық университеті, Пекин университеті, Токио университеті, Малай университеті, Корея университеттерімен қатар алғаш рет қатысуда.

2023 жылғы Азияның үздік университеттерінің рейтингі 757 университеттің қыз-

метін талдады. Әдіс аймақ үшін мұқият таңдалған өнімділік көрсеткіштерінің жиынтығын ескере отырып, жаһандық рейтингтің негізгі көрсеткіштері сақталған.

QS Asia University Rankings рейтингін жасау үшін пайдаланылатын 11 көрсеткіштер келесідей: Академиялық бедел (30%); Жұмыс берушінің беделі (20%); Оқытушылар мен студенттердің арақатынасы (10%); Халықаралық зерттеу желісі (10%); Мақалаға дәйексөздер (10%) және оқытушылардың мақалалары (5%); Докторлық дәрежесі бар персоналдар (5%); Шетелдік оқытушылардың үлесі (2,5%) және шетелдік студенттердің үлесі (2,5%); Алмасу бойынша келген студенттердің үлесі (2,5%) және алмасу бойынша кеткен студенттердің үлесі (2,5%).

Бұл көрсеткіштердің барлығы үздік университеттердің қызметін объективті және толық сипаттайды. Жаһандық рейтинг нәтижелері бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жетістіктерін сараптай отырып, халықаралық рейтингтерде бірте-бірте және тұрақты өсуді көрсетіп, белсенді түрде алға жылжуда.

8.11.2022

Саясат НҰРБЕК:

ҚазҰУ жатақханадағы орын тапшылығын түімді шеше бастады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жатақханаларға күрделі жөндеу жүргізіп, бөлмелерді кеңейту арқылы орын тапшылығын шеше бастады. Осы тәсіл арқылы оқу орны алдағы уақытта жатақханалардағы орын санын 2000-ға көбейтуді көздеп отыр.

Бүгін ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен күрделі жөндеуден өткен №10 жатақхана қайта ашылып, студенттерге пайдалануға берілді.

Кездесу барысында министр Саясат Нұрбек





жаңарған жатақхана бөлмелерін аралап, студент жастармен пікірлесті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысының жатақхана тапшылығын шешу тапсырмаларына сәйкес атқарылған жұмыстарды атап өтіп, жатақхананың жөндеуге дейінгі және кейінгі жайкүйімен таныстырды.

Жөндеу кезінде ғимараттың сыртқы қасбеті жаңартылып, барлық бөлменің қабырғалары қайта әрленді. Есік-терезе ауыстырылып, әр секцияға заманауи душ кабиналары қойылды. Электр жүйесі қайта жүргізіліп, жарық беруші шамдар жаңадан орнатылды. Бұған қосымша, ғимараттың су құбыры мен кәріз жүйесі монтаждалды.

313 орындық жатақханаға тарих факультетімен қатар, химия және химиялық технология факультеті мен физика-техникалық факультетінің студенттері орналасты.

15.11.2022

ҚазҰУ-да Түркия Президенті Әкімшілігінің басшысы көшбасшылық дәріс оқыды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркия Республикасының Президенті Әкімшілігінің басшысы Метин Кыратлы бастаған делегация арнайы келді. Құрметті меймандар алдымен Әл-Фараби кітапханасында болып, университет ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалармен және ҚазҰУ қалашығының II даму жоспарымен танысты.

Кейін заңгер, тәжірибелі дипломат Метин Кыратлы оқытушы-профессорлар мен студенттер алдында көшбасшылық дәріс оқыды.

Жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, бауырлас мемлекеттер қарым-қатынасының маңызына мән беріп, оқу орнының түркиялық әріптестермен тығыз ықпалдастықта екенін жеткізді.

Өз кезегінде құрметті қонақ ҚазҰУ басшылығына ерекше қонақжайлығы үшін алғыс білдірді. Ол: «Атажұртқа келгеніме қуаныштымын. Көптеген ғылым саласында жоғары дәрежеде көрінген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биік мәртебесін сезініп тұрмын. Мен Түркия университеттері қауымдастығының мүшесімін. Сондықтан университетке артылар үлкен жауапкершілікті білемін», – деп ыстық лебізін жеткізді.

16.12.2022

Мамандарымыз Анталья қаласының көрікті жерлерін аралады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен және ұйымдастыруымен Түркияға тәжірибе алмасуға барған білім ордасының 50-ге жуық оқытушы-профессорлар құрамы мен жас ғалымдары Ақтеңіз университетіндегі тағылымдамадан кейін Жерорта теңізінің жағалауындағы Анталья қаласына саяхат жасады.

«Spice Hotel&Spa» бесжұлдызды қонақ үйінде тұрақтаған ұжымдастар «Карпуз калдыран» сарқырамасына, «Анталья калейчи» тарихи қалашығына барып, «Хадрян» қақпасын аралады. Соңында кеме туры арқылы теңіз ауасымен тыныстап, «Түнектепе» тауына барып қайтты. Бұл – Антальядағы туристер арасында ең танымал орындар. Әсіресе аты әлемге әйгілі, теңізге тікелей құятын жалғыз сарқырама Дюден өзенінің сағасында орналасқан.

«Карпуз калдыран» түрік тілінен аударғанда «қарбыз құлайды» дегенді білдіреді. Бұл






атаудың шығу тарихы мынадай: Дюден өзені бір кездері қарбыз бақшасын тікелей теңізге шайып әкеткен соң, жергілікті халық сарқыраманы осылай атап бастаған. Биіктігі 42 метр сарқырама өзінің ерекше атауымен де, көз тартар сұлулығымен де келушілерді тәнті етті.

Калейчи ауданы – курортты қаланың оңтүстік бөлігінде, Жерорта теңізінің жағасында орналасқан ескі аймақ. Рим империясының өркендеу кезеңінде құрылған қалашықта көптеген тарихи ескерткіштер орналасқан. Жаяу серуендесеңіз «Адриан» қақпасы, «Хыдырлык» мұнарасы, «Йивли» мұнарасы секілді тарихи орындарға тап боласыз. Бүгінде теңізге жақын орналасуының және туристік инфрақұрылымның арқасында аймақ туристер арасында таныла түскен. Осыдан бірнеше ондаған жыл бұрын Калейчидегі қараусыз қалған көне үйлер қалпына келтіру жұмыстарының арқасында тынысы ашылып, жаңа тарихтың куәсіне айналып отыр.

Ескі қаланың жаңа өміріне куә болған сапарымыз «Ақтеңіз» яхта туры серуенімен жалғасты. Одан әрі бізді Түнектепе тауы күтіп тұрды. Биіктігі 618 метр болатын шың басына «Телеферик» аспалы жолы арқылы жеттік. Бір кеңістікте әсем үйлесіп тұрған тау басындағы пейзаж бен теңіз сұлулығы көздің жауын алады.Осындай кереметтердің куәсі болған ҚазҰУ мамандары «Тағылымдама кәсіби ғана емес, тұлғалық тұрғыда да дамуымызға себепші болды» дейді.

21.12.2022

ҚазҰУ-да Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты ашылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Жаңадан ашылған институтта сирек кездесетін қолжазбалар мен көне кітаптарды кеңінен зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады. Мәселен, Әл-Фараби кітапханасының қорында 600-ден астам қолжазба толық зерттелмеген. Қазіргі таңда институт мамандары аталған қолжазбаларды, құнды деректер мен материалдарды сараптап, зерттеу жұмыстарын қолға алды.

Салтанатты шара аясында «Әлемнің этнотілдік бейнесі және түркі мұрасы» атты I халықаралық ғылыми конгресі өтіп, қатысушылар Қазақстандағы және әлемдегі түркітану мен алтайтанудың өзекті мәселелерін талқылады.

Жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, білім ордасындағы түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының жұмысына тоқталды.

«Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі түркологияның мамандық ретінде оқытылуы үлкен жетістік болды. Бүгінгі конгресс аясында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтын ашып отырмыз. Бұл осы саладағы мамандар мен жас ғалымдардың жаңа зерттеулеріне жол ашады», – деді университет ректоры.

23.12.2022



Кенжеғали Сағадиев аудиториясы ашылды





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, экономика ғылымының докторы, профессор Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев атындағы аудиторияның ашылу салтанаты өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Кенжеғали Әбенұлы өмір жолында Қазақстанның бес ірі жоғары оқу орнын басқарып, еліміздің экономика және білім саласының дамуына елеулі үлес қосты.

Айтулы шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі отандық ғалымдар, Экономика және бизнес жоғары мектебінің оқытушы-профессорлар құрамы және БАҚ өкілдері қатысты.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ түлегі, көрнекті ғалым Кенжеғали Сағадиевтің жетістіктеріне тоқталып, «Кенжеғали Әбенұлы әрдайым жас ғалымдарға қамқорлық жасап, білімді шәкірттер тәрбиелеп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Академик атындағы жаңа аудитория болашақ экономистерді, бизнес-менеджерлерді даярлау бойынша кәсіби шеберханаға айналады», – деп атап өтті.

Шарада сондай-ақ ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшанов, академик Сәбит Байзақов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, «Нұрсұлтан Назарбаев білім қоры» қоғамдық қоры директорының бірінші орынбасары Светлана Мырзабекова, академиктің жары Нағытай Кішкенова және басқа да ғалымдар мен қоғам қайраткерлері сөз сөйледі.

20.02.2023

Президент ҚазҰУ ректорын қабылдады



Кездесу барысында Мемлекет басшысына университеттің академиялық, ғылыми-зерттеу, инновациялық қызметінің нәтижелері және оқу орнын дамытудың жаңа бағыттары мен перспективалары баяндалды.

Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, бүгінде университетте 24 мыңнан астам студент, соның ішінде әлемнің 54 елінен 2,8 мың шетелдік азамат білім алады. 542 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр, ғылыми орталықтар мен ғылыми жобалар саны артқан. 2022 жылы АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Франция, БАӘ және Түркияның жетекші университеттерімен 30-дан астам келісімшарт жасалған. Ыстанбұл және Бішкек қалаларында ҚазҰУ-дың филиалдары жұмыс істейді. Алматыда университет базасында МИФИ (Мәскеу) филиалы ашылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр оқытушы-профессорлар құрамының жалақысы көтерілгені туралы баяндалды. Сонымен қатар оқу ғимараттарына, зертханаларға, жатақханаларға жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сот шешімі бойынша ҚазҰУ меншігіне екі жер учаскесі қайтарылды.

Президент университетті одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті және жоғары оқу орнының халықаралық мәртебесін нығайтып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту қажет екеніне назар аударды.

10.03.2023

Тәжірибелі түркітанушы ҚазҰУ-да екі апта семинар өткізді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде белгілі түркітанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Николай Егоров «Зерттеу университетінің дамуы аясында түркітану мен алтайтанудың өзекті мәселелері» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

«Көрнекті ғалым Николай Егоровпен 40 жылдан бері таныспыз. Түркология саласын зерттеуде көп еңбек сіңірді. 400-ден астам ғылыми жұмыстың авторы. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері», – деді көшбасшылық дәрісті ашқан университет басшысы Жансейіт Түймебаев.

Николай Егоров – Чуваш Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Халықаралық түркітанушылар қауымдастығы төралқасының мүшесі. Чуваш Республикасына сіңірген еңбегі үшін арнайы орденмен марапатталған. Ғалым Чуваш этнос және глоттогенезі, Алтай теориясын сыни тұрғыдан түсіну, болгар-чуваш тілдерінің ежелгі байланыстары туралы көптеген мақалалардың авторы.

Сөз соңында білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті қонаққа «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрметті профессоры» атағын табыстады.

Николай Егоров алдағы екі апта ішінде жүргізіп жатқан зерттеулері бойынша ҚазҰУ-да дәрістер мен семинарлар өткізіп, қазақстандық ғалымдармен кездеседі.

27.03.2023

Жас ғалымдар марапатталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы өтті.

«Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының жабылуына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, «Tanmedia Group» директорлар кеңесінің төрағасы, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының президенті Арман Қашқынбеков, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен жас ғалымдар қатысты.

«Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференциясы аясында ашық есік күндері, көрнекті ғалымдармен, саясаткерлермен кездесулер, зияткерлік ойындар, дөңгелек үстелдер, ғылыми пікірталастар, шеберлік сағаттары, көрме ұйымдастырылды. Конференция жұмысына 5000-нан астам студенттер, магистранттар мен жас ғалымдар белсене қатысты. Университет факультеттерінде жалпы 116 секция жұмыс істеді.

Конференция қорытындысы бойынша 48 студент Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың дипломымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

11.04.2023

ҚазҰУ-да Пенсильвания университетінің профессоры көшбасшылық дәріс оқыды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Пенсильвания университеті Халықаралық қатынастар мектебінің профессоры Деннис Джетт «Бейбітшілікті сақтау және қақтығыс эволюциясы» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Кездесуге оқу орнының басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамының өкілдері мен студент жастар жиналды.

Құрметті қонақты ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев таныстырды. Ол ғалым өмірінің маңызды кезеңдеріне тоқталды. АҚШ-тың бұрынғы елшісі Деннис Джетт – Пенсильвания университеті Халықаралық қатынастар мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ол Тель-Авивте ғылым атташесі, сондай-ақ АҚШ Мемлекеттік департаментінде бірқатар лауазымдарды атқарды. Ұлттық қауіпсіздік кеңесінде Президенттің арнайы көмекшісі және Африка істері жөніндегі аға директоры, АҚШ-тың Мозамбиктегі елшісі болды.

Перудегі демократияны нығайтудағы күш-жігері үшін 2001 жылы Перу үкіметінің Күн орденімен марапатталды, сондай-ақ Лиманың күнделікті La Republica және Frequencia Latina газеті, Channel 2 арнасының сыйлығын иеленді.

«Біз кездесу үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Сіздің дипломат, ғалым, мемлекет қайраткері ретіндегі дәрісіңіз студенттердің кәсіби дамуы мен жеке өсуі үшін өте құнды», – деп атап өтті университет басшысы.

Өз сөзінде шетелдік профессор университет шақыртуы үшін алғыс білдірді. Ол қазақ халқының қонақжайлығы мен дәстүрі, оқу орнының алға қойған биік жоспарлары және көне тарихына деген таңданысын жеткізді.

Бейбітшілікті сақтау тақырыбына арналған дәрісте Деннис Джет Аргентина, Израиль, Малави, Мозамбик және әлемнің басқа елдеріндегі қақтығыстарды шешу мәселелерімен тікелей айналысқан кездегі тәжірибесімен бөлісті. «Неліктен бейбітшілікті сақтау біз үшін маңызды? Әлемнің басқа нүктесінде қақтығыс болған кезде екі нұсқа бар: оны елемеуге немесе халықаралық қауымдастықтың ықпалымен тоқтатуға болады», – деп атап өтті спикер.

Дәріс соңында қатысушылар өздерін толғандырған түрлі сауалдар қойып, бейбітшіліктің құндылығы хақында пікір алмасты.

11.04.2023

ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңі басталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚазҰУ қалашығы құрылысы II кезеңінің басталуына байланысты естелік капсула салынды.

2022 жылы 1 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, қызметімен танысты. Президент ҚазҰУ қалашығы құрылысы II кезеңінің Бас жоспарына үлкен қолдау білдіріп, бекіткен болатын.

ҚазҰУ құрылысының II кезеңін бастау шарасына ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, бизнес және ғылым өкілдері, еліміздегі жоғары оқу орындарының ректорлары, ірі компания басшылары қатысты.

Жиында сөз алған ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бүгінгі бастаманың тарихи оқиға екенін айтты.

Өз кезегінде университет ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ құрылысының II кезеңін жүзеге асыру студенттер үшін жасалып жатқан бастама екенін жеткізді.

Кейін Саясат Нұрбек, Әлішер Әбдіқадыров



және Жансейіт Түймебаев келешек ұрпаққа жолдау жазылған хатты капсулаға салып, қалады.

Болашаққа жазылған хатта: «Біз ҚазҰУ-ды жаңғыртудың жаңа дәуірі қарсаңында тұрмыз. Бұл – университет үшін тарихи сәт. Міне, бүгін құрылысы басталғалы тұрған студенттер қалашығын жаңғыртудың II кезеңінде жасалатын жұмыстың бәрі сіздердің игіліктеріңіз үшін. Осы жатақханада тұрып, оқу корпустарында біліммен қаруланып, ертеңгі күні елге қызмет етеді деген үлкен үмітіміз, зор сеніміміз бар. Өйткені ел болашағы сіздердің қолдарыңызда», – делінген.

Жоспар бойынша қалашықта 14 700 орындық оқу ғимараттары, 12 мың шаршы метр әкімшілік корпустар, 35 000 шаршы метр емхана, 3000 шаршы метр спорттық-сауықтыру орталығы, қызметкерлерге арналған тұрғын үй, инновациялық орталық, ғылыми-зерттеу орталығы, технопарк және студенттер мен магистрларға, докоранттарға үш гектар жерге 12 мың төсек-орынға арналған жатақханалар бой көтереді.

Сондай-ақ қолданыстағы жатақханалар, оқу корпустары мен әкімшілік ғимараттар күрделі жөндеуден өтетін болады.

13.04.2023

Отандық ғылыми жобалар бизнес өкілдеріне таныстырылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым апталығы аясында «Ғылым және бизнес: Қазақстанның инновациялық даму жолдары» атты ғылыми-инновациялық көрме өтті. Онда қазақстандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары әзірлеген коммерцияландыруға дайын жобалар ірі компания басшылары мен бизнес өкілдеріне таныстырылды.

Көрменің басты мақсаты – ғылым-білім-өндіріс арасында байланыс арттыру, ғылымды бизнес арқылы дамыту.

Ауқымды шараға ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Мақсат Қиқымов және өзге де белгілі тұлғалар қатысты.

Көрмеде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Алматы технологиялық университеті, М.Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты, Ядролық физика институты және өзге де ЖОО мен ғылыми институт ғалымдары өз жобаларын болашақ бизнес-әріптестер назарына ұсынуға мүмкіндік алды.

13.04.2023

ҚазҰУ-да Түркі әлемі Ұлттық ғылым академиялары одағы президиумының VI отырысы өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым апталығы аясында Түркі әлемі Ұлттық ғылым академиялары одағы президиумының VI отырысы өтті.

Іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Түркі академиясы халықаралық ұйымының президенті Шаһин Мұстафаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Күнсұлу Закария, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті Қанатбек Әбдірахматов, Татарстан Республикасы Ғылым академиясының вице-президенті Дания Загидуллина, Түркия Ғылым академиясының президенті Музаффер Шекер және Әзірбайжан, Моңғолия, Башқұртстан, Өзбекстан Ғылым академияларының президенттері, Қазақстан және шетелдік ғалымдар, түркітанушылар, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Отырысты Түркі академиясы халықаралық ұйымының президенті Шаһин Мұстафаев құттықтау сөзбен ашып, бүгінгі шараның маңыздылығын атап өтті.

«Бүгінгі басқосу Қазақстандағы көшбасшы оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтіп жатыр. Президиум отырысында бауырлас мемлекеттердегі ғылымның жағдайын талқылаймыз. Сонымен қатар ғылым саласындағы серіктестікті дамыту жолдарын қарастырып, пікір алмасамыз», – деді Шаһин Мұстафаев.

Келелі басқосуда ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндама



жасап, Ғылым академиялары арасындағы ғылыми серіктестікті арттыру, ғылыми қоғамдастықты нығайту мәселесіне тоқталды.

«Еліміздегі ғылым саласы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында. ҚР Ұлттық ғылым академиясына Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» мәртебесі берілді. Түркі мемлекеттерінің арасындағы серіктестік тек қана экономика саласымен шектеліп қоймай, бүгінде ғылым, инновация, технология бойынша байланыс артып келеді», – деді министр.

Сондай-ақ басқосуда Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті Қанатбек Әбдірахматов сөз сөйлеп, тілі мен тарихы жақын, мәдениеті мен мүдделері ұқсас түркі әлемі үшін де ортақ ғылыми кеңістік қажет екенін жеткізді.

Кейін Қанатбек Әбдірахматов ТӘҰҒАО-дағы іс басындағы төрағалықты Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясынан Татарстан Ғылым академиясына тапсырды.

Жиында Түркі әлемі Ұлттық ғылым академиялары одағының басшылары өз ұйымдарының атқарып жатқан жұмыстары мен алдағы жоспарлары туралы баяндама жасады.

Отырыс ары қарай панельдік секцияларға жалғасты.

14.04.2023

ҚазҰУ ректоры Санкт-Петербор университеті «Технополис» ғылыми-зерттеу корпусының жұмысымен танысты



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев екі күндік сапары барысында Санкт-Петербор политехникалық университетінің «Технополис» ғылыми-зерттеу корпусының жұмысымен танысты.

Бұл зерттеу корпусы аясында ірі ресейлік және шетелдік компаниялармен бірлескен орталықтар құрылып, ортақ жұмыстар атқарылуда. Ресей өнеркәсібінің өзекті мәселелерін шешу үшін инженерлік кадрлар мен ғалымдар тобын даярлаудың серпінді ғы-

лыми-білім беру технологиялары әзірленуде.

СПбПУ ректоры Андрей Рудский және халықаралық қызмет жөніндегі проректор Д.Арсеньев ҚазҰУ ректорын «Технополис» орталығындағы зертханалар жұмысымен таныстырды. Аддитивті технологиялар зертханаларында, машина жасау, материалдар және көлік институтында, жеңіл материалдар мен конструкцияларда ғалымдар мен студенттер жұмыс істейтін жабдықтар мен жобалар ұсынылды.

ҚазҰУ ректорын соңғы ғылыми жаңалықтар және зерттеулермен таныстырған Анатолий Попович университет зертханаларында тұщы суды тазарту технологиясы, металдан жасалған 3В басып шығаруға арналған нейрожелі құрылғанына баса назар аударды. Сондай-ақ ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевқа инсульттан кейін емделушілерді оңалтуға көмектесетін ойын кешені және басқа да жобалар көрсетілді.


Бүгінгі таңда Санкт-Петербор университетінің ғалымдары мен студенттері қуатты «Политехникалық» суперкомпьютерлік орталықты пайдаланады. Ректор Жансейіт Түймебаев цифрландыру, цифрлық егіздер, модельдеу саласындағы «Әлемдік деңгейдегі ғылыми орталықтың» ірі жобаларымен танысты.

Экскурсия барысында зертхана басшысы М.В.Болсуновская «Деректерді ағынмен өңдеудің өнеркәсіптік жүйелері» зертханасында әзірленіп жатқан жобалар туралы да айтып берді.

21.04.2023



Асқар Ақаев Процестік инновациялар орталығымен танысты



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сапары аясында Қырғыз Республикасының тұңғыш президенті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры, Ресей Ғылым академиясының академигі, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері Асқар Ақаев Процестік инновациялар орталығының жұмысымен танысты.

Асқар Ақайұлына университет қабырғасында дайындалған «Al-Farabi-1» және «Al-Farabi-2» наноспутниктері туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар құрметті қонаққа білім беру мекемелерінде ғарыштық робототехника мен STEM білім беру жүйесін дамытуға арналған «ALFASAT» инновациялық конструкторы көрсетілді.

Сондай-ақ Асқар Ақаев Жерді қашықтықтан зондтау орталығының жұмысымен танысып, ғалымдардың жұмысына сәттілік тіледі.

15.05.2023

ҚазҰУ-да халықаралық қатынастар саласы мамандарының I форумы өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазіргі халықаралық қатынастар және дипломатия: Қазақстан Республикасының рөлі мен орны» атты халықаралық қатынастар саласы мамандарының I форумы өтті.

Форум аясында халықаралық қатынастар факультетінде ҚР Сыртқы саясаты және дипломатия залы мен Сараптама орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саясаты және дипломатияға қатысты кітаптар мен фотокөрме ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты – әлемдегі геосаяси өзгерістер дәуірінде Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын талқылау, ұлттық дипломатияның басым бағыттарын айқындау және халықаралық қатынастар саласындағы негізгі тенденцияларды талдау.

Жиынға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың



Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР төтенше және өкілетті елшісі, АӨСШК әскери-саяси өлшемдегі сарапшы Дулат Қуанышев, Еуропалық одақтың Қазақстан Республикасындағы елшісі Кестутис Янкаускас, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы басшысының орынбасары Исламбек Райымов, БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің Алматы қаласындағы өкілі Властимил Самек, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Оразалы Сәбден, дипломаттар, шетелдердегі өкілдер, сарапшылар, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қатысты.

Форум жұмысын ректор Жансейіт Түймебаев ашып, бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес отырысында: «Бүгін біз бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен әлемдік экономикадағы күшейе түскен дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Біздің алдымызда тұрған ерекше маңызды міндет – туындаған зор қауіп-қатерлер жағдайында халықаралық қатынастардағы тұрақтылыққа қол жеткізу», – деп атап өткен болатын. Бүгінгі басқосуда біз осы мәселелерді кеңірек сараптап, талдайтын боламыз. ҚазҰУ дипломатия мамандарын даярлаудың алғашқы «ұстаханасы» екенін ерекше айтқым келеді. Оқу ордасының халықаралық қатынастар факультетінде әлемдік деңгейдегі дипломат тұлға, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев дипломатиялық шеберлік сабақтарын жүргізіп, дәріс оқыған. Университет сапалы маман даярлау және ғылым мен білімді дамыту жұмыстарын заман талабына сай жалғастыра береді», – деді ректор.


Шара барысында Дулат Қуанышев, Кестутис Янкаускас, Исламбек Райымов, Сәбден Оразалы, Властимил Самек және т.б. қатысушылар баяндама жасап, өз ойларын ортаға салды.

«Қазақстан дипломатиясы өзінің бітімгерлік бастамаларымен әлемге танымал. Қазақстанның халықаралық мәртебесін нығайтуда отандық дипломатияның еңбегі зор болды. Бүгінде Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен сыртқы қарым-қатынас орнатып, барлық беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі атанды», – деді Еуропалық одақтың Қазақстан Республикасындағы елшісі Кестутис Янкаускас.

Пленарлық отырыстан кейін форум жұмысы секцияларда жалғасты.

15.05.2023

Қытай филиалы ашылады



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары аясында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ҚазҰУ-да ашу жөнінде келісілді.

Екі ел Президенттерінің қатысуымен өткен кездесуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен ҚХР Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чжан Сяо ынтымақтастық орнату және филиал ашу туралы келісімге қол қойды.

Солтүстік-батыс политехникалық университеті Сиань қаласында орналасқан. 36 мыңнан астам студент білім алатын жоғары оқу орнында аэронавтика, астронавтика және теңіз техникасы және т.б. техникалық бағыттар бойынша білім беру және зерттеу бағдарламалары бар.

Солтүстік-батыс политехникалық университеті Қытайдың техникалық бағытта білім беретін көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі.

ҚазҰУ-да ашылатын филиалда Қазақстан мен Орталық Азиядан келген студенттер білім алады. Кейін оқуын аяқтағаннан соң түлектерге екі университеттің дипломы беріледі.

Сонымен қатар келісім аясында оқытушылар алмасу және ортақ ғылыми зертханалар құрылатын болады.

17.05.2023

Ректор Сиань Цзяотун университеті президентімен кездесті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайға жұмыс сапары барысында Сиань Цзяотун университетінің президенті Ван Шугомен кездесті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Сиань Цзяотун университеті 2016 жылы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Бүгінгі жүздесуде тараптар меморандум аясында серіктестік бағыттарын кеңейтіп, ынтымақтастықты арттыру, студент және оқытушылар алмасу жұмыстарын жандандыру, ғылыми бағытта бірлесіп жұмыс жүргізу жолдарын талқылады.

ҚазҰУ басшысын қарсы алған Ван Шугомырза Сиань Цзяотун университеті туралы ақпарат берді.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев университет президентіне алғысын жеткізіп, ҚазҰУ-дың жетістіктері туралы айтып, алдағы жоспарлармен бөлісті.

«Алдағы уақытта ҚазҰУ-ға оқуға түсетін шетелдік студенттер санын арттыру жоспарда бар. Біздің университет өзінің ғылыми және білім беру қызметін табысты жалғастырып келеді», – деді ректор.

Жүздесуден соң ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Сиань Цзяотун университетінің музейін аралап, инфрақұрылымымен танысты.

19.05.2023

Ислам ынтымақтастығы ұйымының министрлері ҚазҰУ-да



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ислам ынтымақтастығы ұйымы министрлерінің бірінші кездесуі өтті.

Мұсылман әлеміндегі беделді ұйымның ресми өкілдерін ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қарсы алып, университеттің ғылыми инфрақұрылымымен таныстырды.


Құрметті қонақтар ҚазҰУ музейі мен Жағдаяттық басқару орталығын аралап, Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығына барды. Келесі кезекте Процестік инновациялар орталығында қонақтарды директор Әмірхан Темірбаев қарсы алып, инжиниринг және жоғары технологиялар кластері мен Жерді қашықтықтан зондтау орталығының тыныс-тіршілігімен бөлісті.

ҚазҰУ-дың Жерді қашықтықтан зондтау орталығында геоақпараттық жүйелер және ғарыштық суреттер негізінде әртүрлі салаларға арналған геоөнімдер дайындалады. Алынған мәліметтерді қолдану арқылы түрлі талдау жұмыстары жүргізіледі.

Мұнан соң Ислам ынтымақтастығы ұйымының министрлері ҚазҰУ Технологиялық паркінде болып, Әл-Фараби кітапханасында ұйымдастырылған ҚазҰУ мен өзге де жоғары оқу орындарының ғылыми жетістіктер көрмесін тамашалады.

25.05.2023

ҚазҰУ-дың интерактивті веб-сайты іске қосылды



Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаңа веб-сайты іске қосылды.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың тапсырмасына сәйкес, сайт оқуға құжат тапсыратын талапкерлер мен студенттерді және оқытушы-профессорлар құрамын университет қызметімен ақпараттандыруға арналған. Кәсіби талаптарға сай дизайнмен әрленген интерактивті сайт жеңіл басқарылады. Сонымен бірге университеттің электронды кітапханасымен, Univer, Power Bi аналитикалық жүйелерімен интеграцияланған. Сайтта студенттер мен талапкерлерге қажетті білім беру бағдарламаларын жедел іздеу жүйесі мен онлайн-төлем қызметі қосылды.

Навигациясы ыңғайлы сайт құрылымы екі рет басу арқылы қолданушыларға қажетті мәліметтерді жылдам табуға мүмкіндік береді.

Жаңа сайттың негізгі артықшылықтары:

– заманауи, қолдануға ыңғайлы UI / UX дизайн;

– икемді, масштабталатын микросервистік архитектура;

– барлық мобильді құрылғыларға жылдам бейімделеді;

– университеттің тұтас әрі бірізді экожүйесін қалыптастыру үшін барлық басқа веб-жобаларға негізгі сайттың дизайн жүйесі таралады.

Әзірге жаңа сайт www.farabiuniversity.kaznu.kz доменімен пилоттық режимде жұмыс істейді. 2023 жылдың 3 шілдесінен бастап www.farabi.university доменіне көшіріліп, толыққанды қызметіне кіріседі.

27.06.2023

География және табиғатты пайдалану факультетіне – 75 жыл



Биыл алғашқы ғылыми географиялық мектеп 75 жылдық мерейтойын атап өтуде. География және табиғатты пайдалану факультетінің қалыптасу кезеңі мемлекет тарихында орын алған маңызды айтулы оқиғалар мен қиын-қыстау кезеңдермен тұспа-тұс келді.

Факультет 1948 жылы 18 тамызда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қабырғасында құрылған геологиялық-географиялық факультетінің құрамында ашылды. Оның қалыптасу кезеңі соғыстан кейінгі жылдармен сәйкес келді. Сол кезеңде республика геологиялық бейіндегі инженерлер мен ғылыми қызметкерлерге, жоғары және орта жалпы білім беретін мектептің география пәнінің оқытушыларына аса мұқтаж еді. Республиканың халық шаруашылығы үшін географиялық бейіндегі мамандарға да қажеттілік зор болды.

Бастапқыда факультет геологиялық-географиялық бейінде ұйымдастырылып, екі кафедраның құрамында, яғни Жалпы геология және Жалпы географияда ашылды.

Факультеттің алғашқы кезеңінде студенттерді негізінен геологиялық бөлімге қабылдаудың артуына сәйкес, жаңа кафедралар ашыла бастады.

1953 жылға қарай геология-география факультетінде жалпы саны 530 студентті құрайтын алты кафедра жұмыс істеп, сол жылы алғашқы түлектерін түлетті. Сол кезеңдегі кафедралар: Жалпы геология, Минералогия және кристаллография, Пайдалы қазбалар кен орындарының геологиясы, Мұнай және газ геологиясы. 1961 жылы география факультетінің құрамында екі кафедра – Физикалық география және Экономикалық география болды, кейін Метеорология кафедрасы ашылды.

Бүгінгі таңда қазіргі заманның басты сынқатерлерін – тіршілік ету ортасының жаһандық және өңірлік өзгерістерін ескере отырып, география және онымен байланысты ғылымдар: геодезия және картография, жерге орналастыру, кадастр, ГАЖ технологиялар, метеорология, гидрология және туризм ұлттық қауіпсіздік пен еліміздің орнықты дамуының аса маңызды салалары болып табылады. Климаттың өзгеруі мен бейімделуі, су және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері алдыңғы қатарға шығады.

Тек география кеңістікті, аумақты, ресурстық әлеуетті жан-жақты бағалауға, болып жатқан процестерді үнемі бақылау негізінде шешім қабылдауға, бейімделудің және тұрақтылықты арттырудың тиімді тетіктерін жасауға мүмкіндік беретін маңызды тенденцияларды анықтауға көмектеседі.

Бүгінгі таңда география және табиғатты пайдалану факультетінің ұжымы республика экономикасының дамуына елеулі үлес қосуда. Факультет деканының міндетін атқарушы – Әлия Сағындыққызы Ақтымбаева. Факультет құрамына: География, жерге орналастыру және кадастр; Рекреациялық география және туризм; Картография және геоинформатика; Метеорология және гидрогеология; Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедралары кіреді.

Факультетте жетекші шетелдік университеттермен әріптестік негізінде ТМД кеңістігіндегі бірегей әрі алғашқы тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО-ның халықаралық кафедралары құрылғанын, оның басты міндеті Қазақстан Республикасының тұрақты инновациялық, энергоэкологиялық даму саласында бірегей мамандарды даярлап шығару болып табылатынын ерекше атап өткен жөн.

Бүгінде факультетті бітірген оның көптеген түлектері жоғары және орта білім беру мекемелерінде, «Қазгидромет» жүйесінде, сондай-ақ бүкіл ел бойынша экономикалық, су шаруашылығы, жерге орналастыру бейініндегі көптеген ғылыми-зерттеу және жобалау институттарында табысты еңбек етуде.

География және табиғатты пайдалану факультетінің ұжымын мерейтойымен құттықтаймыз! Сіздерге табыс және одан әрі шығармашылық өсу тілейміз!

18.08.2023

Ғылым және жоғары білім министрі ҚазҰУ Баспасөз қызметінің жұмысымен танысты



Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметімен танысты.

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры Қаншайым Байдәулет департамент құрамына кіретін Баспасөз қызметі басқармасының, «Farabi University» сайтының, «Farabi Media» телестудиясының, «Qazaq universiteti» газетінің, Ақпарат және мониторинг секторының жұмысына тоқталды.

Ректор Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасымен университеттің Баспасөз қызметі қайта құрылып, заманауи үлгіде жасақталған. Жаңа телестудия құрылып, түсірілім бөлмесі, дыбыс жазу және монтаждау бөлмесі қажетті техникалармен жабдықталып, пайдаланылуға берілді.

Барлық бөлмелер мен дәлізге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, есік-терезелер, жылыту жүйелері ауыстырылды. Қабырғалары қайта сыланып, заманауи әрленді. Еден төсеніштері (ламинат) мен жарық беруші





шамдар орнатылды. Электр көздері, интернет желілері қайта жүргізілді. Журналистер тиісті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жиһаздар жаңартылды.

Министр Саясат Нұрбек алдымен «Qazaq universiteti» газеті» басқармасының қызметімен танысты. 2022 жылдың қаңтар айында «Qazaq universiteti» газеті республикалық мәртебеге ие болып, «Қазпошта» каталогына енді. Газетке жазылу үшін Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасау жүйесі іске қосылды. Қазіргі таңда жазылушылар саны артып, басылым еліміздің әр өңіріне тарала бастады. Газеттің дизайны түбегейлі өзгертіліп, «Көшбасшылық дәріс», «Кемел», «Инновация», «Білім интеграциясы, «Менің университетім», «Студенттер айнасы» сияқты түрлі жаңа айдарлар ашылды.

Министр одан кейін «Farabi Media» телестудия басқармасының жұмысымен танысты. Студия телевизиялық бағдарламалар мен деректі фильмдерді түсіруге арналған. Қазіргі сәтте «Farabi Media» ютуб арнасы арқылы тарату үшін «Ойталқы», «ҚазҰУ-дың инновациялық жобалары», «Аптаның айшықты оқиғалары», «ҚазҰУ ғалымдарының дәрістері», «Талапкер», «Подкаст» және т.б. телебағдарламалар түсіріліп, көпшілік назарына ұсынылуда.


Министрге Ақпарат және мониторинг секторы атқарған жұмыстар да баяндалды. Аталған сектор университетте өтіп жатқан маңызды шаралар бойынша күнделікті баспасөз хабарламасын таратып, жарияланған ақпараттарға мониторинг жасап, сараптама әзірлейді. Сонымен қатар «Farabi. University» сайты басқармасында оқу орнының заманауи үлгіде жасалған жаңа сайты да таныстырылды. Бүгінде әлеуметтік желілердегі ресми парақшалардың дизайны ауысып, оқырмандар санын арттыруға күш салынуда.

Биыл Журналистер күні қарсаңында 3 қызметкер «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Саясат Нұрбек министрліктің Баспасөз қызметімен тығыз қарым-қатынаста бірлесіп жұмыс атқарып отырған ҚазҰУ-дың Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметіне оң баға беріп, шығармашылық ұжымға табыстар тіледі.

27.08.2023

Ғалымдар улы заттарды ыдыратудың тың әдісін ойлап тапты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары фотобелсенді материалдардың көмегімен органикалық және бейорганикалық улы заттарды молекулалық деңгейде ыдыратын инновациялық әдіс ойлап тапты.

«Берілген электрондық қасиеттері бар кең тыйым салынған аумақты ауыспалы металл оксидтері мен плазмонды нанобөлшектердің негізіндегі наноөлшемді қабықшалы құрылымдар» жобасы PhD доценті Ержан Мухаметкаримовтың жетекшілігімен жүзеге асырылуда.

Бүгінгі күні қоршаған ортаның органикалық және бейорганикалық улы заттармен ластануымен күресу – өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті жоба тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша құрлық экожүйелерін сақтауға негізделіп отыр. Ластанумен күресудің бір жолы – оларды фотобелсенді материалдардың көмегімен молекулалық деңгейде ыдырату. Ең тиімді фотобелсенді материалдар ZnO және TiO2 сияқты кең тыйым салынған аумақты шалаөткізгіштер болып табылады. Бұл материалдар арзан әрі улылығы төмен, химиялық құрамы тұрақты және практикалық қолдану үшін маңызды. Осы материалдардағы заряд тасымалдаушылардың энергиясы сәулелену әсерінен пайда болады. Ал осы тотығу-



тотықсыздану реакцияларын материал бетіндегі адсорбцияланған ластаушы макромолекулалардың ыдыратуына жеткілікті.

Үлкен тыйым салынған аумақтың (3 эВ-тан жоғары) әсерінен заряд тасымалдаушылар генерациясы тек ультракүлгін сәулесінің әсерінен пайда болады. Аталған шалаөткізгіштерді кең көлемде пайдалануын тежейтін басты мәселе де осы. Өйткені ультракүлгін сәулелер күн сәулесі спектрінің 4 пайызын ғана құрайды.

Сондықтан жоба барысында TiO2 және ZnO жұқа қабықшаларының құрамына алтын, күміс және олардың қоспалы асыл металл нанобөлшектерін енгізу арқылы олардың фотобелсенділігін арттыру мүмкіндігі зерттелінеді. Металл нанобөлшектері TiO2 және ZnO жұқа қабықшаларының көрінетін диапазондағы функционалдық сипаттамаларын жақсартады.

Фотоактивтілікті бағалау ультракүлгін және көрінетін жарықтың әсерінен бояғыштың ыдырау жылдамдығын талдау, электрохимиялық ұяшықтарды пайдалану арқылы фотоэлектрохимиялық өлшеулер сияқты әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады.

29.08.2023

«Мәдени мұра» ұлттық бұрышы ашылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасында «Мәдени мұра» ұлттық бұрышының ашылуы өтті.

Салтанатты шараға университет ректоры Жансейіт Түймебаев, БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі және Қазақстандағы БҰҰ Ақпараттық орталығының басшысы Властимил Самек, Пан Ги Мун орталығының қызметкерлері, оқу ордасының оқытушылары мен білім алушы жастар қатысты.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-да БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының 17 бағыты (ТДМ) бойынша іс-шаралар тұрақты атқарылуда. Еліміздің жетекші университетінің көптеген ғылыми-білім беру жобалары ТДМ аясында жүзеге асырылып, материалдық емес мәдени мұраны насихаттау, өмір сүру сапасын жақсарту, ұлт денсаулығын нығайту және экологияны сақтау мәселелерін қозғайды.

Университеттегі «Мәдени мұра» ұлттық бұрышы Тұрақты даму мақсаттарының 11-бағытында көрсетілген материалдық емес ұлттық мұраларды сақтау, қорғау және насихаттау көрсеткіштері бойынша қолға алынды.

Киіз үй түрінде жабдықталған арнайы бұрыш ерекше дизайнмен жасалып, ою-өрнектермен безендірілген. Қонақтар ұлттық киім, ұлттық аспаптар, ыдыс-аяқ түрлері және тұрмыстық заттармен танысып қана қоймай, түрлі кездесулер өткізе алады.

Ұлттық бұрыш шетелдік студенттерді, оқытушыларды және университет қонақтарын халқымыздың мәдениетімен және салт-дәстүрімен таныстыру мақсатында құрылған.

Сонымен қатар танымдық бұрышты суретке түсетін фотоаймақ ретінде пайдаланып, дәстүрлі әнші-күйшілердің өнерін бейнетаспаға жазып алу қарастырылған.

Ашылу салтанатына жиналғандар ұлттық бұрыштағы дастархан басына жайғасып, естелік суретке түсті.

29.08.2023

«Білім шырағы» жағылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1-курс білімгерлерін «Студенттер қатарына қабылдау» салтанатты кеші өтті. Кешке мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, қаламгерлер, кәсіпкерлер, қаржыгерлер, журналистер, блогерлер, эстрада жұлдыздары арнайы шақырылды.

Салтанатты шараға сондай-ақ шетел дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекеме басшылары, оқытушы-профессорлар қауымы мен білім алушы жастар қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев барша қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

«Биыл ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға ұмтылған 7436 талапкер ҚазҰУ-ға 1-курсқа қабылданды. Оның 4000-нан астамы мемлекеттік грант иелері. Бірінші курс студенттерінің арасында 637 «Алтын белгі» иегерлері мен 267 үздік оқушы бар. Магистратураға – 1340, докторантураға 278 адам түсті», – деді ҚазҰУ ректоры. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне 1098 адам қабылданды. ҚазҰУ жаңа оқу жылына жалпы саны 10 152 адам қабылдады. Қазіргі таңда ҚазҰУ-да 25 мыңға жуық студент бар, оның 2,5 мыңға жуығы әлемнің 50 елінен келген шетелдік студенттер», – деді ректор.

Сөз соңында ректор Жансейіт Түймебаев салтанатты жағдайда ақыл мен парасатты, ақиқат пен білімді бейнелейтін «Білім шырағын» жақты. «Студенттер қатарына қабылдау» кеші ерекше өтіп, шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Студенттер мерекесі фантастикалық лазерлік шоу мен би кешіне ұласты.

14.09.2023

Кемел Тоқаев аудиториясы ашылды



Көрнекті жазушы, еліміздегі детектив жанрының негізін қалаушы, журналист, қоғам қайраткері Кемел Тоқаевтың 100 жылдығы аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Кемел Тоқаев аудиториясы ашылды.

Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, тарихшылар, зиялы қауым өкілдері мен ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.



Жиылғандар алдымен ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасы қорындағы қаламгер кітаптарының көрмесімен, тарихи фотосуреттермен, газет мұрағаттарындағы құжат, мақалаларымен, майдандастарының естеліктерімен танысты.

Аудиторияның ашылу салтанатында университет басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, қайраткер қаламгердің еңбек жолына тоқталды. Өз сөзінде ректор Кемел Тоқаев қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаушы ғана емес, Орталық Азия әдебиетінде осы бағыттың дамуына ерекше үлес қосқан жазушы екенін атап өтті.

Сөз соңында университет басшысы: «Бүгінгі ашылып отырған Кемел Тоқаев аудиториясы болашақ журналист, қаламгерлерді шыңдайтын үлкен мектепке айналады деген сенімдемін», – деді ректор.

Шара барысында Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына орай басылып шыққан «Детектив дарабозы» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Кемел Тоқаев атындағы аудитория заманауи үлгіде безендірілген. Онда жазушының шығармалары, мақалалары жарық көрген басылымдар және қаламгер туралы жазылған кітаптар, фотосуреттер қойылған. Білім алушы жастардың емін-еркін сабақ оқуларына жағдай жасалған.

4.10.2023

Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы іске қосылды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына осы жылдың мамыр айында жасаған мемлекеттік сапары аясында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ҚазҰУ-да ашу жөнінде келісім жасалған еді.

Екі ел Президенттерінің қатысуымен өткен кездесуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен ҚХР-дың Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чжан Сяо ынтымақтастық орнату және филиал ашу туралы келісімге қол қойған болатын. Аталған келісім негізінде 12 қазанда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚХР Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы ашылды.

Салтанатты шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Солтүстік-батыс политехникалық университеті кеңесінің төрағасы Ли Янронг бастаған делегация, ҚХР Қазақстандағы бас консулы Цзян Вэй, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры



Жансейіт Түймебаев, ЖОО ректорлары, ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Алдымен Жансейіт Түймебаев пен Ли Янронг кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізіп, ҚазҰУ базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің (СБПУ) филиалын ашуда екіжақты қарым-қатынасты айқындайтын келісімге қол қойды. Кейін филиалдың салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

«Қазақстан үшін бұл маңызды оқиға деп санаймын. Елімізде алғаш рет Қытай университетінің филиалы ҚазҰУ-да ашылып отыр. Мақсат – ғылым саласында бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізу, техникалық бағытта студенттер даярлау және оқытушылармен алмасу. Бұл білім беру ұтқырлығын арттыруға көмек береді және географиялық кедергілерді азайтады», – деді университет ректоры.

12.10.2023

Қытай – Орталық Азия жоғары оқу орындарының форумы өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Бір белдеу – бір жол» бастамасының 10 жылдығына орай, Қытай – Орталық Азияның жоғары білім беру саласындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция: индустрия мен білім берудің интеграциясы» атты ынтымақтастық форумы өтті.

Ауқымды шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмет-Заки, Алматы қаласындағы ҚХР бас консулы Цзян Вэй, Сиань Цзяотун университетінің президенті Ван Шугуо, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, шетел дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекеме басшылары, ҚХР және Орталық Азия жоғары оқу орындарының ректорлары, ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастары қатысты.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың форум қатысушыларына жолдаған құттықтау хатын Мәлік Отарбаев оқып берді. Форумда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйледі.

«2023 жылдың 17 мамырында Қытай Халық Республикасында алғаш рет «Орталық Азия – Қытай» саммиті өткен болатын.

Жиынға Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан Президенттері қатысты. Аталған саммиттің жалғасы ретінде бүгін ҚазҰУ-да Қытай мен Орталық Азияның жоғары оқу орындары форумы өтуде. Бұл шара университеттер арасындағы білім және ғылым саласы бойынша ынтымақтастықты арттыруға бағытталған», – деді ректор.

Форум жұмысы панельдік сессияларда жалғасты. Онда қатысушылар Орталық Азия мен Қытай елдерінің жоғары білімін дамытудың стратегиялық мәселелері мен бағыттарын талқылады.

15.10.2023

Ректор Бейжіңде әл-Фарабиге қойылған бюсттің ашылуына қатысты



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзі білім алған Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында ортағасырлық философ, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабиге арналған бюсті салтанатты түрде ашу рәсіміне қатысты.



Ашылу рәсіміне ҚХР білім министрінің орынбасары Ван Гуанянь, университеттің Партия комитетінің хатшысы Ни Хайдун, ректоры Дуан Пэн және Мемлекет басшысына сабақ берген университет профессоры Лю Шицинь, ҚХР Мемлекеттік өнер мұражайының директоры, мүсін авторы У Вэйшань, сондай-ақ қазақстандық делегацияның құрамында барған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев та қатысты.

– Баршаңызға мәлім, әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы, оның әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі орасан зор. Әл-Фараби Қазақстан аумағында туып-өсті, білім іздеп көптеген елге барды. Математика, жаратылыстану, астрономия, филология және басқа да бірқатар ілімді дамытуға зор еңбек сіңірді. Адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ол философиялық туындыларында әділдік идеясына ерекше назар аударды. Қайырымды қоғам және үйлесімді мемлекет құру мәселесіне баса мән берді, – деді Президент Қ.Тоқаев.

Президент Бейжің лингвистикалық институтында тағылымдамадан өткен кезінде өзіне дәріс берген профессор Лю Шиниьмен де әңгімелесіп, оған зор денсаулық пен ұзақ өмір тіледі.

17.10.2023

Қытай ЖОО-ларымен тығыз байланыс орнады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында ғылым, білім саласындағы серіктестікті дамыту мақсатында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайдың ЖОО басшыларымен бірқатар келісімдер жасады.

Аталған халықаралық келісімдер негізінде ҚазҰУ мен Бейжің мұнай университеті энергетика саласында бірлесіп ғылыми кадрларды дайындайтын болады. Келісімнің мақсаты – энергетика секторында индустрияны бірлесіп дамыту және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін «Бір белдеу – бір жол» қауымдастығын құру.

Сондай-ақ келісім аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Бейжің шет тілдері университеті академиялық ұтқырлық бойынша оқытушылар мен студенттерді алмастыру жұмыстарын жандандырмақ.

Университетте бүгінге дейін Қытайтану кафедрасы мен Конфуций институты табысты жұмыс істеп келеді.

ҚазҰУ Қытай университеттерімен серіктестікте екі орталық ашты: Бейжің шет тілдер университетінде Қазақстан орталығы және Шанхай университетінде Қазақстан орталығы. Бұл орталықтардың негізгі ғылыми қызметі серіктестермен бірлесе отырып, қазақ тілін үйренуге арналған оқу-әдістемелік материалды құрастыруға және ҚазҰУ-да дайындалған оқулықтарды Қытайда қайта басуға бағытталған.

18.10.2023

Мемлекет басшысы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевты қабылдады



Президентке университеттегі маман даярлау ісінің, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы баяндалып, келесі жылы 90 жылдығын атап өтетін жоғары оқу орнының стратегиялық даму жоспары таныстырылды.

Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, қазір университетте жалпы құны 8,1 миллиард теңге болатын 400 ғылыми жоба іске асырылып жатыр.

Президенттің мамыр айындағы ҚХР-ға ресми сапары аясында ҚазҰУ-да Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу жөнінде келісімге қол қойылған болатын. 12 қазанда университет базасында аталған оқу орнының филиалы ашылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына 2024-2026 жылдары ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңі жүзеге асырылатыны жөнінде мәлімет берілді. Жаңа қалашықта 8 оқу корпусы, технопарк және 12 жатақхана бой көтермек. Жуық арада 3180 орындық 3 жатақхананың құрылысы басталады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев білім сапасын жақсарту, еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру және университет қалашығын жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

7.11.2023

ҚазҰУ Азиядағы үздік 30 ЖОО қатарына қосылды



QS Asia University Rankings халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша, ҚазҰУ Қазақстанда көшбасшылық орынға ие болды. Беделді рейтингте өз позициясын айтарлықтай жақсарта отырып, Азия университеттері арасындағы рейтингте үздік 4%-ға кірді. Бір жыл ішінде университет 15 позицияға көтеріліп, 856 қатысушы ЖОО арасында 29-орынға ие болды.

Жыл сайын жарияланатын QS Asia University Rankings рейтингі Азия университеттерін бөліп көрсетеді. Олардың ішінде ҚазҰУ Бейжің университеті, Сингапур ұлттық университеті, Корея университеті сияқты және т.б. әлемдік университеттермен қатар тұр.

Рейтинг әдіснамасында жаһандық рейтингтің негізгі көрсеткіштері сақталған, сонымен қатар осы аймақтағы университеттер үшін мұқият таңдалған тиімділік көрсеткіштерінің жиынтығы ескеріледі.

QS Asia University Rankings рейтингін жасау үшін 11 көрсеткіш пайдаланылады: академиялық бедел (30%); жұмыс берушілер арасындағы бедел (20%); оқытушылар мен

студенттердің арақатынасы (10%); халықаралық зерттеу желісі (10%); мақалаға дәйексөздер саны (10%); оқытушыға мақалалар саны (5%); ғылыми дәрежесі бар оқытушылар саны (5%); шетелдік оқытушылардың үлесі (2,5%), шетелдік студенттердің үлесі (2,5%); кіріс академиялық ұтқырлық бойынша студенттердің үлесі (2,5%), шығыс академиялық ұтқырлық бойынша студенттердің үлесі (2,5%).

Университеттің үздік нәтижелері білім беру процесін қамтамасыз ету саласында дәл көрсетілді: осы саладағы екі негізгі индикатор бойынша, оның ішінде оқытушылар санының студенттер санына қатынасы және ғылыми дәрежесі бар қызметкерлердің үлесі, университет сәйкесінше 100-ден 99,7 және 95,1 балл жинады.

ҚазҰУ-дың QS Asia University Rankings рейтингінде қарқынды ілгерілеуі бәсекелестіктің артуы жағдайында университеттің соңғы жылдары атқарған жұмысының айрықша нәтижелерін айғақтайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын жарқын жеңісімен құттықтаймыз!

8.11.2023

ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңін іске асыру жұмыстары пысықталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңін іске асыру жұмыстарын пысықтады.

Ректор инвесторлармен бірге қалашықта жаңадан бой көтеретін оқу корпустарының, жатақханалардың, инновациялық және ғылыми-зерттеу орталықтарының, емхананың орындарын аралап көрді. Сондай-ақ ғимараттардың дизайнымен танысты.

2022 жылдың 1 маусымында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, қызметімен танысқан болатын. Жұмыс сапары барысында Президент ҚазҰУ қалашығы құрылысы II кезеңінің Бас жоспарына қолдау білдіріп, бекітті.

Кейін ағымдағы жылдың сәуір айында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров және ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен II кезеңнің басталуына байланысты естелік капсула салынды.

Айта кетейік, жоспар бойынша қалашықта 8 оқу корпусы, 12 мың шаршы метр әкімшілік корпустар, 35 000 шаршы метр емхана, 3000 шаршы метр спорттық-сауықтыру орталығы, қызметкерлерге арналған тұрғын үй,






инновациялық орталық, ғылыми-зерттеу орталығы, технопарк және студенттер мен магистрларға, докторанттарға арналған 12 жатақхана бой көтереді. Жуық арада 3180 орындық үш жатақхананың құрылысы басталады.

Сондай-ақ қолданыстағы жатақханалар, оқу корпустары мен әкімшілік ғимараттар күрделі жөндеуден өтетін болады.

Қалашықты аралап болғаннан соң, ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев жауапты мамандарға жұмыстарды жүйелі және сапалы жүргізуді тапсырды.

16.11.2023

ҚазҰУ ғалымдары 4 млрд теңгенің мегагрантын ұтып алды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар конкурсында мегагрантты жеңіп алды. Грант көлемі – 4 млрд теңге.

Бағдарлама тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ) байланысты және Батыс Қазақстан өңіріндегі стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге бағытталған. Жоба үш жыл ішінде жүзеге асырылады. Осы кезеңде ғалымдар аймақтың тұрақты экологиялық-әлеуметтік-экономикалық дамуы, экология, су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау және басқару мәселелерінде шешім жолдарын табуы керек. Сондай-ақ жобаға қатысушылар топырақтың құрамы мен сапасына талдау жүргізіп, техногендік бұзылулардан, су объектілерінің таязданuынан, атмосфералық ауаның мұнай өнімдерімен және улы химикаттармен


ластануынан туындаған топырақ жамылғысының тозу деңгейін анықтауы тиіс.

Ғылыми жобаның жетекшісі, география ғылымының докторы Мәулкен Ақышқызы Асқарованың айтуынша, бағдарлама өте ауқымды және зерттеулер Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында жүргізілетін болады. «Өңірдегі экономикалық қызмет нәтижесінде эрозиялық процестердің, жайылымдық депрессия мен шөлейттену проблемаларының барын анықтау үшін зерттеулер жоспарлануда. Бағдарламаның мақсаты Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуын (УР) қамтамасыз ету бойынша кешенді зерттеулер жүргізу болып табылады», – деді М.Асқарова.

Бағдарлама орындаушылары: «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ, «У.М.Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты» ЖШС, «Ө.О.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Балық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, «Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті» КеАҚ, «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ, ҚР ЭБЖМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК, ҚР ҒЖБМ ҒК «Экономика институты» ШЖҚ РМК.

Жоба қатысушылары қордаланған мәселелерді зерделеу үшін шешімдер ұсынып, сапалы зерттеудің заманауи әдістерін қолданатын болады.

25.11.2023



ҚазҰУ QS Sustainability рейтингінде топ бастады



QS Sustainability Rankings халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша ҚазҰУ әлемдегі үздік 500 университет санатына қосылды.

«Басқару моделі» индикаторы бойынша университет қазақстандық жоғары оқу орындары арасында ең жоғары нәтиже көрсетіп, әлемнің үздік 200 ЖОО қатарына енді.

Биыл алғаш рет өткен рейтингте ҚазҰУ 95 мемлекет пен аймақ бақ сынаған әлемнің 1397 университеті арасында 447-орынды иеленді.

QS Sustainability – университеттердің білім беру және ғылыми зерттеу орталықтары ретіндегі әлеуметтік және экологиялық әсерін бағалайды.

Рейтинг әдіснамасына үш индикатор бойынша көрсеткіштер енгізілді: «Қоршаған ортаға әсер ету» (тұрақтылық, білім беру, зерттеу) – 45%, «Әлеуметтік әсер» (тең

жағдай жасау, білім алмасу, білім беру және ғылыми қызметтің тиімді әсері, түлектерді жұмысқа орналастыру, денсаулық және әл-ауқат) – 45%, басқару моделі – 10%.

«Қоршаған ортаға әсер ету» санатында тек ҚазҰУ әлемдегі ең үздік 500-дің қатарына кіреді. Мансаптық даму мүмкіндіктері мен жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды бағалайтын «Түлектердің жұмысқа орналасуы» индикаторы бойынша ҚазҰУ барлық қазақстандық жоғары оқу орындарының ішінен ТОП-1000-ға енген жалғыз университет.

Университет жетістігі ҚазҰУ-дың БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабы ретіндегі белсенді қызметімен байланысты. Бұл жаһандық проблемаларды шешудің халықаралық үдерісіндегі басты білім ордасының бірі ретінде Қазақстанның рөлін күшейтуге және Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың елімізде Орталық Азия мен Ауғанстан үшін тұрақты даму мақсаттары бойынша өңірлік хаб құру жөніндегі бастамасын ілгерілетуге ықпал етеді.

Университеттің осы бағыттағы көпжылдық нәтижелі жұмысы мен ғылыми-білім беру әлеуеті қазіргі заманғы әлемді дамытудың жаһандық тренді болып табылатын тұрақты даму саласындағы жоғары бәсекеге қабілеттілігін айғақтайды.

7.12.2023

Қытай университеттерінің көрмесі өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытай университеттерінің көрмесі өтті. Шараны ҚазҰУ мен ҚХР стипендиялық кеңесі және Алматы қаласындағы ҚХР бас консулдығы ұйымдастырды.

Көрмеде Қытайдың 45-ке жуық ең үздік университеті академиялық қызметі туралы ақпарат беріп, ғылыми жетістіктерімен бөлісті. Сондай-ақ білім алушы жастарға халықаралық бағдарламалар арқылы оқуға түсу мүмкіндіктерін таныстырып, қабылдау ережелерін түсіндірді.

Көрменің ашылуына ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмет-Заки, Қытай стипендиялық кеңесі бас хатшысының орынбасары Тьян Лулу, ҚХР-дың Алматыдағы бас консулы Цзян Вей, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, Қытай және Қазақстан ЖОО-ларының басшылары мен білім алушы жастар қатысты.

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізіп, шараның табысты өтуіне тілектестік білдірді. «Мемлекет басшысы ағымдағы жылы Қытайға екі рет ресми сапармен барып, бірқатар келісімдерге қол жеткізді. Президент өз сөзінде атап өткендей, бүгінгі таңда екі ел арасында ынтымақтастықтың алтын көпірінің 30 жылдығы басталды. Сауда-саттық, мұнай-газ, көлік-транзит және жоғары технология салаларындағы жанжақты ықпалдастық артып жатыр. Соның ішінде ғылым және жоғары білім саласында бірлескен инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда», – деді Мәлік Отарбаев.


Өз кезегінде Дархан Ахмет-Заки ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын оқып берді.

Жиында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Қытай университеттері көрмесінің ҚазҰУ-да өтуі Қазақстанның білім, ғылым саласындағы елеулі оқиға екенін атап өтті. «Қазіргі таңда ҚазҰУ Қытайдың 51 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатып, тығыз жұмыс істеуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға ресми сапары аясында оқу ордасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу жөнінде келісімге қол жеткізілді. Ағымдағы жылдың қазан айында аталған филиал ашылып, жұмысын бастады. Мақсат – ғылыми бағытта бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізу, студент даярлау және оқытушылар алмасу», – деді ректор Жансейіт Қансейітұлы.

Жиын соңында қатысушылар көрмені аралап, Қытай мен Қазақстан делегациясы шағын құрамда келіссөз жүргізді.

8.12.2023

Үш жатақхананың құрылысы басталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әрқайсысы 1060 орындық, жалпы 3180 орынға арналған заманауи үш жатақхана құрылысының іргетасын қалау рәсімі өтті. ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңі аясында салынғалы жатқан жатақханалар 2024 жылдың күзінде аяқталады деп жоспарлануда.

Тоғыз қабатты үш жатақхананың жалпы ауданы 49 703,94 шаршы метрді, ал ғимаратты салуға бөлінген аумақ 1,24 гектарды құрайды. Студенттер үйінің әр қабатында заманауи оқу залдары, демалыс орындары, асхана, кофехана, спортзал, тұрмыстық бөлмелер қарастырылған. 70 шаршы метрлік толыққанды жабдықталған бір бөлме төрт адамға арналған.

Оның ішінде үш жатақханада инклюзивті білім беру талаптарын орындау мақсатында мүмкіндігі шектеулі білім алушы жастарға арнайы 132 төсек-орын қарастырылған.

Салтанатты шараға университет басшылығы, ҚазҰУ ардагерлері, инвесторлар, БАҚ өкілдері, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

2022 жылы 1 маусымда Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қызметімен танысып, ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңінің бас жоспарына үлкен қолдау білдірген болатын. Ал ағымдағы жылдың 7 қараша күні Мемлекет басшысы білім ордасының Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевты қабылдап, университет қалашығын жаңғырту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Жаңадан бой көтеретін жатақханалар Президент тапсырмасымен, ҚР Үкіметінің қолдауымен жүзеге асып отыр. Сәуір айында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров және ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен II кезеңнің басталуына байланысты естелік капсула салынды.

Құрылыстың басталу рәсімінде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев: «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету – маңызды мәселе. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек», – деп атап өткен болатын. ҚазҰУ-дың II даму жоспары бойынша қалашықта жалпы 12 жатақхана, 8 оқу корпусы бой көтереді. Басты мақсат – білім алушылар үшін тұрғын-жай тапшылығын қысқарту.

Жаңа жыл қарсаңында төрт оқу корпусы, қаңтар айында 35 000 шаршы метр емхана құрылысы басталады. Медициналық орталықта емхана, медицина және денсаулық сақтау факультеті, стоматология жұмыс істейтін болады. Бұған қоса, қызметкерлерге арналған тұрғын-жай, инновациялық орталық, IT хаб, спорттық-сауықтыру орталығы т.б. ғимараттар салынады.

ҚазҰУ қалашығының II даму жоспары алдағы уақытта кезең-кезеңімен жүзеге асырылмақ. Бұл құрылыс жұмыстары алдағы үш жылға жоспарланып отыр. Алдағы күзде ҚазҰУ 90 жылдығын салтанатты түрде атап өтеді. Бұйыртса, осы қуанышқа орай, алғашқы жатақхана пайдалануға беріледі», – деді.

Сөз соңында Жансейіт Қансейітұлы жатақхана құрылысының басталғанын ресми жариялап, инвесторлармен бірге студенттер үйінің іргетасын қалады.

15.12.2023





ҚХР білім вице-министрі ҚазҰУ-ға келді




Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жұмыс сапарымен келген Қытай Халық Республикасының білім вице-министрі Сун Яо бастаған делегациямен оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Жүздесуге ҚХР Білім министрлігі жанындағы Пекин ынтымақтастық және тілдерді даярлау орталығының директоры Ма Цзяньфэй, Ланчжоу университетінің вице-президенті Гоу Сяохуа, Солтүстік-батыс политехникалық университетінің вице-президенті Чэнь Цзянью, Еуропа және Орталық Азия елдері департаментінің халықаралық ынтымақтастық және алмасу бөлімінің бастығы Луй Цзяньцин және т.б. лауазымды тұлғалар қатысты.

Жансейіт Түймебаев Сун Яо мырзаға оқу ордасына арнайы келгені үшін алғыс білдіріп, бүгінгі кездесу ҚазҰУ мен Қытай ЖОО-ларымен ғылым мен білім бағыты бойынша серіктестікті дамытуға серпін беретінін айтты.

«Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыс күннен-күнге артып келеді. Оған дәлел – екі мемлекет басшыларының жиі кездесуі. Соңғы уақытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қытай университеттерімен байланысты жандандырып келеді. Жақында білім ордасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын аштық. Бұл үлкен бастама болды. Себебі бұл Қытай ЖОО-ларының Қазақстанда ашылған алғашқы филиалы. Бүгінгі кездесу ауқымды жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп ойлай-



мын. Алдағы уақытта ҚазҰУ базасында «ҚазҰУ-Қытай ғылыми орталығын» құру туралы ұсынысымды жеткізгім келеді. Орталық техникалық бағытта ғылыми зерттеулер жүргізуге және ҚазҰУ-дағы дайын инновацилық жобаларды Қытай арқылы өндіріске шығаруға мүмкіндік береді деп санаймын», – деді ректор.

Өз кезегінде Қытай Халық Республикасының білім вице-министрі Сун Яо ілтипат білдіргені үшін университет басшылығы мен ұжымына ризашылығын жеткізіп, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«ҚазҰУ-мен жақсы серіктес болатынымызға сенімдімін. Болашақта ҚазҰУ-дың өзге де университеттермен әріптес болуына көмектесеміз. Ланчжоу университеті химия саласы бойынша әлемде 50-орын алады. Сондықтан Ланчжоу университетімен бірлесіп докторанттарды дайындасаңыздар, өте жақсы болар еді. Сонымен қатар докторанттарды даярлауда ҚазҰУ Ланчжоу университетімен және Солтүстік-батыс политехникалық университетімен академиялық ұтқырлық бойынша оқытушыларды алмасу жұмыстарын жүргізу қажет деп санаймын», – деді вице-министр.

Кездесуде тараптар аталған ұсыныстарды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

Жүздесуде ҚХР-дың Алматы қаласындағы бас консулы міндетін атқарушы Чжун Хуа ханым да сөз сөйледі.

Сонымен қатар келіссөз барысында қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ланчжоу университетінің вице-президенті Гоу Сяохуамен және ҚХР Білім министрлігі жанындағы Пекин ынтымақтастық және тілдерді даярлау орталығының директоры Ма Цзяньфэймен келісімге қол қойды.

Университетке жұмыс сапары барысында Сун Яо бастаған делегация жуырда ашылған Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын аралап, студенттермен әңгімелесті. Сондай-ақ Қытайтану кафедрасы және Конфуций институтының қызметімен танысты.

24.12.2023

Байқау жеңімпаздары анықталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орай, ҚазҰУ логотипін жаңартуға арналған дизайнерлер, магистранттар, студенттер арасындағы байқау мәреге жетті.

2024 жылдың 15 қаңтарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толады.

Осыған орай, 2023 жылдың қараша айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз логотипін жаңарту үшін республикалық байқау жариялаған еді. Ұйымдастыру алқасына 80-нен астам үміткер қатысып, өз жобаларын ұсынды.

Университет басшылығы мен белгілі дизайнерлерден құралған комиссия мүшелері байқауға келіп түскен жұмыстарды сарапқа сала келе, жеңімпаздарды анықтады.



Бірінші орын алған жұмыс байқау комиссиясына «Farabi» лақап атымен жіберілген. Суретші-дизайнер аты-жөнін жарияламауды

сұрап, жобасы жеңімпаз атанған жағдайда жүлде қорынан бас тартатынын жеткізген. Сондай-ақ оқу орнының түлегі ретінде университеттің 90 жылдығына айрықша тарту жасағысы келетінін, авторлық құқығын университетке сыйлайтынын атап көрсеткен. Қазылар алқасы бірауыздан осы жобаны үздік деп таныды. 2-орынды дизайнер Ерболат Кісімісов, 3-орынды дизайнер Бейсен Серікбай иеленді.

Бұдан бөлек, белсенділік танытқан төрт қатысушы ынталандыру сыйлығына лайық деп табылды. Байқау жеңімпаздарына қаржылай сыйлық пен сертификаттар тапсырылды.

29.12.2023









FARABI
UNIVERSITY



FARABI UNIVERSITY


FARABI UNIVERSITY
KITAPHANA
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY







FARABI UNIVERSITY
NAME SURNAME
Position
FARABI UNIVERSITY
GUESS


FARABI
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
1934
FARABI UNIVERSITY


FARABI
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
1934
В рейтинге QS World University Rankings по странам Восточной Европы и Центральной Азии (QS World University Rankings EECA 2022) КазНУ занимает 16 место. КазНУ имени аль-Фараби стал первым вузом в Центральной Азии, который занимает 201-250 место из 550 вузов в Рейтинге трудоустройства выпускников (QS Graduate Employability Rankings).
По результатам исследований Британского агентства «Times Higher Education» КазНУ занимает позицию 1001-1200, в рейтинге Asia University Rankings занимает 401-500 место, THE Emerging Economies rankings - 351-400, в рейтинге THE Impact Rankings — 801-1000 место.
В глобальном рейтинге самых экологичных университетов «UI Green Metric Ranking of World Universities» университет занимает 212 место.
WWW.KAZNU.KZ


FARABI UNIVERSITY





Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2021 жылдан бері дәстүрлі жалғасын тауып келе жатқан бағыттардың бірі – әлемдік деңгейдегі шетелдік ғалымдарды, сондай-ақ қазақстандық қоғам және мемлекет қайраткерлерін арнайы шақырып, студенттер мен оқытушыларға дәріс оқуға тарту. Бұл әр сала бойынша жоғары технологияларды, ғылыми бағыттарды дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылымға жастардың келуін ынталандырады. «Көшбасшылық дәріс» айдарында көрнекті ғалымдар өз ойларымен бөліседі.

Базбек ДАВЛЕТОВ,
почетный ученый-нейробиолог Великобритании, профессор Шеффилдского университета:

С радостью принял приглашение КазНУ

Одна из главных задач, поставленных перед ВУЗ-ами нашим правительством – привлечь в казахстанские вузы учёных с мировым именем, в частности, выдающихся соотечественников, проживающих за рубежом, с целью поддержания отечественной науки, образования и высоких технологий, стимулирования притока молодёжи в эту сферу. Известно, что большая часть мировых научных мозгов на сегодня сконцентрирована в США и в ведущих странах Европы. В этих странах были созданы все условия по привлечению и взращиванию талантливых иностранных постдоков и аспирантов.

В свою очередь КазНУ им. аль-Фараби по примеру лучших зарубежных университетов сегодня занимается созданием услрвий для научного партнерства. Так, кафедра биофизики, биомедицины и нейронауки КазНУ им. Аль-Фараби установила связь и обсудила возможности дальнейшего сотрудничества с известным в нейробиологии ученым Базбеком Абубакировичем Давлетовым, профессором Шеффилдского университета, почетным ученым-нейробиологом Англии. Кафедра – первая в стране и во всем центрально-азиатском регионе открывает новую специальность «Нейронау-



ка». Это дает возможность развивать данное научное направление совместно с выдающимся и всемирно-известным ученым-нейробиологом, профессором Б.А.Давлетовым. Он является создателем ряда новых уникальных технологий в молекулярной области и нейробиологии. В частности, в области развития новых лекарств-анальгетиков с длительным эффектом с использованием SNAP 25 протеазы к избранным молчащим типам нейронов, снижения боли с использованием ботокса. Доктор биохимии, профессор, заведующий лабораторией молекулярной биологии Кембриджского Центрального института Базбек Давлетов по приглашению ректора КазНУ Жансеита Туймебаева на днях прилетел из Великобритании в Алматы для обсуждения научного сотрудничества, подготовки совместных научных проектов и осуществления научных консультаций магистрантов и PhD докторантов КазНУ имени Аль-Фараби. Перед отъездом в Кембридж Базбек Давлетов дал эксклюзивное интервью для газеты «Қазақ университеті».

– Базбек Абубакирович, начнем с традиционного вопроса, расскажите о себе: где учились, где довелось поработать, как за границей оказались?

– Родился в городе Бишкеке, в то время Фрунзе назывался. До 7-го класса учился в школе-интернате № 4, а с 8-го класса перешел в СШ № 9, которая тогда считалась одной из лучших школ с физико-математическим уклоном. Участвовал в различных олимпиадах и занимал передовые места по математике, по физике. В итоге меня пригласили в физико-математическую школу при Новосибирском Государственном университете, которая в то время обучала одаренных детей азиатского региона СССР. Там я закончил 10-й класс. Мечтал поступить в МГУ им. Ломоносова, где учился мой отец. У меня уже тогда была конкретная цель – изучать работу мозга. Твердо решил поступить на биологический факультет. В 1980 году приехал в Бишкек, хотел документы сдать на биофак МГУ, но тогда направление давали строго по распределению, мне предложили биохимию, которая меня меньше интересовала. Оказалась биохимия наука новая, инновационная, меня затянула. По окончании МГУ вернулся в Бишкек, где два года проработал в кардиологии М.Миррахимова в биохимической лаборатории, которая сейчас разрослась до размеров института. 1987 г. вернулся в Москву, на стажировку, а затем, чтобы продолжить свои исследования, поступил в аспирантуру. В это время близился развал Союза, открылась дорога на Запад. Моими работами заинтересовался авторитетный в своей сфере американский профессор в Далласе, штат Техас. Этот человек является крупнейшей величиной в области молекулярных исследований мозга. Он пригласил меня к себе, в Даллас, где через три года я защитил кандидатскую и за тем докторскую диссертации. Спустя год после защиты меня пригласили в Имперский колледж в Лондоне. Отучившись там еще два года, я подал заявление в Кембриджский центральный институт, он называется Медицинский Совет Великобритании по молекулярной биологии с тем, чтобы поступить на должность заведующего лабораторией. Учитывая мои исследования, проведенные до этого, публикации в крупнейших научных изданиях и т.д., меня сразу же взяли, хотя на место претендовало 120 человек. И с тех пор я работаю в этом институте. После нескольких лет испытательного срока мне предоставили пожизненный пост заведующего лабораторией. В этом я увидел больше возсожности в перспективе для развития в профессиональной и научной деятельности.

– Вы в течение 15 лет были руководителем программы лаборатории по молекулярной биологии в Кэмбридже. Расскажите об этом учебном заведение, которому 800 лет.

– Да, Кембриджский университет один из старейших в мире. Конечно же, в первую очередь, это престиж. Концентрация образованных людей в Кембридже высока, и это

Профессор Шеффилдского университета (США), почетный ученый-нейробиолог Кембриджского университета (Англия) Базбек Абубакирович Давлетов родился в 1963 году в городе Фрунзе (Бишкек).

В 1980 г. поступил в биохимический факультет МГУ им. Ломоносова, по окончании два года проработал в кардиологии М.Миррахимова в биохимической лаборатории в городе Бишкек. 1987 г. вернулся в Москву, на стажировку, а затем, чтобы продолжить свои исследования, поступил в аспирантуру. В это время близился развал Союза, открылась дорога на Запад. Его работами заинтересовался авторитетный в своей сфере американский профессор в Далласе, штат Техас. В Далласе защитил кандидатскую и докторскую диссертации. Спустя год после защиты приглашен в Имперский колледж в Лондоне. Отучившись там еще два года, в 2004 году переводится в Кембриджский Центральный Институт, который называется Медицинский Совет Великобритании по молекулярной биологии. После нескольких лет испытательного срока ему предоставили пожизненный пост заведующего лабораторией.

обогащает. Институт, в котором я работал называется Медицинским советом молекулярной биологии. Здесь самая сильная лаборатория в мире. В стенах нашего института трудились 12 нобелевских лауреатов — именно здесь были открыты ДНК, антитела, протеины. Эти открытия были совершены лишь благодаря тому, что ученым была предоставлена полная свобода. Англичане в институте составляют примерно пятую часть. Большинство нобелевских лауреатов также не были англичанами. Из СНГ я единственный, кто заведовал лабораторией. Главной лабораторией является наша – молекулярной биологии. В ней 5 департаментов нейробиологии, в которой 10 групп. У ученых очень привилегированное положение, поскольку институт набирает самых лучших ученых мира. Большинство же ученых работают по контракту, в жестких условиях. Наша работа – фундаментальные исследования. У меня, например, нет регламентированного рабочего дня, есть полная свобода в исследованиях.

– Какие научные открытия сделала лаборатория под Вашим началом?

– Под моим руководством нами было определено, что молекулы SP-BOT and Derm-BOT способны подавить активность болевых нейронов у мышей с хронической болью. Проводились исследования translation-inhibitingenzymes (Tie-s) /тормозных энзимов для лечения онкологии, результаты которых будут использованы для дизайна

новой мультифункциональной терапии, включающей антитела, их фрагменты, энзимы и малые интерферирующие РНК. Нам с коллегами удалось разделить молекулы ботокса на два отдельных строительных блока, чтобы сделать их более безопасными. Затем эти блоки были сведены вместе. Разработанный в Кембридже новый метод обеспечивает очищенные молекулы ботокса, которые позволяют использовать косметическое средство для широких клинических нужд, не опасаясь за его побочный токсический эффект.

– Что из себя представляет препарат ботокс?

– В свое время я занимался исследованием токсинов, выделяемых из яда каракурта. Он использовался для изучения нервной передачи. Через много лет моя работа вновь имеет отношение к этой теме, но это уже ботокс, или нейротоксин Clostridium botulinum. Многим он известен, как минералогический токсин, вызывающий расслабление нервов. Ботокс больше известен как косметологическое средство для устранения морщин. В медицине ботокс начали применять лет 20 назад. Его сначала использовали в лечении косоглазия, начали вкалывать в область глаз – разгладились морщины на лбу, теперь стали использовать в косметических целях. Начали вкалывать в лоб – исчезла мигрень. Наш усовершенствованный ботокс может быть использован для снятия спазмов, например при болезни Паркинсона, при церебральном параличе, различных неврологических заболеваниях. Мы запатентовали ботокс с измененным строением молекул, который можно использовать для решения такой актуальной в современной медицине проблемы, как лечение хронической боли. При чем сила полного обезболивающего укола хватает на 5 месяцев. В западном обществе 12 процентов населения страдают от радикулита, мигрени, им приходится употреблять морфин или опиаты. Мы предложили препараты более безопасные, на долгое время избавляющие от боли с меньшим ущербом для организма. Следует заметить, что новые разработки стали возможными благодаря неограниченному финансированию исследований.

– Будучи еще студентом у вас была конкретная цель – изучать работу мозга...

– Моя лаборатория изучает молекулярную работу мозга. Есть молекулы, в которых информация передается от одной клетки к другой. И мы изучаем каким образом происходит эта передача. Когда полностью будут определены вот эти молекулярные основы передачи, тогда можно будет сделать так, чтобы сам компьютер тоже мог думать, чтобы он мог самостоятельно ориентироваться и принимать решения. Всего же в мозге человека около 10 000 видов молекул. Есть лаборатории, которые занимаются другими молекулами. В будущем, объединив эти знания, мы сможем понять, как в целом оперирует мозг. Больше всего денег вкладывается в

то, чтобы человек как можно дольше прожил в здравом уме. В первую очередь это исследование старческих болезней мозга.

Дело в том, что большая часть пожилых людей – 80% здоровы и только у 20% людей появляются болезни старости. Это означает, что их можно вылечить.

– Над какой проблемой вы сейчас работаете?

– Мне предложили работу в Шеффилдском университете профессором, руководителем отделения биомедицинских наук. Я согласился поехать туда развивать свои новые препараты для хронических болей. Сейчас идет активное сотрудничество с университетом США, с его помощью дорабатываем препараты хранических болей. Сейчас в Америке идет опиоидный кризис. Там сильную боль в основном снимают морфином, в итоге у них пошла большая наркозависимость. Поэтому они заинтересованы в моих препаратах.

– Базбек Абубакирович, почему Вы выбрали для научного сотрудничества именно КазНУ имени Аль-Фараби?

– КазНУ им. Аль-Фараби – ведущий университет в Центральной Азии. Он тесно сотрудничает с ведущими мировыми вузами и трансформируется в исследовательский университет. На мой взгляд, здесь много перспективных, инновационных идей. Именно с такими новшествами я готов работать и сотрудничать в области подготовки специалистов по нейронауке, делиться опытом. У нас обширные планы работы, включающей: совместную подготовку докторов PhD по актуальным направлениям, руководство докторскими диссертациями, содействие в обмене студентами, стажировке магистрантов и докторантов в университетах Шеффилда, Кембриджа, подготовка совместных научных проектов на грантовое финансирование в области нейронауки по следующим возможным темам: использование botulinummolecules для исследования эпилепсии; использование новых блокаторов нервной системы для изучения когнитивных функций в норме и патологии; изучение ФМРТ активности мозга при хронических болях у детей и взрослых и использовании новых средств обезболивания с использованием молекул botulinum; ЭКоГ активность гиппокампа при обучении у крыс при воздействии botulinummolecules на target-зоны мозга и др. Совместные работы, которые предлагает КазНУ, я думаю, приемлемы.

– И последний вопрос, каковы будут Ваши пожелания нашим молодым ученым, студентам?

– По своему опыту могу сказать, ваша цель – брать то, что дают, там, где есть возможность проявите себя, добивайтесь успеха!

– Спасибо!

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

15.05.2021



Кайрат АБУСЕИТОВ,
государственный
деятель, дипломат:

КазНУ всегда был флагманом и остается

Известный государственный деятель, дипломат, руководитель Центра международных программ Фонда Первого Президента РК Кайрат Абусеитов на днях посетил КазНУ им. Аль-Фараби, где в 80-ые годы учился и преподавал. После официальной части своего визита в альма-матер дипломат дал эксклюзивное интервью для газеты «Қазақ университеті».

– Кайрат Хуатович, Вы начинали свою карьеру с должности преподавателя истории в ВУЗе. Как Вы выбрали свою профессию?

– С детских лет я был склонен к гуманитарным наукам, к сожалению, точные науки для меня до сих пор тайна. Поэтому выбрал исторический факультет Казахского государственного университета имени С.М.Кирова, специальное отделение с английским

языком. Здесь мы получили очень серьезные фундаментальные знания об истории. Очень большие значения имели преподаватели с кафедры общей истории Жарас Ибрашев, Гулжаухар Жанбатырова и другие. Кафедра общей истории занималась изучением начиная с Древнего Рима, кончая новейшей историей. Нам усиленно преподавали европейскую тематику, историй других стран, хотя основные силы были направлены на отечественную, казахскую историю.

– Какие навыки Вы приобрели в стенах КазГУ им. С.М.Кирова и как они Вам помогли в будущем?

– Так получилось, что мне первому довелось защитить кандидатскую диссертацию по Соединенным Штатам Америки в Казахстане. Это было в далеком 1985 году. В этом мне очень помогли знания, багаж, который приобрел именно в университете. Затем закончил аспирантуру МГУ им. М.В.Ломоносова и вернулся преподавателем в КазГУ им. С.М.Кирова. Моя трудовая деятельность начинается отсюда.

– Кайрат Хуатович, Вы много лет работали дипломатом в европейских государствах. Какая страна Вас больше вдохновила?

– Каждая страна имеет свои плюсы и минусы. Тут трудно выделить одно из государств, где понравилась больше. Конечно, меня больше впечатлило мое пребвание в Соединенном Королевстве Великобритании. Там я пробыл 7 лет послом. Это страна с богатой историей. С первых же дней было ощущение, что тебя там понимают. Знаете, это важное ощущение, потому что вряд ли кто в мире знает больше о нашем регионе, о Казахстане, чем Британская школа востоковедение, традиционные эксперты. Начиная с XIX века англичане начинали колониальную политику. У них сильная школа, они до тонкости знали, понимали что такое Великая Степь. На мой взгляд британская, французская школа до сих пор самая сильная. Понятно, что многие эксперты работают на спецслужбы и на политические органы, но их информация из восточных источников доступно для широкого круга. Мне кажется это очень хорошо.

– Какие мечты детства вы воплотили в жизнь?

– В детстве я не мечтал и не думал, что буду послом. Но мама настраивала меня стать дипломатом, что это работа мне подойдет. В подростковом возрасте ходил в музыкальную школу и одновременно занимался футболом, числился в сборной команде Казахстана. В 9-10 классе усиленно занимался английским языком, в будущем это мне очень помогло. Ко мне приходила учить английскому языку, жена репрессированного посла СССР в Китае, Антонина Михайловна. Ей тогда не разрешили выезд в Москву и она осталась жить в Казахстане. Детская мечта поступить в ВУЗ сбылась, затем, после университета поступил в аспирантуру МГУ им. М.В.Ломоносова. Для меня МГУ очень большая школа была для дальнейшей карьеры многое дала. Моими учителями были известные российские

историки – покойный профессор Евгений Федорович Языков и Николай Васильевич Сивачев, многим им обязан.

– Вас все знают как дипломата, тем не менее Вас часто приглашают читать лекции для разных аудиторий. По-вашему, какими качествами должен обладать преподаватель ВУЗа?

– На мой взгляд, любой преподаватель высшего учебного заведения должен быть интелектуалом, примером для подражания для студентов. Он должен досконально знать свой предмет. Я бы так сказал, любое обучение – это двустороннее движение, то есть с одной стороны преподаватель, с другой стороны – студент. Если здесь одного компонента отсутствует – образования нет. Казахский государственный университет имени Аль-Фараби всегда был флагманом и остается флагманом среди высших учебных заведений страны. Здесь все условие есть – угублять, уточнять, расширить свои знания в любом направление науки, есть большие возможности для научных открытий, инновационных проектов. Преподаватели должны уметь заинтересовать студентов, направлять в нужное русло. Преподаватель в студенческой аудитории должен обладать, улавливать ту атмосферу, хотя бы постараться понимать чем «дышет» студент. Это тоже очень важный момент в работе педагога. Будь это преподаватель или студент, самое главное – должен быть интерес к науке.

– Считаете ли Вы себя примером для подражания? Какие советы можете дать студентам – будущим дипломатам?

– Я себя не считаю примером для подражания. Для будущих дипломатов скажу, что первую очередь надо учиться, поднять свой интеллектуальный уровень. Цените время отведеное на учебу. Самое главное и очень важное, чтобы потом не кусать себе локти свои. Мой главный совет студентам, которые хотят стать дипломатами – это не жалее себя заниматься наукой, приобретать, приобретать и еще раз приобретать знания. Черпайте знания из разных источников пока есть у вас возможность и время. Потом когда приступите к практической работе начнется другая жизнь, возможности учиться не будет.

– Спасибо Вам. Удачи!

Беседовал Каиржан ТУРЕЖАНОВ

11.09.2021



Дулат ҚУАНЫШЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат:

ҚазҰУ-дың әрқашан да жөні бөлек

Франция, Австрия, Үндістан, Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы мен Израиль елдерінде төтенше және өкілетті елші қызметін атқарған I сыныпты дипломат, Қазақстанның сыртқы саяси қызметіне елеулі еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері Дулат Қуанышев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, дипломатиядағы бұрынғы әріптесі Жансейіт Түймебаевпен кездесіп, университет студенттеріне Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, көшбасшылық дәріс оқыды. Кездесулерден кейін жоғары дәрежелі дипломатты әңгімеге тарттық.

– Дулат Оразбекұлы, болашақ дипломаттарға дәріс оқып, ақыл-кеңесіңізді беріп, халықаралық қатынастар жайлы өз тәжірибеңізбен бөлісу үшін Қазақстандағы көшбасшы оқу ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы ат басын бұрған екенсіз. Қош келдіңіз! Әңгімені өзіңізді үлкен өмірге дайындап, жолдама берген білім ордасынан бастасақ. Бірнеше шет тілін жоғары

оқу орнында оқып жүргенде үйрендіңіз бе?

– Мен 1984 жылы Мәскеудегі Халықтар достығы университетін тарих-филолог, испан және португал тілдерінің аудармашысы мамандығы бойынша бітірдім. Біз студент болып жүргенде Мәскеуде олимпиада өтті, мен испан тілінің аудармашысы болып олимпиада спорт кешеніне жұмысқа қабылдандым. Негізінен, Юрий Васильевич Родененкомен бірге кубалық боксшылармен жұмыс істедім. Ол бұған дейін Кубада боксшыларды жаттықтырған. Алғаш шетелдіктермен жұмысты осы кезден бастадым. Мәскеу олимпиадасында жерлестеріміз Серік Қонақбаев пен Виктор Демьяненконың рингтегі ойындарын көру бақытына ие болдым. Одан кейін Африкадағы Ангола Халық Республикасында бір жыл аудармашы болып тәжірибеден өттім.

– Дипломатиялық қызметке барамын деген мақсатыңыз болды ма, бұл салаға қай кезде келдіңіз?

– Алдыма дипломат боламын деген мақсат қойған емеспін. Менің мінез-құлқым зерттеушіге көбірек келеді деп ойлайтынмын, дегенмен дипломат болғаныма қуанбасам өкінбеймін. Мәскеуде жүрген жылдары мені сол кездегі Қазақстан МҚК төрағасы Закаш Камалиденов жұмысқа шақырды. Минскіге оқуға жібермекші болды. Бірақ әскери салаға барғым келмеді, маған погон тағып жүретіндердің жұмысы қиын сияқты болып көрінді. Бір жарым жыл кеңес армиясында әскери борышымды өтеп келгеннен кейін Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтының Дамушы елдер орталығына кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылдандым. Сол кездерде іссапарлармен Перу, Венгрия сияқты елдерге іссапарлармен шығып тұрғаным болмаса, негізі, шетелдерде Қазақстанның елшісі ретінде қызмет еттім.

КСРО ыдырайтын тұста Мәскеудегі Қазақстан өкілдігінің қызметкері, одан кейін 1994 жылға дейін Түркиядағы елшілікте қызметте болдым. Ол жақтан елге қайтып келгеннен кейін Қазақстанда мемлекеттік қызметтерде әртүрлі лауазымды қызметтерді атқардым. 2003 жылы сәуір айында Қазақстанның елшісі болып Францияға кеттім. 24 мамыр күні Франция Президенті Шак Ширакқа Сенім грамотасын тапсырдым. Одан кейін бір жарым жыл Австрияда және қосымша Хорватия мен Словенияда елші болдым. Елшілік қызметім осылай басталды.

– Сіз ұзақ уақыт әртүрлі елдерде дипломатиялық қызметте жүрдіңіз. Ол жақтарда жоғары лауазымды саяси тұлғалармен орыс, ағылшын, француз, испан, португал, түрік тілдерінде қарым-қатынас жасадыңыз. Ана тілін ұмытып қалған жоқсыз ба?

– Бұрын жақсы білгенмен, кейіннен аздап шорқақтап қалғаным рас. Әрине, қызмет барысында шет тілдерді көп қолданғандықтан, өз тіліңде акцент пайда болады. Соңғы кездерде қазақша кітаптарды оқып жүрмін, ана тілімде сөйлесуге тырысамын. Осы аздап ыңғайсыздық тудырады, қысыласың. Кейбіреулер қазақша сөйлегеніме күлетін сияқты болып көрінеді. Менің ойымша, бірнеше тілді білетін адам ана тілінде

Қуанышев Дулат Оразбекұлы 1960 жылы Ақмола облысы Атбасар ауданында туған. 1984 жылы Мәскеу қаласында П.Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінің тарих-филология факультетін, 2005 жылы Париждегі халықаралық қатынастар жөніндегі CEDS дипломатиялық және стратегиялық зерттеулер орталығының курсын бітірген. I сыныпты төтенше және өкілетті елші. Қазақ, орыс, ағылшын, француз, португал, испан, түрік тілдерін меңгерген.

1986-91 жылдары КСРО Ғылым академиясының Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтындағы Дамушы елдер орталығының кіші ғылыми қызметкері болып еңбек жолын бастаған. 1991-92 жылдары – Мәскеудегі Қазақстан өкілдігінің қызметкері, Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрлігінің үшінші хатшысы; 1992-94 жылдары – Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қызметкері; 1994-96 жылдары – Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрлігінің кеңесшісі – Қазақстан Республикасы Президенті баспасөз қызметінің жетекшісі; 1997-2000 жылдары – Мемкоминвест жүйесінде директор, ҚР инвестициялар жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары, төраға; 2001-03 жылдары – Қазақстан Республикасының сыртқы істер вице-министрі; 2003-05 жылдары – Қазақстан Республикасының Францияда гы төтенше және өкілетті елшісі; 2005-07 жылдары – Қазақстан Республикасының Австриядағы елшісі, Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілі; 2010-14 жылдары – Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі және Қазақстанның Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметін қоса атқарушы; 2014-19 жылдары – Қазақстан Республикасының Израиль мемлекетіндегі төтенше және өкілетті елшісі және 2015-19 жылдары Қазақстан Республикасының Кипр Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін қоса атқарған.

«Ерен еңбегі үшін» және Қазақстан Республикасының үш мерейтойлық медалімен, «Құрмет» орденімен, Франция Республикасының Ұлттық «Құрмет» орденімен (Grand'Officier de l' Ordre National du Merite de la Republique Francaise) марапатталған.

өте шешен сөйлеуі керек қой. Шынымды айтайын, ондай деңгейге жеткен жоқпын. Целиноград облысында, басым бөлігі орыс тілінде қатынас жасайтын ортада өстім, мектепті орысша оқыдым, бірақ ана тілімді бір адамдай білемін.

– Бүгінде тұрақты дамып келе жатқан елдердің бірі – Израиль мемлекетінде бірнеше жыл елші болып, жақында өз жұртыңызға оралдыңыз, бұл елдің қандай ерекшеліктеріне тоқталар едіңіз?

– Израиль экономикалық өсу жағынан басқаларға үлгі болатын елдердің бірі деп айтар едім. Израиль – стартаптар елі, жаңа-

дан мемлекет құрды, ұмытылып кеткен ескі тілдері – ивритті тірілтті. Жаңа технологияларды енгізу, ең бастысы, кәсіпкерлерді қолдау жағынан алда келеді. Кәсіпкерлер өз жұмысынан басқа ештеңеге алаңдамайды, оларға барлық жағдай жасалады. Өздеріңіз білесіздер, израильдіктер экономикалық, технологиялық инновация жағынан алда келеді. Білім беру жүйесі қатты дамыған. Қазір бізге «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастарды Израильге жіберіп оқыту мүмкіндігі бар. Бұл елде инновацияға, нанотехнологияға, IT, медицина сияқты салаларға қатты назар аударып, көңіл бөлінеді. Онда іргелі ғылымдарды пайдалана отырып, ғалымдар ашқан жаңалықтарды кәсіпкерлікке пайдаланып, іске асыруды дамыту жақсы жолға қойылған.

– Дулат Оразбекұлы, сіз үнемі шетелдерде, елден жырақта, сырт жақтарда жүрдіңіз. Әріптестеріңізден басқа, сіздің араласатын ортаңызға кімдер кіреді? Жақын достарыңыз қайда тұрады?

– Шынымды айтсам, менде тығыз қарым-қатынас жасап, жақын араласатын аса көп дос жоқ. Достарымның дені шетелдерде тұрады. Негізінен, дипломатиялық қызметтерде, сондықтан әр жақта жүр. Бос уақытымда спортпен айналысамын, велосипед тебемін, әлеуметтік желілерде отырамын, алыс жақтарда жүрген достарыммен осылайша әңгімелесіп сырласамыз. Соңғы кездерде көбінесе араласатын достарыммен гольф ойнаймын.

– Біздің шаңырақка келіп, білім ордасының студенттеріне дәріс оқитын сіз сияқты елге танымал азаматтарға қоятын дәстүрлі сұрағымыз бар: өзіңіздің жолыңызды қуып, болашақта дипломат болсам деп армандайтын студенттерге қандай ақыл-кеңес бересіз?

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әрқашан да жөні бөлек. Сұрағыңызға келетін болсам, біріншіден, барлық студенттерге білімді, сауатты болыңыздар деп айтар едім, ол үшін көп оқу керек. Дипломатиялық жұмыстарға өздерін дайындап жүргендерге ең алдымен басшылыққа алатын нұсқауларды жете түсініп, мұқият біліп алу керек. Меніңше, дипломатиялық қызметке барамын дейтін жастардың бойында адамгершілік, кішіпейілділік, әр сөзге мұқият болу сияқты қасиеттер болуы тиіс. Өйткені елшілік қызмет кез келген елде мемлекетіміздің, азаматтардың, жеке және заңды тұлғалардың мүддесін қорғайды. Сондықтан елші қызмет атқарып жүрген елдерге барған азаматтарда проблемалар туындаған жағдайда немқұрайды қарамай, көмектесіп, мәселені шешіп беруге барынша күш салады.

– Әңгімеңізге рақмет, алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

Сұхбаттасқан
Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ

25.09.2021



Қанат САУДАБАЕВ,
дипломат,
қоғам
қайраткері:

ҚазҰУ – білікті дипломатия мектебі

Жақында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «30 жылдыққа – 30 апталық» бағдарламасы аясында оқытушы-профессорлық құрам мен студенттер алдында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және сыртқы саясаттағы жетістіктер» деген тақырыпта дәріс оқыдым. Еліміздегі ең көне қарашаңырақ оқу ордасының ұжымымен жүздесу мен үшін үлкен абырой, зор мәртебе. Сондықтан ректор Жансейіт Түймебаевтың шақыртуын қуана құп алып, білім ошағына ерекше толқыныспен келдім. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның өткенінен сыр шерту, естелік айту – жүректі қозғайды, көңілді тербейді.

Оның үстіне ҚазҰУ – кәсіби мамандарды даярлайтын білікті дипломатия мектебі. Сондықтан бұл оқу ордасына құрметім ерекше.

Арада 30 жыл уақыт өткеннен кейін жаңа мемлекеттің тарихында жасалған әр қадамның заңды, әділ әрі тұрақты болғанына барлығымыздың көзіміз жетіп отыр. Осы күні еске алуға оңай, алайда сол жылдары сын сағатында ел мен жер тағдырына араша тұрып, халық алдындағы теңдессіз жауапкершілікті мойынға алу әсте жеңіл шаруа емес еді. Ішкі-сыртқы саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуал күрделеніп, жағдай тығырыққа тіреле бастағанда еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ауыр жүктің бәрін өз иығына артып, көшбасшылық танытты.

Кеңестік дәуірде Мәскеумен арақатынасымыз басқаша еді. Олар одақтас республикаларды бағып, асырап отырғандай көретін. Сондай бір елең-алаң күндері Нұрсұлтан Әбішұлы мені шақырып алып, Қазақстанның өкілетті өкілі ретінде Мәскеуге жібермек ойы бар екенін айтып, ашық әңгімелесті. Осы күні сол сәт есіме түскенде Елбасының көрегендігіне, стратегиялық тұрғыдағы жасаған болжамына қайран қаламын. Екеуара жүздесуде Нұрсұлтан Әбішұлы жағдайдың мәз еместігін, Одақ шаруашылығының шатқаяқтағанын, келешекте тіпті Кеңес Одағы болмай қалуы мүмкін екенін айтты. Шыны керек, бұл мен күтпеген дүние еді.

Мен, өзі, табиғатымнан эмоционалды адаммын, ойыма не келеді, қандай мәселе мазалайды – бүкпесіз тіке айтатын әдетім бар. Ол кісіге қолымнан не келетінін, қандай шаруаға икемім барын жеткізіп жатырмын. Бірақ болашақта Кеңес Одағы бола ма, болмай ма – ол жағы белгісіз. «Мәскеуге барып, бәрін бүлдіріп келді» деген аты жаман, сол себептен бұл қызметтен бас тартатынымды жеткіздім. Нұрсұлтан Әбішұлы маған сенім артып отырғанын айтты, жарыммен ақылдасуымды сұрады. Мен ыңғай таныта қоймадым. Содан көп ұзатпай өзі менің жұбайыма хабарласты. «Күлеке, Қанат Бекмырзаұлын Мәскеуге аттандырғалы отырмын», – деді. Ол кісі бір ауыз сөзге келместен: «Нұрсұлтан Әбішұлы, Қанат – ине, мен жіппін», – деді. Мен не дейін, осыдан соң «сіз Президентсіз, егер сіз қаласаңыз, маған сенім артсаңыз, көндім» дедім. Міне, осылай менің Мәскеудегі қызметім басталып кетті.

Анығында, Мәскеудегі ахуалды көріп шошыдым. Бір кездері АҚШ-пен иық тіресken алып мемлекет күйреудің алдында тұр еді. Оның соңы Беловеж оқиғасына алып келіп, Нұрсұлтан Әбішұлы өте табандылық танытты. Өзінің позициясын анық білдірді. Қазір оқиғаға қатысы жоқ адамдар естелік айтып, мемуар жазатын болып кетті. Оның бәріне бірдей сене беруге болмайды. Сол кездегі оқиғалардың бәріне тірі куәгер – менмін. Кез келген салада маман тапшы болды. Дипломатияда, сыртқы қатынастарда кәсіби мамандар жоқтың қасы-тын. Осы кезде Нұрсұлтан Әбішұлы менен «Кім бар, қандай талантты, іскер жігіттер бар?» деп сұрайтын. Біз әр министрліктен, әр мекемеден сыртқы саясатқа икемі бар деген жігіттерді тартып, сұрастырып, мінездемесін жазып, Елбасыға ұсынып жүрдік. Алғашқы дипломаттарды осылай тауып, дайындадық.

Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Жансейіт Қансейітұлымен жолымыз осы дипломатиялық қызметте түйісті. Қазақстанның тәуелсіздігін ең бірінші болып Түркия мемлекеті мойындағанын білесіздер. Еліміздің ең алғашқы елшілігі де осы Түркия елінде ашылды. 1992 жылы қазанда Анкарада Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің тұсауы кесілді. Сол кездегі Түркияның Президенті Тұрғыт Өзалға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанға шақырған сәлемін жеткізіп, қазақтың ұлттық шапаны мен қылыш сыйлағаным есімде. Сыйлығымды қабыл алған президент Тұрғыт Өзалдың арқаланғанын көрсеңіздер ғой, «Бауырыма барамын, міндетті түрде Қазақ еліне келемін» деп уәдесін берді. Түркия басшысы өз сөзінде тұрды, ағалық ақ ниетін танытып, тәуелсіздігіміздің алғашқы ауыр жылдарында экономикалық жағынан қол ұшын беріп, көмектесті. Сол кезден бастау алған бауырлас, достық қарым-қатынасымыз бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

1991 жылы, ол кезде әлі КСРО қатарындамыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Семей полигонын жапты. Сол тұста Кеңес Одағы қырық жыл бойы ядролық сынақ жүргізіп келген полигонды жабу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс еді. Осы жерде ерекше атап өткім келетіні – Кеңес Одағынан бізге екі экологиялық катастрофа мұраға қалды. Оның бірі – Арал, екіншісі – осы Семей полигоны-тын. Оған үшінші бір «апатты» қосыңыз. Қазақстан шикізаттың отаны болды, экономикамыздың 93 пайызы – шикізат, тек 7 пайызы ғана өз мұқтажымызға жұмыс істеді. Инфляция ауыздық бермей, 200 пайызға дейін өсті. Басқасын айтпағанда, осы үш «мұрамен» күресу, оларды тығырықтан алып шығу – ауызбен айтуға ғана оңай.

1992 жылы 17 қаңтарда Елбасы Ресей елімен арада еркін тауар айналымы мен қызмет көрсету келісіміне қол жеткізді. Одан кейін өздеріңіз білесіздер, еліміз Кеңес Одағынан қалған ядролық қару-жарақтан бас тартты. Біздің халық бейбітшілікті жақтайды, тыныштықта өмір сүргісі келеді, Тұңғыш Президентіміз ядролық қару-жарақтан бас тарту туралы шешім қабылдап, өте әділ қадам жасады. Сөйтіп, халықаралық қауымдастық бізге, біздің елімізге сенді. Егер басқаша шешім қабылдағанда жағдай қалай болар еді?

2002 жылы Қытаймен, 2005 жылы Ресеймен арадағы шекарамызды белгілеп алдық. Қытай елінің сол кездегі басшысы Цзян Цзэминь Елбасына «Екі ел арасындағы шекараны қазір айқындап алу керек, болашақта бұл мәселе қалай шешілетінін ешкім білмейді, басқа ұрпақ келеді» дегені есімізде. Ал Қазақстан елінің астанасын Ақмола жеріне көшіру туралы шешім шығарғанда, шынын айту керек, Президентке сене қойған адам болған жоқ. Сол кезде Өзбек елінің марқұм президенті Ислам Каримов Нұрсұлтан Әбішұлына: «Мұндай шешімге келіп жатқаныңызға қарағанда, сіздің жүрегіңіз аттың басындай болу керек», – деп еді. Себебі сол тұста елдегі жағдай тым күрделітін. «Әлеуметтік-экономикалық ахуал асқынып тұрғанда ел астанасын қайтіп көшіреміз?» деген ой бәрімізде болды. Арада көп уақыт өтпей-ақ бұл қадамның да саяси-эконо-

микалық жағынан стратегиялық мәні зор екеніне көзіміз жетті.

Ал 2010 жылы Астанада өткен ЕҚЫҰ саммиті ше? Қазақстан бұл мақсатқа жету үшін әлемдік қауымдастықпен үш жыл бойы жұмыс жүргізді. Туған топырақта 55 елдің басшысын қабылдау қандай ғанибет десеңізші. ЕҚЫҰ саммиті Қазақстанның саяси аренадағы салмағын айқындап берді.

Айта берсек, тарихи оқиға өте көп. Бүгінгі күні оған лайықты баға беріліп жатыр, әлі де беріле бермек. ҚазҰУ-ға баруға дайындалып отырғанымда, ұлым телефон шалып, «Әке, не істеп жатырсыз?» – деп сұрады. Мен ҚазҰУ-дың оқытушылары мен студенттеріне дәріс оқитынымды, кездесуге баратынымды айттым. Сол кезде ұлым: «Әке, есіңізде ме, Йель университетіндегі бір кездесуде сізге елдегі коррупцияға қатысты сұрақ қойып еді ғой, сол кезде сіз қалай жауап береді екен деп, денем мұздап кетіп еді. Ал сіз ұтымды жауап айтып, көпшілікті риза қылып едіңіз», – дегенде, есіме сол кездесу оралды. Мен Қазақстанның АҚШ-тағы төтенше және өкілетті елшісі болып жүргенімде бірде Йель университетіне кездесуге бардым, сонда ұлым залда отыр еді. Жемқорлыққа қатысты сауал қойылды. Мен: «Біз өзімізше жақсы өмір сүріп жатыр едік. Капиталистер келді де, бәрін құртты», – дедім. Залдағылар ду күлді. Мұндағы ойым – «коррупцияның түп-төркіні өздеріңізде, тамырын өздеріңнен іздеңіздер» дегенім ғой.

Иә, Қазақстанның отыз жылғы дамуы, жетістігі көз алдымызда тұр. Ол – мемлекеттің тарихы, шежіресі. Біз қолымыздан келгенін істедік. Енді жас ғалымдар бүгінгідей бәсекеге ден қойған заманда бізден де мықты, бізден де үздік, бізден де білімді болулары керек. Өйткені қазір заман басқа, заң басқа. Қазақстанның ендігі болашағы жастардың қолында. Елді, жерді сүю – тәрбиеден. Патриотизмді шыңдаған жөн. Болашақта жойқын бәсекеге төтеп беретін мықтылар ғана елді алға сүйрейді. Міне, қазіргі буынның алдында осындай мақсат-міндет тұр. Сол үдеден шығу үшін бізге аса білімдар ұрпақ қажет.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

6.11.2021

Абдулла ГҮЛ,
Түркияның 11-ші
президенті:



ҚазҰУ – әлемге әйгілі білім ордасы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың арнайы шақыруымен Түркияның 11-ші президенті Абдулла Гүл білім ордасына келіп, оқытушы-профессорлар мен студенттер алдында көшбасшылық дәріс оқыды. Іс-шараға көрнекті ақын-жазушылар мен бас редакторлар қонақ ретінде қатысып, мәртебелі мейман соңынан БАҚ өкілдеріне сұхбат берді. Экс-президенттің тағылымды әңгімесін бүгін біз «Qazaq universiteti» газеті оқырмандарының назарына ұсынып отырмыз.

Қазақстандағы үздік оқу орнының атын иеленген әл-Фараби – түркі әлеміне ортақ тұлға. Ислам, шығыс әлеміне белгілі ойшыл, ғұлама ғалым. Демек, Әл-Фараби атындағы университет те тек Қазақстанға ғана емес, әлемге әйгілі білім ордасы деп түсінемін. Абырой-беделі биік, жоғары деңгейде жұмыс істеп отырған алтын ұя мен салиқалы тұлғалардың алдында дәріс оқу зор мәртебе. Бұл университеттен талай тұлғалар білім алып, түлеп ұшқаны белгілі. Соның бірегейі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев екенін естіп, тіпті қуандым. Демек, ҚазҰУ-ға сапар ерекше сезімге жетелейді.

Мен әрдайым Қазақ еліне келуге құштармын. Өйткені Қазақстан – біздің атажұртымыз. Кеңес заманында бір-бірімізден алыста болсақ та, Қазақстанмен қауышуды, табысуды әрдайым армандадық. Түркі әлеміндегі бауырларымызбен, атажұртпен табысу мұрат-мақсатымыз болатын. Қазақстан егемен ел атанғанда Түркияның алғаш құттықтауының астары осында жатыр.

Міне, 30 жыл ішінде сіздермен қауышып, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын бірге мерекелеп отырмыз. Арадағы ынтымақтастықтың қалыптасуына мен де шама-шарқымша үлес қостым.

Қазақстанның әр жылдары қалай дамып отырғанының куәсі болып келемін. Әсіресе соңғы жиырма жылдағы даму жетістіктерімен етене таныспын. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен жақын араласып, жағдайдың бәрін біліп отырдым. Бүгінгі басқосу – сөзімнің дәлелі, Қазақ еліне деген жоғары құрметімнің көрінісі.

Бүгінгі таңда бауырлас елдердің барыс-келісі мен даму үдерісін мен үш фактормен қарастырғым келеді. Бастапқысы – саяси ынтымақтастық. Қазақстан мемлекетінде саяси ынтымақтастықтың барлық нышаны бар. Менің түсінігімде, ішкі тұрақтылық, құқықтың үстемдігі, әділеттің орнауы сияқты негізгі факторлар мемлекеттің жылдам дамуына зор ықпалын тигізеді. Саяси ынтымақтастықтың дамуы ретінде біз Астана деген алып қаланың қалыптасқанын көріп отырмыз.

Бүкіл түркі әлеміне әйгілі рухани орда – Түркістан қаласының қалай түлеп, бой түзеп жатқаны да жіті назарымызда. Осындай негізгі стратегиялық қадамдар арқылы Қазақстан 30 жылдың ішінде биік дәрежеге жетті. Әрине, саяси ынтымақтастықпен бірге елдің мәртебесін өсіретін екінші фактор – алыс-жақын көршілермен қарым-қатынасы, тату-тәтті өмір сүруі. Яғни бұл жерде әңгіме мемлекеттің сыртқы саясаты жөнінде болып отыр. Тұңғыш президенттің көшбасшылығымен Қазақстан аз уақыттың ішінде көрші елдермен стратегиялық деңгейде тамаша қарым-қатынастар орнатты. Шын мәнінде Қытай Халық Республикасымен, Ресей Федерациясымен тепе-тең өмір сүру, арадағы қарым-қатынасты бірдей ұстап, шебер саясат жүргізу – нағыз көрегенділік. Көрші елдермен шекараны бекіте отырып, олармен тең дәрежеде сөйлесе білу – бұл тек терең даналықтың белгісі. Бүгінгі күні Қазақстан

халықаралық қауымдастық алдында беделі биік мемлекеттер қатарына қосылды. Түркі әлемінің тұғырлы ұясы Қазақстанның бастамасымен Түркі кеңесі ұйымы құрылды. Халықаралық қауымдастық шын мәнінде бірегей көшбасшының көрегендігі мен стратегиялық көзқарасын жоғары бағалайды.

Қазақ елі ядролық қарудан бас тарту тұрғысында да өте үлкен жұмыстар атқарды. Бұл жай ғана қарастыра салатын жеңіл, қарапайым мәселе емес. Бұл тұрғыда ұзақ мерзімді жұмыс атқарды. Мәселен, Иранда да көптеген энергетикалық ресурстар бар, алайда қазір бұл елдің саяси жағдайы өте күрделі. Сондықтан Қазақ елі зор күш-қуатын ынтымақтастық пен бейбіт өмірге жұмсады. Халықаралық қарым-қатынастар мен Қазақстанның абырой-беделін жоғары деңгейге көтерді, сөйтіп, қазақ халқының амандығы, есендігі үшін ішкі тұрақтылық пен келісімге зор еңбек сіңірді.

Әлемде ірілі-ұсақты саяси ойындар жүріп отырады. Саяси алаңда түрлі айтыс-тартыстар орын алып, ұсақ-түйек, тіпті күрделі мәселелер де туындап жатады. Дегенмен олардың барлығын дипломатиялық жолмен, халық қақтығыстардан залал көріп, зардап шекпейтіндей шешу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Әрине, кикілжіңге жол бермеу үшін саяси тұлғалар ең әуелі халықаралық құқыққа, халықаралық ережеге, қабылданған ортақ келісімдерге назар аударуы тиіс. Бейбітшіліксүйгіш халық берекесінен айырылып, қан кешіп, шығынға ұшырамау үшін сындарлы шешім қабылдағаны жөн. Бұл қалай жүзеге асады? Қандай жағдайға байланысты болмақ? Енді үшінші фактор ретінде осы мәселеге тоқталайын.

Бұл, жоғарыда мен тоқталып өткендей, саяси тұлғалардың өздері басқарып отырған мемлекеттерінде бейбіт өмірді қамтамасыз етуіне, қалыптастыруына байланысты болмақ. Мәселен, олар ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етсе, бұл сыртқы саясатқа ықпал ететінін білеміз. Әрине, соңғы кездері біз саяси тұлғалардың әртүрлі мінез көрсетіп отырғанына куә болып отырмыз. Мұндай келеңсіздік орын алған қақтығыстардың бейбіт түрде шешілуіне оң ықпал тигізбейтінін және білеміз. Алайда қырғи-қабақ соғыстан кейін бүкіл әлем мемлекеттері либералдық және демократиялық жолды таңдады. Мысалы, Қытайдың ішкі саясатының қаншалықты күрделі екені әмбеге аян, алайда олардың өзі дүниежүзілік сауда-экономикалық ынтымақтастыққа ықылас танытты. Халықаралық қауымдастық мүшелеріне жылы ниет білдірді және бүкіл жүйесін соған қарай ыңғайластырды. Сондықтан дамудың, алға ұмтылудың, қарым-қатынас орнатудың осындай мүмкіндіктері тұрғанда кейбір саяси тұлғалардың, мемлекеттердің бұрынғы кезеңге қайта оралып, қару ұстанып шығуы ақылға қонымсыз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстанның жөні бөлек.

Қазақ елі – өзінің жарқын болашағына нық қадам басып келе жатқан тәуелсіз мемлекет. Халықаралық деңгейде абырой-беделі бар, ішкі саясатын ұтымды дамытып отырғаны көпшілікке белгілі, осының барлығын

даналықпен, көшбасшылықпен жүргізіп отырған Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевқа, оның бастап берген ісін сәтті жалғастырып отырған Қ.К.Тоқаевқа шын мәнінде алғыс айтқым келеді.

Елбасының күні кеше келелі трансформация жасап, өзінің құзыреттігін қазіргі Президентке тапсыруы дүйім жұртқа, тіпті әлемге үлгі боларлықтай оқиға. Көпшіліктің кеудесіне сенім ұялатып, тіпті үміт беретіндей үлкен қадам жасады. Осы орайда, мен Қазақстанның болашағы жарқын екеніне, болашақта Азияның ең жарық жұлдызына айналарына сенемін.

Өздеріңіз білесіздер, мемлекет басшысы ұзақ мерзімді жобалармен айналысады, стратегиялық жоспарларды жүзеге асыруға тырысады. Қазақстан қазір тура осы бағытта дамып келеді. Тек көрші мемлекеттерге ғана емес, әлемге үлгі мемлекет деңгейінде құлашын кеңге жайды. Түркі әлемі бауырлас елдердің шежіре, шынар ағашы десек, біз сол бәйтеректің бір бұтағындаймыз. Бәріміз сол бәйтеректің тамыры тереңге жайылып, еңсесі биік болуына қызмет етеміз.

Қазақстанның отыз жылдық тәрбиесі елді үлкен жетістіктерге, биік мәртебеге жеткізді. Өздеріңіз көріп отырсыздар, Түркі кеңесі осы күні жан-жақты дамып қалыптасты. Таяуда Ыстамбұлда өткен саммит біздің бір-бірімізге дос, бауыр екенімізді тағы бір мәрте көрсетті. Екі ел арасындағы байланыс енді жүйелі түрде ғылым мен білімге негізделгені жөн.

ҚазҰУ-ға кіріп келгенде Әл-Фараби орталығында үлкен ағаштың діңі тұрғанын көрдік, біз сол бәйтеректің бір-бір бұтағымыз. Біздің бауырлас, рухтас байланысымыз әрі қарай жастар арасында да жалғасын тапқаны абзал.

Осындай ізгі ниетпен мені Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне шақырған аса қадірменді Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев мырзаға сіздермен, университеттің оқытушы құрамымен, студенттермен, елдің зиялы қауымымен жүздесуге мүмкіндік бергені үшін ерекше ризашылығымды білдіремін.

Азғана уақыттың ішінде осындай игі шараны іскер басшы ғана ұйымдастырады. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен достығымыз бен ресми кездесулерімізді жан-жақты қамтыған фотокөрме және мазмұнды бейнероликті тамашалау мені зор бақытқа бөледі. Тіпті екі ел арасындағы мәдени-рухани байланыстар нәтижесінде жарық көрген кітаптар сөресін әзірлеп үлгергені де мен үшін күтпеген тосын сый болды. Маған көрсеткен сый-құрмет пен қонақжайлылық үшін университет ұжымына ризашылығымды жеткізгім келеді.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

27.11.2021

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы:



ҚазҰУ-дың 90 жылдық тарихы, өткені, шежіресі бар

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың арнайы шақыруымен «Көшбасшылық дәріс» оқуға университетімізге Халықаралық түркі академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі, «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі келді. Екі сағатқа созылған жүздесуде Дархан Қуандықұлы оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы, студент жастармен емен-жарқын әңгімелесіп, білім алушылардың сұрақтарына ашық жауап берді. Бүгін «Qazaq unıversıtetı» газетінің оқырмандары үшін дәрісте айтылған өзекті мәселелерді жариялап отырмыз.

Қазақ білімінің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, сіздердің араларыңызға келгеніме өте қуаныштымын. Арнайы шақырып, ұстаздармен, білім алушылармен кездесуге мүмкіндік жасаған оқу ордасының ректоры

Жансейіт Қансейітұлына ерекше алғыс айтамын. Жүздесуге дейін біз университеттің музейін, кейбір оқу корпустарын аралап шықтық.

Білім ошағында маған екі нәрсе ерекше әсер етті. Алдымен университет музейін көргенде айрықша толқыдым. Өйткені тоқсан жылдық тарихы бар мұндай оқу ордасы Орталық Азияда жоқ, жалпы, түркі әлеміндегі ең ірі оқу орны екенін атап өткім келеді. Тоқсан жылдық тарихы бар, өткені бар, шежіресі бар, бұл – үлкен мақтаныш. Демек, мұндай оқу ордасында білім алу әркімнің-ақ арманы болар. Өз басым өткен ғасырдың 91-ші жылы университетті тізем дірілдеп, қобалжып аттадым. Енді өзімнің қонақ ретінде келіп тұрғаным ерекше күйге бөлеп толқытты. Оқу ғимараттарында күрделі жөндеу жүргізіліпті. Бұл үлкен еңбек, мұны бағалау керек. Біз аралап өткен журналистика, филология факультеттері мен Жоғары экономика мектебі жарқырап көз тартып тұр. Шынымды айтсам, өзімнің қайтадан университетте оқығым келіп кетті.

Факультеттерді аралағанда батыста көретін технологияның озық үлгілеріне көзім түсті. Мұның бәрі студенттердің санасына, өміріне әсер ететіні сөзсіз. Демек, осындай озық оқу ордасында білім алып жатқан сіздер шын мәнінде бақыттысыздар. Түрлі аудиторияға шығып жүрміз, біздің әр жерде сөйлеуге мүмкіндігіміз бола тұра, дәріс оқуға, өздеріңізбен жүздесіп-сырласуға шақырту алғанда қобалжығаным рас. Өйткені университет қасиетті мекен. Осы күнге дейін біраз жерде қызмет істедік, қазір де атқарып жүрміз, егер менен «солардың ішіндегі ең маңыздысын атасаңыз» деп сұраса, университеттегі жылдарымды айтар едім. Себебі менің жаныма ең жақыны – ғылым жолы. Алғаш еңбек жолымды университеттен бастадым. Сабақ бердім. Студенттермен араласу, дәріс оқу ізденуге, жаңаруға бастау, ал оның ең үлкен мәртебесі – ұлтқа қызмет ету.

Жасыратыны жоқ, бұрын жолдау жарияланса, оған жаппай қолдау пікір айтылатын. Менің «Egemen Qazaqstan» басылымын басқарғаныма алты жылдай уақыт болып қалды, осы күнге дейін небір қолдаулар шығып жатты. Ал биылғы жолдауда олай болмады. Көпшілік оны талдап, талқылады. Көпшілік айтылған ұсыныстарға қатысты ойын, көзқарасын білдірді. Бұған қоса, биылғы жолдаудың мәні өзгеше. Оны Мемлекет басшысының өзі де атап өтті. Шынында да, жолдау бір жылға арналған құжат емес, ұзақ жылдарға негізделген стратегиялық бағдар. Бұл еліміздің жалпы бағытын айқындайтын өте маңызды құжат. Трансформациялардың қалай жалғасатыны, суперпрезиденттік жүйеден мықты парламенттік жүйеге көшудің амалдары, тағы басқа да өте іргелі, келелі мәселелер айтылды. БАҚ мәселесіне тоқталды. Жергілікті өзін-өзі басқару, Конституциялық сотты қайта құру – бұл өте маңызды мәселелер.

Біздің қоғам негізінен үш облыстың құрылғанына мән беріп жатыр, бұл енді мәселенің эмоционалдық жағы. Абай облысы, Жетісу тарихи атауының қайта жаңғыруы, Ұлытау – ол да ұлық ұлыс, Алтын Ордамен

тікелей байланысты қастерлі атау. Осылардың бәрінің қайта жаңғырғанына ерекше қуандық. Қапшағай қаласына Д.Қонаев атамыздың атын беру туралы ұсыныс қоғамда түрлі пікір туғызды, бірақ елдің басым бөлігі қолдап отыр. Енді осы жолдаудың тереңіне үңіліп, талдау жасау керек.

Мемлекет басшысы Алматыға келген сапарында қаланы «екінші республика» деп атап өтті. Бұл не мағына береді? Жалпы, республика дегеніміз не? Өз басым оны былай деп түсіндім: республика дегеніміз – демократия. Халықтың билігі. Біз азаматтық қоғам дегенді жиі айтамыз, бірақ күні бүгінге дейін сол азаматтық қоғамның белгілері болды ма, жоқ па? Бұл да ойланатын мәселе. Құқықтық мемлекет, әділетті қоғам дегенді де аз айтпаймыз. Ал бұлардың көп жағдайда саясаттануда ғана қозғалып келгені жасырын емес. Мысалы, парламенттік жүйеге көшетініміз туралы айтылып жүргенімен, оның нақты қадамдарын енді ғана көре бастадық. Айталық, Президент қазір өкілеттігін шектеп жатыр. Мемлекет басшысы халыққа сенетінін көрсетті. Күш пен қуатты халықтан алатынын аңғартты. Егер биліктің басына алдымен олигархтар, екінші – күшті бюрократиялық топ, үшінші – отбасы, жақын адамдары болуы мүмкін, солар топтасса, билік халықтан алшақтайтыны мәлім. Ал қазір, өздеріңіз білесіздер, Президенттің төңірегінде олигархтар жоқ, үлкен бюрократиялық топ та жоқ, оларды билікке жолатпау жөніндегі өз ойын Мемлекет басшысы ашық айтты. Демек, Президент ықпалды үш топқа емес, халыққа арқа сүйейтінін көрсетіп отыр. Республика дегеніміз – осы. Кеше әлеуметтік желіде бір сурет жүр, АҚШ президенті Польшада өз елінің сарбаздарымен емен-жарқын әңгімелесіп, бірге ботқа, пицца жеп отыр, ал біздің көрші елдің мемлекет басшысы өзінің ең сенімді адамдарымен үстел басында 20 метр алшақтықта сөйлесіп отыр. Бұл жерде мен бір мемлекеттің артықшылығын айтып отырғаным жоқ, жалпы халыққа арқа сүйеу, биліктің қоғаммен етене араласуы әртүрлі шектеулерді алып тастайды. Бұл – күш пен қайратты халықтан алудың бір көрінісі.

Сол сияқты жолдауда өте ауқымды мәселелер көтерілді. Мысалы, төртінші билік ретінде БАҚ-тың жауапкершілігін көтеру де сөз болды. БАҚ-ты төртінші билік дейміз. Шын мәнінде солай ма? Мысалы, мен ресми газетте жұмыс істеймін. Басылымға жазылыңыз деп айтуға қысыламын. Неге? Оның екі себебін айтайын. Біріншіден, біз оқырманға газетті уақытында жеткізе алмаймыз. «Қазпошта» дер кезінде жеткізуге қауқарсыз. Жапонияның аса ірі «Асахи Симбун» газеті таңертең 6,5 млн, кешке 6,5 млн тиражбен, сонда күніне 13 млн тиражбен тарайтын басылым. Басылып шыққаннан кейін бір сағат ішінде Жапонияға түгел тарайды. Ал біз бір күнде газетті оқырманға жеткізе алмаймыз. Жеткізуге үш-төрт күн кетеді, тіпті шет аудандарға аптасына бір-ақ рет барады. Бірде Түркияның «Миллет» деген газетінің басшысымен әңгімелескенімде, «газетті жабатын шығармын» дейді. Оның себебін сұрасам, «басылым оқырманға төрт сағатта жетеді, төрт сағаттың ішінде ақпарат

ескіріп кетеді» деген уәж айтты. Ал біз үш-төрт күнде жеткіземіз. Содан кейін жазылыңдар деп қалай айтамыз?!

Слушатели проявили большой интерес к теме, задавали вопросы лектору и активно участвовали в дискуссии. В завершение мероприятия ректор КазНУ наградил почетного гостя медалью «Ерең еңбегі үшін» за вклад в развитие научно-образовательной и культурной деятельности университета.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

8.05.2023







УНИВЕРСИТЕТ - БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, КЕЛЕШ


УНИВЕРСИТЕТ - ЗНАНИЕ, НАУКА, БУДУЩЕЕ





Кітаптың
бұл бөлімінде
саналы өмірін
Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінде
өткізген, студент
болып келіп, осы
білім ордасында
50-60 жылдай
еңбек еткен
ғалым
ардагерлеріміз
университет
тарихы туралы,
жетістіктері
жөнінде
әңгімелейді. Қазір
осы қабырғада
ұстаздық етіп
жүрген құрметті
профессорлар
өздерінің
естеліктерімен
бөліседі.

Халықаралық қатынастар факультеті 1995 жылы Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауымен құрылып, негізгі (базалық) оқу орнына айналды. Факультет өз уақытында құрылды, заман талабы соны қажет етті. Министр өзі бас болып және белгілі, тәжірибелі дипломаттар, атташелер қош көріп, факультетке келіп, студенттерге акт залында соңғы хабар мен жаңалықтарды жеткізіп, дәріс оқыды. Ауызба-ауыз, көзбе-көз қатынас жасай отырып, тыңдау студенттерге ерекше әсер етті. Олар өздерін қызықтыратын саяси мәселелерге байланысты сұрақтарын жаудыртатын. Ал ең бір әсерлі жайт, министрге түрлі тілде (қазақ, орыс, ағылшын, қытай) сұрақ қойса, олар сол тілде жауап алатын.

Роза ҚАЙЫРБАЕВА, ф.ғ.к., профессор

ҚазҰУ төлқұжатына айналған факультет

Факультетте егемен Қазақстанның ішкі-сыртқы саяси дипломатиялық қатынастарға байланысты тәлім-тәрбиесі мол дәстүрлі «елші сағаттары», дөңгелек үстел, шетелдік мамандармен жоғары дәрежедегі кездесулер ұйымдастырылып тұратын. Сонымен қатар тығыз іскерлік қарым-қатынастар сан салада өзінің орны мен қажеттілігін тауып отырды. Министрлікте студенттерге практикадан өтуіне мүмкіндіктер берілетін; студенттердің шет тілінен білім деңгейі мемлекеттік емтихандар барысында тексерілетін; мемлекеттік емтихандарға төрелік етіп келетін Сыртқы істер министрлігінің өкілдері Ә.Қырбасов, М.Атанов, Н.Дәпенов т.б. біздің түлектердің шет тілінен алған біліміне көңілдері толып, ризашылықтарын білдіріп, мақтау айтатын.

Болашақ халықаралық дәрежедегі мамандардың, дипломаттардың өз елімізде білім алып, жетіліп, шыңдалып шығуы бүкіл халықтың ұлттық мүддесі еді. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік ұйымына тең мүше болуы, көптеген дүниежүзілік ұйымдарға мүше болу кезеңінде, кәсіби деңгейі жоғары, саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңе алатын болашақты құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты білімді, мәде-



ниетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыруға факультет зор үлес қосты.

Іс жүзінде халықаралық қатынастар факультетінің құрылуына, оқу үдерісінің қалыптасуына бар күш-қуатын, білімін, тәжірибесін сарп еткен факультеттің тұңғыш деканы, профессор Г.Жамбатырованы ерекше айту керек. Мұндай білім ошағы Қазақстанда мүлдем болмаған, сондықтан оның аяғынан тік тұрып кетуі оңай болған жоқ. Факультеттің қалыптасуы, заңды іргетасының мықтап қалануы, оның жабдықталуы үшін Гүлжауһар Шағатайқызы өз командасын жинады. Оқытушы-профессорлар құрамының іріктеліп, жасақталуына аса зор назар аударып, оларды игілікті жұмысқа жұмылдырды. Факультеттің бастау алған кезеңінде өзінің айналасына рухы бір, көзқарасы бір, дүниетанымдары бір пікірлес әріптестерін топтастырды. Олар өз салаларында белгілі мамандар мен ғалымдар еді, профессорлар: Ж.Ибрашев, М.Сәрсенбаев, С.Айдарбаев, Қ.Байзақова, Ғ.Мовкебаева, Ф.Кукеева, М.Ғұбайдуллина, К.Мақашева, И.Черных т.б.

Факультеттің кез келген кафедрасы мен оқытушысы студенттеріміздің кәсіби біліктілігіне қол жеткізуде, олардың адамгершілік рухани ұстанымын жетілдіруде, салауатты, интеллектуалды ұлт болып қалыптасуына өз жауапкершіліктерін толық сезінді, осы ерекшеліктерді дамытуға белсенді үлес қосып, тәжірибе алмасты, осы қасиетті, құрметті қағиданы ұстанды.

Факультеттегі жетекші кафедралардың бірі – Шет тілдер кафедрасы. Ол жоғары дәрежелі, заманауи талаптарға сай факультет түлектерінің бәсекелестікке, дипломдарының айырбасталатын (яғни конвертируемый) қабілетіне ие болатын жолдарын жетілдіру сияқты шаралар атқарды.

1996 жылы бастаған инвестиция саясаты елімізде ағылшын тілін үйренуге бетбұрыс жасады. Қазіргі заманауи ғылымның, мәдениеттің, саясаттың ғаламдану дәуірінде, шет тілінің құндылығы мен дипломатиялық қарымқатынас жасауға, сауда мен бизнес салаларын дамытуға зор мүмкіндіктер туды.

Факультет түлектерінің біліктілігі халықаралық стандарттарға сай екендігін уақыт та, заман талабы да көрсетіп жүр. Олар халықаралық деңгейдегі мәселелермен ай-

налысатын түрлі мемлекеттік және шетелдік министрліктерде, Әділет, Қорғаныс министрліктерінде, Президент пен Үкімет аппараттарының халықаралық бөлімдерінде және т.б. мәртебелі орындарда табысты қызмет атқарып жүр. Қазақстан Республикасы шамамен 182 мемлекетпен қарым-қатынас орнатты және шетелдерде 67 өкілдіктері бар. Факультет түлектерінің бірқатары еліміздің ішкі-сыртқы дипломатиялық салаларында абыроймен қызмет атқарып жүр.

Сол кездері Шет тілдер кафедрасында 60-қа жуық оқытушы дәріс берді. Ұжымды қалыптастырып, оны оқу процесіне жұмылдыруға басшымыз декан болып, қостаушылары кафедра меңгерушісімен бірге кафедраның жетекші оқытушылары атсалысты. Шет тілдер кафедрасында дәріс беру үшін тәжірибелі, білікті, шет тілін жетік меңгерген мамандар шақырылды. Осы кафедраның негізін құруға белсене қатысқан оқытушылар – доценттер: Г.Сүлейменова, М.Мақышева, Л.Котиева, Н.Пак, Г.Айғабылова, Р.Сарбаева, аға оқытушылар: Ж.Мұқашева, А.Мұртазаева, С.Еникеева, М.Нұрғалиева, З.Тоқмұхамедова, Г.Кәріпбаева т.б.

Мен ҚазҰУ-да 51 жыл бойы шет тілінен (неміс, ағылшын) дәріс бердім, оның 20 жылында кафедра меңгерушісі ретінде қызмет атқардым. Факультеттің де, кафедраның да бар шаруасының тұрмыс-тіршілігінің сап түзеп тұрып кетуіне бар ынта-жігеріммен кірістім. Шет тілдері негізгі пәннің бірі болғандықтан, оған оқу бағдарламасы бойынша және Гүлжауһар Шағатайқызының табанды талабы арқасында көп сағат бөлінетін, нәтижесінде студенттер шет тілін мейлінше шебер, сауатты, жылдам игеру қабілетіне қол жеткізіп, емін-еркін ауызекі сөйлеу дәрежесінің деңгейін көрсететін.

Декан кафедраның жан-жақты жабдықталуына ерекше демеу көрсетті: тіл ұстартуға арналған тілдік және фонетикалық лабораториялар, дәріс беруге арналған арнайы аудиториялар, оқытушылар бөлмесі, сонымен қатар шетелдерден тапсырыспен алдыртатын арнаулы оқулықтар мен оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету факультеттің күн тәртібінен түспейтін іс-шара болды. Декан тарапынан осы пәнге зор қамқорлық көрсетілуі кафедра оқытушыларын қанаттандырып, сабақ беруге бар ынта-жігермен, ықыласпен кірісті. Соның тағы бір дәлелі ретінде профессор Гүлжауһар Шағатайқызы қазақ мектептерінен келген қазақ топтарын құрған студенттерге ерекше көңіл бөлді. Сол кездері қазақ топтарына арналған оқу құралдарына тапшылық зор еді. Осы жағдайларды ескере отырып, қазақ топтарындағы 1-курс студенттеріне арналған «Ағылшын тілі» (1999 ж.) және 2-курс студенттеріне арналған «Ағылшын тілі» (2005 ж.) дайындалып, жарық көрді. Reader for Students of international relations (2007 ж.) атты жоғары курс студенттеріне арналған мәтіндер жинағы «Халықаралық қатынастар» мен «Халықаралық құқық» мамандықтары үшін пайдалы, игілікті қажеттілікке ие болды. 2-курс студенттеріне арналған «Ағылшын тілі» оқулығы республика көлемінде ашық конкурсқа түсіп, жыл сайын

қайта басылып шығуын қамтамасыз ететін грант жеңіп алды. Осы оқулықтарды доцент М.Мақышева екеуміз құрастырдық. Жоғарыда аталған оқулықтар өз құндылығы мен маңыздылығын ақтады, оқу құралы ретінде студенттердің кең пайдалануына тиімділігі мен жарамдылығын көрсетті.

Кафедра оқытушылары өздерінің кәсіби біліктілігін, тілдік даму дәрежесін және ғылыми-техника саласындағы зерттеу жұмыстарын барынша жетілдіріп отырды. Алматыда өткізіліп отыратын шет тілдерін меңгеру және ұстарту шеберлігін оқыту бағдарламаларының іс-шараларына қатысатын, нәтижесінде сертификат алатын. Олар British Council (Англия), Global Education (АҚШ), Гете атындағы институт пен DAAD (Германия), француз орталығы т.б.

Айта кету керек, кафедра шетел елшіліктерімен тығыз байланыста болды. Олардың өкілдері мен мәдени байланыс бөлімдерінің атташелері студенттер мен оқытушыларға арнайы дәріс оқып, семинар шараларын ұйымдастырып отыратын. Кафедра ұжымы сол кездері АҚШ-тан келген маман магистр Скот Келли, Италия елшілігінің өкілі Марко Ауджелло, француз тілінен Бенда Шербетко, неміс тілінен Урзула Заарбек атты т.б. әріптестерді шын ықыласымен еске алады.

Факультетте тартымды дәстүрге айналған халықаралық, республикалық және университет көлемінде ұйымдастырылатын конференция, саяси дебаттар, дөңгелек үстел т.б. сияқты іс-шараларға студенттер жаппай тартылатын. Шетелдіктермен кездесулерде студенттеріміз (Е.Ашықбаев, Д.Теменев, А.Нұрша т.б.) жүргізген ілеспе аудармаларына, олардың ой-өрісінің және дүниетанымының тереңдігіне көзіміз жетіп, оларды мақтан тұтатынбыз. Мен жоғарыда айтып кеткенімдей, кафедра оқытушыларының бірқатары ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысты. Р.Сарбаева, Л.Тұнғатарова, Н.Балахоновалар кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап шықты.

Факультетте білім мен оқу саласында жаңа бағыт пайда болды, яғни халықаралық дәрежедегі мамандарға арналған жаңа оқулықтарға, сөздіктерге, арнайы мәтіндерге, методикалық әдістемеліктерге сұраныс туды, бұрынғы қолданыста болған оқу құралдары лайықталмаған, олар кешегі күннің туындылары, өткен өмірдің көрсеткіштері болып қалды.

Мен Шет тілдер кафедрасының меңгерушісі ретінде Гүлжауһар Шағатайқызының қамқорлығымен қоса, университет ректоры Көпжасар Нәрібайұлы мен проректор Зұлхайыр Аймұхамедұлының қамқорлығын айтпай кетуге болмайды. Факультет таңдаулы (элиталық), танымал жоғары оқу орындарының біріне айналды. Осында оқуға түсушілердің саны жылдан-жылға көбейе түсті. Соған қарай университет, факультет басшылығының жауапкершілігі де арта берді. Абырой болғанда, факультетте тәртіп бұзушылықты да, сыбайлас жемқорлықты да естіп көрмедік. Тәлім-тәрбие, тәртіп бірінші қатарда тұратын.

Сол жылдары ҚазҰУ Халықаралық университеттер ассоциациясы құрамына

Қазақстан бойынша бірінші жоғары оқу орны болып кірді. Бұл құбылыс университетке әлемдік білім беру сапасына қарай бет бұруына мүмкіндік берді. Ол дүниежүзіндегі алдыңғы қатардағы университеттермен (Түркия, Оңтүстік Корея, Жапония т.б.) екіжақты тығыз қарым-қатынас жасауға мұрындық болды, студенттер мен аспиранттар алмасуы, дайындық курстарынан өту деген сияқты кездері болады.

Факультетте, кафедраларда қарапайым күнделікті адами тіршіліктер болып тұратын. Есіме жиі түсетін бір жайтты айта кетейін. Ректор мырза Оңтүстік Кореяға барған бір сапарында факультетке біраз қол магнитофондарын алып келді, біздің қуанышымызда шек жоқ, бір-бір магнитофонды алып, аудиторияға барып бірінші рет алғашқы шетел материалдарын студенттерге тыңдаттық. Олардың тыңдау, есту, сөйлеу мәнерлерін жаттықтырдық. Бұл бірінші пайдаланған техникалық құралым еді.

Шет тілінен сабақ беретін мамандар үлкен сұраныста болды. Кейбір оқытушылар кафедрада тұрақтанды, көбі бірнеше жерде жұмыс істеді, аумалы-төкпелі заман орнап, халықтың біразы ауыр материалдық жағдайға душар болды, ал кафедрадағы тәжірибелі, білікті мамандарды ұстап тұру үшін декан осыдан шығудың жолын тапты. Білікті жаңашыл ректор мырза озық мамандарға қосымша жалақы беріп, жағдайды ұтымды шешті. Кафедраға, студенттерге, өз пәніне шынайы нағыз берілген ұстаздарға – Г.Сүлейменова мен М.Мақышеваға доцент атағын беріп, зор құрмет көрсетілді.

Жалпы, халықаралық қатынастар факультетінің аузының салымы бар. Факультетке декан қызметін атқаруға келген келесі ғалым-профессорлар факультеттің абыройын зор құрметпен атқарып келді.

Профессорлар Е.Жатқанбаев, Қ.Байзақова, К.Шәкіровтар факультетте орныққан білім, тәрбие, өнеге рухын сақтады. Бүгінгі факультет тізгінін ұстап отырған PhD докторы Л.Деловарова үлкен жауапкершілік арқалап отыр. Факультет – қасиетті, киелі оқу орны, бір сөзбен айтқанда, елдің тыныштығын, бірлігін, ауызбіршілігін, бейбіт өмірін қамтамасыз ететін ұстахана.

Мен 1938 жылы 10 тамыз күні дүниеге келіппін. Туған жерім – Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы Каганович атындағы колхоз (қазіргі аты Ақши ауылы). Алматы – Шелек – Нарынқол күре жолының бойында Алматыдан 60 шақырым жерде орналасқан. Каганович атындағы жеті жылдық мектепті 1953 жылы бітіріп, Түрген педучилищесіне түстім. Училищені 1957 жылы қызыл дипломмен бітіріп, ҚазМУ-дың физика-математика факультетінің физика бөліміне оқуға қабылдандым. Бұл бөлім 1959 жылы «факультет» статусына ие болды.

Әділхан ӘБІЛДАЕВ,
Теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры

ҚазҰУ қалашығының жері бөлінген сәтке куә болдық



Аталған университеттің физика факультетін 1962 жылы бітіріп, жолдамамен осы факультеттің ғылыми-зерттеу лабораториясына инженер деген қызметке орналастым. Сөйтіп, ғылыми-зерттеу жұмысына қызу кірісіп кеттім. Физика-математика ғылымының кандидаты атағына ие болдым. Бір жылдан кейін доцент атағын алдым. Факультеттің белді қызметкері болып, студенттерге өзімнің «Ядролық физика және элементар бөлшектер» мамандығы бойынша сабақ бердім.

Бүгінгі таңда университет ұлттық университет атағына ие болды. 1957 жылы университеттің студенті болып қабылданғаннан бері осы университеттен басқа еш жерге жұмысымды ауыстырмадым. Еңбек кітапшамда өмір бойы тек осы университетте қызмет еткенім жазылған. ҚазҰУ-дан басқа жерлерде

болсам, тек қана осы университеттің атынан іссапарға шығып, жұмыстар жүргіздім. Ресейдің бүгінгі күнде белгілі 87 субъектісінің (22 республика + 9 өлке + 48 облыс + 4 автономдық округ + 1 автономдық облыс + 3 федералдық статусы бар қала (Мәскеу, Санкт-Петербор, Севастополь) жартысына жуығында болған шығармын. Іссапармен Украина, Белоруссия, Литва, Латвия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Алжир, Франция, Германия, Канада, Исландияда болдым. Осылардың ішінде Алжирде үш жыл (1985-88 жж.) Мсила университетінде француз тілінде сабақ бердім. Жалпы, еш қиналмай үш тілде (қазақ, орыс, француз) сабақ беріп, әртүрлі коммуникациялар жасай аламын. Ал базарда қарапайым елмен шамамен 25 тілде сөйлесе аламын. Осының бәрі мені оқытып, білім берген, адам етіп шығарған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің арқасы деп білемін. Осы университеттің ұжымына шексіз алғысымды білдіремін.

Міне, биыл менің университет табалдырығын аттап кіргеніме 67-ші жылға аяқ басыпты. 66 жылда әртүрлі жағдайлар болды. Университетте мені жас балаша қорғап, қоршап, «әй, оны қорқытып сөйлемеңдер, жас қой, келешегіне балта шабылып кетпесін» деген адамгершілігі өте жоғары ағаларды көрдім. Соларға басымды иемін. Бір мысал келтіре кетейін. 70-жылдардың басы болар, Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков ағамыз ректор еді. Мен әлі қорғаған жоқпын, аға оқытушы кезім. Күндіз-түні бар ойым да, арманым да диссертацияны тамамдап, қорғау. Педагогикалық жүктемем – биофакта жалпы физикадан дәріс оқимын. Менің ғылыми жұмысымда пайдаланып жатқан құралдарым бірінен кейін бірі істен шығып, не істерімді білмей жүрген кезім. Матфактың корпусындағы дәріске бару керек. Бардым, дәрісті бастап, тездетіп оқып, студенттерге «ал, осымен сабақ бітті, қайта беріңдер» деп борды орнына қойып, корпустан ытып шығып, 5 минутта өзіміздің корпусқа жүгіріп кіріп, коридормен келе жатырмын. Деканаттың тұсынан өте бергенде, ашық тұрған есіктен деканның орынбасары, ағамыз Ұлан Хусаинұлының «Әділхан, тоқта» деген даусы естілді. Кілт тоқтап, есіктен қарасам, ағамыз мені саусағымен өзіне кір деп шақырып отыр. Амандасып, кіріп келдім. Сағатына қарап, иә, бәрі дұрыс. «Сабақты 20 минут ерте бітіріп, студенттерді таратып жібердім де» деп тұр. Тілім байланып қалды. «Ағай» деп бірдеңе айтайын деп едім, «Ештеңе керегі жоқ. Жүр ректорға, ол сені күтіп отыр», – деді.

Үндемей ректоратқа қарай көшеде келе жатырмыз. Әңгіме былай болыпты: ректор Өмірбек Жолдасбеков Ұлан Хұсаинұлына телефон соғып: «Әбілдаев сабағын 20 минут ерте бітіріп, студенттерді таратып жіберді. Бір бес минутта физфакқа баратын шығар. Оны аңдып отырып ұстап, маған алып кел», – депті. Сөйтіп, ректордың кабинетіне кіріп келдік. Ректор гүрілдеген даусымен: «Ал, жолдас Әбілдаев, түсіндіріңіз, неге сабақты ерте бітірдіңіз? Сізге кім рұқсат берді?» – деді. Мен есім шығып, не дерімді білмедім. «Ағай, кешіріңіз. Менен қателік кетті», – дей

бердім. Ректор: «Жолдас Әбілдаев, сіз боссыз, жүре беріңіз. Ал, Ұлан Хұсаинұлы, сіз қалыңыз», – деді. Мен шығып кеттім. Ары қарай бәрі түсінікті. Бас айналып, аяқ шалыс басылып факультетке жеттім.

Кешке қарай факультетке Ұлан ағамыз да келді. Менің лабораторияма кіріп күлімсіреп: «Ағай сені кешірді. Тек енді қайталама мына тірлігіңді. «Сөгіс беруге болмайды. Ол әлі жас қой. Өміріне балта шабуға қимаймын. Бір жолға кешірейік», – депті. Әңгіме былай болыпты: биофактың бір студенті біздің министрлікте істейтін бір әйелдің қызы екен. Ол қызына «мұғалім жаман сөз айтса немесе ұрысса факультет деканатына кіріп, маған звонда» деп айтып қойған екен. Қыз шешесіне бос жүргенін айтып звондай салыпты. Шешесі бірден Өмекеңе звондапты. Міне, әңгіменің ашығы осы. Шешесінің ойы – мұғалім кейін қызына жақсы баға қоймай жатса, оны қорқытамын» деген амалы екен. Бұл оқиғаны университет мені алақанына салып мәпелеп өсіргенінің дәлелі деп айтып отырмын. Мен университетімді атам мен анамдай көріп, оған қарыздармын деп білемін.

Жалпы алғанда, университет ұжымы үшін есте қаларлық қуанышты күндер аз болған жоқ. Сондай бір қуанышты уақиғаны тұтас университет ұжымы қалай қарсы алғаны өткен ғасырдың 70-жылдарының басында болды. Бір күні деканның орынбасары Ұлан Хұсаинұлы мені және бірнеше жас жігітті кабинетіне асығыс түрде шақырып алып, мынадай тапсырма берді: «Қазір сендер факультеттің барлық аудиторияларын, лабораторияларын, шеберханаларын аралап шығып, онда отырған адамдардың біріне мынадай хабарлама таратыңдар: «Бүгін сағат 13.00-де факультеттің барлық қызметкерлері университеттің бас корпусының алдындағы алаңға жиналсын». ҚазМУ-дың партия комитетінің бірінші хатшысы Кузнецов Ю.А.» Бес минут өтпей факультет есігін сыртынан кілттеп, Панфилов-Киров көшелерінің қиылысындағы бас корпусқа ағылдық. Жол-жөнекей бізбен иін тіресе матфак, химфак түгел келе жатыр. Жоғары жақтан философтар, экономистер, заңгерлер қаптап келе жатыр. Біз бас корпусқа жеткеннен кейін 10 минут өткенде Ю.А.Кузнецов шығып, қолындағы дауыс ұлғайтқыш арқылы елді тынышталуға шақырды. Жұрт тым-тырыс. Кузнецов қолындағы бір жапырақ қағазға жазылған телеграмманы оқып шықты: «Сегодня председатель Совета Министров СССР тов. Косыгин подписал постановление Правительства СССР о выделении земельного участка в г. Алма-Ата площадью 93 гектара для строительства КазГУграда». Ректор Ө.А.Жолдасбековтің қолы қойылған. Болды. Бәрі тарады. Осылайша біз ҚазҰУ қалашығының жері бөлінген сәтке куә болдық. Осы бір сәт менің өмір бойы жадымда сақталып қалды.

Япырай, Қазақ елінің тұңғыш университеті – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім мен ғылым ордасының құрылғанына да 90 жыл толып қалыпты. Ал мен осы университеттің түлегімін әрі оқу ордасынан бес-ақ жас кіші екенмін. Алла берген өмірдің арқасында Отанымыздың болашағына даярлайтын кадрлардың ірі ұстаханасына айналған қара шаңырақта менің де ғибратты ғұмырым жалғасып келеді.

Өтеғали ШЕДЕНОВ, академик, экономика ғылымының докторы

Асқақ даңқын сақтай білген университетім

Ұлы Отан соғысы қарсаңында дүние есігін ашып, күллі адамзат баласы тартқан ауыр қасірет-нәубеттен шет қалмаған біз, сол кездегі жаутаңкөз жастар, жамау көңілді ұрпақ, қалай дегенде де, өмірге аса құштар болып өскен едік. Содан да шығар, өнерімізді асырсақ, біліміміздің толықтырсақ деп ұмтылдық. Қиын тірлікке өң беруге, шырай енгізуге талпындық. Қолымыздан келгенше халыққа пайда келтіруге, қайыр жасауға тырыстық және бұл сол кездегі барлық жасқа бірдей тән талпыныс еді.

Адам атаулының бір-біріне қызмет жасауы негізінде қоғамның рухани және материалдық байлық-дәулеті қалыптасады деп ұқтық. Әр адам «әлеуметтік ортаға, Отанға мен де керекпін, менің де қажыр-қайратыма мұқтаждық бар» деп ойлап, сол сенімнен өмірдің мәні табылатынын түсіндік.

Мәнсіз тірлік кешу бақытсыздық қой. Үнемі жігерді жану және намысты шыңдау күрес-



керлік рухты кемелдендіреді екен де, көп жағдайда өткен өмірдің өкінішсіз болуы осыған байланысты екенін ұқтық.

...Азғыр ауыл мектебінде оқып жүргенде, бозбала дәуренде «жоғары оқу орнына барсақ, білімге қанықсақ» деген ғана арман-мақсат тұрды. Мектептегі ұстаздарымыз ұлағат жолын көрсетті. Сенімімізді нықтап, ғылым көкжиегін нұсқады. Олардың қамқорлығы арқасында өзімізді тереңдей танып, биіктерге қаймықпай ұмтылдық. Өте жақсы оқыдық, тәрбиелі болдық. Сол кезде жоғары сыныпта оқу-тәрбие комитетінің мүшесі және комсомол ұйымының хатшысы болдым. «Әлім келе ме, шамам жете ме?» деген балалық қорқыныш біртіндеп сейілді. Содан болар, бір жәшік кітабымды арқалап, Батыс Қазақстаннан Алматы қаласына төрт мың шақырым жерден он екі күнде бірнеше пойызға ауысып, әрең жеттік. Ойымыз – қазақша оқу. Ал бұл жердегі жоғары оқу орындарының барлығы сабақты орыс тілінде оқытады екен. Біздің тұрған жеріміз Ресеймен шекаралас (Мәскеу, Ленинград, Қазан, Астрахан, Саратов және т.б.). Мектеп бітірген достарымыз сол жаққа барып білім алады, әлі де солай.

Білім іздеп аңсап келген Алматы бізге бірден ұнады. Ауасы таза, көлік дегенің жоқтың қасы. Өсіп тұрған ағаш-дарақ, көлеңкелі көшелер, төменге аққан таудың мөлдір суы... бәрі тамаша еді. Сол кездегі апорт алмасының салмағы 300 грамға дейін баратын, дәмі қандай тәтті десеңізші. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында Алматы халқы 266 мың болды, қаланың тау жағы қазіргі Құрманғазы (бұрынғы Артельерская), ал батыс жағы Байтұрсынов көшесі (Ұйғыр), төменгі жағы қазіргі Мақатаев (Пастер), шығыс жағы Татарская аумағына жалғасып көмкерілетін. Осы күні Алматыда 2 млн халық бар, қазақтардың саны 70 пайызға жетті, бұрын студенттер қауымын қосқанда 10-ақ пайыз болатын. Осы ару қаланың қақ төрінде мен оқыған және жұмыс істеп жүрген, асыл да сүйікті білім мен ғылым ордасы – қазыналы қара шаңырақ университетім тұр. 1956 жылы осы университетте студенттік өмірім басталғаннан күні бүгінге дейінгі тіршілігім оқу ордасымен бірге жасап келе жатыр. Дана халқымыз «Уайым – ер қорғаны» дейді. Осы қасиетті оқу ордасында алған білімімді қайтсем де іске асыру, қоғамға пайда келтіру деген әу бастағы арманымнан бір тайғаным жоқ. Абай атамыз «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім» деп өкініш білдірсе, бұл, сірә, Алла дарытқан ерекше дарын-қабілетін ерте танып, ел игілігіне сарқа пайдалана алмағанына ашынғаннан кейінгі ұрпаққа айтылған өсиеті болар.

Сонымен 1956 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің сол кездегі экономика факультетіне оқуға түстім. Осы факультеттің ашылғанына да 75 жыл толды. Сол жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің даңқы асқақтап тұрған кез еді. Қазақстанның әр шалғайынан жиылған өндірдей ұл-қыздармен тез тіл табысып, достасып, білім дариясына 120 адам (қазақша мектеп бітіргендер 30 ғана) қатар құлаш сермедік. Ұлықтан жоғары бағалайтын ұстаздарымызға деген құрмет, ілтипатымыз тіптен ерек-тін. Олардың жүріс-тұрысы, қабақ қағысы, жымиысы, тіпті ишарат-емеурініне дейін астарлы сыр бүгіп тұрғандай таңдана көз салатынбыз. Доценттер мен докторлардың, профессор-

академиктердің кәдімгі жұмыр басты пенде екеніне онша сене қоймайтынбыз. Олар бізге аспаннан түскен елшілердей тым асқақ, түу алыс көрінетін. Періштедей пәк көңілдің тұнығы лайланбаған балауса кезді, бал дәуренді еске алғанда еріксіз ойландырар бір жайт – осы күнгі жастар бойында біз кешкен теңіз-сезім, біз аңсаған арман-махаббат бар ма, жоқ па?

Осыншама жыл ішінде университеттің он шақты басшысының қызметін көз көрді. Мәселен, И.Лукьянец, Т.Тәжібаев, А.Закарин, Ө.Жолдасбеков, Ғ.Мұтанов, Б.Жұмағұлов, Ж.Түймебаев сынды білікті ректорларды қалай мақтап, мерейін асырсаңыз да жарасымды. Осы тұста өзімнің студенттік кезімдегі бір басшыны еске алғым келеді. Ол – университет ректоры, академик-биолог, профессор Т.Дарханбаев. Ол өзі Қостанай жерінде, ауылда өскен адам. Профессордың ішкі мәдениеті, кісілік келбеті тәнті ететін. Алдына барған әр студентті кішіпейілдікпен қарсы алып, жоғын түгендеп, барынша жағдайын жасап, риза қылып, жолға салып жіберетін. Ұстаздар мен шәкірттер қамы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, үнемі шаруа үстінде жүретін ол кісілер қара бастың қамын күйттеуге уақыт таппас та еді. Ол кездегі қоғамның қатал талабы да сондай болатын. Өзінен басқалардың, қауымның, ұжымның алдында жауапсыз, ешкімге есеп бермейтін, сайып келгенде, ешқандай жауапқа тартылмайтын бүгінгі кейбір басшылардың тірлігінен жеріп, түңілген сәтте ел мүддесінің жолында өмірін сарп еткен қайран ағалар мен апаларды еске аларың бар-ау.

Бізге дәріс оқып, тәлім үйреткен тамаша адамдар, экономист-профессорлар – И.Бровер, С.Нейштадт, М.Романов, И.Лукьянец, А.Граходовций, Т.Шаукенбаев, Ф.Жеребятьев, М.Бутин, С.Баншев, Г.Постенко, С.Голденгерш және т.б. ғалымдарды құрметпен еске түсіремін. Факультет декандары Ф.Жеребятьев, Ш.Надыров, Т.Шәукенбаев және басқалар туралы білікті басшылығы, ұйымдастырушылық қабілеті, адами болмыс-бітімі жайында тек жағымды пікір, жақсы лепес қана айтуға болады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, шәкірт біткенді білімнің қайнар бұлағына қандырған мәртебелі ұстаздар алдында мәңгілік қарыздармыз. Сондай елеулі, еңселі тұлғалар еңбек еткен университетіміздің игі дәстүрі үзілмей, күні бүгінге дейін тек таңдаулылар ғана дәріс оқып келгеніне көңіл тоғайып, марқаяды екенсің.

1961 жылы экономика факультетінде староста, комсомол комитетінің белсенді мүшесі және оқуды өте жақсыға оқығаным үшін университет кеңесінің шешімімен бітірген бойда жалғыз өзімді Г.Плеханов атындағы Халық шаруашылық институтына аспирантураға оқуға жіберді. Бұл туған ұямыздай ыстық көретін қасиетті шаңырақтың маған жасаған тағы бір жақсылығы еді. Қазақстан намысын ту көтере ұстап, алыс қалаларға білім сапарына аттанған жүздеген қатарлас-замандастарымыз сияқты мен де қазақ ұлтына шіркеу түсірмей, көргендігімізбен танылып, Мәскеудегі оқуымды үздік тамамдадым. Ғылыми еңбегімді уақытында жазып, сәтті қорғап, белгілі ғылым дәрежесін алып қайттым. Институттың

оқытушы-профессорларына арналған ғылыми-теориялық, әдістемелік семинарға староста бола жүріп, осы семинардың ғұлама ғылыми жетекшісі, академик М.В.Бреевтен мол тағылым-тәрбие түйдім.

Мәскеудегі оқуды аяқтағаннан кейін еңбек жолымды 1965 жылы (бұрынғы ҚазМУ-дың экономика факультеті негізінде 1963 жылы құрылған) Алматы халық шаруашылық институтында бастадым. Ол да елу жылдай жұмыс істеп жабылды. Содан біздің университетте он бес жылдай экономикалық факультет болмады. Кейін философия және экономика факультеті болып құрылып, одан әрі қайтадан экономика факультетіне ауысты. Қазір Экономика және бизнес жоғары мектебі деп аталады. Жүрген жерімде қоғамдық жұмыстарға белсенді түрде араластым. Сірә, осындай жақсы қырларыммен көзге түскен болуым керек, бір жылдан соң Алматы қалалық және облыстық партия комитеті жанынан құрылып жатқан Жоғары экономикалық мектепке шақырды. Бұл 1966 жыл еді. Әуелі екі жылдай мектептің деканы, кейін 1978 жылға дейін ректор міндетіне тағайындалдым. Оны да абыроймен атқардым деген ойдамын.

Содан кейін ғылым мен білімнің киелі отауында – Қазақ ССР Ғылым академиясы жүйесінде өндіргіш күштерді зерттеу бойынша кеңес төрағасының бірінші орынбасары, әлеуметтік-экономикалық мәселелер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеген кезімде де кадр-мамандарды даярлауға, экономика ғылымының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқанымды мақтаныш сезімімен айта аламын. Мысалы, қырықтан астам ғылым кандидатын, жеті доктторды даярладым. Жалпы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілім 60 жылдан асты. 500-ден астам ғылыми жұмыс жарияладым. Оның ішінде 70-тен аса монография, кітап пен оқулық, оқу құралдарын жеке-дара да, әріптестеріммен бірігіп те шығардым. Бұл еңбектер саяси экономия, жалпы экономикалық теория, макроэкономика, микроэкономика, теориялық экономика, экономика ілімдерінің тарихы және т.б. тақырыптарға арналды. Осы еңбектерде еліміздің әлеуметтік және жалпы экономикалық дамуының теориялық және практикалық мәселелері зерттелген. Оларды қазір білім алушы бакалавр, магистрант, докторанттардан бастап, ЖОО оқытушылары мен мемлекеттік қызметкерлер де қолдануда.

Көп жылдар бойы университеттің Саяси экономия, Экономика теориясы кафедраларының меңгерушісі болдым. Қазір профессорлық қызметпен айналысудамын. Атына лайық асқақ даңқын сақтай білген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың зор мәртебесі үшін қажымай-талмай қызмет етіп келемін. Бұл мен үшін мерейлі мәртебе. Әділетті Қазақстан елінің туын көтерген университетіміздің табысы мен жетістігі аз емес. Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің оң шешімін табуымен мәдениетіміз көркейіп, оқу-білім саласы да тың серпін ала түсуде. Бір кездері Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның – атасы». Осы ұлы қасиетті сөзден жас ұрпақтың бақытты, бақуатты болашағына деген сенім орнығып, ол сенім нығайған сайын алдыңғы буын өкілдері ретінде біздің де көңіліміз шуаққа бөленсе дегім келеді.

Ажар ЖҰБАНОВА, академик

Өз орнымды ҚазҰУ-дан таптым

– Ажар Ахметқызы, сіздің биология саласының академигі, университетіміздің, ұлтымыздың беткеұстар ғалымы ретінде қандай ғылыми жаңалықтар ашқаныңызды, ғылымдағы жетістіктеріңізді жақсы білеміз. Сондықтан сізді ғылым жайындағы емес, көп адамдарға аша бермейтін отбасылық әңгімеге тартқым келеді. Жұбановтарды академиктер жанұясы деп айтады. Сұхбатымызды өнер саласындағы қазақтан шыққан тұңғыш және саяқ академик, әйгілі композитор Ахмет Қуанұлынан бастасақ. Әкеңіз туралы, оның ортасы, жалпы, отбасы туралы айтып берсеңіз.



– Әкемнің тағдыры қиын болды. 1937 жылғы репрессия кезінде ағасы Құдайберген Жұбанов ұсталып, атылып кетті. Ол ұсталған күннің ертесінде, сол заманның заңы бойынша Ахмет Қуанұлы филармониядан шығарылды. 31 жастағы жігітке ағасының алты баласын, өзінің бес баласын асырау керек болды. Кейіннен өзі де қудаланатын болған соң, Мұхтар Әуезовпен бірге Мәскеуге қашты. Біраз жыл сол жақта жүрді. Әкем туралы «Өнегелі өмір» сериясымен кітап шығардым. Сондай-ақ қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерінде «Ахмет Жұбанов – қазақ халқының ұлы» кітабын бастырдым. Осы еңбектерде оның өмірі түгел баяндалады. Әкемнің 100 жылдығы құрметіне «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген «Ахмет Жұбанов» деректі фильмінің сценарийін өзім жазып шықтым.

Үйдің кенжесі болғандықтан ба, әкем мені кішкентайымнан қасына ертіп жүретін. Сол кездегі танымал күйшілермен көп араласатын, ұзақ отырып күйдің тарихын, ойналу иірімдерін талдайтын, нотаға түсіретін. Дом-

быраны жасау әдістерін, оның шанағына, қақпағына, мойнына қандай ағаштар қажет екенін зерттеді. Ол республикадағы белгілі көптеген азаматтармен тығыз қарым-қатынаста болды. Қазақстан компартиясының бұрынғы бірінші хатшысы Жұмабек Шаяхметов, сол кездегі ел басшысы Дінмұхамед Қонаевтардан бастап, Ұлы Отан соғысының батырлары Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, композитор Нұрғиса Тілендиев сияқты көптеген дарынды бауырларымен, замандастарымен араласатын. Мәскеуде де достары көп болды. КСРО халық суретшісі, скульптор-монументалист, Волгоградтағы Мамай қорғанындағы «Родина – мать зовет», «Белгісіз солдат», Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-квартирасының алдында тұрған «Перекуем мечь на орало» аталатын мемориалдық ескерткіштердің авторы Евгений Вучетич әкемнің досы болған, үйге келіп тұратын. «Сіздің музыкалық аспапта ойнап отырғандағы ішкі дүниеңізді бет-бейнеңізден көрсетуім керек» деп, домбыра шерткізіп қойып ескерткіштің кескінін жасағаны есімде. Жұмысы ұзаққа созылды, өйткені 1970 жылы Лениннің 100 жылдығына 80 мүсінін жасауға тапсырыс алған екен. Вучетичтің үстіне шапан кигізіп, «көбелек» галстук тағып жасаған мүсін қазір әкемнің зиратында тұр.

Ол кездің ақын-жазушылары, өнер адамдары, жалпы, зиялы қауымы ерекше еді. Олар бір-бірін үлгі тұтып, үлкенге сый-құрмет, кішіге ізет көрсететін. Әкемізбен көшеде жүргенде олармен кездесіп қалсақ, маңдайымыздан иіскеп, бөкебайымызды немесе баскиімімізді түзеп, ерекше мейіріммен әкелік қамқорлық танытатын. Осының барлығы түсінген адамға тәлім-тәрбие. Оны біз, балалар да, сезінетінбіз. Біз солай тәрбиелендік.

– Қазақта «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді» деген сөз бар. Әкеңіз сазгер, академик, үйдің тұңғышы Ғазиза Ахметқызы да музыка саласының академигі, сіз қалайша биология ғылымын таңдадыңыз?

– Жанұямызда ешқайсымызды музыкаға міндеттеген жоқ. Бірақ Ғазиза жастайынан музыкаға әуестенді. Қайыр ағамды музыка мектебіне скрипка сыныбына берді. Роза екеуміз фортепьяно сыныбына бардық. Болат әнді жақсы айтатын, ол музыкаға бармады. Қайыр музыка мектебінде екі жыл ғана оқып, өзі шығып кетті. Саяси репрессияға ұшыраған Жұбановтың отбасы музыкалық білім алуға құқы жоқ деп, Роза екеумізді шығарып жіберді. Ғазиза мектепті алтын медальмен бітірді, сонымен қатар музыкалық училищенің үздік дипломын алып, Мәскеу консерваториясына оқуға кетті. Роза болса Алматы консерваториясына түсті. Мен барлық пәндерден сабақты жақсы оқыдым, мектеп бітіретін жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінің (МГУ) жаңа ғимараты салынды. Ертегідей болып көрінген осы оқу орнына түсу менің арманым болды. Осылайша мен әкемнің рұқсатымен МГУ-дің биология факультетін таңдадым. Қазақстаннан сегіз квота бар екен, бірақ оны қалалық комитет алдын ала бөліп қойған болып шықты.

Сөйтіп, маған квота берілмеді, Мәскеуге өзім барып, емтихандарды жақсы тапсырып оқуға түстім. Бұл жеке бір әңгіме болатын тарих. Ал биологияны таңдағаным – алдымдағы екі ағам химия факультетінде оқыған. Мен соларға ұқсағым келді, бірақ химияны емес, қыздардың жұмыс істеуіне ыңғайлы биологияны қол көрдім. Таңдауымның нәтижелі болғанын өздеріңіз көріп отырсыздар.

– Ажар Ахметқызы, сізді әріптестеріңіз ғылыми ұжымдарды өз төңірегінде топтастыра алатын, олардың алдында ғылыми міндеттер мен мәселелерді қоя білетін, сондай-ақ ұжымда жақсы қызмет атқара алатын, басшының жауапкершілігін терең сезінетін ғалым ретінде жоғары бағалайды. Сол әріптестеріңізге, жас ғалымдарға қандай бата берер едіңіз?

– Мен бақытты адаммын. Өйткені менің ата-анам, аға-апайларым ұлы адамдар. Бізді елімізді сүюге, бір-бірімізді сыйлап, жақсы көруге, өз жұмысымызды жақсы атқаруға тәрбиеледі. Бақытты болу үшін еңбек ету керек, бәрі маңдай термен келеді. Өмірдің ең қызығы – өмірдің өзі. Ең бастысы – өмірдегі өз орныңды табу. Адам жұмысына жан-тәнімен беріліп, барлық күш-жігерін салса, сонда ғана жақсы нәтиже болады. Ал істеп жүрген жұмысына немқұрайды қараған адам ештеңені бітірмейді. Ол үшін жұмысыңды жақсы көруің керек. Менің ғылымдағы жетістіктерімнің барлығы үлкен ғылымға, биология саласына деген сүйіспеншіліктің нәтижесі.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ

12.06.2021

Президент Академии журналистики Казахстана, доктор исторических наук, профессор КазНУ им. Аль-Фараби Сагымбай Козыбаев имеет в своём активе десятки наград и званий, в том числе международных. Сагымбай Кабашевич стоял у истоков создания нескольких кафедр факультета журналистики, активно участвовал в исторических исследованиях печати Казахстана, создав уникальные научные прецеденты, когда он находил доказательства возникновения газет гораздо раньше той даты, которую они указывали в выходных данных. С увлеченностью настоящего ученого он берется за исследование, воскрешающее историческое прошлое, восстанавливающее справедливое прочтение непростой судьбы журналистики страны и общества. Академия журналистики под бессменным руководством С.К.Козыбаева позволяет сохранять в профессиональном сообществе высокий профессионализм и потенциал духовности, а учрежденные академией премии «Алтын жұлдыз», «Алтын самұрық» и «Ақку» считаются высшими общенациональными журналистскими премиями государства. Сегодня мы беседуем с Сагымбаем Кабашевичем Козыбаевым – одним из составителей данного сборника, посвященного славному юбилею – 90-летию Казахского национального университета им. Аль-Фараби и одновременно 75-летию нашей газеты – «Qazaq universiteti».

Профессор Сагымбай КОЗЫБАЕВ:

КазНУ – наш отчий дом

– Сагымбай Кабашевич, вы проработали по сути всю жизнь в университете – полвека, без малого 50 лет! Причем на одном месте – факультете журналистики. Прошли все стадии преподавательской кухни – от старшего преподавателя до профессора, были 30 лет заведующим кафедрой, деканом факультета, являетесь почетным заведующим кафедры печати и электронных СМИ, инициатором и первым президентом Академии журналистики Казахстана уже более 20 лет.

– Меня обуревают сложные эмоции. Каждый раз вступая в сень храма Фараби на фоне белоснежных высоких гор, остро ощущаю особый трепет сердца, особое волнение души. Вся по сути жизнь отдана родной альма-матер. Знаю одно: ты обитатель ее, ты согрет ее теплом, тебя ждет младое племя. В доме этом и обласкают, коль достоин, поругают, если заслужил. Но ты все равно

мил, ты частица этого божественного храма, член загадочного сообщества коллег, своеобразного масонства единомышленников. И пока дойдешь к студентам до заветной лекционной аудитории, потеряешь счет приветствиям…

– Действительно, такие же чувства испытывают все настоящие патриоты университета. Когда сходишь на остановке с транспорта, проходишь нашу знаменитую арку и видишь такую уникальную панораму КазГУграда…

– Может быть это звучит слащаво, но подобное чувство испытываю почти ежедневно. КазГУ до 1981 года занимал место на Старой площади, на тогдашней улице Кирова 136, я там начинал свою преподавательскую деятельность. С 1981 года мы здесь в КазГУграде. Это сколько лет только на Фараби-Тимирязева. 42 года! Умножьте на число дней в году.

Мое особое поклонение, как и всех патриотов университета, человеку, чье имя носит вуз, человеку, которому более 11 веков со дня рождения. Взирая гордо с пьедестала на фоне белоснежных священных гор, он будто благословляет (өзінің батасымен) спешащих в университет за знаниями потомков – и юных, и седовласых…

– 1934 год – год рождения КазНУ. Нынче университет в канун своего юбилея. Это люди, взрастившие родной вуз, это питомцы…

– У нас в университе один из лучших, не только в вузах, музей собственной истории. Каких людей взрастил КазНУ! Десятки лауретов Государственной премии, академиков, общественных деятелей. Их портреты украшают анфилады музея. Вышли десятки



книг, изданных в собственном издательстве, в том числе трехтомник «Элита». Это дорогого стоит. И ведь это начало детальной истории 90-летнего пути альма-матер.

– Вы пришли работать в КазГУ в 1974 году – год сорокалетия университета. Есть что вспомнить. Вам лично?

– Конечно же. Тогда уже два года работал ректором У.А.Джолдасбеков, один из выдающихся деятелей высшего образования. Только по сути разворачивалось строительства вузовского городка. Время идет, при каждом руководителе вуза было развитие университета. Какие были руководители, каждый оставил свой незримый след – Е.Ергожин, М.Абдильдин, К.Нарибаев, Т.Кожамкулов, Б.Жумагулов, Г.Мутанов. А до этого

– Т.Тажибаев, А.Закарин, Т.Дарканбаев… А надо еще вспомнить довоенные и годы Великой отечественной. Это была история страны и каждый руководитель отдавал свои лучшие годы нашему университету.

– Но ведь были личности, ежедневные, с кем вы общались?

– Я думаю, что не надо забывать о коллегах, это долг каждого. Журналистика – синтез многих наук, прежде всего связанных со словом. Поэтому некоторое время факультет журналистики был как бы отделением филологического факультета, пока не произошло превращение в собственный факультет. Тауман Салыкбаевич Амандосов был деканом этого совместного факультета. А преподавала журналистам когорта выдающихся ученых во главе с М.О.Ауэзовым. А собственные кадры? Сегодня их имена вспоминаем лишь по значительным датам. А жаль. З.Туарбеков, Б.Кенжебаев, З. Кабдолов, Т.Какишев, С.Матвиенко, Х.Бекхожин, М.Дмитровский, Ф.Жеребятьев, Л.Куканов, Г.Колосов, М.Барманкулов, С.Сагалович, М. Мадзигон, Р.Зуева, Г.Ким… Светлая им память!

– Хочу плавно перейти к сути нашей книги, посвященной 90-летию университета и 75-летию газеты «Qazaq universiteti», если точнее одной из многих книг, связанных с юбилеем. Каждый из 16 факультетов готовит свои памятные сборники. А наш посвящен одновременно 75-летию газеты «Qazaq universiteti» – идейному стержню всей деятельности альма-матер. К тому же, вы были по совместительству одним из редакторов газеты в 1974-1976 годы…

– Не знаю, сколько редакторов газеты было до дней нынешних с 1948 года. Сегодня мы даем дань их памяти. С.Толешов, Х.Бекхожин, Т.Амандосов, Ш.Елеукенов, А.Мархабаев, есть и ныне здравствующие.

Сейчас время компьютерное, а тогда набор делали вручную, о компьютерах даже не мечтали. Выход каждого номера газеты был особым чувством бытия собственного, сутью ежедневного существования. В данном сборнике есть воспоминания об этом, не буду повторяться.

Скажу лишь одно. Для многих страницы газеты – трамплин для сотен журналистов в большую творческую жизнь. Начиная с Ануара Алимжанова, двух Героев Социалистического Труда – Анатолия Иванова, автора романов «Тени исчезают в полдень», «Вечный зов», Анатолия Ананьева, автора романа «Танки идут ромбом», Какимжана Казыбаева, Турсунбека Какишева, Марата Барманкулова, Сапара Байжанова… Десятки знаковых личностей. А если вспомнить 1934 год, Казахский институт журналистики, влившийся в канун войны в факультет журналистики – это сотни имен, оставивших след в высшей духовности нации. Поэтому надо считать честью равняться на эти личности и нести достойно вахту на стезе, называемой госпожой по имени «журналистика»!

– Благодаря таким преподавателям как вы вся казахстанская журналистика гордится родным университетом – КазНУ! Спасибо, вам, Сагымбай Кабашевич!

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ
20.11.2023

Один из почетных аксакалов нашего университета, доктор химических наук, профессор, выдающийся ученый в области химической физики процессов горения и нанотехнологий Зулхаир Аймухаметович Мансуров прошел славный путь от студента до первого проректора КазНУ им. Аль-Фараби, после возглавлял Институт проблем горения, где в настоящее время является научным руководителем, а также занимается преподавательской деятельностью на факультете химии и химической технологии. Трудовая и общественная деятельность Зулхаира Аймухаметовича оценена высокими наградами: Государственной премией РК в области науки и техники; Первой премией им. К.И.Сатпаева за лучшие достижения в области естественных наук; орденами «Құрмет» и «Парасат»; медалью Академии наук РФ «За заслуги перед высшей школой»; медалью ЮНЕСКО «За вклад в развитие нанонауки и нанотехнологий» (торжественная церемония награждения прошла в штаб-квартире ЮНЕСКО в Париже); премией «Алтын адам» в номинации «Деятель науки года». Сегодня, на кануне 75-летия газеты «Qazaq universiteti» и 90-летия alma mater мы беседуем с профессором кафедры химической физики и материаловедения, проректором по научной работе (1992-1998) и первым проректором КазНУ им. Аль-Фараби (2001-2010) Зулхаиром Мансуровым.

Профессор Зулхаир МАНСУРОВ:

И вот прошло девяносто лет, почти век...

– Зулхаир Аймухаметович, по словам Вашего научного руководителя Георгия Ксандопуло, к научным исследованиям Вы приступили еще в студенческие годы, видимо химическая наука Вас с детства интересовала. Вы, наверное, определили свой путь в науке еще будучим учеником?

– Десятилетку я окончил в 1963 году в Талгаре. В том же году по совету родителей и старших не стал рваться в геологи, хотя такая юношеская романтическая мечта была, а пошел на химический факультет КазГУ им. С.М.Кирова. Этот шаг и определил, собственно, всю мою дальнейшую судьбу – и как человека, и как педагога, и как ученого. Выбор дальнейшего профессионального обучения для меня, как и всех молодых людей, опре-



делялся стремлением глубже постичь смысл химической науки, ее главных направлений развития и особенно практики ее широкого использования в многочисленных аспектах жизни.

– За 60 лет много воды утекло, многое изменилось, сами стали знаменитым ученым. Кого из своих преподавателей называли бы, кто проложил вам путь к большой науке?

– Могу сказать, что это большое счастье – слушать корифеев химической науки: Б.А.Беремжанова, М.Т.Козловского, М.И.Усановича, Д.В.Сокольского, О.А.Сонгину. Я с удовольствием вспоминаю, как на 2-м курсе академик М.Т.Козловский читал нам курс аналитической химии. Он был прирожденным педагогом. Его лекции были содержательными, читал он с глубоким знанием, приводил комментарии из своей практики. Курс лекций сопровождался основательными лабораторными работами. Лабораторные занятия вела очень строгий доцент Р.Н.Матакова. Академик М.Т.Козловский, бывший заведующий кафедрой аналитической химии, сам давал задачи в виде смеси химических веществ, нужно было определить, какие элементы имеются в смеси. На 2-м курсе я первым выполнил профессорскую задачу. Естественно, был очень рад, и такое запоминается на всю жизнь. На 3-м курсе передо мной встал выбор, на какую кафедру идти, меня пригласил к себе в лабораторию Георгий Иванович Ксандопуло и предложил обучаться и работать на ЭПР-спектрометре для изучения атомов и свободных радикалов, реакционноспособных частиц, играющих важную роль в процессах горения. А это означало, что мы слушали все спецкурсы кафедры, основным научным направлением которой была теория кислот и оснований во главе с его создателем – всемирно известным академиком М.И.Усановичем. Я счастлив, что слушал его поистине философские, классические лекции. Запомнились также лекции и практические занятия профессора В.Ф.Сергеевой, доцентов В.А.Миркиной, Е.В.Абрамовой, С.А.Юсупова, Л.Н.Крупенниковой, Р.Н.Матаковой, О.Т.Пашининой, В.В.Малахова, Л.А.Кадушкиной.

– Они стояли у истоков истории КазГУ, создали научную базу университета. За это время насколько поднялся научно-технический потенциал учебного заведения?

– В 1934 году в здании бывшей Верненской

гимназии начал свою работу КазГУ на двух факультетах – биологическом и физическом. Учебную и научную работу в то время вели 25 преподавателей, среди которых 5 профессоров и 10 доцентов. ... И вот прошло девяносто лет, почти век... Сейчас КазНУ им. Аль-Фараби имеет мощный научный потенциал, является крупнейшим научно-образовательным центром страны. История вуза, высокий профессионализм ученых и преподавателей, талантливые студенты составляют основу глобальной конкурентоспособности университета. В КазНУ сформировалась уникальная научно-инновационная инфраструктура, состоящая из 16 факультетов, 8 научно-исследовательских институтов, 29 научных центров и технопарков, 97 производственных филиалов, 125 лабораторий. Ежегодно на конкурсной основе учеными университета реализуются более 400 научно-технических проектов и программ по фундаментальным и прикладным научным исследованиям, а также программ целевого финансирования. Наш университет славится своими научными кадрами: здесь трудятся 22 академика НАН РК, МАН РК, 11 членов-корреспондентов НАН РК, 14 лауреатов Государственной премии РК в области науки и техники, 585 докторов наук, 489 PhD, 801 кандидат наук.

– Окончив химический факультет, Вы остались работать в КазГУ и с тех пор неразрывно занимаетесь наукой в стенах этого университета...

– Получается так. Вся моя жизнь неразрывно связана с родным университетом – Казахским национальным университетом им. Аль-Фараби. В 1968 году начал работать стажером-исследователем на кафедре физической химии КазГУ. В 1969 году был призван в Советскую армию, год отслужил в ее рядах и возвратился в университет, поступил в аспирантуру кафедры физической химии, которую окончил в 1973 году, защитив кандидатскую диссертацию на тему «Кинетика взаимодействия атомов водорода с ингибиторами». По окончании аспирантуры продолжил трудовую деятельность на химическом факультете – научным сотрудником лаборатории физико-химических методов исследования, заведующим лабораторией ФХМИ, доцентом кафедры химической кинетики и горения. В 1990 году я защитил докторскую диссертацию «Неизотермические холодные пламена углеводородов» в Институте структурной макрокинетики АН СССР в Черноголовке (Московская область). Работая в должностях проректора по научной работе и первого проректора, я с еще большей полнотой понимаю значение родной alma mater в системе науки и высшего образования. Понимаю, какие замечательные люди его создавали, развивали, вкладывая свой труд в копилку славной истории университета. И в настоящее время продолжаю педагогическую деятельность на кафедре химической физики и материаловедения.

– К Вашим основным научным достижениям в области науки можно отнести обучения и подготовку научных кадров в области химической физики и нанотехнологий. Под Вашим руководством защищено более 65 докторских, канди-

датских и PhD-диссертаций. Работа в двух направления требует титанического старания и усилия, как вам это удается?

– Администраторская деятельность в качестве первого проректора, не означает, что отошел от своей основной научной и преподавательской работы. Я мог бы быть свободен от преподавания, но не хотелось деквалифицироваться как специалист, так как каждая лекция требует введения нового материала, совершенствования методики. К тому же сочетает выполнение учебной нагрузки и физической, то есть очень полезно вести занятия стоя или прохаживаясь по аудитории, ведь просто так ходить для поддержания формы некогда, и при кабинетной сидячей работе хотя бы 120 часов лекций – хорошая нагрузка.

Наука и образование – это два столпа, которые являются неотъемлемой частью любого современного общества. Особенно это стало проявляться в последние годы, когда усилился процесс глобализации и на передовые позиции вышли высокотехнологичные отрасли, требующие высококвалифицированных специалистов и ученых. В этих условиях роль науки как генератора идей и системы образования, как источника и гаранта непрерывности пополнения научных и инженерных кадров чрезвычайно возрастает. В современном мире мощь государства определяет научный, образовательный и технологический потенциал. Поэтому меня как человека, всю свою жизнь посвятившего научной деятельности и образованию, и как патриота своей страны очень заботят проблемы и перспективы развития высшей школы и науки Казахстана.

В Ватикане, в книгохранилищах и фондах Ватиканской Апостольской библиотеки, занимающей первое место в Европе по древности и богатству манускриптов и библиографических редкостей, мною проделана значительная научно-поисковая работа. Так, выявлены новые источниковые материалы по истории Гуннской империи, Аварского и Тюркского каганатов, а также государственных образований на территории Казахстана эпохи средних веков. Большая часть этих источников представлена исключительно на латинском языке. Здесь впервые мною обнаружено третье сохранившееся изображение Аттилы. Оно не встречалось до сих пор в изданиях по истории Гуннской империи, Рима и Ватикана. Фреска выполнена в XVI веке ближайшими учениками Рафаэля. Снизу надпись «S. Leo Pont. Max. Attila. Furentem. Reprimit», что означает в переводе с латинского: «Папа Лев Великий останавливает грозного Атиллу».

В одном из интервью Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Ж.К.Туймебаев отметил, что в научно-образовательной сфере Казахстан прилагает усилия для совершенствования всей системы высшего образования и научных исследований. В стране созданы инновационные центры и научные парки, проводятся международные конференции и форумы. Казахстан ставит перед собой задачу стать региональным центрам научно-технического развития. Это прежде всего относится к КазНУ им. Аль-Фараби, занимающий по праву особое место среди университетов и научных центров не только Казахстана, но и Центральной Азии и Евразии. Наш университет в начале 2024 г. отмечает свой славный юбилей – 90 летие со дня основания. Он успешно развивается как исследовательский университет в современном понимании этого слова и массированно развивает фундаментальные изыскания.

Целесообразно проводить и далее встре-

чи в Казахстане с профессорами и научными работниками дальнего и ближнего зарубежья. Это касается и известного в Европе и мире высокорейтингого университета Ла Сапиенза в Риме. С этим университетом по моей инициативе и при личном участии был подписан и действует Меморандум о тесном международном сотрудничестве на базе КазНУ им. Аль-Фараби. Здесь и совместная подготовка специалистов-магистров истории по двойному диплому, стажировки и участие в международных конференциях и т.д. Вместе с тем профессоры этого университета участвуют в выпуске докторов PhD в качестве зарубежных руководителей.

С казахстанской стороны помимо историков и востоковедов в этих мероприятиях могут принимать участие археологи, этнологи, лингвисты, философы, политологи, религиоведы, а также представители других специальностей. Останавливаясь на роли науки в новом Казахстане, ректор КазНУ им. Аль-Фараби Ж.К.Туймебаев особенно отметил роль ученых социально-гуманитарного направления. «Сегодня исследовательские центры КазНУ имени Аль-Фараби, – подчеркнул он, – активно включившись в реализацию реформ, вносят вклад в дальнейшее укрепление независимости, обеспечение межконфессионального и межэтнического согласия».

Анализ и введение в научный оборот новых источников и литературы, сыграет значительную роль в осуществлении научной и учебной деятельности особенно при подготовке конкурентоспособных историков, востоковедов, политологов, лингвистов нового поколения в рамках бакалавриата, магистратуры и докторантуры в Республике Казахстан.

– Можете ли Вы назвать видных выпускников исторического факультета, которым Вы преподавали?

– Среди выпускников исторического факультета, которые в разные годы учились у меня, можно отметить нынешних докторов наук, профессоров, таких как Ж.Асылбекова, Г.Мендикулова, Е.Сыдыков, К.Ахметов, Ж.Таймагамбетов, Г.Ким, Г.Дадабаева, К.Байзакова, К.Несипбаева, Р.Жаркынбаева, М.Губайдуллина, С.Борбасов, Г.Султангалиева, Ж.Кундакбаева, Ф.Кукеева, Г.Хабижанова, И.Черных, Л.Кожакеева, Д.Байгунаков, А.Калыш, Ш.Амирбеков, Т.Мекебаев, Л.Ерекешева и др. На государственной и дипломатической службе находятся успешные выпускники, ныне известные деятели и дипломаты как К.Абдрахманов, К.Абусеитов, К.Жигалов, Е.Бабагумаров, Ж.Айтжанова, М.Ерман, С.Акимбеков, В.Волков, Б.Абдыгалиев, Е.Кошербаев, А.Абдрахманов, Ж.Сулейменова, А.Толамисов и мн.др.

Пользуясь случаем, искренне поздравляю многотысячный коллектив профессоров и преподавателей, студентов и всех обучающихся со славной датой КазНУ им. Аль-Фараби. С 90-летним юбилеем, Alma Mater!

Хочется поздравить и коллектив «Qazaq universiteti» с 75-летием. Газета играет важную роль в освещении многогранной деятельности университета, его истории и перспектив развития, особенно с момента получения республиканского статуса. Дальнейших плодотворных успехов вам в вашем благородном деле!

– Спасибо, Калкаман Турсунович, за интервью и искренние пожелания!

Беседовал
Кайыржан ТУРЕЖАНОВ
16.12.2023

Мен «Qazaq universiteti» газетін 1976 жылдан бері оқимын әрі онда ғылыми-көпшілік мақалаларымды жариялап келемін. Бұл газеттің ғалымдар үшін де, студенттер үшін де алар орны ерекше. Газет 1948 жылдан бастап шығып келеді. Яғни менімен құрдас деуге де болады.

Жақыпбек АЛТАЕВ, Философия кафедрасының профессоры, «Парасат» орденінің иегері, Халықаралық Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми кеңесшісі, философия ғылымының докторы

Мерейтойға тартуым – ғылыми монографиям

Қазіргі таңда «Qazaq universiteti» газеті дәстүрлі қағаз түрінде де, сонымен қатар электронды түрде де жарияланып келеді. Ал енді сол кездегі С.Киров атындағы ҚазМУ-да, яғни қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да елу жылға жуықтаған ғұмырым туралы айта кетсем. Сонау 1976 жылы осы университеттің Философия тарихы және логика кафедрасына аспирантураға түсіп, сол кездегі кафедра меңгерушісі, философия ғылымының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор, белгілі фарабитанушы, танымал ғалым Ағын Хайроллаұлы Қасымжановтың шәкірті атандым. А.Қасымжановтың философиялық мектебі менің ғұмырыма үлкен рухани өзгерістер алып келді. Сол жылдардан бастап қазақ философиясы, фарабитану ғылыми ізденістерімнің басты мақсатына айналды.



Менің бар ғылыми өмірім Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен және бүгінгі таңда 75 жасқа толып жатқан «Qazaq universiteti»-мен байланысты дер едім.

Студент, аспирант, кандидат, доктор, профессор сынды сатылап жоғарылаған ғылым-

ғұмырым толықтай осы «Qazaq universiteti» газетімен тікелей байланысты. Ғасырлар ғұламасы саналған әл-Фараби есімі аталғанда бәріміз елең етеміз. Әл-Фарабиді танып білуге деген қызығушылық менің жан-бойымды баурап алды. Білсеңіз, менің жүрегім мен ақыл-ойым осы әл-Фарабиде болды. Себебі Қазақстанда Әбу-Насыр әл-Фараби мұраларына деген қызығушылық аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары мен әрекеттері XX ғасырдың 60-70 жылдарынан басталып, Қазақстан фарабитанудың әлемдегі ең үлкен орталықтарының біріне айналды. Қазақстандық фарабитанудың басында, негізгі ұйытқысы, мұраларын тұңғыш іздеуші, аударушы, мәселені көтеруші ретінде А.Машани мен А.Көбесов, Ә.Әлімжанов есімдері аталса, ол 1968 жылы ҚазҚСР ҒА Философия және құқық институтында әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ құрылды. Топты ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымының докторы, профессор А.Х.Қасымжанов үйлестірді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің өмір жолы мен энциклопедиялық ғылыми мұрасы, рухани әлемі оның көзі тірі кезінде-ақ сол заман ғалымдарының назарын өзіне аудара бастаған. Фараби өмірден өткеннен кейін бұл зерттеулер бүгінде әлемнің алуан тілде жазатын ғалымдар шығармаларымен толығып, «Фарабитану» атты тұтас бір ғылым саласына айналды. Фарабитануды құрайтын сол мұраны шартты түрде бес топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа ортағасырлық араб, парсы ғылымдарының жазбалары кіреді. Екінші топқа фарабитанудың тағы бір үлкен саласын XIX-XX ғғ. Мысыр, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдары толықтырды. Фарабитанудағы үшінші топты батыс авторлары құрайды. Бұл саладағы Фараби мұрасына қызығушылық XV ғасырдан басталды. Фарабитанудағы төртінші топқа патшалық Ресей және кеңес заманындағы шығыстанушылар жатса, Фарабитану ғылымының бесінші тобына түркітілдес халықтар ғалымдарының еңбектерін жатқызуға болады.

«Qazaq universiteti» газетінде осы жоғарыда келтірілген оқиғалар әр жылдарда, кезеңкезеңімен жарияланып отырды. Жоғарыда келтірген Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығында ғалым-хатшы болып, басшылық қызметте де және қазіргі таңда ғылыми кеңесшілік қызметімде де фарабитану, жалпы ғылыми мәселелер төңірегіндегі өз пікірлерімді, ғылыми тұжырымдарымды аталмыш газетте жариялаудамын.

Жоғарыда аталған ғылыми шығармашылық топтың арқасында ұлы ғұлама әл-Фарабидің шығармашылығымен, қолжазбаларымен мұқият танысуға зерделі зерттеулер басталып кетті. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде А.Қасымжанов, М.Бурабаев, Ә.Дербісалиев, Қ.Жарықбаев, Г.Шаймұханбетов, С.Сатыбековалардың еңбектері қазақстандық фарабитану кеңістігін ұлғайта түсті. Алғаш рет әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Логикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», сондай-ақ «Птолемейдің «Алмагестіне» түсініктеме» атты мирастары қазақ-орыс тілдерінде жарық көрді. 1970 жылдары кеңестік қоғамның академиялық

ортасында әл-Фарабидің (870-950) философиялық мұрасына ерекше қызығушылық пайда болды. Бір қарағанда осы бір асыл мұра Орталық Азиядағы ойшылдың Отанында, сондай-ақ Ресей мен бүкіл Кеңес Одағында зиялылар қауымына енді ғана белгілі бола бастаған немесе ежелден беймәлім сияқты көрінді. Бұл қызығушылық белгілі бір дәрежеде Ресейде білім алған және академиялық шыңдалудан өткен ортаазиялық философтардың өз өңірлерінің зияткерлік келбетін жасауға деген ұмтылысынан туындады. 1970 жылы Алматыда әл-Фарабидің таңдамалы философиялық трактаттары үзінділерінің аудармасы жасалды, одан кейін математика, әлеуметтік-этикалық мәселелер, логика бойынша трактаттарының үзінділері жарыққа шықты. Бұдан әрі кеңес идеологиясының қағидаларына сәйкес жасалған философия тарихына әл-Фарабидің қосқан үлесін қорытуға арналған еңбектер пайда бола бастады.

Қазақстанда әл-Фараби есімі XX ғасырдың 70-жылдары айрықша танымал болды. Бұл ең алдымен әл-Фараби ғұмырнамашыларының IX-X ғасырларда бүгінгі Қазақстанның аумағында орналасқан Фарабты оның Отаны деп санауына байланысты еді.

Осы тұста фарабитанудың көпшілікке беймәлім болып келген беттері туралы Алаштың біртуар азаматы Мұстафа Шоқайдың бүгінгі күнге дейін белгісіз болып келген мақаласы жөнінде сөз айтпақпыз. Түркі дүниесінің ұлы ойшылы, философ, ғұлама ғалым екінші ұстаз Әл-Фарабидің «ізгі қала» ілімін зерделеп, ғылыми тұрғыдан қалай негіздеген. Қайраткердің бұл ұстанымы жалпы түркі мұрасын ұлтшылдық және фашистік идеологияға жақындату әрекетінен қорғап, қалай сақтағаны жөнінде өз ойларымды ортаға салуды жөн көріп отырмын. Шоқайдың еуропалық достары ол қайтыс болғаннан кейін жарық көрген бұл мақаласы өте жоғары бағаланған. Бұл туралы да «Qazaq universiteti» газетінде көлемді мақаламыз жарық көрді.

Қорытындылай келе, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің келер жылы тойланғалы тұрған 90 жылдық мерейтойына орай, жақында менің белгілі «Ғылым» баспасынан 800 беттен асатын «Әл-Фараби және түркі-мұсылман философиясының алтын ғасыры» атты ғылыми монографиям жарық көрді. Бұл монографияның алғы сөзін университет ректоры, филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Түймебаев жазған болатын. Сондай-ақ университеттің 90 жылдығына орай, шәкіртім, жас ғалым Қанат Алтынбекпен бірлесіп «Түрік өркениетіндегі әл-Фараби феномені» атты монографиямен қоса, Философия кафедрасының аға оқытушысы Жадыра Қазиева, жас ғалым Қанат Алтынбектермен бірлесіп «Әл-Фараби Ислам философиясының бастауы» атты ғылыми монографияларымыз да жарық көрді.

Университетімізде болып жатқан үлкенді-кішілі оқиғаларды жариялап, ғалымдар мен студенттердің арасында алтын көпір бола білген «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдық мерейтойымен газет ұжымын шын жүректен құттықтаймын. Газетіміз әрі қарай жүйелі жұмыстар жасай беруіне тілектеспін!

Я заведовала кафедрой в течение 26 лет, с 1996-го по 2020 год. И решила, кто, если не я, напишет историю кафедры иностранных языков.

Айжан МУЛДАГАЛИЕВА, доцент кафедры иностранных языков, к.ф.н.

Всегда было комфортно работать в КазНУ

Кафедра иностранных языков официально стала самостоятельной структурой университета им. С.М.Кирова в 1959 году. Первым заведующим кафедрой был к.ф.н., доцент Ефим Моисеевич Шварцман. Преподавательский состав состоял в основном из выпускников институтов иностранных языков Москвы, Ленинграда, Киева, Минска, а позднее – университета имени Абылай-хана, ранее известного как Алма-Атинский институт иностранных языков (АПИИЯ). Это был сплоченный коллектив единомышленников, любящих свою профессию и своих студентов. Как и в настоящее время, преподаватели кафедры занимались научной работой, писали методические разработки, давали открытые уроки, проводили методические семинары, участвовали в университетских конференциях, активно проводили воспитательные мероприятия со студентами, повышали свои методическую и языковую квалификации и т.д. И ещё в советское время обязательно ходили на демонстрации, посвященные празднованию Великой октябрьской революции и Международному дню солидарности трудящихся.



Единственная разница в работе преподавателей советских времен заключалась в целях обучения иностранному языку, которые были иными, чем сегодня. Поскольку цель всегда отражает потребности общества на определенном этапе его развития и всегда соответствует социальному заказу, перед преподавателями иностранных языков не ставилась задача развития коммуника-

тивных навыков студентов на иностранном языке. В университетской программе за 1984 год целью обучения иностранному языку была следующей: научить студентов читать и переводить оригинальную литературу по специальности для получения информации; принимать участие в устном общении на английском языке в объеме материала, предусмотренного программой. В течение первых двух лет обучения использовались учебники Берлина и Бонка для обучения чтению, произношению и интонации, а также для изучения грамматики и пополнения словарного запаса. Программа обучения в эти годы была ориентирована на изучение General English. На третьем и четвертом курсах студенты читали и переводили специализированные тексты, а также выполняли задания, называемые «тысячами». На каждое занятие студенты должны были подготовить перевод 5000 «знаков» текста по специальности и 3000 «знаков» статьи из «Московских новостей» в рамках профессионально-ориентированного обучения английскому языку. В те годы преподаватели и студенты испытывали серьезные трудности с учебной литературой, поэтому студенты использовали старые номера «Московских новостей», полученные из Москвы после длительных задержек. Вспоминается курьезный случай, связанный с газетой «Московские новости». Ширина колонки в этой газете была эквивалентна ширине одного советского рубля. Студенты измеряли «тысячи» по длине этой купюры. Размещение одной рублевой купюры на колонке статьи в «Московских новостях» соответствовало 1000 буквенных знаков газетного текста и три купюры рубля соответствовали трем тысячам знаков.

Большое внимание уделялось развитию у студентов навыков перевода, в основном с английского языка на русский. В то время студенты иногда достигали высокого уровня мастерства в переводе, особенно в переводе текстов по специальности, который назывался «перевод с листа», и некоторые способные студенты буквально сразу же читали английский текст по-русски; в современном языке они были бы квалифицированы как переводчики-синхронисты.

Сегодня кафедра иностранных языков продолжает славные традиции, заложенные основателями кафедры. Следует подчеркнуть, что в настоящее время цели и задачи обучения иностранным языкам кардинально изменились. Это связано с тем, что новоказахстанское общество нуждается в воспитании новой волны квалифицированных, конкурентоспособных специалистов со знанием иностранного языка, способных развивать сотрудничество, адаптироваться к меняющимся ситуациям, вести конструктивный диалог с коллегами других культур. Соответственно изменились и цели обучения. В настоящее время кафедра иностранных языков ставит перед собой следующие цели и задачи обучения иностранным языкам: развитие межкультурной коммуникативной компетенции студентов естественных и социально-гуманитарных дисциплин на основе общепринятой международной системы уровней для активного применения иностранного языка как в повседневном, так и в профессиональном общении.

Первостепенной целью обучения является развитие у студентов коммуникативных навыков на основе применения интерактивных методов, т.е. научить студентов общаться с представителями других культур как в устной, так и в письменной форме.

Преподаватели кафедры прилагают большие усилия, направленные на повышение эффективности занятий, успешно используя в своей образовательной деятельности опыт ведущих зарубежных университетов. На уроках они широко применяют МООК по грамматике таких университетов, как University of Pennsylvania, США, University of California, Irvine, King's college London UK и т.д., а также внешние цифровые образовательные инструменты: Kahoot, Quizizz, Quizlet, Google Forms, а также проводят занятия на платформах SpatialChat // Spatial Mozilla Hubs, Hubs by Mozilla, и т.д.

Усилиями преподавателей кафедры были подготовлены МООК «Ағылшын тілі», целью которого является обучение английской грамматике через казахский язык, серия уроков SPOC, основанные на реализации методики «перевернутый класс», а также МООК «Academic Writing», имеющий целью вооружить студентов, магистрантов и начинающих исследователей знаниями как правильно написать научную статью для публикации.

Одним новшеством в работе кафедры является открытие официально аккредитованного ETC GLOBAL KazNU TOEFL Center по подготовке и приему международного экзамена по английскому языку TOEF ITP.

Следует особо отметить, что в настоящее время в связи с укреплением международных связей Казахстана у студентов значительно повысился интерес к изучению иностранных языков. Знание языка расширяет карьерные возможности у выпускников, позволяет продолжить учебу в высокорейтинговых университетах мира, установить научные контакты с учеными других стран с целью проведения совместных исследований и т.д. Владение иностранным языком было всегда престижно и интересно.

Краткая информация о себе: я работаю в университете с 1980 года. В течение 26 лет (1994-2020) заведовала кафедрой иностранных языков. Защитила диссертацию в Москве, имею более ста научных трудов, по Фулбрайт гранту проводила исследование в США. В это году исполняется 43 года как я тружусь в КазНУ им. Аль-Фараби.

Мне всегда было комфортно работать в этом коллективе. Это – коллектив высококомпетентных профессионалов, глубоко порядочных людей, требовательных к себе и студентам. Отдельно хотела бы отметить ректоров нашего университета под руководством которых мне довелось работать: Нарибаев К.Н., Кожамкулов Т.А., Мутанов Г.М., Туймебаев Ж.К. Все ректоры – выдающиеся личности современного Казахстана с видением будущего нашей страны и общества. Пусть Казахский национальный университет им Аль-Фараби развивается, крепнет и процветает, готовит будущих кадров – профессионалов, которые смогут успешно конкурировать на рынке труда в Казахстане и за рубежом.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алдым, аспирантурасында, докторантурасында (АҒҚ) ғылым іздедім, ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, оқу ісі жөніндегі проректор қызметтерін атқардым. Бүгінде университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында директормын. Саналы ғұмырымның жарты ғасыры университет аудиториясында өтті. Мен үшін университеттің өзі де, аудиториясы да, оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері де ардақты, ауасы таза, аурасы ізгі, білімі мен ғылымы аяулы. Менің университетім – өмірімнің осындай қасиетті қазынасы.

Жанғара ДӘДЕБАЕВ, филология ғылымының докторы, профессор

Өмірімнің қасиетті қазынасы

Ұлттың ұлық университетінің құрылғанына 90 жыл болды, Қазақстанның тәуелсіздігіне 30 жылдан асты. Қазақстан тәуелсіз жаңа мемлекет ретінде қалыптасып, түрлі белбелестерден өтті, мемлекеттік басқарудың барлық салалары бойынша жетістіктерге жетті. Осы жетістіктердің баянды, игілікті болуына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті айрықша зор еңбек сіңірді. ҚазҰУ ұлттық жоғары білім мен университеттік ғылымның жаңа жүйесін қалыптастырып дамытуда, заман талабына сай инновациялық өнім өндіруде, халық шаруашылығы үшін жоғары білімді, жоғары білікті мамандар даярлауда, Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетінің қарыштап өсуі, елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюы жолында ерен еңбегімен дараланды. Мұндай ерен еңбектің, жасампаз күштің қайнар көзі – университеттің оқытушы-профессорлар



корпусы. Жарты ғасыр бойы ұлттық университеттің аудиториясында, универси-

теттің оқытушы-профессорлар құрамында болғанымды бүгінде айтарлықтай мақтан тұтамын.

1993 жылдан 2000 жылға дейін университеттің филология факультетінің деканы болып еңбек еттім. Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістерге сай, университетте филологиялық білім беру ісінің нормативтік құжаттарын жасауға тура келді. Бұл айтуға оңай, ал іс жүзінде ұжымның бірлескен шығармашылық еңбегін, күш-жігері мен ақыл-ой қуатын талап еткен үлкен міндет еді. Факультет ұжымы бұл міндетті талапқа сай орындады. Факультет мамандықтары түгел және толық жаңа оқу-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етілді. Ендігі тұста жаңа оқу-әдістемелік құжаттарға сай, оқу пәндерін жаңа бағдарламалармен, оқулықтармен, оқу құралдарымен, әдістемемен қамтамасыз ету қажет еді. Факультеттің оқытушы-профессорларының күшімен бұл салада да елеулі жетістіктерге жеттік. Марқұм Рашида Садырқызы Зуева, Валентина Васильевна Ким сияқты профессорлар шын ниетімен және сапалы да өнімді еңбек етті. Кафедра меңгерушілері – марқұм Зейнолла Қабдолұлы Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішұлы Кәкішев, Алтай Сәрсенұлы Аманжолов, Майя Мұхаметәліқызы Бағызбаева қолдау көрсетті. Қиюы келмей тұрған істің қисынын тауып, нәтижелі аяқталуына әрдайым көмектесіп отырды. Атқарылған жұмыстар, қол жеткен нәтижелер университеттің филологиялық білім беру ісіндегі айтарлықтай жетістіктері болатын.

2001-08 жылдары университеттің оқу және әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры болып жұмыс істедім. Оқу ісінің сапасын арттыруға, университеттің білім беру қызметі саласында Сапа менеджменті жүйесін жасау мен өндіріске енгізуге зор көңіл бөлдік. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік үлгідегі диплом жобасы жасалды. Ол тиісті мемлекеттік атқару жүйесінде белгілі тәртіпте бекітілді. Оқу және әдістемелік жұмыс саласы бойынша университеттің интеллектуалдық ресурстарының даму бағдарламасы дайындалды, университеттің білім беру қызметі саласында Сапа менеджменті жүйесі, инновациялық технологиялар жасалып, университеттің ғылыми кеңесінде бекітілді, кезең-кезеңімен өндіріске енгізілді. Бұл білім беру қызметінің сапасы саласында жоғары жетістіктерге қол жеткізді, сапалы басқарудың, маман даярлаудың сатылары мен кезеңдерін, білім беру үдерісін тұтастай жаңартудың, ұдайы жақсартудың таптырмас тетігі қызметін атқарды. Осы жетістіктері үшін университет Қазақстан жоғары оқу орындары ішінде бірінші болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты (2006 ж.) болды, ТМД елдері арасында өткен осындай конкурстың дипломанты (2008 ж.) атағын иеленді.

2009 жылдан бері қарай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор қызметін атқарып келемін.

Осы уақыт ішінде Абай ғылыми-зерттеу институты толық қалыптасып, өз дамуының жаңа кезеңдеріне асты. Институттың ғылыми-ақпараттық ресурстары қалыптасты. Абай институтының вебсайты ашылып, онда Абайдың шығармалары, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған еңбектер жинақталды. Институт қызметіндегі елеулі жетістіктерді насихаттау ісі кең өріс алды. Үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жұмыс істейтін сайтта тәулігіне 2000-ға жуық ақпараттық ресурстар оқылатын болды.

2015 жылдан беріде Абай институты менің ғылыми жетекшілігіммен бюджеттен қаржыландырылатын екі ғылыми жоба бойынша жұмыс жасады: 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралақ зерттеу» (қаржыландыру сомасы 21 млн тг., 2015-2017); №AP08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» (қаржыландыру сомасы 27 млн тг., 2020-2022). Тапсырыс беруші – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті).

«Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Табысқа жету үшін ғалымдардың талай буынының тәжірибесіне, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің арнаулы ақпарат және білімдерінің көп терабайт көлеміне негізделген дербес ғылыми база қажет болады», – деген тұжырым жасалған болатын. Ғалымдардың талай буынының тәжірибесіне, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің арнаулы ақпараттары мен білімдеріне негізделген дербес ғылыми база жасау қажеттігі туралы «Қазақстан – 2050» стратегиясында тұжырымдалған қағиданы іс жүзіне асыру Абай ғылыми-зерттеу институты үшін пісіп-жетілген өзекті һәм көкейкесті міндеттердің біріне айналды. Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында орындалған жұмыстардың басты нәтижелерінің бір саласы ретінде бүгінде 50 том болып баспадан жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық сериялық басылымының әлеуметтік зор маңызын арнайы атап өткенді дұрыс көремін. Аталған 50 том таңдамалы еңбектер «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес, абайтану саласында ғалымдардың талай буынының тәжірибесін, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің арнаулы ақпараттары мен өндірген білімдерінің мол қорын қамтитын дербес ғылыми базаның негізін қалыптастырды. Екінші ғылыми жобаны орындау барысында 10 томдық «Абайтану антологиясы» дайындалып, жарық көрді.

Көрсетілген көптомдық басылымдардың негізінде «Абайтану антологиясы» атты интеллектуалдық е-ресурстар базасы құрылды. Аталған интеллектуалдық е-ресурстар базасының ашылуы және университеттің ресми сайтына орналастырылуы туралы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің арнайы шешімі қабылданды (18.10.2021, №06-22-1), «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ интеллектуалдық құндылығы екеніне назар аударылды *(http://elibrary.kaznu.kz/kk/node/7912).*

Абайдың «Кісілік кодексі» жасалды. Оған Абайдың кісілік туралы 19 қағидасы енді. Абайдың «Кісілік кодексі» әрбір оқушының, әрбір ата-ананың, әрбір мұғалімнің, әрбір саналы азаматтың көзінің алдында тұруға қолайлы форматта ұсынуға лайықталды. Университет басшылығының қолдауымен білім алушы жастардың жатақханадан – кітапханаға, кітапханадан – жатақханаға баратын кіші даңғылының бойында Абайдың кісілік кодексі арнайы жасалған көрнекті тақталарда орналастырылды.

Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметінің нәтижелері, «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы Қазақстанның білім және ғылым жүйесі үшін, Қазақстан азаматтары мен дүниежүзі қазақтары үшін игілікті.

Қазақстан тәуелсіздігі кезеңінде менің басшылығыммен, жетекшілігіммен, тікелей қатысуыммен орындалған кейбір жұмыстардың нәтижелерін үш мысал көлемінде айттым. Көп іс тындырдым деп мақтанбаймын. Тәуелсіз Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетінің артуына, елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қосқан үлесте менің де азды-көпті еңбегім барына қанағат етемін.

Жарты ғасырымды есігін ашып, аудиториясына кіріп, өзім білім алып, білім өндіруге, жастарға білім беруге арнаған университетіме, білім берген ұстаздарыма, қатар қызмет еткен замандастарыма, кейінгі жастарға шексіз құрметімді білдіремін.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шын мәнінде мүмкіндіктер мекені екеніне шетелдік жоғары оқу орындарымен көбірек танысқан сайын көзім жете түсті.

ЮНЕСКО жанындағы әлемдік бұқаралық коммуникация мен журналистиканы біріктіретін ОРБИКОМ ұйымының мүшесі ретінде бірталай дамыған елдерді аралап, біраз классикалық университеттерді көрдік. Тарихы терең, тәжірибесі мол сол оқу орындарынан алар үлгі, түйер түйін жеткілікті екен. Бірақ...

Иә, бірақ қолымды жүрек тұсына қойып айтайын: мен үшін ҚазҰУ-дың орны мүлде бөлек!

Намазалы ОМАШЕВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор

Ата жастағы Alma Mater

Бұл оқу орны – білім алғысы келетін әрбір қазақ баласының арманы!

Бұл оқу орны – осында дәріс беріп, мағыналы ғұмыр сүрсем дейтін белгілі ғалымдар мен даналардың арманы!

Бұл оқу орны – Алаш жұртының күмбірлеген кеудесі, тарихта қалар зердесі!

Бұл қалашық – әсем Алатау иығындағы алқаракөк шапанның құндыз жағасы!

Ол аз десеңіз, оған Орталық Азиядағы ұлттық университеттер ішіндегі флагманы деген атауын қосыңыз!

Сол себепті осы қара шаңырақта тіл және тәрбие жөніндегі проректор қызметін сегіз жыл атқарғанымды әрқашан мақтан етемін.



Әлі күнге дейін есімде, алдымен қызметтің бағытына қарай атқарылуға тиісті жұмыс жоспарын анықтап алу керек болды. Ол үшін студент жастарға тәрбие берудің концепциясын жасап, «Білім және еңбек» журналының екі санында жарияладық. Оны сол кездегі білім және ғылым министрі Шәмша

Көпбайқызы Беркімбаева қолдап, жоғары оқу орындарында пайдалануды міндеттеді. Өйткені біздің студент жастарға жетпейтіні білім емес, тәрбие болатын.

Бірақ тәрбиенің түрі көп қой. Соның ішіндегі рухани тәрбиенің кемшін екені көзге бірден ұрып тұрды. Сол себепті Студенттер сарайынан Жастардың рухани орталығын аштық. Жыл сайын «Менің Қазақстаным» фестивалін өткізуді дәстүрге айналдырдық. «Қозы мен Баян» күнін, «ҚазҰУ аруы» байқауын өткіздік. «Біз» деген студенттік театр ашып, нашақорлыққа қарсы «Адаспаңдар!» деген спектакль қойылғанда көңілі құлазып, көзіне жас алған жастар аз болмады. «Той» деген спектакльді өзге оқу орындарының студенттері мен ұстаздарына дейін келіп көрді.

Наурыз мейрамына орай, Ректорат үйі мен Студенттер сарайы алдында және стадионда өткен ұлттық нақыштағы театрланған көріністерді қала жұртшылығы да келіп қызыға тамашалады.

2004 жылы президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Румыния президенті Вацлав Клаустың университетке келуіне байланысты Студенттер сарайында бір жарым мыңнан аса студент пен оқытушылар оң қолдарын жүрек тұсына қойып, алғаш рет Әнұранды фонограммасыз орындағаны қонақтарға ерекше әсер етті. Осы дәстүр кейіннен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» заңына енгізіліп, Әнұранды айтқанда қолды жүрек тұсына қою жалпыға бірдей міндетті саналды.

Дейтұрғанмен ол кездегі құрылыс ауқымы мен бүгінгі қалашықты салыстыруға болмайды. Қазір мұнда адамзат өркениеті көшінен қалып қойғысы келмейтін әрбір жасқа қажеттінің бәрі бар:

Замана талап-тілектеріне сай жабдықталған оқу корпустарында 180-нен аса мамандық бойынша білім беріледі; олардың қақ ортасында 2 000 000-дай қоры бар кітапхана орналасқан. Одан өзге, бүгінгі озық технологияның небір үлгілерімен жабдықталған оқу залдары да жетерлік; қалашықты айнала салынған әр мамандықтың өз алдына 14 жатақханасы бірінен бірі өтеді; осылардың дәл кіндігіндегі қызмет көрсету орталығы көпшілікке қолайлы жерде тұр. Ректорымыз Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, келер жылы университет құрылысының екінші кезеңі басталмақ. Көп ұзамай, амандық болса, оның да куәсі болармыз.

Әрине, осыншама игіліктердің бірден орнай қалмағаны ақиқат. Оның бәрі халқымыздың маңдайалды азаматтарының қажыр-қайраты арқасында біртіндеп іске асқанын тарихтан білеміз. Ұмытпасам, алғаш гуманитарлық мамандықтар даярлайтын оқу корпустары берілді. Ректорат үйі мен Студенттер сарайының құрылысы әлі де жүріп жатқан кез. Сабақ арасындағы үзілісте балконға шығып, бұрын-соңды көрмеген керемет еңбек майданын тамашалап, талай таңданғанбыз.

Университет ректоры қызметін әр жылдары Т.Тәжібаев, Т.Дарханбаев сияқты халық қадірлейтін академиктердің атқарғаны бел-

гілі. Олардың әрқайсысы оқу орнының қабырғасын қатайтып, қалыптасуына аз тер төккен жоқ. Дегенмен Өмірбек Арысланұлының бүгінгі ҚазҰУ қалашығына сіңірген еңбегі алабөтен. Республика және облыс басшылары: Дінмұхамед Қонаев пен Асанбай Аскаровтың қолдауымен ректорымыз Өмірбек Жолдасбеков осы тұста керемет басшы екенін дүйім жұртқа дәлелдеді. Оның аты сол кезден-ақ аңызға айнала бастады.

Өмірбек Арысланұлы ректор болып келгенде біз студент едік. Болашақ журналистерді даярлайтын республикадағы жалғыз факультет болатын. Курсымызда аттары көпшілікке таныс Жүрсін Ерманов, Асқар Егеубаев, Дәуітәлі Стамбеков, Несіпбек Айтов, Тұрсын Жұртбаев, Жанболат Аупбаев сияқты журналистиканың жүйріктері оқыды. Факультетіміз акт залымен қабырғалас бұрыштатұғын. Сол факультет бүгіндері ҚазҰУ-мен қатар торқалы 90-ға келіп жатыр.

1934 жылы Коммунистік журналистика институты (КИЖ) болып ашылған оқу орны газеттер үшін зәру мамандық – жазатын тілшілер даярлайтын. Қазақтың абыз ақыны Дихан Әбілев бір естелігінде бітіру емтиханы комиссиясының төрағасы Сәкен Сейфуллин болғанын еске алады. Яғни қазақ журналистикасының басында ұлт қамын ойлаған осындай Алаш арыстары болғаны мақтаныш. Ол институт кейін, яғни 1941 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің құрамына кірді.

1942 жылы осы оқу орнын бітірген Қайыржан Бекхожин алдымен Қостанай облыстық газетінде редакторлық қызмет атқарып, үш жылдан соң ҚазҰУ-ға қайта оралды. Ол журналистикадан дәріс оқи жүріп, оқулық та жазды. Сөйтіп, кәсіби мамандар даярлаудың алғашқы үйлестірушісі болды.

Қазақ журналистикасында орны бөлек ардагердің бірі – алғашқы декан Амандосов. Тауман Салықбайұлы 1966 жылы журналистика факультетін филфактан бөліп, өзі соған басшы болды. Бұрын Әуезовтер жұмыс істеген филфакты басқарған Тауман Салықбайұлының ҚазҰУ-дағы беделі тым керемет болатын. Жүріс-тұрысы, киім киісі, студенттермен қарым-қатынасы ерекше-тін. Кейін ол журналистика мамандығы бойынша алғашқы профессор атанды. Тауман Салықбайұлының сүйегін университеттен шығарып жатқанда бір ақсақалымыздың: «Амандосовта арман жоқ. Университетке еңкейіп кіріп, шалқайып шығып барады», – дегені әлі есімде.

14 жыл (1972-86 жж.) декан болған Қожакеев тұсында журфак университет бойынша алдыңғы орындардан жиі көрінді. Темірбек ағамыз журналист мамандарын даярлаудың дәрежесін жаңа сатыға көтерді. Өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоятын басшы студенттен бастап, оқытушылар құрамына дейін ширатты. «Темекеңнің тепкісінен шыққанбыз» дейтін тіркес деканымыздың сол кездегі мінез-құлқына, жұмыс стиліне қарай тарады.

40 жасында МГУ-дегі журналистика факультетінде (10.01.10 – журналистика) мамандығы бойынша Орталық Азиядан алғаш рет докторлық қорғаған Марат Барманқұловтай таланттар көп болған жоқ. Республикалар

түгіл, Мәскеудің өзінде бұл саладан докторлық қорғағандар ол кезде саусақпен санарлық болатын. Оның журналистикадағы деректі жанрлар туралы салыстырмалы талдауы ғылыми ортада резонанс тудырған керемет жаңалық болды. Әсіресе «Әлемге ашылған терезе» деп танылған телевизия жайлы ізденістері өте жоғары бағаланды. Күні бүгінге дейін ол жазған еңбектердің алдына түскендері аз.

Бүгінгі қазақ журналистикасының теориясы мен тәжірибесі осындай тұлғалардың қажырлы еңбектері арқылы қалыптасты. Оларға күні бүгінге дейін дәйек көзі ретінде жүгінеді.

Менің факультетке басшылық жасауым тәуелсіздікпен тұспа-тұс келді. Сондықтан БАҚ-тың қоғамдағы орнын қайта таразылауға, жаңа оқу жоспарын жасауға тура келді. Ол үшін дамыған елдердегі журналистика факультеттерінің тарихын зерделеуге, журналистика жоғары мектептерінің іс-тәжірибесімен танысу керек болды. Сол себепті Америка мен Еуропа елдеріне іссапарларға шықтық. Олардың ғалымдары бізге келіп дәріс оқыды. Осылайша тәуелсіз елдегі журналистік білім берудің жаңа стандарттары жасалып, елдік мұраттар алға шықты.

Тәжірибелі журналистер дәріс оқуға тартылып, ғылыми дәреже беретін арнайы кеңес ашылды. Онда 60-тан аса кандидат (10.01.10 – журналистика) диссертация қорғап, қазақ журналистикасының өзекті мәселелері ғылыми айналымға қосылды.

1995 жылы ЮНЕСКО жанындағы бұқаралық коммуникация мен журналистика бойынша дүниежүзілік ОРБИКОМ ұйымына Орталық Азия елдерінен мүше болып қабылдандым. Келесі жылы мамырдың 14-інде сол кездегі ЮНЕСКО-ның бас директоры Фредрико Майордың бірінші орынбасары Аднан Бадран Қазақстанға арнайы ұшып келіп, ҚазҰУ мен ЮНЕСКО арасында шарт жасасты. Келісімшарт негізінде университетте ЮНЕСКО кафедрасы ашылып, ОРБИКОМ мүшесі ретінде мені кафедра меңгерушісі етіп тағайындады.

Осыдан бастап біздің шетелдік барыс-келістеріміз көбейді. Халықаралық гранттар мен ЮНЕСКО қаражаты негізінде факультетте: қалаған спутниктерден хабар қабылдай алатын парабалистік антенна орнатылды; дәліздегі бос жатқан жерден радиостудия жасалды; сол сияқты фотостудия, телестудия, компьютерлік класс ашылды. Факультет осылайша оқу үрдісін өркениеттік жолға қою арқылы халықаралық деңгейге көтерілді.

Мен беткеұстар, халықаралық рейтингте алдыңғы қатардан көрініп жүрген, еліміздің, ғалымдарымыздың атын шығарып отырған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегімін. Жарты ғасырдан астам өмірім осы университетпен тікелей байланысты. 1968 жылы биология факультетіне оқуға қабылданып, 1973 жылы бітірдім. Биыл 50 жыл болған Биофизика кафедрасының бірінші түлегі және бірінші аспирантымын. Оқуды бітіргенде биология факультетінің Ғылыми кеңесі аспирантураға ұсынып, түстім.

Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ, Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының профессоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясының академигі, биология ғылымының докторы

Біз ұстаздарымызға қарап бой түзедік

Біз ұстаздарымызға қарап бой түзедік, білмегенімізді үйрендік. Студент кезімнен ғылыми жетекшім, осы университеттің түлегі Виктор Михайлович Инюшиннің қолдауымен 1981 жылы диссертация қорғадым. Ғылыми жұмыс зауыт емес. Кейде эксперимент болмай қалады, кейде мақала шықпай қалады. Аспирантурада оқып жүргенде стажировканы санамағанның өзінде, алты жыл жүрдім. Өзіміз прибор жасадық, оған патент алдық. Мақала шығардық. Біздің кезімізде барлық аспирант қорғамайтын. Оны жаман аспирант не оның ұстазы жаман деп айтуға болмайды. Жай ғана жұмыс шықпай қалды – болды. Ол аспирант сосын басқа тақырып алып жалғастыратын. Бұл ғылымға деген адалдық, жауапкершілік.



Ғылым жолында адам өзін-өзі аямай, терлеп-тепшіп, мұрнынан қан ағып еңбектену керек.

Мен бір-екі рет мұрнымнан қан кетіп, ауруханаға түскенмін. Бәрі солай жұмыс істейтін. Ғылым жолы оңай жол емес.

Аспирантураны бітіргеннен кейін мені университетке жұмысқа қалдырды. Ол кезде білім министрі Көпжасар Нәрібаев болатын. Ол кісі адам ретінде, ғалым, ұйымдастырушы ретінде өте мықты болды. Биофизикадан қорғаған бірінші маман болғандықтан, министр мені жолдамамен ҚазМУ-дың Биофизика кафедрасына жіберді. Өйткені бұл еліміздің болашағына тікелей байланысты мамандық болатын.

Университет жатақхана берді, отбасылы болдым. Балаларымыз №12 жатақханада тұрғанымызда өмірге келді. Осы жатақханалардан елімізге белгілі көптеген адамдар шықты. Университетте стажер, аспирант, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, оқытушы, аға оқытушы болдым. Былайша айтқанда, барлық кезеңнен өттім. 1986 жылы доцент болдым. Сол жылы Тимирязев-Розыбакиев көшелерінің қиылысынан пәтер берді. Дәл осы уақытта деканымыз, профессор Рахметқажы Берсімбаев декан орынбасары қызметіне шақырды. Жетекшім «Сұлтан, деканның орынбасары болып не істейсің? Докторлық диссертацияңды қорға» деген кеңес берді. Декан орынбасарлығына үшінші рет шақырғанда Виктор Михайловичке «декан бірер жыл көмектесуімді сұрап отыр, бармасам болмай тұр» деп, 1989 жылы декан орынбасары қызметіне кірістім. 1991 жылы ректор Көпжасар Нәрібаев шақырып, «Сұлтан Төлеуханұлы, мен сізге проректорлық қызмет ұсынамын» деді. Шынын айтқанда, қорқып кеттім. Мұндай лауазымды қызметке дайын емес сияқты болдым. Оның үстіне докторлық диссертациямды қорғаймын деген жоспарым бар. Бірден не айтарымды білмей, бір күн ойлануға рұқсат сұрадым. «Ойлан, ертең маған жауабын айт. Дұрыс шешім қабылдайтын шығарсың?» деді. Әбден ойландым. Жұмыстан қорықпаймын, бірақ «ұйымдастырушылық жұмыс жағы қалай болар екен» деген ой болды. Дегенмен «Ректор шақырып тұрғанда ұсынысын қабылдамағаным қалай болады? Не де болса бірер жыл істеп көрейін, егер жұмысты жүргізе алмасам өздері де ұстамайды ғой» деп ойладым да, ертеңіне келісімімді бердім. Жұмыс көп, бәрін қолдан келгенше дұрыс атқаруға барымды салдым. Бір жылдан кейін Көпжасар Нәрібайұлына «докторлық жұмысым тоқтап қалды, ғылыммен айналыссам» деп ойымды айттым. Ол кісі «ойланып көрейін» деп қайтарды. Арада үш-төрт ай өткенде тағы сұрауға тура келді. «Кафедраға қайтадан доцент болып барасың ба?» деп сұрады. «Иә. Ғылыми жұмысым қалып барады» дедім. «Жарайды, бұл мәселені шешеміз» деп қайтарды.

Арада тағы біраз уақыт өткенде «Факультетте Биология және биотехнология мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу институты ашылады. Маған ұсынылған кандидаттар көңілімнен шықпай тұр. Осы институтқа директор болып барасың ба?» деді. Көпжасар Нәрібайұлының ризашылығымен сол жұмысқа ауыстым. Кейінірек «Кафедра меңгерушісі Виктор Михайлович көптен бері жұмыс істейді. Үлесі мол. Бірақ қазақша

білмейді. Қазір қазақ бөліміне оқуға түсетіндер саны көбейді. Сен сол кісінің орнына кафедра меңгерушісі болсаң» деген ұсыныс айтты. Алғашында жетекшімнің орнын тартып алғандай боламын деп қатты ыңғайсыздандым. Жетекшім өте жақсы, момын, ешкімге зияны жоқ, жақсы адам болатын. Нағыз ғалым еді. Ол кісімен декан өзі сөйлесті. Жеке кабинет беріп, ғылыми жұмысын жалғастыра беретін болды. Дегенмен екі жылдай ыңғайсызданып жүрдім. Осылайша екі жұмысты қатар алып жүруге тура келді. Сегіз жыл Биология және биотехнология мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының директоры болдым. Көпжасар Нәрібайұлы тәуелсіздік алған, экономикалық жағынан ең қиын кезде ректор болды. Сондай қиын шақта университетті сақтап қалды деуге болады. Ол кісі демалысқа кеткеннен кейін Төлеген Қожамқұлов ректор болып, қатар жұмыс істедік. Сол жылдары министрліктің бір кісі екі қызметті қатар алып жүруге болмайды деген шешімі болды. Мен кафедра меңгерушісі болып қалуды таңдадым.

Ректор Төлеген Әбдісағиұлы бір күні «Бұрын ҚазМУ-да республика деңгейінде белгілі Біліктілікті арттыру институты болған. 1994 жылы ақша жоқ, қиын уақытта жабылып қалды. Сол институтты ашып, қайта жұмысын жандандырсақ. Сол институтқа директор боласың» деген ұсыныс айтты. Мен «кафедраны басқа біреуге берейін деп жатыр екен» деп ойладым. Жоқ, ректор екі жұмысты қатар алып жүретінімді айтты. Дереу министрлікке хабарласып, мәселені шешті. Бұл институтта да сегіз жыл директор болып, кейін басшылықтың рұқсатымен жұмысты қойдым. Бұл Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов ректор болған кез. Тұңғыш рет институттың қаржылай қолдауымен қызметкерлерді Ресей, Польшаға жібердік. Бұл бұрын болмаған жағдай.

Докторлық диссертациямды қорғап, профессор атағын алдым. 2006 жылы Халықаралық қоғамды ақпараттандыру академиясының академигі атағын берді. Кейіннен Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясының академигі атағын берді. Бәрі де еңбектің арқасы деп ойлаймын.

Факультетіміздегі үлкеніміз, ақсақалымыз Сабыр Нұртазин бір күні «Сұлтан Төлеуханұлы, Ұлттық ғылым академиясына неге бақ сынап көрмейсіз? Сіздің шәкірттеріңіз де өтіп жатыр ғой. Жетістіктеріңіз бар» деп айтты. Ол рас, 700-ден астам ғылыми жұмысым бар, 22-ден астам ғылым кандидаты, докторларын дайындағанмын. Ғылыми мектебім бар. Ұлттық ғылым академиясының мүшесі болуға құжаттарымды тапсыруды ұсынды. Бір орынға алты адамнан келді. Ректор Ғалымқайыр Мұтанов та қолдады. Сол кезде академиямыздың биология және медицина бөлімі бірауыздан қолдап дауыс берді. Шынын айтқанда, олай болатынын күтпедім. Сөйтіп, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі болдым. Меніңше, мұндай құрмет және сенім ол тек менің жалғыз өзіме көрсетілген сенім емес, ол университетімізге, факультетімізге, кафедрамызға көрсетілген сый-құрмет және сенім. Бұл да біздің университетіміздің беделі. Ме-

нің атағым университетке берілген атақ деп айтамын. Меніңше, неғұрлым біздің ұстаздарымыздың мәртебесі көтерілген сайын, соғұрлым біздің университетіміздің де мәртебесі көтеріле береді.

Университетімізде медицина факультетінің ашылуына үлесімді қосқаныма қуаныштымын. Сол кездегі ректор Ғалымқайыр Мұтанұлымен бірге екі рет Сеул қаласына барып, осы факультеттің ашылуын қолдадым. Өйткені шетелдерде ҚазҰУ сияқты мықты университеттерде медицина факультеттері бар. Сеул университетінің ректоры да қолдап, меморандумға қол қойылды.

2020 жылы кафедра меңгерушісі қызметін тапсырдым. ҚазҰУ-да орта ерекше. Орта ерекше болған соң, кісілер де ерекше. Бәрі бір-біріне оң көзбен қарайды. Бұл шын сөзім. Студент кезімде Асқар Закарин ректор болды. Өмірбек Жолдасбековтің қолынан жатақханаға ордер алып, сосын пәтерлі болғанмын. Өте дарынды кісі болды. Күнде таңертең сағат 8-ден бастап университет қалашығында жүріп жатқан жұмыстарға тексеру жүргізетін.

Көпжасар Нәрібайұлы ректор кезінде 2001 жылы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келді. Президент «Университетке қандай көмек керек?» деп сұрады. Ректор көптен жұмыс істеп жүрген қызметкерлерге үй керектігін айтты. Сол кездегі әкімге бірден тапсырма беріліп, мәселе шешілді. Пәтерлі болдық. Маған да төрт бөлмелі пәтер тиді. Қалалық әкімшілікке шақырып, пәтер кілтін құрметпен тапсырды. Университет басшылары әр кезеңде қызметкерлердің жағдайын жасап отырды. Осы университеттің арқасында маман, ғалым, ұстаз болдым, пәтер алдым. Маған сенім артып көптеген қызметке ұсынды. Мен де сеніп тапсырған істі абыроймен атқаруға барымды салдым, аянып қалған жерім жоқ. Оның бәрі осы университеттің арқасы дер едім. Ректорлар Еділ Ерғожин, Мейірхан Әбділдиндермен де бірге қызмет атқардық.

Жансейіт Қансейітұлы ректорлық қызметке кіріскенде «Біздің кезіміздегіге қарағанда аға буынның қатары сәл азайып қалыпты-ау, үлкен буын, орта буын, жас буынның арасында сабақтастық болу керек. Университеттің дәстүрі жалғасуы керек» деді. Жұмысқа кіріскеннен-ақ университеттің барлық ардагерлерін жинап, үлкен жиын өткізді. Құрмет көрсетті. Біз осындай оң көзқарастың, жылы қарым-қатынастың арқасында жұмыс істеп келеміз. Осы университетте 55 жылдан бері еңбек етемін. Он ректормен бірге жұмыс істеппін. Әрқайсысының орны бөлек. Әрқайсысы емін-еркін жұмыс істеуіме мүмкіндік берді, жағдай жасады. Факультетте 35 жыл, ал университетте 32 жылдан бері Ғылыми кеңестің мүшесімін. Ректор Жансейіт Түймебаев жұмысқа кіріскенде де «Ғылыми кеңестің мүшесі болып қалыңыз» деген ұсыныс айтты. Бұл менің жұмысыма деген құрметтің белгісі деп білемін.

Университетімізге 90 жыл толып отыр. Мерейтойы құтты болсын! Болашақта да осы жоғары деңгейін жоғалтпасын. Дәстүрі жалғасып, бір-бірімізге көмектесіп, демеп, ұжым болып жүрейік. Сонда даярлап жатқан студенттеріміз мықты маман болып, елге қызмет ететін болады.

Моя основная трудовая деятельность связана с КазНУ. Родилась 16 апреля 1953 года в Астраханской области. После переезда в Казахстан, окончила среднюю школу №39 г. Алма-Аты с химическим уклоном. В 1970 году поступила на биологический факультет Казахского государственного университета имени С.М.Кирова, который окончила в 1975 году. С 1975 г. по 1980 г. проходила стажировку, а затем целевую аспирантуру в Институте цитологии АН СССР (г. Ленинград), где в 1981 году защитила кандидатскую диссертацию по специальности «03.00.17 – Цитология».

Тамара ШАЛАХМЕТОВА,
д.б.н., профессор, член-корреспондент МАН ВШ

Юбилейный год главного вуза

С 1981 по 1989 годы работала научным сотрудником в лаборатории экспериментальной кардиологии КазНИИ кардиологии МЗ КазССР и по совместительству старшим преподавателем на кафедре гистологии и цитологии КазГУ. В 1989 году по конкурсу я прошла на должность доцента этой же кафедры и с этого момента вся моя трудовая жизнь была связана только с КазНУ им. Аль-Фараби. С 1995 по 1998 годы руководством факультета и университета мне была представлена возможность обучаться в докторантуре и работать над докторской диссертацией, которую я успешно защитила в 1999 году по специальности «03.00.11 – Эмбриология, гистология, цитология». В 2002 году ВАКом МОН РК мне было присвоено звание профессора в области биологии. После создания в 90-е годы на биологическом факультете двух НИИ: биологии и биотехнологии и экологии, меня назначили заместителем директора первого института (1993-2000 г.),



а с 2000 по 2008 годы – директором второго – НИИ проблем экологии. В апреле 2008 года приказом ректора Б.Т.Жумагулова я была назначена деканом факультета биологии и

биотехнологии, на которой проработала до февраля 2015 года. В настоящее время являюсь профессором кафедры биоразнообразия и биоресурсов и главным научным сотрудником по выполняемым проектам.

Представленный послужной список – это результат полученных мною фундаментальных знаний и большого доверия руководства и коллектива нашей легендарной ALMA MATER – КазГУ. Мы слушали лекции выдающихся ученых: Б.А.Домбровского, Т.Б.Дарканбаева, Г.З.Бияшева, М.Х.Шигаевой, И.О. Байтулина, Т.М.Масенова, М.А.Айтхожина, М.К.Гильманова, Н.Л.Удольской, которые не только щедро делились знаниями, но и привили любовь к биологии, научным изысканиям, университету. Практически уже со второго курса мы начинали научные исследования и в этом нам помогали профессора, доценты, преподаватели нашего факультета: В.М.Инюшин, В.С.Корнилова, Б.И.Тарабаева, Н.Т.Агеева, З.Г.Бияшева, В.Л.Цзю, Г.Ж.Валиханова, Б.Т.Тулегенов, М.Э.Дильмухамбетов, М.В.Краснова, С.Т.Нуртазин, А.С.Исембаев, К.А.Сапаров, Н.М.Мухитдинов и многие другие наши дорогие учителя! Неоценимую помощь студентам оказывал Умирбек Арисланович Джолдасбеков – «дядюшка Джо» – наш любимый ректор. Благодаря его поддержке мы имели возможность выполнять дипломные работы в крупных научных центрах Москвы, Ленинграда, Новосибирска. Меня также на 3-м курсе заведующий кафедрой, профессор Т.М.Масенов направил в Институт цитологии АН СССР (г. Ленинград), где я под руководством Маргариты Васильевны и Бориса Николаевича Кудрявцевых выполнила дипломную работу и получила серьезные результаты, которые были опубликованы в переводном журнале «Цитология». Эту статью цитируют по сей день, так как она касается разработки количественной флуоресцентной реакции определения ДНК и углеводов в изолированных клетках, которую используют в своих исследованиях многие ученые. До сегодняшнего дня я поддерживаю научные связи с данным институтом и, следуя традициям нашего университета, также направляю на научную стажировку магистрантов и докторантов. За вклад в международную деятельность, в совместные исследования в 2003 году я была избрана членом Российского международного общества по клеточной биологии и признана крупным специалистом в области клеточной биологии, экотоксикологии и мутагенеза окружающей среды. Это позволило мне основать новое научное направление в РК, связанное с изучением клеточных механизмов токсического действия приоритетных загрязнителей антропогенного характера (тяжелые металлы, компоненты ракетного топлива, пестициды, хлорорганические вещества, нефть и нефтепродукты и др.) на организм животных и человека в онтогенезе. Вместе с учениками были разработаны и применены в исследованиях морфологические, биохимические, генетические биомаркеры (тест-систем и тест-объектов), по экологической оценке, состояния окружающей среды вокруг нефтяных месторождений Атырауской, Мангыстауской, Актюбинской, Кзылординской областей, а также ряда водоемов, имеющих народно-хозяйственное значение.

В условиях увеличивающегося техногенного воздействия на окружающую среду и ухудшения здоровья населения нам приходится осуществлять поиск и разработку перспективных лекарственных средств из растительного и природного минерального сырья Казахстана. Эти исследования стали возможными благодаря тесному сотрудничеству с учеными одного из передовых факультетов КазНУ им. Аль-Фараби – химии и химических технологий: профессорами Абиловым Ж.А., Жусуповой Г.Е. Музычкиной Р.А., Буркитбаевым М.М., Наурызбаевым М.К., Мансуровым З.А. Многие препараты, разрабатываемые химиками и фармакологами, прошли и проходят предклиническое испытание на модельных животных и в тест-системах в лаборатории, которая была создана мною в стенах КазНУ им. Аль-Фараби. При этом проводятся исследования по экспериментальному обоснованию применения новых препаратов – цитопротекторов, антиоксидантов, антимутагенов. Результаты этих исследований нашли отражение в совместных научных статьях и патентах РК. Другим активно развиваемым и очень важным для Республики научным направлением является исследования в области нейробиологии. Вместе с учеными из США (профессор Джеймс Ли из Университета Чикаго и Миссури), а также моими учениками из АО «Назарбаев Университет» (PhD Аскарова Ш., Умбаев Б., Цой А., Бегимбетовой Д.А. – все выпускники КазНУ) проводятся исследования по изучению клеточных механизмов нейродегенеративных заболеваний (болезнь Альцгеймера, инсульты) и осуществляется поиск эффективных нейропротекторов, а также разработка методик сочетанной клеточной терапии (стволовые мезенхимальные клетки и растительные антиоксиданты). По результатам этих исследований с помощью Аскаровой Ш.Е. под моим руководством защищена диссертация PhD Нуркенова Т.Т. Совместно с врачами и учеными из медицинского центра «Экомед» (профессором Байкошкаровой С.Б. – талантливой выпускницей КазГУ и являющейся меценатом нашего университета) и учеными из Кельнского университета Германии (профессор Исаченко В.) мною проводятся исследования по улучшению методов криосохранения гермативного материала человека и изучению механизмов ангиогенеза результаты данных исследований нашли отражение в совместных научных статьях в высокорейтинговых журналах с импакт-фактором, а также был подготовлен PhD Отарбаев М.

Надо отметить, что созданная в университете благоприятная среда для проведения научных исследований способствует ученым активно участвовать в различных международных и республиканских конкурсах научных проектов. Так, за 35 лет работы в КазНУ мне удалось быть соруководителем ряда научных программ и проектов: ECO-NET, финансируемого Министерством иностранных дел Франции и выполняемого совместно с учеными из Университета Пьера и Мари Кюри (Париж, Франция), экологического проекта, финансируемого ООН, МНТЦ, DAAD, а в последние 5 лет – научным руководителем ряда проектов МОН РК в рамках грантового финансирования. К реализации данных проектов на платной основе активно привлекается молодежь – студенты бакалав-

риата, магистратуры, докторантуры PhD. За успехи в учебе и научной работе выделяются спонсорские стипендии студентам. Под моим научным руководством защищено 6 кандидатских диссертаций, 6 PhD, в числе которых один иностранный (Египет). В настоящее время к защите подготовлены 3 PhD.

Результаты научных исследований совместно с учениками опубликованы в более 350 научных статей в республиканских и зарубежных изданиях с высоким импакт-фактором, в таких престижных журналах, как: Journal of Toxicology and Environmental Health, Antioxidants, Journal of Applied Ichthyology Environmental, Pollutants and Bioavailability, FEBS и др. Индекс Хирша по базе Scopus равен 6. Результаты исследований докладывались нами также на симпозиумах в США, Чешской Республике, Германии, Франции, Японии, Южной Корее, России, Казахстане и получили высокую оценку.

Результаты проводимых исследований внедряются также мною при чтении разработанных авторских курсов в бакалавриате: «Биология клетки», «Биология клеток и тканей», «Патология клеток и тканей»; в магистратуре: «Стволовые клетки», «Клеточная биология и клеточные технологии», «Старение клеток и антиэйджинг», «Экоцитология» и др.

Каждый ученый нашего университета наряду с научно-педагогической деятельностью проводит и большую организационную работу, являясь директорами НИИ, членами различных советов. В частности, с 1993 года по 2010 годы я являлась ученым секретарем и председателем докторского диссертационного совета 14/А.01.01 по трем специальностям, с 2019 по 2021 гг. членом Диссертационного совета по специальности «6D060700 – Биология». В настоящее время являюсь заместителем научного редактора журнала International Journal of Biology and Chemistry и членом редакционной коллегии журнала «Вестник КазНУ. Серия экологическая», издаваемых в КазНУ им. Аль-Фараби и значащихся в списке научных изданий КОКСОН.

Достижения в науке и образовании в нашем университете никогда не остаются не замеченными – успешные, активные исследователи и преподаватели представляются руководством к наградам. Так, например, за высокий профессионализм, большой опыт научной, педагогической и организационной работы я трижды удостаивалась МОН РК Государственной стипендией как талантливый ученый (2005-2006; 2007-2008; 2018), премией «Лучший преподаватель вуза» (2010 г.), почетными знаками МОН РК: «Ы.Алтынсарин» (№1096, 2009 г.) и «За заслуги в развитии науки Республики» (№474, 2013 г.), Грамотой партии «Нур Отан» (2013 г.). Награды КазНУ им. Аль-Фараби: Юбилейная медаль «75 лет КазНУ им. Аль-Фараби». (2009 г.); Серебряная медаль «За особые заслуги перед КазНУ имени Аль-Фараби» (2015); Юбилейная медалью за вклад в развитие университета, посвященной 80-летию КазНУ им. Аль-Фараби (2015); Медаль КазНУ им. Аль-Фараби «Ерен еңбегі үшін» (2020).

В канун 90-летнего юбилея разрешите пожелать всем сотрудникам и студентам доброго здоровья и больших успехов в продвижении нашего университета во всех мировых рейтингах.

Кез келген білім және ғылым ордасы ең алдымен сол жерде сабақ беретін, дәріс оқитын, еңбек ететін профессорларымен елге танылады, биікке көтеріледі. Оқу ордасын әлемдік деңгейге алып шығатын, әлемдік мәртебесін, мерейін өсіретін де сол университеттің атақты профессорлары мен әйгілі ғалымдары. Осы тұрғыдан келгенде ұшқан ұям, білім алған университетім, тәлім мен тәрбиенің алтын бұлағы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің 90 жылдық тарихында үлкен тарихи белестерден өтті.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, филология ғылымының докторы

ҚазҰУ және Мұхтар Әуезов ұлағаты

Осынау белестеріне көз жүгіртіп, ой елегінен өткен тарихты бір бағамдап шығар болсақ, туған университетіміздің әсіресе мақтан тұтар бір қазынасын, құндылығын айрықша бөліп айтар едім. Ол – осынау оқу ордасында әр жылдары еліміздің ең атақты ғалымдары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, әйгілі жазушылар мен өнер иелерінің, айтулы академиктер мен профессорлардың сабақ беріп, ұзақ мерзім еңбек еткені.

1970 жылы мектепті алтын медальмен аяқтап, арман жетегінде Алматыға келдім. Жолым ашылып, сәті түсіп, қабылдау емтихандарын кілең «төрт», «бес» деген бағаларға тапсырып, ҚазМУ-дың филология факультетіне оқуға қабылдандым. Қуанышымда шек жоқ. Әсіресе өзім газет-журналдардан, оқыған кітаптарымнан суреттерін көріп, сырттай ғана білетін әйгілі ұстаздарыммен танысудың,



солардың дәрістерін тыңдаудың бақытына ие болдым.

Сол тұстағы, яғни 1970-75 жылдары сабақ

берген, тәлім-тәрбие, тағылым, ұлағат мектебінен өткізген ұстаздарымның барлығы қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ғылымының корифейлері болатын. Мектепте он жыл солардың жазған оқулығымен білім алдық. Есімдерінің барлығы бала кезден көзге ыстық, жүрекке жақын ағаларымыз бен апайларымыз еді. Бір парасын ғана есімдерімен атап өтейін. Қазақ орта мектептерінде оқытылатын «Қазақ тілі» пәні оқулықтарының авторлары, профессорлар: Мәулен Балақаев, Кәкен Аханов, Рақыш Әміров, Ісмет Кеңесбаев, Рабиға Сыздықова, Әбдуәли Қайдаров, Ыбырайым Мамановтар бізге сабақ берді.

«Қазақ әдебиеті» оқулықтарының авторлары, профессорлар: Мұхамеджан Қаратаев, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Мәлік Ғабдуллин, Темірғали Нұртазин, Рымғали Нұрғалиев, Бейсенбай Кенжебаевтар сан ғасырлық тарихы бай, қазақ руханиятының қайнар бұлағы болып есептелетін халық ауыз әдебиеті, батырлар жыры, Алаш әдебиеті, жыраулар поэзиясы сынды өте құнды университеттік пәндер мен таңдау курстарын аса бір білімпаздықпен, ұлттық мазмұнда, танымы терең, өте құнды дәрістер оқыды.

Ғажап кезең еді...

Осынау бір шоғырын ғана атап кеткен ұстаздарымның барлығы атақтары алысқа кеткен, аңызға айналған, қазақ білімі мен ғылымының қаймақтары еді...

Ал енді осы аңызға айналған, туған университетімізді ғылымның биік белестеріне көтерген ұстаздарымның ұстазы заңғар жазушы, академик Мұхтар Әуезов болды. Қазақ әдебиетін әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясымен әлемдік деңгейге алып шыққан суреткер қаламгер, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов 1934 жылдан бастап көз жұмғанға шейін, яғни 1961 жылдың жазына дейін табан аудармай, отыз жылға жуық университетімізде дәріс оқыды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

ҚазМУ-ға сабаққа келіп-кетіп жүріп, «Абай жолы» эпопеясын жазды. Абайдың ақындығы, шығармашылығы, өмірбаяны, өмір сүрген кезеңі туралы бірнеше монографиясын жарыққа шығарды. Қазақ әдебиеті тарихына арнап бірнеше зерттеу, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындады. Университетімізде бүгінгі күнге дейін оқытылып келе жатқан «Абайтану», «Манастану», «Халық ауыз әдебиеті», «Алаш әдебиеті», «Әлем халықтары әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлердегі тарихы» атты пәндер мен тақырыптық курстардың барлығының негізін қалаған профессор Мұхтар Әуезов болатын.

Біз, 70-жылдардың студенттері, Мұхтар Әуезовтің көзін көрген жоқпыз. Үнін естімедік. Сабақтарына қатыспадық. Алайда сол ғұлама ғалым, кемеңгер ұстаз, данышпан лектор болған Мұқаңның шәкірттері – профессорлар, академиктер: З.Қабдоловтың, Т.Кәкішевтің, Б.Кенжебаевтың, Х.Сүйіншәлиевтің, Т.Нұртазиннің, М.Ғабдуллиннің сабақтарына қатыстық, дәрістерін тыңдадық. «Менің сендерден, мына алдымда көздері жәудіреп, білім нәрін іздеп келген жас өрендерім, шырақтарым, артықшылығым, керек болса бақытым, Мұхтар Әуезовтің алдын көргендігім, сабағын тыңдап, ұлы ұстаздың, ұлы жазушының аялы алақанын ұстағаным»,

– деп айтып отырушы еді профессор Зейнолла Қабдолов.

Кеше ғана дүниеден өткен сол Қабдолов ұстазымыз ұлы Мұқаңды ғұмыр бойы төбесіне көтеріп өтті. Ұстазына, оның шығармашылығына арнап бірнеше зерттеу еңбектерін жазды. Әуезовтің 100 жылдығына орай, әйгілі «Менің Әуезовім» атты көлемді, өте құнарлы роман-эссе арнады. Ол роман-эссе 1997 жылы жарық көрді. Филология факультетінде білім алып жатқан студенттердің, магистранттардың, күллі қазақ жастарының бүгінгі күні жастана оқитын, қолынан түспейтін рухани мұраға айналды бұл кітап.

Мұхтар Әуезовтің дәрістері туралы, олардағы телегей теңіз білім, мұхиттың түбінен маржан тергендей әсерде болғандары жайлы толғаулы, тебіреністі естеліктерімен әр жылдары ұлы ұстаздың дәрістерін тыңдаған атақты ақын-жазушылар Ә.Нұршайықов, Ә.Кекілбаев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Р.Нұрғалиев, Ө.Айтбаев т.б. сол жылдардағы Әуезов дәрістерін тыңдаған университет түлектері газет-журналдың беттерінде бөлісті.

Осынау естеліктердің, мемуарлық жазбалардың барлығында дерлік аса шебер, өз кәсібінің ең жоғары биігіне самғап көтерілген ұлы лектор, ғұлама профессордың, Мұхтар Әуезовтің азаматтық тұлғасы, кісілік келбеті, адамдық болмысы, шығармашылық тағдыры, әсіресе білімдарлығы, мұхиттай терең таным, туған университетіне деген ұлы сүйіспеншілігі, шәкірттеріне жасаған әкелік қамқорлығы көбірек айтылады. Көбірек сөз болады. Ұстаз ұлағаты, оның қасиетін жоғары бағалап, қадіріне жету, қастерлеп сақтау, оны жас ұрпаққа, әрбір жаңадан келген буынға аманаттау дәстүрі туған университетіміз ҚазҰУ-да терең жалғасып келеді. Мен осыған қуанамын. Алтын ұямыздағы ұлы дәстүрлердің арқауы үзілмеуін, алдағы ғасырларда да мәңгілік жалғаса беруін тілеймін.

Тоқсан жасқа толып отырған туған университетіміздің баға жетпес басты байлығы осынау ұзақ жылдар құнарын жоғалтпаған ұлттық құндылықтарында, аяулы ағаларымыздан, ұлы ұстаздарымыздан аманат болып қалған дәстүрлерімізде деп есептеймін. Осынау ұлылардың ізі қалған, аудиторияларында үні қалған, ең бастысы, кітапханаларында қымбат рухани мұралары сақталған университетіміздің болашағы жарқын, шыққан биігі заңғар, мәңгілік болатынына сенімім мол. Университетіміз өзінің мерейтойына ұлан-ғасыр тарихы бар ұлан-ғайыр байлығымен, жүзеге асып жатқан жаңа жетістіктерімен келіп отыр.

Моя судьба связала меня с КазНУ им. Аль-Фараби (тогда КазГУ им. С.М.Кирова) еще с детства, так как мой отец Байзакова И.И. – преподаватель КазГУ – всю свою жизнь посвятил обучению студентов этике, эстетике, любви к искусству, к прекрасному. В школьные годы, изучая французский язык, у меня сложилось желание изучать историю Франции. Моя мечта сбылась в студенческие годы. Обучаясь на историческом факультете КазГУ им. С.М.Кирова в 1975-80 гг., мне и мои сверстникам посчастливилось обучаться у таких прекрасных педагогов и ученых с кафедры Всеобщей истории, как профессора Я.Д.Серовайский, Л.С.Фришман, Ж.У.Ибрашев, К.К.Кожахметов, доценты Г.Ш.Жамбатырова, А.Ф.Ассонова, С.А.Касабулатова, Т.В.Туровская, К.Т.Жумагулов и др. коллеги. Они вели прекрасные лекции, которые остались в памяти не одного поколения выпускников исторического факультета.

Куралай БАЙЗАКОВА, профессор кафедры международных отношений и мировой экономики

КазНУ им. Аль-Фараби в моей судьбе



Научную работу с начала с профессором Жарас Умаровичем Ибрашевым – сначала в рамках научного кружка, затем дипломной работы, затем кандидатской и докторской диссертаций. Ж.У.Ибрашев – блестящий ученый, прекрасный педагог, мудрый наставник – сумел тогда мне привить на всю жизнь любовь к изучению Франции и Европы в целом. В тот период профессор Ж.У.Ибрашев формировал казахстанскую школу французоведов. Мы группа молодых ученых благодаря его поддержке смогли пройти стажировку на кафедре новой и новейшей истории МГУ им. М.В.Ломоносова, получить консультации у известных советских французоведов.

Профессор Ж.У.Ибрашев – это прекрасный человек, с которым я работала вместе на протяжении всей моей научно-педагогической деятельности. Основатель казах-

станской школы международных отношений, он являлся великолепным профессионалом, обладал удивительной научной прозорливостью и, главное, замечательный человек, который воспитал не одно поколение педагогов и ученых. Профессор Ж.У.Ибрашев – это великий учитель. Мало кто может насчитать такое количество своих учеников, которым он дал дорогу в науку.

Наряду с моим учителем Ж.У.Ибрашевым в становлении моей педагогической и научной деятельности неоценимую помощь оказывали коллеги по кафедре, и в первую очередь Гульжаухар Шагатаевна Жамбатырова. Очень многое хранит память о днях, проведенных с ней, сначала в качестве студента-ученика, потом коллеги, соратника. Жарас Умарович вместе с Гульжаухар Шагатаевной, и другими коллегами в свое время создали определенный «дух кафедры всеобщей истории», в котором царили уважение и почтение к своим учителям, любовь и уважение к коллегам, единомышленникам, царили дружба и взаимовыручка, не было места зависти, склокам и т.п. Этот дух потом был перенесен и приумножен уже на факультете международных отношений.

С обретением независимости Республикой Казахстан встал вопрос об открытии новой специальности «Международные отношения», о подготовке новых дипломатических кадров для молодого государства. И вновь судьба дала мне шанс заняться новым интересным делом. По инициативе профессора Ж.У.Ибрашева и профессора Г.Ш.Жамбатыровой в 1992 г. была открыта сначала кафедра международных отношений и внешней политики Республики Казахстан, а затем факультет международных отношений.

В судьбоносное время для нашей республики, в трудные 90-е годы становления и развития системы высшего образования суверенного Казахстана нашему университету, не побоюсь этого слова, повезло, что нашим ректором был К.Н.Нарибаев. Прежде всего, именно он добился присвоения университету имени известного ученого-энциклопедиста Востока аль-Фараби. В тот период, когда самовыживание высшего образования казалось проблематичным, он выдвигал идеи реформирования и развития университета, да и в целом высшего образования Казахстана. Его реализм, учитывающий реальные возможности и потребности страны, позволили в условиях рыночной экономики и международной интеграции не только выжить, на и начать новый виток развитие нашего университета.

Для меня и моих коллег всегда дороги воспоминания о роли Копжасар Нарибаевича в открытии нашего факультета международных отношений. С образованием факультета в 1995 году я работала с Гульжаухар Жамбатыровой как заместитель декана. Это были непростые годы формирования новой специальности. Трудными и в то же время интересными были первые годы становления специальности, предстояло подготовить новые госстандарты, типовые программы, разработать новые лекционные курсы.

В условиях изменения роли Казахстана на международной арене, ощущалась вос-

требованность научных исследований, в организации сотрудничества Казахстана с мировым сообществом. Декан Г.Ш.Жамбатырова и профессор Ж.У.Ибрашев добились открытия первого в республике диссертационного совета по защите кандидатских, затем и докторских диссертаций по специальности «07.00.15 – История международных отношений и внешней политики». Благодаря этому в 2003 г. я защитила первую в республике докторскую диссертацию на тему «Эволюция конституционной доктрины голлизма: политические и внешнеполитические аспекты» по специальности «07.00.15 – История международных отношений и внешней политики» под руководством профессора Ж.У.Ибрашева. Сегодня мы продолжаем это направление, и на факультете работает диссертационный совет уже по защите диссертаций доктора PhD.

В 2000-2005 гг. работала заведующим кафедрой международных отношений и внешней политики Республики Казахстан. Для нашей кафедры для развития новой специальности чрезвычайно важным было расширение международного сотрудничества. Одним из приоритетных направлений этого сотрудничества было европейское. С 2002 г. являюсь директором Европейского информационного центра при КазНУ им. Аль-Фараби, который был открыт в 1998 г. Будучи деканом факультета международных отношений КазНУ в 2005-2009 гг. проводила ответственную, но в то же время интересную работа, когда нужно было уделять внимание самым различным аспектам факультетской жизни. Так, например, учитывая рост численности иногородних студентов на факультете, мне пришлось добиться выделения для факультета отдельного общежития №1. Наряду с повседневной работой декана необходимо было уделять большое внимание становлению новой, тогда еще экспериментальной программы по подготовке докторов PhD. И здесь нельзя не отметить огромную помощь тогдашнего первого проректора КазНУ профессора З.А.Мансурова, который курировал это направление. Именно в те годы было начато системное приглашение зарубежных специалистов на факультет, что расширило научные и образовательные связи факультета.

Продолжая традиции факультета, я старалась расширить международное сотрудничество с зарубежными вузами и центрами Франции, Германии, США, Индии, Испании, Тайваня, России и др. Благодаря развитию международного сотрудничества были проведены крупные международные конференции, получены международные гранты от ООН, ЕС, НАТО, ОБСЕ, на научные исследования, организацию научных форумов, публикацию монографий, брошюр, журнала «Европейский диалог», на проведение летних школ. Вернувшись в 2009 году на кафедру в качестве профессора, продолжила разработку новых курсов, внедрение научных исследований в учебный процесс. Продолжая исследовать научную проблематику по актуальным вопросам современных международных отношений, как в рамках научных программ кафедры, так и самостоя-

тельно, опубликовала более 330 научных публикаций, в том числе в зарубежных изданиях, являюсь руководителем и исполнителем ряда проектов грантового финансирования МНВО РК, целого ряда международных проектов по грантам ЕС, НАТО, Фонда Франции и др.

Научные результаты были апробированы в ходе участия в более чем 300 международных и региональных конференциях. Неоднократно была приглашена читать лекции во французские университеты – Университет им. Р.Шумана г. Страсбург, Университет г. Гавр. И, наконец, вся моя научно-педагогическая деятельность посвящена подготовке молодых специалистов, для казахстанской дипломатии, для подготовки новых специалистов по международным отношениям. Многие мои ученики стали заниматься научно-педагогической деятельностью. Целый ряд моих учеников работает в Министерстве иностранных дел Республики Казахстан и в его зарубежных представительствах, в государственных структурах – Т.Примбетов, А.Орсариев, Е.Ашикбаев, А.Абдымомунов, О.Тогузбаев, Д.Жакенов, С.Сайлайкызы и многие другие.

Сегодня перед молодым поколением открываются прекрасные возможности, но и на них лежит большая ответственность за будущее нашей страны, за будущее ее международного имиджа.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халық аспаптары оркестрі 1975 жылы академик, осы университеттің ректоры Өмірбек Жолдасбековтің тікелей ұсынысы бойынша құрылды. Оркестрге барлық факультеттің студенттері шақырылып, солардың ішінен жүзден жүйрік шыққандары таңдалды. Бұдан өзге, Өмірбек Арысланұлының бастамасымен барлық факультеттерде ұлт аспаптық оркестрлер құрыла бастады. Өнерпаздарға арнайы ұлттық киімдер тігілді, ұлттық аспаптар сатып алынды. Университет ғимаратынан арнайы бөлме жабдықталып, қатысушы студенттерге жағдай жасалды. Оркестр мүшелерінің қатары 50 адамнан асты. Оқу ордасының талантты оқытушылары (А.Жиенбаев, Г.Есбергенова, Қ.Алпысбаев т.б.) да оркестрмен өз өнерлерін көрсетті.

Айша БЕГАЛИЕВА, аға оқытушы

Ректор ұсынысымен құрылған оркестр

Оркестрдің дайындығын ұйымдастыру, аспаптармен қамтамасыз ету, оның мүшелеріне жағдай жасау сол кездегі оқу ордасының басшысы Ө.Жолдасбеков, проректор С.Савицкий, студенттік профком төрағасы А.Коналаенконың басқаруымен іске асты.

Оркестрдің бас дирижері ретінде Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның доценті, дарынды музыкант Батыр Әбдіқалықовты, жетекші ретінде Жанас Бекентұровты шақырды. Студент жастарды оркестрге тарту жағына физика факультетінің студенті, дарынды домбырашы, өнерпаз Айтқазы Шарықбаевты жауапты етіп сайлады. Университеттің әр жиналысы ұлт аспаптар оркестрінің концерттік бағдарламасымен өтетін болды. Аз уақыттың ішінде оркестр студент қауым мен оқытушылардың үлкен қошеметіне бөлене бастады. 1976 жылы



университеттің қазақ ұлт аспаптары оркестрі Шымкент қаласында өткен Бүкілодақтық көр-



кемөнерпаздар фестивалінің лауреаты атағын жеңіп алды. Бұл оркестрдің ең алғашқы шығармашылық жеңісі еді.

Университет ректоры Өмірбек Арысланұлы ағамыз оркестр ұжымына өз ақыл-кеңесін айтып, ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар оркестр мүшелерін жазғы каникул кезінде ақысыз профилакторияда демалуын, студент жастардың стипендияларын үзбей алып тұруын қамтамасыз етті. Белсенділерге қосымша қаржылық көмектер тағайындады.

1977 жылы 7 қазанда Қазақ мемлекеттік университетінің ұлт аспаптары оркестрі Мәскеу қаласында КСРО-ның жаңа Конституциясын қабылдау кезінде, Кремльдің съездер сарайында Бүкілодақтық көркемөнерпаздар фестивалі лауреаттарының қатысуымен өткен концерт беру құрметіне және съезд депутаттарының алдында қошеметке ие болды. Осы концертке қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков бастап барып, оркестрге Шамғон Қажығалиев, Алдаберген Мырзабеков, Батыр Әбдіқалықов, Рысбай Ғабдиевтер дирижерлік етті. Сол кездегі КСРО-ның білім және оқу министрі Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Ө.Жолдасбековке арнайы Алғыс хат жолдады. Концерт соңында Қазақстан Компартиясының бірінші сек-

ретары Дінмұхамед Қонаев оркестр ұжымына рақметін айтып, шығармашылық табыс тіледі. Мәскеуден оралғаннан кейін ректор Ө.Жолдасбеков оркестр ұжымын қабылдап, шынайы тілегін білдірді. Студенттермен әр кездесуінде Өмірбек аға оркестр мүшелерінің оқу барысын, әлеуметтік жағдайларын сұрап тұратын.

1978 жылы ұлт аспаптар оркестрі КСРО-ның Мәдениет министрлігі жанынан құрылған арнайы мемлекеттік комиссияның шешімімен «Халық аспаптары оркестрі» атағын қорғап шықты. Бұл жетістік оқу орындарының қара шаңырағы – Қазақтың мемлекеттік университетінің абыройын асқақтата түсті. Өнерге, білімге, ғылымға талпынған студент жастарға жасаған қамқорлығы үшін сол кездегі ректорымыз Ө.Жолдасбековтің мәртебесі артты. Осылайша студент жастар қалаған мамандықтарын игерумен қатар, өнерге де бет бұрды. Университет қабырғасында ұйымдастырылған сан алуан үйірмелерге қатысып, таланттарын шыңдады.

Бұл «Халық аспаптары оркестрі» атағын Қазақ мемлекеттік университеті 1990 жылға дейін, яғни 12 жыл бойы сақтады. 1980 жылдан бастап оркестрге Жамағат Темірғалиев ағамыз жетекшілік етті. Жыл сайын факультет, жоғары оқу орындары арасында сайыстар, «Студенттік көктем» фестивальдері ұйым-



дастырылып тұрды. Қазақ университетінің халық аспаптар оркестрі В.И.Ленин атындағы Республикалық сарайда үкіметтік концерттерде Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрімен, атақты әншілеріміз Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Әлібек Дінішев, Нұрғали Нүсіпжановпен бірігіп өнер көрсетті. Халық аспаптар оркестрінің репертуарында Чайковский, Моцарт, Глинка, Штраус, Брамс, Құрманғазы, Дина, Түркеш, А.Жұбанов, Дәулеткерей, Тастанов, Қазанғап, Тәттімбет, Сүгір, С.Мұхаметжанов, Н.Тілендиев т.б. күйшілердің шығармаларымен қатар, классикалық және халық әндері болды.

1979 жылы Қазақ университетінің халық аспаптары оркестрі КСРО-ның Мәдениет министрлігі мен Кәсіподақ комитетінің жоспарлауымен Венгрия Халық Республикасында, 1980 жылы Тәжікстан астанасы Душанбе, Күляб қалаларында, Нүрек ГЭС-і жұмысшыларының алдында өз өнерлерін көрсетті. 1982 жылы КСРО-ның әлеуметтік қамтамасыз ету министрі Д.Абдрахимованың жетекшілігімен Болгария Халық Республикасына барды, 1985 жылы Қазан қаласында өткен фестивальдің лауреаты атанып, үлкен жетістіктерге жетті. Осылайша оркестр кеңес заманында Қазақ университетінің ректоры Өмірбек Арысланұлының қамқорлығының арқасында қазақ халқының өнерін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін КСРО-ның одақтас республикаларынан басқа, Батыс Еуропа халықтарына жеткізуіне өз үлестерін қосты.

Қазақ университетінің халық аспаптары оркестрінің алғашқы ұйымдастырушылары қазір еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада еңбек етіп келеді. Айта кетсек, Ж.Бекентұров – Қазақтың мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ж.Темірғалиев – ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, А.Шарықбаев ҚР Білім министрлігінде бөлім бастығы қызметінде болып, қазір құрметті демалыста, Қ.Мұсаев, Ж.Жұбатов, Қ.Арынов, А.Белеков, С.Жетпісбаев, М.Рамазанова, С.Бекмолдин, А.Сәрсенбинов, Д.Тастанов, Р.Жалмұрзина, Г.Сапарханова, А.Нүсіпова – ғылым жолында, А.Алдияров – сот, Б.Тәшенов – жеке кәсіпкер. Ал оркестрдің алғашқы мүшелері өз мамандықтарымен қызмет атқарып, бүгінгі таңда құрметті демалысқа шықты, зейнеткер. Оркестрдің біраз мүшелерінің уақыты келіп, бұл дүниеден өтті.

Қоғам қайраткері, академик Ө.Жолдасбековтің туғанына 80 жыл толуына орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен іс-шара кезінде университеттің халық аспаптары оркестрінің алғашқы мүшелері жиналып, ардақты ұстазымызды еске алу құрметіне оның сүйіп тыңдайтын күйлерін орындау біздің той шашуымыз болды.

Ендігі алға қойған мақсатымыз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойында «Алатау» оркестрінің алғашқы мүшелерінің ұйымдасыруымен концерттік бағдарлама ұсынсақ деген ойымыз бар.

1983-85 жылдары әскери борышымызды өтеп жүрген кезіміздің екінші жылында «елге келген соң не істеймін, немен айналысам» деген сауалдар бәрімізді мазалап жүрді. Біздің сержанттар бөлмесіндегі бір бұрыштағы үстелде әртүрлі газет-журналдармен қатар, әскери жарғы кітабы, әдеби кітаптар, түрлі анықтамалар және әлі есімде, орыс тілінде «Қайда оқығың келеді?» деп аталатын қалыңдығы 5-6 см болатындай жинақ тұратын. Онда Одақтың барлық республикаларындағы және Мәскеу мен Ленинград қалаларындағы барлық жоғары оқу орындары мен олар даярлайтын мамандықтар туралы және қандай құжаттар қажеттігі, тіпті қабылдау ережесі туралы ақпараттар айтылады. Бұл кітап бізге дейінгі сержанттардың бірінен қалған екен.

Берекет КӘРІБАЕВ, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымының докторы

Мен ҚазМУ-ға қалай келдім?



Алғашқы кезде қанша рет көрсек те, біз, жас сержанттар, ол жинаққа онша мән бермедік. Өйткені әлі елге қайтуға көп уақыт бар. Ал әскери қызметтің бір жарым жылы өтіп, елге қайтуға алты ай қалғаннан бастап, жаңағы жинақты асықпай қарайтын болдық. Сол жинақтан алғаш рет Қазақстанда екі университет бар екенін, біріншісі – Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, екіншісі – Қарағандыдағы Е.Букетов атындағы университет екенін білдім. Тарихшы болуды қалап жүрген маған Алматыдағы С.Киров атындағы ҚазМУ-да тарих факультеті, онда тарихшы мамандығы даярланатыны қуантты. Сол кезден бастап ҚазМУ жақын бола бастады. Тіпті қалың

жинақтың ішіндегі ҚазМУ туралы жазылған бірнеше беттердегі әр сөз маған ыстық көрінді.

Әскерден аман-сау елге оралып, 1-2 апта мауқымызды басқаннан кейін үйдегілер менің алға қойған жоспарымды сұрағанда, оларға мен: «Алматыға барып ҚазМУ-ға, тарихшы мамандығына түсем», – деп жауап берсем, олар таңғалып, басын шайқайды. «Алматыда кімің бар, кім оқуға түсіреді, қайда барып тоқтайсың, әскерден көп ақша тауып қайттың ба?» – дегендеріне қарамастан, мен оларға: «Әскерден оқуға түсуге көмектесетін бір қағазым бар, тек емтихандардан «2» алмасам болды», – деп, командир қол қойған «Ұсыныс хат» деген анықтаманы көрсеттім. «Егер түсе алмасам, бір жыл сонда жұмыс істеп, келесі жылы қайта тапсырам», – дедім. Мені әпкем ғана қолдады. Қалғандары үндемеді, яғни жеңілгендері. Сөйтіп, жеңіп шығып, 1985 жылдың 13 шілдесінде Алматыға келдім.

Келудің өзі бір хикая. Жаз айларында пойызға билет жоқ. Арал станциясына пойыз атаулы 5 минут қана тоқтайды. Жолсеріктермен келісу. Плацкарттың үшінші қабаты. Вагондар іші қайнаған ыстық. Ығы-жығы сапырылысқан халық.

Ақыры, таңғы сағат 6-лар шамасында №8 Мәскеу – Алматы пойызы «I Алматы» вокзалына келіп тоқтады. Пойыз ішінде Алматыда қалай пәтер жалдауға болады деп сұрап алғанмын. Сол күні кешке дейін іздеп жүріп, ақыры «Саяхаттан» онша қашық емес, Иссыкская, 44 деген үйде тұратын дядя Миша мен тетя Маша деген кісілердің үйінде бір айға тұруға келістік.

Ертеңіне ҚазМУ-дың қабылдау комиссиясына барып, құжаттарымды тарих факультетіне тапсырдым. 10-15 күндей тағы бір «СССР тарихы» мен «Қазақ ССР тарихы» пәндерін қайталап жатырмыз. Қасымда менен екі жас үлкендігі бар, Семейдің Мақаншы ауданының Ербол деген жігіті бар. Онымен құжат тапсырып жүргенде танысқанмын. Оның биыл үшінші рет келуі екен. Күндізгі бөлімге өте алмаса, сырттайға тапсырады, оған жолы болмаса, дайындық бөлімге тапсырады.

Сол жылғы қабылдау комиссиясының ережесі бойынша тарих мамандығына түсетіндер төрт пәннен емтихан тапсырады екен. Бірінші – тарих, екіншісі – қазақ (орыс) тілі мен әдебиетінен шығарма, үшіншісі – шет тілінен (ағылшын, неміс, француз) тілдерінен емтихан, төртіншісі – қазақ тілінен – ауызша. Егер ауылдық жердегі мектепте бітіргендер үшін шет тілі өтпесе, оларға келісімдері бойынша «қанағаттанарлық» деген баға қойылады екен. Мен бірден ағылшын тілін мектепте оқымағандықтан, «қанағаттанарлық» деген баға алдым.

Әлі күнге дейін ауызша тарихтан, жазылған шығарма тақырыбы және қазақ тілінен ауызша келген сұрақтар есімде. Тарихтан келген үш сұрақтың екеуі – КСРО тарихынан, үшіншісі Қазақ КСР тарихынан. Бірінші сұрақ – «Моңғол-татар басқыншылығына қарсы қазақ халқының күресі. Отырар апаты», екіншісі «1854-1856 жж. орыс-түрік соғысы,

қорытындылары» және үшіншісі – «1917 жылғы ақпан төңкерісінен қазан төңкерісіне дейінгі жағдай. Қазан төңкерісіне дайындық». Емтихан қабылдап отырған комиссия мүшелерінің бірі – Қазақстан тарихының маманы әрі археолог, доцент Сәйден Жолдасбаев екен. Жасы 50-ге келіп қалған кезі. Кейін ол ағайымыз докторлық қорғап, профессор атағын алды. Ұзақ жыл бірге жұмыс істедік. Екіншісі – Нұрсейіт Кенжебаев деген жастау жігіт, жасы 30-дан жаңа ғана асқан кезі. Ол КОКП тарихының маманы, ол да ғылым кандидаты екен.

Дайындыққа берілген жарты сағаттай уақыттың алғашқы жартысында үш сұраққа да тезис ретінде жазбаша жауап дайындап қойып, ойша бір қайталап өтіп, алдымдағылардың жауаптарын тыңдап отырдым. Олардың жауаптарына көңілім толмай отырды. Кезегім келгенде комиссия алдындағы орындыққа отырып, әр сұраққа жауап айта бастадым. Бірінші сұрақтың ортасынан асқанда «Отырар апаты» деген не?» деп сұрақ қойылды. Оған жауап беріп бола бергенде, «Келесі сұраққа өтіңіз», – деді комиссия мүшесінің бірі. Оған да тоқтамай жауап беріп жатыр едім, «Үшіншіге көшіңіз», – деді тағы. Ойымды тез жинақтап, үшінші сұрақты айта бастадым. Бір кезде комиссия мүшесінің жастауы ойымды аяқтатпай: «Қарулы көтеріліске жасырын дайындықты кімдер айтып қойды?» – деп сұрақ қоя салды. Мен оған батылсынып: «Сіз сәл күте тұрыңыз, мен қазір тамызда болып жатқан оқиғаларды аяқтап алайын. Каменев пен Зиновьев өздерінің партияның қарулы көтеріліс жасау туралы жоспарымен келіспейтіні туралы газетке мақала жазды», – деп айтып болғанымша, жастауы үлкенірек комиссия мүшесінің құлағына «төрт қояйық» деп сыбырлады. Ол сыбырды мен анық естіп отырмын. Мен: «Төрт деген бағаға келіспеймін, менің жауаптарым «бес» деген бағаға лайық», – деп жауап қаттым. Сөйтіп, қызық басталып кетті. Мен оларға: «Біліміме күдіктенсеңіздер, қосымша сұрақ қойыңыздар. 1980-85 жылдар аралығындағы партия съездері мен пленумдарында негізгі мәселелер және оларда қабылданған шешімдер туралы сұраңыздар», – деп айтып жатырмын. Жастау комиссия мүшесінің «Қайдан келдің?» – деген сұрағына «Әскерден», – деп қысқаша жауап бердім. Сөйткенімше, олар менің аты-жөнім жазылған қағазға қолдарын қойып, өзіме берді. Қарасам, «жақсы» деген баға қойыпты.

Көңілім түсіп, коридорға шығып ем, сыртында «Профессор Шәлекенов» деген жазуы бар есік ашылып, ішінен 60-тардағы үлкендеу, зор денелі кісі шығып, «Балам-ау, көңіл күйің жоқ қой, не болды, екі алдың ба?» – деді. Мен: «Сіздерде әділдік жоқ екен, беске жауап беріп едім, төрт қойып жіберді», – дедім. Ол болса: «Төрт те жаман баға емес, оқуға түсіп кетесің», – деді. Бұрындары бір оқыған кітабымда автордың тірі профессорды сыртынан ғана көріп, алған әсерін бір беттей қылып жазғанын, қандай бақытқа кенелгенін оқып едім. Бірден сол жағдай ойыма оралды. Ал мен болсам, тірі профессорды көрмек түгіл, онымен сөйлесіп тұрмын. Жаңағы авторға

қарағанда өзімді екі есе бақытты сезіндім. Емтиханнан төрт алғанымды сол мезетте ұмытып, бірден қабылдау комиссиясының кезекші қыздары көрсеткен жаққа кете бардым.

Бірнеше күннен кейін шығарма жазатын болдық. Менде ешқандай қорқыныш болған жоқ. Өйткені тәжірибелі Ерболдың айтуына қарағанда, шығарманың екі тапсырмасы мектеп бағдарламасының тақырыптары да, үшіншісі еркін тақырыпқа жазылады екен. Ал мен мектепте жүргенде жазушы боламын деп оқымаған кітабым жоқ, тіпті алғашқы әңгімем 6-сыныпты бітіріп, 7-ге көшкен жылы, жаз айларының бірінде «Қазақстан пионері» газетінде жарияланған. Сол жылғы шығарманың еркін тақырыбы «Партия қайда болса – жеңіс сонда» деп аталды. Алдымен 9-10 беттей қып, бүкіл мазмұнды қағазға түсіріп, одан кейін оны асықпай қайта көшіріп жаздым. Ойымша, тағы да «5» деген баға алуым керек. Қасымдағы Ербол «С.Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Итбай образы» деген тақырыпты таңдап, оны ішіне тығып әкелген оқулықтан көшіріп жатты.

Бір-екі күннен соң қорытынды шығып, Ерболдың аты-жөні өтпегендер тізімінде тұрды. Мен оның ағасы болып, апелляциялық шағым түсірдік те, оның жұмысын алдыртып қарадық. Сөйтсек, әріп қателерінің өзі он шақты, ал тыныс белгілерінің қатесі одан да көп екен. Шығарма жұмыстарын тексеретін комиссияның қорытындысы – «екі» деген бағаны мойындауға мәжбүр болдық. Менің аты-жөнім өтпегендер тізімінде болмады. Іштей «бес» алған шығармын деп жүрдім. Бірнеше күннен кейін қолымызға сынақтар қағазын бергенде, шығармадан да «төрт» деген баға алғанымды білдім.

Соңғы емтихан қазақ тілінен ауызша болды. Комиссия мүшелерінің бірі – әлі 30-ға толмаған өте жастау жігіт болды. Оны кейіннен білдім. Ол – сол кезде филология ғылымының кандидаты Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев екен. Билеттегі сұрақтар мынадай еді. 1) Буын, оның түрлері, 2) Архаизм мен жаңа сөздер. 3) «Арқаның жері жайсаң...» деп басталатын сөйлемді фонетикалық талдау. Алғашқы екі сұраққа оңай және тез жауап беріп, қолданыстан шығып қалған ескі сөздерге бай, патша, хан деп мысалдар келтірдім де, қолданысқа енген жаңа сөздерге «Першинг», «Томагавк» деген АҚШ ракеталарының атауын келтірдім. Маған үшінші сұраққа қатысты көп сұрақтар қойылды. Тіпті неге «а» дыбысы жуан болып саналады деген сұрақтар қойылды. Ішімнен тағы да «төрт» деген баға қойғылары келіп отыр ма деген ой келді. Бір кезде сынақ қағазымды қайтарып берді, қарасам – «үш» деген баға. Жалпы, университетке түскенімді білсем де, комиссияның тағы да «қорлығы» қуануға мүмкіндік бермеді.

Сонымен төрт емтиханның екеуінен «жақсы», екеуінен «қанағаттанарлық» деген бағалар алып, болатын конкурстың қорытындысын күттік. Ешкімге айтпасам да, әскерден алып келген бір тілімдей «ЖОО-ға конкурстан тыс қабылдану үшін

ұсыныс хат» деген қағаздың көмегімен қабылдануым керек. Құжаттар қабылдағанда қабылдау комиссиясы құжаттар тізіміне алып, оны іске тіркеп қойған.

Шамамен тамыздың 25-терінде бүкіл университет бойынша конкурс аяқталып, университет ректоры, академик Ө.Жолдасбеков биология және география факультеттерінің оқу корпустары орналасқан алаңқайда студенттерді қабылдау туралы бұйрықпен таныстырды. Кезегі келген кезде тарих факультетіне тоқталды да, «Конкурстан тыс қабылданғандар» қатарында екі фамилияны оқыды. Біріншісі – менің фамилиям да, екіншісі – Ноянов деген фамилия болды. Сөйтіп, 1985 жылы тамыздың 25-інде ректор бұйрығымен университетке қабылдандым.

1990 жылдардың басында факультеттегі бір ағайымыздың мынадай сөзін үнемі еске алып отырам: «Атақ та, абырой да – еңбекте. Оларды ұстаймын деп, қусаң өмірі жеткізбейді, ал адал еңбек етсең, олар сенен ешқайда кетпейді». Содан бері 40 жылдай уақыт өтіпті. Оның бес жылы студенттік жылдар да, 34 жылы университеттің тарих факультетіндегі Қазақстан тарихы кафедрасында ғылыми-педагогикалық жұмыстар екен.

Біз қабылданардан бір жыл бұрын университет өзінің 50 жылдығын атап өткен екен, енді, міне, бір айдан соң 90 жылдық мереке басталады. Университетке және барша ұжымға қай кезде де еліміздің көк туын білім мен ғылым кеңістігінде желбірете берейік деп тілеймін.

Қайрат МӘМИ,
ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының президенті:

Қазақстандық элитаның ұстаханасы

– Қайрат Әбдіразақұлы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да алған іліміңіз үлкен жетістіктердің алғашқы баспалдағы болды. Биіктен көрініп жүрген өзіңіздей тәлімді шәкірттің ұстаздары да осал болмағаны анық. Үлгі тұтып, бағыт-бағдар алған ұстаздарыңыздан кімді атар едіңіз?



– Еліміздің жоғары білім ордаларының қарашаңырағы – Қазақ ұлттық университетіне ризашылығымды білдіре отырып, ұстаздарым мен ғылыми жетекшілеріме алғысым шексіз екенін айтқым келеді. Алғашқы декандарымыз Қазий Үргенішбаев пен Қалимолла Халықов болды. Сондай-ақ әйгілі ұстаздар Юрий Басин, Сұлтан Сартаев, Асабай Мамытов, Алексей Худяков, Сағындық Байсалов, Еркін Жәкішев, Анатолий Диденко және тағы басқа көрнекті педагогтардан тәлім алдық. Бізді қайталанбас академиктер Салық

Зимановтың, Ғайрат Сапарғалиевтің сабақтары тәнті етті. Олардың терең білімі, біліктілігі мен шешендігі болашақ мамандығымыздың құпияларын білуге жол ашты. Ғылымға шын берілген осындай тұлғалармен шығармашылық қарым-қатынас кәсіби шыңдалуымызға, болашағымызды айқындауымызға себеп болды.

– Студент кезіңізде кім болуды, қандай биіктерді бағындыруды арман-дадыңыз? Бүгінде сол арман-мақсатыңызға жеттіңіз бе?

– Әрине, жарқын болашақ туралы арман-дадым, алайда тағдыр маған қандай тосын сый дайындап қойғанын болжай алған жоқпын. Жасыратыны жоқ, сот не прокурор болу менің мақсат-арманым болды. Бірақ Жоғарғы соттың төрағасы, бас прокурор болу үш ұйықтасам түсіме кірмейтін арман болатын. Екі жыл бұрын студенттермен кездесулердің бірінде аудиториядан: «Жоғарғы соттың төрағасы болу үшін не істеу керек?» деген сұрақ қойылды.

Ол жігіттің сұрағы, әрине, жасандылықсыз, табиғилығымен ерекшеленіп тұрды. Осы тектес сұрақтар әрқашан алдымнан шығады. Қысқаша жауап берсем, біріншіден, ондай биіктерге апаратын жолдың ұзақтығымен қатар, ой-шұқыры да көп болады. Сол үшін кездескен сәттіліктер мен қиындықтарды бірде тез, бірде баяу еңсеру керек. Осындай сын сәттерде жолдан адастырмас, бағыт-бағдарымды айқындайтын компасым өз ұстанымым болды. Ол – ең алдымен таңдаған мамандығына адалдық және адамдарды жақсы көру. Менің жеткен жетістіктерімнің негізінде тек қана еңбек жатыр. Екіншіден, біліміңді үнемі ұштастырып, дамытып отыру керек. Ешкім бірден бәрін біліп тумайды, бұл үлкен және күрделі жұмыстың нәтижесі. Тіпті тереңіне үңілер болсақ, сәттілік өз-өзіңді қамшылаумен жеңуден басталады.

– Өзіңіз оқыған жылдарда курстастарыңызбен, ұстаздарыңызбен өткізген жылы естеліктеріңізбен бөліссеңіз.

– Біз өткен ғасырдың 70-жылдары арман қала – Алматыға республиканың әр түкпірінен келдік. Алғашқы сәттен бастап сол уақыттағы ел астанасының ерекше энергиясымен бірге, өзіміз құжат тапсырған оқу орнында қалыптасқан үлкен конкурсты сезіндік. Әрқайсымыз армандағандай ҚазҰУ-дың заң факультетінің студенті атандық. Заңгер мамандығының мәртебесі әр кезде де өзекті болатынына сендік. Біз бұл саланы саналы түрде таңдадық.

Курстастарымыздың басым бөлігі әскер қатарында қызмет еткен немесе зауыт-фабрика, колхоз-совхоздарда жұмыс істеген қыз-жігіттер болды. Сондықтан көптеген танымал заңгерлердің еңбек өтілі жұмысшы лауазымдарынан басталғанына таңғалмау керек. Ең бастысы, бұл ғана емес, бізді достық, өзара көмек және романтика біріктірді. Әлі күнге дейін сонау жастықтың жайлы кештерінде би билеп немесе гитарамен ән шырқайтын ыстық шақтар ұмытылған емес.

Биыл – ҚазҰУ дипломын алғанымызға 40 жыл. Барлық достарды осы айтулы күнмен құттықтаймын! Жылдар өте келе, тиянақты білімімізге тәжірибе мен даналық та қосылды. Сонымен бірге бізге жаңа тәуелсіз мемлекеттің

іргесін қалау және нығайту бақыты бұйырды.

1981 жылы оқу бітірген біздің курсты заң факультеті тарихындағы «ең жұлдызы биік» курстың бірі деп бағалайтын пікірдің кейде қылаң беріп қалатыны бар. Оған негіз жоқ емес. Себебі біздің курстың түлектері арасынан әлеуметтік өмірдің білім және ғылым салаларында, мемлекеттік биліктің барлық тармақтарында биік лауазымдарға көтеріліп, қоғамымыздың ең танымал, беделді әрі сыйлы азаматтарына айналғандары көп. Біздің буынға қазақ білімінің қарашаңырағы – ҚазҰУ-да білім алу ғана емес, студенттер қалашығының іргесін қалау құрметі де бұйырды. Бүгінде үлкен қаланың бір шағын-ауданына айналған қалашықтың әр корпусы, әр жатақханасы, әр бұрышы біз үшін ыстық.

Осындай ұзақ еңбек жолында студенттік бауырластық қағидаттары мен өзара көмек көрсету әрі жылы сезімдерімізді сақтай білдік. Курстастарымыздың кейбіреуі ғылым жолын таңдап, кейін ғылым докторлары мен ректор қызметтеріне дейін көтерілді. Олардың ішінде Әбдіманап Бектұрғанов пен Зайлағи Кенжалиев ерекше атап өтуге лайық. Арамыздан республикаға белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, заңгерлер шықты. Олардың қатарында Мұсабек Әлімбеков, Зағипа Балиева, Қозы-Көрпеш Кәрбозов, Әділ Қырықбаев, Рашид Жақыпов, Дастан Сартаев және басқалар бар.

– Альма-матердің атауына лайықты әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай, түлектер университетке сый ретінде циферблатты механикалық сағатты ұсынған-ды. Құдды студенттерге «Әр сәтіңнің қадірін ұқ...» деп тұрған уақыт жаршысындай. Мұндай тосын сыйлық кімді болсын елең еттірмей қоймасы анық. Түлектердің киелі шаңырақ деген тағы қандай тосын сыйлары мен жоба-жоспарлары бар?

– Бұл жомарт сыйлық дәстүрлі жалпыуниверситеттік мереке – Түлектер күніне тарту. Сағат-стелла түлектердің университеттің даму эндаумент қорының қолдау көрсетуіндегі пәрмеңділігін бейнелейді. Ол қарлы Іле Алатауы сияқты жылдың кез келген уақытында өзінің сұлулығымен қуантып, «Уақыттың құнын біл, минуттың салмағын біл, секундтың есебін біл!» деп, әркімге өте маңызды шындықты еске салып тұратын болады. Сондай-ақ жылдың басты мерейтойлық оқиғасы – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, «Қайраткерлер қолтаңбасы. Автографы авторитетов» кітабы әзірленуде. Ол ҚазҰУ-дың ел тәуелсіздігінің қалыптасуы мен дамуына қосқан зор үлесі туралы болмақ. Кітапты Елбасы Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» және ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалалары ашады. Басқа мақалалардың авторлары – университеттің танымал түлектері. Олардың арасында министрлер, әкімдер, елшілер, ғалымдар, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, жазушылар мен ақындар бар. Бұл да жобаның өзіндік ерекшелігі. Төтенше және өкілетті елшілер Б.Сәрсенбаев пен Қ.Әбусейітовтер авторлар материалына сараптамалық баға береді.

Республиканың тәуелсіздік жылдарында біздің университет түлектерінің ішінде бір

премьер-министр және оның бес орынбасары, үш сенат төрағасы, екі мәжіліс төрағасы және оның орынбасарлары, үш мемлекеттік хатшы, үш президент әкімшілігінің басшысы және оның орынбасарлары, Конституциялық Кеңестің төрт төрағасы, төрт Жоғарғы сот төрағасы, жеті бас прокурор болды. ҚазҰУ-дың бес түлегі облыс және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері болып тағайындалды. Тәуелсіздік жылдары 43 түлек әртүрлі министрліктерді басқарды. Төтенше және өкілетті елшілердің ішінде ҚазҰУ-дың дипломдарымен 52 дипломат бар. Статистиканы әрі қарай жалғастыра түсуге болады.

«Қайраткерлер қолтаңбасы. Автографы авторитетов» жобасы егемен мемлекеттің идеологиясы мен саясатының бастауында тұрған, тәуелсіздікке ерекше үлес қосқан түлектер туралы бірегей басылым болмақ. Осындай жобалармен өзі де ҚазҰУ-дың түлегі, жаңа ректор Жансейіт Қансейітұлының университетіміздің дамуына жалғасқан жаңа кезеңі басталмақ.

– Қазақ елінің дамуына сүбелі үлес қосқан білім ордасы түлектеріне арналған «Біздің элита» жобасының бас редакторы екеніңіз мәлім. Болашақта бұл кітаптың жаңа томдықтары басылып, дәстүрлі жалғасын таба ма? Замандастарыңыздан елдің, оның ішінде ҚазҰУ-дың дамуына үлесі мол тиді деп кімдерді атап айтар едіңіз?

– Біздің альма-матер Қазақстанда бірінші болып Түлектер қауымдастығын құрды. Қауымдастық аясында ғылыми жобаларды жасау, университеттің келбетін жақсарту, үздік студенттерді қолдау, арнайы аудиторияларды ашу тұрақты тәжірибеге айналды.

«Біздің элита» кітабы – қауымдастықтың алғашқы жобаларының бірегейі. Осындай ауқымды жобаны ұсына отырып, түлектеріміздің әзірлігі халықаралық деңгейге жауап беретініне және заманауи нарықтың талаптарына сәйкестігі мен бәсекеге қабілеттілігіне еш күмән туғызбайтынына сенімдіміз. Келесі томдарға кіретін түлектердің тізімін, олардың қажетті деңгейін нақтылайтын басты көрсеткішті отандық білім беру бренді ретінде қауымдастық пен университет басшылығы анықтайды. Төртінші том университетіміздің 90 жылдығына арналмақ. Қазірдің өзінде кандидатураларды іріктеу, студенттік мұрағат істерін зерделеу жұмыстары жүргізілуде. «Біздің элита» энциклопедиясының алғашқы кітаптарында барлық факультеттердің 672 түлегі туралы очерк бар.

– Терең білім игеру, білікті маман болу – уақыт көшінен қалмаудың басты талабы. Осы талаптың үдесінен шығу үшін бүгінгі таңда студенттер қандай қабілеттерге ие болғаны жөн? Қазіргі еңбек нарығы жағдайында ҚазҰУ түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қандай факторлар әсер етеді? Сіздің ойыңызша, білім ордасы түлектері қандай артықшылықтарға ие?

– ҚазҰУ – қазақстандық элитаның басты ұстаханасы. Мұнда білім алу әрдайым құрмет пен мәртебе, өйткені университет жастардың үміттерін ақтап, армандарын жүзеге асырады. Жоғарыда атап өткенімдей, көптеген ҚазҰУ

түлектері бизнесте, мемлекеттік органдарда үздіктер қатарында қызмет етіп жүр. Біздің түлектер экономиканың түрлі салаларында, Қазақстанның дамуына баға жетпес үлес қосып келеді. Сондықтан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі атану – бұл өзіндік сапа белгісі. Біздің альма-матер – посткеңестік кеңістіктегі жоғары оқу орындары арасында Мәскеу мемлекеттік университетінен кейінгі QS рейтингі бойынша жаһандық деңгейде мойындалған әлемдегі ең үздік 200 университеттің қатарына кірген жалғыз университет. Оқу орнының жоғары мәртебесі студенттің білім деңгейі ғана емес, сонымен қатар олардың белсенді азаматтық ұстанымы, әлеуметтік жауапкершілігі, рухани-адамгершілік қасиеттері. Бүгінгі ұстаздар аға буынның көшін жалғап, жаңа Қазақстанның дамуына еңбек ететін өз елінің патриот-жастарын тәрбиелеуде. Біздің ерекше мақтанышымыздың негізі – өздері оқыған оқу орнының тағдырына белсене араласқан университет түлектерінің бауырмалдығы, бірлігі, корпоративті рухы.

– Биылғы Түлектер күні ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналуда. Университетіміздің қадірлі түлегі ретінде оқу бітірушілерге айтар тілегіңіз қандай?

– Түлектер күнін атап өту – өз дәстүрімізге деген тұрақтылық, ұстаздар мен әріптестерімізге деген шынайы құрмет. Бұл – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне деген үлкен махаббатымыз бен алғыс айтар күніміз. Әрдайым осылай бола бермек.

Ең алдымен университетті биыл бітіретін түлектерді шын жүректен құттықтаймын! Үлкен өмірге басқан қадамдары сәтті болғай! Бүгінгі таңда жаңа Қазақстанда бәрі де мүмкін, кез келген студент ертең үлкен қызметтер істей алады. Бастысы – тиянақты оқу және үнемі өз-өзіңді дамыту. Жастар ұлттық бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтере алуы үшін сапалы және сұранысқа сай құзыреттіліктерге ие болып қана қоймай, сонымен бірге ел тағдыры үшін өзінің жауапкершілігін де сезінуі тиіс. Әрине, студенттердің әрқайсысы көшбасшы болуды армандайды. Әбу Насыр әл-Фараби: «Мемлекеттегі көшбасшылар адамдарды әл-ауқатқа жетелеу үшін туып, тәрбиеленеді», – деп бекерге айтпаса керек. Сондықтан университет түлектері ең алдымен өз болашағын ел болашағымен байланыстыруы керек. Ұлы ғұлама сондай-ақ «Нағыз көшбасшы болу үшін кәсіби құзыреттіліктермен қатар, адалдық, ізеттілік, әділдік, бекзаттық пен ақиқатқа ұмтылысты қалыптастыру қажет» деген екен. Ең бастысы – өзіңе сеніп, кез келген биіктікке жетуге тәуекел ету керек. Әрине, үнемі өзіңмен жұмыс істей отырып, мақсатты және жігерлі болған абзал. Бәсекелестікке де әрқашан дайын болу керек.

– Қайрат Әбдіразақұлы, мазмұнды сұхбатыңыз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

29.05.2021



Смағұл ЕЛУБАЕВ,
жазушы,
кинодраматург:

Университетте тұлғалық қасиет қалыптасады

– Смағұл аға, ҚазҰУ-да өткен студент шақтағы жарқын естеліктеріңізбен бөліссеңіз.

– Біз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1971 жылы бітірген түлектеріміз. Университетке 1966 жылы оқуға түстік. Ол кезде оқу ордасының ғимараты ескі алаңдағы қазіргі Т.Жүргенов академиясы орналасқан ғимаратта болатын. Ұстаздарымнан әлі күнге дейін есімнен еш кетпейтіні, ең бірінші – академик Зейнолла Қабдолов, содан кейін ғалым Мырзатай Жолдасбеков. Әсіресе оқуға түскен кезде осы үлкен ұстаздардың алдынан өттік. Тағы басқа да ұстаздар біздің тұлға болып қалыптасуымызға үлкен әсер етті. Мінеки, әлі күнге дейін ескі болғанына қарамастан, осы ғимарат біз үшін өте ыстық болып көрінеді.

Бүгінде мен Т.Жүргенов академиясының профессорымын, сол ғимаратта сабақ беремін. Біз ҚазҰУ-да бес жыл оқып, сол аралықта мынаны байқадық: адам мектептен білімнің негізін алса, ал енді университетке оқуға түскенде тұлғалық негізі қалыптаса бастайды екен. Осылайша университет «Боламын деген баланың» тұлғалық ірге-тасын қалыптастырады. Адам өміріндегі университеттің ерекшелігі осында жатса керек. Бүгінде осы ойға тоқтап жүрген жайымыз бар.

Сонау біз оқыған журналистика факультетінен түлеп ұшқан талантты журналистер, қаламгерлер бүгінгі таңда халыққа танылып, еңбегі сіңген, ел арасында жоғары беделге ие. Мәселен, атап айтар болсақ, белгілі жазушы Жақау Дәуренбеков, ақын Шөмішбай Сариев, жазушы, драматургтер – Сұлтанәлі Балғабай мен Баққожа Мұқай, журналистер – Жоламан Бошалақов, Гүлжауһар Сейітжанова, Дәулет Сейсеновтер курстастарымыз болды. Бұлар журналистика, қаламгерлік саласында үлкен жетістіктерге жетті. Университет қабырғасында жастардың тұлғалық іргетасы қаланады деп отырғаным да содан. Өйткені жас тұлғалардың болашақта кім болып қалыптасатыны сол университет қабырғасында-ақ белгілі болады.

Биыл оқу бітіргенімізге 50 жыл толып отыр. Осы орайда, ЖОО-лардың қарашаңырағы – ҚазҰУ-ға қашанда қарыздармыз әрі айтар алғысымыз мол. Себебі адам өміріндегі университет кезеңдері көңілден кетпес, қаперден өшпес жарқын естеліктерге толы, қызықты жылдар. Ол кездер еш уақытта ұмытылмақ емес. «Университет» деген кезде біздің көз алдымызға алдымен асыл ұстаздарымыз әрі олардың берген тәлім-тәрбиелері һәм курстастарымыз елестейтіні де содан. Ал енді ұстаздарымызға айтар алғысымыз айрықша.

– Ұлағатты ұстаздарыңыздан қандай өмірлік азық, өнеге алдыңыз?

– Журналистика факультетіне көбіне сол студенттік кезге дейін қалам тартқан балалар түскенбіз. Бірақ олардың кім болып қалыптасатыны, қалай дамитыны белгісіз еді. Мінеки, осы балалардың дұрыс жолға түсуіне, қаламгерлікті таңдауына және қандай үлкен принциптерді ұстануына әсер еткен тұлғалардың бірі һәм бірегейі ұстазымыз Зейнолла Қабдолов еді. Мен сол кісінің жұбайы Сәуле апайдың мектептегі шәкірті болатынмын. Мектептің соңғы жылдары апайым қолымнан жетектеп апарып: «Мына кісі сенің ағаң болады», – деп, Зейнолла ағамызбен таныстырған-ды. Сол кезден бастап мен жазған-сызғанымды ағамызға оқытып, ақыл-кеңестерін естіп тұратын болдым. Мінеки, осыдан шығатын қорытынды: шәкірттің тұлғалық дамуына, кемелденуіне, өмірлік жолының қалыптасуына жақсы ұстаздың сөзсіз әсері мен ықпалы көп. Басқа да ұстаздарымыз біздің аяққа тұруымызға, адаспай, шалыс қадам баспауымызға балаң күннен үлкен әсер етті.

– Смағұл аға, журналистика факультетінде оқып жүрген кезіңізде қабырға газетіне «Бұралқы» деген әңгімеңіз жарияланып, көп ұзамай факультетте әлгі әңгімені талқылау жиналысы өтіпті. «Бұл әңгіме Кеңес өкіметіне қарсы жазылған. Смағұлдың «қаңғыбас ит» деп меңзегені кім? Кеңес адамын бұралқы итке теңеп отыр», – деп біраз әурелеп, тіпті өзіңізге сөгіс берген екен. Осы оқиғаны таратып айтып беріңізші.

– Бұл оқиға белгілі сатирик Темірбек Қожакеевтің декан кезінде болды. Жастар жарысып әңгіме жазатынбыз. Қабырға газетіне шығармақ болып, әңгіме сұратқан. Мен әлгі «Бұралқы» деген әңгімемді ұсындым. Ол қабырға газетіне жарияланды. Содан соң бір күні мені жиналысқа шақырды. «Не боп қалды екен?» деп барсам, әңгімемді «Кеңес өкіметіне қарсы жазылған» деп талқыға салып жатыр. Әңгіме Бұралқы деген қаншық ит жайында болатын. «Бұл бала кеңес адамын бұралқы итке теңеп отыр», – деп, партия ұйымы мені жиналысқа салды. Осы оқиғадан кейін журналистика факультетінің, комсомол

ұйымының хатшылығынан түсіріп тастады. Қайта-қайта жиналыс жасады. Солардың бәріне КГБ-ның адамдары қатысып отырыпты.

Әрине, олар менің өзіме тікелей шыққан жоқ. Бірақ олардың келіп, тыңдап отырғандарын кейін естіп-білдім. Партия ұйымы осыған байланысты тағы да бір жиналыс болады деп хабарлағанда: «Енді сол әңгімені талқылауды қоймасаңыздар, ұстазым Зейнолла Қабдоловты шақырамын. Сол кісі осы талқыға төрелік етсін. Ал сіздердің айыптауларыңыз бен талқыларыңызға иланбаймын», – дедім. Ағамыздың абыройының арқасында содан соң жиналыс болған жоқ. Осы оқиғадан кейін қабырға газетін жыртып алып тастапты-мыс. Бұл мәселенің мән-жайы осындай.

– Әңгімеңізге неге сонша шүйлікті екен?

– Жалпы, адамдардың санасындағы 1937 жылдардағы дауыл, үрей әлі тына қоймаған заман болатын. Секемшілдік, бір-бірін ұстап беру, сатып кету, итжеккенге айдап жіберу іспетті сипаттар сол кезеңнен қалған базбір адамдардың бойынан табылатын. Мінеки, солардың бір әңгімеге бола ұйымдастырып жүргені.

– Студент кездің өзінде халқымыздың басынан кешкен зұлмат жылдар туралы ой түйіп, қасіретті жылдар жайлы қалам тербеуді мақсат еткен секілдісіз. Баршаға мәлім «Ақ боз үй» романын жазуды қай кезден бастап қолға алдыңыз?

– Менің әңгімелерім мектеп қабырғасында жүргенде-ақ республикалық газеттерде жарияланатын. Біз Голощекиннің кезінде тарыдай шашылып кеткен қазақтардың қатардағы ауылында өстік. Жұртымыз үстірт асып, әр жерге көшіп, ашаршылыққа ұрынды. Қайтерін білмей, ары қарай Ауғанстанға немесе Иранға өтейін деп тұрған жерінде шекара жабылып, Түрікменстанда тұрақтап қалды. Міне, шырағым, біз сол елдің ұрпағымыз. Сол жақта өмірге келіп, өсіп-өндік. Сөйтсем, өз ауылымның тағдыр-талайы бүкіл халықтың тарихы, күллі қазақтың бастан кешкен зұлматы екен. Өкінішке қарай, тарихты оқытып отырған оқулықтарымызда ол оқиғалар туралы жазылмай, мектептерде, университеттерде ол жайлы айтылмады. Бұған біз қайран қалып, бұл өтірікті сол кездегі өкіметтің саясаты жасап отырғанын білген соң, жалғандықтың бетпердесін сыпырайын деген оймен роман жазуды ойластырдым.

Романның схемасын, кейіпкерлерін, концепциясын, тілін қағазға түсіре бастадым. Жоспарын солайша құрып шықтым. Бірақ көп ұзамай, университетті бітіретін кезде бір нәрсені түсіндім. Сол бір күрделі заманды қағазға көркемдеп жеткізу оңай емес екен. Бұл студенттің қолынан келмейтінін, оның қанжығасына қыстыра алмайтын ауыр шоқпар екенін ұқтым. Сондықтан оны кейінге қалдырдым. Мінеки, бүгінде біз сол жоспарды, яғни Кеңес өкіметінің қазақ халқына жасаған қылмысын ашу жолындағы күресті әлі тоқтатқан жоқпыз. Кейін ойға алған ісім орындалып, 1985 жылы «Ақ боз үй» романын жазып шықтым. Онда XX ғасырдың 20-жылдарының аяғы, 30-жылдардың бас кезіндегі халық басынан кешкен ауыр ахуал, жаппай аштыққа ұшыраған кезең қамтылды. Ол заманда жазылмайтын, жазуға болмайтын тақырыпты біз жаздық. Әрине, ол кезде жарияланбады, басылмады. Тек Кеңес өкіметі құлағаннан кейін ғана жарық көрді. Міне, содан бері сол тақырыпты әлі көтеріп келеміз.

– Осы тақырыпты тағы басқа қандай қырынан ашып жатырсыздар?

– Қазіргі таңда мен Маңғыстауда жүрмін.

«Ақ боз үй» романының желісі бойынша кино түсірілімін қолға алғанбыз. Мемлекет басшысы осы жобаға қолдау көрсетіп, фильмді түсірудеміз. Құдай қаласа, таяуда Алматыға қайтамыз. Ол жақта да түсірілім жалғасын табады. Айтпағым, сол кезең қазақ халқына жасалған тарихтағы ең ауыр қылмыс. Сол қылмыстың бетпердесін ашу жолында кітап шығарып, кино түсіріп жатырмыз. Осының бәрі тәуелсіздігіміздің арқасында мүмкін болды. Кеңес Одағы құламаса, енді біздің орнымыз Теміртаудың ар жағында қалып, кітап та шықпай, кино да түсірілмей қалатын ба еді... Сондықтан тәуелсіздікке басымызды иіп, тәу етеміз. Мінеки, биыл 30 жылдықтың аясында 1921 жылғы ашаршылыққа – 100, 1931 жылғы ашаршылыққа 90 жыл толып отыр. Соның құрметіне осы киножобаға сценарист ретінде қатысып жатырмын. Оны түсіріп жатқан – ұлым Бекарыс Елубаев.

– Көзіқарақты көрермен осы бір жаңалықты естіп, сүйікті романы көгілдір экраннан қашан көрсетіледі деп тағатсыздана күтіп жүргені анық. Кино жобасын қолға алу идеясы қашан келді?

– Шынтуайтына келгенде, бізді осы сұрақ көптен бері толғандырып келіп еді. Кино өнерінің өзіндік бір заңдылықтары болғанындай, әдебиеттің де өзіне тән заңдылықтары бар. Егер кілтін таппаса, кез келген әдеби шығарма экранда өзінің болмысын сақтап шыға алмайды. Сол себепті «Ақ боз үйді» экрандауға дайындығым отыз жылға созылды деуге болады. Отыз жыл бойы көрерменге қалай жеткізсем екен деп толғанумен жүрдім. Тіптен кейбір режиссер бауыр-ағаларым: «Театрға осы романның желісі бойынша спектакль жазып берші», – деген кезде амалсыз бас тартқанмын. Өйткені кілтін таппастан, сырын білместен, әйтеуір, тек шықса болды екен деп жаза салсам, ертеңгі күні көрермен көңілінен шықпай, бір-екі жылда сахнадан түсіп қалатын дүние болады. Сол себепті әр нәрсенің бір кілті, бабы табылуы керек. Сол кілтті мен осыдан екі жыл бұрын таптым, ол – романның түгел материалы емес, тек қана соңғы бөлімі, ашаршылыққа ұрындыратын «Ғарасат майданы» деген тарауы ғана.

Сол тарауды экрандауды құба-құп көрдім. Неге десеңіз, соңғы тарауы арқылы 1932 жылдары өткен сұмдық алапат, зұлматтың бет-бейнесін аша аламыз деген тұжырымға келдік. Сол бағытта сценарий де жазылды. Құдай қаласа, түсірілім санаулы күнде аяқталып қалады. Халықтың назарына жаңа жылдан кейін ұсынылады деген ойдамын. Ал енді одан бөлек, өзге де жоба-жоспарларымыз толып жатыр.

– Қазіргі таңда білім алып жатқан студенттерге, университет ұжымына айтар тілегіңіз болса...

– Оқу бітіруші жастарға айтар жалғыз кеңесім – қарашаңырағымызды қадірлеп, ең болмағанда мерейтойларда бас қосып тұрса екен деймін. Бүгінде ақсақал, кейуана болып қалған түлектерді, мына дүниеде жоқ ұстаздарымызды ұмытпаса, еңбегі сіңген сол жандардың аттарын атап, әрдайым еске алып отырса екен. Университетіміз ардагер түлектерге көңіл бөліп, назар аударып жатыр. Оқу бітіргенімізге 50 жыл толуына байланысты конференция ұйымдастырған азаматтарға және университеттің ректорынан бастап, барлық ұжымға алғысым зор.

Сұхбаттасқан
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
26.06.2021



Сәт ТОҚПАҚБАЕВ,
генерал-полковник:

Мен үшін білімнің бастауы ҚазҰУ болды

Генерал-полковник, еліміз тәуелсіздік алған жылдары ҚР ҰҚК төрағасы, ҚР Президенті Күзет қызметінің бастығы, Республикалық гвардияның қолбасшысы, қорғаныс министрі қызметтерін атқарған білікті маман Сәт Бесімбайұлы Тоқпақбаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Білім ордасының заң факультетін 1963 жылы заңгер мамандығы бойынша үздік тамамдаған.

– Бала күнімнен неше түрлі детектив кітаптарды оқып, кино көріп, барлаушы болуды армандадым. Баламын ғой, бір кісілер «барлаушы болғың келсе Тау-кен институтына бар» деп кеңес берді. Олар геологиялық барлау жұмыстарына қызығады екен деп ойлапты. Менің көздегенім бұл оқу орны емес екенін сонда барғанда бір-ақ білдім. География,

тау-кен факультетіне құжат тапсырғанмен, түсу емтиханының бірінен төмен баға алып, конкурстан өте алмадым. Сосын екі жыл ауылға барып жұмыс істеуге бел байладым. Ол кезде екі жыл еңбек өтілі бар жастарға оқуға түсуде жеңілдік қарастырылған болатын. Бір жыл ұжымшарда, келесі жылы Алматы облысының Боралдай елді мекеніндегі кірпіш зауытында қара жұмысшы болып еңбек еттім. Сосын С.Киров атындағы ҚазМУ-дың заң факультетіне құжат тапсырдым. Бұл факультетке оқуға тапсыратын талапкерлер көп екен. Конкурс өте жоғары болды. Екі жылда емтихан тапсыратын кітаптарды жаттап алдым деуге болады. Барлық сабақты беске тапсырып, оқуға түстім, – дейді Сәт аға.

Сол жылдары заң факультетінің деканы Ваксберг Матвей Кузьмич еді. Өте білімді кісі болатын. Нағыз ғылымға берілген жан еді. Ал деканның орынбасары Сабицкий Станислав Николаевич жатақхана, басқа да мәселелердің бәрін шешетін. Студент Сәт азаматтық құқық сабағын жақсы көрді. Ұстазы, профессор, кафедра меңгерушісі Басин Юрий Григорьевич өте білімді, өз ісінің нағыз маманы болатын. Азаматтық құқық сабағында компаниялар арасындағы даулы мәселелерді қалай шешу керектігін үйретететін.

– Студентпіз, тұрмыс ауыр кез. Әке-шешем қарт кісілер. Никольск базарының қасында жатақханада тұрамыз. Аздап болса да, тиын-тебен табу үшін жатақханада қазандыққа от жағушы болдым. Таңертең сағат 7-лерде босаймын да, «күйе-күйе түрімді қыздар көріп қоймасын» деп жүгіріп жатақханаға келіп, тез-тез жуынып-шайынуға тырысатынмын. Алматы базаларында жүк түсіруші болған кездер де бастан өтті. Ақшамды үнемдеу үшін таңертең тамақ ішпеймін. Түске қарай Никольск базарынан 4 тиыннан 4-5 пирожки алып жейтінім есімде. Жатақханада төрт жігіт бірге тұрдық. Хрущевтің заманында нан тегін берілетін. Төртеуіміз асханаға бірге барамыз да, нан алып жатқанымызды қыздар көріп қоймасын деп, екеуміз қарауылдап тұрып, қалған екеуміз нан алып шығатынбыз. Соны бөлмеге әкеліп жейтінбіз. Студенттік шақ, жастық кезіміз бір демде өте шықты. Студенттік уақыт қандай қызық әрі тамаша. Уайым-қайғысыз алаңсыз шақ. Жапсарбай Әлімжанов деген досым болды. Темірхан Сәтбаев деген жігіт те болды. Сабақты өте жақсы оқыды. Бірге оқитын Күлпан деген қызбен дос болатын. Сол кездері Жоғарғы соттың төрағасы болған Күнтуар Сүлейменовтің Майдан деген баласымен бірге оқыдық. Курстастарымыздың көбі өзге ұлттың өкілдері және қалалықтар болатын. Студент шақтан жақын араласқан достарымыз болды, өкінішке қарай, қазір қатарымыз сиреп келеді. 1963 жылы жиырма шақты курстас-достар Түрген жаққа көлге барғанбыз. Түстен кейін «сендер кетіңдер, тау жақтан сел жүруі мүмкін» деді. Расында да, сол күні түстен кейін сел жүріп, елді мекендерді су шайып, кісі өлімі тіркеліп, сондай бір қиын кез болды, – дейді Сәт аға студенттік шағын еске алып.

Оның «барлаушы болсам» деген арманы студент кезде де әсте естен шыққан жоқ. Осы бір асыл арманына жету үшін қажет болады деп, өз бетінше ағылшын тілін үйрене бастады.

– Үшінші курста оқып жүргенде ІІМ, МҚК (КГБ), прокуратурадан арнайы өкілдер келіп, «сабақты жақсы оқысаңдар, бізге жұмысқа келесіңдер» деп үгіттей бастады. Біз өзара оларды «покупательдер» дейтінбіз. Маған «комсомол ұйымында, қоғамдық жұмыстарда белсенді болсаң МҚК-ға аламыз, сонда барсаң ғана барлаушы боласың» деді. Мен өзімді барынша жақсы қырымнан көрсетуге тырыстым. Университетті бітіретін жылы Алматы қаласындағы Совет ауданының прокуратурасына үш ай практикадан өтуге жіберді. Әр студентті әр тергеушіге бөліп берді. Мен де аға тергеушіге көмекші болдым. Он шақты күн істеген соң, мені ауданның прокуроры Өтеген Сейітов өзіне шақырып, сөйлесті. Маған бекітілген тергеуші мақтаса керек, прокурор бар жағдайымды сұрап білді. «Сен сабақтан бос кездеріңде бізге келіп жұмыс істе, кадр тапшы болып жатыр. Еңбегіңе қарай жалақы беремін. Сосын университетті бітіргенде сынақ мерзімін өтемейсің. Басшылармен өзім келісемін», – деді. Менің жұмысқа тұрғанымды естіп қуанған әкем «балам прокурор болды» деп, бір тоқтысын сойып, ауыл-аймақ, көрші-қолаңға ас берді, – дейді ол.

Біршама уақыт қана жұмыс істесе де, бұл жер оның қалыптасуына, ысылуына, тәжірибе жинақтауына үлкен көмегін тигізді. Тергеуші ретінде елден сұрау алып, оны жазуды үйренудің өзі үлкен мектеп. Бәрі орыс тілінде жазылады. Жазғандары сотта қаралып, сол арқылы адамның тағдыры шешіледі. Қаржы жағынан да кәдімгідей қолдау болды.

– Практикадан өткенде прокурор Өтеген Сейітов маған жақсы бағыт берді. Қазіргі студент жастарға айтарым, мамандығына байланысты практикадан қашпау керек. Сабақ пен практиканы ұштастырып, ұстаздардан көбірек үйреніп қалуға тырысу керек. Жас кезімізде біз де шетелге барсақ деп талпындық. Қызмет бабымен көбіне сырт мемлекеттерде жүрдім. Бір кездері университетпен байланыс үзіліп қалды. Дегенмен өзім білім алған альма-матердің жетістіктеріне үнемі тілектес болып отырамын. ҚазҰУ-дың беделі қашанда жоғары болды. Қазір де мәртебесі биік. Осындай оқу орнында білім алғанымды мақтан тұтамын. Университетті үздік тамамдадым. Өйткені өзім таңдаған жолда қызмет ету үшін сабағым өте жақсы болуға тиіс еді. Қазіргі жастардың әрқайсысының өз мақсаты бар. Мақсаттары орындалуы үшін ең алдымен дұрыс білім алу керек. Қазір бәрін білім шешеді. Үлкен қызметтерді атқарып, елге қызмет ету үшін күні-түні оқыдық, іздендік. Сол талпынысымыз зая кеткен жоқ. Айналайын жастар, бәрі өз қолдарыңда. Тәртіп дұрыс болып, оқуды жақсы оқыңдар. Елді көтеретін, мемлекетті дамытатын – білімді жастар. Білімі жоғары жан кез келген адаммен жоғары деңгейде әңгіме жүргізе алады. Тіл білу керек. Жас уақытта өздеріңді биік белестерді бағындыруға бағыттауға дайындаңдар. Мен үшін білімнің бастауы ҚазҰУ болды, – дейді Сәт аға.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

30.04.2022



Дулат ИСАБЕКОВ,
ҚР Мемлекеттік
сыйлығының иегері:

Төртінші курстан танымал болдым

Жазушы, драматург Дулат Исабеков 1966 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Болашақ жазушы университет қабырғасында жүргенде-ақ шығармашылыққа бет бұрды. Қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар қаламгердің шығармалары әлемнің бірқатар тілдеріне аударылды. Драматургияда да өзінің сара жолын айқындай алды.

– Студент кезімде жақсы оқыдым дей алмаймын. Диплом қорғағанда академик Зейнолла Қабдолов ағай: «Әй, Дулат, сен менен үш алған екенсің ғой. Қалай үш алып жүрсің?» – деп таңғалғаны бар. Жастық шақта кеде босаңситын кездер болады. Босаңсыған шығармыз, дайындығымыз аздау болып, билеттегі сұрақты білмей қалған болармыз, дегенмен дипломды беске қорғадым. Бірінші курстан бастап, тіпті ауылда жүріп шығармашылық жағына көңілімді көбірек бұрдым-ау деймін. «Жолда» деген тұңғыш әңгімем екінші

курста оқып жүргенде «Замандастар» жинағына енді. «Қазақстан жазушыларының әңгімелері» деген үлкен кітап болды. Әңгімем осы жинаққа енгеннен кейін жолым ашылды. Төртінші курста «Шойынқұлақ» деген әңгіме жазып, ол «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің үш нөміріне қатар басылды. Ол заманда үш нөмірге қатар әңгімесі басылу аспаннан комета түсті дегенмен бірдей болатын. Өйткені газеттің өзі санаулы еді. Жастар шығармашылығын насихаттайтын бір-ақ газет болды. Ол осы – «Лениншіл жас». Таралымы – 1 миллион. «Лениншіл жасқа» бір рет шыққан ақын-жазушының аты белгілі болатын. Үш нөміріне қатар шыққан соң, танымал болып шыға келдім. Тіпті өзім студент болсам да, КазГУ-де кездесулерге шақыра бастады. Бесінші курста «Бекет» деген кітабым шықты, – дейді Дулат аға.

Ол бесінші курста Мұхтар Әуезов атындағы әдеби үйірменің жетекшісі болды. Сол жылдары Жайсаңбек Молдағалиев, Қалихан Ысқақов, Рамазан Тоқтаров, Есенжол Домбаев, Асқар Сүлейменов сынды жас жазушылар шықты. Кейінгі толқын соларға еліктеп, солардың қасында жүргеніне, дос болғанына мәз болды. Сол кезден қалыптасқан, өзіндік жолын айқындаған жазушылармен дос болып, солардың ортасында жүру шығармашылық жағынан өсірді. Студент Дулат, расында да, көп оқып, көп ізденді. Ги де Мопассанды да сол кезде оқыған, бірақ оқымаған жігіттер бес алып кетті де, оқыған бұл үш алды. Әңгімені жақсы айтатындар болады ғой. Оған өкінген жоқ. КазГУ-дің атақты студенті болып оқуды бітірді.

– Тас жауып тұрса да, дәрісін жібермейтін ұстаздарым – Зейнолла Қабдолов, Темірғали Нұртазин және Светлана Михайловна Сагалович. З.Қабдолов әдебиеттің нөмірі бірінші теоретигі болды. Сабағы өте салмақты өтетін. Өмірде көргенімен түйістіріп айтатын. Тырс еткен дыбысты көтере алмайтын. Ренжімейтін, бірақ «Әй, сендер тыңдамай отырсыңдар ма? Онда сыртқа шығып кішкене бой сергітіп қайтыңдар» дейтін. Соның өзі бізге түсінікті болатын. Темірғали Нұртазин репрессияға түскен адам. Ортаға келіп орындықты қойып отыратын да, сабақты қызық, ерекше бастайтын. Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің лирикалық шығармалары туралы болса, Сәкен өмірінің қызықты сәттерінен біраз әңгіме айтатын. Светлана Сагалович антикалық әдебиеттен сабақ берді. Өзі көрікті, әңгімені майын тамызып айтатын адам. Ұстазымыздың арқасында антикалық әдебиеттен жақсы білім алдық. Айтқан дәрісін ұйып тыңдап, ертеңіне өзіне айтып бергенімде таңғалатын. Н.Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдертеатрында спектаклім қойылғанда Светлана Михайловна театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі екен. Мені ұмытпапты. «Бүгін менің студентімнің спектаклі қойылып жатыр. Мен онымен мақтанамын» деп өзгелерге таныстырғаны бар, – дейді Дулат аға ұстаздарын еске алып.

Жазушы мектеп жасынан, одан студент кезде өз әдебиетімізге біршама қанықты.

Ауылда өскен бала үшін батыстың темір шымылдығы жабық болды. Бірінші курстан кейін қараса, әдебиеттің бүкіл құндылықтары батыста жатыр екен. Содан қатарластарымен бірге жаппай кітап оқуға кірісті. Соларды оқыған соң, шығарма жазуға деген көзқарасы да өзгерді.

– Мен осы студент кезімде қыздар әлеміне назар аудармаппын. Жатақханада сегіз бала жатамыз. Ол кезде бір жақсысы – оқыған кітаптарымызды бір-бірімізге айтып, талқылайтынбыз. Әркім өз пікірін айтып, қырғын талас болатын. Осы таластың өзі өсіреді. Ақселеу Сейдімбекпен қатар оқыдық, екеуміз жатақханада үстелді ортаға қойып алып, қара терге түсіп теннис ойнайтынбыз. Алматыда бірге оқығандардан Сауық Жақанова мен Темір Тасболатовтар бар. Төлен Әбдіков бір курс жоғары оқыды. Бексұлтан сырттай оқыды, бірақ студенттік шақтан араласамыз. Елу бала оқыдық. Елу баланың елу түрлі мінезі бар. Солардың көбі – шығармаларымның кейіпкері. Қатарластарымыз Төлен Әбдіков, Бексұлтан Нұржекеев, Қадірбек Сегізбаевтар сексенге келіп қалды.

Біздің алдымыздағы ағаларымыздан сексенге келген Ғабиден Мұстафин мен Ғабит Мүсірепов болды. Әбдіжәміл Нұрпейісов ұзақ жасаудан өз алдына рекорд. Заманның жақсылығы ма екен, біз сексенге оңай келген сияқтымыз. Біздің алдымыздағы толқынның көрмегені жоқ. Ашаршылықты, соғысты, небір зұлмат заманды бастан кешірді. Сондай топалаң, ашаршылық, қырғын, айтыс-тартыс, «халық жауы» деп бүгін алып кетуі мүмкін, алай-бұлай заманға қарамастан, Ғабит Мүсірепов ақсүйектікті сақтап қалған. Киім киісі, сөйлеу мәнеріне қызығатынбыз. Үстіндегі плащы сары болса, міндетті түрде сары қолғап, сары туфли киетін. Шалбарының қыры кетпейтін. Бәтіңкесі жалтырап тұратын. Бірде Ғабиден Мұстафиннің «Әй, ар жағыңдағы адам кетіп қалды-ау деймін, Ғабиттің бәтіңкесі арқылы оның суретін көріп отыр едім» деп әзілдегені бар, – дейді ол.

Дулат аға жазушы ретінде де, драматург ретінде де қашанда сұраныста. Сол себепті шығармашылығына, оның жарық көруіне өкпесі жоқ. Шетелдің он театрында пьесалары қойылды. Лондонда екі, Санкт-Петербургте үш спектаклі жүріп жатыр. Өзге республикаларды, өзіміздің театрларды есептеп жатпай-ақ қояйық, Австралияның Мельбурн қаласында спектаклі қойылуда. Мельбурн қай қазақтың спектаклін қойып еді? Кейде әкімшіліктегілер селқос тыңдағанда «Сонау Мельбурнның театры қазақ пьесасын қойып жатқанда сендер қалай селт етпейсіңдер? Мельбурнға облыстық театрдың премьерасындай қарайсыңдар. Ол – Мельбурн! Онда қазақ пьесасы бірінші рет қойылып отыр» деп айтатыны бар. Мельбурн театры драматургтің екінші пьесасын қоюға дайындалып жатыр. 10-16 желтоқсанда онда үлкен премьера болмақ. «Бөрте» спектаклінің атын өзгертіп, «Бөрте – әлемнің патшайымы» деген атпен қойғалы отыр.

– Біз үшін өзіміз білім алған, әдебиетке ден қойған қара шаңырақ ҚазҰУ-дың жөні бөлек. Бұрын кездесулерге жиі шақырып тұрушы

еді. Студенттермен кездескенде әдебиетке өте құмар қыз-жігіттерді көретінмін. Солардың көбі бүгінде журналистикада, әдебиетте өз орнын тапты. Проза, поэзияда өз қолтаңбалары бар. Кейінгі жылдары Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында студенттерге сабақ беремін. Сонда студенттерге оқыған дәрісімнің негізінде «Театр және кино әлемі» деген оқулық жаздым. Қанша дегенмен 28 пьесаның авторымын. Қатып қалған терминдердің көбін қайта жасадым. Өйткені біздегі оқулықтардың көбі аударма. Балалар білу үшін театр тарихынан көне Грекиядан бастап, шағын-шағын етіп жазып шықтым.

Жалпы, театр туралы көп мағлұматты осы оқулықтан білуге болады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, әрқашан да ерінбей еңбек ету керек. Мен студенттерімді солай тәрбиелеп жатырмын. Ұстазым Темірғали Нұртазин «Әй, сендер осы кейде бос жүретін сияқтысыңдар. Кітап оқуға да жалқауланып, ұйықтап жатады екенсіңдер. Ешқандай жұмыстарың жоқ болса, қалталарыңдағы орамалды жыртып, соны қайтадан қиюын келістіріп тігіңдер» дейтін. Бұл жұмыссыз отырмаңдар дегені ғой. Жастарға айтарым – қазіргі заман инсентивті заман. Бір күнің жоғалса, бір жылың жоғалғандай болады. Көктемде дер кезінде егіс еге алмай қалған адам аш қалады. Сол үшін әрбір күнді бағалаңдар. Қыруар еңбек жазған, ауруға шалдығып, алпыс жасында қайтыс болған Ф.Достоевский өлерінің алдында «Құдай, маған алты күн өмір бер, жазған шығармаларымның барлығын бір қарап өтейін» деп тілеген екен. Уақытты бағалау деген – міне, осы.

Біз де біраз уақытымызды босқа жіберіппіз. Барға көбірек барыппыз. Қыдырыппыз. Әнеукүні Төлен (Әбдіков) досымның тойында «Әй, Төке, қарап тұрсақ, сол заманда ең көп оқыған, ең көп қыдырған, ең көп жазған біз екенбіз. Қалай уақыт таптық, ә?» дедім. Ол кезде қонақта отырғанда «жазып жатқан шығармам күтіп қалды» деп үйге асығушы едік. Шығарма деген – қазанда қайнап тұрған ыстық ас сияқты. Ыстық асты сол кезде жеу керек, суый бастағанда дәмі өзгереді. Шығармашылық та солай. «Ертең жазам, бүрсігүні жазам» дегенде идеяң суып қалады. Араға басқа идеялар кіріп кетеді. Идея келген бетте шап беріп ұстап алып, не болса да, бітіріп шығу керек. Өзім барынша солай етуге тырыстым.

Аристофанның «Талант аспаннан келеді» дейтіні бар. Аспаннан келіп жатса жақсы, бірақ «аспаннан келеді екен» деп сеніп отыра беруге болмайды. Оған еңбек, оқу-білім қосылу керек. Біздің жазушыларымыздың басым бөлігі көп кітап оқымаған. Әсіресе драматургтер. Драматургияның теориясын, ұңғыл-шұңғылын білмейді. Бір шай ішкенін үш-төрт бетке жазады. Шетел оны қайтеді? Оқымайды. Ықшамдық керек, әсіресе драматургияда. Прозада бір сөз артық, бір сөз кем бола беруі мүмкін. Ал драматургияда оны кешірмейді. Өйткені 800 беттік «Анна Каренина» романын сен 70 бетке түсіруің керек. Студенттерден «Жазушылықтың, әсіресе драматургияның қиындығы неде?» деп сұраймын. Біреулері жазуды айтады. Оның

бәрі шығармашылық процесс. Оның қиындығын екінің бірі біледі. Драматургтің лексиконында «білмеймін» деген сөз болмауы керек. Сендер отыз жастан кейін әлемнің бүкіл оқиғасынан хабардар болып отыруларың керек. Сендерге «саясатпен айналысыңдар, саясаттанушы болыңдар» деп жатқан жоқпын. Әлемде саяси бағыт қалай болып жатқанынан хабарларың болу керек. Д.Менделеев химияда, Н.Лобачевский математикада қандай жаңалық ашты, міне, осы сияқты басты жаңалықтарды білу керек. Әлемдік музыкадан құлағдар болған жөн. Жазушылардан өзгеріс енгізген реформаторлар – неміс жазушысы Бертольт Брехт, американдық драматург Артур Миллер сияқты басты-бастыларын білуге тиіссің. Классикалық музыканы біліп, балеттен хабарларың болу керек. Соның бәрін білгенде шығармашылығыңның зияткерлік деңгейі жоғары болады. Мысалы, Мұхтар Әуезов Ленинград университетінде Фадеев, Савельевтермен оқыды. Ал Сәбит Мұқанов рабфакты бітірді. Екеуінің шығармашылығын салыстырып қарағанда деңгейі аспан мен жердей. Әуезовтің барлық шығармасы әлемдік деңгейде. Сәбең көрген-білгенін баяндап кете береді. Әуезов Фадеевпен, Савельевпен «сен» деп сөйлескен адам. Өйткені деңгейі бірдей. Білімнің қаншалықты керек екенін осыдан-ақ аңғаруға болады, – дейді ол.

Дулат аға көрген-түйгенін студенттерге айтудан жалыққан емес. Түрлі мысалдар келтіріп, ұлы тұлғалардың жақсы қасиетін үлгі тұтады.

– Пьеса жазуға талаптанғандар «Мен Әуезов, Мүсірепов немесе Чехов емеспін ғой» деген жаман ойды мүлдем санадан шығарып тастау керек. Олай ойлайтын болсаңдар, жазу үстеліне отырмаңдар. «Мен олардан кем емеспін» деген ой болу керек, сол ой сені биікке қарай жетелейді. Ол үшін көп біліп, көп оқу қажет. Өз ойыңды, характеріңді, жағдайыңды олармен салыстыру керек. Адамның өзіне-өзі сын көзбен қарай білгені жөн. Қазақта «Іштен шыққан шұбар жылан» деген сөз бар. Оны тоқтатыңдар. Балаларына қарап «жаман да болса іштен шыққан шұбар жылан ғой» деп айта салған сөз ғой. Бұл – шығарма! Ол ең алдымен өзіңді қанағаттандырмаса, басқа жұртты қалай қанағаттандырады?! – дейді жазушы.

Сексенге қарай қадам басқан жазушы әлі де қауырт жұмыс үстінде. Алға қойған мақсат та, орындасам деген жоспар да көп. Соған қарамастан, «Qazaq universiteti» газетіне сұхбат берген Дулат ағаға ұзақ өмір тілейміз!

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

8.10.2022



Нұржан ЖАЛАУҚЫЗЫ,
медиа менеджер:

Еңбек жолым «Qazaq universiteti» газетінде басталған

Медиа менеджер, «31 арна», «Қазақстан» РТРК» АҚ, «Алматы» арналарын абыроймен басқарған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жалауқызы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітірген.

– Менің журналист болсам деген арманым 6-сыныптан басталды. Ауылда өстік. Қабырғада ілініп тұратын кішкентай радиодан мектеп оқушыларына арналған бағдарламаларды көп тыңдайтынбыз. Мектептегі жаңалықтарды «Өрендер» радиоклубына жазып жіберетінмін. Сосын Панфилов аудандық «Жаңалық жаршысы» газетіне мақала жаза бастадым.

Тұңғыш «Менің замандасым» деген мақалам Қазақ радиосының «Өрендер» радиоклубынан оқылды. Кейін сол мақаламның кеңейтілген нұсқасы «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланды. Ең алғашқы қаламақымды 7-8 сыныптарда оқып жүрген кезде алдым. Мақалаларым радиодан оқылып, газетке шыққаннан кейін кәдімгідей қанат бітіп, құлшына түстім. «Қазақстан пионері» газетіне де мақала жазып тұрдым. 1977 жылы журналистика факультетіне оқуға түсуге талаптанғанда осы мақалаларды шығармашылық байқауға тапсырдым, – дейді Нұржан Жалауқызы.

Бұл кездері журналистика факультетінің деканы сатирик, профессор Темірбек Қожакеев болды. Кураторлары – ұстаздық жолды жаңа бастаған, бүгінде профессор Намазалы Омашев. Курстастармен алғашқы таныстық Таулы қыратта алма жинау кезінде басталды. Бұрыннан радиодан естіп, газеттен оқып, сырттай бір-бірінің аты-жөніне қанық болған курстастармен аудиторияда жақыннан танысып, дос болды. Олардың бір-бірімен тез тіл табысып, жақын дос болып кетуіне ұстаздары Намазалы ағай үлкен ықпал етті.

– Ауылшаруашылық жұмысына барғанымызда күндіз алма тереміз. Кешке бәріміз жиналғанда Намазалы ағай «Кімнің қандай ойы бар, кімнің қандай арманы бар, кімнің қандай өнері бар?» деп ортақ сұрақ тастап, әрқайсымыздың пікірімізді білетін. Сол пікір алмасу арқылы бір-бірімізбен жақындастыра түсті. Ағайымыз бізге бес жыл бойы куратор болды. Адам болып, маман болып, азамат болып қалыптасуымызда ұстаздарымыздың еңбегі зор. Деканымыз, темірдей тәртіпті ұстанған ұлағатты ұстазымыз Темірбек Қожакеев өте талапшыл болды. Бізді тәртіпке, жауапкершілікке үйретті. «Журналистикаға кіріспе» пәнінен сабақ берген профессор Тауман Амандосов ағайымыздың ақ дидарлы жүзі, сөз сөйлеу мәнері, ішкі мәдениеті, салмақты ойы, пәнге деген құштарлығымызды оятудағы талапшылдығы, кей нәрсені қыз демей, ұл демей, бетке айтып, мамандыққа жайдан-жай емес, шыңдалып келуге деген талабы бізге үлкен әсер етті. Баспа ісі, дизайн, безендіру тақырыбында сабақ берген Әбілфайыз Ыдырысовтың әрбір айтқан сөзі әлі күнге дейін құлағымызда жаңғырады. Журналистика факультеті осы саланы үйретіп қана қойған жоқ, сондай-ақ фундаменталдық білім өте жоғары деңгейде берілді. Қазақ тілі мен әдебиеті, шешендік өнер, халық ауыз әдебиеті, шетел әдебиетін терең оқыдық, – дейді Нұржан апай.

Кішкентайынан алғыр қыз III курстан бастап лениндік стипендиат атанып, журналистика факультеті комсомол ұйымының жетекшісі болды. Кәсіподақ төрағасының орынбасары болып, сондай-ақ басқа да қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Қоғамдық жұмыс оның азамат ретінде қалыптасуына, адамдармен тіл табысып, жұмыс істеуіне үлкен септігін тигізді.

– Біздің факультет мықты шығармашылық орта болды. Ақын Аманхан Әлім, мықты публицист, қазақ журналистикасының көсемсөз шебері Қайнар Олжайлар бізден бірер курс жоғары оқыды. Курстастарым да

шетінен сен тұр, мен атайын болды. Шерағаң – Шерхан Мұртаза «қазақ жас жазушыларының ішіндегі классик деп айтуға әбден лайық» деп баға берген Нұрғали Ораздың сыр тұнған әңгімелері бүгінде оқырмандарын баурап алады. Қазіргі таңда оның шығармаларына түрік оқырмандары да қанық. Марқұм Қонысбек Ботпай жазушы әрі баспагер болды. Қоғам және мемлекет қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммед, тілдің құнарлылығын сақтай отырып аударма ісімен айналысқан, бүгінде осы саланың хас маманы болған Гүлнар Төлегенова, бір өзі бірнеше журнал шығарып, оқу ісі саласында педагогикалық ғылымның дамуына үлесін қосып келе жатқан Гүлжанат Құстанова, мықты ақын, тележурналист Қаршыға Есімсейітова, жиырма жылдай уақыттан бері Қызылорда облыстық «Қазақстан» телерадио корпорациясының филиалын басқарған Жағыпар Қарабала, филология ғылымының кандидаты, ұстаз Айгүл Хасенова, жазушы-журналист Заря Жұманова, «Ана тілі» газетін бірнеше жыл басқарған бас редактор әрі заңгер Самат Ибрагимов және тағы басқа да курстастарымыз біздің мақтанышымыз.

Студенттік шақтың қимас сағынатын сәттері, әрине, өте көп әрі ұмытылар ма? Мәселен, әлі күнге дейін курстасымыз, танымал журналист Қайролла Амановтың «Тұрақтылық! Сырласқанда ғашықтар жырақ шығып, Ескерсе ғой, шіркін-ай, осы ұғымды, Бір-біріне өлердей ұнап тұрып!» – деген өлең жолдарын әрқайсымыз жатқа айтамыз. Кезінде Қайрекең аудиторияға кіріп келе жатқанда бәріміз дауыстап осы өлең жолдарын оқи жөнелуші едік... Ұйымшылдығымыз да керемет еді. Оның бір көрінісі – университетті бітіргеннен кейін 20 жылдан соңғы кездесуіміз, «Абитуриент – 77. 20 жыл өткен соң» деген естелік-жинақ кітабымыздың жарыққа шығуы. Бұл – еліміздің түкпір-түкпіріне тарап кеткен достарымыздың сағынысып кездесуі қарсаңында жарыққа шыққан кітап. Ұстаздарымызбен бірге журналистика факультетінің аудиториясында өткен жылдар мен бүгінгі күндегі елдегі, ақпараттар айдынындағы жаңалықтарды ортаға салып, пікір алысулары білімнің қара шаңырағы – ұлттық университетіміздің құдіреті десем, артық айтқандық емес. Курстастармен осы күнге дейін хабарласып, хал сұрасып, араласып тұрамыз. Қуанышта да, қиын сәттерде де бір-бірімізді қолдап, бірге жүруге тырысамыз, – дейді Нұржан Жалауқызы.

Студенттік шақ журналистика факультетінің №5 жатақханасында ұйымдастырылатын жыр кештерінің көрігін қыздыратын ақындарымен де есте қалды. Маңғыстаулық Ғалым Әріп, қызылордалық Бақытжан Абыз, оңтүстіктік Гүлнар Шәмшиева оқыған жырлар жастардың жүрегінде сақтаулы. Бесінші курста журналистика факультетінің жаңа корпусында білім алды. Көпшілік «КазГУград» деп атайтын осынау қалашықта отырғызылған ағаштарда да олардың қолтаңбасы бар.

Кейіпкеріміз 1980 жылы Мәскеу олимпиадасы болғанда III курста оқитын. Сол жылы университет бастама көтеріп, Алматыда Кеңестер Одағы ЖОО студенттерінің «Сту-

дент көктемі» достық фестивалі бірінші рет өтті. Фестивальде Ресей, Украина, Балтық жағалауы елдерінің талантты студенттері өнер көрсетті. Ауқымды шара түрлі елден келген студенттердің бір-бірімен етене араласуына мұрындық болды. Сол фестиваль туралы басқа қатысушылармен бірге Қазақ телевизиясының «Құрдастар» деп аталатын бағдарламасына қонақ ретінде қатысып, айтып бергені де күні кеше секілді...

– Маған ҚазҰУ-дың оқу-әдістемелік бағдарламаларының дамығандығы және заманауи талаптарға сай өзгертіліп студенттерге, түлектерге барынша мүмкіндіктерді ұсынатыны ұнайды. Мәселен, осы университетті бітіре отырып, шетелдік екінші ЖОО-ның дипломын алып шығатынын айтуға болады. Бұл жастардың болашағы үшін таптырмас жаңалық деп білемін. Студенттерге халықаралық деңгейдегі стандарттарды сақтай отырып, тәжірибе алмасу мақсатында әлемдік білім беру тәжірибесін енгізу мақсатында шетелдік ұстаздардың университетке келіп білім беруі, ҚазҰУ ұстаздарының шетелге барып білімдерін шыңдап қайтуы өте жақсы үрдіс деп ойлаймын. Бұл ізденімпаз жастардың білім көкжиегінің кеңеюіне, олардың дүниетанымының ұлғаюына үлкен әсер ететіні сөзсіз, – дейді Нұржан апай.

Бір қызығы, бүгінде есімі елге танымал журналистің еңбек жолы «Qazaq universiteti» газетінде басталған.

– Университетте оқып жүргенде «Qazaq universiteti» газеті дәл қазіргідей студенттер арасында өте танымал болды. Ол кезде 11 факультет болатын. Әр факультеттегі жаңалықтарды газет арқылы біліп отыратынбыз. Газет тәжірибесіне сүйене отырып журналистика факультетінде радиоторабын ұйымдастырған едік. Жатақханада радиостудия аштық. Университет бітіргеннен кейін еңбек жолымды осы газеттен бастау бұйырды. Газетте 1982 жылдың шілдесінен 1983 жылдың шілдесіне дейін жұмыс істедім. Штат үлкен болған жоқ. Редакторымыз бізден үш курс жоғары оқыған Елгезек Әзбергенов болды. Ел-аға деп құрметтеп атайтын едік. «Qazaq universiteti» газеті университеттің жылнамасы, шежіресі іспетті ғой. Кейбір болған оқиғалар уақыт өте келе ұмытылып кетуі мүмкін, ал газет бетіне шыққан жаңалықтар тайға таңба басқандай тарихта қалады, – дейді Нұржан Жалауқызы. – Өзіміз білім нәрімен сусындаған қара шаңырағымыз – ҚазҰУ жаңалықтарымен, әсіресе ғылыми инновациялық жобалары жайлы хабардар болып жүруге тырысамын. Ауаның ластануына қарсы немесе online жиналыстар өткізуге арналған арнайы жобалары өміршең екені сөзсіз. Қазіргі заманның дерті – қант диабетімен күреске бағытталған қанттың табиғи алмастырушысы – стевияны жаппай көбейту биотехнологиясын әзірлеуге арналған ғылыми жобаны біреу білсе, біреу білмес. Қуанатыным, осындай ғылыми жаңалықтармен айналысатын университет студенттерінің қатары жылдан-жылға арта түсуі. Бұл жастардың ізденісінен, ғылымға деген қызығушылығынан десем болады. Қазір мүмкіндік өте көп. Жастар еңбек етуден, ізденуден

шаршамау керек. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда идеология, тәрбие саласында жақсы дүниелеріміз болды. Мысалы, ұлтымыздың ұлт болып қалыптасудағы атқарған іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, ұлттық құндылықтарымызды әспеттейтін іс-шаралар өте көп болды. Өкінішке қарай, кемшіліктеріміз де жоқ емес. Бірақ соған қарамастан, қазір әділдікті ту етсең, әрдайым дұрыс нәтижеге қол жеткізуге болады. Соңғы жиырма жылда «31 арнаны», «Qazaqstan» ұлттық арнасын, «Алматы» арнасын басқардым. Сол кезде өзің мән бермеген кейбір жайттарға кейін әріптестерің ризашылығын білдіріп жатса, қуанып қаласың. «Алматы» арнасының жүргізушісі, журналист Қайрат Айдаш бірде: «Нұржан апай, сізге 5 минутқа жолығайын деп едім», – деп келіп, бір шоқ гүлі, естелікке қаламсабы бар, «Апай, қаламыңыз мұқалмасын, сізге алғыс айтайын деп едім. Алматыдан Астанаға қызмет ауыстырып жатырмын. Кезінде корпорацияда таңертеңгі бағдарламада жүргенде жаңалықтар бағдарламасына ауыстырып едіңіз, кейін «Алматы» арнасына шақырдыңыз. Мен осы жерде тәжірибе жинап, қалыптастым. Енді «Хабар-24» арнасына ауысып бара жатырмын. Ешқандай таныссыз, қолдау көрсетіп, жолымды ашып бердіңіз», – деп рақметін айтып жатыр. Шәкіртімнің ризашылығы менің көңілімді өсірді. Дәл осындай жүрек толқытарлық алғысқа толы пікірлерді шәкірттерімнен жиі естимін. Бұл мен үшін үлкен абырой, үлкен мақтаныш.

Тәжірибелі маман Нұржан Мұхамеджановаңы қазір шеберлік сабақтарын өткізуге, журналистермен, жастармен кездесуге жиі шақырады. Мұндай басқосулардан ешқашан бас тартқан емес. Өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, жастарға бағыт-бағдар беруді үлкен жауапкершілік санайды. Нұржан апайдың ұстанған принципі – өмірде шаршамай, әр нәрседен де позитив іздеу.


Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

30.12.2023





Қазақстан үкіметінің жоғары оқу орындарының алдына қойған басты міндеттердің бірі – ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту. Бұл бағытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары инновациялық жаңалықтар ашып, жүздеген патенттерге ие болды. «Qazaq universiteti» газетінде «Инновация» айдарымен берілген төмендегі мақалалардан университет ғалымдарының ашқын ғылыми жаңалықтарымен таныс боласыздар.



ҚазҰҰ-дың Жерді қашықтықтан зондтау орталығы

ТИІСТІ ҚҰРЫЛЫМДАР МЕН ӨҢІР БАСШЫЛАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ ДАЙЫН

«Жеті түрлі ілім біл» деген бабаларымыздың өсиеті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаңашыл жас ғалымдары үшін кәсіби ұстаным іспеттес. Ғарыштық технологиялардың тілін игерген мамандарымыз ел экономикасының әлеуетін арттыруға септігін тигізер жаңа жобаларды дүниеге әкелді. Мәселен, оқу ордасындағы Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) орталығы 2018 жылдан бері геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) және ғарыштық суреттер негізінде әртүрлі салаларға арналған геөөнімдер дайындауда.

Геоақпараттық өнімдер деп – жерді қашықтықтан зондтау, яғни бақылау деректері негізінде алынған сараптама нәтижелерін айтамыз. Сонымен бірге тағы басқа дерек-көздердің картографиялық, статистикалық, метео мәліметтері пайдаланылады. Бұл жүйе ел экономикасының көптеген салаларына едәуір өзгерістер әкелуге таптырмайтын тәсіл. Мысалы, ауыл шаруашылығы, құрылыс, төтенше жағдайлар, экология, қоршаған ортаны қорғау және жүк тасымалы секілді салалар үшін аса тиімді. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болуға осындай инновациялық өнімдер тікелей жол ашады.

Университетіміздегі Инжиниринг және жоғары технологиялар кластері бас директорының орынбасары Өміржан Тәукебаевтың айтуынша, аталмыш орталықтың негізгі қызметі – әртүрлі кеңістіктік дәлдіктегі ғарыштық суреттерді алу, өңдеу және тарату. Осы ақпараттарды қолдана отырып түрлі талдау жұмыстарын жасау, мониторинг жүргізу. Сондай-ақ білім алушыларды геоақпараттық қолданбалы бағдарламалар негіздеріне оқыту.

2019 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ SuperMap компаниясымен серіктестік туралы келісімге қол қойды. Осыған сәйкес, университетке SuperMap GIS бағдарламалық жасақтамасын Орталық Азия мен Ресейде таратуға, оқытуға және техникалық қолдау көрсету құқығы берілді. SuperMap әлемдегі ең ірі геоақпараттық жүйелер платформаларын өндіретін компания және дүниежүзі бойынша HUAWei, IBM, Microsoft сияқты 1000-нан астам серіктестері бар.

ҚазҰУ-дың Жерді қашықтықтан зондтау орталығының басты мүмкіндіктері ретінде мынаны айтуға болады:

Орталықта Қытай ғылым академиясына қарайтын SatSee виртуалды стансасы жұмыс істейді.

Бұл QuickLook режимінде Қытайдың бес жасанды жер серігінен, АҚШ-тың LandSat ғарыштық аппараттың ұшып бара жатқан траекториясын көре отырып, қажетті аумақтың суреттерін алуға мүмкіндік береді. Яғни ғарыш аппараттарының көптігі қазақстандық басқа жүйелермен салыстырғанда мәліметтерді жылдам әрі жиі интервалмен алуға қолайлы жағдай тудырады.

– Бүгінгі таңда Жерді қашықтықтан зондтау орталығы жерді бақылап қана қоймай, университет кафедраларының студенттері мен магистранттарын өндірістік тәжірибеден өткізеді. Биылғы оқу жылында SuperMap компаниясымен біріге отырып, география және табиғатты пайдалану, механика және математика факультеттері кафедраларына SuperMap iDesktop бағдарламасының 30 лицензиясын орнатты. Сонымен қатар Картография және геоинформатика кафедрасының базасында SuperMap компаниясының инновациялық өнімдері негізінде «Геоақпараттық картография» зертханасы ашылды. Бұл бағдарлама дүниежүзіндегі барлық стандартқа сәйкес және ең басты айырмашылығы – онда заманауи тренд саналатын Big data, жасанды интеллект және 3D GIS секілді платформаның барлығында жұмыс істеуге болады. Назар аударатын тағы бір мәселе – бағдарлама 600-ден астам талдау жасау мүмкіндігіне ие, – деп атап өтті Өміржан Тәукебаев.

САҚТАНҒАНДЫ САҚТАЙДЫ

Өміржан Жалғасбекұлының айтуынша, былтыр Сардоба суқоймасы жарылған кезде Жерді қашықтықтан зондтау орталығы Қытай ғылым академиясына қарасты Аэроғарыштық зерттеулер институтының мамандарымен бірлесе зерттеу жүргізді. GF-3 Жердің жасанды серігінің ғарыштық суреттері негізінде су алған жерлердің ауданы қысқа мерзімде анықталып, талданды.

– Сол кезде біз Қытай ғылым академиясына қарасты Аэроғарыштық зерттеулер институтының мамандарымен бірігіп ғарыштық суреттердің негізінде бөгеттің 234 метр ұзындықтағы жері жарылып кеткенін анықтадық. Жер бедерінің сандық моделі арқылы талдау жасағанымызда Сардоба суқоймасынан Қазақстан территориясына дейін аққан су 25-30 шақырым қашықтық бойы тек қана ылдилап ағып отырғаны белгілі болды. Мысалы, суқойма маңы теңіз деңгейінен 287 метр биіктікте болса, елімізбен шекаралас аймақтардың деңгейі 210-215 метрге дейін төмендей түседі, – дейді ол. Сонымен бірге жерді қашықтықтан зондтау технологиясы арқылы өзендердегі су толу процесін қадағалауға мүмкіндік туды. Бұл жерде ғарыштық суреттерге қоса, температура, қар жамылғысының қалыңдығы, жауын-шашын мөлшері секілді метеорологиялық мәліметтер де пайдаланылады.

2019 жылы орталық өкілдері Ертіс өзенінің 240 шақырымына талдау жасаған. Мұнда орта есеппен 138 мыңға жуық халқы бар 65 елді мекен орналасқан. Нәтижесінде мамыр айында судың арнасына толуы байқалған. Бұл су тасқынының алдын алуға және ауыл шаруашылығына қатысты жұмыстарды жоспарлауға мүмкіндік береді.

МОРЕНАЛЫҚ КӨЛДЕР МОНИТОРИНГІ

Мұндай көлдер мұздықтардың әсерінен таулы аймақтарда пайда болады. Бірақ тау құшағында тып-тыныш жатқан тұнық көл көктем-жаз мезгілдерінде тасып, алапат сел туындатуы әбден мүмкін. Сондықтан бұл жерлерді арнаулы мамандар өз бақылауында ұстайды.

– Қазіргі таңда Жерді қашықтықтан зондтау орталығы мореналық көлдерге автоматтандырылған мониторинг жүйесін құру және контейнер типтегі мобильді гибридтік электр стансаларды жасау бағытында жұмыстар атқаруда. Қазақстанда 945 мореналық көл бар, оның 47-сі қауіпті. Соның қауіпті деп саналатын 14-і Алматы қаласының маңында орналасқан. Сонымен қатар еліміздегі сел және көшкін жүру қаупі бар аймақтары үнемі мониторинг жүргізуді қажет етеді. Ғарыштық технологияларды пайдалану табиғи және антропогендік факторлардан туындайтын апаттардың алдын алуға және шығын мөлшерін азайтуға жол ашады. Ал автоматтандырылған интеллектуалдық жүйе бір мезетте бірнеше көрсеткішті өлшей алады. Мысалы, судың сапасын, топырақ температурасы мен ылғалдылығын, жауын-шашын мөлшерін әп-сәтте анықтап береді. Ал мамандар ситуациялық орталықтарда отырып-ақ сол мәліметтер негізінде талдау жасайды. Одан бөлек, 360 градустық ка-

мералар орнатып, жағдайды толық бақылауда ұстауға мүмкіндік береді, – дейді Өміржан мырза.

ТУРИЗМНІҢ ТІРЕГІ

Жерді қашықтықтан зондтау орталығы туризм саласының дамуына да үлес қоспақ. Мысалы, өткен жылы туризмді дамыту мақсатында университетіміздегі орталық «Turanga Group» ЖШС-мен бірлесе отырып туристерге арналған карта дайындаған. Картада Іле-Алатау ұлттық паркінде орналасқан Аюсай шатқалындағы үш соқпақ жол мен туристік нысандар көрсетілген. Сонымен бірге жолдың ұзындығы және күрделілігі жайлы ақпараттар да туристерге қолжетімді бола түсті. Болашақта смартфонға арналған қосымша дайындау және геопортал құру жоспарланған. Бұл мәліметтердің барлығы цифрлық форматта болғандықтан, оларды редакциялау өте оңай. Сол себепті инфрақұрылым жақсара түскенде картаны кез келген уақытта жаңа мәліметтермен толықтырып отыруға болады. Орталық мамандары туристік компания өкілдерімен бірге үш соқпақ жолды да жаяу жүріп өткен. Мұны «мәліметтердің сәйкестігіне көз жеткізіп, қателіктерге жол бермеу үшін қажет» деп түсіндірді Өміржан Жалғасбекұлы.

БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

– Жергілікті атқарушы органдарға пайдалы болатын тағы бір тұсымыз бар, – дейді Өміржан мырза. – Мысалы, тұрмыстық қалдықтарды көметін орындарды да ғарыштық суреттер арқылы мониторинг жасау қолжетімді бола түсті. Алматы маңындағы қоқыс төгетін полигон Әйтей ауылының жанында орналасқан. Ондағы қалдықтың көлемі соңғы онжылдықта 2,5 есе өскен екен. Аталмыш әдіс заңсыз қоқыс тасталған жерді және көмілмей қалған қатты қалдықтарды анықтауға жағдай жасайды. Бұл да бір экологиялық проблемалардың алдын алуға бағытталған жоба болар еді.

Қазіргі таңда жаңа технологияға мұқтаж саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Мемлекет бұл саланың дамуына қыруар қаржы жұмсауда. Жерді қашықтықтан зондтау болашақта сол жерлерге егістік алқаптарын жоспарлауға, өнімділігін алдын ала бағамдауға жол ашады.

Қорыта айтқанда, геоақпараттық жүйе мен Жерді қашықтықтан зондтау мәліметтерін пайдалану жаһандану дәуірінде елеулі өзгерістер алып келген жүйе. Әлем елдері мұны тиімді пайдаланып, тамаша нәтижелерге қол жеткізіп үлгерді. Мысалы, Малайзия мемлекеті осы технологияның арқасында ақылды қала жасап шығарса, Таиланд Smart-Agriculture, яғни ақылды ауыл шаруашылығын, Қытай төтенше жағдайлардың алдын алу геопорталын қолдану үстінде. Тіпті кейбір елдер логистика саласында геоақпараттық жүйелерді қолдану арқылы жүк тасымалын бақылап отыр. Егер мемлекет тарапынан немесе жергілікті атқарушы билік органдарынан осындай жобаларға тапсырыс түссе, біздің мамандар бәсекеге қабілетті жаңа жоба жасап шығаратыны сөзсіз.

Кәмила ДҮЙСЕН
15.05.2021



Нанотехнологияға негізделген үнемді шам

Өркениеттің дамуымен энергияның барлық түрлеріне деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Энергия ресурстарын тұтынудың артуына және жер бетіндегі қорлардың азаюына байланысты электр энергиясының тарифі үнемі өсуде. Тұрмыстық деңгейде энергия тиімділігін арттыру, энергияны үнемдеу тұтынушыға байланысты. Десек те, ғалымдар да осы мәселенің түйінін тарқатуға атсалысып келеді.

Мәселен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары үнемді шамның дайындалу технологиясын жаңғыртып, энергия үнемдегіш шамның жаңаша үлгісін ойлап тапты. Оның басты ерекшелігі – нанотехнология көмегімен люминесцентті шамның техникалық сипатын жақсартуында.

Үнемді шам ҚазҰУ жанындағы Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасында жасалған. Жоба жетекшісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мерлан Досболаевтың айтуынша, шамды жасап шығару технологиясында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Ең бастысы – энергия ресурсын тиімді пайдалану.

– Біздің зертхана плазма физикасы мен техникасын зерттеумен айналысады. Плазманы әртүрлі жағдайда алуға болады. Ең қолайлы зертханалық плазма газдық разрядта алынады. Газдық разряд дегеніміз – газдық ортамен электр тоғының өтуі. Осы кездегі пайда болған газдық разряд плазмасы жарық береді. Біздің жұмыстың нәтижесі разрядтың жарық беру интенсивтілігін жоғарылатып, жаңа үлгідегі электр үнемдегіш шамдарын жасауда, – дейді жоба жетекшісі.

Ғалымдар зертханада газдық разряд плазмасының түрлі физикалық қасиеттерін зерттеу кезінде құрамына микро, нанобөлшектер енгізе отырып, олардың жарық беруі бірнеше есе артатынын байқайды. Бір сөзбен айтқанда, электр энергиясын тұтынуды өзгертпей-ақ газдық разрядтың жарық беру қасиеті артады.

– Зертханалық жағдайда бірдей энергия тұтыну кезінде құрамында нанобөлшектері бар газдық разряд плазмасының жарық интенсивтілігі екі есеге көбейді, – дейді М.Досболаев. – Тереңірек зерттей келе, нанотехнологияға сүйене отырып газдық разрядты шамдардың жаңа нұсқасын жасау туралы ой пайда болды. 2012-2013 жылдарда болған осы зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып Physics of Plasmas, CPP деген журналдарда ғылыми мақалалар жарияладық. Одан кейін елімізде осы жаңалығымызға патент алып, неге іске асырмасқа деп, «Ғылым қорының» байқауына қатыстық. Бүгінгі таңда «Ғылым қорының» гранты арқылы осы жобаның өндірісімен айналысып жатырмыз. Қоғамда «Жарықдиодты шамдар тиімді, неге біз кейінге оралуымыз керек» деген сұрақтар туындап жатады. Түсіндіріп өтсем, жарықдиодты шамдардың тиімді жұмыс істеуі үшін қымбат технологиялар қажет. Қазір дүкен сөрелерінде тұрған мұндай шамдардың көбісі арзан материалдардан дайындалған. Ал шын сапалысы қымбат тұрады. Біздің шамдар одан әлдеқайда арзан.

Жоба жетекшісі бұл шамның тағы бір артықшылығын айтты. Университет мамандары дайындап шығарған шамдарда бұрынғыдай таза сынаптың орнына амальгамма қолданылады екен. «Амальгамма дегеніміз – азғана сынаптың басқа металдармен қосындысы. Осылайша газдық разрядтың құрамына еніп, жарық спектрін өзгертіп, оның интенсивтілігін арттырады», – дейді ол.

Сынап демекші, бұл элементтің адам денсаулығына кері әсері барын білеміз. Қауіпсіздік тұрғысынан алғанда амальгамма өте тиімді шешім. Ғалымның сөзіне сенсек, бұрынғы шамдар сынып қалған жағдайда

белгілі бір мөлшерде радиация туғызатын болған. ҚазҰУ-дың постдокторанты және институттың аға ғылыми қызметкері Сағи Оразбаев «бұрынғы газдық разрядты шамдарда таза сынап болса, біз жасап шығарған нанобөлшекті шамның құрамында сынаптың металдармен қоспасы бар» деп атап өтті.

– Сынапты мүлдем алып тастадық деп айта алмаймыз. Оны сынаптың металдармен қоспасы – амальгаммамен ауыстырдық. Болашақта мүлдем алып тастаудың жолдарын қарастырып жатырмыз, – дейді жас ғалым.

Оның айтуынша, ең алғаш бұл жоба 2011 жылы академик Тілекқабыл Рамазановтың басшылығымен өтетін ғылыми семинарда таныстырылған.

– Заттың төртінші күйі – плазма. Соның құрамына нанобөлшектерді енгізген кезде жарық интенсивтілігі бірнеше есеге артатынын байқадық. Осы туралы жоғары рейтингті шетелдік журналдарда мақалалар жарияладық. Шетелдік ғылыми қауымдастық өкілдері оған оң көзқарас танытты. Осыдан барып бұл құбылысты қалай пайдаға асырсақ деген ой туды. Мен зерттеп жүрген сала ілгері ғылым деп аталады. Плазманың ішінде тозаңды плазма деген бөлімі бар. Ол – ішінде микро, нано өлшемдегі монодисперсті бөлшектері бар буферлі (таза) плазма. Таза плазманың ішіне микро, нанобөлшектерді сырттан енгіземіз немесе белгілі бір жағдайларда ішінен өзі өсіп шығады. Плазманы инертті газдармен жағатын болсақ, онда таза плазма алуға болады. Егер осы инертті газдарға аздап қана реактивті газдар: метан, силан, ацетилен және т.с.с. қосатын болсақ, онда нанобөлшектер ішінен өсіп шығады. Осы кезде плазманың жарық интенсивтілігі бірнеше есеге артады, – дейді С.Оразбаев.

Ізденуші Францияның Орлеан политехникалық университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен.

– Сол жерде жарық интенсивтілігін арттыру эффектісін толық зерттеуге және де нанобөлшектердің өлшемі бойынша жарықтың интенсивтілігі қалай өзгеретінін анықтауға мүмкіндік туды. Соңынан 2013-2014 жылдары патент алдық, сол уақыттарда ҚазҰУ-да студенттік бизнес инкубатор деген жақсы бағдарлама болатын, сол жобаның аясында газдық разрядты шамға осы эффектіні қолданып көрдік. Нәтижесінде жаңа жоғары интенсивтілікті нанобөлшекті газдық разрядты шамды жасап шықтық. Осы жобамыз университет бойынша бірінші орынға ие болды, сонымен қатар сол жылы Business Forum Almaty жобасында ең жақсы әлеуметтік жоба номинациясын жеңіп алды, – деп еске алды.

Қазіргі таңда электр үнемдегіш шамдар нарығында сұранысыңызға жауап беретін тауар түрі көп. Бірақ ғалым кез келген дүниені сапа тұрғысынан салыстыру қажеттігін айтады.

– Нарықта электр үнемдегіш шам ретінде люминесцентті шамдар (газ разрядты шамның бір түрі), жарықдиодты шамдар алдыңғы қатарда тұр. Елімізге әлі келе қоймаған соның тағы бір түрі – индукциялық шам да бар. Ол да газ разрядтық шамның негізінде жасалады. Мұны Америкада, Еуропаның кейбір елдерінде, Канадада көп пайдаланады. Өйткені тиімділігі өте жоғары, – дейді маман.

Бірақ қазір ашық экономика принципін ұстанып отырғандықтан, нарықта сапалы да,

сапасыз да дүниелерді кездестіруге болады. Соның бірі жарықдиодты шамдарға қатысты. Қазіргі таңда қарапайым тұтынушы бағасына көп мән беріп, сапасыз, арзан тауарға басымдық беретіні рас. Бірақ Сағи мырзаның айтуынша, сапасыз жарықдиодты шамдар көзге зиянды сызықты спектрлер тудырады.

– Өйткені оның жарық интенсивтілігі сызықтық түрде беріледі. Көздің толқын ұзындығына жауап беретін белгілі бір қылтамырларын зақымдайды. Сондықтан түс ажырата алмайтын, қараңғы болса көрмейтін көз ауруларға ұшыратады. Мұны ғылыми түрде әлемдік қауымдастық дәлелдеген. Корея, Жапония елдері ең бірінші болып осы жарықдиодты шамдарды қолдана бастаған. Негізінен, көз ауруларының түпкі себебі осы жарықтандыру жүйесінен болатыны белгілі. Адамның көзі табиғи жарыққа үйренген. Ал күн сәулесіне ең жақыны – баяғы қыл сымды лампалар. Бірақ ол энергияны көп шығындайды. Одан кейінгі табиғи жарыққа жақындауы – люминесцентті және индукциялық шамдар. Бастапқы кезде бұл шамның да көптеген кемшіліктері болды. Бірақ уақыт өте келе түрлі зерттеулер нәтижесінде олардың шешімін табуға мүмкіндік туды. Қазіргі таңда заманауи технология бойынша арнайы линзалар қою арқылы табиғи жарыққа жақын жарықдиодты шамдар жасалуда. Мәселен, сызықты спектрлі жарықты табиғи күн сәулесіне жақын қылу үшін әртүрлі фокустаушы линзалар, яғни қымбаттау технологиялар пайдаланылады. Сондықтан мұндай шамдар арзан болмайды. Осыған байланысты сапалы жарықдиодты шамдардың бағасы да қымбат, – дейді ол.

Баға туралы айтқанда өнімнің өзіндік құнына, өндірістік процестерге тоқталмай кете алмаймыз. Сағи мырза бізде әлі шамды жасауға қажетті шикізаттар – шыны, электрод секілді өнімдерді өндіру жолға қойылмағанын сөз етті. «Бізде интеллектуалды меншік болғанымен, өндіріске қажетті шикізаттардың көбі Ресей, Қытай секілді елдерден алуға тура келеді», – дейді ол.

Әзірге жобаның алғашқы үш жылдығы сәтті аяқталған. Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана директоры Мұхит Мұратовтың айтуынша, алдағы уақытта өнімді сату мақсаты тұр.

– Мемлекеттік сатып алу конкурстарына да қатысу мүмкіндіктерін қарастырудамыз. Болашақта жылына 100 мың дана шам сатуды көздеп отырмыз. Қазіргі таңда университет, мектеп, колледж секілді оқу орындары және мемлекеттік мекемелерден сұраныс бар. Өйткені мұндай ұйымдардың көбінде газ разрядты люминесцентті шамдар қойылған. Оның орнына басқа шамды ауыстыру үлкен шығынды қажет етеді. Ал біздің үнемді газ разрядты шамды қою тұтынушылар үшін әлдеқайда тиімдірек. Қазіргі таңда университетіміздегі физика-техникалық факультеттің ғимаратында өзіміздің шамдарды орнатып қойдық, – дейді зертхана басшысы.

Алдағы уақытта оқу ордасының барлық қажеттілігіне ҚазҰУ ғалымдары ойлап тапқан үнемдегіш шамдарды пайдалану жоспарда бар. Осылайша жоба үш жылда өз-өзін ақтайтын деңгейге шығады деген сенімдеміз.

Кәмила ДҮЙСЕН
19.06.2021



Қазақ ғалымы вирусқа қарсы тұнба әзірледі

Фитотерапия – ежелгі емдеу әдістерінің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуінше, соңғы кезде емделудің балама бағыттары сұранысқа ие болып келеді. Оның ішінде бүгін біздің тақырыбымызға арқау болатын дәрілік өсімдіктермен емделу саласы да бар. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Дәрілік өсімдіктерді зерттеу орталығының директоры Жанар Жеңістің айтуынша, елімізде антивирустық қасиеті бар дәрілік шөптер кездеседі екен.

– Біздің зерттеу бағытымыз Қазақстанда өсетін дәрілік және жеуге жарамды өсімдіктер. Оның ішінде жемістер де бар, – дейді Жанар ханым. – Қазір орталықта жусанды (Artemisia L.) зерттеудеміз. Осы тұрғыда халықаралық ғылыми мақалалар да жарияладық. Елімізде жусанның 81-ден астам түрі өседі. Оның 19 түрі – эндемик. Бір өсімдіктің өзін толық зерттеу үшін кем дегенде 2-3 жыл уақыт қажет. Қазіргі таңда орталықтың ғылыми қызметкерлері зерттеп жатқан өсімдіктер Алматы облысы мен Шығыс Қазақстанның төңірегіндегі жусан түрлері. Мәселен, Қазақстанда өсетін жусан мен шетелде өсетін түрін салыстырғанда 60-70 пайыз ұқсастық болса, 20-30 пайыз өзгешелік барын байқаймыз.

Орталық директорының сөзіне сүйенсек, көп жағдайда ғалымдар өсімдіктің бір қасиетін ғана зерттейді де, өсімдіктер түбегейлі толық зерттелмей қалып жатыр.

– Ал біз ең алдымен дәрілік өсімдіктерден жалпы сығындысын алып, кейін әртүрлі еріткіштермен бөлу арқылы полярлы, полярсыз қосылыстарын толық зерттеп және биологиялық белсенділіктерін анықтаймыз. Әртүрлі дәрілік өсімдіктердің гүлдері мен жемістері косметикалық өнімдер, тамақ және фармацевтика өндірісі, биологиялық белсенді қоспалар дайындауда кеңінен пайдаланылады, – дейді Жанар ханым.

Зерттеу барысында орталық мамандары осындай әртүрлі бағыттарды толығынан қарастырады.

– Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктерді зерттеуге бакалавр, магистр және докторант студенттер де ғылыми-зерттеу жұмыстарына атсалысады. Дәрілік өсімдіктерді зерттеу орталығында жусанды фундаменталды зерттеу бойынша 2017-2022 жылдарды қамтитын ғылыми жобалар бар. Одан бөлек, тері ауруларына ем болатын дәрілік өсімдіктер бағытында зерттеу жасап жатырмыз. Осы жоба аясында Австралияның Гриффит университетімен бірге жұмыс істейміз. Өйткені өзімізде өсімдіктің тері ауруларына байланысты белсенділігін анықтау мүмкіндігі жоқ, тек шетелде анықталады, – дейді ғалым.

Орталық басшысының айтуынша, өсімдіктерден алынған сығындыларды Гриффит университетімен бірге зерттеп, өте жақсы белсенділік көрсеткені анықталған. Осы тақырыпта ҚазҰУ докторанты Айдана Құдайберген «Жас ғалым» жобасына қатысып, 54 млн теңгенің жобасын жеңіп алған. Жанар Жеңіс шәкірттерінің мұндай жетістіктерге жетуі үшін көп тер төккенін алға тартты. Тіпті шетелдік университеттермен келіссөздер жүргізіп, студенттердің елде жоқ технологияларды меңгеруіне септігін тигізген. Тәнге дауа болатын тұнбаны табиғаттан алатын ғалым бастапқыда қиындықтың аз болмағанын айтты.

– Бұрын зерттеу үшін өсімдіктерді жинап, кептіріп, ұсақтап, 10-20 келіден шетелге алып кететінбіз. Өйткені өсімдік экстрактысын алуға мүмкіндік болмады. Ал қазір гранттар мен университет қолдауының арқасында роторлы буландырғыш және шөптерден экстракт алатын арнаулы ыдыстар алдық. Бұдан кейін шетелге баяғыдай 20 келі шөп емес, 500 гр немесе бір келі экстракт қана алып кетеміз, – дейді ол.

Бірақ пандемияның әсерінен қазір шетелге

шығу мүмкін емес. Сондықтан Дәрілік өсімдіктерді зерттеу орталығына жобаларға бөлінген гранттар есебінен сорбенттер, бағаналы хромотография, әртүрлі еріткіштер сатып алынған. Осылайша қазір өсімдіктерді өңдеп, оның құрамын анықтау секілді жұмыстар орталықтың өзінде жасалуда.

– Мысалы, жоғары эффективті сұйықтық хромотографиясы (HPLC) арқылы биологиялық белсенді қосылыстарды анықтауға болады. Біздегі осындай екі құрылғының бірі Оңтүстік Кореяда, бірі Жапонияда жасалған, – дейді Жанар ханым.

Ғалымның зерттеу объектілерінің арасында өзіміздің қарапайым алма да бар. Күнделікті тұтынатын бұл жемістің дертке дауа болатын қасиетіне аса мән бермейміз. Сөйтсек, оның кейбір түрлері қатерлі ісікке қарсы тұруға қауқарлы екен. Әрине, науқастың айығып кетуіне бұл толық кепіл бола алмайды. Дегенмен «Алтын шыққан жерді белден қаз» демей ме, қазақ?!

– Алматы алманың отаны болғандықтан, 5-6 түрін, мысалы, «Голден делишес», «Красный крепсон», «Апорт», «Американка», одан бөлек, өзбек алмасының бір түрін зерттедік. Талғар мен Қаскелең жақтағы алма бақтардың әрқайсысынан алып, бір-бірімен салыстырдық. Олар қатерлі ісікке қарсы өте жақсы белсенділік көрсетіп жатыр. Оны да ары қарай зерттеуіміз керек, – дейді орталық басшысы.

2020 жылдың 3-17 сәуір аралығында «Ғылым қоры» коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеуге және оның салдарын жоюға бағытталған тиімді шешімдер табу мақсатында «Стоп-Коронавирус» конкурсын ұйымдастырды. Байқауға бүкіл Қазақстаннан 140-тан астам өтініш келіп түскен. Коронавирусқа қарсы күрес бойынша ғалымдар, кәсіпкерлер мен медицина қызметкерлері өз жобаларын ұсынған. Соның ішінде Жанар Жеңіс 39 финалистің арасынан табылды. Ғалым коронавирусқа қарсы тұнба әзірлеу идеясы қалай пайда болғанын баяндап берді.

– 2003 жылдан бастап SARS-CoV деген вирус Қытайда Гонконгта таралды. Сол кезден бастап ғалымдар емдік өсімдіктердің коронавирусқа қарсы қасиеттерін зерттей бастады. Нәтижесінде көптеген дәрілік өсімдіктердің вирусқа қарсы қасиеті бар екені және әсер ету механизмдері әртүрлі болатыны анықталған. Қазақстанда өсетін осындай дәрілік өсімдіктерден коронавирусқа қарсы табиғи белсенді қоспа жасау туралы ғылыми жоба дайындадық. Сол жобамыз байқауда финалға шықты.

Пандемия басталып, елде дәрі тапшылығы байқалған тұста қаладағы жеке клиникалар Жанар Жеңістің тұнбаларына тапсырыс береді. Ғалым өзімізде өсетін, бірақ ковидке қарсы белсенділігі зерттелген өсімдіктерді қосып, «Тұмау шәрбатын» жасап шығарған.

– Бірінші дайындаған рецепте тек жеуге болатын өсімдіктер қолдандым. Сондықтан улылығына да алаңдамаймын. Барлығының дәлелденген ғылыми негізі бар, дозасы стандартты. Балалар да қабылдаса жарайды. Кейін жөтел мен демікпеге деп, арнайы сұраныс арта бастаған соң, екінші рецепті дайындадық. Ол жерде дәрілік өсімдіктер көбірек, – дейді Жанар ханым.

Әдетте ковидтен адамдар әлсіреп, салмақ

тастайды. Дәрілердің әсерінен кейбір науқастардың диабеті көтеріліп кетеді. Ғалымның айтуынша, бұл вирус қанды қоюландырып, қай жерің әлсіз болса, сол жердегі ауруды асқындырады.

– Осы қасиеттерді ескере келе, өкпені қуаттайтын, қақырық түсіретін, қанды сұйылтатын, қандағы майларды жоғалтып, қан айналымын жақсартатын, күш-қуат беріп, ұйқыны теңшейтін қасиеті бар өсімдіктерді қостық. Жалпы, бір жылдан бері ешқандай кері әсері (аллергия) болмады. Қолданған жандар тез арада жазылып, өздерінің алғыстарын айтып жатыр.

Аллергия демекші, бұл маусымдық дерт те көптеген адамның мәселесіне айналып отыр. Ғалым мұның бір себебі бауырдан болуы мүмкін екенін айтты. Назарбаев университетінде жүргізілген сынақ нәтижесі бойынша бұл дәрілік тұнба бауыр жасушаларының жаңаруына әсер еткен.

– Көктем-жаз мезгілдерінде мұрны бітеліп, көзі ісіп кететіндер осы дәріні ішсе аллергиясы басылады. Біздің екінші рецептіміз бауыр жасушаларының көбеюіне әсер ететінін зерттедік. Одан бөлек, былтыр тері ауруына шалдыққан бір кісі «иммунитетімді көтерсем» деп, дәрімізді алды. Кейін дертінен айыққанын айтты. Негізі, тері ауруы да кей кезде бауырға байланысты. Міне, тұмау, жөтел, ковидтен бөлек, осындай да жақсы нәтижелер көрсетіп жатыр, – дейді Жанар Жеңіс.

Оның айтуынша, ковидке қарсы тұнбаны ковидтің жеңіл түрінде ауырып жатқан адамдар немесе емделіп шыққан, бірақ толық қақырығы түспеген, әлсіреген жандар қабылдап, толық жазылып шыққан. Ал қатты ауырып тұрған науқастарға беретін мүмкіндік болмаған.

– Өйткені олар ауруханада болды. Батыс медицинасында жүргендердің көбісі өсімдіктің емдік қасиеттерін тани бермейді. Ал емделіп шыққан пациенттерді вирустың беті қайтқанымен, қатты әлсіреп, құрғақ жөтел қинайды екен. Маған осындай кісілер хабарласып, біздің табиғи қоспаны он күннен екі аптаға дейінгі уақытта пайдаланып, осы уақыт аралығында қақырығы түсіп, күш-қуаты қалпына келгенін айтып, алғыстарын білдіріп жатыр, – дейді ол.

Жанар ханым дәрілік қоспаның құрамында жалбыз, қызылмия өсімдіктері, қалампыр және түймедақ шөптері мен пайдалы өсімдіктер барын сөз етті. Ғалым: «Қазақ халқында дәрілік өсімдікпен емдеу бұрыннан бар. Кезінде оба сияқты ауру түрі тарағанда осындай емдік өсімдіктермен емдеген. Аталмыш қоспа сусамыр, қан қысымы, бронх демікпесі барларға жақсы көмектеседі. Бұл дәріні ауру деңгейіне қарай қолданады. Жастар немесе иммунитеті жоғары жандарға қысқа уақытта жақсы көмектеседі, ал жасы үлкен немесе созылмалы ауруы бар адамдарға біршама ұзақ уақыт қабылдауды қажет етеді», – дейді.

Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея секілді елдердің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында жұмыс істеген қазақ қызы алдағы уақытта аталған дәріні өндіру үшін ҚазҰУ жанынан шағын зауыт салынатынын айтты.

Кәмила ДҮЙСЕН
10.07.2021



Қалдықсыз технологияның «қара сарбазы»

Шыбындар экологиялық мәселелерді шешуге көмектесуде. Ғылыми атауы – Hermetia illucens, ал адамдар арасында «қара сарбаз» деп аталатын шыбынның дернәсілдері органикалық қалдықтарды табиғи таза тыңайтқышқа айналдырып қана қоймай, ақуыздарға бай құрама жемдерді жасауда таптырмас дүние болып табылады. Бүгінде әлемнің көптеген елдерінде, Оңтүстік Америкада кездесетін қара шыбынның құрттарын өндіру қарқынды өсіп келеді.

Университетіміздегі Ғылыми-технологиялық паркте қазіргі таңда дәл осы шыбындардан агросекторға өте тиімді өнімдер дайындау жолға қойылған. Оқу ордасындағы технопарк инженері Ермек Тауасаровтың айтуынша, бұл бірден үш өзекті мәселені

шешуге мүмкіндік берді: біріншіден, органикалық қалдықтарды кәдеге жарату; екіншіден, экологиялық таза органикалық тыңайтқыштар алу және көкөніс пен жемістер, тіпті дәнді дақылдардың сапасын арттыру; үшіншіден, ақуыздарға бай өнім алу.

Мұндай әмбебап тыңайтқыш жылыжай фермалары мен гүл сататын дүкендерде жоғары сұранысқа ие. Құрттарды әртүрлі үй жануарларына, одан бөлек, балық, қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылар, сонымен қатар құстар мен кеміргіштердің кейбір түрлеріне жем ретінде пайдалануға болады. «Қара сарбаз» шыбынының дернәсілімен қоректенген үй құстары жұмыртқаны 15-20 пайызға артығырақ табады және ауырмайды. Тіпті енді ғана жұмыртқаны жарып шыққан балапан да бірінші күннен бастап осы құрттармен тамақтана алады. Ірі қара малдың азығына қара сарбаз шыбынының дернәсілін ұнтақтап араластырса, дертке шалдығуы азайып, сүт өнімділігі артады. Мұндай малдың еті де құнарлы болмақ. Өйткені құрттардың денесінде барлық аминқышқылдар, соның ішінде лизин және метионин сияқты биологиялық құнды заттар бар. Сондай-ақ аталмыш құрттардың биомассасы ферменттерге, дәрумендерге және пайдалы микроэлементтерге бай.

Ермек Қамбарұлының айтуынша, «қара сарбаз» шыбынының дернәсілдері арқылы тыңайтқыш алу Еуропа мен Ресейде соңғы он жылда ғана белең алып келеді. Бұған дейін Америка, Индонезия, Қытай және Жапонияда осы технология кеңінен пайдаланылған. Бұл құрттар пластмасса, темір және полиэтиленнен бөлек, кез келген органикалық қалдықты қорек ретінде пайдаланады.

– Шыбындар арнаулы инсектарийде өмір сүреді. Ең басты қажеттілігі – жарық, жылу, ылғалдылық. Мұнда ылғалдылық деңгейі 70 пайыз болуы керек. Бөлме температурасы 25-28 градус деңгейінде сақталады. Одан бөлек, арнаулы құралмен үнемі су шашып отырамыз. Шыбынның жұмыртқасы құртқа айналу үшін жеті күн уақыт кетеді. Олар тамақ салынған арнайы ыдыста өседі. Қорегі 1/3 қатынаста кебек пен қалдықтардан дайындалады, – дейді жылыжай маманы Сабыр Темірбаев.

Қазір көптеген адамдар азық-түліктің экологиялық таза болуы керек екенін түсінеді. Осындай биошірінді араласқан топырақ құнарлы болып қана қоймай, өнімділігі де 2-3 есеге артады, одан да көп болуы мүмкін. Батыс елдерінде «қара сарбаз» шыбынынан алынған зоогумуста өсірілген көкөністер көңге немесе минералды тыңайтқыштарға қарағанда әлдеқайда қымбат.

Табиғи таза тағам түрлерін тұтынса, экологияның теріс әсеріне қарсы тұруға көмектесетін биологиялық белсенді заттар адам бойына жеткілікті дариды. Технопарктегі «Зоогумус өндірісі» жобасының сипаттамасында: «Тіршілік процесінде құрттар субстратты толық ақуызға (құрттарға) және түйіршікті экологиялық таза тыңайтқыш – зоогумусқа айналдырады. Дайын өнімнің көлемі субстраттың түріне және құрттардың өмір сүру жағдайларына байланысты 40-60 пайызға жетеді. Яғни бір тонна органикалық қалдықтан 400-600 келі зоогумус және 100-200 келі ақуыз массасы (құрттар) алынады. Утилизацияға әкелінген органикалық қалдықтарда құрт культурасының тіршілік әрекеті есебінен бактериялық көбею бес есе, ал патогенді микроорганизмдердің саны 28,5

есе төмендегенін атап өткен абзал. Сондықтан бұл технологияны зарарсыздандырудың биологиялық әдісі ретінде қарастырған жөн» делінген.

Қарапайым тілмен айтқанда, «қара сарбаз» шыбындарының дернәсілдерінен алынған зоогумус малдың немесе шошқаның тезегінен дайындалған тыңайтқыштарға қарағанда қауіпсіз. Өйткені екіншісінде гелминттер мен патогенді (ауру туғызатын) микроорганизмдердің жұмыртқалары кездеседі. Ал оқу ордасында дайындалатын органикалық таза тыңайтқыш мұндай зиянкестерден ада.

– Құс фермаларында ай сайын мыңдаған тонна қалдықтар шығарылады. Күніне кем дегенде 100-150 келі қалдықты өңдеу үшін 20-50 келі шыбын дернәсілі қажет. Бұл құрттар тек тағам қалдықтары ғана емес, мал мен құстың тезегін де өңдей береді. Бірақ ол кезде өсу циклі аздау болады, тез жетілмейді. Өйткені тезектің құрамында аммиак, азотты қоспалар көп. Өсіп жетілген құрттар қуыршаққа айналып кебеді. Қазіргі таңда қоректік зат ретінде әртүрлі қалдықтармен тәжірибе жасап жатырмыз. Мысалы, нанды кебекпен араластырып бергенде құрттар тез өсіп жетілетінін байқадық. Зоогумустың басты артықшылығы – оның құрамында макро, микро элементтер көп әрі концентрациясы өте жоғары. Мысалы, 10 литр суға 20-40 гр зоогумус салсаңыз жеткілікті. Тағы бір айта кетерлігі, жергілікті шыбындармен салыстырғанда «қара сарбазда» токсинді заттар болмайды. Өйткені олар тек сумен қоректенеді, – дейді Ермек Тауасаров.

Ғалымдардың құстарға, шошқаларға, балықтарға, егеуқұйрықтарға және басқа заттарға жүргізген зерттеулері құрттардың ұны тағамдық құндылығы жағынан ет пен сүйектен және балық ұнынан кем түспейтінін көрсетті. Бұл ретте тамақ өнімдерінің шығындары 40 пайызға дейін қысқарып, өзіндік құны 33 пайызға дейін төмендейді.

Мамандардың айтуынша, шыбын дернәсілінен алынған зоогумуста өсімдіктер тікелей сіңіретін көптеген қоректік заттар, дәрумендер, антибиотиктер, аминқышқылдар мен пайдалы микрофлора жинақталған. Ол топырақтың физика-химиялық қасиеттерін жақсартады. Әрі қоректік заттардың шайылып кетуіне жол бермейді, зиянды тұздар мен фитотоксикалық элементтердің, радионуклидтер мен ауыр металдардың әсерін азайтады. Топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру қабілеті бойынша бір тонна зоогумус 15 тонна көңді алмастырады. Мәселен, бір гектар алаңға 3-6 тоннасы жеткілікті. Зоогумустың артықшылығы – бұл өрістерде арамшөптердің көбейіп кетуіне жол бермейді. Ал кәдімгі көңді тыңайтқыш ретінде пайдаланса, сол жердегі арамшөптердің үлесі 30 пайызға артады.

Сонымен қатар зоогумустағы гумин қышқылдарының мөлшері қарашірікке қарағанда 1,5 есе жоғары, биогумуспен салыстырғанда фульво қышқылдарының мөлшері төрт есе көп.

Мұндай тиімді технологияны ауыл шаруашылығында пайдалану бірнеше түйткілді мәселенің түйінін шешпек. Біріншіден, полигондарға тоғытылып жатқан тұрмыстық қалдықтарды азайтса, екіншіден, химикаттармен ластанған аграрлық аймақтар мен ағын суларды табиғи қалпына келтіруге мүмкіндік тумақ.

Кәмила ДҮЙСЕН
2.10.2021



Депрессияны анықтаудың инновациялық үлгісі

«Дұрыс диагностика емделу процесіндегі жетістіктің жартысына тең» деген тіркесті бұрын да естіген боларсыз. Бүгінгі таңда депрессия – кең таралған аурулардың бірі. Бұл қоғам мүшелерін қабілетсіз етіп, белсенділіктің төмендеуіне әкеп соқтырады. Депрессияның кері әсері жайлы психолог мамандар көптеген мінберлерде айтып та жүр. Дегенмен оның бір қиындығы – диагностикалау. ҚазҰУ ғалымдары осы түйткілдің түйінін шешпек.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы депрессияның салдарынан болған экономикалық шығын жыл сайын шамамен триллион долларды құрайды деп есептейді. Өйткені когнитивті функциялардың тоқырауына себеп болатын депрессия абсентизм тактикасын, яғни жұмыстан қалу немесе презентацияны, яғни жұмыста отырғандай кейіп танытуға мәжбүрлейді. Сол себепті халықтың жұмыс қабілеті төмендейді.

Биология ғылымының кандидаты, профессор Әлмира Құстыбаеваның айтуынша, мінез-құлықтың бұзылуы көбінесе қылмыстық әрекеттерге баруға итермелейді де, қоғамға тікелей қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай аурудан адам дер кезінде емделмесе, өз-өзіне қол жұмсау қаупі жоғары, кейде өмір сүру сапасын төмендетіп, әлеуметтік тұрғыда қоғамға теріс әсер етеді. Мәселен, статистикаға көз жүгіртсек, Қазақстанда суицидтен болатын өлімжітім 100 мың тұрғынға шаққанда 26,9 пайызды құрайды.

– Стигмамен бірге депрессиялық жағдайларды диагностикалаудың объективті әдістерінің болмауы жағдайды қиындатып отыр. Осыны ескере келе, депрессиялық жағдайларды диагностикалаудың жаңа объективті әдістерін жасаудың шұғыл қажеттілігін байқаймыз. Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының басты жаңалығы – когнитивті жүктемелер кезінде депрессиялық жағдайды нақты анықтайтын жаңа ЭЭГ биомаркерлерінің детерминациясы. Бұл әдіс халықтың көп бөлігінің депрессияны анықтау үшін тексерілуіне мүмкіндік береді. Зерттеу теориялық ғылыми бағытта жергілікті халықтың депрессиялық жағдайларын көрсететін ЭЭГ-нің нақты заңдылықтарын анықтауға, ал қолданбалы ғылыми бағытта депрессия биомаркерлерін компьютерлендіруге мән береді. Осылайша депрессиялық жағдайларды уақтылы объективті диагностикалауға және мінез-құлық бұзылыстары мен суицидтің алдын алуға ықпал етеді, – дейді профессор Ә.Құстыбаева.

Әлмира ханымның айтуынша, қазақстандық азаматтарға берілген танымдық тапсырмалар негізінде алғаш рет валидтік ЭЭГ биомаркерлері анықталды. Зерттеу қорытындысының бірегейлігі де сонда.

– Нәтижесінде ұйқы кезінде мидың стихиялық белсенділігінің ең көп мағлұмат беретін ақпараттық көрсеткіштері анықталды. Сонымен бірге атқарушылық функциясын бақылау және шешім қабылдау үшін танымдық міндеттерді орындау кезінде туындаған ми потенциалының сипаттамасы жасалды. Бұл нәтижелер жыл сайынғы халықаралық конференцияларда талқыланып, жарық көрді. Сондай-ақ практикаға енгізу үшін түпкілікті нәтижелердің маңыздылығын көрсетті. Қазіргі зерттеуде әзірленген психометриялық әдістер осы психотерапевтік тәжірибеге уақтылы енгізілді деуге болады. Өйткені пандемия кезінде депрессияның көбеюіне байланысты отандық психотерапевтер UNISEF, ЮНЕСКО-мен бірлесе отырып тегін консультация жүргізген болатын. Ендігі жерде депрессияны диагностикалауға арналған техникалық жабдықты әзірлеу үшін ЭЭГ биомаркерлері дайын, – дейді профессор.

Зерттеу нәтижелерінен жақсы дамытыл-

ған танымдық және эмоционалды жүктемелер депрессиялық күйге тән ми сигналдарының өзгеруіндегі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік беретініне көз жеткіземіз.

– Атқарушы функцияларын бақылау мен шешім қабылдауды зерттеу үшін таңдалған танымдық тапсырмалар когнитивті белсенділік кезінде ми қызметіндегі айырмашылықтарды анықтауға себеп болады. Жалпы, біздің нәтижелеріміз депрессиямен ауыратын науқастарда мидың атқарушы функцияларын бақылаудың нашарлауы және мидың белгілі бір ынталандыруларға белсенділігінің төмендеуімен байланысты екенін көрсетті. Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері эмоционалды-депрессиялық жағдайларды диагностикалау және болашақта коммерцияландыру үшін компьютерлік бағдарлама немесе отандық өндіріс құралын құру түрінде енгізілуі мүмкін. Практикаға енгізу ауруды ерте кезеңдерде уақтылы диагностикалауға және емдеуге, суицидтің алдын алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ эмоционалды-депрессиялық жағдайларды диагностикалау үшін отандық өндіріс құралын құру жолдары қарастырылады. Өйткені алғаш рет жергілікті халыққа бейімделген және валидацияланған депрессиялық жағдайлардың диагностикалық критерийлерін зерттеу үшін психометриялық, танымдық міндеттер мен психофизиологиялық әдістердің ғылыми негізделген эксперименттік кешені негізінде компьютерлік бағдарлама жасалады, – дейді ғалым.

Ми белсенділігінің жетіспеушілігін және депрессиядағы мидың тұрақтылығының төмендеуін көрсететін ЭЭГ биомаркерлер – депрессияны диагностикалаудың негізгі критерийі. Демек, бұл құрылғыны депрессия мен суицидтің алдын алу үшін клиникалық тәжірибеде кеңінен қолдануға болады. Әлмира Құстыбаеваның айтуынша, деректер кейіннен ұлттық және халықаралық практикада кеңінен пайдаланылуы мүмкін. Өйткені алынған нәтижелерді психологиялық және психиатриялық, қауіпсіздік, адами ресурстар, медициналық, ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерінің қызметінде пайдалануға болады.

2011 жылғы зерттеу көрсеткендей, жалпы тәжірибелік дәрігерлер депрессияны анықтауда қиналады. Өйткені пациенттердің жартысына жуығы депрессия белгілері туралы үндемей қалуға тырысады. Көпшілігі дәрігердің антидепрессанттарды тағайындауынан қауіптенеді. Ал енді бірі эмоцияны бақылау дәрігердің емес, өзімің жеке ісім деп санайды. Сонымен бірге депрессия жағдайы туралы ескерту медициналық кітапшаға түсіп, жұмыс берушіге белгілі болады деген себеп те бар. Қазіргі таңда депрессияны анықтаудың скринингтік құралы ретінде қысқа сауалнамалар көбірек қолданылады. Ал оны түбегейлі анықтап, соңына дейін емделу үшін ЭЭГ биомаркерлер секілді объективті диагностикалық құралдар қажет-ақ.

Кәмила ДҮЙСЕН

30.12.2021






000064
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVE
16 факультетте 30 мың студент, білім
More than 30 thousand students at 16
Тұрақты даму бойынша БҰҰ-ның жаһан
UNAI Global Hub on Sustainability


«ҒЫЛЫМ МЕН ТӘРБИЕ ҰШТАСҚА ҒАНА РУХАНИ САЛАУАТТЫЛЫҚҚА ЖОЛ АШЫЛМАҚ»
Әбу Насыр әл-Фараби
«SCIENCE AND EDUCATION TOGETHER – IS THE BEST WAY TO SPIRITUAL WELL-BEING»
Abu Nasr Al-Farabi









Бертінге дейін «Qazaq universiteti» газетіне жауапты редактор журналистика факультетінің ұстаздары құрамынан тағайындалды. Ведомстволық басылым болғандықтан, редакторлық жұмысқа жалақы төленбеген, қосымша жүктеме ретінде қарастырылған, бірақ ол университеттегі парткомитеттің мүшесі болуы шарт еді. Сондықтан редакторлар тізімінен журфактың деканы болған Қайыржан Бекхожин, Тауман Амандосов, Сағымбай Қозыбаев сияқты қазақ журналистикасының іргетасын қалаған корифейлерді көруге болады. Университеттің органы ретінде газет тарихында да сан қилы ауыр кезеңдер болды, сондай кездерде төл басылымдарына жанашырлықпен қарап, қиындықтан алып шыққан редакторлар қазір арамызда жүр. «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдық тарихымен танысқыңыз келсе, әр жылдары университет басылымына жауапты болған редакторлардың төмендегі естеліктерін оқыңыз.


80 жыл
СОҢҒЫ БЕТ
8
ЫСТЫҚКӨЛДЕГІ
ЖАЗҒЫ МАУСЫМ
АЛҒАШҚЫ ДӘРІС ӘСЕРЛЕРІ
ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ
ПРИ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ
КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА!



Әр жылдарда «Qazaq universiteti» газетінде редактор болғандар:

- Сейділдә Төлешев
- Қайыржан Бекхожин
- Тауман Амандосов
- Елеукен Ғабдиров
- Шериаздан Елеукенов
- Горислав Колосов
- Юрий Крикунов
- Абдул-Хамид Мархабаев
- Нели Меньшикова
- Шолпан Сармурзина
- Петр Сопкин
- Сағымбай Қозыбаев
- Тұтқабай Иманбеков
- Дандай Ысқақов
- Кәкен Қамзин
- Әбілфайыз Ыдырысов
- Қайрат Сақ
- Сағатбек Медеубекұлы
- Гүлмира Сұлтанбаева
- Мәншүк Мұқашева
- Бекжан Әшірбаев
- Дәрмен Смайыл
- Саягүл Әлімбекова
- Әйгерім Әлімбекова
- Досжан Балабекұлы
- Гүлнар Жұмабайқызы

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Қазақстан Журналистика академиясының президенті:

«Qazaq universiteti» газетінің 1000-шы нөмірін біз шығардық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің төл басылымы – «Qazaq universiteti» газетінің жарыққа шыққанына биыл 75 жыл толады. Газет 1948 жылдан бергі университеттің ішкі өмірін, ғылыми жетістіктерін, оқу-әдістемелік бағыттағы жұмыстарын, факультеттерде өтіп жатқан басты жаңалықтарын жариялайтын мінбері. Осы уақыт ішінде «Qazaq universiteti» басылымының бетіне жарияланған қара шаңырақтағы тарихи, айшықты оқиғалардың барлығы жыл өткен сайын бағасы жоғарылап, бүгінде университеттің архивін құрайды. Газеттің қамтитын өрісі ауқымды болмағанмен, оқу орнының бүкіл тарихын осы жерден табуға болады. Демек, басылымның да тарихы бай. Өткен ғасырдың 70-жылдарында «Qazaq universiteti» газетіне редактор болған, бүгінде ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде сабақ беріп жүрген қоғам және мемлекет қайраткері, жазушы-журналист, Қазақстан Журналистика академиясының президенті, тарих ғылымының докторы, профессор Сағымбай Қозыбаевпен кездесіп, «Qazaq universiteti» басылымы жайында әңгімелескен едік.



– Сағымбай Қабашұлы, сіздің журналистика тарихын түгендеп, ұлттық баспасөзіміздің ұмыт болған тұстарын ашып, үнемі ізденісте жүрген ғалым екеніңізді бүкіл қазақ журналистикасы біледі. Бұдан елу жылдай бұрын «Qazaq universiteti» газетіне редактор болып, өзіңіздің қолтаңбаңызды қалдырған екенсіз. Бүгінде оның барлығы жастар үшін тарих, сол кездерді еске алып, ойша саяхат жасап қайтсаңыз...

– Биыл 75 жылдығын атап өтетін «Qazaq universiteti» газетінің тарихы 1948 жылдың

20 сәуірінен басталады. Ол кезде бұл басылым «За отличную учебу» деп аталды, кейіннен «Казахский университет» болып өзгерді. Мен редактор болғаннан бастап газеттің атын орысшадан өзгертіп, «Qazaq universiteti» деп қойдық. Өзім туралы әңгімені басынан айтайын. 1974 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне мұғалім болып келдім. Оның алдында Бүкілодақтық радионың Қазақстандағы меншікті тілшісі болдым. Кандидаттық диссертациямды қорғап алғанмын.

Сол тұста, 1975-77 жылдар аралығында үш жылдай аптасына бір рет шығатын осы газетке редактор болдым. Газет шығару мұғалімге міндеттелген қосымша жұмыс болғандықтан, оған жалақы төленбеді. Бірақ көп уақытты алатын, жауапкершілікті қатаң талап ететін жұмыс. Ол кезде газетке редактор болу үшін міндетті түрде университеттегі партия комитетінің мүшесі болуың керек. Ал ҚазМУдың парткомы ол кезде аудандық партия комитетінің деңгейінде саналатын. Сондықтан аудандық компартия комитетіне мүше болу әркімнің қолы жете бермейтін жауапты да салмақты орын еді. Университет газетіне редактор болғанның бір артықшылығы осы болды.

– Кеңес өкіметі кезінде қағаз басатын машинкалар қауіпсіздік қызметінде есепте тұратын, сондықтан әркімнің қолына түспейтін. Баспаханалар да қатты қадағаланатын. Мақалаларды қайда бастыңыздар, газетті қай баспаханадан шығардыңыздар?

– Иә, ол кезде арнайы машбюро болған жоқ, материалдарды кафедралардағы машинкаларға басатынбыз. Университет баспаханасы Жүргенов көшесіндегі ҚазМУ-дың ескі корпусында болды. Байсейітова көшесі жағынан кіретінбіз. Газеттің алғашқы нөмірлерінен бастап сол баспаханадан шыққан болар. Қазір де ескі корпуста орны бар болуы керек. Есіңде шығар, ол кезде газет беттерін қорғасын пластинкаға қаттайтын, қаріптерді линотипке қолмен тереді. Текстті қысқарту, қателерді түзеу деген қиямет болатын. Бізде бір орыс жігіті жауапты хатшы болды, оған жалақы төленетін, сол екеуміз газет шығатын кезде күні бойы сол баспаханада жүретінбіз. Материалдарды дайындау бір бөлек, баспаханадан газет беттерін дайындап шығару бір бөлек жұмыс. Бұрынғы Абай атындағы ҚазПИ ауласында заң факультеті болатын, артынан баспаханамыз сонда көшті. Қазір ол жерде ештеңе жоқ, автокөлік тұрағына айналған.

– Өзіңіздің алдыңыздағы редакторлар туралы не айтасыз?

– Мен «Qazaq universiteti» газетінің 11-ші редакторымын. Маған дейін он адам редактор болған, олардың барлығы танымал ғалымдар. 1976 жылы сәуірде газеттің мерейтойлық 1000-шы нөмірін екі бояумен шығардым. Ол кезде газет тақырыптарын қара және қызыл бояумен берген үлкен жетістік еді. Соған өзіме дейінгі барлық редакторлардың суреттерін бердім. Ректораттың, парткомның, Қазақстан журналистер одағы басқармасының, «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері жолдаған басылымның 1000-шы нөмірімен құттықтаулары да бірінші бетіне жарияланды. Жазушы Әнуар Әлімжановтың 1955 жылы студент болып жүрген кездегі ең бірінші мақаласы «За отличную учебу» газетіне басылған екен, архивтен соны тауып

алып, осы мерейтойлық нөмірге жариялады-дым. Бұл да басылым тарихындағы бір көрініс-тер, белестер.

1948 жылы газеттің тұңғыш редакторы Сейділдә Төлешев болды. Қарап отырсақ, бұл кісі газетті айбынды да беделді ету үшін басылым бетінде сыни мәселелерге көбірек орын берген екен. Университет өміріндегі, оқу процесіндегі кемшіліктерді батыл сынап отырған. Ол кісі туралы шәкірті болып сана-латын Темірбек Қожакеевтің кітаптарында бар. Одан кейін 1949-51 жылдары Қайыржан Бекхожин болған. Өзі декан, өзі редактор. Көрдің бе, газетке редактор болу қандай құр-мет! Бұл кісі «Большевик жолы» – «Сталинский путь» деген Қостанай облыстық газетінің бас редакторы болған, содан соғыстан кейін, 1945 жылы ҚазМУ-ға келіп, журналистика факультетінің деканы болды. Оны өздеріңе сабақ берген, бүкіл журналист қауымы білетін журфактың профессоры Тауман Амандосов алмастырды.

Одан кейінгі жылдарда Қазақ КСР ҒА Әде-биет институтының бөлім жетекшісі болған филология ғылымының докторы Елеукен Ғаб-диров, Мемлекеттік баспа комитетінің төрағасы болған филология ғылымының док-торы Шериаздан Елеукенов, филология ғы-лымының докторы Горислав Колосов (кейін-нен Воронеж мемлекеттік университетіне ауысып, декан болды), журфактң деканы болған Юрий Крикунов, филология ғылымы-ның докторы, фантаст жазушы Абдул-Хамид Мархабаев, Нели Меньшикова (Украинада журналист болды), тарих ғылымының докторы Шолпан Сармурзиналар әр жылдары «Qazaq universiteti» газетінде редакторлық қызмет атқарды. Ал менен кейін Дандай Ысқақов, Кәкен Қамзин, Қайрат Сақ, Сағатбек Медеу-бекұлы, Гүлмира Сұлтанбаевалар болды, барлығы есімде жоқ, шамамен жиырма шақты адам болған шығар.

– Біз газеттің 1948 жылдан бастап ал-ғашқы нөмірлерін Ұлттық кітапханадан, өзіміздің Әл-Фараби кітапханасынан іздеп таба алмадық. Сізге дейінгі газет тігінділері қайда сақталуы мүмкін?

– Сол жылдардағы газет тігінділері осында бір жерде болу керек. Университет архивінен қарау керек шығар. Өйткені мен бертінде 1948-50 жылдар аралығындағы үш жылдың тігіндісін Ғылыми кеңесте сол кездегі ректор Еділ Ерғожинге табыстағанмын. Ол тігінді-лерді маған архивтердің бірінде естелік ретінде берген. Үйдегі кітапханамда көп орын алатын болған соң, университетке өткізгенмін. Сондықтан оны университеттен іздеген дұрыс. Ал ҚазМУ-ға қатысты фотоматериал-дарды Абай мен Байсейітова көшелерінің қиылысындағы Мемлекеттік архивтен қарау керек, барлығы сонда.

– Сағымбай Қабашұлы, сіздің осы уни-верситет қабырғасында табан аудармай жүргеніңізге елу жыл болады екен, содан бергі бүкіл тарихын білесіз. Бір кезде өзі-ңіз тер төккен төл басылымыңыз – «Qazaq universiteti» газетін үнемі қарап отыратын боларсыз. Сұрайын дегенім, Кеңес өкіметі тұсында университеттегі қате-кемшілік-терді, бұрыс жақтарды түзеуге бағытталған сыни мақалалар жарық көрді ме?

– Әрине, ол кезде кез келген басылым пар-тияның қадағалауында болатын, кез келген

сыни мақаладан нәтиже шығарылатын. Сондықтан небір фельетондар, памфлеттер, сыни мақалалар үзбей жарияланып тұрған. Мысалы, газеттің тұңғыш редакторы Сейділдә Төлешев туралы ұзақ жылдар журналистика факультетінің деканы болған Темірбек Қожакеев былай деп жазады: «Кейін білдік, бұл С.Шымыров, С.Атуаров, Т.Күреңше деген псевдониммен бұрқырата жазатын атақты фельетонист Сейділдә Төлешев екен. Сәкең жиырмасыншы жылдары слесарь да, прокурор да болып істепті. 30-шы жылы баспасөзге келген. 1937 жылдан фельетон жазып кеткен. Оның уытты тілі басына талай бейнет те берген. Соғыс жылдарында ол шетке ығыстырылған. Жамбыл облысында Свердлов аудандық газетінде редакторлық еткен. Соғыс бітісімен ол қайтадан Алматыда. «Коммунист» журналының бас редакторы. Енді, міне, университеттің журналистика бөлімінде оқытушы екен».

Сыни мақалалар сол кездерде жарияланып тұрды. Мен Бүкілодақтық радионың меншікті тілшісі қызметінен келдім ғой, сол арынмен декандарды сынап, оқу процесіндегі кемшіліктер, созбалаушылық сияқты бірқатар мақалалар жазғанмын. Содан сынға алған декандар менің үстімнен шағым жасағаннан кейін ректорымыз Өмірбек Жолдасбеков шақырып алып, «Сағымбай, айналайын, аккуратнее» деді. Ол кездің студенттері де газетті жақсы оқитын, өткір-өткір материалдар жазатын. Қазір де студенттерді жазуға тарту керек. Сыни мақалалардың болғаны да жақсы, сын болмаса, кемшіліктер, олқылықтар түзелмейді. Ортақ, орынды критиканы қабылдай білу керек. Газеттің негізгі міндеттерінің бірі – осы.

– Бүгінгі «Qazaq universiteti» туралы не айтасыз, қандай пікіріңіз, ұсыныстарыңыз бар?

– Қазір газеттің ауқымы да, аудиториясы да кеңейді. Жарияланым жағынан мазмұны да бұрынғыдан біршама жақсарды. Университеттегі қызметкерлер, оқытушылар, студенттер ғылыми, қоғамдық, мәдени жаңалықтармен, факультеттерде өткен шаралармен негізінен осы басылым арқылы танысады. Бір айтайын дегенім, газеттің түрлі-түсті болып шыққаны жақсы, бірақ журналдың қағазына емес, газеттің қағазына басу керек сияқты. Республикалық басылымдардың барлығы жұқа, газетке арналған қағазға басылады, жұрт та соған үйренген. Жарқырағаң «мелованный» қағазға басылған газет оқылмайды. Екіншіден, басылымның тиражы көбейген сайын, қағаздың құны қымбаттайды. Осыны ескеру керек. Содан кейін, жаңа айтып кеттім, ара-тұра сын материалдарды да беріп тұру керек. Студенттердің, магистранттардың проблемаларын көтеретін мінбер де осы болуы тиіс. Сондықтан ресми жаңалықтарды ғана емес, студенттердің, магистрант, докторанттардың, оқытушылардың өміріне қатысты, барлығына ортақ оқылатын мақалаларды көбірек беру керек деп ойлаймын. Оларда айтатын проблема жетеді. Редакция қызметкерлерін газеттің 75 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілеймін.

– Әңгімеңізге рақмет.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,
филология ғылымының докторы, профессор:

Қазақша мақаланы көбейтіп, қара тізімге ілінгем

– Осыдан біраз бұрын бір сұхбатыңызда «Білім берудің принципі өзгерді. Қазір студент білімді қажетсінсе өз бетімен ізденуі керек, ұстаз – тек бағыттаушы ғана. Бірақ біз бұндай өзгерістерге дайын емес едік» деген екенсіз. Әлі де осы пікірдесіз бе?

– Бүгінгі жас қалай болса, қалай тәрбиеленсе, болашағымыз да солай болады. Дәл қазіргі қазақ қоғамында білім беру жүйесі үлкен дау-дамай, айқай-шу болып жататын сала. Біз бірден Болон жүйесіне көшіп кеттік те, соны бір үлкен жетістік деп, ағылшынша сөйлегенді мықтылық деп санайтын болдық. Бұрын орыс тілін білмеген адам қызмет істей алмайтын, ал қазір ағылшын тілін білмегендердің қызметке ілінуі қиын. Осы сияқты үлкен проблемалар зиялы қауымның наразылығын тудырып отырғаны рас. Жалпы, білім беру, тәрбие жұмыстары – бұл ұлттың ең негізгі мәселесі. Ертеңін ойлаған адам ең алдымен осы білім беру, тәрбие жұмыстарын ойлауы керек. Ұлы ойшыл әл-Фараби білім мен тәрбие егіз жүруі керектігін айтқан. Осылайша ұлтқа қызмет ету керек. Тәрбие ұлттық болса, соған лайықты білім беру керек. Әрбір қазақтың баласы ата-анасын, елін-жерін, Отанын сүю тәрбиенің негізгі



бағыты болса, алатын білім де сондай болуға тиіс. Кейінгі ұрпақ тарихты, ұлттық дәстүрді білуі тиіс, ұлттық тілінде сөйлеп, ұлттық рухтан күш алып, жігерлену керек.

– Тәуелсіз ел болғанымызға отыз жылдан асты. Әлі де қазақ тілі мәселесі ушығып тұр. Аға буынның бұған жаны ауыратыны рас. Сіздің ойыңызша, мәселе неде? Әдістемеде ме, әлде тілді үйренуге деген құлықтың жоқтығынан ба?

– КСРО-ның кезінде мемлекеттік тіл орыс тілі болды да, бәрін орысша ойлауға бір стан-

дартқа келтірді. Сол бағыт бізде әлі жалғасып келеді. Бұл жүйе биліктің басына қазақша ойлап, қазақша сөйлейтіндер, ұлттың мүддесіне қызмет ететіндер келгенде ғана өзгереді. Мемлекет қазақтыкі болғанмен, оның тілі іс жүзінде мемлекеттік болмай тұр. Сөз жүзінде бар болғанмен, орыстың тілі қатар жүреді. Қазақ тілі аударма тілге айналып барады. Қазір қазақ тілінің үндестік заңы, сингармонизм – бәрі бұзылған. Осы сияқты көптеген мәселелер реттелу керек. Тілдің жөнделуі әліппеден басталуы тиіс.

– Бізде ұлттық идеология мәселесі жиі ауызға алынады. Дегенмен осы сала әлі бір жүйеге түсе алмай келе жатқаны рас. Қалыптасқан ұлттық идея болмағандықтан, қазақтың тілі, қазақтың тарихы, жалпы, ұлттық мүдде тұрғысындағы мәселелер алдымыздан кесе-көлденең шыға береді. Ұстаз-ғалым ретінде осы мәселенің байыбына көз жүгіртіп көрдіңіз бе?

– Дұрыс айтасыз. Осының бәрі ұлттық идеологияның негізінде дамиды. Ұлттық идеология болмаса, ол ұлт қайда барады? Ұлтқа, халыққа қызмет етудің нақты бағдарламасы жоқ. Батыс идеологтері «Ұлттық идеология – бір ұлтты ерекшелеп, соны басқа ұлттан жоғары қою» дейді. Ұлттық идеология Германияда, Испанияда фашизмге алып барды дейді. Бірақ батыстың барлық елдерінде ұлттық идеология деген мемлекеттік идеология деген атаумен жүзеге асып жатыр. Германияда немістердің, Ұлыбританияда ағылшындардың мүддесіне қызмет етеді. Черчилльдің «Мен барлық уақытта Англияның мүддесіне қызмет етемін» деген сөзі бар. Ұлттық мүдде – ұлттық, мемлекеттік идеологияның темірқазығы. Тән азығы мен жан азығы екеуі тең болуы тиіс. Биліктің басындағы, әсіресе идеология жағын басқаратын адамдар өз ісінің маманы болған кезде, қазақтың рухымен, қазақтың тарихымен, қазақтың рухани құндылықтарымен өмір сүретін адам болған кезде ғана бұл мәселе өз шешімін табады. Ал біз қазір қазақ тілінің мәселесін орыс тілінде талқылайтын деңгейге жеттік. Бұл енді ақылға сыймайтын жағдай.

– Түбі бір түркі халықтарының өзара тілдік және әдеби байланыстары қазір қандай деңгейде? «Тілдер тоғысындағы түркі әлемі» кітабының авторы ретінде сіз бұл мәселені тереңдей зерттегеніңіз анық.

– Дәл қазіргі жағдайымызда біздің болашағымыз – осы түркілік бірлікте. Өйткені орыстың, қытайдың ортасында жатырмыз. Қытайдың экономикалық, орыстың рухани қыспағы сезіледі. Соның салдарынан біз толыққанды қазақ болып өмір сүре алмай келеміз. Бізде орыс тілінің қаупі әлі күнге дейін күшті. Мұның аяғы қазақтың өз ішінде әртүрлі жік тудыра бастады. Орыстілді қазақтар мен таза қазақтілділердің арасы алшақтап барады. Сыртқы күштердің әсерінен орыстілділер билікті қолдан бермей келеді.

Болашағымыз – ұлттың бірлігінде. Осы ұлттық бірлігімізде көп кедергілер бар. Жаңа Қазақстан дәуірін бастаймыз деген ойымыз құптарлық, көп жақсылықтан үміттіміз, бірақ күмәнді жерлері көп. Осы кезеңде тығырықтан шығар жолымыз – түркі халықтарының бірлігі. Қазіргі таңда түркі халықтарының бірлігі жоғары деңгейге көтеріліп келеді. Рухани

жағынан да, экономикалық жағынан да түркі бірлігіне бет бұрғандаймыз. ТҮРКСОЙ, Түркі кеңесі, Түркі академиясы өзінің рөлін айқындап келеді. Түркі кеңесін Бағдат Әміреев, Түркі академиясын Дархан Қыдырәлі басқарып отыр. Біз түркілік білім жағына көбірек ден қоюымыз керек. Біз өз тарихымызды әлі күнге дейін біле бермейтін, мәдениетімізді ұмыта бастаған халықпыз. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, түркі халықтарымен ортақ тарихымызды, ортақ мәдени құндылықтарымызды игеріп, қазақ мәдениеті, қазақ халқы түркі халықтарының ішіндегі супер ұлттың бірі екенімізді сезініп, өмір сүруіміз керек.

Қазіргі таңда әлемдік қақтығыстар белең алып тұр. Осындай кезде «қайда бет бұрамыз?» деген сауал туындайды. Түркі әлемімен, Түркиямен, түркі елдерімен, жалпы, түркілермен бір болуымыз керек. Меніңше, Түркияның бағыты – ең дұрыс бағыт. Түркияның мықтылығы сол – халқы өзінің түркілік болмысын сақтап қалған. Сөзі, әдебиеті, мәдениеті, әндері, туы, елтаңбасына дейін түркілік сыпаты сақталған. Ғылым-білім, мәдениет дамыған Еуропа болса, соның ғылымын да, экономикасын да меңгерген. Тіпті Түркия экономикада, бизнесте, туризмде, қонақүй бизнесінде, құрылыста Еуропаның көптеген елдерін артқа тастап кетеді. Түркия – түркі елдерінің ішіндегі өзінің тәуелсіздігін жоймаған, күні бүгінге дейін әлемде өзіне лайықты орнын алып келе жатқан мемлекет. Біз Түркияның тәжірибесінен көп үйренуіміз керек.

ТҮРКСОЙ түркі халықтарының ортақ мәдениетін насихаттау жөнінде көптеген істер атқарды. Ұзақ уақыт бойы бұл ұйымды Дүйсен Қасейінов басқарды. Қазір қырғыз драматургі Сұлтан Раев басқарады. Ол жуырда Астанада, Алматыда, Түркістанда бірнеше күн болып, кездесулер өткізді. Өзі жазушы, драматург болғаннан кейін әдебиет, кітап алмасу, ұлы жазушылардың шығармаларын аудару, солардың күндерін өткізу жағына көбірек көңіл бөлетінін айтты. Биыл қазан айында Түркияның Бурса қаласында түркі жазушыларының конгресін өткізу жоспарланып отыр. Түркі жазушыларының басын қосатын ұйым құру туралы да айтылды. Осы салада әдебиеттер алмасу, аударма, кездесулер ұйымдастырып, біртұтас түркілік әдебиетке қарай бет бұру мәселелері пысықталды. Алда осындай үлкен жұмыстар күтіп тұр.

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі екеніңіз өз алдына, еңбек жолыңызда да осы университеттің рөлі зор. Білім ордасына қатысты айтар ойларыңыз болса бөліссеңіз.

– Арада бірталай жыл салып, былтыр университетке қайта келіп, дәріс оқи бастадым. Ең бастысы, оқытушы-профессорлар құрамының жалақысы көтерілуі университет қызметкерлерінің еңсесін көтеріп, құлшына жұмыс істеуіне жағдай туғызды. Білім ордасында ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда университетте жалған рейтингке емес, сапаға, ұлттық руханият мәселелеріне мән беріле бастады. Мұның нәтижелері алдағы уақытта біртіндеп көріне бастайды деп ойлаймын.

Сіз дұрыс айтасыз, менің өмірім ҚазҰУ-мен тығыз байланысты. 1977 жылдан 1987 жылға дейін осы білім ордасының журналистика факультетінде жұмыс істедім. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін мен де айыпталып, «қылмыскердің» бірі болып, сотталып кете жаздап, әрең аман қалдым. Осы жылдары «Qazaq universiteti» газетінде редактор болдым.

– Өзіңіз басы-қасында болған «Qazaq universiteti» газетінің жарық көргеніне келер жылы 75 жыл толғалы отыр. Газеттің сол кездегі тыныс-тіршілігіне, бағытына тоқтала кетсеңіз.

– «Qazaq universiteti» газетінде1978-87 жылдары редактор болдым. Штатта бір-ақ адам болды. Қалғандары қоғамдық негізде болатын. Маған дейін Сопкин деген орыс ұлтының азаматы редактор болған. Мен редактор болып келгенге дейін газетке шығатын материалдардың 10-15 пайызы ғана қазақша, қалғаны түгелдей орыс тілінде болып келген. Мен редакторлықты қолға алғаннан кейін 60 пайыздайы, кем дегенде 50 пайызы қазақша болуы керек деп жұмыс істедік.

Газетке студенттерді тарттық. «Журналистік шеберлік» деген пән болатын. Осы пәнді газет шығару ісіне пайдаланған кездер де болды. Студенттерге мақала жазуға тапсырма беріп, қазақша материалдарды мен қарайтынмын, орысшасын газеттің штаттағы жауапты хатшысы Нұртазина (қазір филология ғылымының докторы) редакциялайтын. Кейде тұтастай оқу-жаттығу газетін шығаратынбыз. Студенттердің бірін редактор, екіншісін жауапты хатшы, үшіншісін бөлім басшысы ретінде белгілеп, газеттің ішкі жұмыстарынан бастап, жарық көргенге дейінгі процесті студенттер атқаратын. Студенттер де барынша жауапты қарауға тырысатын. Алматыдағы өндіріс орындарының, мәдениет мекемелерінің жұмыстарына газеттің бір нөмірін тұтастай арнап, оқырмандарға таныстыратынбыз. Газеттің жарық көрген нөмірін шығармашылық тұрғыдан талқылап, ойымызды ортаға салатынбыз. Ең соңында мұқият дайындалған материалдарды газетке жариялайтынбыз. Үздік көрінген студенттерге сыйлық беріп, жұмыстарын бағалап, ынталандырып отыратынбыз. Журналистика факультетінің Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Қабижан Құсайынов, Әбілфайыз Ыдырысов сияқты ұстаздары да газетке белсене атсалысатын. Газетті студенттерге тарату жұмыстарын университеттің комсомол комитеті атқаратын. Авторларға сыйлыққа берілетін ақшаны солардан алатынбыз.

Желтоқсан оқиғасынан кейін бізге «бухгалтериясыз берілген ақша заңсыз болып саналады, сосын газетке жарияланған материалдарда, өлеңдерде ұлтшылдық нышандары байқалады» деген айып тағылды. Оның басты себебі – Желтоқсан оқиғаларына «кінәлілерді» табу керек болды. Ол табыла қоймады. «Qazaq universiteti» газетінде қазақ тіліндегі материалдардың көбеюі студенттердің арасында ұлтшылдықтың шығуына жағдай жасады» деген сияқты ақылға сыймайтын себептермен бізді тергей бастады. Мәскеуден Иванов бастаған арнайы комиссия келді. Олар тіпті газет жұмысына көмек көрсетіп жүретін профессорлар Амандосов,

Қожакеевтерден де түсініктеме алды. КГБ-ға мені қайта-қайта шақырып, тергеуге алып, қыса бастады. Осылайша жаз өтті. Күзде «сотталам ба, әлде аман қалам ба?», білейін деп, іздене бастадым. Деліқұлы күйге түстім. Сұрастырып жүріп, анық-қанығын білгендей болдым. Мені тергеушілер «сотталмайды, бірақ солай жасау керек болды» депті.

Аман қалғаныма қуанып, енді жұмыс іздей бастадым. Бірақ еш жерге жұмысқа алмады, Сөйтсем, Орталық комитеттің қара тізіміне еніп кетіппіз. Нақақтан күйіп кеткенімді біле-тіндер көмектескісі келді. Бірақ болмады. Бір күні марқұм Сағат Әшімбаев кездесіп қалды. Ол кісі Қазақ телевидениесінде директордың орынбасары қызметін атқаратын. «Телеви-дениеден әлеуметтік зерттеу тобын құрамыз, соның басшысы боласың» деді. Бірақ бұл жолы да кедергіге тап болдым. «Қазақстан» баспасының директоры Жарылғасын Нұсқа-баев жаңадан «Коммунистік тәрбие» бөлімін ашып жатырмын, соған келсейші» деп қызметке шақырды, ол да болмады.

Араға біраз уақыт салып, ҚазҰУ-ға қайта келдім. Бір жылдай дайындық бөліміне сабақ бердім. Жұмыссыз жүрген уақыттарда газет-журналдарға мақала жазып, соның қалам-ақысымен отбасын бағуға тура келді.

1988 жылы докторлық диссертациямды қорғаймын деп жоспарлағанмын. 86-ның сал-қынымен біраз денсаулығымыз сыр беріп, емделуге тура келді. Докторлық диссерта-циямды тек 1994 жылы қорғауға мүмкіндік туды.

90-жылдардың басында Әбсаттар Дербіс-алиев проректор болып тұрған кезінде газет-тің редакторлығына мені қайта ұсынып, «осыдан аузым күйіп, сотталып кете жаздаған адаммын» десем де болмай, газеттің тізгінін екінші рет қолға ұстауға тура келді... Осылайша ҚазҰУ, оның ішінде «Qazaq uni-versiteti» газеті менің өмірімде ерекше орын алады десем де болады.

Талай мықтының қолтаңбасы қалған төл газетіме алдағы уақытта тек сәттілік тілеймін!

– Әңгімеңізге рақмет.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Кәкен ҚАМЗИН,
филология ғылымының докторы, профессор

«Qazaq universiteti» газеті – университеттің бренді

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне алғашында аға оқытушы болып қызметке қабылдандым. Оған дейін телевизия, радио, журналда, «Алматы ақшамы» газетінде, «Жазушы» баспасында жұмыс істедім. Осылай тәжірибе жинап келіп, студенттерге дәріс оқи бастадым. Тепсе темір үземіз деген жастамыз. Сабақ беріп жүргенімде журналистика факультетінің сол кездегі деканы Намазалы Омашев: «Сенің тәжірибең бар, «Qazaq universiteti» газетіне редакторлыққа ұсынып отырмыз», – деді. Ол кезде көнбеске лаж жоқ, дегенмен пәлендей ықыласым болмады. Өйткені менің ойым ғылым жолын қуып, кандидаттық, докторлық диссертация қорғау болды.

Әйтсе де бас тартуға болмайды. Н.Омашев сол кездегі ректорымыз, экономика ғылымының докторы, профессор Көпжасар Нәрібаевқа алып кірді. Ол кісі мені өте жылы қабылдады. Көпжасар Нәрібайұлы өте парасатты, биязы, мәдениетті, оқыған-тоқығаны мол жан екен. Бұған кейін молынан көзім жетті. Мен соған тәнті болдым және редактор болуға келістім. Ректор: «Сен газетте мені жылтыңдатып көрсете берме. Осында жұмыс істеп жүрген оқытушы-профессорлардың, студенттердің, техникалық қызметкерлердің өмірін көрсет. Ал біз оларға қызмет ететін жоғарыдан тағайындалған қызметкерлерміз», – деп ақыл айтты. Мен ол кісінің айтқанын ұғып алдым да, сол жолды таңдап жаза бастадық.



Бұл экономикамыз енді ғана аяқтан тұрып келе жатқан қиын кез еді. Газетті шағын А4 форматында, 8 бет етіп шығарып, оны степлермен бекіттік. Мен сондай газеттің редакторы болдым. Газет «Қазақ университеті»

баспаханасының қарамағында болды. Баспаның директоры (атын қазір ұмытып қалдым – К.Қ.) бізге әмірін жүргізуге тырысты. Мұндайға мен онша көне алмайтын қазақпын. Бірден бетін қайтарып тастадым. Осы жерде келіспеушілік пайда болды.

Бір күні аяқастынан Көпжасар ағамыздың хатшысы телефон шалып, шақырды. Жаңа дайындалып жатқан газет ректордың алдында жатыр. Іші толған қате. Мен әлі қол қоймағанмын. Баспахананың директоры ректорға көрсеткен. Кейбір жерлеріне өзі де қате қосқан. «Мен бұл газетке әлі қол қойған жоқпын. Мұны қалай сізге көрсетеді?» деп шар ете түстім. Ректор әлгі кісіге қарады. Үндемейді. Мен түтігіп кеттім, тіпті айқайға бастым десем болады. Ректор мені сабырға шақырып, «Сен Зұлхайырға баршы» деді. Зұлхайыр Мансұров ол кезде бірінші проректор. Менің қаным басыма шапшып, Зұлхайыр ағаның есігін жұлқып аштым. Ол кісі мені сабырға шақырып, кофе алдырды. Менің қандай халде кеткенімді айтып, Көпжасар ағамыз звондап қойған болуы керек. Біз жағдайды талқыладық. Содан кейін баспахана директоры біздің ісімізге араласпайтын болды. Бұған дейін редактор болғандар «сіздікі жөн, сізсіз біздің күніміз жоқ» деп жантайып жастық, иіліп төсек болады екен. Ал ондай мінез менде жоқ. Бетін қайтарып тастадым. Баспа директоры өз орнын білді. Біз газетті шығара бастадық.

Газет штатында алғашында менімен бірге тағы бір жігіт болды. Тегін ұмытып қалдым. Біреулер арқылы келген бе, жұмысқа онша құлықсыз болды. Жазғандары да көңілден шыға қоймады. Көпжасар ағамыз бен Зұлхайыр ағамызға айтып жүріп, өзімнің 1-курста оқып жүрген екі студентімді алдым. Қазір олар танымал журналистер – «Ұлан» газеті бас редакторының орынбасары Жұлдыз Әбділда мен Құрманғазы атындағы консерваторияның баспасөз хатшысы Бейбіт Мекеев. Олар, бір жағынан, жазу-сызуға үйренді. Екінші жағынан, жалақы алып тұрды. Студенттерді, профессураны газетке беріп отырдық. Андасанда бізге келген шетелдік қонақтарды да ұмытпаймыз. Газетті әр факультетке апарып беретінбіз. Дегенмен біздің профессура, басқалар газетке мақала жазуға онша құлықты болмады. Қайтарымды байланысты онша байқаған жоқпыз. Соған қарамастан, өз шаруамызды адал атқаруға тырыстық.

Мен редактор болған жылдары Мұхтар Әуезовтің туған күніне арналған мерейтойлық шаралар атқардық. Көлемі шағын газетке не сыйдырасың? Мұқаңның көзін көрген, шәкірті болғандардың естеліктерін газетке шығардық. Мәлік Ғабдуллиннің студенттерге берген дәрісінде айтқан естеліктері қысқа ғана ақпараттық деңгейде берілді. Сонда Мәскен Сармұрзина апамыз қатты разы болып, рақметін айтты. Сол кездегі ғалымдар арасындағы тартыс, бақай есеп, тағысын тағылар туралы айтқан естеліктерін Мәлік Ғабдуллин ағамыз бұрын бізге де айтып берген. Кішкентай газеттің өзі Мәскен апамызға қатты әсер еткен екен. Жылы әрі шынайы жазылған материал болса керек.

Газетті барынша көркемдеп, оқылымды етіп шығаруға тырыстық. Сосын эпиграммалар шығара бастадық. Бұл сатирик, профессор Темірбек Қожакеев ағамыз жақсы көретін жанр. Эпиграмманы өлеңмен өзім

жаздым. Ең бірінші ұстаздарымызға, әсіресе журналистика факультетіндегі Сағымбай Қозыбайұлы, Қырықбай Алдаберген, Ғалия Жүнісова, Аманқос Мектептегіне эпиграмма жаздық. Олар жылы қабылдады. Өйткені олар сөзді, қалжыңды түсінеді. «Біздің имиджімізді көтеріп тастадыңдар, танымал болдық қой» деп мәз болды. Журфак ұстаздары жылы қабылдаған соң, «ректор болмаса да, проректорларға эпиграмма жазып көрейікші» деп ойладық. Жаздық, бірақ эпиграмманы ең алдымен біздің куратормыз Зұлхайыр аға бір көріп шығатын. Ол кісі эпиграмманы көрді де, тас-талқан болып ренжіді. «Бұл не? Бізді мазақ еткендерің бе? Біз сендердің құрдастарыңбыз ба?» деп. Осы жағдайдан кейін эпиграмманы алып тастадық. Технарлар мұны түсінбеді.

Біздің кезімізде газеттің мерейтойлық нөмірі шығатын болды. Газет 8 бет болып степлермен жабыстырылып шығатыны жоғарыда айтылды. Ректор Көпжасар Нәрібаевқа кіріп, өз ойымды айттым. Ректор «қаражат аз болса да, бұл нөмірді дұрыстап шығарайық» деді. Материал жинай бастадық. Мәмбет Қойгелдиевтің қазақ тарихына байланысты оның қалай жазылып, оқытылуы керектігі жайлы керемет материалы шықты. Сол кездегі жағдайларға байланысты ұтымды материалдар беруге тырыстық.

Өз баспаханамыз газетті басып шығара алмайтын болған соң, баспахана іздедік. Белгілі баспагер Ырым Кененбай ағамызға жағдайымызды айтып едік, «Өзім оқыған университет, өзім оқыған журналистика факультеті. Сендерге газетті жарты бағасына басып беремін» деп қолдау білдірді. Міне, журналистік корпоративтік, достық, пейілдестік деп, ол кісінің сөзіне сүйсініп, қатты разы болдым. Содан кейін материалдарды апарып бердік. Газетті тез-ақ басып берді. Еңсеміз керемет көтеріліп қалды. «Біздің газет осылай шығатын болған екен ғой» деп қатты қуанғандар көп болды.

Бір айта кетерлігі, сол уақытта баспаханада техредактор және корректор болып жүрген Айткүл Бабасова газетке көп еңбек сіңірді. Барлық жұмысты жүгіріп жүріп істеді. Қайда жұмсасақ, сонда барды.

Ректор Көпжасар Нәрібаев бізді үнемі қолдады. Ол кісі БАҚ қызметкерлеріне ерекше көңіл бөлді. Қабылдау бөлмесінде профессорлар, аты дардай адамдар отырса да, мені бірінші қабылдады. Бұл баспасөзге деген құрмет деп түсіндім. Міне, осындай үлкен ағалардың мектебінен өттік, қолдауын көрдік. Бір жағынан, студенттерге сабақ беріп, екінші жағынан, газетті шығардық.

Ол кезде компьютер жоқ, жазу машинкасының өзі аз. Бізге жеке кабинет беріп, жұмыс істеуімізге барынша жағдай жасалды. «Qazaq universiteti» газетін шығаруда журналистика факультеті ұстаздарының еңбегі зор болды. Мен газетте бір жарым жылдай уақыт қана жұмыс істедім. Сіздерге есте қалған бір үзік сырды ғана айттым.

«Qazaq universiteti» газеті – өз газетіміз. Университеттің бренді, үні, елге шығатын сөзі. «Qazaq universiteti» газетінің сөзі, дауысы бәсеңдемесін, елдің құлағына жетсін!

Жазып алған
Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Тәуелсіздік жылдарындағы «Qazaq universiteti»

«Qazaq universiteti» газетінің шығу тарихы бірнеше кезеңді қамтиды. Алғаш университет басылымын журналистика факультетінің ұстаздары қолжазба, қабырға газеті форматында шығарғанын ұстазымыз, профессор Әбілфайыз Ыдырысов студенттерге жиі айтатын. Газеттің уақыт өте келе мазмұны, қалыбы мен қарымы өзгерді. Әр жылдары газетті басқарған журналист, ұстаздар газеттің дамуына ерекше үлес қосты. «Qazaq universiteti» білім ордасының оқу, ғылым және әлеуметтік өміріне арналған корпоративті басылымы бола отырып, студенттердің журналистика мектебіне баулыған ұстаханасына айналды.



«Qazaq universiteti» газеті 1986 жылы Желтоқсан оқиғасынан соң жарық көрмей, арада сегіз жыл үзіліс болды. Сол кезде басылымның тағдырына үлкен қамқорлық, жанашырлықпен қараған профессор-ғалым, жану теориясы, нанотехнологиясының атасы атанған Зұлқайыр Мансұров еді. Ол кісі химик болса да, жанына тарихшы, арабтанушы, абайтанушы бір топ жас ғалымдарды жинап алып, газетті қайта шығаруға мұрындық болды.

1994 жылы Мерзімді баспасөз кафедрасынан аспирантураға оқуға түскен жылы Зұлқайыр Мансұров «Qazaq universiteti» газетін қолға аласың ба?» деп ұсыныс айтқанда, мен небәрі 23 жаста едім. «Иә, қолымнан келгенше көмектесейін» деп уәде бердім. Сол уәдемнен ұстаз алдында әлі де тайған емеспін. Бұл да мен үшін ғылымдағы үлкен мектеп.

Басылым А4 форматта 8 бет, 12 бет болып шыға бастады. Әр нөмірінде университеттегі жаңалықтармен қатар, танымал ғалымдармен сұхбат, ең жас студенттер туралы деректер жариялай бастадық. Газет тарихында алғаш рет компьютерлік түптеуді ұйымдас-

тырдық. Кампустағы студенттер өміріне арналған фотоколлаждар енді газеттің басты визуалды құралына айнала бастады.

Мәселен, 1995 жылы мамырдағы саны Ұлы Жеңістің 50 жылдығына арналды. 1941 жылы ҚазҰУ-дан соғысқа аттанған ұстаздар туралы фотоларды мұрағаттан жинап, тұтас коллаж жасап шығардық. Газеттің атаулы нөмірін ардагерлерге арналған салтанатты жиында тараттық.

Университеттің даму жылдарымен тұспа-тұс келген ірі ғылыми оқиғалар газет беттерінен үзбей орын алып, оқырманға жол тартты. 1995 жылы ұлы Абайдың 150 жылдығына арнайы нөмір шығардық. Академик Зейнолла Қабдолов өзі бастап сұхбат берді.

1995 жылдары Қазақстан мен Түркия арасындағы халықаралық ынтымақтастық дами бастады. Сондай жауапты кезеңде түркі өркениетіне арналған ғылыми конференциялар мен шараларды ұйымдастырып, үйлестіріп, жариялап отырдық. Өзіміз де қазақ ғалымдарымен, зиялыларымен етене таныстық. Мақалаларын редакциялап, баспаға дайындадық.

«Qazaq universiteti» газеті тәуелсіздік алған жылдардан кейін қарқынды дамып, баспасөз бен оқу-білімнің шырағы ретінде жаңа белеске қадам басқан болатын.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
профессор

Юбилей нашей газеты

КазНУ – всегда был и сегодня остается флагманов вузов нашей страны. КазНУ – это первый вуз, вошедший в Топ-150 лучших университетов мира в глобальном рейтинге QS WUR. В этом году университетская газета «Qazag universiteti» отмечает 75-летний юбилей. Эта знаменательная дата дорога и для всех ученых университета. Ведь на ее страницах – вся университетская жизнь с его замечательными достижениями во всех сферах вуза.

Газету «Qazag universiteti» в свое время возглавляли такие известные ученые как Шериядан Елеукенов, Хайиржан Бекхожин, Тауман Амандосов, Сагымбай Козыбаев, Дандай Ыскаков, Абдул-Хамид Мархабаев, Какен Хамзин. Каждый из них имел свой неповторимый стиль, оставил свой след в истории газеты. Конечно, быть редактором газеты после таких именитых ученых для меня было очень ответственно. Возглавить редакцию газеты «Qazag universiteti» мне довелось во время ее второго рождения, в середине 90-х годов прошлого века.

Так получилось, что в конце 80-х годов все университетские газеты, которые выходили в вузах Алматы, объединили в одну общую – еженедельник «Өркен» – «Горизонт». Поэтому выпуск газеты «Qazag universiteti» прекратился. Но с обретением независимости, получением нового статуса КазНУ, стало ясно, что необходима своя собственная печатная трибуна. Поэтому было принято решение заново начать издание университетской газеты. А наладить ее выпуск было



поручено факультету журналистики. Первые номера газеты приходилось выпускать с большими сложностями. Поначалу газета выходила раз в месяц самым маленьким форматом – обычный писчий листок бумаги

на 8 страничках. Несмотря на эти временные сложности, редакции удавалось охватывать самые важнейшие события, происходящие в университете. Ведь жизнь в стенах ведущего вуза страны всегда кипела. Мы рассказывали о научных исследованиях и новых открытиях наших ведущих ученых, о новшествах, которые разрабатывали в ректорате, брали интервью на актуальные темы, поднимали животрепещущие проблемы, рассказывали о студенческой жизни. Газета выходила своевременно, повышался ее тираж. Газету «Qazag universiteti» с нетерпением ждали на факультетах и в подразделениях университета. Сначала мы управлялись совсем маленьким коллективом, много заметок и статей писали студенты факультета журналистики. Потом активнее начали приносить свои материалы преподаватели и сотрудники университета. Именно тогда «Qazag universiteti» стала более активно публиковать материалы на казахском языке. Сложности с версткой, печатью и распространением газеты помогало решить руководство университета. Никаких цензурных запретов не было.

Сегодня университетская газета значительно выросла и возмужала во всех планах. Теперь она находится в ряду республиканских изданий, печатается в типографиях в цвете, налажен четкий еженедельный выпуск, увеличился тираж. На ее страницах – весь калейдоскоп происходящих в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби, событий. Газета действительно держит руку на пульсе вузовской жизни.

В преддверии юбилея газеты 75 студентов кафедры журналистики Атырауского университета им. Х.Досмухамедова подписались на газету «Qazag universiteti», около 20 студентов летом пройдут в ней стажировку. В прошлом году шесть наших студентов прошли здесь свою производственную практику. Мы намерены и в дальнейшем продолжить наше творческое сотрудничество.

Поздравляю коллектив редакции газеты с 75-летием! Желаю, родной для меня газете «Qazag iniversiteti» неисчерпаемого задора, творческих успехов на нелегких дорогах журналистики, новых интересных тем и любви читателей. Современную жизнь невозможно представить без информации, а КазНУ – без университетской газеты.

Маншук МУКАШЕВА,
к.ф.н., ассоц. профессор,
зав. кафедры журналистики
Атырауского университета им.
Х. Досмухамедова,
академик Международной
Евразийской академии
телевидения и радио

Университеттің көзі, құлағы һәм тілі

Қазақ білімінің қара шаңырағы – ҚазҰУ-дың «Qazaq universiteti» газетіне 1998-2000 жылдар аралығында бас редактор болдым. Сөйтіп, бұдан бұрын шетелдердегі қандас бауырларымызға арнап шығарылған халықаралық «Біздің Отан», кейіннен белгілі себептермен атын «Шалқар» деп өзгерткен басылымда тілші болғандағы және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы басшылық еткен «Қазақ» газетін жалғастырып, қайта шыққан «Қазақтың» бас редакторының орынбасары қызметін атқарғанда жиған мол тәжірибем кәдеге жарағаны бар. Оның үстіне 1998 жылы «Қазақ» газетіндегі ұлттық саяси-әлеуметтік мәселелердің жазылуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды сәтті қорғағанымды ескерген болу керек, университеттің сол кездегі басшылығы осы қызметті сеніп тапсырды.



Сенім үдесінен шығу – өмірлік №1 ұстанымым. «Qazaq universiteti» газеті тізгінін қолыма алғаннан кейін тағы да сол талап төрінен көрінуге бар күш-жігер, қайратымды сарқа пайдаланғаным есімде.

Атақты «Қазақ» газетінің табыс кілті халықшылдығында екенін зерттеушісі ретінде терең түсіндім. Сондықтан «Qazaq universiteti» газетінің тізгінін ұстаған күннен оның таралымын арттыруға күш салдым. Газеттің тиражын өсіру үшін оны қызықты етіп, оқылымын арттыру керектігін ұқтым. Ол үшін біржақты жағымды жаңалықтарды ғана жариялайтын газет мазмұнына өзгеріс енгізу керек болды. Біртіндеп сыни материалдар да жариялай бастадық. Факультеттерге рейдтер ұйымдастырып, студент-



терге сөз мінберін беруге тырыстық. Газеттің ашық пікір алмасу алаңына айналуы өз жемісін бере бастады. Басылымның тиражы аз уақыттың ішінде 500 данадан 3000-ға дейін өсуі соны аңғартты.

«Қазақ университетіне» әкелген тағы бір жаңалығым – осыған дейін университет баспасының құрамында құрылымдық бірлігі болып келген газет редакциясын арнайы бөлім етіп, жеке қаржыландыру мүмкіндігіне қол жеткіздік. Нарық тілімен айтқанда, дербес қаржыландыру тетігін таптық. Әр факультет деканымен жеке-жеке келісім жасап, олардың есебінен газеттің ішкі есепшотына қаржы аударуларын қамтамасыз еттік. Сөйтіп, алғаш рет газеттің өзін-өзі қаржыландыруына жағдай жасадық. Соның арқасында тұрақты авторларымыз бен студенттерге ынталандыру үшін қаламақы төлеп, қуантқан кездеріміз де болды. Түрлі корпоративтік шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік артты. Мұндай жағдай көп білім ордаларының басылымдарында күні бүгінге дейін болмағанын ескерсек, оның өзін үлкен жетістік деп санаймын.

«Qazaq universiteti» – тарихы терең, дәстүрі бай басылым. Газет ұжымына өткеннен сабақ алып, дәстүрлі жолды жанды жалғастыруға жазсын деген тілек қосамын. Қара шаңырақ ҚазҰУ-ымның көзі, құлағы һәм тілі – «Qazaq universiteti» жасай берсін!

Қайрат САҚ,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің деканы, алаштанушы-ғалым

Газеттің форматы өзгеріп, штаты бекітіліп, каталогке енді

Университетке келген соң, екі жылдан кейін «Qazaq universiteti» газетіне жауапты болып тағайындалдым. Әлемге әйгілі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің төл газетінің ол кезде пішімі А4, көлемі кейде 4, кейде 8 бет екен. Газет емес, ақпараттық бюллетень сияқты. Екі-үш санын сол форматта түрлендіріп шығарып көрдік. Бірақ облыстық, республикалық газеттерде бөлім редакторы болып қызмет етіп келген менің көңіліме мына тірлік олқы соқты.



Газетті өзгерту керек! Алдымен ұстазым әрі басшым Намазалы Омашевқа өз ойымды айттым. Ол кісі бірден қолдады да, бірінші проректорға жіберді. Газеттің болашағын ақылдасу мақсатымен алғаш барған мені Ержан Байғожаұлы жылы қабылдады. Сабырлы, әр сөзін байыппен нақты айтатын кісі екен.

– Сонда бұл газетке не керек? – деп сұрақты бірден төтесінен қойды.

– Алдымен штат керек.

– Онда штат бар еді ғой.

– Жоқ. Ол штат баспанікі. Баспаның бір қызметкері қосымша газеттің жауапты хатшысы болып жүр. Бары сол.

– Енді?

– Еліміздегі ең беделді университеттің газеті мұндай болмауы керек.

– Нақты қандай ұсынысың бар?

– Газеттің дербес редакциялық ұжымын құру керек. Ол үшін бас редактор, оның орынбасары, жауапты хатшы, тілші, корректор, беттеуші-қалыптаушы деген қызметтік штаттар ашуымыз керек.

– Сонымен мәселе толық шешіле ме?

– Жоқ.

– Басқа..?

– Газет редакциясының дербес ережесін жасау керек, – дедім.

– Қызметтік нұсқаулық бар емес пе?

– Ол тек жауапты хатшыға ғана қатысты. Жалпы редакциялық ұжымдыкі жоқ.

– Тағы?..

– Газетті республикалық мерзімді басылымдар катологіне тіркетіп, жаппай жазылу

мәдениетін қалыптастырғанымыз жөн. Егер әр факультет 30 данаға жазылса, онда газет өз шығынын жабады.

– Түсіндім. Онда сіз былай істеңіз. Осы маған айтқан ұсынысыңызды негіздеп, қағазға түсіріңіз де, алдағы болатын ректорат жиналысында баяндауға дайындалыңыз. Газет жұмысы туралы есеп университет Ғылыми кеңесінің жылдық жоспарында тұр. Мен ректорға айтып, күн тәртібіне ұсынайын, – деп қолымды алды.

Кеңес заманындағы әміршілдік-әкімшілдік психологияның боданында өскен маған бірінші проректордың мына қабылдауы жанымды жадыратып жіберді. Таңданысым да, разышылығым да аралас көңілмен қуана қоштасып, есіктің сыртына шыға сала кері бұрылып, «мына жайдары жанның толық аты-жөні кім екен» деген оймен тақтайшаға көз салдым. «Бірінші проректор Ержан Байғожаұлы Жатқанбаев, экономика ғылымының докторы, профессор...», әрі қарай оқып жатпадым, «экономика» деген сөз санамда сақталып қалды. Саласы бөлек маманның баспасөзге деген жанашырлығы қандай керемет деп сүйсіндім.

Ректорат мәжілісінде газет редакциясын құру және газетті жақсарту туралы ұсыныстарымды асықпай баяндап шықтым. Бірінші проректор қойған сұрақты ректор да қойды. Кадр бөлімінің бастығынан:

– Газетте штат жоқ па еді? – деп еді, кадр бөлімінің бастығы:

– Ол бюллетень болған соң, баспаның бір қызметкерін жауапты қылып, жауаптылығы үшін жарты жүктеме қосып бергенбіз, – деді.

Ректор Көпжасар Нәрібаев ұсыныстың бәрін қолдайтынын айтып, «газетті жақсартыңдар» деп, ісімізге сәттілік тіледі. Содан университет жанынан шығатын «Qazaq universiteti» газетіне мен – бас редактор; Бекжан Әшірбаев – бас редактордың орынбасары; Дариға Амангелдиева – жауапты хатшы; факультеттің дарынды студенттері мен магистранттары – штаттан тыс тілші-корректор; Айткүл Бабасова – беттеуші-қалыптаушы боп қызмет атқара бастадық. Газеттің форматы бұрынғы А4-тен А3-ке ауысты, көлемі 8 бетке ұлғайып, ай сайын тұрақты түрде шығып тұрды әрі мерзімді басылымдар катологіне енгіздік, жазылу жолға қойылды. Университет газетіне жазылуды декандар ішінен бірінші болып қолдаған Нарғозы Данаевтың азаматтығы әлі күнге есімнен кетпейді. Жаны жәннатта болсын... Газет ұжымы газетті, газет арқылы университетті насихаттау мақсатымен білім ордаларында, өнер ошақтарында кездесулер өткізіп тұрды.

Сөйтіп, жұмыс біршама жолға қойылғаннан кейін басшылыққа газет ісін жандандыру және заттық-техникалық базасын жақсарту жөнінде арнайы хат жазып, бас редакторлықтан босатуды сұрандым да, орныма Бекжан Әшірбаевты ұсындым. Ұсынысым қабылданып, менен кейін газеттің бас редакторлық қызметін Бекжан Әшірбаев жалғастырды.

БАҚ саласында өзіндік орны бар басылымның тарихына қатысты осы естелігімді айта отырып, газет ұжымын мерейтойларымен құттықтаймын! Амандық-саулық, шығармашылық табыс тілеймін!

Сағатбек
МЕДЕУБЕКҰЛЫ

Тұлға тудыратын басылым

«Qazaq universiteti» газеті маған студент кезімнен-ақ ыстық. Ұстазымыз Кәкен Қамзин бас редактор болып тұрғанда алғашқы өлеңдер топтамамды басып, оған аңыз тұлға Темірбек Қожакеевтің өзі сын айтқаны әлі есімде. Тіпті республикалық газеттердің өзі басудан бас тартқан сыни материалымды да «Qazaq universiteti» жарқ еткізіп шығарып, ол да жадымда жатталып қалған еді. Осыдан-ақ бұл басылымның жастар өмірінде қандай маңызға ие екенін байқаймыз. Кейін оның тізгінін бес жыл өзім ұстаймын деген ой үш ұйықтасам түсіме де кірмепті...



Кез келген мекеме үшін корпоративтік газеттің маңызы өте зор. Оның қадірін түсінбейтіндер баспасөздің ақпараттық әрі үгіт-насихаттық рөліне де назар аудара бермесі анық. «Ұжымдық басылым» дегенде, ел арасында «оның аясы тар, ауқымы мен көтерген тақырыбы өз «пұшпақтары», троллейбус пен трамвай секілді тиесілі аумағынан өзге жаққа аттап баса алмайтын газет» деген «миф» қалыптасқан. Бірақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Qazaq universiteti» газеті ондай басылымдардың қатарынан емес. Өйткені «Qazaq universiteti» – жаңалықты жасайтын газет, оқиғаны тудыратын ақпарат көзі.

«Qazaq universiteti» талай ректорды көрді ғой. Газеттің бас редакторлығын белгілі ақын, журналист Бекжан Әшірбаевтан қабылдап алғаннан кейін мен үш ректормен жұмыс істедім. Олар – Төлеген Қожамқұлов, Бақытжан Жұмағұлов, Ғалымқайыр Мұтанов. Төлеген Қожамқұловтың кезінде басылымның мән-мазмұнын арттыруға танымал ұстазымыз, университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Намазалы Омашев тікелей жауапты болды. Одан асып ешкім газетке қол сұға алмайтын. Ақпараттық технологиялық тұрғыдан редакцияның мүмкіндігін дамытуға мұрындық болған Нәкең қоғамдық-саяси тұрғыдан басылымның июі мен қиюын еш қателікке ұрындырған жоқ.

Бақытжан Жұмағұлов «Qazaq universitetiнің» беделін көтеруге жоғары деңгейде күш



салды. Осыны пайдаланып біз университетте «Ректор «Егемен Қазақстаннан» бұрын «Qazaq universiteti-н» оқиды» деген көзқарас қалыптастырдық. Рейтингке кіргіздік.

Ғалымқайыр Мұтановқа келер болсақ, ол газеттің қоғамдық-саяси құндылығын арттыруға көп мүмкіндік берді. Айына шығатын басылымды осы кезден бастап апталық газетке айналдырып, тарих тігіндісіне жаздық, шежіресін молайттық. Сол кезден бастап «Qazaq universiteti» апталығына мақала табылмай қалады деген қауесет жоққа шықты. Әрине, соған орай, газеттің де жауапкершілігі артты. Ректоратта талқыланған мәселелер мемлекеттік деңгейдегі тақырыптармен қатар, факультетке, әрбір кафедра мәжілісіне жедел жету үшін газетті дүйсенбі күні түнде бастық. Сейсенбі күні басылым кафедра мәжілістерінің тақырыптарына тұздық берді. Сол күні жоспарлы түрде сағат 15:00-де өтетін жиналыстарға оперативті түрде жеткізілуін қамтамасыз еттік.

Негізгілері – осы. Өз кезегінде мен басшылық жасаған редакция да газетті түрлендіріп отырды. Басылымды офсетті қағаздан газеттің қағазына көшіріп, шынайы газет деген көзқарас қалыптастырдық. Дизайнын түрлі түсті етіп өзгертіп, жаңа айдарлар ашу, коллаж жасау, ойын-сауықтық материалдар беру, ең бастысы – мақалалардың идеялық-мазмұндылық сапасына талаптарды күшейту секілді жұмыстарды үнемі жүргізіп отырдық. Осы жерде оқиғаларды өзіміз тудыруды қолға алдық. Апталық газет болғандықтан, керек тақырыптарды індетіп іздеумен жаздық, университет авторларына жаздырттық. Қоғамдық

пікір қалыптастыру үшін мәселелерді ауызға «шайнап» беруге тырыстық. Қарапайым ғана мысал, президенттік, парламенттік, үкіметтік деңгейде көтерілген ғылым-білім, жастар мәселелеріне қатысты тақырыптарды университет залдарынан «алып шығып», жатақханаға, ондағы бөлмелерге «кіргіздік», жастарға талқылаттық, пікір білдірттік, материалдар ұйымдастырдық. Қоғамдық-саяси ең маңызды деген тақырыптарды университет қызметкерлері мен студенттері кәнігі сарапшыдай талқылауға көшті.

Басылым жанынан «Өркен» студенттер газетін шығарып, жастардың өздерін бас редактор, тілші етіп қойдық. Кәдімгі газет ішіндегі газет болып, жеке стильмен, жеке баспа табақпен басылды. Онда жастар өздерін толғантқан оқиғалар туралы ой-пікірілерін ашық жеткізді. Шығармашыл жастарға бет бердік, өзіндік ойларын талқыға салуға мүмкіндік туғыздық, поэзиялық, прозалық туындыларын бастық. Бір сөзбен айтқанда, студенттерге шабытпен қоса, мінбер бердік, шығармашылық орта қалыптастырып, ылғи түлетуге күш салдық. Осы өртең жастардың біразы бүгінде ел тағдырына қатысты қоғамдық пікір айтатын жерлерде жүр. Осының өзі көңілге демеу.

Сол жылдары «Qazaq universiteti» газеті өзге университеттердегі ұжымдық басылымдарға да үлгі-өнеге болды. Оған өзге университет газеттерінің қарап бой түзегенін, тіпті бас редакторларының ақыл-кеңес алып отырғанын да айта кету керек. Бұл атқарылған істердің бір парасы ғана. Осының өзі ғана «аясы мен ауқымы тар» деген ұжымдық басылымдар туралы «мифті» жоққа шығарады.

Қарап отырсам, «Qazaq universiteti» газетін ылғи ығай мен сығайлар, мүйізі қарағайдай тұлғалар, белгілі азаматтар басқарған екен. Бір таңғаларлығы, олардың көпшілігі өзімнің біте қайнасқаныма 20 жылдан аса уақыт болған бүгінгі Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасында қызмет істегендер екен. Бұл шоғырды бір кездері газетті өз қамқорлығына алған белгілі ғалым, жазушы, қазақ кітаптану ғылымы зерттеуінің негізін қалаған Шериаздан Елеукенов бастайды. Одан кейін жазушы, журналистика профессоры Әбілфайыз Ыдырысов, «Казахский университет» атауын «Қазақ университеті» деп өзгертіп, сол үшін бюрода мәселесі қарала жаздаған, қазақ фантастикасы зерттеу ғылымының негізін қалаған профессор Абдул-Хамит Мархабаев, Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің деканы Қайрат Сақ, өзіміздің журфактың деканы болған Сағатбек Медеубекұлы, осылай кете береді. Сондай-ақ кейінгі жылдары зор сеніммен тізгінін ұстатқаннан кейін тұғырлы орнын тайдырмаған шәкірттеріміз Әйгерім Әлімбекова, Досжан Балабектер де осы кафедраның түлектері.

Демек, «Редакциялау – журналистиканың шыңы» деген ұранды ұстанған кафедраның миссиясы ақталып келе жатыр деп нық сеніммен айта аламыз. Бұл, бір жағынан, тұлға сомдап шығарудағы «Qazaq universiteti» газетінің рөлін де айқындаса керек. Яғни біздің «Qazaq universiteti» – оқиға ғана емес, тұлға да тудыра алатын басылым.

Дәрмен СМАЙЫЛ,
Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының аға оқытушысы, Ақпарат саласының үздігі

«Qazaq universiteti» – ҚазҰУ шежіресі

«Qazaq universiteti» газеті редакциясымен 2011 жылы таныстым. Ол кезде ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсуге талпынып жүргенмін. 11-сыныптың оқушысымын әрі осы ЖОО өткізген байқаудың жүлдегері атандым. Сол жайлы шыққан газетті алу үшін редакцияға барған едім. Ректораттың 11-қабатындағы басылым қызметкерлері Саягүл Әлімбекова мен Еңлік Ақжігіт сондай бір жылы шыраймен қарсы алды. Сұраған газеттерімді жылдам тауып берді. Мерзімді баспасөздегі журналистика, жалпы, журналистикаға деген әдемі әңгіме өрбіді. Содан бастап бұл редакция менің университеттегі ең сүйікті орталығыма айналды. Әрі ең бірінші жұмыс орным болды.



2013 жылы басылымның бас редакторы Саягүл Әлімбекова редакцияға 0,5 штаттық бірлікпен беттеуші-дизайнер қызметіне жұмысқа шақырды. Ол кезде университеттің «Баспа ісі» мамандығының 3-курс студенті едім. Оған дейін университет газетіне жиі мақала беріп тұратынмын. Бірақ газет беттеу деген, – мақала жазу емес. Бұл – бір жағы, мен оқып жатқан мамандыққа тікелей жақын жұмыс. Сабақта ұстазымыз Сағатбек Медеубекұлының жетекшілігімен «Баспагер» оқу-тәжірибелік газетін, кафедраның аға оқытушысы болған Бәтіш Омарова, Роза Әбдиева ұстаздарымызбен «Шуақ» оқу-тәжірибелік жастар журналын, Ұлттық журналистік зерттеу орталығының президенті, аға оқытушы Дәрмен Смайыл ұстазымызбен «Күн сәті» кітабының толық баспа-полиграфиялық жұмыстарын жасап, тәжірибе жинақтағанбыз. Сондықтан болар, бұл қызметтің аса қиын болмайтыны түсінікті еді. Бірақ бұл оқу-тәжі-

рибелік газет емес, сондықтан жауапкершілік жүгі салмақты. Оның үстіне бірінші жұмыс күнім – газеттің 65 жылдық мерейтойына сәйкес келді. Бұл тіпті жұмыстың салмағын еселей түсті. Редактормен бірге газетті түн ортасына дейін беттедік. Газет таңертең уақтылы баспадан басылып шықты. Ол кезде жауапты хатшы Дариға Амангелдиева апамыз баспада күн-түн демей отырып, шығарып, ректоратқа алып келетін. Кейде апаймен ілесіп біз де барып, газеттің шығу барысымен танысып, баспахана машиналарының қасында жүретінбіз. Бұл бір қызық дәурен еді.

Сол жылдары департамент директоры Дәурен Дүйсебаев, басылым редакторы Саягүл Әлімбекова «Qazaq universiteti» газетінде жастар бетін көбейту, студент жастардың ой-пікірлерін, әңгімелерін, өлең-жырларын, студенттік өмірлерін бейнелейтін фотосуреттердің болуына көп көңіл бөлді. Осының негізінде «Жезқоңырау» айдарын ашып, оны тұрақты түрде жүргізіп отырдым. Газетте Бейбіт Мекеев, Әйгерім Әлімбековалар да бас редакторлық қызметті атқарды. 2018-2021 жылдар аралығында университеттік «Qazaq universiteti» газеті бас редакторының міндетін атқарушы, бас редакторы қызметтерін атқардым. Бұл осы басылымдағы ең үлкен жауапкершілік міндет жүктелген жылдар болды.

2018 жылы басшылық газетке басылымның бас редакторлық міндетін атқарушы қызметін жүктеді. Редакцияда кадр аз болды, ортақ Баспасөз қызметіне біріккен бөлім болғандықтан, негізгі ақпараттарды осы бөлім қызметкерлерінен алатынбыз. Өзім 0,5 штаттық бірлікте жұмыс істедім. Бөлім басшысы Гүл Баяндина газеттің біраз жұмысына көмектесті, бірлесіп шығардық. Мен жұмысты толық алып кеткенше Гүл Құттыбекқызы газеттің орыс тіліндегі материалдарына ұқыптылықпен қарады. Баспасөз қызметінен Жанна Сағади, Анвар Ушуров, Айнұр Ақынбаева, Еңлік Ақжігіт, Қайыржан Төрежан, Светлана Өмірғалиевалар газет жұмысына жанашырлық танытты.

Осы жылдары алғаш рет газетте латын әріптерімен жазуды қолдану үрдісі жүріп жатқан еді. Газеттің ішкі айдарларын, қысқа-нұсқа, жүгіртпе жол ақпараттары латын әріптерімен басылды. Сондай-ақ газетіміздің тәжірибеден өтуге мүмкіндіктер қарастырылды.

2019 жылы университетіміз 85 жылдық мерейтойын атап өтті. Жыл бойы басылымда университет тарихынан бастап, ғалымдарымыздың, студенттеріміздің пікірлерін, ойларын, ұсыныстарын жариялап отырдық.

Бір жағынан, 2020 жылы коронавирус пандемиясы жарияланғандықтан, газет алғаш рет онлайн форматта оқырманға ұсынылды. 2021 жылы сәуір айының соңында газеттегі бас редакторлық жұмысымның соңғы күнін аяқтадым.

«Qazaq universiteti» газеті мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Осында жүріп дизайнер-беттеуші, журналист, бас редактор қызметтерінен өттім. Бұл осы саладағы үлкен мүмкіндік деп білемін.

Осы естелік мақаланы жазғанда «Qazaq universiteti» газетіндегі жылдарым көз алдымнан сырғып өтті. Қалай ғана ұмытуға болады, ол жылдарды!?. Төл мерекеңмен, сүйікті газетім!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия докторы (PhD)

Міндеті ауыр, жауапкершілігі жоғары басылым

«Qazaq universiteti» газетінің тізгіні менің қолыма 2021 жылдың сәуір айында тиді. Бұған дейін республикалық «Жас Алаш», «Айқын» газеттерінде ширек ғасырдан астам уақыт жұмыс істеген менен «Республикалық басылымдардан кейін корпоративтік газетте қалай жұмыс істейсің?» деп сұрағандар көп болды. Дегенмен өзіміз түлеп ұшқан қара шаңырақ – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың төл басылымын қолға алып, сонша уақыт жинаған тәжірибемізбен бөлісуді жөн санадым.



Бұл дүниежүзін дүдәмал күйге түсірген коронавирус пандемиясынан кейінгі аса бір қиын шақ болатын. Осы пандемияға байланысты газет тек пдф форматта, яғни электрондық нұсқада ғана дайындалып келген екен. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың тікелей қолдауымен, сондай-ақ Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры Қаншайым Байдәулеттің мұрындық болуымен «Qazaq universiteti» газетінің редакциялық құрамы толықтырылып, жаңаша жұмыс істей бастадық. Газетті дайындау ісіне республикалық басылымдарда жұмыс істеген тәжірибелі мамандар тартылды.

Алдымен газетті дәстүрлі форматта, қағазға басып шығару ісін қолға алу керек болды. Таңдау – бояуы қанық офсеттік қағазға түсті. Аптасына бір рет, А3 форматымен жеке баспаханамен келісімшарт жасап, шығарыла бастады. Жауапты хатшы-дизайнер

Талғат Кіршібаев газетке жаңа өң беріп, макетін мүлдем басқа арнаға бұрды.

Республикалық басылымдарда экономика тақырыбында қалам тербеп жүрген белгілі журналист Кәмила Дүйсен жұмысқа кірісіп, «Инновация» айдарымен ҚазҰУ ғалымдарының жаңалықтарын апта сайын беріп отырды. Жерді қашықтықтан зондтау орталығы, TOURISMKAZ мобильді қосымшасы, энергия үнемдейтін шам, өз еліміздегі дәрілік шөптерден әзірленген виурсқа қарсы тұнба, тағы басқа да көптеген инновациялық жобалар тұрақты түрде таныстырылды.

Бұрыннан университеттің Баспасөз қызметінде жұмыс істейтін тәжірибелі журналист Қайыржан Төрежанұлы «Кемел» айдары бойынша айтулы ғалымдармен сұхбаттасып, сондай-ақ аптасына бір бет орыс тіліндегі материалдарды газетке әзірлей бастады. «Көшбасшылық дәріс» айдары бойынша университетке келген қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, елшілердің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерге оқыған дәрістері туралы мақалаларды дайындап жүр.

Белгілі журналист Гүлзат Нұрмолдақызы «Үздік ғалым» айдарымен университеттің ғылым жолында биік белестерді бағындырған айтулы ғалымдары туралы материал берсе, ғылымға жаңа ден қойып, болашағын осы саламен байланыстыруға бел буған жас ғалымдарды «Ізденіс» айдары арқылы таныстырып келеді.

Бүгінде ҚазҰУ әлемнің 600-ден астам жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Студенттер алмасу, оқытушы-профессорлардың тәжірибесімен бөлісу дәстүрге айналған. Қазіргі таңда университетте әлемнің түрлі еліндегі жетекші білім ордаларынан 100-ден астам профессор арнайы шақырылып, талапты тәлімгерлерге дәріс оқиды. Жас та талантты журналист Нұрбек Нұржан «Білім интеграциясы» айдарын тұрақты жүргізіп, оқырмандарымызға шетелдік профессорлардың өмірлік тәжірибесі жайлы мағлұмат береді.

Бұдан бөлек, «Менің университетім», «Студенттер айнасы», тағы басқа да тұрақты айдарлар ашылды. «Менің университетімде» білім ордасының танымал түлектері студенттік шақтағы жылы естелігі мен қол жеткен жетістіктері жайлы әңгімелейді. Ал «Студенттер айнасы» негізінен студенттердің шығармашылығы мен олардың жетістіктерін насихаттауға бағытталған.

Газеттің және редакция ұжымы дайындаған «ҚазҰУ-дың инновациялық жобалары», «Инновационные проекты КазНУ», «Innovative projects of KazNU», әр жылдың қорытындысы іспетті жыл сайын шығарылатын «Айшықты оқиғалар» кітаптарының қатесіз, оқырман қолына таза қалпында жетуі үшін тәжірибелі маман Күләш Қадырбаева еңбек етіп келеді.

Газетіміз 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлеміне тарала бастады. Басылымға Halyk bank және Kaspi bank QR қосымшасы арқылы жазылуға болады. «Qazaq universiteti» «Қазпошта» каталогына енді. Қазіргі таңда оқырмандардың «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері арқылы газетке

жазылуға мүмкіндігі бар. Газетке жазылу және таралымы бойынша Нұргүл Өнербек жауапты. Қазір газеттің таралымы 3000-ға жетті. Өзге өңірлерден де газетті жаздырып алып, мақалаларын ұсынатындар қатары көбейіп келеді. Осы ретте Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің белсенділігін атап өтуге болады. Газеттің 75 жылдық мерейтойына байланысты 2022 және 2023 жылдары 75 данадан жаздырып алды. Өзара келісімшарт негізінде студенттері практикадан өтіп, газеттің қыр-сырымен танысуға мүмкіндік туды. Бұл жерде тәжірибелі ұстаз, филология ғылымының кандидаты Мәншүк Мұқашеваның еңбегі атап өтуге лайық.

Біз жоғарыда университетімізде шетелдік профессорлардың дәріс оқитынын атап өткен болатынбыз. Сондай-ақ қазір ҚазҰУда 50-ден астам елден 2500-ден аса шетелдік студент білім алуда. Осындай жағдайларды ескеріп, айына бір рет ағылшын тілінде мақалалар беріп отырамыз. Бұл ретте филология ғылымының кандидаты, профессор Айжан Молдағалиеваның белсенділігі көпке үлгі.

Кейінгі кезде газетке оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер белсенді араласа бастады. Газеттің республикалық мәртебе алуына байланысты оқытушылар мақаласының индикатив балы көтерілді. Бүгінде газетті мемлекеттік тапсырыспен тендерге шығарып, басуға қол жеткіздік. Жұмысқа кіріскен кезде «Қазір XXI ғасыр. Электрондық нұсқада шыға бермей ме? Газетті кім оқиды? Макулатура! Бос шығын» деп мұрнын шүйіргендерге университетіміздің имиджін көтеріп, абыройын асқақтатуға сеп болып отырған газетіміздің қазіргі деңгейі мен жеткен жетістігі нақты жауап болды дей аламыз. ҚазҰУ барда – «Qazaq universiteti» газеті бар. Өйткені бұл – университеттің жылнамасы іспетті міндеті ауыр, жауапкершілігі жоғары басылым.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,
Ақпарат саласының үздігі

2021-2024 жылдары күрделі жөндеу жүргізілген ғимараттар

ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ҚАСБЕТІ
ФАСАДЫ УЧЕБНЫХ КОРПУСОВ



ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫ
УЧЕБНЫЕ КОРПУСЫ



ОҚУ АУДИТОРИЯЛАРЫ
УЧЕБНЫЕ АУДИТОРИИ






ӘКІМШІЛІК ҚАБАТТАР
АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПОМЕЩЕНИЯ








ЖАТАҚХАНАЛАР
ОБЩЕЖИТИЯ









СТУДЕНТТІК АСХАНАЛАР
СТУДЕНЧЕСКИЕ СТОЛОВЫЕ



СПОРТЗАЛ



СТАДИОН



КАМПУС АУМАҒЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ
БЛАГОУСТРОЙСТВО ТЕРРИТОРИИ КАМПУСА










ПРИЁМНАЯ КОМИССИЯ
KEREMET
magnum daily

ҚазҰУ құрылысы II кезеңінің Бас жоспары








№18 студенттер үйі, Әл-Фараби даңғылы, 71/11
Дом студентов №18, пр. Аль-Фараби, 71/11
«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Әл-Фараби даңғылы, 71/21
Центр обслуживания студентов "Керемет", проспект Аль-Фараби, 71/21
№1 орын Пятно №1
№2 орын Пятно №2
№3 орын Пятно №3
Студенттер үйі, Әл-Фараби даңғылы, 71/11
Дом студентов, пр. Аль-Фараби, 71/11








RESTAURANT




































1
2
3
3
3
3
3
3
3
10
9
6
8
5
12
11
7
13
13
13


3
3
4
13
13
13
13
13
13
14
15
ул. Тимирязева









МАЗМҰНЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзі 4

РЕКТОР МІНБЕРІ – ТРИБУНА РЕКТОРА

И.ЛУКЬЯНЕЦ. Казахский государственный университет 23
Т.ТӘЖІБАЕВ. Қазақ университетінің 15 жылдығы 27
Т.ДАРКАНБАЕВ. Новый, 1959 32
А.ЗАКАРИН. Казахский университет 34
У.ДЖОЛДАСБЕКОВ. Флагман высшей школы республики 38
М.АБДИЛЬДИН. Спасибо тебе, наш КазНУ! 46
К.НӘРІБАЕВ. Университет өмірінің жаршысы 48
Т.КОЖАМКУЛОВ. Интеллектуальное содружество МГУ и КазНУ 55
Б.ЖҰМАҒҰЛОВ. Қара шаңырақ мерейтойы енді басталды 57
Г.МУТАНОВ. Форпост образования и науки нового Казахстана 61
Ж.ТҮЙМЕБАЕВ. Тарих көшіндегі 90 жыл 67

ТАСҚА БАСЫЛҒАН ТАРИХ – ВРЕМЯ, ОТЛИТОЕ В СТРОКИ 78-294

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ – БУДНИ УНИВЕРСИТЕТА 304-417

КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС

Б.ДАВЛЕТОВ. С радостью принял приглашение КазНУ..... 420
К.АБУСЕИТОВ. КазНУ всегда был флагманом и остается.....426
Д.ҚУАНЫШЕВ. ҚазҰУ-дың әрқашан да жөні бөлек 429
Қ.САУДАБАЕВ. ҚазҰУ – білікті дипломатия мектебі 433
А.ГҮЛ. ҚазҰУ – әлемге әйгілі білім ордасы 437
Д.ҚЫДЫРӘЛІ. ҚазҰУ-дың 90 жылдық тарихы, өткені, шежіресі бар 441

А.БАТАЛОВ. ҚазҰУ қалашығының даму жоспары ұнады 446
Н.ЕРМЕКБАЕВ. В КазНУ сильная Военная кафедра 451
А.АКАЕВ. КазНУ – лучший университет в Центральной Азии 455
Ш.МИТАЛИПОВ. Рад влиться в коллектив КазНУ.....464
Б.ЖҰМАҒҰЛОВ. ҚазҰУ үздік жүздіктің қатарына кіретініне сенемін 468
М.ЖӨРГЕНБАЕВ. ҚазҰУ-дай көрікті мекенде білім алу – үлкен бақыт 473
Н.ЕГОРОВ. Меня назначили сотрудником НИИ при КазНУ 478
К.САРЫБАЙ. КазНУ имеет обширных международных связей 482

АРДАГЕРЛЕР ЕСТЕЛІГІ – ПОЧЕТНЫЕ ПРОФЕССОРА

Р.ҚАЙЫРБАЕВА. ҚазҰУ төлқұжатына айналған факультет 492
Ә.ӘБІЛДАЕВ. ҚазҰУ қалашығының жері бөлінген сәтке куә болдық 497
Ө.ШЕДЕНОВ. Асқақ даңқын сақтай білген университетім 500
А.ЖҰБАНОВА. Өз орнымды ҚазҰУ-дан таптым 504
С.КОЗЫБАЕВ. КазНУ – наш отчий дом 507
З.МАНСУРОВ. И вот прошло девяносто лет, почти век 510
Э.СУЛЕЙМЕНОВА. Гордость университета 519
Т.ҒАБИТОВ. Университет классикалық үлгідегі профессорларымен құнды 523
К.ЖУМАГУЛОВ. 58 лет я связан с родным Alma Mater 527
Ж.АЛТАЕВ. Мерейтойға тартуым – ғылыми монографиям.....534
А.МУЛДАГАЛИЕВА. Всегда было комфортно работать в КазНУ 537
Ж.ДӘДЕБАЕВ. Өмірімнің қасиетті қазынасы.....540
Н.ОМАШЕВ. Ата жастағы Alma Mater 544
С.ТӨЛЕУХАНОВ. Біз ұстаздарымызға қарап бой түзедік 548
Т.ШАЛАХМЕТОВА. Юбилейный год главного вуза 552
Қ.ӘБДЕЗҰЛЫ. ҚазҰУ және Мұхтар Әуезов ұлағаты 556
К.БАЙЗАКОВА. КазНУ им. Аль-Фараби в моей судьбе 559
А.БЕГАЛИЕВА. Ректор ұсынысымен құрылған оркестр 563
Б.КӘРІБАЕВ. Мен ҚазМУ-ға қалай келдім? 567
Қ.МӘМИ. Қазақстандық элитаның ұстаханасы 572
С.ЕЛУБАЕВ. Университетте тұлғалық қасиет қалыптасады 577
С.ТОҚПАҚБАЕВ. Мен үшін білімнің бастауы ҚазҰУ болды 581
Д.ИСАБЕКОВ. Төртінші курстан танымал болдым 584
Н.ЖАЛАУҚЫЗЫ. Еңбек жолым «Qazaq universiteti» газетінде басталған 589

ИННОВАЦИЯ

ҚазҰУ-дың Жерді қашықтықтан зондтау орталығы 596
Нанотехнологияға негізделген үнемді шам 600
Қазақ ғалымы вирусқа қарсы тұнба әзірледі 604
Қалдықсыз технологияның «қара сарбазы» 608
Депрессияны анықтаудың инновациялық үлгісі 611

ГАЗЕТ РЕДАКТОРЛАРЫ

С.ҚОЗЫБАЕВ. «Qazaq universiteti» газетінің 1000-шы нөмірін біз шығардық 624
Д.ЫСҚАҚҰЛЫ. Қазақша мақаланы көбейтіп, қара тізімге ілінгем 628
К.ҚАМЗИН. «Qazaq universiteti» газеті – университеттің бренді 633
Г.СҰЛТАНБАЕВА. Тәуелсіздік жылдарындағы «Qazaq universiteti» 636
М.МУКАШЕВА. Юбилей нашей газеты 638
Қ.САҚ. Университеттің көзі, құлағы һәм тілі 640
С.МЕДЕУБЕКҰЛЫ. Газеттің форматы өзгеріп, штаты бекітіліп, каталогке енді 642
Д.СМАЙЫЛ. Тұлға тудыратын басылым.....644
Д.БАЛАБЕКҰЛЫ. «Qazaq universiteti» – ҚазҰУ шежіресі.....647
Г.ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ. Міндеті ауыр, жауапкершілігі жоғары басылым 649

2021-2024 жылдары күрделі жөндеу жүргізілген ғимараттар 652

ҚазҰУ құрылысы II кезеңінің Бас жоспары 661

FARABI UNIVERSITY – 90

Бас редактор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ

Редакция алқасы:

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ


Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Корректоры: Күләш ҚАДЫРБАЕВА
Фото: Марат ЖҮНІСБЕКОВ, Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ISBN 978-601-04-6553-4

Теруге берілген күні 05.05.2023 жыл. Басуға қол қойылған күні 21.05.2024 жыл.
Гарнитурасы «Arial». Пішімі 84x108 $^{1}/_{16}$. Көлемі 42,75 б.т.
Қағазы «офсет». Таралымы 1000 дана




Тимирязев көшесі

